6 Зайцев Г.К. Валеолого - педагогические основы обеспечения здоровья человека в системе образования. Автореф. Дисс… докт. пед. наук. – СПб., 1998. – 48с.

7 Иванова Н.К. Организационно-педагогические условия формирования здорового образа. Дисс… канд. пед. наук. 13.00.01. – Самара, 2000.- 221с.

8 Сазонов В.П. Организация воспитательной работы в классе./ М.: Центр «Педагогический поиск», 2000.

9 Подласый И.П. Педагогические инновации. В кн: Педагогика.Новый курс:Учебник для студ.пед. вузов: В 2 кн.- М.:Гуманит.изд.центр Владос, 1999. – Кн. 1: Общие основы. Процесс обучения. – 576.:ил.

10 Бирюкова Ю.Н. Формирование здорового образа жизни учащихся общеобразовательной школы на основе здоровьесберегающих технологий. Дисс... канд. пенд. наук. -13.00.01. - Краснодар, 2004. – 152 с.

11 Республиканская программа развития образования до 2020 года

12 Аканова А.А., Есова Г.К. Турдалиева Б.С. Использование технологий маркетинговых коммуникаций в работе по пропаганде здорового образа жизни (методическое пособие. – Алматы, 2002. – 20с.

13 Аканов А.А., Айтжанова Г.Б. Формирование здорового образа жизни; первые результаты (по итогам второго национального исследования) – Алматы, 2001. – 14с.

14 Методическое руководство для координаторов проекта «Здоровые университеты в Республике Казахстан» - Аканов А.А., Аимбетова Г.Е., Калматаева Ж.А.. – Алматы, 2003. – 66с.

15 Бекмухаметова Р.К. Тулебаевой К. А. и др. Интеграция физического и духовного воспитания студентов педвуза //Педагогика, № 9, 2004.

16 Доскалиев Ж.А., Аканов А.А, Мажибаев К.А., Тулебаев К.А., Слажнева Т.Н. др. Структура заболеваемости школьников республики Казахстана в возрасте от 12 до 18 лет. В сб. научн. трудов: Проблемы и перспективы. – 2002.- С. 26-29.

17 Колокина Р.С., Аимбетова Г. Е. Роль семьи и школы в сохранении здоровья школьников-подростков в Республике Казахстан / Республиканский учебно-методический журнал «Внешкольник Казахстана», №4, 2005г.

18 Казахстан – лидер по детским суицидам /qazaquni.kz/?p=37439

19.Подростковая беременность как обыденная трагедия /kazreligiya.kz/?p=422

20 Усин К.А.Повышение эффективности физического воспитания учащихся сельских общеобразовательных школ с использованием национальной борьбы «қазақ күресі».-13.00.04, автореф. дисс. к.п.н., Алматы, 2010. 30с.

21 Доклад о положении детей в Республике Казахстан. 2011 г.- 91с.

22 Игисинов Т.К. Инновационная деятельность школы по формированию здорового образа жизни учащихся старших классов.- Дисс… канд. пед. наук. 13.00.01– Алматы, 2008.- 171с.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білімнің өзекті мәселелері қарастырылады. Осы орайда жоғары педагогикалық білім мазмұнын қалыптастыру барысында жалпы білім беретін мектептердің сұранысы тиісті дәрежеде есепке алынбайтындығы маңызды мәселе ретінде атап көрсетіледі. Болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығындағы прагматикалық, технократиялық (пәндік) бағдар психологиялық-педагогикалық бағыт-бағдарға кедергі келтіре отырып, қазіргі мектептерге аса қажет мұғалімдерді даярлауға мүмкіндік бермейтіндігіне баса назар аударылады. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің дегуманизацияға ұшырауы, оның қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындауға – жан-жақты әрі үйлесімді дамыған білім алушы тұлғасын тәрбиелеуге қабілетсіздігі осындай дайындықтың салдары болып табылады.

Түйін сөздер: педагогикалық білім, педагогикалық білімді жаңғырту, болашақ мұғалімнің кәсіптік дайындығы, гуманизация, дегуманизация, іргелілік, денсаулық, білім алушылардың салауатты өмір салты.

Sammary

In the article the topical issues of pedagogical education of Republic of Kazakhstan are discussed, and as main issue the lack of necessary account of demands of secondary schools while composing the content of higher pedagogical education is revealed. The accent made on that the pragmatic, technocratic (subjective) orientations of professional training of future teachers, to the detriment of psychological and pedagogical doesn't allow training the teachers demanded in modern schools. And as a result of such training, dehumanization of whole educational process in school, its disability to realize the social order of community – to up bring the all-round and harmonically developed personality of pupil.

Key words: pedagogical education, modernization of pedagogical education, professional training of future teacher, humanization, dehumanization, solidity, health, healthy way of pupils' life.

ӘОЖ: 911:004

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ (ГАЖ) ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Ә.С. Бейсенова – г.ғ.д., профессор, академик. Абай атындағы ҚазҰПУ «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі»
Д.Т. Алиаскаров – Абай атындағы ҚазҰПУ «6D011600 – география» мамандығының 2-курс PhD докторанты, duman_06@mail.ru
М.Д. Алиев – география магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының инженері», muratbek_tegenbolat@mail.ru

Бұл мақалада географиялық білім беруде геоақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, жұмыста геоақпараттық жүйенің (ГАЖ) ерекшеліктері айқындалды. Авторлар геоақпараттық жүйелерді географиялық білім беру үрдісінде пайдалану тәлімгерлер үшін күнделікті өмірде географиялық білімдер мен ақыл-ой қабілеттілігін қалыптастырады және әртүрлі типтегі өмірлік іс-әрекеттер аясында қолдануға мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), мәліметтер базасы, атрибуттар кестесі, картографиялық ақпарат, қашықтан зондылау, оқу үрдісі.

Ақпараттық кезеңге аяқ басқан қазіргі қоғамда ақпарат ең басты ресурсқа айналып келеді. Сол себепті неғұрлым мол ақпарат қорына ие болған адамдар тобы неғұрлым дұрыс, негізделген және тиімді шешімдер қабылдай алады. Дегенмен, ақпаратты жинақтау ғана емес, оны толығымен пайдалануға мүмкіндік беретін құралға ие болу аса маңызды болып табылады. Осындай әмбебап құралдың қызметін қазіргі заманғы ГАЖ-технологиялар атқарады.

Жер туралы ғылымдарда ақпараттық технологиялар геоақпараттануды және **географиялық ақпараттық жүйелерді** (ГАЖ) қалыптастырды. Бұл атаулардағы «географиялық» дегеннің өзі *кеңістіктік* деген мағына берумен қатар, зерттеу ұстанымының *кешенділігі* мен *жүйелілігіне* де қатысты қолданылған. Әлемдегі ең алғашқы ГАЖ XX ғасырдың 60-жылдарында Канада мен АҚШ-та жасалған болатын [1, с. 2]. Қазіргі кезде алуан түрлі салаларда мыңдаған ГАЖ қолданылады. ГАЖ барлық кеңістіктік деңгейлерді (ғаламдық, аймақтық, ұлттық, жергілікті) қамтып, қоршаған орта мен қоғам туралы барлық дерлік ақпаратты (картографиялық, статистикалық, қашықтан зондылау, метеорологиялық және т.б.) жүйелейді.

Бүгінде ГАЖ жасауға ғылыми және білім беру мекемелері ғана емес, халықаралық ұйымдар (Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, ЮНКТАД және т.б.), мемлекеттік мекемелер, министрліктер мен статистикалық басқармалар, геологиялық, картографиялық және жер қатынастары жөніндегі мекемелер де қатынасады. Көптеген дамыған елдерде ГАЖ жасауға едәуір қаржы жұмсалып, жетілген геоақпараттық инфрақұрылым мен автоматтандырылған картографияны дамыту, геоақпараттану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, ақпаратты ұлттық жоспарлау, жинақтау және тарату секілді қызметтерді дамытуда.

XXI ғасырдағы ғылым мен технологияның дамуы барлық зерттеу ақпараттарын, әдістерін және олардың нәтижелерін өңдеуді сандық түрге көшіруді талап етіп отыр. Бұл бағыт картография саласындағы ГАЖ технологиясын пайдаланып, сандық түрге көшіруді қажет етуде. Мұндай әдістер дәстүрлі картографиялық зерттеу әдістеріне қарағанда, кез келген зерттеу нысаны туралы ақпараттарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұлар тұтынушыға Жер шарының кез келген нысандарын көзбен көріп, ол туралы қосымша мәліметтер (координатасы, биіктігі, тереңдігі, ауданы, арақашықтығы және т.б.) алуға, компьютерлік өңдеуге жағдай жасайды. ГАЖ құру үшін қолданылатын бағдарламалардың негізін – ArcGIS, MapInfo, ArcInfo, ERDAS Imaging, ENVI және т.б. бағдарламалар құрайды [2, 33-34 б.б.].

ГАЖ-өнімдерін алдыңғы қатарлы әлем университеттері өздерінің зерттеу жұмыстары мен білім беру процесінде кеңінен қолданады. Мысалы, АҚШ-тағы 500-ден астам университетте ғылыми зерттеулерде және студенттерді оқыту барысында 1996 жылы Қоршаған орта жүйелерін зерттеу институты (ESRI) жасаған ARC/INFO бағдарламалық өнімдері пайдаланылады. Бұл өнімдер ең алдымен кестелердегі, мәтіндік, картографиялық және басқа ақпаратты қамтитын компьютерлік деректер базасын жасау мақсатында жасалған. ARC/INFO бағдарламалық өнімдері АҚШ бойынша 40-қа жуық департаментте қолданысқа енгізілген. Әсіресе бұл өнімдерді география, геология, сәулет

өнері, қалалық және аймақтық жоспарлау, орман шаруашылығы, қоршаған ортаның жай-күйін зерттейтін ұйымдарында аса маңызды орын алады. АҚШ-та жүргізілген сауалнама деректері бойынша, ГАЖ-технологияларын оқып-үйренетін оқу орындарының жартысына жуығында ARC/INFO бағдарламалық өнімдері орнатылған. Жыл сайын бұл елде аталған бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеуді үйрететін арнайы курстарды 20 мыңнан астам студент оқып шығады.

АҚШ-тағы білім беру мекемелері мен ғылыми орталықтарда ГАЖ-технологиялардың қол жетімді болуына барлық жағдай жасалған. Мысалы, Джорджия университеті құрамына енетін Карл Винсон үкіметтік институтында ARC/INFO 1200-ден астам лицензиялық орында орнатылған, соның арқасында ғылыми қызметкерлер, оқытушылар мен студенттер қалашығының кез келген тұрғыны бұл өнімдерді пайдалана алады. Кейбір мекемелерде ГАЖ-технологияларды ұжымдық деңгейде пайдалану үшін арнайы құрылымдар жұмыс істейді. Мысалы, Оңтүстік Каролина университетінде компьютерлік лаборатория базасында арнайы үйлестіруші кеңес құрылған, ол ГАЖ бойынша кеңес берумен, оқытумен, осы технологияларды енгізу, қолдаумен айналысады [3].

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанның дамыған бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Қазіргі географиялық білім берудегі ақпараттық технологиялардың бірегейі – ГАЖ технологиялар. ГАЖ бағдарламаларын жүйелі білім беруде тиімді пайдалану – бұл жаңашылдықтың белгісі. Сондықтан да ГАЖ бағдарламаларын білім беруде тиімді пайдалану мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Дамыған шет елдер тәжірибесіне талдау жасау арқылы салыстырмалы-географиялық, ақпараттарды жүйелеу, географиялық болжау және картографиялау әдістері қолданылды.

Ғылым мен білім беру саласы ГАЖ-өнімдерді қолдану ауқымы жөнінен басқа салалардың барлығынан алда тұр. Өйткені кез келген елде мұрағаттық және тағы басқа ақпарат қорына жылдам қол жеткізу мүмкіндігінің болуы елдегі ақпараттық тордың даму деңгейін және жалпы алғанда елдің еркін, демократиялық сипатын көрсетеді. Мұндай ақпарат ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға ғана емес, кез келген азаматқа қол жетімді болуы қажет. Ақпарат массиві арасында әсіресе тарих, табиғат жағдайлары, экономикалық және әлеуметтік жағдайды сипаттайтын көрсеткіштерді қамтитын деректер базасының орны ерекше [4, с.76-80].

Қазіргі таңда география ғылымының дамуында зор маңызға ие болған ГАЖ құру, оны географиялық білім беруде және зерттеулерде, картографиялық зерттеу әдістерінде тиімді пайдалану, ғылымның әртүрлі салаларында қолданыс тапты. Жүйеленген ақпараттарды арнайы құралдар көмегімен көрсетіп, оны түсіндіру әдістері бүгінгі педагогика ғылымының ақпараттық-инновациялық дамуында аса зор мәнге ие болуда. Соның мысалы ретінде, Қазақстан аумағында кеңінен таралған ESRI компаниясының өнімі болып табылатын ArcGIS 9.3 (10) версиясындағы идентификатор және гиперсілтеме құралдары арқылы кез-келген форматтағы ақпараттарды білім алушыларға көрсетіп, түсіндіру, алынған нәтижені жариялау, географиялық зерттеу жұмыстарының жүйелілігін көрсетеді. Мысалы, Қазақстанның физикалық географиясы курсы бойынша Қазақстанның табиғи зоналары мен геоморфологиясына арнап құрылған ГАЖ-дан мысал келтіруге болады. Көп жағдайда ГАЖ сандық ақпараттың өте мол банктері мен деректер базасы негізінде жасалады. Сонымен қатар, географиялық обьект туралы қосымша деректер кесте негізіндегі атрибуттық деректер базасына жүйеленеді. Бұл дереккөздер арасында статистикалық материалдар, жергілікті жердегі көп жылдық байқаулардың материалдары, қашықтан зондылау деректері мен картографиялық материалдар бар (1-сурет).

Сурет 1 - Картография және ГАЖ-дың өзара байланыс кеңістігі

Географиялық білім беруде картаны басты құрал ретінде танысақ, жекелеген тақырыптарға құрылған ГАЖ – бұл картография мен жүйеленген ақпараттардың өзара байланысқан базасы деп қарастыруға болады (2-сурет). Яғни, тақырыптық ГАЖ – бұл біріншіден пәнаралық байланыстың жүйелі көрінісі ретінде сипатталса, екіншіден жүйелі білім берудегі озық технологиялық жетістік деп санауға болады.

Сурет 2 - Жамбыл облысының экологиялық жағдайына құрылған ГАЖ

Білім беру және мамандарды қайта даярлықтан өткізу саласында географиялық ақпараттық жүйелерді пайдалану аса маңызды. ГАЖ объектілер мен құбылыстар туралы кез келген деректерді олардың кеңістік орналасуына қатысты негізде жинақтау, сақтау, талдау және картаға түсіруге мүмкіндік береді. Бұл қазіргі заманғы компьютерлік технология деректер базалары мен оларға қатысты операцияларды (деректерді көрсету, талдамалық есептеулер жасау, көрнекі түрде карталар жасау және т.б.) біріктіруді қамтамасыз етеді. ГАЖ үшін қоршаған ортадағы кез келген объектілер мен құбылыстар зерттеу пәні бола алады, сонымен қатар әртүрлі ғылым салаларындағы байқаулар мен өлшеулердің нәтижесінде алынған деректер де оның зерттеу аясына енеді [5, с. 4].

Қазіргі кезде географиялық зерттеулер мен қолданбалы карталарды жасауда геоақпараттық картография дәстүрлі карта жасау және карталарды басып шығару әдістерін алмастырып болды.

Жер туралы ғылымдар қазіргі кезде толығымен дерлік геоақпараттық картографиялауға көшті деуге болады. Қазақстанда жасалған, 3 томнан тұратын, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұңғыш Ұлттық Атластың карталары да осы әдіспен құрастырылған. Қазіргі кезде осы әдіспен Қазақстанның тақырыптық карталары, 1:100 000, 1:500 000, 1:1 000 000 масштабындағы топографиялық негіздегі карталар жасалуда. Бұл Қазақстанда осы саланың даму үстінде екендігін дәлелдейді. Жекелеген аумақтарға атластар, тақырыптық карталар жасау, ГАЖ құру – бұл географиялық білімнің жүйелілігін көрсетеді. Сондықтан да, білім беруде және ғылыми зерттеулерде ГАЖ-технологияларын тиімді пайдалану – біздің дәуіріміздегі ақпараттық қоғамның жетістігі ретінде бағаланады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді, ГАЖ-дың функциялық қызметін жалпы түрде былайша жүйелеуге болады: «ГАЖ – қоршаған орта мен қоғамның аумақтық ұйымдасуын талдау, үлгілеу, болжам жасау және басқаруға қатысты ғылыми және қолданбалы міндеттерді тиімді шешу мақсатында кеңістіктік деректерді жинақтау, өңдеу, бейнелеу және тарату, деректерді және аумақ туралы білім қорын жүйелеуді қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешен». Бұл анықтама ГАЖ қасиеттері мен функцияларын неғұрлым толық қамтиды.

Осы аталғандар негізінде географиялық ақпараттық жүйелерді бір жағынан ақпараттық білімдердің жүйесі ретінде, екінші жағынан ғылыми зерттеудің құралы түрінде, үшіншіден ГАЖ-индустрияның технологиясы мен өнімі ретінде қарастыруға болады. Қорыта келгенде, ғылыми-техникалық ілгерілеу жағдайында ГАЖ ғылым мен өндірістің кірігуінің өнімі болып табылады.

1 Пролеткин И.В. От ГИС-технологий к ГИС-мировоззрению //ГИС обозрение. – № 3-4 – 2000. – С. 2-4.

2 Шокпарова Д.К. Ландшафтық қарталарды құрастырудағы ГАЖ технологиясын іс жүзінде қолдану. ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы. №1 (36) 2013. 33-40 б.б.

3 ГИС в науке и образовании. URL: loi.sscc.ru/gis/razlgis/ecomm/Education/educ.htm

4 Капралов Е.Г., Кошкарев А.В., Тикунов В.С.и др. Основы геоинформатики: В 2 кн. Кн. 2: Учеб. пособие для студ. вузов /Под ред. В.С.Тикунова. - М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 480 с.

5 Гармиз И.В., Кошкарев А.В., Тикунов В.С., Трофимов А.М. Теоретические и методологические аспекты развития географических информационных систем // География и природ. ресурсы. – 1991. – № 1. С.3-7.

Резюме

Эффективное использование геоинформационных технологий (ГИС) в географическом образований

Бейсенова А.С. – д.г.н., профессор, академик. Руководитель научно-методического Центра по географии и экологии при КазНПУ им. Абая

Алиаскаров Д.Т. – 2-курс PhD докторантура по специальности «6D011600 - география» КазНПУ им. Абая duman_06@mail.ru

Алиев М.Д. – магистр географии КазНПУ им. Абая muratbek_tegenbolat@mail.ru

В данной статье рассматривается проблемы эффективных использований гоинформационных технологий в процессе изучения географии. Также в работе раскрыты особенности геоинформационных систем (ГИС). Авторы приходят к выводу о том, что использование геоинформационных систем в процессе обучения географии формирует способность и готовность учащихся к использованию географических знаний и умений в повседневной жизни, позволяет их подготовить к работе с информацией во всех формах в различных сферах жизнедеятельности.

Ключевые слова: геоинформационные системы, база данных, таблица атрибутов, картографическая информация, учебный процесс.

Summary

The effective use of geographic information technologies (GIS) in the geographic formations

Beisenova A.S. - D.Sc., professor, academician .Head of the Scientific and Methodological Center for Geography and Ecology Kaz NPU

Aliaskarov D.T. - 2-course PhD student in the specialty «6D011600 - Geography" Kaz NPU duman_06@mail.ru

Aliyev M.D. - master of Geography Kaz NPU muratbek_tegenbolat@mail.ru

This article discusses the problem of effective use of technology in eoinformatsionnyh studying geography. Also, in the disclosed features of geographic information systems (GIS). The authors conclude that the use of geographic information systems in the process of teaching geography forms the ability and willingness of the students to the use of geographical knowledge and skills in their daily lives, allowing them to prepare for working with information in all forms in the various spheres of life.

Keywords: information system, database, attribute table, map information, the learning process

УДК 614.23:37.014.1:4С:4И

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ФАКТОР ПОДГОТОВКИ КОНКУРЕНТНОСПОСОБНЫХ МЕДИЦИНСКИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Шарипов К.О. – д.б.н., профессор, заведующий кафедрой биологической химии Казахского Национального Медицинского Университета имени С.Д.Асфендиярова, skamalidin@mail.ru,

Омирзакова К.К. – к.б.н., доцент кафедры биологической химии КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, o.kulshat@mail.ru,

Жакыпбекова С.С. – к.б.н,доцент кафедры биологической химии КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, s.zhakypbekova@mail.ru,

Мухамадиева Е.О. – старший преподаватель кафедры биологической химии КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, elizabet.m76@mail.ru,

Яхин Р.Ф. – преподаватель кафедры биологической химии КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, rinat_18com@mail.ru.

В статье рассматривается актуальные вопросы полиязычия, такие как теория и практика полиязычного обучения в РК, полиязычие в контексте мирового опыта, современное состояние полиязычной обучения в Казахском Национальном Медицинском Университете им. С.Д. Асфендиярова.

На сегодняшний день в университете созданы все условия для развития полиязычного образования: организация языковых курсов; привлечение зарубежных ученых, специалистов, преподавателей для чтения лекций и одновременное изучение дисциплин на трех языках: казахском, русском и английском;внедрение новейших педагогическихи информационных технологий обучения языкам; пополнение библиотечного фонда и электронной базы полиязычной учебной, методической, научной, справочной и другой литературой и мультимедийными материалами и другие.

Таким образом, внедрение полиязычного образования в Казахском Национальном Медицинском Университете им. С.Д. Асфендиярова. позволит в будущем готовить высококвалифицированные медицинские кадры, востребованные по всему миру.

***Ключевые слова*:** полиязычие, программа трехязычного обучения, языковая компетенция, государственный язык, профессиональное общение врача с пациентом, конкурентоспособные медицинские специалисты, международное образовательное пространство.

Сегодня современное казахстанское общество характеризуется общественной модернизацией и стремлением к мировым интеграционным процессам, где ведущую позицию в процессе занимает образование. Известно, что только, то общество может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия приобретения качественного и современного образования.В этой связи весьма важной государственной задачей стало решение вопросов модернизации системы образования, в частности языкового.

В Казахстане полиязычие развивается на государственном уровне согласно задачам поставленным Президентом РК Н.А.Назарбаевым. Реализуется проект «Триединство языков» [1]. Полиязычие, как стратегически важная задача образования поставлена и в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы. К 2020 году 100% населения Казахстана должны владеть казахским языком, 95% - русским и 25% - английским языками [2]. Сейчас можно констатировать, что становление казахстанской государственности и гражданского сообщества находится в начале нового этапа

своего развития. «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык – как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику», – сказал Президент РК Нурсултан Назарбаев [3].

Следует отметить, полиязычие - объязательная норма в Европе, способствующая формированию профессиональной мобильности и конурентноспособности граждан в эпоху глобализации. В 2002 году на Барселонском Саммите Европейского Совета был введен принцип «родной язык плюс два иностранных». В более чем 20 странах Европы, школы обязаны включать как минимум 1 иностранный язык в образовательную программу. Изучение иностранного языка как обязательного предмета начинается на ранней стадии развития ребенка – с 1 класса школы либо в дошкольном обучении (опыт Бельгии).

Английский язык является родным для более чем 400 000 000 человек, живущих в 12 странах мира, к которым относятся: США, Канада, Англия, Австралия, Новая Зеландия. В более чем в 30 странах мира, таких, например, как Индия, Сингапур, Филиппины, Малайзия, Бирма, и многих других, он широко используется в государственных масштабах наравне с национальными языками. Английский язык занимает 1 место в мире среди иностранных языков, изучаемых всредней и высшей школах, а также на различных курсах системы образования взрослых.

В Казахстане, например, английский язык изучают порядка 70 % учащихся и студентов, средних и высших учебных заведений. Владение английским языком становится нормой для научно-технической интеллигенции большинства развитых стран. Полагают, что в настоящее время около 1 миллиарда людей, то есть 1/5 населения нашей планеты, в той или иной степени владеют английским языком.

В наше время английский язык играет чрезвычайно важную роль в таких сферах человеческой деятельности, как наука, медицина, техника, экономика, торговля, спорт, туризм. Когда шведские, немецкие или даже японские учёные хотят сообщить своим иностранным коллегам о своих открытиях или поделиться интересными результатами, они публикуют научные статьи в журналах, выходящих на английском языке. Английский язык выступает в качестве рабочего языка абсолютного большинства международных научных, технических политических и профессиональных международных конференций, симпозиумов и семинаров.

Подводя итоги сказанному, можно с уверенностью утверждать, что английский язык в современном мире выполняет такую же важную роль, которую в Европе в средние века играла латынь.

Выдающиеся деятели науки, образования и культуры, как свидетельствует история, обычно не ограничивались знанием родного языка. Широкое и богатое полиязыковое пространство есть одно из проявлений жизненных силнарода, его творческого потенциала. Однако глобализаторы стремятся полиязычие каждой страны использовать в целях подавления и разрушения национального самосознания, самобытной культуры, и насаждения языковых вульгаризмов [4]. Борьба за чистоту родного языка и полиязыкового образовательного пространства – важное и необходимое условие национального возрождения казахского народа и стабильного развития Казахстанского образования в целом. Знание не менее трех языков стало требованием сегодняшнего дня и для казахстанцев из Концепции развития системы образования РК до 2015 года: Знание родного, государственного, русского и иностранного языков расширяет кругозор человека, содействует его всестороннему развитию, способствует формированиюустановки на толерантность и объемное видеие мира» [2].

Министерством образования и науки сделаны конкретные шаги по внедрению полиязычного образования в вузах страны. Полиязычное образование неразрывносвязано с выполнением основных параметров Болонского процесса, корреляцией и унификациейучебных планов с Европейскими стандартами образования. Одним из эффективных путей первичной подготовки полиязычныхкадров является включение в перечень базовых дисциплин типовых учебных планов таких дисциплин как «Профессионально-ориентированный иностранный язык», «Профессиональный казахский/русский».

В мировой практике Казахстан является государством, обеспечивающее финансирование академической мобильности. Несомненно, что программы обучения в рамках академической мобильности студентов должны быть встроены в систему полиязычной подготовки.

Казахский Национальный медицинский университет С.Д.Асфендиярова всесторонне поддерживает политику страны. В этой связи университет разработал и внедряет Программу «Трехязычного обучения в КазНМУ» направленную на создание непрерывной многоуровневой поэтапной полиязычной подготовки студентов бакалавриата, магистратуры и докторантуры в сфере медицины.

Необходимость разработки и реализации программы трехязычного обучения обусловлена рядом причин: владение государственным и русским языком является необходимым условием для успешной профессиональной деятельности врача в многонациональной среде Республики Казахстан, один из постулатов КазНМУ гласит, что «врач должен говорить на языке пациента». С другой стороны, интеграция нашего общества в мировое пространство ставит перед современным специалистом задачу свободного владения одним из иностранных языков [7].

В настоящее время уже сформированы некоторые принципы обучения в системе полиязычия:- казахский язык – русский язык – английский язык;

- изучение языков должно идти параллельно, опорой должен являться родной язык;

- обучение иностранному языку должно проецироваться на обучение речевому мышлению, овладение новыми средствами выражения мыслей и миром изучаемого языка [5].

Искусство общения врача и пациента – это весьма сложный, многогранный и разносторонний процесс, где врач выступает не только как специалист, использующий свои знания и опыт для лечения, реабилитации и поддержания здоровья пациента, но и как человек, который анализирует процесс лечения пациента, в контексте морально-этических, культурных, религиозных ценностей.

Коммуникативной особенностью диалога «врач - пациент» является максимальная нацеленность врача на то, что пациент поймет его должным, необходимым для эффективности лечения и сохранения здоровья. Этому будет способствовать высокий уровень владения языком, который в качестве профессионально значимой характеристики врача занимает важное место в его профессиональном становлении, а также является необходимой частью его общей культуры [6].

Профессиональноеобщение врача с пациентом требует не только желания врача, но и соответствующих знаний. Языковая компетенция, наряду с другими стала неотъемлемым элементом подготовки высококвалифицированных, конкурентоспособных медицинских специалистов, мобильных в международном образовательном пространстве и рынке труда.

Выпускник КазНМУ по окончании университета должен свободно владеть минимум 3-мя языками и применять этот навык в следующих ситуациях: грамотно разговаривать с пациентом на языке пациента; самостоятельно изучать, анализировать зарубежную литературу по профилю специальности на иностранном (английском) языке; составлять доклады, рефераты, эссе, тезисы и т.д.; оформлять медицинскую документацию. Знание английского языка позволит будущим врачам продолжить обучение в лучших зарубежных клиниках и вузах, принимать участие в международных научно-практическихконференциях и форумах, мастер-классах, что, несомненно, окажет положи-тельное влияние на их профессиональный уровень, так как именно высокий профессионализм врача позволит улучшитькачество медицинской помощи населения страны. Английский язык становится объязательным, когда на рынке медикаментов преобладают импортные лекарства,в медицинские учреждения поставляется импортное оборудование, когда многие наши соотечественники ездят лечиться за границу и им требуются выписки из истории болезни на иностранномязыке [7].

Согласно плана реализации трехъязычного обучения в КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова на 2014-2020 годы разработаны дифференцированные программы и методологическая база полиязычного обучения (учебно-методическая документация на трех языках, силлабусы, УМКД) на кафедрах.

Созданы глоссарии к практическим занятиям на трех языках, трехъязычная база экзаменационных заданий, внедрены различные технологииэтого направления, формировались группы на английском языке из студентов казахского и русского отделении университета, проводились дни кафедр на государственном языке, проводится перекрестное проведение занятий на трех языках, организованы круглые столы, клубы на государственном и английском языках.

При проведении занятий применяется больше видеороликов на иностранном языке, что позволяет закреплять и совершенствовать знания английского языка. Разрабатывается модель реализации полиязычного образования посредством дистанционного обучения.

В КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова обучение иностранных студентов по программам бакалавриата осуществляется на английском языке.

Одним из инструментов мотивации ППС к обучению английскому языку является и финансовая стимуляция публикаций на английском языке в рейтинговых журналах с высоким IMPACT фактором.

Для реализации Программы «Трехязычного обучения профессорско- преподавательского состава КазНМУ» за счет средств университета преподаватели из разных кафедр прошли обучения английскому языку по интенсивной профессиональной программе LondonStandard и InterPress.

В настоящее время партнерами КазНМУ являются 76 университетов и медицинских школ из 26 стран мира (США, Великобритания, Япония, Корея, Сингапур, Китай, Монголия, Турция, Израиль, Италия, Испания, Германия, Люксембург, Австрия, Польша, Литва, Словакия, Чехия, страны СНГ).

В рамках договоров успешно реализуются программы по обмену студентами, магистрантами и докторантами с Нагасакским Университетом, Токийским медико-стоматологическим Университетом, Национальным фармацевтическим Университетом (Харьков, Украина), Университетом Эрзинджан (Турция), Университитетом Перуджи (Италия), Синьцзяньским Медицинским Университетом (КНР), Высшей Школой менеджмента Барселоны (Испания) и др. Студенты из Японии, Турции и Украины приезжают в наш Университет с ответным визитом.

Сотрудники и выпускники КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова обучаются по программам: Болашак, Junior Faculty Development Program Зальцбургские семинары. Преподавателей ежегодно проходят стажировку в ведущих зарубежных организациях образования и практического здравоохранения и участвуют в международных конференциях, форумах, семинарах.

Таким образом, массовое полиязычие следует считать важным условием свободного вхождения обучающейся молодежи в мировое образовательное пространство в сфере профессиональной деятельности. В результате поэтапной реализации модели трехязычного обучения Казахского Национального Медицинского Университета им. С.Д. Асфендиярова, предполагается повышение качества университетского образования и подготовка квалифицированного специалиста медицинского профиля, владеющего несколькими языками для успешной коммуникации в профессиональной среде страны и зарубежья.

1 *Послание президента Республики Казахстан народу Казахстана. Новый Казахстан в новом мире. - Астана, 2007 г.*

2 "Государственной программы функционирования и развития языков на 2011 - 2020 годы" Утвержденной Указом Президента от 29.06.11. 2011 г. № 110.

3 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – 2012. – № 218-219.

4 Буланкина Н.Е. Методологические основы гуманизациполиязыкового образовательного пространства. – Новосибирск: ИРОС РАО, 2004 г.

5 Жетписбаева Б.А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. –343 с.;

6 Жиляева, О.А. Роль языка в становлении профессиональной культуры врача: диссертация: по теории иистории культурологии: 24.00.01 /О.А. Жиляева. – Улан-Удэ, 2009.

7 Концепция развития трёхъязычия в КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова http://news.kaznmu.kz/wpcontent /uploads/ 2014/. pdf

Түйіндеме

Көптілділік білім беру бәсекеге қабілетті медициналық мамандарды дайындаудың бір факторы

К.О. Шарипов – б.*г.д., профессор, С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-нің биологиялық химия кафедрасының меңгерушісі,* skamalidin@mail.ru,

К.Қ. Өмірзақова – б.*г.к., С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-нің биологиялық химия кафедрасының доценті,* o.kulshat@mail.ru,

С.С. Жақыпбекова – б.*г.к., С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-нің биологиялық химия кафедрасының доценті*, s.zhakypbekova@mail.ru,

Е.О. Мухамадиева – *С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-нің биологиялық химия кафедрасының аға оқытушысы*, elizabet.m76@mail.ru,

Р.Ф. Яхин – *С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ-нің биологиялық химия кафедрасының оқытушысы,* rinat_18com@mail.ru.

Мақалада көптілділіктің маңызды мәселелері, ҚР көптілді оқытудың теориясы мен практикасы, көптілділік әлемдік тәжірибе контекстінде, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінде көптілділікке дайындықтарының заманауи жағдайы сияқты көкейкесті сұрақтар қарастырылады.

Бүгінгі күні С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінде көптілділік білім беруді дамытуда көптеген істер атқарылуда: тілдік курстарды ұйымдастыру; бір мезгілде үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілінде дәрістер мен пәндерді оқыту үшін шетелдік ғалымдар, мамандар, оқытушыларды тарту; тілдерді оқыту үшін жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар енгізу; көптілді білім берудің әдістемелік, ғылыми, анықтамалық және басқа да әдебиеттерімен және мультимедиялық материалдарымен кітапхана қорын және электронды деректер базасын толықтыру.

Сонымен, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университетінде көптілді білім беруді енгізу болашақта бүкіл әлем бойынша бәсекеге қабілетті жоғары білікті медициналық кадрларды дайындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: көптілділік, үш тілдік оқыту бағдарламасы, тілдік компетенция, мемлекеттік тіл, дәрігерің науқастармен кәсіби байланысы, бәсекеге қабілетті жоғары білікті медициналық маман, халықаралық білім беру кеңістігі.

Summary

Multilingual education as factor of preparation competytive medical specialysts

K.O. Sharipov – *Doctor of Biological Sciences., Professor,* head of biological chemistry department of Kazahk National Medical University after the name S.D.Asfendyarov, skamalidin@mail.ru,

K.K. Omirzakova – *Candidate of Biological Sciences, associate professor* of biological chemistry department of Kazahk National Medical University after the name S.D.Asfendyarov, o.kulshat@mail.ru,

S.S. Zhakypbekova – *Candidate of Biological Sciences, associate professor* of biological chemistry department of Kazahk National Medical University after the name S.D.Asfendyarov, s.zhakypbekova@mail.ru,

E.O. Mukhamadieva – *Senior teacher* of biological chemistry department of Kazahk National Medical University after the name S.D.Asfendyarov, elizabet.m76@mail.ru,

R.F. Yakhin – *teacher* of biological chemistry department of Kazahk National Medical University after the name S.D.Asfendyarov, rinat_18com@mail.ru.

In this article considered actual issuer of multilinguism, like theory and practice multilingual study in RK, multilin guism in context of world experience, modern conditions multilinguism education in Kazakh National Medical University after the name Asfendyarov S.D.

Nowadays in University was created all conditions for development multilinguism education: organized lingual course, invitation foreign scientific experts, and teachers for reading lecture and in this time study discipline on three languages: Kazakh, Russian, English; introduction of newestpedagogical and information technology for language study; replenishment of library fund and electron base of polylingual educational, scientific, reference and other literature and multimedia materials and other.

Thus, introduction of polylingual program of education in KaZNMU after the name Asfendyarov S.D., allowed to in future preparing higher qualification medical specialists who need to all over the world.

***Key words*:** multilinguism, program of trilingual education,languagecompetency, statelanguage, professional physician communication with patients, competitive medical specialists, international educational space.

ӘОЖ: 37.022

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ОҚЫП-ҮЙРЕНУДЕГІ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ МӘНІ

М.Н. Оспанбекова – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
e-mail: Meirgul1976@mail.ru

Мақалада жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның алатын орны мен маңызы, ғалымдардың рефлексия ұғымына берген анықтамалары мен аспектілері қарастырылған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық рефлексиясы, оқу үрдісіндегі рефлексияны ұйымдастыруы, оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектер талданған. Оқушы рефлексиясының түйінді сипаттамалары берілген.

Болашақ мамандарды даярлаудағы рефлексия қажеттілігінің көптеген факторлармен анықталатынына және педагог қызметіндегі рефлексияның ерекшеліктеріне тоқталып, оларды: кәсіби-қызметтік рефлексия (өзінің мақсаты мен міндеттерін анықтау, оқу әрекетінің нәтижесін бағалау, туындаған мәселелерді талдау, оқу әрекетін ұйымдастыру және басқару); қатысымдық рефлексия (эмпатия деңгейі, қарым-қатынас стилі, басқалармен қарым-қатынасы); кәсіби-тұлғалық рефлексия (жеке психологиялық қасиеттері: креативтілігі, танымдық деңгейі және жеке тұлғалық сапалары), – деп бөліп көрсеткен.

Түйін сөздер: жаңартылған білім мазмұны; рефлексия; рефлексияның аспектілері; кәсіби-қызметтік, қатысымдық, кәсіби-тұлғалық рефлексия; өзін-өзі бағдарлау; өзін-өзі реттеу; өзін-өзі белсенділендіру; өздігінен білім жетілдіру; өзін-өзі бағалау.

XXI ғасыр қоғам өмірінің әр түрлі саласында үнемі өзгеріп отырған маңызды ғаламдық үдерістерімен сипатталады. Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту» бағдарламасында: «Бүгінгі білім берудегі басты мақсат – білім, біліктілік, дағдылар жүйесі ғана емес, осы білімді өмірде қолдана алу, өз бетімен білім алу, өгерістер заманында тиімді өмір сүріп, жұмыс істеу дағдыларын дамыту» делініп, осы мақсат негізінде сапалы білім беру міндеті айтылады [1]. Осы ретте білім беру мекемелерінде мемлекеттік сұраныс пен тапсырыстың орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс.

Осыған орай, бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Сондықтан да терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін-өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналып отыр. Бұл мақсат – жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның қажеттілігінен туындауда.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға даярлаудағы басты мақсат – білім берудің қазіргі жағдайында болашақ мамандар мен оқушылардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі белсендендіру, өзін-өзі бағалау сынды жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту болып табылады. Сондықтан да болашақ мамандарға ең алдымен өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау сынды сапалық қасиеттерін дамытатын психологиялық білім мен педагог маманынға тән, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олармен нәтижелі қарым-қатынас орната алатын іскерлік болуы керек.

«Рефлексия» термині латын тіліндегі «гейехю» - көрініс беру, кері айналу деген сөзден шыққан. Философияда рефлексия – адамның өзіндік әрекеттерін және олардың заңдарын қайта түсінуге бағытталған, теориялық іс-әрекетінің формасы. Философиялық сөздікте рефлексияның үш түрі көрсетілген:

- қарапайым (әрекеттер рефлексиясы);
- ғылыми (жаңа білімді меңгеру әдістерінің рефлексиясы);
- философиялық (ойлау мен болмыстың шектелген қатынастарын және біртұтас адамзат мәдениетін қайта түсіндіру) [2].

Ғылыми еңбектерде адамның өзінің (немесе өзгенің) санасына, ойлауына және мінез-құлқына, қол жеткізген білімі мен жетістіктеріне, кемшіліктеріне назар аударуы, ой елегінен өткізуі рефлексия деп қарастырылады. Рефлексия арқылы адам өзіне өзінің ойлау деңгейінен ғана емес, өзгенің көзқарасы арқылы да қарауы тиіс, яғни маған айналамдағылар қандай баға беруі мүмкін немесе мен өз ортамда қандай деңгейде тұрмын деп ойлануы да жатады. Рефлексия әрекетті қолдап, оны бекітіп отырады. Жалпы алғанда әрекетсіз рефлексия, рефлексиясыз әрекет болмайды.

И.Н. Степанов пен С.Ю. Семенов ресейлік психологтардың (А.В. Петровский, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.М. Матюшкин, О.К. Тихомиров және т.б.) еңбектерінде көрсетілген рефлексияның негізгі психологиялық анықтамаларын жалпылады және оның негізгі төрт аспектісін ажыратып көрсетті [3]:

1. Рефлексияның коммуникативті аспектісі. Рефлексия дамыған қарым-қатынастың және тұлғааралық қабылдаудың маңызды құрамдасы, адамның адамды тануының өзгеше сапасы ретінде қарастырылады.

2. Рефлексияның кооперативті аспектісі (М.А. Мириманова бойынша әлеуметтік рефлексия). Ол іс-әрекеттің субъект-субъектілі түрлерін талдауға аса өзекті және субъектілердің кәсіби позициялары мен топтық рөлдерін үйлестірудің, сонымен бірге олардың бірлескен іс-әрекетін кооперациялаудың қажеттілігін ескеріп, ұжымдық іс-әрекетті жобалауды қамтамасыз етуде белгілі рөл атқарады. Мұнда рефлексия сыртқы позицияға шығу жолы ретінде қарастырылады.

3. Рефлексияның тұлғалық аспектісі (тұлғалық рефлексия). Бұл аспект бір жағынан басқа адамдармен қарым-қатынас нәтижесінде және белсенді іс-әрекет нәтижесінде өзінің жаңа бейнелерін құруда көрініс береді де, өз кезегінде өзіндік әрекеттерді жүзеге асыруда шешімін табады. Тұлғалық рефлексия ізденіс үдерісіндегі адамның өзіне бағытталған, соған сәйкес адамның өзіндік іс-әрекетін қайта мағыналауға әкеледі. Рефлексия адамның өмір сүру әрекетіндегі кері байланыс механизмі ретінде, нәтиже ғана емес, ол ойлаудың стереотиптерін мағыналаумен және қайта мағыналаумен, сананың жаңа мазмұнын құрумен және ішкі қайта құруларымен байланысты үдеріс болып саналады.

4. Рефлексияның интеллектуалды аспектісі (интеллектуалды рефлексия). Мұнда рефлексия субъектінің өзіндік әрекеттерін ажырату, талдау және заттық жағдайлармен салыстыру қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұдан басқа, интеллектуалды аспектіде рефлексияны қарастыру, теориялық ойлаудың психологиялық механизмдері мәселесін құрастыруға ықпал етеді.

Ұсынылған топтастыру негізінде рефлексияның пәні ретінде (И.Н. Семенов және С.Ю. Степанов бойынша):

- әрекеттер, даралық ретіндегі өзіндік «Мен» бейнелері;
- объект және онымен жағдаятта әрекет ету тәсілдері туралы білімдер;

- басқа адамның ішкі әлемі және оның әрекетінің себептері туралы ұғымдар;
- рөлдік құрылым мен ұжымдық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру туралы білім алынады.

Бұдан шығатын қорытынды, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетіне қатынасын қалыптастыру барысында алынатын негізгі механизм ретінде, рефлексияның тұлғалық аспектісін атауға болады. Оқу іс-әрекетінің мазмұнына қатынас, рефлексияның интеллектуалды аспектісін дамыту нәтижесінде, ал оқушының басқа оқушыларға қатынасы – рефлексияның коммуникативті және кооперативті аспектілері нәтижесінде қалыптасады.

Рефлексия – таным көздерінің бірі болып табылады. Педагог рефлексия жасау арқылы өз әрекетін түсінуге және оның тиімді, тиімсіздігін бағалап, ары қарай кәсіби шыңдалудың бағытын анықтауға мүмкіндік алады.

Д.Ахметова мен Л.Гурье *бойынша, рефлексия* оқытушының педагогикалық әрекетінің табыстылығы мен тиімділігіне өзіндік диагностика жасау технологиясы, белгілі бір педагогикалық құбылыс пен өмірлік жағдаятты оңтайлы сезіну құралы болып табылады.

Ғалымдар педагогтың өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауының негізгі шарттарын:
- педагогтың өз жұмысын ынтамен істеуі;
- өзінің ішкі ойын «қоса білуі»;
- өз іс-әрекеттерін талдауға психологиялық даярлығы;
- педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелеріне жауапкершіліктің болуы;
- кәсіби шебер болуға ұмтылуы;
- ішкі әлемінің (қырағылық, қарапайымдылық, т.б.) белгілі бір деңгейде дамуы;
- сырттан алынған вербальды және вербальды емес ақпараттарды білуі және мәнін түсінуі,–деп жіктеген [4].

Сондықтан да болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алудың мазмұнын меңгеруі керек. Яғни, өзінің өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі белсендендіру, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау сынды педагогикалық іс-әрекеттеріне талдау жасай отырып, жүзеге асыруы қажет.

Сонымен қатар, ғалымдар (Д. Ахметова мен Л. Гурье) педагогтың оқу үдерісіндегі рефлексия кезеңдерін алгоритм түрінде төмендегіше топтаған:

1. Педагогтың санасына жағдаятты, аудиторияның, жекеленген адамдардың, педагогикалық үдеріске немесе коммуникацияға қатынасушылардың реакциясын бағалауға мүмкіндік беретін минуттық «тоқта» белгісі.
2. «Мен не істеп жатырмын?, Осы сәтте не болып жатыр? Қалай істеу керек?» деген ойлардың жұмысын «іске қосу».
3. Өзінің зияттылық, эмоциялық жағдайына және қарым-қатынас бойынша серіктестерінің жағдайына баға беру.
4. Инсайт (аяқ астынан шешім қабылдау, «қалай екенін...білемін, әзірше білмеймін, бірақ ойланып тұрмын...» деген сияқты күтпеген шығармашылық ойлардың туындауы).
5. Шешім қабылдау (педагогикалық үдерісте - сөйлеу мәнері мен қарқынының, пікір сипатының, жұмыс формасының, жүріс-тұрыстың, бет әлпетінің өзгеруі).
6. Педагогикалық импровизация [4].

Ал, А.В. Хуторскийдің пікірінше, педагог оқушылардың сабақтағы рефлексиясын ұйымдастыруда келесі қадамдарды қамтуы қажет:

1. Пәндік (рефлексивтіге дейін) іс-әрекетті тоқтату. Оқу пәні бойынша орындалатын іс-әрекет аяқталуы немесе тоқтатылуы қажет.
2. Орындалған әрекеттердің бірізділігін қалпына келтіру. Оқушының орындаған әрекеті, оның ойынша маңызды орындалған әрекеті ауызша немесе жазбаша түрде сипатталады.
3. Әрекеттердің тиімділігі, нәтижелілігі, қойылған міндеттерге сәйкестілігі тұрғысында, олардың құрастырылған бірізділігін мағыналау.
4. Рефлексияның нәтижелерін айқындау және құрастыру. Мұндай нәтижелердің бірнеше түрі ажыратылуы мүмкін:
- жалпы күй – эмоционалды сезіну, психологиялық көңіл-күй;
- іс-әрекеттің пәндік нәтижесі – идеялар, болжамдар, заңдылықтар, сұрақтарға жауаптар және т.б.
- іс-әрекет барысында қолданылған немесе құрылған тәсілдер;

- болашақ іс-әрекетке қатынас бойынша болжамдар;
- тұлғалық динамика – қатысушыда не өзгерді [5].

Олай болса, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өз іс-әрекетіне жоғарыда ұсынған ғалымдардың еңбектеріндегі рефлексия кезеңдерінің алгоритмдері мен қадамдардарын басшылыққа алып жұмыс жасау нәтіижесінде, оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының оқу рефлексиясын дамытуға негізделген жұмыстарды тиімді ұйымдастыра алады.

И.В. Муштавинская мұғалімнің педагогикалық рефлексиясының түйінді сипаттамаларын төмендегіше топтаған:

- *Мұғалімнің өзіндік іс-әрекетіне қатынасы.* Өзіндік педагогикалық тәжірибені саналы ұғыну, өзіндік педагогикалық іс-әрекет критерийлерін құру. Білім берудегі өзгерістерді талдау.
- *Мұғалімнің педагогикалық рефлексия мазмұнына қатынасы.* Білім беру үдерісін жоспарлау және құрастыру білім беру іс-әрекетінің мақсаттары мен тәсілдерін түзету, оқу-білім беру үдерісін ұйымдастырудың стратегиялары мен әдістерін таңдау.
- *Мұғалімнің оқушыларға қатынасы.* «Мұғалім-оқушы» жүйесіндегі кері байланысты орнату шеберлігі, оқушыларды өзіндік оқу іс-әрекетінің әдістерімен қаруландыру, оқушы позициясында өзіндік іс-әрекеттің табыстылығын бағалау қабілеті [6].

Сондықтан да, мұғалім оқушының өзіндік іс-әрекетін өзіндік басқару (өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау) қабілетін дамыту үшін, сыныптың ұжымдық жұмысының жалпы жүйесінде жүзеге асырылатын, белсенді субъектінің шығармашылық позициясын жүзеге асыру үшін жағдай жасайды. Оқыту үдерісін оқушылармен шығармашылық өзара әрекет (диалог) негізінде оқутанымдық мәселелерді шешу ретінде ұйымдастырады. Осылайша, мұғалім оқу үдерісін жеңілдететін адамның рөлінде болады. Ол оқушылардың оқыту үдерісінде өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін өзара сенім және ашық қарым-қатынас аухалын құрады.

Педагогикалық мамандықта рефлексияның қажеттілігі көптеген факторлармен анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық рефлексияны қалыптастыруға ерекше мән берілуі керек. Педагог қызметіндегі рефлексияны:

1. Кәсіби-қызметтік рефлексия (педагогтың кәсіби қызметте өзінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы, оқу әрекетінің нәтижесін бағалай алуы, туындаған мәселелерді талдай алуы, оқу әрекетін ұйымдастыра және басқара алуы);
2. Қатысымдық рефлексия (болашақ маманның эмпатия деңгейі, қарым-қатынас стилі, басқалармен қарым-қатынасы);
3. Кәсіби-тұлғалық рефлексия (болашақ маманның жеке психологиялық қасиеттері: креативтілігі, танымдық деңгейі т.б. және жеке тұлғалық сапалары), – деп бөліп қарастыруға болады.

Ауызша сөйлеудің екінші түрі – монолог. Монологты бір адам ғана сөйлейді, ол бір немесе бірнеше тыңдарманға айтылады. Ол: мұғалімнің әңгімесі, студенттің толық жауабы, баяндама т.с. Құрылым жағынан монолог өте күрделі және грамматикалық ережелерді қатаң сақтауды, ой ұшқырлығын, логикалық тұрғысынан жақсы құрылған және жүйелі әңгімені талап етеді.

Монолог диалог сөзге қарағанда кешірек дамиды, сондықтан алғашқы сатыда студенттерге монологтық сөзге үйретуде педагогтар көп жылдар бойы осы проблеманы шешуге ұмтылуда.

Теориялық тұжырымдарды ескере отырып, методологиялық жағдайда жаңа білім берудің талаптарына сай ағылшын тілі сабағында интерактивті тәсілді қолдана отырып, монологты сөз іскерлігін қалыптастыру өңделеді. Жеке тұлғаны дамыта оқытудың теориялары мен заңдылықтарына сәйкес ұйымдастырылуы, үлгіленуі студенттің жеке танымдық белсенділігі шығармашылық кезеңінде қалыптасады. Танымдық қабілеттері дамиды, студенттер мәселені бақылау, сараптау барысында нысананы белгілейді. Мәселені шешуде ұсынылған шешімін таңдайды. Оның шешілу жолдары алынған ақпаратқа сын көзбен қарау, өз пікірін сараптап құрай алу, ақпаратты өңдеу алғашқы кезеңінде жүзеге асырылады. Жеке тұлға алдында монлогтық сөзді дайындауда білім, өздік шығармашылық мақсаттарды дамыту қойылады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады [5]:

1. Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.
2. Көрнекі әдісті – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.
3. Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдаланылады.
4. Іздену әдісі – өзінше ойлануды және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін оқушыларды тақырыпты проблемалық оқытуға әзірлеуде қолданылады.
5. Индуктивтік әдіс – қорытынды жасау қабілетін дамыту күрделендіре оқыту үшін, ойлау қабілетін қалыптастыру үшін пайдаланылады.
6. Өзіндік жұмыс әдісін – оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілетті дамыту және оқу еңбегінде дағдыны қалыптастыруда жеңіл тақырыптарды өз бетінше дайындауға, дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулу үшін қолданылады.
7. Ойын әдісі – оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу - білік дағдыларын қалыптастырады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады.

Сонымен, оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады.

1 Абдыкаппарова С.К. Развитие теории и практики межкультурой коммуникации в РК. http://inlang.linguanet.ru/Scientific Work/Conferences

2 Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ. « Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, №3, 2006ж. 43-бет.

3 Современная методика обучения иностранным языкам: методические указания к лабораторным занятиям для студентов специальности 050119 "Иностранный язык: два иностранных языка" / сост. А.К.Каирбаева, Р.Г.Дуненкулова. – Павлодар: Кереку, 2009. – 90 с.

4 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М., 2000. – 260 с.

5 Рақымжанова С.Қ. «Шетел тілін оқыту әдістемесі», 2007ж, №5.–78

Резюме

Теоретические и лингвистические основы обучения английскому языку

Баянбаева А.А. - старший преподаватель кафедры иностранных языков Казахского национального медицинского университета имени Асфендиярова, abayanbaeva@mail.ru; 8777 116 33 75,

Сайынова М.Б. - преподаватель кафедры иностранных языков Казахского национального медицинского университета имени Асфендиярова, msaiynova@mail.ru; 8702 821 6050,

Абдикаймова М.А. - преподаватель кафедры иностранных языков Казахского национального медицинского университета имени Асфендиярова, Togi_842@mail.ru

Ведущей и главной целью в преподавании иностранных языков является обучение коммуникативной компетенции учащихся. Очень важно развивать умение достигать цели общения, реализовывать задачи речевой коммуникации посредством иностранных языков. Диалогическая речь является одним из средств развития коммуникативных умений, которые составляют основу коммуникативной компетенции.

Диалог является сложным процессом характеризующимся наличием глубокой мыслительной деятельности с опорой на внимание, память, прогнозирование и речевой слух. Об этом свидетельствует целый ряд исследований появившихся в этой области. Сам по себе диалог представляет собой форму устного общения, выражающуюся в обмене репликами между двумя субъектами с целью обмена информацией, воздействия на собеседника, установления контакта и взаимопонимания.

Для диалога обязательна смена говорящих лиц, должна наблюдаться попеременная адресация речи. В то же время, происходит одновременная подготовка собственного высказывания, его реализация и восприятие своей речи и речи собеседника на слух.

Ключевые слова: обучение, английский язык, диалог, речь, основы.

Summary

Theoretical and Linguistic Bases of Training in English

Баянбаева А.А. - Senior teacher of the chair of foreign languages of Asfendiyarov Kazakh National Medical University, abayanbaeva@mail.ru; 8777 116 33 75,

Сайынова М.Б. - teacher of the chair of foreign languages of Asfendiyarov Kazakh National Medical University, msaiynova@mail.ru; 8702 821 6050,

Абдикаймова М.А. - teacher of the chair of foreign languages of Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Togi_842@mail.ru

The leading and main objective in teaching foreign languages is to train communicative competence of students. It is very important to develop ability of achieving the communication goals, to realize the objectives of speech communication by means of foreign languages. The dialogue is one of the tools to develop communicative abilities which makes the basis of communicative competence.

Dialogue is a complex process characterized by a deep cogitative activity based on attention, memory, prediction and speech hearing. A number of researches which appeared in this area proves it. Dialogue itself is a form of oral communication between the two subjects to exchange information, impact on the interlocutor, establishment of contact and mutual understanding.

For dialogue there should be an alternation of speakers , and alternate address of the speech has to be observed. At the same time, there is a simultaneous preparation of the speaker's own statement, the realization and perception of his own speech and the speech of the interlocutor aurally.

Keywords: training, English, dialogue, speech, basis.

УДК: 80.811.111.3

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бахытжан Зеядаулы – Шет тілдер және іскерлік карьера университеті шет тілдер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, batenke_89@mail.ru., т. 8701407 41 10

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар біздің өмірімізде маңызды орын алады. Сондықтан, шет тілі сабақтарында компьютерлерді қолдану уақыт талабы болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағымды мотивтердің және білім алушылардың танымдық белсенділіктерінің артуын, қабілеттерін есепке ала отырып жеке-даралап және саралап оқытуды, білім алушылардың білімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Шет тіліне оқытудың басты мақсаты коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту, шет тілін тәжірибелік тұрғыда меңгеруді қалыптастыру болып табылады. Сабақтарда компьютерлерді қолдану оқытуды көрнекі ете отырып, оқу мақсатын жүзеге асыруда мол мүмкіндіктер береді. Жаңа ақпараттық технологиялар білім алушыларды қызықтыра отырып, олардың басты қызығушылықтары болып табылады, олар оқыту үдерісін белсендіруші, оқу үдерісін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталады.

Түйін сөздер: компьютерлік технологиялар, тәжірибе, шет тілі, технология, оқыту.

Шет тілі мамандықтарының студенттері ақпараттық-бағдарламалық қамтамасыздандыру, компьютерлік техника және әр түрлі қосымша жабдықтармен жұмыс істеу процесінде жалпы даярлықта білім мен білік арқылы машықтанады, яғни алдын-ала ақпараттық даярлықты қажет етеді. Бұл оқу барысында студенттерді даярлау, яғни компьютер сәулетіне оқытуды жетілдірудің ең маңызды шарттарының бірі болып табылады. Кез-келген кәсіби қызметке даярлауды жетілдіру арнайы білім беру арқылы орындалады. Сонымен болашақ шет тілі мамандарын ақпараттық тұрғыда кәсіби даярлау жүйесінде компьютер сәулетін оқытуда, компьютер құрылғылары мен аппараттық-бағдарламалық жабдықталуының мүмкіндіктерінің аз уақыт арасында жылдам дамуы мен олардың жоғары оқу орнында шет тілі мамандарының білім беру процесінде толығымен қарастырылмауы, практикалық сабақтардың жетіспеуі, шет тілі мамандарын кәсіби даярлау қажеттілігі мен бұл мәселенің педагогикалық теория мен тәжірибеде жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықтар анық байқалады. Осы қайшылықтардың шешімін табу үшін бүгінгі күннің уақыт талабына сай болашақ шет тілі мамандарын кәсіби даярлауда компьютер құрылғылары мен аппараттық-бағдарламалық жабдықталуының мүмкіндіктерін пайдаланудың жолдарын жоғары деңгейде айқындау зерттеу өзектілігін айқындайды.

Ғалымдардың ой-тұжырымдарын жинақтайтын болсақ, білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі болып табылады. Осыған сәйкес, И.В.Роберт [1] білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың мынадай педагогикалық мақсаттарын атап өтеді: студентті тұлғалық дамыту, ақпараттық қоғам жағдайындағы өмір сүруге дайындау, қазіргі қоғамның ақпараттануынан туындайтын әлеуметтік тапсырысты орындау, оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық деңгейін жеделдету.

Ал Г.В.Лаврентьев жоғары оқу орындарында студенттердің білім деңгейінің көптеген жағдайда төмен болуы, ол оқытушылардың кәсіби тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың қолданылмауын ең басты себебі ретінде көрсетеді [2]. Г.Н.Бояркин, Н.С.Жилин, В.К.Белошапка, А.С.Лесневский және т.б ғалымдар оқытушылардың ақпараттық дайындығында коммуникативті мүмкіндіктерінің сәйкес болмауы, ақпараттық техникалармен жұмыс дағдыларының болмауы және үйлерінде компьютерлері бар интернетке қосылған едәуір бөлігі жаңа технологияларды меңгеруге кедергі келтіретін оқытушылардың ерекше ойлау стилі, психологиялық кедергілер кездесетінін жазады [3,4].

Осыған сәйкес ЖОО-да болашақ шет тілі мамандарына компьютерді оқытудағы алғашқы жағдайларын анықтау бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және анықтау кезінде біз зерттеу жұмысымыздың болжамына сүйендік. Зерттеу жұмысына барлығы 167 студент қатыстырылды. Эксперименттік топтағы студенттер саны -87, бақылау тобындағы студент саны – 80 болды. Педагогикалық эксперимент келесі кезеңдерден тұрады:

Айқындаушы кезеңінің мақсаты – болашақ шет тілі мамандарына компьютерді оқытудағы алғашқы жағдайларын анықтау.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің кәсіби даярлықтарын анықтау үш өлшем арқылы жүзеге асырылды: компьютер сәулетінің қажеттілігін түсінуі; компьютер сәулетінен теориялық білімдері; компьютер сәулетінен практикалық білімдері.

Студенттердің компьютер жүйелерімен кәсіби қызметке даярлығын: мотивациялық-бағалылық; мазмұндылық; ұйымдастырушылық компоненттері арқылы анықтадық.

Мотивациялық-бағалылық компоненті тұрақты мотивтердің жиынтығымен байланысты, студенттердің өздерінің білімдерін және біліктіліктерін арттыру және жаңарту мақсатына бағытталған. Бұл компонент өз мамандықтарында, компьютер сәулетін жетік меңгеруге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастырады. Біздің көзқарасымыз бойынша ол ақпараттық құрылғылардың бағалы қарымқатынасы және ақпараттық ресурстарды құрудан тұрады.

Оқыту процесінде студенттердің жан-жақты дамуы жүзеге асырылады. Бірінші кезекте, бұл даму тұтынушылық – мотивациялық аймағында: таным арқасында кәсіпқой қажеттілікте жүйелік білімде және білікте.

Бұдан басқа, тұлғаның дамуы ұйымдастырушылық процесте жүреді, қайта оқытуға бағытталған, ақпаратты беру, сондай-ақ аппараттық ресурстарды жасау және жобалау. Нәтижесінде, студенттің ақпараттық мәдениеті және шығармашылық ойлауы қалыптасады. Тәжірибелік жаттығу нәтижесінде студент сараптама жасау, салыстыру, жалпылауды және де мақсатты айқындауды, ұйымдастырушылық әдістерін, қорытындыны тексеруді және бағалауды үйренеді.

Мазмұндылық компоненті жүйелік білім аймағын өзіне қосады, сонымен қатар техникалық, бағдарламалық және ақпараттық жүйелік жақтарын ұйымдастырады. Мазмұндылық компоненті кәсіби қыметіне даярлығының аппараттық-бағдарламалық тұрғыда білімін жетілдіреді, теориялық білімі негізінде компьютермен жұмыс істеуде ұйымдастырушылық мүмкіндігі артады. Білім біліктілікте байқалады.

Айқындау экспериментінің мақсатын жүзеге асыруда сауалнама, әңгімелесу тест, арнайы тапсырмалар жүйесін қолданып, жоғары оқу орындарында студенттердің компьютер арқылы оқыту бойынша білімдерінің бастапқы күйі 1-кестеде анықталды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде компьютермен оқытуда студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің мүмкіндіктері анықталып, мазмұны мен әдістемесі жасалды.

Кесте 1 – Студенттердің компьютерлік оқыту технологиялары бойынша даярлығының бастапқы деңгейі анықталды (айқындаушы эксперимент)

Студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің компоненеттері мен көрсеткіштері		төменгі деңгей		орташа деңгей		жоғары деңгей	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
компонентер	көрсеткіштері	%	%	%	%	%	%
Мотивациялық-бағалық	Компьютер қажеттілігін түсінуі	48,28	50,00	35,63	35,00	16,09	15,00
Мазмұндық	Компьютер туралы теориялық білімі болуы	50,57	36,25	34,48	50,00	14,94	13,75
Ұйымдастырушылық	Компьютер туралы практикалық білімі болуы	37,93	36,25	40,23	41,25	21,84	22,50
Деңгейлер бойынша орташа көрсеткіш %		45,6	40,8	36,8	42	17,6	17,1

Айқындаушы эксперименттің нәтижесін талдау арқылы студенттердің компьютер жүйесінен теориялық және практикалық білімдері, эксперименттік және бақылау топтарының: төмен, орташа, жоғары деңгейлерінің мәні 1-суретте анықталып, диаграмма тұрғызылды.

Сурет 1 – Айқындаушы эксперименттің нәтижелері

Айқындаушы эксперименттің нәтижесін талдау, бақылау барысында біз компьютер сәулеті бойынша студенттердің теориялық білімдері мен практикалық білімдері арасындағы деңгейлерінде белгілі бір крийтерилері бойынша жетіспейтіндігі байқалды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсатына жетуі үшін біз арнайы курс бағдарламасын жасап, оны сынақтан өткіздік.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесін талдау арқылы студенттердің компьютер сәулетінен теориялық және практикалық білімдері, эксперименттік және бақылау топтарының: төмен, орташа, жоғары деңгейлерінің мәні 2-суретте анықталып диаграмма тұрғызылды.

Сурет 2 – Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері

Екі эксперименттің нәтижелерін салыстыру арқылы компьютер негізінде шет тілін оқытуда студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің артқаны байқалды. Оны 3-суреттен көруімізге болады.

Қалыптастырушы эксперименттің соңында айқындаушы экспериментпен салыстырғанда эксперименттік топтағы студенттердің білімі, білігі және машығы артқандығын көруімізге болады.

Сурет 3 – Компьютерлік технологиялар негізінде шет тілін оқыту бойынша студенттердің білімі, білігі, машығының өзгеру динамикасы

Сонымен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдай отырып, оқу мазмұнын жетілдіруде пайдаланудың тиімділігін айқындап, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп берді.

Жаңа компьютерлік-ақпараттық техника мен технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы болашақ шет тілі мұғалімдері алдында да жаңа міндеттер қойды, ол аталған сала бойынша болашақ түлектерге сапалы білім берумен, өз ісінің құзыретті маманы болуға негіз болады. Сонымен бірге бір жағынан, түрлі салалара қызмет жасауда жаңа технологияларды игеруге жағдай жасайды, екінші жағынан жаңа білімді таратушы ретінде жаңа мамандарды даярлайтын және қайта даярлайтын оқытушыларды даярлауда көкейкесті мәселе.

Тақырып бойынша зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі талапқа сай теориялық және практикалық қағидалармен, зерттеу тақырыбына сәйкес әдістерді қолданумен, бастапқы және соңғы нәтижелерді қорытындылаумен, ұсынылған арнайы курстың мазмұнын жоғары оқу орнының оқу процесіне енгізумен қамтамасыз етіледі.

1 Беркінбаев К.М., Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2006, №11, 33-35 б.

2 Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2007, №3, 43-45 б.

3 Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактическая проблема, перспектива использования // Информатика и образование. 1991, №4, 18-25 б.

4 Попов В.Б. Повышение качества образования через формирование элементов информационной культуры работников образования //Информатика и информационная культура в современной школе. Сб. материалов I и II Всероссийских научно-практических конференций (под. ред. Александрова Ю. В. Пугача В.И.). – Самара, 1986. -С. 98-102.

Резюме

Значимость использования компьютерных технологии на уроках английского языка

Зеядаулы Бахытжан – к.ф.н., доцент кафедры иностранных языков Университета иностранных языков и деловой карьеры, batenke_89@mail.ru

В настоящее время информационные технологии занимают все большее место в нашей жизни. Поэтому, использование компьютеров на уроках иностранного языка является потребностью времени. Информационно-коммуникативные технологии способствуют повышению положительной мотивации и познавательной активности учащихся, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учётом способностей, совершенствованию знаний учащихся.

Основной целью обучения иностранному языку является формирование и развитие коммуникативной компетенции, обучение практическому владению иностранным языком. Использование на уроках компьютеров, которые делают обучение наглядным, предоставляет учителю широкие возможности для реализации этой цели.

Новые информационные технологии привлекают учащихся и являются одним из главных их интересов, они направлены на интенсификацию процесса обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса.

Ключевые слова: компьютерные технологии, эксперимент, иностранный язык, технология, обучение.

Summary

The Importance of Using Computer technologies at Foreign Language Lessons

Zeyadauly Bakhytzhan - Candidate of pedagogical sciences, the senior lecturer of the University of Foreign Languages and business career, batenke_89@mail.ru т. 8701407 41 10

Nowadays information technologies take a great role in our life. Therefore, the use of computers at foreign language lessons is the requirement of time. Information and communicative technologies increase positive motivation and educational activity of students, provide an individualization and differentiation of training taking into account abilities, and improves the knowledge of students.

Main objective of teaching a foreign language is a formation and development of communicative competence, training practical foreign language skills. The use of computers at the lessons makes training compelling, gives the teacher ample opportunities to realization this purpose. New information technologies attract students and are one of their main interests, they are aimed at intensifying the teaching process, improvement of forms and methods the educational process arrangement.

Keywords: computer technologies, experiment, foreign language, technology, training.

УДК 378.1

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Г.А. Ризаходжаева – PhD Докторант**,**
Д.А. Рахимова – аға оқытушы,
К.М. Беркимбаев – п.ғ.д., профессор
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті

Жоғары білімді мамандар даярлаудың бөлінбейтін бөлігі кәсіби іс-тәжірибелік даярлық болып табылады. Студенттердің іс тәжірибелік дайындығы талаптарының орындалуын жоғары оқу орнының барлық оқу және ғылыми бөлімшелері жүзеге асырады, мұндағы басты рөл түлек бітіртіп шығаратын кафедраға тиесілі. Бұл жағдайда студенттер семинар, іс-тәжірибелік және зертханалық сабақтарда, оқытудың белсенді әдістері (интерактивтік әдістер, іскер ойындар және т.б.), оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында және т.б. дағдылануды игереді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, мамандық, туризм, құралдар, ЖОО, маман, дайындау, кадр.

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1].

Жоғары оқу орнының кәсіби маман даярлаудағы басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның кәсіби ой-өрісін арттыру, жоғары кәсіби білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындау [2].

Қазіргі таңда туризм әлемдік экономиканың ең алдыңғы қатарында динамикалық түрде дамып келетін салалардың бірі болып табылады. Туризм елдің тутас өңірлерінің экономикасына белсінді ықпал етеді. Сондықтан Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым салаларының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән беруде.

Қазақстанда туристік саланың даму серпіні 2008 жылғы экономикалық дағдарыстан кейінгі жылдары туризм индустриясы көрсеткіштерінің өсуімен сипатталады. 2012 жылы туристік қызметтен түскен табыстар көлемі 2008 жылымен салыстырғанда екі есе (77,6 млрд. тенгеге) артып 151,7 млрд. тенгені құрады. Осы жылы салада қызмет етушілер саны 129 000 адам, республикалық бюджетке

туристік қызмет көрсетуден төленген салық көлемі 24,2 млрд. тенгеге жетті. 2012 жылы елімізде 1 994 туристік ұйым қызмет етіп, олар 641,3 мың адамға (былтырғы жылмен салыстырғанда 1,7 % -ға, 2010 жылымен - 32,1%-ға көп) қызмет көрсеткенін көруге болады [3].

Туризм инфрақұрылымның дамуына қарамастан, көптеген туристік объектілерде қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде қалып отыр. Бұл мәселені зерттеген авторлардың айтуынша саладағы мұндай жағдай туристік салада білім беру жүйесінің қазіргі заман талабына сай келетін теориялық білімнен тыс бітірушілердің тәжірибелік дағдыларына жеткіліксіз мән беруімен байланысты. 2010 - 2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі бағдарламасының басты мақсаты республикада қазіргі заманға сай жоғары нәтижелі және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту болып табылады [4].

2008 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған Заңды іске асыру шеңберінде жұмыс берушілерде білім беру қауымдастықтармен және ұйымдарымен бірлесіп, өздеріне қажетті туристік кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарын енгізуге нақты мүмкіндік тудыру үшін нормативтік база жасалды. Бұған «Туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қыркүйектегі № 878 қаулысы бағытталды. Дегенімен, елдің туристік сала үшін кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарында Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған «WTO-TedQual» туристік білім беру сапасы жүйесін енгізу проблемалық мәселе күйінде қалып отыр.

Өңірдің туризм орталығы болуды жоспарлап отырған Қазақстанға, қызмет көрсету секторында талап етілетін орта және жоғары буындағы білікті кәсіби мамандардың жетіспеушілігі мәселесі ерекше өткір байқалатын туризм индустриясы саласында кадрларды даярлау жүйесінің кемшілігі болып тұрғаны анық. Отандық туризм саласы жас құзыретті мамандарға мұқтаж [5].

Соңғы уақытта маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

Отандық туризм саласында кадрларды дайындау құрылымы кездейсоқ қалыптаса отырып нарықтық экономикаға көшу кезеңінің ғана талаптарына жауап бере алды. Қазіргі таңда мемлекет білім беру саласында көптеген мүмкіндіктерді жасап келеді: еліміздің білім беру жүйесі кредиттік технологияға өтуі, 2010 жылы Еуропаның Болон процесі жүйесіне мүше болып қабылдануы, студенттер мен оқытушылардың ұтқырлық бағдарламаларына қатыса отырып икемді білім алу үдерістеріне қол жеткізе алуы. Бүгінгі туристік кәсіби білім беру келесі деңгейлерді қамтиды: бастапқы (профильді мектептерде), кәсіптік орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша (біліктілік арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламалары). Қазақстан Республикасында туристік индустрия үшін базалық мамандарды дайындау 2013 жылының статистикалық мәліметтерге сәйкес келесідей. Аталған мерзімде 52 жоғары оқу орны (ЖОО) (2008-2009 ж.ж. олардың саны 47, 2010-2011ж.ж. – 52, 2012ж. – 55 болған), олардың 18-і мемлекеттік, 36-сы – жеке меншіктегі ЖОО-лар жұмыс атқарған [6].

2008-2013 оқу жылдары туризм саласы бойынша кәсіби білім беретін ЖОО-лардың бітірушілер саны (барлығын қосқанда) 2009 жылы – 868 түлек, 2010ж. - 1116, 2011 ж. - 1393, 2012 ж.- 1402, 2013 - 1935 түлек болды. Жалпы көрсетілген мерзімде мемлекеттік ЖОО-лар тарапынан туристік сала үшін 3266 маман, ал жеке ЖОО-лар – 3429 маман дайындап шығарғанын көруге болады. Туризмде оқып білім алған мамандардың саны артқанымен түлектердің барлығы салада жұмыспен қамтыла қойған жоқ (Сурет 1).

Дерек: http://www.analitika.kz/docs/Туризм%20Казахстана%20%28interactive%29.pdf

Бітірушілердің жұмысқа орналасуы туралы күрделі сұрақ туындайды. Туристік қызметке квалификациялық талаптардың енгізілуі туристік ұйымдарға арнайы мамандандырылған білімі бар қызметкерлерді табуын талап етеді. Кәсіптік ЖОО-лардың бітірушілері шет тілін меңгерулерінің әлсіздігі, қонақ үй кәсіпорындарын жетекші экономикалық және лингвистикалық жоғары оқу орындарының түлектеріне өз таңдауларын жасауға мәжбүрлейді. Бұл жағдай әсіресе халықаралық қонақ үй желілеріне кіретіндерге тән, өйткені онда кем дегенде бір шет тілін меңгеру сапалы қызмет көрсетудің міндетті стандарты болып табылады.

СУРЕТ 1. ТУРИЗМДЕ БІЛІМ АЛҒАН ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ

Статистикалық зерттеу нәтижелері туризм саласында орта және төмен деңгейлі кадрлардың тапшылдығын көрсетіп отыр. Әсіресе тар білікті мамандардың жетіспеушілігі, олардың арнайы қолданбалы бағдарламаларды білмеуі, кәсібіне лайық спецификалық дағдыларының болмауы мәселелері, сонымен қатар, кадрларды даярлау сапасының қазіргі уақыттағы білім беру талаптарына сай келмеуі қызмет көрсету сапасы төмендеуінің басты себептері болып отыр. Туризм түлектерінің келесі кемшіліктері байқалады:

- кәсіби құзіреттілігінің төмендігі,
- шет ел тілдерін меңгеру жеткіліксіздігі,
- компьютерлік дайындық деңгейінің төмендігі,
- тәжірибелік дағдыларының жоқтығы (т.к. в учебных планах отводится недостаточное количество часов для развития профессиональных навыков),
- студенттердің жұмысқа орналасу тәртібі жөнінде (сұхбат, конкурс, психологиялық тестілеу, сыртқы көрініс, өз құқықтарын білу) хабарсыздығы немесе теріс ойының қалыптасуы, жеке мотивациясының төмендігі.

Жоғары білімді мамандар даярлаудың бөлінбейтін бөлігі кәсіби іс-тәжірибелік даярлық болып табылады. Студенттердің іс тәжірибелік дайындығы талаптарының орындалуын жоғары оқу орнының барлық оқу және ғылыми бөлімшелері жүзеге асырады, мұндағы басты рөл түлек бітіртіп шығаратын кафедраға тиесілі. Бұл жағдайда студенттер семинар, іс-тәжірибелік және зертханалық сабақтарда, оқытудың белсенді әдістері (интерактивтік әдістер, іскер ойындар және т.б.), оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында және т.б. дағдылануды игереді. Туристік кәсіпорында атқарылатын іс-тәжірибелер мамандыққа қажетті болған құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың арасында адамдармен қарым-қатынас құра білу, дербес шешім қабылдау,

жігерлілік таныту, байсалды болу және т.б. Туризмде бәсекегеқабілетті кадр әлеуетін қалыптастыру үшін біріншіден, білім беру сапасын барынша арттыру қажет. Ол үшін саладағы кәсіпкерлермен біріге отырып кәсіптік білім беру бағдар-ламаларын жаңадан қарастыру, білім беру бағдарламаларына енетін әр бір пәннің мазмұны мен пәнді оқытудан күтілетін нәтижелермен құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Екіншіден, теориямен практиканы интеграциялық түрде жүргізуге мүмкіндік беретін үздіксіз білім беру үдерісін қалыптастыру. Бұл болашақ туризм мамандарының өндірістік дағдылары мен құзіреттіліктерін тікелей жұмыс орнында машықтануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, сапалы кадрларды дайындаудың маңызды бір шарты жауапты кафедраның оқытушылар құрамын жиі оқыту және біліктілігін арттыру мәселесіне мән беру. Ол үшін ЖОО басшылығы саладағы отандық және шетелдік туристік кәсіпорындармен (қонақ үйлер, мейрамханалар, турагентстволары, басқа оқу орындары) үнемі тығыз байланыс орнатып, саладағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған кездесу-семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып отыру.

Төртіншіден, білікті болашақ туризм мамандарын әзірлеуде негізгі керекті шарт – материалдық-техникалық базаның жаңартылып әлемдік стандарттарға барынша жақындату. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының туризм саласы бойынша білім беру және кадрлар даярлау стратегиясы бағытында әр бір ЖОО-ларда туризм бөлімінің кәсіптендіру пәндерін жүргізу және практикалық дағдыларды үйрету мақсатында арнайы жабдықталған практикалық білім беру ортасын (лабораториясын) ашу қажет. Қонақжайлық саласының негізгі, мысалы Front Office, Housekeeping, F&B және т.б. кәсіптік пәндерін оқыту үшін лабораторияны арнайы жабдықтап студентердің түрлі педагогикалық әдістермен оқытылуына (қонақтарды отелге қарсы алудан шығарып салуға дейінгі болатын проблемалық ситуацияларды шешу, персонал ролінде өзін сынап көру т.б.), практикалық сабақтардың тиімді және сапалы ұйымдастырылуына ыңғайлы шарттар тудырады. Сонымен қатар, ұсынылып отырған тәжірибелік лабораториялар ашудың негізінде ұлттық және халықаралық білім беру жобаларын жүргізуге керекті инфрақұрылым және материалдық-техникалық база қамтамасыз етіледі;

халықаралық білім беру ассоциациясы мен аккредитациялау ұйымдарына мүше болу мәселелері бойынша кедергілерді жеңудің маңызды жолы құрылады;

болашақ туризм мамандарының жоғары құзіреттілігін қамтамасыз ету арқылы түлектердің жұмыспен қамтылу мәселелерінің шешілуі жеңілдейді.

Нарық жағдайына байланысты жоғары оқу орнының түлектері бәсекеге қабілетті болу керек, бұл мамандарды даярлау сапасын анықтайды. Жоғары білімді мамандар даярлаудың бөлінбейтін бөлігі кәсіби іс-тәжірибелік даярлық болып табылады. Әрине, ол тым тереңірек болуы қажет және мұнда оның жетістігі үшін бағыттар көп.

Бәсеке әрдайым артып отырған халықаралық туризм нарығына кіру қоғам деңгейіне тәжірибелі және жеткілікті дәрежеде мамандарды дайындаумен тығыз байланысты. Осы салада жасалған халықаралық зерттеулер ең маңызды проблеманың бірі – кәсіби білім екенін көрсетіп отыр. Қазақстанда әсіресе, кәсіби және техникалық білімнің жеткіліксіздігінен туристік қызметтерді сапалы түрде ұсына алмаулары, шығу туризмнің елімізде ұзақ уақыттан бері жоғары позицияда орнығып қалуының басты себебі болуы мүмкін.

1 *Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.*

2 Алшымбеков С.Қ., Болашақ туризм мамандарын қазақ этнопедагогика материалдарын кәсіби іс-әрекетте пайдалануға даярлау, Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2010

3 Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от «19» мая 2014 года № 508

4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы ағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама.

5 http://www.aikyn.kz/

6 Алагузова Б.Н., Подготовка кадров в индустрии туризма республики казахстан: проблемы и перспективы, Диссертация на соискание академической степени магистра туризма, Алматы, 2014.

Резюме

Пути формирования профессиональной компетенции будущих специалистов

Ризаходжаева Г.А. – PhD Докторант, **Рахимова Д.А.** – старший преподаватель,
Беркимбаев К.М. – д.п.н., профессор
Международный казахско-турецкий университет им.Яссави

Актуальным сегодня является вопрос о необходимости подготовки квалифицированных специалистов, основанной на формировании у них профессиональных компетенций. Туристская отрасль сегодня характеризуется низким уровнем качества обслуживания. Одной из важных причин такой ситуации, возможно, является недостаточная выработка практических навыков у обучающихся. Формирование конкурентоспособного кадрового потенциала в туризме требует повышения качества образования, формирование непрерывного процесса образования, способствующего интеграции теории с практикой, улучшение материально-технической базы образования до международного уровня. Авторы статьи предлагают создание специально оборудованных лабораторий в вузах, готовящих специалистов по туризму, для ведения профессиональных дисциплин и привития им практических навыков.

Ключевые слова: компетенция, профессионализм, специальность, туризм, образование, повышение квалификации, ВУЗ, специалист, подготовка, кадры.

Summary

The ways of future specialists' professional competence formation

Rizakhojayeva G.A. – PhD Student, **Rahimova D.A**. – Senior lecturer,
Berkimbaev K.M. – Doctor of pedagogical sciences, professor
International Kazakh-Turkish University named after Yassavi

Abstract: The need for the training of professionals, based on the formation of the professional competencies is relevant today . Nowadays tourism industry is characterized by a low level of service quality. One important reason for this situation is probably the lack of development of practical skills of students. Formation of competitive personnel potential in tourism requires improving the quality of education, the formation of a continuous process of education for the integration of theory with practice, improvement of material and technical base of education to international level. The authors propose the creation of specially equipped laboratories in universities that train specialists for tourism, for the conduct of professional disciplines and give them practical skills.

Key words: competences, professionalism, specialty, tourism, education, upgrade qualification, High School, preparation, staff.

ӘОЖ 37.016:811.111

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ КОГНИТИВТІ-ЛИНГВОМӘДЕНИ КЕШЕННІҢ МАЗМҰНЫ

Ф.А. Дауитова – Абай атындағы ҚазҰПУ 6М011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2-курс магистранты, dauitova.fariza@mail.ru

Берілген мақалада шеттілдік және отандық ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, шеттілдік білім берудегі когнитивті-лингвомәдени кешеннің мазмұны қарастырылады, яғнишеттілдік білім берудегі когнитивті-линговомәдени кешентанымдық, ғылыми талдау және шеттілдік білім берудің дидактикалық зерттеу объектісі болып табылатын бірыңғай ғылыми интеграцияланған білім мен пәнаралық конструкциясы «шет тілі – шет мәдениеті - тұлға» қызметі мен құрылымынкөрсету үшін қажет.С.С. Құнанбаева әзірлеген шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдени кешені мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастырудың әмбебап ғылыми теориялық негізі болып табылады.

Тірек сөздер: құзіреттілік, субқұзіреттілік, қатысымдық кешен, тақырыптық-мәтіндік, қатысымдық-функционалдық, жағдаяттық-тақырыптық, пәндік-мазмұндық.

Бүгінгі білім берудің мақсаты – дүниетанымы кең, интеллектісі дамыған, білім деңгейі жоғары индивид қана емес, сонымен қатар, көп жағдайда қоғамның болашағы зияткерлік, саяси, мәдени деңгейінің дамуымен байланысты рухани тұлғаны қалыптастыру.

Шеттілдік білім беруді жаңарту және дамыту келесідей мәселелерге бағытталуы мүмкін:

– үлкен тұлғалық-дамытушы басымдылыққа ие мәдениетаралық парадигма аясында шетел тіліне үйретуге;

– шеттілдік мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында туған елін және оның мәдениетін, сондай-ақ тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетін таныстыра алу біліктерін дамытуға;

– оқушыларды шетел тілін меңгеру саласында өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау негіздерімен таныстыруға;

– тілді үйрету және ұлттық мәдениетпен және тілін үйреніп отырған елдің мәдениетін үйрету процесінде өзіндік білім алу потенциалын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасының шетелдермен халық-аралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің - мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Шеттілдік оқыту мен оқып үйренудің маңыздылығы және тәрбиелілік мүмкіндіктерін анықтауда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың [1] Қазақстан халқына жолдауындағы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы басшылыққа алынды. Шет тілін оқытудың жетекші мақсаты коммуникативтік, білім беру, тәрбиелік және дамыту қызметтерінжүзеге асыру.

Шетел тілін оқыту мазмұны оқушыларды сөз қатынасының жаңа тәсілін ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін, оқылатын тіл елінде сөйлеу дағдысының ұлттық-мәдени ерекшелігін білуге бағыттап отыруы керек. Ол оқушының бойында басқа қоғамның қазіргі өмірінің, тарихы мен мәдениетінің түрлі салалары туралы түсінік қалыптастыруға тиіс. Мұндайда оқушыларға тілді сол қолданыстағы елді мекендеген халықтардың мәдениеті арқылы пәнді оқытудың алғашқы қадамынан бастап үнемі жүзеге асыруға тиіс.

Шеттілдік білім беру бойынша дайындалған нормативтік құжаттарда шеттілдік білім берудің пәндік мазмұнының түрлі аспектілерін деңгейлеп құрастыру үлгісінің мысалдары беріледі: 1) қатысымның екі түрі (ауызша және жазбаша) бойынша пәндік мазмұнды деңгейлеп құрастыру; 2) когнитивтік-лингвомәдени кешеннің компоненттік құрамының өзара байланысын үлгілеу; 3) тілдік және шеттілдік білім берудегі оқу деңгейінің халықаралық бейімделген салыстырмалы үлгісі.

Шеттілдік білім берудің пәндік мазмұнын қатысымның екі түрі бойынша деңгейлеп құрастыру үлгісі ұсынылған [2].

Қатысымның екі түрі (ауызша және жазбаша) қарым-қатынас формасын меңгерудің деңгейлік іріктеу үлгісі болып табылады.

Қатысымдағы халықаралық бейімделген алты деңгейі (А1, А2, В1, В2, С1, С2) бойынша сөйлеу әрекеті түрлерінің маңыздылығы бар қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрін меңгерудің бірізділік үлгісі оларды мақсатты түрде қалыптастырып оқу мен меңгерудің стандартты деңгейіне дейін жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жаңа когнитивтік-лингвомәдени кешендерді меңгеруге бағыталған мазмұнның пәндік аспектісі негізі мазмұнның жинақталған бірлігі болып табылады, ол біздің отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан:

– «тақырыптық – мәтіндік бірлік» – Д.Н. Кулибаева [3]

– «қатысымдық – функционалдық блок» – А.Б. Тыныштықбаева

– «тақырыптық – кешен» – Н.К. Стамғалиева

– «жағдаяттық – тақырыптық блок» – Г.Д. Закирова және т.б. болып табылады.

Бұл мазмұнның бірлігі мәдениетаралық қатысым субъектісінің концептуалды, прагматикалық, әлеуметтік және лингвомәдени және т.б. мәдениетаралық қатысымдық компотенциясының аспектілерін қалыптастыру үшін пәндік мазмұнды қамтамасыз ете алатын оқыту бірлігі де бола алады.

Егер, осындай мазмұн бірлігі ретінде, ядросы инофондық мәтіндер болып табылатын оқыту материалдарының мазмұндық-функционалдық-тақырыптық бірлестігі болып табылатын «тақырыптық-мәтіндік бірлікті» алар болсақ, онда мазмұнды үлгілеуге мазмұнның процессуалдық жағы мазмұнның пәндік аспектісінің жүйелі танымдық функциясының жалғасы ретінде енеді де, мәдениетаралық қатысымдық компетенцияның субкомпетенцияларын қалыптастыратын негіздің қызметін атқарады [2].

– Қатысымдық іскерліктерді немесе субкомпетенцияларды қалыптастыру тақырыптық мәтіндік бірліктерді басты бірліктер ретінде «пәндік–мазмұндық қатысымдық кешенге» енгізуді қамтамасыз етеді;

– «Қатысымдық кешендер» қарым-қатынастың белгілі бір ауаны шеңберінде қатысымдық іскерліктерді қалыптастыруды басқару жүйесін көрсетеді;

– Қатысымдық кешендердің компоненттік құрамына қатысымдық ауан, осы ауанға тән тақырыптар жиынтығы, қарым-қатынастың типтік жағдаяттары, метатілдік лингвистикалық материал, түрлі тілдік формадағы инофонды мәтіндер (бейнелеу, сипаттама, мазмұндама және т.б.), сөз жанрлары (сұхбат, дискурс, презентация, пресс-конференция және т.б.) жатады;

– Жеке қатысымдық ауандарға бағдарланған осындай қатысымдық кешендер арқылы пәндік мазмұнды меңгеруге бағытталғын қатысымдық іскерліктер мен субкомпетенцияларды қалыптастырудың бәрәздә жүйесін қалыптастыру мен басқару қамтамасыз етіледі;

– Тақырыптық-мәтіндік бірліктің бірізділігі мәдениетаралық қатысымдық компетенцияны сатылай қалыптастыруға қажетті пәндік мазмұнның ең қарапайым элементтерінен бастап күрделі аспектісіне дейінгі бірізділікке бағынады (ол болашақ мамандықтың пәндік мазмұны болуы мүмкін; онда қатысымдық кешендер пәндік мазмұнды мамандық мәнмәтініне енгізеді – «мәнмәтіндік оқыту»):

– қатысымдық кешеннің пәндік мазмұнындағы ұғымдық-когнитивтік тақырыптық – мәтіндік бірлігі;

– қатысымдық кешеннің пәндік мазмұнындағы ақпараттық-аккумулятивтік тақырыптық – мәтіндік бірлігі;

– қатысымдық кешеннің пәндік мазмұнындағы прагматикалық-репрезентациялық тақырыптық – мәтіндік бірлігі;

– қатысымдық кешеннің пәндік мазмұнындағы мәнмәтіндік қатысымдық тақырыптық – мәтіндік бірлігі.

Шеттілдік білім берудегі мазмұнның процессуалдық аспекті алдымен мәдениетаралық қатысымдық іскерліктерді атқарушы фаза деп аталатын тақырыптық мәтіндік бірлік мәнмәтінінде сатылай қалыптастырады[4].

1) Атқарушы фазаның ауызша қарым-қатынасқа қажетті үш сатылы құрылымы болады:

а) атқарушы-рецептивтік саты;

б) атқарушы-репродуктивтік саты;

в) атқарушы-продуктивтік саты;

2) Қарым-қатынастың мәнмәтінге негізделген фазасы – бұл берілген мәнмәтінде мәдениетаралық қатысымдық компетенцияны көрсету болып табылады.

Сөйлеу әрекетінің атқарушы репродуктивтік сатысында метатілдік оқу материалын меңгеру мен оны қолдану дағдылары қалыптастырылады, оны өз сөздерінде қолдану жаттықтырылады. Кәсіби мазмұндағы берілген мәтіндерге трансформация, синтез жасау; оларды кеңейту, қарапайым талдау жасау секілді мақсатқа бағытталған қатысымдық тапсырмалар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Сөйлеу әрекетінің атқарушы-рецептивтік сатысында рецептивтік іскерліктер (тыңдап түсіну мен оқу) мақсатқа бағытталған қатысымдық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы қалыптастырылады. Сондай-ақ тақырыптық мәтіндік кешенге оқудың негізгі түрлерін (зерттей оқу, таныса оқу, іздене оқу) қалыптастыруға арналған мәтіндер енгізіледі. Атқарушы-продуктивтік әрекет сатысы монологтық және диалогтық сөйлеу түрлерінде қатысымдық іскерліктерді, жазу дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Аталған үш атқарушы сатыдан тұратын мазмұнның процессуалдық аспектінде мазмұнның пәндік аспектілерінің келтірілген сатылары белгілі бір деңгейде өздерінің функционалды мазмұндық міндеттеріне орай келесідей бөлінеді: ұғымдық-когнитивтік тақырыптық-мәтіндік бірлік және оны-мен аттас саты сөз әрекетінің атқарушы-репродуктивтік сатысында жүзеге асырылады; ақпараттық-аккумулятивтік тақырыптық-мәтіндік бірлік және онымен аттас саты барлық деңгейде қамтамасыз етіледі, дегенмен ол сөз әрекетінің атқарушы-рецептивтік сатысында қалыптастырылады; прагматикалық-репрезентациялаушы және соған сәйкес саты сөз бен қарым-қатынастың атқарушы-продуктивтік сатысын жүзеге асырады, тақырыптық-мәтіндік бірліктің мәнмәтіндік қатысымдық сатысы еркін қатысым деңгейін қамтамасыз етеді.

Атқарушы фазалар мен оларды қамтамасыз ететін сатылардағы әрекеттің келтірілген функционалды түрлері білім алушылардың мәдениетаралық қатысымдық компетенцияларын әдістемелік жүйеде қалыптастыруда дайындық сатысынан кәсіби қарым-қатынасқа өтуде болашақ әрекеттің

пәндік әлеуметтік мазмұнының алғашқы үш сатысы жүзеге асырылады[5], атап айтар болсақ: ұғымдық-қогнитивтік, ақпараттық-аккумулятивтік, прагматикалық-репрезентациялық.

Білім беру бағдарламасы білім беру жүйесінің мақсат міндеттерін оқу материалын қажетті компетенцияларды қалыптастыру мен меңгеруде қазіргі технологияларды қолдану шартында ұйымдастыру мен іріктеудің оптимизацияланған жүйесі арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді[6]. Ол білім беру мақсаттарына сәйкес оқу үрдісін біртұтас ретінде үлгілеуге, сондай-ақ а) білім берудің концептуалдық әдіснамалық негізін бейнелейтін; ә) білім алушының креативтік-дамытушылық әрекеті мен тоериялық тұрғыдан кәсіби сауатты болуын қалыптастыратын; б) білім алушының жеке компетенттік әлеуетін дамытатын; в) оқыту үрдісін кәсіби конструктивтік әрекет ретінде ұйымдастыратын; д) білім алушылардың бағалаушы-рефлексивтік компетенцияларын өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі ұйымдастырудың негізі ретінде қалыптастыру түрінде үлгілеуге қабілетті.

Білім беру бағдарламасында пәндік кәсіби мазмұн білімнің негізгі блогының төңірігінде ұйымдастырылады, 1) оқу пәнінің пәндік мазмұнын жинақтайтын; 2) жүйеге тән сипаттамалардың бәрін бейнелей алатын және сол себептен де зерттеу нысаны бола алатын жүйенің интегративтік элементі ретінде сипатталады; 3) оқыту бірлігі және мазмұн бірлігі болып табылатын пәндік процессуалдық бірлікті бөліп алуға қабілетті болып табылады; 4) мазмұнның процессуалдық аспектіне енгізіп, «қатысымдық кешендер» арқылы әрекетке жетелейтін білімнің басты блоктарын өзектендіреді; 5) қатысымдық кешендер арқылы қарым-қатынастың жеке ауандары шеңберінде қатысымдық және мәдениетаралық қатысымдық компетенцияларды қалыптастыруды басқарады; 6) білім беру бағдарламасында білімнің негізгі блоктарын вертикал бойынша қарым-қатынаста қолданылу күрделілігіне қарай беріледі, ал горизанталь бойынша тақырыптық-мәтіндік бірліктің әрбір бірлігі белгілі бір компетенция мен субкомпетенцияны қалыптастыруға бағытталады, пәндік мазмұн қатысымдық кешендер арқылы жүзеге асырылады.

Ұғымдық-когнитивтік тақырыптық мәтіндік бірлік, ұғым, құбылыс секілді іріктелген минимуммен байланысты, айталық халықаралық бизнес ұғымымен байланысты болсын, көрсету сатысынан қатысымдық сатыға қатысымдық жаттығулардың келесідей элементтер жүйесі арқылы ауысады: қайта сұрау, анықтау, кеңейту, күмән келтіру және т.б. Бұл қарапайым қатысымдық сатыны ұғымдық-когнитивтік қатысымдық кешен қамтамасыз етеді. Бұл кшеннің міндеті құбылыс пен ұғымның мағынасын түсіну ғана емес, оны берілген тілдік құрылым мен мәнмәтінде, қарым-қатынастың микродиалогтық жағдаяттарында қолдану болып табылады.

Осылайша, ұсынылып отырған пәндік мазмұнның құрылымы мазмұнды қатысымға негіздей отырып жүзеге асыру болып табылады, оны тіл мен сөздің бірлігі ретінде тілдік формальды көрініс те меңгеру емес, қарапайым түрде болсын қатысымға енгізу маңызды болып табылады.

Мазмұнды құрастырудың ұсынылған модульдік блогтық түрі – шеттілдік білім берудің пәндік мазмұнын бейнелеудің неғұрлым айрықша ұйымдасқан негізі мен формасы, өйткені, жаңа **когнитивтік-линговомәдени кешендер** пәндік мазмұнды концептуализациялайды, ал мазмұнның модульдік-блогтық құрылымы когнитивтік-лингвомәдени кешендер бойынша жаңа «әлемнің тілдік бейнесінің» конгнитивтік-лингвомәдени концептін оның барлық құрамдас бөліктерімен бірге сатылай құрастырады[2]. Когнитивтік-линговомәдени кешендер құрамында әрбір тақырыптық мәтіндік бірлікті жасау білім алушыларда «екінші когнитивтік санада» жаңа «білімнің когнитивтік құрылымын» жасау деген сөз, олар ұсынылып отырған пәндік мазмұнды тақырыптық-мәтіндік және модульдік-блоктық ұйымдастыруда әлемнің тілдік бейнесінің «реконцептуализациясы» механизмінде білімнің берік қалыптасқан бөліктері ретінде көрініске ие болады.

Осы проблеманы зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін қорытындылау болашақ мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың үш деңгейін (жоғары, орта және төмен) көрсетуге мүмкіндік берді:

1. Төмен деңгей: Лидерлікке қызығушылығы жоқ. Лидер болуға талпынысы байқалмайды. Лидерлік саласынан білімі төмен. Лидерлік сапаларын білмейді. Мұғалім үшін лидерліктің мәнділігін түсінбейді. Топтық іс-шараларда белсенділік танытпайды. Өздігінен шешім қабылдай алмайды. Сыни жағдаяттарда лидерлік таныта алмайды. Өзінің лидерлік әрекеттерін, амал-тәсілдерін талдауға ұмтылмайды, өздігінен бағалай алмайды.

2. Орта деңгей: Лидерлікке қызығушылығы бар. Лидер болуға талпынады, бірақ, оның маңызын, әлеуметтік мәнін түсінуі жеткіліксіз. Лидерлік сапа түрлерін біледі. Мұғалім лидердің атқаратын рөлінен хабары бар. Осы түсініктерін күнделікті іс-әрекетте көрсете алмайды. Лидерліктегі практикалық іскерліктерді айтарлықтай біледі, бірақ тұрақты көрсете алмайды. Өзіне сенімділігі аз, сол себепті топ мүшелеріне ықпал ете алмайды. Өздігінен шешім қабылдауға талпынады. Топта белсенділік танытады. Топтық іс-әрекеттердің қарапайым түрлерінде жекелік таныта алады. Өзінің лидерлік әрекеттерін, амал-тәсілдерін ішінара түсінеді. Бірақ оларды талдау, бағалау барысында өзгелердің

көмегіне сүйенеді.

Сурет 1 – Болашақ мұғалімдердің лидерлік сапасын қалыптастырудың құрылымдық моделі

3. Жоғары деңгей: Лидерлікке қызығушылығы айқын байқалады. Оның қоғам сұранысынан, әлеуметтік тапсырыстан туындап отырғанын, мұғалім үшін мәнділігін толық түсінеді. Осы саладан тұрақты қызығушылығын, білімдерін таныта алады. Лидерлік саладан білімі жеткілікті. Лидерлік сапаларды жақсы меңгерген. Мұғалім лидердің атқаратын рөлін толық біледі. Оларды практикалық, өмірлік іс-әрекеттерінде көрсетуге ұмтылады. Топтық іс-шараларда аса белсенділік танытады. Өзіне сенімді. Проблемаларды өздігінен шеше алады. Топқа ықпал ете алады, оларды соңынан ерте алады. Сыни жағдаяттарда батылдылық, жігерлілік танытады. Өзінің стратегиялық қырағылығын көрсете біледі. Өзінің лидерлік әрекеттерін жете түсінеді. Сыни жағдаяттарда қолданатын өзінің лидерлік амал-тәсілдерін біледі. Оларды өздігінен талдайды және бағалай алады. Лидерлік әрекеттердегі адамилықты, жағымдылықты, пайдалылықты, қажеттілікті, кәсібилікті ажырата алады.

Осы жасалған модельді болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында тиімді жүзеге асыру мақсатында *білім беру ортасын* анықтап алу қажет болды. Зерттеу барысында біз жоғары оқу орнындағы білім беру ортасын кіріктірілген кеңістіктер (*оқу, мотивациялық, тәрбие және дамытушылық*) тұрғысынан қарастырдық және оның мүмкіндіктерін пайдалануды мақсат тұттық.

Оқу кеңістігі когнитивтік компонентті қалыптастыруды қамтамасыздандыруымен ерекшеленеді. Ол элективтік курсты, оқу курстарының модулін, лидерліктің теориялық аспектілері бойынша жеке сабақтарды қамтиды. Мәселен оқу курстарының модулі бойынша «Лидерліктің теориялық негізі», «Лидерлік сапа» тақырыбындағы дәрістер «Педагогика», «Жалпы психология», «Саясаттану», «Шешендік өнер» және т.б. пәндер аясында оқытылуы ұсынылады. Осы пәндердің оқу-әдістемелік кешендеріне қазіргі мамандардың лидерлік сапасын қалыптастыруға ықпал ететін сұрақтарды ендірген жөн. Сондай-ақ, «Лидер тұлғасы» тақырыбындағы жеке сабақтар студенттерді өзінің лидерлік сапалары арқасында жетістіктерге жеткен табысты мамандардың кәсіби қалыптасу ерекшеліктерімен таныстырады.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерінде маңызды болып табылатын лидерліктің мәні туралы жалпы түсініктер қалыптастыруда *«Мұғалімінің лидерлік сапасы»* атты элективтік курстың маңызы зор. Курстың мазмұны лидерліктің мәні мен мазмұнын; лидерліктің құрылымын, лидердің стильдері мен атқаратын қызметтерін; мұғалім-лидер тұлғасын; мұғалім лидер рөлін; лидерліктің психологиялық негіздері; философиялық және тарихи мәдениет тұрғысынан адами өмір сүруі мен кәсіби іс-әрекетінің мәні; кәсіби іс-әрекеттің адамгершілік негіздері; қарым-қатынас жасайтын серіктестеріне ықпал ете алу арнайы іскерліктерін қалыптастыру; құқықтық тәрбие негіздері; адамдарға ықпал ету тәсілдерін қамтиды.

Дамытушы кеңістік студенттердің танымдық белсенділіктерін ынталандыруға қабілетті, олардың тренингтерге, кәсіби байқауларға және іскерлік ойындарға қатысудағы, ұжымдық жобалардағы іс-әрекеттерді қамтиды. Осындай іс-әрекеттерге қатысу алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан іс жүзіне асыруға септігін тигізеді. Олардың ішіндегі ең маңыздысы болып олардың нәтижелерін бұқаралық жариялау (акциялар, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, студенттік конференцияларда баяндау және т.б.) табылады. Бұл іс-әрекеттік-нәттижелік компоненттің қалыптасуына ықпал етеді.

Мотивациялық кеңістік мотивациялық компоненттің қалыптасуын қамтамасыздандырады және әр түрлі коммуникациялар формасы мен студенттің іс-әрекетін сырттай бағалауды ендіреді. Бұл оқытушылар мен студенттердің ішкі (кәсіби тәжірибесін игеру; өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі; өзін-өзі дамыту мотиві) және сыртқы мотивтерін (білімге және тәжірибеге сұраныс; оқу-танымдық іс-әрекетке талпыныс; білімді жеке меңгеру амалдарына, кәсіби іс-әрекетті ғылыми тұрғыдан тану әдістеріне қызығушылық) жүзеге асыруға бағытталған қарым-қатынас формасы.

Тәрбие кеңістігі лидерлік сапаларын қалыптастыруға ықпал ететін студенттер үшін әлеуметтік тұрғыдан маңызды және құнды жағдайлар, жағдаяттар, оқиғалар жиынтығы. Оған қоса тәрбие студенттің жеке тұлғасына сабақтарда ықпал етуді, сондай-ақ сабақтан тыс уақыттарда студенттің лидерлік сапасын дамытуға арналған оңтайлы жағдайлар арқылы әсер етуді болжайды. Сыртқы ортаны ұйымдастыру (олимпиадалар, PR-акциялар, байқаулар, жобалар) арқылы қатысуға қызығушылықтары мен сұраныстарын арттырады; тануға және өзіне-өзі талдау жасауға сұранысы туады; өзін рухани, адамгершілік және интеллектуалды тұрғыдағы маман тұрғысынан қажетті құнды бағыттарын қалыптастыруды жобалайды. Рефлекция механизмдері арқылы студенттің өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру туралы қызметі белсендіріледі. Сонымен болашақ мұғалімдердің лидерлік сапасын қалыптастыру моделін нәтижелі жүзеге асыру жоғары педагоги-

калық оқу орнының білім беру ортасы мүмкіндіктерін тиімді пайдаланудан талап етіледі.

1 Абдигапбарова У.М., Баймуханбетов Б.М. Болашақ мұғалімнің лидерлік сапасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика». №2. 2015.

2 Баймуханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2014 ж. – 158 б.

3 Афанасьев В.Г. Моделирование как метод исследования социальных систем // Системные исследования: методологические проблемы: ежегодник. М.: Рос. АН., 1982. – С. 17–20.

Резюме

Структурная модель формирования лидерских качеств будущих преподавателей

Абдигапбарова У.М. – *заведующая кафедры педагогика и психология, д.п.,н, профессор, КазНПУ имени Абая*

Баймуханбетов Б.М. – *доктор философии (PhD), старший преподаватель, МКТУ имени Х.А.Ясави*

В статье теоретический обоснован вопрос о формировании лидерских качеств будущих учителей, поставлена цель создания его структурной модели. Рассмотрены труды ученых, исследовавших понятие структурной модели. Структурная модель формирования лидерских качеств будущих учителей разработана на основе анализа данных трудов и опыта авторов статьи. Разработанная модель состоит из нескольких структурных блоков, включающих в себя концептуально-целевой, технологичный, организационно-функциональный и измерительно-результативный разделы. Таким образом, в представленной модели определены критерий, показатели и уровни формирования лидерских качеств будущих учителей, а также выявлены педагогические условия реализации модели.

Ключевые слова: будущий учмтель, модель, лидерские качества, формирование

Summary

The structural model of the future teachers' leadership qualities

Abdigapbarova U.M. – Head of the Department of Pedagogy and Psychology, Dr. professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Baimukhanbetov B.M. – Doctor of Philosophy (PhD), senior Lecturer, IKTU named H.A.Yasavi

The theoretical analysis of the need of solving the problems of the formation of the future teachers' leadership qualities are made in the article; a goal of creating its structural model is set. The structural model of the future teachers' leadership qualities has been established on the basis of our own experiences and based on the works of researchers who studied the concept of a structural model. We have created a model which consists of several structural units including conceptual target, technological, organizational, functional and measuring-productive areas. Thus, in the present model measurements and indicators of the formation of future teachers' leadership qualities are defined, and pedagogical conditions of realization of the model are given.

Keywords: future teacher, model, leadership qualities, formation

ӘОЖ 37.036

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАСТАРҚАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

М.С. Жолшаева – ф.ғ.д., доцент, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең/Алматы қ., Абылайхан көшесі-1, Қазақстан, maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

Қазақтың қонақжайлық қасиеті – ұлттық менталитеттің негізгі көрсеткіші. Ұлттық болмысты танытатын қонақжайлық мәдениеті дастарқан ұғымымен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ ұғымындағы *дастарқан* сөзінің беретін мағынасының күрделі болуы бұл сөздің лексикалық бірлік ғана емес, лингвомәдени бірлік болып табылуымен байланысты. Сондықтан индивид пен социум санасында дастарқан ұғымы «ас, тағам» түсінігінен басқа мәдени ақпараттарды да қамтиды. Мақалада «дастарқан» ұғымының береке, молшылық, сыйластық, жомарттық, риясыз көмек, бауырмалдық, қолдау сияқты түсініктермен астасып келуі және дәсүрлі қазақ мәдениетінде дастарқанның үлкен тәрбие ошағы болып табылатындығы туралы баяндалады. Сондай-ақ, қазіргі уақыттағы дастарқан мәдениеті мен дәстүрлі мәдениеттегі дастарқанның қызметі салыстырмалы түрде талданған.

Түйін сөздер*:* рухани мәдениет, қонақжайлық, дастарқан, концепт, ассоциативтік сауалнама, құндылық.

Тіл – ұлт тарихы мен мәдениетін бойында сақтап, этноса қатысты құнды мәліметтерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Ұлттың тұрмыс тіршілігі, өмір сүру салты – оның дүниетанымы мен мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін фактор. Халықтың өмір сүру салты, олардың дәстүрлі әрекет-

тері, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар, әдет-ғұрыптардың ең айқын көрінетін жері – бұл халықтың дәстүрлі асханасы [1, б.71]. «Ұлттық асхана» ұғымы материалдық мәдениеттің бір бөлшегі және қазақ мәдениетінде бұл түсінік аясында бірінші ойға оралатыны *дастарқан* сөзі. Сөздің беретін негізгі мағына астарында жатқан мәдени ақпараттарды тауып, түсіне білу арқылы сол ұлттың өмірін, болмысын, табиғатын тануға болады.

Дастарқан – иран сөзі. Түсіндірме сөздікте дастарқан сөзінің үш түрлі мағынасы ашып көрсетілген:

1) үстіне ас-тағам, ыдыс-аяқ қою үшін жайылатын ақ жаулық;

2) этнограф. термин. Қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, құтты, киелі қонақжайлықты, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін, үнемі барынша мол жайылуы иесінің пейілін көрсетеді деп саналатын қастерлі ұлттық мүлік;

3) ауыс. Ішім-жем, ризық, дәулет [2, б. 512].

Осылардың ішінде қазақ ұғымындағы *дастарқан* сөзінің беретін мағынасы күрделі екендігі екінші анықтамадан көрінеді. Ұлттық дүниетаным тұрғысынан «дастарқан» ұғымының түсінік аясын оның мағынасына семантикалық талдау жасап, бұл ұғымды концепт ретінде қарастырғанда көз жеткізуге болады. «Концепт дегеніміз – әр түрлі белгілер арқылы білдірілетін, түрлі тілдік тәсілдер мен құралдар арқылы іске асырылатын құрылымы күрделі әлем туралы қандай да бір үзіктің (фрагменттің) немесе осындай үзіктер бөлігінің көрінісі» [3, б.10]. В.И.Карасик концептінің үш бөліктен тұратындығын айтады: ұғымдық-заттық бөлік; бейнелеуші-ассоциативтік бөлік; құндылық [4, б.127].

Қазақ мәдениеті мен қазақ дүниетанымындағы дастарқан туралы ұғым-түсінікті ғалымның осы концептіні құраушы бөліктер теориясы негізінде анықтағанда, бұл түсінік бойында төмендегідей мағыналық құрылымдардың бар екендігі белгілі болды.

«Дастарқан» концептісінің ұғымдық-заттық бөлігі. Бұл түсінік дастарқан сөзінің негізгі ұғымдық-заттық мағынасы болып табылатын *пішіні әр қилы – төрт бұрышты немесе дөңгелек, сопақша болып келетін, матадан не кленкадан жасалған үстіне түрлі тағам қоюға арналған бұйым* деген архисема негізінде қалыптасқан. «Тағам қоятын бұйым» деген нақты ұғымды білдіретін деректі зат атауы мағынасы семантикалық жағынан кеңейіп, ары қарай келесі ұғым-түсініктер пайда болған: *тамақ, дәм* [5, б. 106]. Осы *тамақ, дәм* түсініктері негізінде дастарқанның түрлері мен мақсаты, қызметі қалыптасқан. Дастарқан арнайы мақсатта немесе тосыннан келген қонаққа жайылуы мүмкін. Осыған сай оның екі түрі келіп шығады. Қай дастарқан түрі болмасын, қандай мақсатта жайылмасын қазақ мәдениетінде бұл ұғымның жақсылықты көздейтін, жағымды ізгі ниетке ғана жайылатындығын байқау қиын емес. Бұл – бір. Екіншіден, қай дастарқан болмасын, тек тамақ ішу, жеу, физиологиялық қажеттілікті қанағаттандырудан ғана тұрмай, қосымша бірнеше маңызды қызметтерді де атқарған. Олар:

1) келген немесе арнайы шақырған қонағын төрге отырғызып, алдына барлық дәмді асты қоюы – *адамға деген құрмет пен сыйластықтың белгісі*;

2) қонақтың ретіне қарай (мысалы, құда, ағайын-туыс, күйеу,және т.б.) арнайы сойылған малдың етін асып, дастарқанға қояр кезде әр қонақтың жөніне сай табақ тартылады, яғни табақта малдың мүшесі салынады: құдаға – бас қою; күйеу жігіттің табағына – төс салу; малдың басқа да мүшелері жамбас, ортан жілік, тоқпан жілік, жауырын және т.б. жөн-жобасына қарай табаққа салынады) – бұл *үй иесінің қонаққа көрсеткен құрметін және үй иесінің өз ісіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді;*

3) дастарқан басында отырғанда түрлі тақырыптарда ақылдасу, кеңесі, ой бөлісу, түрлі әңгімелердің қозғалуы – *дастарқанның ақпарат алмасу орны екендігін көрсетеді*;

4) дастарқан үстінде астан бірінші кезекте жасы үлкен адам ауыз тиеді, қалғандары тек содан кейін ғана дәмге қол созады – бұл *үлкенге деген құрметті паш етеді*;

5) дастарқан басынан басқалардың тамақтанып болуын күтпей тұрып кету әдепсіздік саналады, бұл да отырғандарға деген құрметті көрсетеді және *адамды шыдамдылыққа, өзгені сыйлауға тәрбиелейді,* егер асығыс болған жағдайда дастарқан басындағы үлкен кісінің рұқсатын алып барып, тұрады;

6) арнайы жайылған дастарқанда үй иесі, оның жақындары келген қонақтарға құрметпен қызмет етеді – бұл *ағайын-туыс арасындағы ынтымақтастықты аңғартады* және жастарды осындай көпшілік орындарда *бірігіп әрекет етуге тәрбиелейтін орын болып табылады*;

7) арнайы қонақтар шақырылғанда олардың ән-күй тыңдап, демала отыруын қамтамасыз ету мақсатында үй иелері шешен адамдарды, өнер адамдарын да дастарқан басына шақырып, қонақтарына қызықты әңгімелер, ән-күйлер тыңдатуды да ұмытпаған – бұл *дастарқан басының арнайы*

демалыс орны да болып табылатындығын аңғартады.

Осы айтылғандарға қазақ тілінің сөздік қорында кездесетін мынадай сөздер тіркесімі, тұрақты тіркестер дәлел бола алады: дастарқанның жағымды түсінікте ғана қолданылуы: *қасиетті дастарқан, киелі дастарқан, ақ дастарқан, дастарқанды аттамау; мол дастарқан;* қонақты ерекше қадірлеуі: *қырықтың бірі – қыдыр; құтты қонақ келсе, қой егіз табады; қонақты құсаң ырыс, береке қашады; қонақпен бірге құт, береке еріп келеді; келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады.* Осымен байланысты болса керек, қазақ үйіне келген қонаққа есік ашып, алдымен қонақты кіргізеді, өзі соңынан кіреді, ал қонақты шығарып салғанда керісінше, қонақты бірінші шығарып, артынан өзі шығады, есікті жабады. Бұл қонақпен шаңыраққа келген береке-ырыс үйге кірсін дегені.

Жалпы қазақтың қонақжайлық қасиеті оның ұлттық менталитетінің негізгі көрсеткіші деуге болады. Біз ұлты қазақ азаматтары арасында сауалнама жүргіздік. Мақсат – *қазіргі қонақжайлық дәстүрінің қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі қонақжайлықтан қандай айырмашылықтары бар?* және *ол немен байланысты? оның салдары қандай?* деген сауалдарға жауап іздеу болды. Бұл сауалдарға жауап ала отырып, біз «дастарқан» концептісінің бейнелеуіштік-ассоциациялық құрылымын анықтадық.

«Дастарқан» концептісінің бейнелеуіштік-ассоциацитивтік бөлігі. Біздің сауалнамаға қатысқан информанттар жасы жағынан үш топқа бөлінеді: 60 жастан жоғары; 35 пен 45 жас арасы; 20-25 жас арасы. Нәтижесі: «дастарқан» сөзіне қатысты информанттардың ассоциациясы: *қонақжайлық, төр, қазақ, әже, бата, қой, ән-би, шапан, кеңпейілдік, ақ көңілдік, кәде, туыстардың бауырмалдығы, отбасы мүшелерінің бір жерге жиналуы, кеңдік, домбыра, тілек, ет.* Осы анықталған сөздер негізінде «дастарқан» концептісінің үшінші құраушы бөлігі құндылық анықталды.

«Дастарқан» концептісінің құндылық құраушы бөлігі адамдар арасындағы риясыз сыйластық, бір-біріне деген құрмет; отбасы мүшелері, ағайын туыстар арасындағы бауырмалдық, туыстық қатынасты нығайту; дастарқан басындағы үлкендердің айтқан ғибрат сөздері, үлкеннің алдына шығып сөз алмау, ас алмау, оларға құрмет көрсету сияқты тәрбиелік мәні; қонақ күту әрекеті ағайын-туыс, бауырлардың бірігіп, ынтымақтастықта әрекет етуге әсерін тигізу, бұл адамдардың бір-біріне қамқоршы, жәрдемші және көпшіл болуына оң ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, ең бастысы, *қазақтың өзінен өзгені жоғары қоя білу мәдениеті,* бұл адамға тән кеңдік қасиетке ие болуы. Бұлай дейтін себебіміз, қазақ келген қонақтың дәрежесіне, әлеуметтік жағдайына және жасына қарай бөліп, ажыратып жатпаған. Қонақ – қашан да қонақ, оны риясыз көңілмен сыйлап, күтіп жіберу керек деген қағида басты ұстаным.

Қазіргі әлемдік жаһандану үрдісі, ақпараттар ағыны мен жаңа технологиялар заманы дәстүрлі мәдениеттің де басқаша сипат алуына әсерін тигізіп отыр. Оны біз тек бір ғана осы «дастарқан» ұғымының аясында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде қарап көрейік:

№	Өлшемдер	Дәстүрлі қонақжайлық сипаты	Қазіргі қонақжайлықтың сипаты
1	**Қонақ түрлері**	құдайы қонақ, қыдырма қонақ, арнайы шақырылған қонақ	шақырусыз қонаққа бармау: арнайы шақырылған қонақ
2	**Табақ тарту рәсімі**	табақ тарту	дәстүрді, етті жасау жөнін білетін жасы үлкен адам болмаса, көбіне сақталмайды
3	**Себеп**	қонаққа есік әрқашан ашық болған	қонаққа шақырудың нақты бір себепке негізделуі
4	**Демалыс орны**	ән-күй, думан	үлкен жиында болмаса, көбіне, тамақтану әрекетімен шектелуге қарай ойысып барады
5	**Тәрбиелік мәні**	ағайын-туыс, бауырлар ақылдасып, бірге қызмет көрсетеді; барымен бөлісе білуі; бірлік, береке, татулық; туыстық қарым-қатынасты нығайту	мейрамханаға үй иесі өзі барып тапсырыс береді, бәрі дайын, араласып, ақылдасып әрекет ету қажет емес; адамдардың өздерін ресми ұстауы басым.

Дәстүрлі мәдениеттің заманауи сипат алуына әсер етуші факторлар ретінде уақыт, өмір сүру формасының өзгеруі, материалдық жағдай, құндылықтардың өзгеруін, жаһандану үрдісін атаймыз. Таратып айтар болсақ:

- *уақыттың тапшылығы* (қонаққа баруға да, қонақ шақыруға да арнайы уақыт бөлу керек);
- *өмір сүру формасының* заман ағымына сай өзгеруі (мейрамханада кәсіби аспаздар өздері кеңес береді, өздері дайындайды);
- *материалдық жағдай* (қонақ шақыруға қаржының тапшылығы; пәтердің тарлығы; мейрамхананың қымбат екендігі);
- *отбасындағы бірлік, бауырмалдық, риясыз көмек* деген түсініктер құндылық ретінде қабылдануы қазіргі заманда біраз бәсеңсіп қалды, бұл әсіресе, жастар арасында көбірек байқалады;

құндылықтардың өзгеруі: қонақжайлықтың сипаты қала тұрғыны мен ауыл тұрғыны арасында да екі түрлі көрінеді. Ауылда тұратындар қазақтар басқа мәдениет өкілдерімен көп қарым-қатынасқа түсе бермейді, бұл олардың бойындағы атадан-балаға беріліп келе жатқан қонақжайлық қасиеттің табиғи қалпын сақтауға әсерін тигізеді; қала қазақтары бірнеше мәдениет өкілдерімен араласады, сөйтіп, полимәдениет пен өз ана тілін білмеушілік белгілі бір дәрежеде ұлттық болмыстың негізгі ажырамас бөлігі қонақжайлық қасиеттен арылуға себеп болуда. Сондай-ақ, қонақ шақыру, қонақ күту әрекетін «өзін-өзі ақтамайтын материалдық шығын» деген көзқарас та жастар арасында белең алып барады.

Қорыта айтқанда, біздің мақсатымыз қазақтың ұлттық болмысын танытатын қонақжайлық қасиетінің дәстүрлі түрі мен қазіргі уақыттағы сипаты қандай? қайда ойысып бара жатыр? деген сауалдарға жауап беру болатын. Екі түрлі уақыт кеңістігіндегі бір мәдениеттің – қонақжайлықтың сипаты туралы толыққанды ақпарат бар, бірақ алдымыздан тағы да жауабын күтетін сан сұрақтар пайда болды. Келесі кезекте, дәстүрлі мәдениеттің заманауи сипат алуы заңды құбылыс емес пе? Иә, заңды құбылыс деп санайық, бірақ бұл ұлттық болмысты жоғалтуға әкеліп соқпай ма? Ендеше, дәстүрімізді сақтай отырып, заман ағымы мен заман талабына қарай уақыт ағынымен жылжи беруге бола ма? Болса, қалай? деген сауалдардың жауабы алдағы уақыттың еншісіне қалады...

1 Шаймерденова Н., Авакова Р. Язык и этнос. Учеб. пособие. –А., 2004. -248 с.
2 Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Б–Д, 4 том. –А.: Арыс, 2007. -752 б.
3 Пименова М.В. Введение в когнитивную лингвистику. – Выпуск 4. – Кемерово: Наука, 2004.
4 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. –М.: Гнозис, 2004.
5 Ахметжанова З. Очерки по национальной копцептологии. – А: Елтаным., 2010. – 148 с.

Резюме

Воспитательное значение традиционной и современной культуры «дастархан»

Жолшаева М.С. – д.ф.н., доцент, Университет имени Сулеймана Демиреля,
г. Каскелен/Алматы, ул. Абылайхана-1, Казахстан, maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

У человека есть физиологическая потребность, от которой он не может отказаться с момента рождения – это питание. В связи с этим в сознании индивида и социума, помимо слов «еда, пища», еще существует понятие «дастархан». Семантика слова «дастархан» сложная и она охватывает такие понятия как, гостеприимство, семейное благополучие, открытость казахского менталитета, щедрость, уважение, общение и т.д.. В статье рассматривается понятийная составляющиеся и образно-ассоциативная составляющиеся компоненты концепта «дастархан». А также анализируется понятие «дастархан» в современной культуре казахов.

Ключевые слова: духовная культура, гостеприимство, дастархан, концепт, ассоциативная анкета, ценность.

Summary

***Educational potential of the* dastarkhan for traditional and modern culture**

M.S.Zholshayeva – *Suleyman Demirel University, Ablaikhan street No:1/1 Kaskelen, Almaty/ Kazakhstan.* Dr. of Philological Sciences, assos. Prof., maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

Humans have a physiological need that cannot be avoided from the moment of birth, and that is food and nutrition. In this regard, in national world view of the individual and society, in addition to the words "food, nutrition", the concept of "dastarkhan" also exists. In Kazakh national worldview concept of "dastarkhan" is a very complicated representative of national mentality of the Kazakhs. The given paper considers such characteristic feature of the Kazakh people as a hospitality, which is closely connected with the term "dastarkhan". At the same time, the author compares associative fields of the aforementioned concept in the traditional and modern cultures.

Key words: spiritual values, hospitality, dastarkhan, concept, associative experiment/survey, value.

ӘОЖ 373.1.013

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ПАРТИОТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУ

К.Т. Ыбыримжанов – п.ғ.д., профессор, email: tarmpi_school @mail ru
Г.С. Майлыбаева – п.ғ.к., аға оқытушы, email: gulmirasabyr
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Мақалада Қазақстандықтардың бүкіл ұлттық бірігуін «Мәңгілік ел» идеясы негізінде жүзеге асырудағы жастардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамыту және осы бағытта тәрбиелеу мәселелерін қарастырылады. Авторлар жоғары оқу орындарында дайындалатын болашақ мамандар мен мектеп оқушыларына «Мәңгілік ел» идеясы негізінде азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамытудың ғылыми мәселелері жөнінде өз ойқорытындыларын баян етеді.

Түйін сөздер: «Мәңгілік ел» – ұлттық идея, азаматтық-патриоттық тәрбие, жастардың қоғамдық санасын қалыптастыру, білім мен тәрбие беру біртұтастығы.

Қазақстанның егеменді ел ретінде жаңа даму жолына түсуітәуелсіз қоғамның жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарлаған жаңа идеологиясын қалыптастыруды қажет етеді. Бұған Қазақстан жастарын азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамытуды жатқызуға болады.

Соңғы жылдары азаматтылық пен патриоттық тәрбие мәселелері қазақстандық педагогиканың басты назарына алынып отыр, өйткені олар еліміздегі саяси-қоғамдық тұрақтылықты,ұлттық экономиканы дамытуға және мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталғанмәселелердің өзегі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихын, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегіде, барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс.... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойда бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн» - дей келе, «Мәңгілік ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деп атап өткен болатын [1].

Бүгінгі қоғамда жастардың саяси-идеологиялық саналылығын көтеру де азаматтық-патриотизмді дамыту мәселесі - қысқа мерзімде іске асатын немесе саяси-жарнамалық науқандық шара іспеттес ұрандата жасалатын іс-шаралардың қатарына жатпайды. Бұл өз кезегінде руханилылыққа бағытталған – тәрбие. Бұнда ұлттық құндылықтар, азаматтық, мәдени-әлеуметтік, саяси, экономикалық көзқарас пен дүниетаным сияқты атаулық-ұғымдардың мазмұндары ашылып, үндесетін және жастарға рухани байлық ретінде сіңірілетін құнды нәрсе. Бүгінгі күнде Қазақстан жастарының азаматтық-партиоттық құндылықтарын дамытудың өзегі ретінде - «Мәңгілік ел» идеясын басшылыққа алып және соның аясында бірігуі қажет. Мәселен, «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында біртектілік пен бірліктің негізгі қағидалық ұстанымы ретінде «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу қажеттігі айтылады. Мемлекетіміздің даму жолындағы жоспарланған ұзақ мерзімді стратегия да осы мүддеге жауап береді және де бұл бағытта бірнеше мемлекеттік деңгейдегі шаралар қолға алынып отырғаны белгілі. Сондай бағыттық іс-шараның бірі - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы.

Патриоттық тәрбие біздің елбасшымыздың «Қазақстан – 2050» стратегиясында жалғасын тапқан: «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзінің жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» [1] - деп айтқан.

Бүгінгі заманның даму барысындағы ғаламтордың біздің өмірімізге тұтастай енуіндегі жағымды-оң және жағымсыз-теріс жақтарыда орын алып келеді. Кейбір әлеуметтік желілерде біздің мемлекетіміздің қоғамдық құрылымдық жүйесі мен елідігімізге, тарихымызбен мен жетістіктерімізге қызғанышпен қарап, қарсы бағытталған құйтыртқы мәліметтер (өсек-аяндар) мен ірткі салып арандатуларға бағытталғын түрлі ақпараттар кездесетіні анық. Бұндай түрлі арандатушылықтарға қарсы - «Мәңгілік ел» идеясын ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, қазақстандықтардың дүниетанымдық бағытының өзегіне айналдыру қажет, сонымен бірге бұны - барлық

қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін негізгі қағидалық ұстаным ретінде өмірлік тәжірибеге енгізу әрі даму жолымыздағы басты идеологияға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті.

Қазақстанда 120 ұлт пен этностар қатар бейбіт өмір сүріп жатқаны елімізде аталған мәселеге жеткілікті назар аударылғанының көрінісі, себебі азаматтылықты қалыптастыру мен олардың патриоттық тәрбиесінің барлық әлеуметтік топтарға және Қазақстанның жалпы барлық халықтарына қатысы бар екендігі сөзсіз. Қазіргі Қазақстан жағдайында патриотизм идеясының берік орын алуы жаңа концептуальды негізде жүзеге асады және бірнеше құқықтық актілермен рәсімделеді. ҚР президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық саясаты тұжырымдамасы» бекітіліп, онда ауыспалы кезеңде Қазақстан халықтарының рухани бірлігін сақтау және ұлттық-мәдени болмысын дамыту мен сақтауға деген ұмтылысының тікелей әсері бар деп белгілеген [2,3,4].

Мемлекетіміздегі жастардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамыту мәселесі қоғамдық институттардың, ғалымдар мен саясаткерлердің, тәрбие мен білім беру жүйесі саласындағы оқу-тәрбие мекемелеріндегі педагог-тәрбиешілердің кәсіби жұмыстарындағы өзекті тақырыптың бірі болып отыр.

Халықтық тәлім-тәрбиелік мұралар негізінде патриоттық тәрбие мәселесі Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, [5]т.б., педагогика саласындағыарнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарында Ә.А. Қалыбекова, А.Ж. Құрақбаева, А.Бектуров, А.Бейсенбаев, Л.Сейдахметова еңбектерінде көрініс тапқан.

Жастардың жалпықазақстандық азаматтылығы мен патриотизмін қалыптастыру және олардың рухани-адамгершілік бірлігін қамтамасыз ету қазақстандық тәрбие жүйесін жүзеге асырудың қазіргі кезеңдік негізгі міндеті ретінде айқындалған.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарқындап даму барысындағы өзгермелі дүниенің заманауи сұраныс-талаптарына сай жастарды рухани-адамгершілік пен ізгілікке баулу мәселесін қазақстандық қоғамның сезіне білуі - нарықтық жағдайдағы бәсекелестікке қбілетті жеке болмыстық бітімі толық қалыптасқан тұлға тәрбиелеуде азаматтық-патриоттық қасиеттері жетік бекіген жастарды тәрбиелеу мәселесі бірінші орынға ие болуда. Себебі, қоғамдық тапсырыстар мен сұраныстарды қанағаттандыру мәселесінде ауыспалы жағдайда жылдам шешім қабылдай білетін, өз білімі мен біліктілігіне сүйене отырып кәсіби іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра алатын, түрлі іс-шараларға даяр, құзырлы, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру әрі оның жеке мүдделік пайдасынан мемлекеттік, Отандық мүддеге деген дүниетанымдық болмысын дамыту және осы бағытта тәрбиелеу мәселесін – азаматтық-патриоттық қасиеттерін жетілдіру арқылы ғана іске асыруға болады.

Қазақстандық жастарға ізгіліктік-адамгершілікті, рухани-танымдық, жеке болмыстағы сұлулық-мәдени, салауатты өмір салтындағы жан мен дене, құқықтық және полимәдениеттік, Отансүйгіштік пен елжандылық бағыттағы тәрбиемен азаматтық-патриоттық қасиеттерді дамытуда педагогика ғылым мен мектеп тәжірибесінде тәрбие беру теориясы мен әдістемесін жетілдіруде көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны анық. Патриоттық тәрбиенің көкейтесті мәселесін бүгінгі күн тұрғысынан жаңа көзқарас негізінде қарастырып, жүйелеп, талдай келе оны ары қарай зерттеуді талап етеді. Өйткені қазіргі кезеңде көп ұлтты Қазақстан жастарының рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық қасиеттері мен сезімдерін дамыту міндеті өте маңызды мәнге ие болып отыр және бұл - қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің басты, нық және тиімді бастамасы. Ұлттық базистік құндылықтардың бірі ретінде отансүйгіштік пен азаматтық-патриоттық тәрбиелерін дамыту – мемлекетіміздің болашағын идеологиялық қамтамасыз етудің негізгі өзегі болып табылады және бұл- қазақстандық патриотизм ұлттық біртектілік пен бірегейлік идеясының жалпыұлттық құндылыққа айналуының іргетасы бола алады. Сондықтан да бүгінгі Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық қастеттерін «Мәңгілік ел» идеясы негізінде дамытудың бағыттық жолдары мен құрылымдық-мазмұндық жүйесін білу және жетілдіру мәселелерін болжап, анықтау үшін арнайы ғылыми зерттеуді ұйымдастырып, жүргізуді талап етуде.

Қазақстанда болып жатқан саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тәуелсіздігімізді одан әрі қамтамасыз ету үшін, еліміздің тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Ғасырлар бойы жинақталған халықтың бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың патриоттық тақырыптағы еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық ой-пікірлері мен отансүйгіштік тәрбие мұраларын зерттеу бүгінгі таңда жалпы ғылыми-аралық көкейкесті мәселе болып табылады.

ЕлбасыН.Ә.Назарбаевтыңбесинституционалдықреформасынжүзегеасырудағы 100 қадам – «Ұлт жоспары» - ретінде бізідің өмірлік тәжірибелерімізде орын алуда. Ұлттық жоспардың: 85-қадамда -

«Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу болса, 89-қадамда-«Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» –деп нақты көрсетіп берді.

Егемендік пен тәуелсіздікке ие болу жағдайында Қазақстан қоғамында «ұлттық патриотизм», «жалпыұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары кеңінен қолданылады. «Ұлттық патриотизм» - өз ұлтының тарихына, оның мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық, құрмет тұту және өз ұлтының ғасырлар бойы жүріп өткен өмірлік жолындағы ата-бабаларының қалдырған құнды мұраларымен байланысты туындалған түсінік ұғымдарымен тікелей байланысты болса, «жалпыұлттық патриотизм» - өзінің туып-өскен мемлекетінің және ондағы мекендеген халқының бір бөлігі ретінде сезінуді білдіреді, яғни түрлі ұлт қауымдастықтары өкілдері үшін туылған жеріне, біртұтас Отанына деген сана-сезім сүйіспеншілігі мен адалдығының шегі неғұрлым кеңи түседі. «Қазақстандық патриотизм» дегеніміз – Қазақстан мемлекетін мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың «Ұлттық Отаны» деген озық ой таным негізіне сүйінген патриотизм түсініктеріндегі сезімдік көріністері [1,4,6].

Бұл ұғымның педагогикалық мазмұндық жүйесіне мән берсек, ол өскелең ұрпақ өкілдерін Қазақстан мемлекетінің толыққанды азаматтары ретінде тәрбиелеудегі үйлесімділікті көрсетеді. Қазақстандық патриотизм - Отанға және туған елге деген шынайы сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнегелік істермен үлгі болу, болмысындағы білім мен білікті, ақыл-парасатты халық игілігіне жұмсау яғни, біртұтас Отан мүддесіне арнау деген түсінік төңірегіне шоғырлану болып табылады. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамдық құрылыстағы мемлекеттік жүйенің заңдық құқықтарын, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм ұғымының құрылымдық құрамына енеді.

Жеке тұлғалардың қалыптасуы мен дамуы болмысындағы танымдық үдерісте патриоттық тәрбиенің мәнін әрқашан алдыңғы орынға қойып отыру қажет. Сондықтан бұл мәселенің өзегі - мектеп оқушыларының жеке бітімдік болмысындағы патриоттық сана, патриоттық сезім қырларын қалыптастырудан бастау алғанда ғана оң нәтижесін бермек.

Яғни, тәуелсіз мемлекетіміздің нық, берік болуы - патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қоя білуге байланысты болмақ. Тәуелсіз мемлекетіміздің Конституциясында да Республика қызметінің түбегейлі қағидаларының бірі - қазақстандық патриотизм деп атап көрсетілген.

Отаншылдық, елжандылық, халқын сүю, патриотизм деген ұғымдар мектепке, жанұяға, ағайын мен туған-туысқанына, кіндік қаны тамған жеріне (қала, ауыл) деген сүйіспеншіліктен басталады.

«Елдің елдігін – ұлттық болмысы, тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрін сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеуде төмендегі мәселелерді басшылыққа ұстаған жөн:

- тіл мен ділді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрпты білу;
- халықтың тарихы мен мәдени мұраларын мақтан тұту, оқып зерттеу;
- ата-анаға құрмет көрсетіп, бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу және ұлт мүддесіне пайдалану.

Аталған ерекшеліктерге байланысты, қазіргі тәрбие жұмысын төмендегі тәртіпте қарастыруға мүмкіндік бар:

1. Болашақ мамадар мен мектеп оқушыларын халқының салт-дәстүрін жете білуі патриоттық тәрбиенің нәтижесі бұл - бүгінгі өмір талабына сай болу.

2. Жастардың Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздерін білу мен заңнамалық құқықтық талаптарды орындау және оларды құрметтеу сезімін қалыптастыру;

3. Қазақ халқының озық ойлы мұралық құндылықтарын басшылыққа ала отырып, жалпы қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу;

4. Қазақстан республикасының азаматы атауына мақтаныш сезіммен және құрметпен қарау арқылы патриотизмдікті таныту, әлемдік жаһандану жағдайында өзіндік орынға табуға тәрбиелеу.

Мемлекеттің келешегі еңселі биік және берік болуы, өскелең ұрпақтың жеке тұлғалық болмысындағы тәлім-танымдық тәрбиенің қалай қалыптасқандығына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу-тәрбие мекемелерінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білімала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.Жастарымыздың бойына елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі берік орнай түседі.

Патриоттық қасиет – бұл адамгершілік тәрбиесінің негізгі бір тармағы, адам бойындағы негізгі құндылықтар болып табылады. Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады.

Бұл ретте болашақ мамандар мен мектепт оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу жолдарын құрастыра келіп, олардың, жалпы сана-сезіміне ықпал ету, іс-әрекеттерін ұйымдастыру бағыттарында жүргізілгендігін анықтадық. Ұйымдастыру жұмыстарын осы бағыттар бойынша топтастырсақ, олар былайша бейнеленеді: дәрістік, өмірмен байланысты тәжірибелік, эпостық жырлардан сахналық көрініс сабақтары, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, әңгіме, кітаптар бойынша оқырман конференцияларын ұйымдастыру, ойын-сауық кештері, ертеңгіліктер т.б. шартты түрде жастардың сана-сезімін қалыптастыруға бағытталса, мұражайларға материалдар жинау, спорттық ойындарға қатысу, т.б. іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған [4,5,6].

Сонымен, біздің пікіріміз бойынша, жастарды азаматтық-патриотизмге тәрбиелеу – басты мақсат болса, отаншылдық сана, отаншылдық сезім, отаншылдық іс-әрекет, отаншылдыққа өзін-өзі тәрбиелеу – оның басты бағыттарын құрайды. Ал оның міндеттері өсіп келе жатқан жас буындардың ар, ождан, намыс, құрмет, сүйіспеншілік сана-сезімін ояту, орнықтыру әркеттерімен анықталуға тиіс. Осылардың барлығы жинақталып жастар бойында ерлік, батырлық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі қасиеттермен көрініс бермек.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Оның тұжырымы бойынша, патриоттық сезім адамның туа біткен қасиетінен байқалмайды, ол-белгілі бір әлеуметтік тарихи ортада ұзақ жылдар бойына қалыптасатын құбылыс.

Расында қолдан патриотизм жасап, ешкімді осы елді сүй деп көндіре алмайсың. Еріксіз жасалған отансүйгіштің саяси-әлеуметтік, экономикалық тағы басқа негіздері толық қаланбаса оның ертеңі қысқа. Сондықтан Қазақстан патриотизмін қалыптастыру үрдісіне осы ерекшелікті есте ұстап жүргізу қажет.

Патриоттық тәрбие жүйесінде мына бағыттарды анықтауға болады:

- рухани адамгершілік;
- тарихи-өлкелік;
- азаматтық-патриоттық тәрбие. Бұл бағыт құқықтық мәдениет, заңгерлік, саяси және құқықтық өзгерістер,мемлекетпен қоғамдағы өзгерістер, заң орындау,қызмет ету арқылы ықпал етеді.
- әлеуметтік ортадағы азаматтық-патриоттық. Рухани адамгершілік және мәдени тарихи байланысқа бағытталып, үлкен кісілерге деген сыйластық сезімдері.
- әскери-патриоттық. Жастарға патриоттық сезімді, сүйіспеншілікті, Отанды қорғауға, әскери дәстүрді, әскери тарихты қалыптастыру .
- спорттық-патриотизмді дене спорты және дене шынықтыру сабақтары арқылы шыдамдылыққа, ерлікке, тәртіптілікке бағыттау.

Қазақстан Республикасының білім мекемелерінің тәрбие жұмыстарының мақсаттарына «Тәрбиенің кешенді бағдарламасына» сәйкес жеке тұлғаның тәрбиелік деңгейі төмендегі өлшемдермен анықталады [4,6,9].

Ал патриот дегеніміз әр адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына-Отанына деген аса терең сезімі деп түсінеміз. Сондықтан қазақстандық патриотизм-Қазақстан Республикасын біртұтас Отаны ретінде қабылдап, өзін республика халқының құрамдас бөлігі сезінетін парызы болып табылады.

Осыған орайдааға ұрпақ өкілдері, түрлі саланың кәсіби мамандары жастардың тұлғалық болмыс келбетін қалыптастыруда қоғамдық санада Отан, туған ел, туған жер, елжандылық т.б. түсініктермен өмірге баули отырып патриоттық сезімдерін дамыту жүзеге асырылуы қажет. Ал, мектеп мұғалімдері мен болашақ педагог мамандардың мектепте және тыс тәрбие жұмысында төмендегідей мәселелерді басшылыққа ала отырып жастардың бойына азаматтық-патриоттық қасиеттерді қалыптастыру керек:

❖ Қазақстан жастарына жалпы адамзаттық құндылықтар мен бірге Отанын, туған халқын сүйюдегі патриоттық сезімін дамыта отырып өзгермелі бүтін дүние жағдайларына бейімделе білуге үйрету;

❖ Әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, өмірлік ұстанымындағы қағидаларында үлгі тұтып - басшылыққа алатын ұлттық құндылықтар, жеке тұлғалардың өнегелік өмірі мен Отан үшін жасаған игі істерін және ұлттық болмыстың құндылықтарын сақтай отырып, келешегін болжап,

мақсат қоя білуі керек;

❖ Қазақстан жастарының ұлттық санасы, азаматтылық пен отансүйгіштік, елжандылық қасиеттері - елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қауымдастықта өзіндік орны бар алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет болып қалыптасуына өз игі істерімен ынталы қатысуға мүмкіндігі бар тұлға ретінде бейнесі болуы керек;

❖ Мемлекеттің заңды-құқықтық талаптарын орындап, құрметпен қарап, сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті, борыш, ар-ождан, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы бойында қайсарлылық қырлары қалыптасқан;

❖ Өзін сынкөзбен бағалайтын және өзінің жеке рухани және физиологиялық қабілет мүмкіншілігін сезініп, Отанына, халқына деген игі істерді жүзеге асыра білуі мен өздігінен шешім қабылдап, оны жеке білімі мен білігі, өмірлік тәжірибесі арқасында шеше білу қасиеттері;

❖ Өмірде барлық жағынан жоғары әлеуметтік белсенді, жаңаны іздеуге өмірлік және түйткіл мәселелердің шешімдерін оң табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті;

❖ Жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға төзімділік және түсінушілікпен қарау;

❖ Салауатты өмір салтын ұстану, өз денсаулығын бағалау;

❖ Әлемдік және ұлттық мәдениет байлықтарын бағалай білу қасиеттері толық қалыптасқан болуы қажет.

Патриоттық тәрбие басқа қоғамдық жүйелермен тығыз байланыста болады. Оның жүзеге асуына үлкенді-кішілі шағын орталардың өзіндік ықпалы да зор. Яғни, патриоттық тәрбие жеке дара жүзеге асырылмайды, оны жалпы тәрбиенің бір тармағы ретінде қарастырып салыстырмалы түрде алғанда дербес, біртұтас, өзін-өзі басқарып отыратын, белсенді де дамушы жүйе болып табылады және тәрбиенің барлық негізгі бағыттарында жүзеге асырыла отырып, оны ұйымдастыруға кешенді тәсілді талап етеді [4,7,8].

Кешенді тәсілдің негізгі идеясы - жеке адамның патриоттық қасиеттерінің барлық жиынтығын және патриоттық тәрбие ішінде де (мақсаттары, басты қағидалық ұстанымдары, бағыттары, құралдары, нысандары, әдістері және т.б.), сондай-ақ сыртқы жүйелерде де (тәрбие, экономика, саясат, идеология және т.б.) тәрбие үдерісінің өзара әрекеттестіктегі барлық элементтерінің нысаналы бірлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Жастардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамыту жаңа педагогикалық парадигманың туындауына яғни баланың тәрбие субъектісі ретіндегі жаңа көзқарастың пайда болуына жағдай жасады. Осы жаңапарадигмағасәйкестәрбиеніңзаңдылықтарынатайкетсек;

- тәрбие – қоғам мәдениеті мен детерминацияланған;
- тәрбие мен оқыту тәрбие айқындаушы рөл атақаратын екі өз ара тығыз байланысты және бірбіріне тәуелді үрдістер;
- тәрбиенің тиімділігі мен нәтижелілігі тәрбие үрдісінің құрамды бөлігі болып табылатын (мақсат, мазмұн, форма, әдістер, құралдар) бала мен педагогқа белгілі болып табылатын барлық құрылымдық элементтердің үйлесімді өзара байланысына тәуелді.

Азаматтық-патриотизмдік қасиеттер педагогикадағы тәрбиенің мақсаты рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге және өзіндік жетістіктерге жетуге қабілетті неғұрлым мәдени тұрғыдан қолдану. Тәрбиенің мазмұны – тұлғаның мәдениеттілігі болып табылады. Өзегі – руханилық болып табылатын ішкі мәдениет және қарым-қатынастан, мінез-құлқынан, сыртқы түрінен көрінетін сыртқы мәдениет. Әрбір адамның қабілеттері өзін-өзі анықтауы, дамытуы мен жетістігіне жете алуы. Тәрбиенің құралдары - бұл қоршаған ортаның құбылыстары мен объектілерінен тұратын бай жиынтық. Осы құралдардың көмегімен тәрбие іске асырылады. Оларға іс-әрекеттің барлық дерлік түрлері: ойын, еңбек, спорт, шығармашылық, қарым-қатынас және тағы басқалары жатады [9,10].

«Мәңгілік ел» идеясы арқылы Қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін дамыту және Қазақстандықтардың бүкіл ұлттық бүрігу негізін жүзеге асыруда төмендегідей құрамдық жүйені басшылыққа алып, білім беру арқылы қоғамдық сананы қалыптастыруға тәрбиелеу дұрыс болар еді.

1-ден, қазақи дүниетаным, түркілік дүниеден бүгінге дейінгі философиялық танымдық жүйені басшылыққа алу;

2-ден, халықтық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ұрпақ тәрбиесіндегі тәлім-тәрбиелік мұралар;

3-ден, жеке тұлғалардың Отан, туған ел, туған жер және адами қасиеттер мен ізгілік жөніндегі

озық ойлы пікірлерінің мазмұндық мәні;

4-ден, қазақ жеріндегі мемлекеттік құрылым және ел басқарған жеке тұлғалардың қоғамдық жүйенің дамытудағы қызметітері.

Жоғарыдағы аталып өтілген төрт бөлім «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудың негізі болмақ. Себебі, кешегі тарихты білу - бүгінгі күннің сұраныс талаптарын анықтай білу мен туындағын көкейтесті мәселелерің оң шешім тауып орындауға негіз болады және болашақтағы дамудың бағытын дұрысы болжай білудің өзегі болмақ.

Бүгінгі азаматтық-патриоттық тәрбие жүйесін дамытуда ғасырлар бойы өз құндылықтарын жоймайтын жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйену, табиғатпен және ұлттық рухани құндылықтармен үйлесімділік қағидасын басшылыққа ала отырып педагогиканың жаңа парадигмалық заңдылығындағы тәрбие технологиясын қолдану оң нәтижесін береді деп саналуда. Атап айтқанда, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуында азаматтық-патриоттық бағыттылық болуы міндетті. Яғни, мелекетіміздің әр түрлі сала мен бағытқа бейімделген оқу мекемелерінде және мектептерде тәрбие, оның ішінде азаматтық-патриоттық тәрбие бағытын жетілдіру жастардың жеке тұлғасының қалыптасуы мен дамуында негізгі орын алатынын басшылықта ұстауы қажет. Сондықтан болашақ мамандарды яғни, ЖОО-да және мектепте оқушыларыныңазаматтық-патриоттық тәрбиесін жетілдіру мен дамыту тәрбие және білім беру үдерістерінің біртұтас педагогикалық заңдылық қағидаларына сүйенетіп жүзеге асырылу керек. Азаматтық-патриоттық тәрбие жұмыстарын жетілдіру мен дамытуды ұйымдастырудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, онда ЖОО-дағы болашақ мамандар мен мектеп оқушыларының қазіргі танымдарына үйлесімді, заман талаптарына сай жеке тұлғаның қалыптасу мүмкіндіктерін зерттеу және осы біртұтас педагогикалық құбылыстарға бағынатын заңдарды тәрбие өлшемі ретінде қарастыруды қажет етеді. Осы негізден Қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін «Мәңгілік ел» идеясы негізінде дамыту басты міндет болып табылады.

1 Қазақстан жолы - 2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Мәңгілік ел болу жолындағы стратегиясы. Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.

2 Назарбаев Н.А. Историческая память, национальное согласие и демократические выборы-гражданский выбор Казахстана //Доклад на IV сессии Ассамблеи народов Казахстана. - // Каз. Правда, 1997, 7 июня.

3 Назарбаев Н.А. XXI ғасыр табалдырығында. –Алматы: Қазақстан, 1997.

4 Қазақстан республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана,2009 ж. 16 қараша.

5 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.-496 б.

6 Бейсенбаева А.А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса. - //Дисс. канд. пед. наук. –Алматы, 2004. – 138 с.

7 Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері. Пед. ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1997. – 125 б.

8 Жұматаева Е. Қазақстанның майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1995.- 166 б.

9 Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. Пед. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2006. – 45 б.

10 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: Теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004. – 304 б.

Резюме

Развитие гражданско-патриотических качеств казахстанской молодежи на основе идеи «Мәңгілік ел»

Ыбыраимжанов К.Т. – д.п.н., профессор, email: tarmpi_school @mail ru

Майлыбаева Г.С. – к.п.н., старший преподаватель, email: gulmirasabyr

Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова

В данной статье на основании Послания Президента, в русле основной идеи «Мәңгілік ел», рассматриваются проблемы воспитания и пути формирования у будущих специалистов и учеников общеобразовательных школ качеств патриотизма, интернацио, гражданской позиции, уважения и любви к Родине, к культуре, языку и вероисповедованию, истории, обычаев и традиций.

Ключевые слова: «Мәнгілік ел» национальная идея, гражданско-патриотическое воспитание, формирование единого сознания молодежи, целостность образования и воспитания

Summary

The development of civil and patriotic qualities of kazakh youth on the basis of ideas "Mangilik El"

Ybyraimzhanov K.T. – Dr.p.s. professor Email: tarmpi_school @mail ru.

Mailybaeva G.S. – c.p.s. senior lecture Email: gulmirasabyr

Zhetysu state university named after I.Zhansugurov

This article will address the head of state "Mangilik el" wants to build the country in the direction of the idea of the future of the younger generations love for the motherland, the national civil service, the promotion of the history of the formation of the national patriotically nation and to know the culture, the language, the mentality and respect for customs and traditions of each azampen citizen, the future of higher education institutions prepared praise for professionals and students, education issues and the ways of its formation and development of the properties are considered.

Keywords: "Mangilik el" national idea, civil-patriotic education, the formation of a common consciousness of young people, the integrity of education and training.

ӘОЖ: 37.035.6

ОРТА КӘСІПТІК ОҚУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖҮЙЕЛІЛІК ТӘСІЛІ

Г.С. Саудабаева – *п.ғ.д., қауым.проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,* gylmiraS75@mail.ru

М.А. Айтбаева – *п.ғ.к., қауым.проф.м.а.*

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, maira71@list.ru

Мақалада орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқушыларды өз еліміздің азаматы әрі патриоты етіп тәрбиелеу, колледждерде оқитын жастардағы патриоттық сезімді тәрбиелеу, әлеуметтік белсенді студенттерді – Қазақстан азаматтарын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады. Халықаралық терроризмнің, алдамшы діни экстремизмдердің өсіп келе жатқан қатерлері жағдайларында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу Қазақстанның тек ұлттық мүддесімен ғана анықталуы керек және олардың ішкі және сыртқы қауіптерден қорғаныстарын қамтамасыз етуге белсенді қатысуларына ықпал ету керек.

Анағұрлым маңызды субъектілер тәрбие беру ұйымдастырылған, жоспарланған, үйлестірілген және жүйеленген үдеріс болып табылатын, педагогикалық ұстанымдар мен заңдылықтарға негізделетін оқу орындардың ролі анықталады. Тәрбие беру мақсатының, оның субъектісі мен нысанының басты болмысының сараптамасы оның негізгі бағыттары көрсетіледі: жастарда жоғарғы кәсіби қасиеттерді қалыптастыру; патриоттылықты қалыптастыру; оқуға және одан кейінгі кәсіби қызметке оң әсерлі уәжді дамыту мен қалыптастыру; адамгершіліктік-этикалық тәрбие беру; салауатты өмір салтын насихаттау. Отансүйгіштікке тәрбие берудың принциптері көрсетіледі. Қазіргі таңғы шындықтар тәрбие беру бағдарламасын жасауды отансүйгіштікке тәрбиенің ең жақсы дәстүрлері мен түрінен тұратын оқу тәрбиелік процестің жүйе түзуші элементі ретінде талап етеді. Ол оқушыларды тәрбиелеу кезінде жүйелі түрдегі тәсіл негізінде жасалуы керек.

Түйін сөздер: отансүйгіштік, отансүйгіштікке тәрбиелеу**,** отансүйгіштікке тәрбиелеудің мазмұны, әдістері және формалары.

Жастарға тәрбие берудің басты мақсатының негізі Қазақстан Республикасының жан-жақты дамыған тұлғасын, патриот азаматын, үнемі өз-өзін жетілдіруге ұмтылатын кәсіпкер маманды қалыптастыру болып табылады. Тәрбие берудің жалпы мақсаты шынайы орындалатын нақты тәрбие беру тапсырмаларымен (жанұямен, оқу орындарымен, мәдениет мекемелерімен, БАҚ, қоғамдық ұйымдармен) сараланады: Отанға – Қазақстан Республикасына, оның көп ұлтты халқына сүйіспеншілік; жерлестеріне сыйластық қарым-қатынас; азаматтың жалпы сезімдері кіші отанға деген сүйіспеншілігімен үйлесетін патриоттылық (отанға қызмет етуге, оны қорғауға дайын болу); еліміздегі халықтардың достық сезімдері мен танымдары; олардың дәстүрлеріне, тілдеріне, мәдениеттеріне құрметпен қарау; өз елінің туған тіліне, мәдениетіне және тарихына сүйіспеншілік; Қазақстанның азамат патриотының сезімдерімен және танымымен үйлесетін ұлттық сезімдер мен танымның қалыптасуы; байланыстың маңызды тәсілі – қазақ тіліне құрметпен қарау.

Отансүйгіштікке тәрбие беру жанұя, оқу орындары, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер өзара әрекеттесетін, үйлестірілмеген, жүйеленбеген көп қырлы болып табылады. Біздің пікірімізше, негізгі мәселе тәрбие және білім беру үдерісіне жаңа қоғамдық қатынастарға, елдің қаржылық және экономикалық мүмкіншіліктеріне сай келетін дәреже беруде. Жастарға кәсіби білім беру мен отансүйгіш-

тікке тәрбие берудің негізгі мазмұны руханилық, адамгершілік және жалпы адами құндылықтар болу керек. Біздің ойымызша, мұндай құндылықтар қатарына мыналарды жатқызу керек: өз Отаны мен халқына сүйіспеншілік; Конституцияға, азаматтық борышқа адалдық; өз халқының саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани мүдделері, оның өмірі, бостандығы және тәуелсіздігі; өз елі мен оның жақтаушыларының суверенитеті және шекаралық бүтіндігі; әлеуметтік теңдік идеясында құрылған өз мемлекетінің демократиялы қоғамдық бағыты; азаматтың намысы мен жеке басының қадірін сақтау; достық, өзінің ұлттық мәдениеті мен өнерін құрметтеу; өз ата-бабаларының салттары мен дәстүрлерін, отандық тарихты сақтау.

Жас ұрпаққа тәрбие беруді бүтіндей қарастыратын болсақ, онда субъектінің рөлі ретінде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың барлық жиыны, заң және атқару биліктерінің органдары, оқу мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, дем алу орындары және т.б. жұмыс атқарады. Анағұрлым маңызды субъектілер тәрбие беру ұйымдастырылған, жоспарланған, үйлестірілген және жүйеленген үдеріс болып табылатын, педагогикалық ұстанымдар мен заңдылықтарға негізделетін оқу орындары болып табылады.

Тәрбие берудің тікелей субъектісі оқу орындарының басқарушы аппараты мен педагогикалық құрамдары болып табылады. Тәрбие беру мақсатының, оның субъектісі мен нысанының басты болмысының сараптамасы оның келесі негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

– жастарда жоғарғы кәсіби қасиеттерді қалыптастыру;
– патриоттылықты қалыптастыру;
– оқуға және одан кейінгі кәсіби қызметке оң әсерлі уәжді дамыту мен қалыптастыру;
– адамгершіліктік-этикалық тәрбие беру;
– салауатты өмір салтын насихаттау;
– дене тәрбиесі және т.б.

Қазіргі таңғы жағдайларда отансүйгіштікке тәрбие беру негізін қалаушы ұстанымдардың жүзеге асырылуымен байланысты. Солардың ішіндегі негізгілері мыналар:

а) жалпы: ғылымилық, тарихилық, мемлекеттік отансүйгіштікке және ұлттық-отансүйгіштікке тәрбие беру компоненттерінің бірлігі, мақсаттар мен тәсілдердің бірлігі;

б) ерекше (арнайы): барлық әлеуметтік қызығушылық танытқан ұйымдар мен мекемелердің күштерін біріктіру; тәрбие беру әрекеттерін жүзеге асыруда мақсатқа ұмтылу, нақтылық, сабақтастық; әскери-саяси салада барлық өзгерістерді жан-жақты есепке алу; тәрбиеленушілердің жастық, жеке бас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру.

Бұрын біз байқағандай, қазіргі таңғы шындықтар тәрбие беру бағдарламасын жасауды отансүйгіштікке тәрбиенің ең жақсы дәстүрлері мен түрінен тұратын оқу тәрбиелік процестің жүйе түзуші элементі ретінде талап етеді. Ол оқушыларды тәрбиелеу кезінде жүйелі түрдегі тәсіл негізінде жасалуы керек. Бұл жағдай толыққанды орта кәсіби білім беруге жатады, бұл типтегі мәселелер елдегі болып жатқан түрленулер жағдайында мүлдем қарастырылмаған.

Жүйелік әдіс күрделі нысандардың ғылыми әдістемелік танымы болып табылады. Әділ шындықты зерттеуде қолданылатын жүйелік тәсілдің болмысы таным нысандарын жүйе ретінде зерттеуде болып табылады.

Жүйені қарастыру кезінде оның ол кірістірілген әлеуметтік жүйе ықпалында екенін ескеру қажет. Сондықтан да педагогикалық жүйенің тиімділігін бағалау кезінде оның компоненттеріне әсер ететін сыртқы жағдайларды да ескерген жөн.

Педагогикалық жүйені жасау үшін қажетті және жеткілікті болып табылатын компоненттер мыналар:

– педагогикалық мақсат;
– ақпарат, оның игерілуі үшін жүйе жасалады;
– педагогикалық коммуникация тәсілдері;
– жүйе нысандары;
– оның субъектілері.

Мақсат – жүйенің субъектілері мен нысандарының қызметінің мазмұнын анықтайтын алдыңғы және жүйе түзуші компоненттерінің бірі. Мақсат ретінде, біз колледж оқушыларының бойындағы Қазақстан Республикасының патриот азаматына тән қасиеттердің қалыптасуын анықтаймыз. Әрекеттің мақсаты оның міндеттерінде нақтыланады. Колледж оқушыларының бойында отансүйгіштіккеты тәрбиелеу міндеттері болып мыналар табылады: оқушыларда пәлсапалық-дүниетанымдық бағытты қалыптастыру; оқушыларды Отанның мәдениеті мен тарихының байлығын, ерекшелігін бейнелейтін

әлеуметтік-мәдени құндылықтарға араластыру; азаматтылық пен патриоттылықты көрсету үшін, өз борышын орындауға лайықты, нақты жағдайлар жасау; ұжымдық өмірдің заңдары мен нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті дамыту; еңбекке өмірдің оң әсерлі маңызды құндылығы ретінде қарауға тәрбиелеу, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін еңбек етуге талабын дамыту; рухани өмірге, адамгершілік салауатты өмір салтына талаптылықты қалыптастыру мен дамыту.

Осы мақсаттар мен тапсырмаларды басшылыққа ала отырып, колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие берудің педагогикалық бағдарламасы жасалды. Ол мыналарды қарастырды:

– оқушылардың бойында отансүйгіштікке қасиеттерді қалыптастыру бойынша тәрбиелеу жұмыстарының күйін сараптау мен зерттеу;

– колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие беру бойынша жұмыстардың жүйесін жасау;

– оқу уақытында және оқудан тыс уақытта жүргізілетін өзара байланысты педагогикалық және ұйымдастырылған жиындарды бейнелейтін колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие беру бойынша жұмыстар жүйесін жасау және ол мыналарды кірістіреді: тиімді отансүйгіштікке тәрбие беруді қамтамасыздандыратын колледжде педагогикалық ортаны ұйымдастыруды; сабақ барысында колледж оқушыларының бойында отансүйгіштікке қасиеттердің қалыптасуына бағытталған педагогикалық ықпалдар; сабақтан тыс уақытта жүргізілетін отансүйгіштікке тәрбие беру іс-шаралары; білім алушылардың клубтардың жұмыс жасауын ұйымдастыру;

– колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие беру бағдарламасы тиімділігінің бағалау критерийлерін жасау: когнитивті, эмоциялық-құндылық, іс-әрекеттік, мотивациялық;

– колледжде білім беру үдерісінде педагогикалық эксперименттер жүргізу барысында колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие беру бойынша жұмыстар жүйесін ендіру.

Колледждегі оқушыларға отансүйгіштікке тәрбие беру бойынша жұмыстардың жоғары тиімділігі мен нәтижелілігі қамтамасыз етіледі, егер мына төмендегілер жасалса деген болжамдар алынған:

1. колледжде қазіргі таңғы жағдайларда тәрбие беру талаптарына сай келетін педагогикалық орта ұйымдастырылған болса;

2. отансүйгіштікке тәрбие беру кезеңдері оқушылардың бойында патриоты азаматтың қасиеттері қалыптасқандығын сипаттайтын негізгі компоненттердің қалыптасуымен байланысты мақсатты бағытталған динамикалық басқарылатын үдеріс ретінде ұйымдастырылатын болса; отансүйгіштікке қасиеттер когнитивті, эмоциялық, мотивациялық және оқушы тұлғасының қызметтік саласына тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін педагогикалық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын болса;

3. отансүйгіштікке тәрбие беру іс-шаралары жиынтық және жүйелі түрде сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін болса.

Колледж оқушыларына отансүйгіштікке тәрбие беру жұмыстарын өткізу барысында келесі төмендегі маңызды жайттар ескеру қажет:

1. Колледж орта кәсіби оқу орны ретінде – бұл өзара байланысты қосалқы жүйелерден – оқу мекемесінің ішінде мақсатты қызмет атқаратын элементтерден тұратын педагогикалық жүйе. Мұндай қосалқы жүйелер болып мыналар табылады: басқарушылық, оқу тәрбиелік, шаруашылық және т.б. Бұлардың қатарына отансүйгіштікке тәрбие берудің ұсынылып отырған қосалқы жүйесін де жатқызуға болады. Қосалқы жүйелердің әрқайсысы колледждің жұмыс жасау процесіне өз үлесін қосады және олардың барлығы жалпы ортақ тапсыраларды шешуге бағытталуы керек – өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылып отыратын, жан-жақты дамыған тұлғаны, Қазақстан Республикасының патриот азаматын, кәсіби маманды қалыптастыру керек.

2. Отансүйгіштікке қасиеттер динамикалық түзілулер болып табылады. Олар жасалған педагогикалық бағдарламалардың субъектілерінің ұйымдастырылған, мақсатты бағытталған әсерімен пішінделіп, дамытыла алады.

3. Патриот азаматтың қасиеттері арнайы ұйымдастырылған әсерлердің арқасында ғана емес, сонымен қатар педагогикалық орта жасаған колледждегі тіршілік жағдайларымен, жұмыстарымен де қалыптасып, дамытылады.

4. Бағдарламаның тиімділігі белгілі бір деңгейде педагогтардың тәрбие беру жұмыстарына дайындық деңгейімен, олардың осы жұмыстағы белсенділігімен анықталады.

Бағдарлама қоғамның әлеуметтік тапсырмасы мен үш негізгі функциясын жүзеге асырады: тәрбиелік (патриот азаматтың құндылық бағытын дамыту), дидактикалық (білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды қалыптастыру), дамытушылық (азаматтық және отансүйгіштікке қасиеттерді дамыту). Осы жүзеге асырылатын функциялар бағдарлама құрылымын анықтайды. Ұйымдастырушылық жоспарда оның компоненттері болып мыналар табылады: педагогикалық орта, оқу процесі және сабақтан тыс уақыттағы тәрбиелік жұмыс.

1 Пятикоп А.И., Шамардин В.И. Воспитание патриота. // Педагогика. 2000. № 4.

2 Сейдахметова Л.Т. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000 жылдар): дис. ...канд. пед. наук. - Алматы, 2001.

3 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбие тарихы дәрісінің бағдарламасы. -Алматы, 1994.

4 Сейдахметова Л. Жасөспірімдерді тәрбиелеу барысындағы ұлттық патриотизмнің бастау-лары.- А-ты, 2007ж.

Резюме

Системный подход к патриотическому воспитанию учащихся средних профессиональных учебных заведений

Саудабаева Г.С. – ассоциированный профессор, д.п.н. КазНПУ им. Абая, gylmiraS75@mail.ru

Айтбаева М.А. – и.о. ассоциированного профессора, к.п.н., КГУ им.Коркыт Ата, maira71@list.ru

В статье рассматриваются проблемы патриотического воспитания молодого поколения. В условиях нарастающей угрозы международного терроризма, псевдорелигиозного экстремизма патриотическое воспитание молодых людей должно определяться исключительно национальными интересами Казахстана и способствовать их активному участию в обеспечении ее безопасности от внешних и внутренних угроз, вызовов и посягательств.

Раскрывается роль средних профессиональных учебных заведений в этом процессе, в которых воспитание должно представлять собой организованный, спланированный и систематизированный процесс, опирающийся на педагогические принципы. Выделяется значение руководства и педагогического состава учебных заведений. Определяются основные направления содержания патриотического воспитания в колледже: формирование у учащихся профессионально-значимых качеств; формирование патриотизма; формирование положительной мотивации к учебе и будущей успешной профессиональной и социальной самореализации; нравственное воспитание; формирование здорового образа жизни и др. Выделяются принципы патриотического воспитания. Указывается на важность системного подхода к воспитанию учащихся. Выделяются условия высокой эффективности деятельности по патриотическому воспитанию учащихся в колледже.

Ключевые слова: патриотизм, патриотическое воспитание, содержание, методы и формы патриотического воспитания.

Summary

Approach of the systems to patriotic education of students middle professional educational establishments

G.S.Saudabayeva – professor, Abai KazNPU, gylmiraS75@mail.ru

M.A.Aitbayeva – acting as professor**,** Korkyt Ata KSU, maira71@list.ru

The problems of patriotic education of the young generation are examined in the article. Based on the analyses of the patriotic literature and on practical experience, the criteria of patriotic courteousness if students are defined in the article.

The role of middle professional educational releaved in this process, in which education must be organized, planned and systematized process, leaning on pedagogical principles.The importance of guidance and pedagogical composition of institution are highlighted. Basic directions of maintenance of patriotic education are determined at the college: forming at professionally-meaningful qualities of students ; forming of patriotism; forming of positive motivation to the learning and future successful professional and social self-realization; moral education; forming of healthy way of life and other principles of patriotic education are releaved. Indicated on importance of the system approach to education of students. The terms of high efficiency of activity are highlighted on patriotic education of students at the college.

Keywords: patriotism, patriotic education, methods and forms of patriotic education.

ӘӨЖ 373.1.013:37.033/.035

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Р.Ш. Избасарова – Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ғ.к., профессор, aseri11@mail.ru
А.Е. Аликеева – Абай атындағы ҚазҰПУ, биология 2-курс магистранті

Мақалада қазіргі таңда жас ұрпақты қыр-сырынан тани білу, халқымыздың мәдениетін, тарихын, халықтық тағлымдарын бойларына сіңіру ізгі істерді бастар жолда аса мән беріледі. Оқушыларды өзінің Отанын, ұлтын, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканы енгізу кең өріс алып келеді. Этнопедагогика – балаларды, этникалық топтарды тәрбиелеу мен білім берудің отбасы, ру, тайпа, ұлт пен ұлыстардың моральдық-этникалық және эстетикалық құндылықтарының ежелден жинақталуы – эмпирикалық тәжірибесі жайлы ғылым.

Бұл салада басқа пәндер сияқты, биология сабағының да мол мүмкіндіктері бар. Біз қай сабақ болмасын, оның үш бірдей дидактикалық мақсатқа сай жүргізілетінін білеміз.

Биология сабағынада белсенділігін, қызығушылығын, сүйіспеншілік мәні бар білім беру үшін этнопедогогикалық элементтерін қолдану керек. Өсімдіктер әлемін балдырдан оқу басталады (құрылыс ерекшеліктері, көбеюі, даму т.б.) яғни көп жасушалы балдырлар, одан ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер, дара және қос жарнақты өсімдіктер, одан төменгі сатыдағы өсімдіктер және жоғары сатыдағы өсімдіктер оқушыларға тәрбиелік мәні бар білім береміз. Биология сабағында тірі табиғат бұрышындағы жинақтамалар бөлімінде әртүрлі табиғи мекен орталарына өсімдіктердің бейімделуі (орман, шалғындық, дала, өзен, көл, таулар және т.б.).

Түйін сөздер: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, биология сабақтар, қазақтардың мәдениеті.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердегі оқушыларға халық педагогикасының үлгі өнегелерін оқу – тәрбие үрдісінде тиімді қолдана білуі керек. Қазіргі таңда ғалымдар әр балаға жеке бағытталған тәсіл керек екендігін, бала жеке тұлға, онымен әрқашан санасу керектігін айтады. Ал біздің ата – бабамыз ерте бастан – ақ балаға ерекше көңіл бөліп, өмірлік тәжірибеде ешбір тыйым салусыз-ақ өз қалауынан адамгершілік мақсат-мүддеге сәйкес әдептілікті, мысалдар арқылы дана түрде жеткізіп отырған. Оқушыларды өзінің Отанын, ұлтын, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканы енгізу кең өріс алып келеді.

Этнопедагогика – балаларды, этникалық топтарды тәрбиелеу мен білім берудің отбасы, ру, тайпа, ұлт пен ұлыстардың моральдық-этникалық және эстетикалық құндылықтарының ежелден жинақталуы – эмпирикалық тәжірибесі жайлы ғылым. Ұлттар мен ұлыстардың өмір сүру дәстүрлері мен салт, әдет-ғұрып, ырым-жоралғыларының қазақ халқында бәріне бірдей санасында тұрақталып қалған тәлім-тәрбиесі. Этнопедагогика – тұлғаны заңдылық сипаты бар әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, әртүрлі әлеуметтік бірлестіктердің қарым-қатынасының құндылықтарынан үйренуге, ұлттық тәрбие ісіндегі жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға бейімдейтін көп салалы білімдердің ғылыми негізі [1, с.46].

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру мен тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті. Қазіргі таңда жас ұрпақты қыр-сырынан тани білу, халқымыздың мәдениетін, тарихын, халықтық тағлымдарын бойларына сіңіру ізгі істерді бастар жолда аса мән беріледі. Біздің мәселеміз бойынша Отандық ғалымдарымыз Т.К. Самұратова, Г.Габбасов, М.Мұқанов, В.С. Кузин, Г.А. Мамықова және т.б. еңбектерінен көруге болады [2, с.16]. Бала психикасының әр жаста әр алуан болып келуі әлеуметік ортаның недәуір ықпалы бар. Қазақ балаларының ертерек ес тоқтатып, етек жабуына сол кездегі ұлттық психология мен педагогиканың әсері болса керек. Қазақ халқының ұлттық психологиясы баланың жас кезеңдерін еспке ала отырып, оған көп мән беріп отырған. Осы үмітті ойдағыдай ақтау үшін, біздің мектептеріміз балалардың бойына ұлттық педагогика тағлымдарын алғашқы күннен бастап оқыту, үйрету, тәрбиелеу және даму үрдісімен толық ұштастыра жүргізуде, өз өрендеріне дүниенің алуан түрлі қыр-сырын ашып береді.

Тәрбиенің мұндай түрі әрбір адамның планетарлық ойлауын дамытып, азаматтық қауымдастықтың өткеніне, бүгінгісіне және болашағына қатысты болатынын сезіндіреді.

Ұлттық білім берудің негізгі ошағы — ауыл мектебі. XXI ғасырдағы ауыл мектебінің мәртебесі – жаңаша ойлайтын, ауыл өміріне, кері қоғам өміріне, саяси әлеуметгік өзгерістерге белсене арала-

сатын азаматтық түлғаны, ұлттық рухы, менталитеті жоғары, білімді де білікті, ұлтын сүйетін дара тұлғаны даярлау. Ешбір халық өз ұрпағын жаман болсын, мұрасыз-мұратсыз болсын демейді. Жақсы ғұрпын дәстүр-өнеге етіп ұстайды. Өздерінің сезім өрісін кеңейтіп, эстетикалық талғамын оятқан қазақ халқының таң ғажайып әсем де әсерлі дәстүрлеріне халқымыз аса бір ілтипатпен қарап келген. Әр бір табиғат көрінісінің тұнығын бұзбай аялауды, «обал» деп сылап-сипап отырған. Туған жер, Отан, Атамекен десе ең алдымен сол жердің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын, ұшқан құс, жүгірген аңын есіне алған. Алыста жүріп аңсап сағынса соны жырға қосқан, қуаныш мерекссіне соны мақтан еткен.

Тұтас алғанда халықтың өзі мекен еткен тау мен даланың бай табиғаты, жыры сияқты. Демек, халық тұрмысқа керекті заттың қажетін ғана емес, рухани қажетін, творчеетволық шабыт кезін де табиғаттан тапқан. Сұлулық пен көркемдікті түсіне білудің өзі үлкен эстетикалық тәрбие күші. Ұшқан құс, жүгірген аң, өзен-көл, тау-тас, өсімдіктер дүниесі бәрі де адамға ләззат береді. Олардың жазықсыз жәбірлеуге, елтіруге, отауға арамдауға, бүлдіруге, құртуға болмайды — дейді халық дәстүрлерінде. Ес білгеннен бастап ата-анасынан ел ағасынан, үлкендерден ене бойы айтылатын өсиеттермен тәрбиеленген ұрпақ өзі де табиғатқа нұсқан келтірмей, келешек ұрпақтарды да сол тәрбие талабына қалыптастырып, алдындағы малы мен айналасындағы табиғаттың игілігін көруге баулиды. Жазықсыз аң мен құсқа мейірлене қарағаннан әр замандағы махаббат сезімі де біреуден біреуге, «ақсұңқарым», «аққуым», «ақмаралым», «балапаным», «бұлбұлым», «тотым» сияқты теңеулермен айтылып, тарағанында да күмән жоқ. Адамды аңға, құсқа тигізбей, олардың өз бетімен еркін тіршілік етуіне мүмкіндік беру үшін. Жануардың қанын босқа төкпеу үшін, адам баласын жыртқыштан, қанқұмарлықтан аяусыздықтан, жаны ашымастықтан бетбақтықтан аулақ ету мақсатымен, бұндай жаман әдеттен адам баласының қоғамын аман алып қалуы үшін, халқымыздың арасына кең тараған аңыздар, дәстүрлер, ертектер көп. Олардың бәрінің де, ойлап қараған кісіге тамыры терең, мазмұны кең, тәрибелік мәні зор, үлгі, есиет аларлық парасаты мол.

Халқымыз обал мен субапты, адалдық пен арамдықты ажырата біледі және бұл ұғымдар ел санасынан ерекше орын алған. Әрбір қазақ бір жұмысты істерде оны жаңағы айтқан төрт тұрғыдан қарайды. Мысалы, қазақ халқы аққуды атпайды. Кім білсін, қай заманнан қалыптасқан дәстүр екенін, қазақтар әйтеуір аққуды қадірлейді. Табиғаттың жандысы болсын, жансызы болсын, қажеттігімен ғана емес, көркімен, айналадағы өмірге сән беріп жарасуымен құнды, өз алдына сырға толы таңғажайып әсері, тарту күні бар эстетика. Бір ғажабы сонан күнбе-күн ләззат, нұр алып отырғанымызды байқамаймыз да. Басқа хаиуанаттар мен құстар дүниесін былай қойғанда, бір ғана осы аққу атына байланысты біз ел аузынан, эпостардан неше түрлі аяулы сөздер естиміз. Әйел қауымының жан нәзіктігін, тазалығы мен сұлулық сипатын, аяулылығын «Аққудай ару» деген бір ауыз теңеу сөздің құдіретінен түсінеміз. Адамның көңіл күйінің жығылуын суреттеген «Аққуы қайтып оралмаған құлазыған көлдей болдым» деген сөздердің құдіретін тағы да аққу атынан табамыз. Міне мұның бәрі табиғат пен етене бауыр болып кеткен халықтың өз айналасындағы аңдар мен құстардың психологиялық күйіне қаншама қанық болғанын, олардың сырт көрінісін қызықтаушы ғана емес, ішкі сырын, өмірін байқап, зерттеп түсінгендігін аңғартады. Тау-тас, орман-тоғай, шөп пен су сияқты андар мен құстар да адамзаттың қажеттін өтеп, сән-салтанатын жарастырып келе жатқан ежелгі досы, сырласы. Тарихқа үңілсек, бұлардың ерте заманда адамзат мәдениетімен өнерінің тапқырлық, ақыл-парасатының өсуіне де көп әсері тигенін көреміз. Аққу серігі мерт болған жерге өзі жанын құрбан ететін оның ұлы қасиеті халық көңіліне ұнаған. Оның аты – опалы, мейірімді, әділетті болу қиянат пен зорлыққа немқұрайды қарамау.

Халыққа ұнаған бұл қасиеттің жас ұрпақты опасыздықтан жиіркендіріп, патриоттыққа тәрбиелеуде философиялық үлкен мән-мағынасы бар екені түсінікті. Әрине аққуға тисең бақытсыздыққа ұшырайсың дегендей сөз тындамас тентектерді қорқыту, жасқандыру үшін қосылған қоспалар болуы мүмкін.

Халықтың адамгершілікті жанашырлық сипаты асыл дәстүрлері міне осындай дүниенің түбегейлі мүддесімен астасып жатқанын сеземіз. Сеземіз де осындай қасиетті ойды ұрпақтан-ұрпаққа тұнық, таза қалпында жеткізуге қызмет істеуге тырысамыз. Басқа бір елдің рухани байлығына, мәдениетіне, салт-санасына, дәстүрлеріне, материалдық қазынасына, табиғат байлықтарына сырттан келген келімсектердің жаны ашымайды. Қайта сол басып кірген жерінің бар байлығын қайтсе де көбірек тартып алуды меншіктенуді көксейді. Тегін жатқан байлық, көлденең олжа жаулап алушылардың көкейтесті арманы. Олар сол жердің негізгі иссінің, сол жерді ежелден пайдаланушы халықтың қамын ойлаған емес. Оны қазақ халқының өмірінен жақсы көруге болады. Келімсектер тек өз

пайдасын көздейді, қалтасын толтырып, керегін алып, болмаса ежелгі жерін, суын тартып алып өз пайдасына жаратып отырады. Тұрмыстың неше түрлі тауқыметін біздің қазақ елі тартты ғой. Жерді отарлау басып алу, зорлық, зомбылық жасау, басьш кіру, тартып алу, халықтың ежелден келе жатқан тыныштығын бұзу, асу, ату, өлтіру сияқты жыртқыштық тәсілдерін бәрін қазақ халқы басынан өткізді.

Табиғаттың ләззатті көктемін адам баласының ақын жанды перзенттерінің жырламағаны жоқ деуге болады. Ақында, жазушы да, ғалым да, композитор мен суретші де табиғат көктемінің сан алуан сырлы сипатын, сұлулығымен кереметін дәріптеп, анадай аялап, сәбидей мәпелеп, көне тарих жолының басынан бері қарай із қалдырып келе жатқаны баршаға белгілі жағдай. Кол-көсір байлықтың тегі-өсімдік дүниесі екенін біздің қазақ халқы жақсы білген. «Көкті жұлма — көктей соларсың» деген нақыл сөзде көк шөпкс деген жанашырлық қамқорлық, философиялық терең мағына жатыр. Бұл нақыл сөз өсімдік қадірін білгендіктен туған. Тамақ, киім, отын, баспана, құрылыс өндіріс материалдары, дәрі-дәрімек бәрінде өсімдіктерден алатыны баршаға белгілі [3, с.36].

Жер бетіндегі өсіп тұрған өсімдікке шапағатты көзқарас халықтың қасиетті сезімі қазақ халқы ұғымында жер өртеу, үлкен кылмыс. Жер мен оның өсімдігі заласыз, зардапсыз, көк әлем. Пісіп тұрған шалғында өртсу елге деген орны толмайтын зиян. Сол үшін де даныяшан Абай «Атың шықпаса, жер өрте» деген сөзді түйреп, «Жер өртеп шығарған атың құрысын» дейді. Көшпелі қазақ ауылдарындағы үлкендср ертеден-ақ кейінгілерге «Отпен ойнама» ден өсиет айтқан. Қадірлі өсиетпен тәрбиеленген қазақ баласы соғыс өртін ешқашанда тудырған емес. Жан иесі ғана емес, жер бетінс шығып көгеріп тұрған өсімдіктерідің дс тіршілігі бар. Кесілген ағаштың немесе жұлынған шөптің аққан сөлі – көз жасы сияқты жас ағаштың сынғанын, гүл-бәйшешектің мезгілсіз жұлынғанын көрсек аяныш білдіреміз. «Көкті жұлма, көктей соларсың», немесе «көктей солғыр», «өспегір» деп біреуге лағынет айту да осындай ұғымынан туғаны өзінен-өзі белгілі. Әрине мұндағы негізгі философиялық мағына тіршілік еткісі келген дүниені тиіспе, залал келтірме, зақымдама деген аталы ақыл. Шынына келетін болсақ өсіп түрған «әдемі ағаштың, гүл, жеміс» ағаштарының адам баласына, түрлі жан-жануарларға, жер көркіне келтірер пайдасы сан алуан. Біреуге риза болғанда «көсегең көгерсін», «өркенің өссін» дейді. Қазақ қандай тамаша жүрекке жылы тиетін тілек. Халықтын өз туындысымен түсіндіргенде: «Бұтақ жайған ағаш қартаймайды, ұрпақ жайған адам қартаймайды» деген мағынада. Оңтүстікте «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген создер бар. Әкесінің егіп кеткен жас шыбығы кейін өсе келе жемісті, саялы баққа айналып ұрпағынан-ұрпағына дәулет болып келе жатқандар да аз емес. Ғасырлар бойы көшіп жүріп малды жайып, бағу биосфера компоненттерігі тиімді пайдаланудың дәстүрлі жолдарын туғызды [4, с.16].

Қазақтың дәстүрлі өсетін – өсімдіктерді «жұлма», «өртеме», «таптама», «кеспе» деп ғасырлар бойы қолдағы барды сақтағысы келсе, ендігі ұрпақ өскелең өмірдің бар мүмкіншіліктерін қолдана отырып, табиғатты одан әрі мол да. Көрікті, сұлу да берекелі ету үшін шел даланы құлпырған орман алқаптарына айландыруда.

Мектепте бірқатар пәндерді оқытуға байланысты бұл мәселе жан -жақты талданған. Этнопедагогиканың озық дәстүрлерін пайдалана отырып, оқушылардың бойынан осынша қасиеттерді қалыптастыру жұмысын жүзеге асыруда – өсімдіктану сабағының орны ерекше.

Мектептің әдістемелік бірлестігінің өсімдіктану сабағында өсімдіктердің дәрілік қасиеттері жайлы және таралу аймағын оқыту барысында этнопедагогика элементтерін жүйелі түрде пайдаланып отырады.

Мысалы, өсімдіктану сабағында мәдени өсімдіктерді түсіндіргенде тек оқулықтағы мысалдармен шектеліп қоймай, халқымыздың тиым сөздерін ұтымды пайдалануға болады. Тиым сөздер – халықтың тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге, ақыл – кеңес берудегі құралдардың бірі. Халықта: «Тыйымсыз елдің жастары дуана» - дейді. Тыйым, негізінен балаларға арналып, өзара жаман әдет, жат пиғылдан, ерсі – қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда өте маңызды қызмет атқарады. Мысалы: «Бір тал кессен он тал ек », «Аққуды атпа», «Бұлақтың көзін бітеме», «Құмырсқаның илеуін бұзба», «Сабаққа кешікпе», «Үлкендердің сөзін бөлме» т.б. сөздер арқылы ата – бабаларымыз жас баланың санасына қоршаған орта, табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатуды көздеген. Халықта «Тәрбие басы – тіл, өнер алды - тіл» - деп бекер айтпаса керек. Сөйтіп, сөз арқылы біз экологиялық тәрбие берумен бірге адамгершілік, жауапкершілік, отанға деген сүйіспеншілік сияқты ізгі қасиеттерге баулимыз [4, с.24].

Дәрілік өсімдіктерді халқымыздың жеті ата, жеті қазына, жеті жұрт, жеті шелпек, бес дұшпан, соған байланысты шығармаларды еске түсіреміз. Мысалы: Ата-бабамыз айтқандай «Жалғыз ағаш орман болмас. Ақыл басқа бітеді, қына тасқа бітеді. Жігіттің екі сөйлегені өлгені, еменнің иілгені

сынғаны. Дәрі шөптен шығады, дана – көптен шығады. Қорада малың болсын, көшеде талың болсын». Осы нақыл сөздер арқылы бала тәрбиесін этно тұрғыдан өткіземіз. Ал қазақ халқының салт дәстүрлері тақырыбын өткенде тойларда, шілдехана, тұсау кесу, сүндет тойда берілетін бата түрлерінен алынған үзінділерден балаға, жастарға айтылған нақыл сөздер мен тілектердің мағынасын түсіндіру арқылы қазақ отбасында ежелден бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгеніне назар аударған абзал [5, с.21].

Қазақ халқының сакральды (қасиетті) ұғымдарының бірі – «Өсімдік» ұғымы болған. Оған арналған көптеген мақал-мәтелдер бар. Мысалы: «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі.», «Жел соқпай шөптің басы қозғалмас», «Дәрі шөптен шығады, дана – көптен шығады». Көптеген мақал – мәтелдер табиғатты қорғауға, аяалауға шақырады. «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді». Ал еңбек, еңбекқорлық туралы қаншама: «Біртал кессең, он тал ек», «Қорада малың болсын, көшеде талың болсын», «Берген алар, еккен орар».

Қазақ халқының мақал-мәтелдері жас ұрпақты, ата-ананы, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеуге бағытталған. «Жеті атасын білмеген – жетім», «Әкеге қарап, ұл өсер, шешеге қарап, қыз өсер», «Ағайын алтау, ана біреу». Оқушыларды тәрбиелеуде отбасында сақталатын салт-дәстүрлердің орны ерекше.

Этнопедагогика – тек халық даналығы, халықтың ойы тілегі, адамгершілікті тәрбиелеу бастауы ғана емес, ол осы халықтың қайнар көзі, жаратылысының тамыры.

Қазіргі таңда жастар арасында бой алдырған жағымсыз қасиеттер мен сүреңсіз іс – қылықтардың етек жаюы – халықтық тәрбиеден қол үзіп бара жатқанымыздың нәтижесі екені даусыз.

Сурет 1 . Қазақ халқының этнопедагогикасының өзгешеліктері

Биология сабағынада белсенділігін, қызығушылығын, сүйіспеншілік мәні бар білім беру үшін этнопедогогикалық элементтерін қолдану керек. Өсімдіктер әлемін балдырдан оқу басталады. (құрылыс ерекшеліктері, көбеюі, даму т.б.) яғни көп жасушалы балдырлар, одан ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер, дара және қос жарнақты өсімдіктер, одан төменгі сатыдағы өсімдіктер және жоғары сатыдағы өсімдіктер оқушыларға тәрбиелік мәні бар білім береміз. Биология сабағында тірі табиғат бұрышындағы жинақтамалар бөлімінде әртүрлі табиғи мекен орталарына өсімдіктердің бейнеленуі (орман, шалғындық, дала, өзен, көл, таулар және т.б.).

Мекен ету ортасы ретінде топыраққа экологиялық бейімделуші формалар және өсімдіктердің өмірлік формалары бар.Өсімдіктердің қорғаныштық бейімделушіліктері (құрылысы, түр-түсі, көбеюі, дамуы, тыныс алу, коректену т.б.). Өсімдіктердің мәдени формалары (түрлік сан-алуандық) агрожүйедегі мәдениеттендіру. Өсімдіктердің шөп коректі жануарлардан қорғанатын аналогиялық мүшелері (арша, таңқурай, итмұрын, бөріқарақат).

Демек, өсімдік адам үшін азықтың қайнар көзі. Адамдардың өміріне, тіршілік қажетіне бірден-бір жарамды мәдени өсімдіктер дәнді (бидай, жүгер, күріш, тары, қарақұмық), майлы (күнбағыс, зығыр, жер жаңғағы), талшақты (ақ мақта), бау-бақша өсімдіктері (орамжапырақ, қызанақ, баклажан, қарбыз, қауын, дақылдар мен жеміс-жидектері (алма, шие, таңқурай, қарақат, грек жаңғағы т.б.) болып табылады.

Сонымен, халықтық педагогика элементтерін сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жүйелі түрде оқытудың дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдерімен үштастыра пайдалану математиканы оқытудың

тиімділігін арттырып, оқушылардың математиқалық білімді игеруін қамтамасыз етеді және олардың тіл байлығының, ойлау қабілетінің дамуына, адамғаршілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетіле түсуіне ашады. Ең бастысы, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Демек, халықтық педагогика элементтерін пайдалану - мазмұндық тұрғыдан білім көздерінін бірі. Сондықтан ол гылыми негізде жасалған оқытудың құралыи және мектептердің істәжірибесінде сыналған әдістемені қажет етеді.

1 Жұмабаев М. Педагогика.– Алматы, Рауан, 1993ж. - 180 б.
2 Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының негіздері. - Алматы, Білім, 2003ж. - 85 б.
3 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, Санат, 1995ж. - 140 б.
4 Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері.– Алматы, 1995ж. - 149 б.
5 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.– Алматы, Санат, 2001ж. - 150 б.

Резюме

Необходимость применения элементов этнопедагогики на биологии

Избасарова Р.Ш. *– к.п.н., профессор КазНПУ им. Абая,* aseri11@mail.ru

Аликеева А.Е. – *магистрант 2 курса специальности Биология КазНПУ им. Абая*

В статье раскрывается необходимость знаний учащимся общеобразовательной школы как о современном развитии науки, так и о культуре и наследии казахского народа. Понятия Родина, народ, служение ему должно стоять во главе воспитания детей.

Этнопедагогика – наука об эмпирическом воспитании детей посредством знаний об народном этносе, семейных, родовых, морально-этнических и эстетических ценностях.

Этнопедагогика разрабатывает методы применения элементов народной педагогики в учебно-воспитательный процесс школы. Наряду с другими школьными предметами биология вносит большой вклад в развитие учени-ков посредством народной педагогики.

На уроках биологии есть все возможности применения элементов этнопедагогики. Так на уроках биологии 6 класса посредством учебного материала о растениях Казахстана, их строении, среде обитания можно воспитывать бережное отношение к ним. Биология 6 класса начинается с изучения водорослей, затем голосеменных и покрытосеменных растений, произрастающих в степях, горных местностей Казахстана. Раскрываются знания о применении и сохранение этих растений нашими предками.

Ключевые слова: этнопедагогика, народное воспитание, уроки биологии, культура казахского народа.

Summary

Necessity of application of elements of folk pedagogics on biology

Izbassarova R. – *professor Kazakh national pedagogical university name of Abay,* aseri11@mail.ru

Alikeeva A. – *magister 2 courses Kazakh national pedagogical university name of Abay*

This article discusses the problem of necessary studying to know as modern development of science, so culture and heritage of the Kazakh people. Concepts are Motherland, people, service must him stand at the head of education of children.

Folk pedagogics is science dealing with empiric education of children by means of knowledge about a folk ethnos, domestic, family, morally-ethnic and aesthetic values.

Folk pedagogics develops the methods of application of elements of folk pedagogics in the process of school. Along with other school objects biology brings in a large contribution to development of students by means of folk pedagogics.

There are all possibilities of application of elements of folk pedagogics on the lessons of biology. So on the lessons of biology 6 class by means of educational material about the plants of Kazakhstan, their structure, habitat it is possible to bring up careful attitude toward them. Biology 6 class begun with the study of water-plants, after gymnospermous and покрытосеменных plants sprouting in steppes, mountain localities of Kazakhstan. Knowledge about application and maintenance of these plants our ancestors open up.

Keywords: folk education, lessons of biology, culture of the Kazakh people.

УДК 372.35

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ АКМЕ-КРЕАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Оспанова Б.А. – доктор пед.наук, профессор
Орманова И.А. – магистрант, МКТУ им. Х. А. Ясави
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические условия формирования акме-креативной компетенции будущего учителя русского языка и литературы. Успешность совершенствования системы формирования акме-креативной компетенции будущего учителя русского языка и литературы в значительной мере зависит от применения системного подхода к анализу ее функционирования. Он состоит из содержания обучения, учебных пособий, средств, организационных форм, методов, деятельности педагогических кадров и обучающихся. В этом контексте первоочередной задачей в современных условиях является формирование акме-креативной компетенции как одна из целей профессионально-педагогической подготовки будущего учителя.

Ключевые слова: акме-креативные компетенции, ключевые компетенции, языковые компетенции, самообразовательные компетенции, психолого-педагогические условия.

В настоящее время в Казахстане происходит совершенствование и усложнение сферы вузовского образования. Особую роль в этом приобретает проблемы подготовки учителя нового типа, учителя-профессионала, способного к творчеству, к быстрому и качественному решению возникающих перед ним педагогических задач. Вузу необходимо подготовить студентов к творческой педагогической деятельности, в которой приобретаемые профессиональные навыки будут средством развития личности ученика. Важнейшими компонентами такой подготовки являются развитое творческо-креативное мыщление и способность к его саморазвитию, формирование акме- креативной компетенции будущего учителя.

В связи с этим, важнейшей задачей профессионального образования является создание эффективных психолого-педагогических условий, развивающие креативные способности и качества личности студента, как будущего учителя русского языка и литературы для акме-креативной педагогической деятельности.

В образовательной сфере отведенная роль значению русского языка становится очевидной. Это требует от преподавателей русского языка и литературы качественного анализа теоретического и практического материала. Как известно, в основе большинства обучающих материалов лежат элементы грамматики и обилие специфической лексики, однако на определенных этапах обучающиеся могут столкнуться скорее со сложными темами, но они необходимы будущим молодым учителям. И это возможно работая последовательно, шаг за шагом.

Отметим, что совокупность *психолого-педагогических условий* реализации акме-креативного подхода в профессионально-педагогическом образовании определяется:

- сущностью самого акме-креативного подхода (его основными положениями, базовыми принципами и т. д.);
- содержанием акмеологической направленности личности как цели реализации акме-креативного подхода;
- спецификой акме-креативной образовательной среды, организационных условий и субъектов деятельности учреждений, в которых осуществляется реализация акме-креативного подхода (вуз).

Поэтому, в контексте нашего исследования, концептуальными *психолого-педагогическими условиями* явились:

- информационные условия - контекстность и ценностное наполнение содержания образования;
- личностные условия - актуализация педагогами знаний, необходимых для реализации акме-креативного подхода в своей деятельности, осмысление и учет ими детерминант акме-креативного развития личности студентов; профессионального саморазвития и т. д.;
- технологические условия-ориентация на положения активно-деятельностного, личностно-ориентированного, развивающего подходов; инновационность, диалогичность, контекстность, практико-ориентированность образования; интегративный подход к организации акмеолого-направленной деятельности преподавателей вуза; применение средств и методов игрового образования, тренингов

мотивации достижений, целеполагания и рефлексивных тренингов.

Особо подчеркнем, что индивидуализация процесса обучения требует самостоятельного изучения студентами значительного объема учебного материала; серьезной и вдумчивой работы преподавателей по определению наиболее сложных и методически важных разделов и тем учебных курсов для лекций, семинарских и практических занятий по русскому языку и литературе.

Так, при выборочном обследовании выяснилось, что только 11,6 % студентов значительно увеличили время на самостоятельную работу, 20,9 % стали заниматься самостоятельно больше, но незначительно, а почти половина обследуемых (47,4 %) тратят на самостоятельную работу столько же времени, как и в прежние годы.

Следовательно, на современном этапе развития вузовского образования смыслом профессионально-педагогической деятельности становится создание оптимальных условий для саморазвития студентов, их самореализации, самовоспитания.

Таким образом, направленность педагогического образования в сторону усиления самостоятельной работы студентов обусловлена вовлечением их в активную познавательную деятельность, включением в субъект-субъектные отношения, что в свою очередь требует правильной методической организации, в особенности разработки эффективного дидактического инструментария.

Нам бы хотелось обратить внимание, что в современной педагогической литературе раскрыты различные типы учебных заданий, основными из которых выделяются:

- задания рецептивного характера, направленные на усвоение знаний;
- задания репродуктивного характера, направленные на применение знаний по образцу в знакомой ситуации;
- задания творческого характера, направленные на применение в незнакомых ситуациях.

Эти типы заданий на занятиях русского языка и литературы воплощаются в самых разнообразных видах заданий: устных и письменных, тренировочных и контрольных, самостоятельных и аудиторных. Одним из оптимальных способов опережения являются обеспечение каждого студента специальной информационной картой по преподаваемой дисциплине, которая является для него путеводителем в продвижении по усвоению данного курса. Особого внимания заслуживает объем и посильность учебных заданий. Смысл использования опережающих заданий на занятиях русского языка и литературы заключается в следующем:

- предварительная психологическая готовность к беседе на лекции, к диалогу, сотрудничеству;
- повышение интереса и познавательной активности студентов при выполнении учебных заданий;
- создание у будущих учителей установки на акме-креативную деятельность, на постоянный поиск;
- формирование профессиональных умений управлять своим эмоциональным состоянием, свободно излагать свои мысли перед аудиторией и др.;
- развитие рефлексивного типа мышления, сознательное восприятие теоретического материала.

Совершенно очевидно, что для эффективного проведения и организации самостоятельной работы необходима предварительная подготовка и умелое руководство со стороны преподавателя. К числу основных дидактических требований, которых мы придерживались в ходе опытно-педагогической работы, нами отнесены:

- организация самостоятельной работы на всех этапах учебного процесса;
- подход к обучаемому как субъекту учебной деятельности:
- дифференциация заданий с учетом когнитивных способностей студента.

Продуктивная когнитивная деятельность возможна при условии, если:

- они имеют доступ к источникам учебной информации;
- владеют знаниями о рациональных приемах учения и соответствующими умениями организации своей учебной работы;
- знают и умеют применять методы и средства самоконтроля и самоуправления;
- обладают положительной мотивационной установкой на овладение соответствующим учебным материалом в заданном объеме и в заданное время.

Известно, что основным условием, обеспечивающим формирование акме-креативной компетенции будущего учителя русского языка и литературы в системе университетского образования, является эффективно организованный педагогический процесс.

В программных документах по модернизации высшего образования в сфере самостоятельной познавательной деятельности, выделяется компетентность, основанная на усвоении способов самос-

тоятельного приобретения знаний из различных источников информации, в том числе внеучебных.

В настоящее время в связи с увеличением темпов развития общества, вхождением в европейское образовательное пространство, увеличением роли информации во всех сферах деятельности значительно изменились требования к подготовке студентов. Выпускники вузов должны обладать набором *ключевых компетенций*, то есть *знаниями, умениями и навыками*, необходимыми для эффективной профессиональной деятельности. Это предполагает приобретение *опыта* быстрой адаптации в меняющихся экономических условиях, развитие *языковой компетенции*, совершенствования навыков общения как на родном, так и на иностранном языке, как показывает опыт работы в вузе со студентами-первокурсниками.

Предлагаемое исследование опирается на понятие практико-языкового самообразования, под которым мы подразумеваем процесс, направленный на формирование практико-языковой *самообразовательной компетенции*, то есть способность поддерживать и повышать в процессе самообразования уровень владения русским языком для непрерывного совершенствования профессионально-педагогической деятельности.

Реализация данной программы происходит с учетом следующих педагогических и методических *принципов*: коммуникативной направленности, культурной и педагогической целесообразности, интегративности, автономии студентов.

Принцип коммуникативной направленности предполагает преобладание проблемно- речевых и творческих упражнений и заданий над чисто лингвистическими, репродуктивно-тренировочными, использование аутентичных ситуаций общения, развитие умений спонтанного реагирования в процессе коммуникации, формирование психологической готовности к реальному иноязычному общению в различных ситуациях.

Принцип культурной и педагогической целесообразности основывается на тщательном отборе тематики курса, языкового, речевого и литературно-художественного материла, а также на типологии заданий и форм работы с учетом возраста, возможного контекста деятельности и потребностей студентов.

Принцип интегративности предполагает интеграцию знаний из различных предметных дисциплин, одновременное развитие как собственно коммуникативных,так и, информационных и социальных умений.

Принцип автономии студентов реализуется открытостью информации для студентов о структуре курса, требованиях к выполнению заданий, содержании контроля и критериях оценивания разных видов устной и письменной работы, а также о возможностях использования системы дополнительного образования для корректировки индивидуальной траектории учебного развития.

Подчеркнем, что задачи и содержание самостоятельной работы обусловлены, прежде всего, требованиями мобильности (адаптивности) в использовании русского языка. Степень этой мобильности обеспечивается за счет способности и готовности студента к продуктивной самостоятельной работе над изучаемым языком, к дополнению своих языковых знаний и умений, коррекции и совершенствованию, поддержанию достаточно высокого уровня владения русским языком, устранению возможных ошибок и неточностей. В связи с этим самостоятельная работа становится важнейшим компонентом учебного процесса, так как в условиях дефицита учебных часов и насыщенной программы большая часть материала должна быть изучена во внеучебное время, без потери качества. Чтение для удовольствия дает студентам возможность "почувствовать язык" и сравнить авторский стиль с манерой письма других писателей.

Одной из проблем, с которой сталкиваются преподаватели русского языка и литературы, занимающиеся домашним чтением систематично, является контроль этого вида самостоятельной работы студента.

Так, на кафедре русской филологии МКТУ им. Х.А.Ясави используются новые формы контроля индивидуального чтения художественных текстов. Один из них это замена традиционной методики "приема" домашнего чтения в виде "сдачи определенного количества знаков", на создание творческих индивидуальных электронных презентаций (одной или нескольких в зависимости от объема прочитанных произведений). Зачетное занятие, на котором студенты рассказывают о прочитанных произведениях, сопровождая свои выступления презентациями, проводится, как правило, в конце семестра. Преподаватель предлагает определенную схему презентации, для того, чтобы студент смог правильно проанализировать дискурс произведения. Обязательными пунктами данной схемы являются: информация об авторе произведения; основные персонажи; тема произведения; сюжет; основная

идея.

В качестве рекомендуемых слайдов выступают: ключевые слова и выражения из книги, которые студенты находят полезными для дальнейшего использования; иллюстрации; музыкальное сопровождение. Студенты оценивают каждое выступление и презентацию по определенным известным заранее критериям (логическая последовательность, грамотность, лексическая наполняемость, зрелищность) и комментируют свои оценки. Использование аудио и видео спецэффектов, доступность, простота создания, эстетичность результата помогают студенту творчески проявить себя, дают им ощущение успеха в овладении русским языком и литературой.

Ұрпақ тәрбиесі жөнінде өнегелі сөз айтып, қазақ халық педагогикасының мазмұнын байытқан **Асан қайғы, Шалкиіз, Доспанбет, Жиембет, Марғасқа, Бұқар, Қазтуған, Ақтамберді, Шал, Әнет және т.б.** поэзия тіліндегі толғаулары, қанатты сөздері танымдық маңызымен қатар, тарихи, мәдени, рухани, адамгершілік, эстетикалық, отаншылдық, патриоттық тәрбиелік мәнімен де аса құнды. Аузы дуалы жыраулар мен шешен, билер елге басшылық етіп, ақыл-кеңесші болумен бірге, шығармаларында сол дәуірдегі халықтың мұңын, азаттық үшін болған қанды майдан көрінісін, ерлердің ерлігі мен қаһармандығын арқау етіп, тарих шындығын өз жырларына қосты. Олар өз шығармаларында халыққа тән адалдық, патриотизм, гуманизм, еңбексүйгіштік, мейірімділік, достыққа деген беріктілік, өз жауына деген қаталдық, батылдық секілді қасиеттерді жан-жақты жырлады.

Осындай есімдері танымал тұлғалар шығармашылығы мен қатар біз өз тәжірибемізде жергілікті Батыс Қазақстан аймағынан, Ақтөбе өңірінен шыққан хандар мен билердің, батыр бабалар тұлғалары мен олардың шығармаларын, тарихи ескерткіштерді студент жастарға түрлі шаралар көлемінде барынша кеңінен терең таныстырып, насихаттауды мақсат еттік. Бұл бағыттағы тәрбие шараларын да студенттер тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығы туралы мол мәлімет жинақтап, тағылымға толы жырларын жатқа айтып, өзара сайыстар өткізуде зор құлшыныс пен ынта-ықылас танытты. Бабалар рухына бас иген талантты жас ақын студенттеріміз өз туындыларын да ұсынып, шығармашылық шабытпен қызығушылық, белсенділік көрсетті. Оған дәлел ретінде, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай осы мақала авторының басшылығымен ұйымдастырылған «Педагогика және психология» мамандығының студенттері арасында «*Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық мектеп тарихындағы этнопедагогикалық ой-толғаулар*» тақырыбында өтілген танымдық-тәрбиелік іс-шара аясында жазылған *4-курс студенті Әлия Аманияздың* **«Қазақ хандығы»** атты тақырыптағы өзінің жүрекжарды жыр жолдарынан үзінділер келтіріп кетейік.

Шу менен Талас өзені,
Хандықтың бастау өзегі.
Сырдария бойымен
Жетісуды киелі,
Бағындырып бабамыз,
Құрды алғаш өз-елін.
«Қазақ» деген хандықтың,
Тамыры терең жайылған.
Керей мен Жәнібек
Негізін салып қалаған.
Қасым, Тәуке, Тәуекел,
Әділ хандар саналған.
Жеті Жарғы заңымен,
Кезең болды танылған.
Абылай хан боп сайланған тұста қазағым,
Ұмытқан біраз бейнеті менен азабын.
Әскердің саны біразға жетіп бұл тұста,
Салынған екен бұзылмас берік қамалы.
Бұқар жыраудың болатын ол тұс заманы
Елінің болды жыршысы әрі қалауы,
Мұңын да елдің, зарын да шырқар ақындар,
Сол кезде ғана туылған еді-ау талайы.
Ақтабан келіп аңыртқан еді бір кезі,
Алакөл келіп қаңғырған еді бабамыз,
«Елім-ай», деп те әндеткен дана қазағым
Сенің де жоқ қой көрмеген қайғы-азабың.
Мінекей, біздің «Алаш» дер алтын ордамыз,
Қиын тұстарда берілмей болды қорғаныс.
Бас иіп өтем, өмірін қиған әр жанға,
Жол ашқан бізді жетелер сонау арманға.

Осындай шығармашылық шабыт тудырған шаралар мазмұны студенттерді халықтық мәдени-рухани мұраларымыздан хабардар етіп қана қоймай, олардың бойында ұлттық мәдени мұраға деген аса бір құрмет пен мақтаныш сезімін, жалынды жастық шақтағы тұлғалық, азаматтық бейнелерін жетілдіріп, туған ел тарихы мен әдебиетіне деген қызығушылықтарын оятып, елдік рухтарын тәрбиелеуде зор серпін берді деп айта аламыз.

Өз Отаны Қазақ жері, елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен халық батырлары Қазақстанның Батыс аймағында көп болғаны тарихтан белгілі. Олар: ***Махамбет Өтемісұлы, Тама Есет, Есет Көтібарұлы, Табын Бөкенбай, Барақ Батыр*** және «Ат тұяғын тай басар» дегендей Бөкенбай батырдың немересі ***Жоламан Тіленшіұлы*** және Барақ батырдың баласы***Асау Барақ*** және т.б. Есімдері аталған қазақ арыстарының барлығы да Отаны, туған жері, елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен, ерліктері әлемге аян батырлар. Барлығының дерлік батырлығын, елдік істерін бір мақала мазмұнына сыйғызып, сөз ету мүмкін емес. Сондықтан біз өз тәжірибемізде ЖОО жағдайында студенттерге патриоттық тәрбие беру мақсатында жүргізілген мақсатты жұмыстарымыздың мазмұнына арқау болған жекелеген батырлар есімдеріне қысқаша тоқталғанды жөн көрдік.

Ақтөбе топырағында дүниеге келген өзі би, өзі әулие **Есет-Дәрібай Көтібарұлы батыр** бабамыздың «*Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы*» деп ел тәуелсіздігі үшін аттанған тарихи жорықтары өте көп болған. Есет батыр (1803-1889) - Ұлы Борсық бойында Шалқар ауд. Ақши деген жерінде, Шекті тайпасы, Қабақ руы, Қарабас бөлімінің белгілі батыры Көтібар шаңырағында дүниеге келген [7, 393 б.]. Ол 1847-1848 ж.ж. Жанқожа батырмен бірге Қоқан, Хиуа хандығына шабуыл жасады. Осы жорықта жасаған ерлігі үшін кейіннен алтын медальды иеленеді. Сонымен қатар 1847-1858 ж. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерлістерге басшылық етеді. Ол сол кездегі Ресей үкіметінен қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, түтін салығын жою, қазақ даласына жазалаушы отрядтарды жіберуін тоқтату, жайылым жерге еркіндік беріп, Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, Жайық өзендерінің бойына еркін көшіп қонуға мүмкіндік жасауды талап еткен және осы талаптарды орындатқан қазақтың өр мінезді ұлы ретінде танылды. Есет бабамыз өзінің бойындағы қазаққа тән батылдығы мен батырлығын, өжет те өр мінезін:

Мен, мен едім, мен едім,
Қатарға салсаң қайыспас,
Қас қара нар мен едім,
Шабуыл салса шаршамас.
Шыны тұлпар мен едім,
Су шашырап жел тимес.
Аударылмас қара кеме едім,
Қасарысып келгенде,
Қап түбіне сыймаған,
Қара болат мен едім.
Қиянан ұшқан қу ілген,
Анық сұңқар мен едім.
Тегеурінім теріс біткен,
Тепсем жілік сындырған
Қыран бүркіт мен едім,-

деп жыр жолдарымен суреттеген.

Нар тұлғалы бабамыздың ерлігі мен батырлығына, оның ірі дене бітіміне таң қалған орыстың атақты ғалымы Е.П.Ковалевский ол «Дала Геркулесіне»тең келеді, оның«келбеттілігі мен парасаттылығына европалықтар да тәу етер еді», деп жазып, Есет Көтібарұлыныңшойыннан құйылғандай кесек пішіні мен табиғатына сай сұлулығына, жанкешті батырлыққа толы әдіс-айласына таңданысын

жасырмайды [7, 397 б.]. Сол секілді Қазақстан тарихы мен әдебиетінде есімдері айрықша айтылатын Ақтөбе өңірінде дүниеге келген мемлекет қайраткері, қолбасшы, саясаткер, дипломат **Есет Көкіұлыбатыр** (1667-1749 ж.) мен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ханның кеңесшісі болған, танымал жырау **Мөңке би Тілеуұлының**(шамамен 1675 – дүниеден өткен жылы белгісіз) өмірі мен ерліктері, өнегелі ой тұжырымдары студент жастарды туған жер мен елді сүюге, ата-ананы, ағайын-туысты қадірлеуге үндейтін патриоттық рухқа толы туындылар.Мәселен, Мөңке би өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдырған жырау ретінде танылды [8, 577 б.].

Көшпелі өмірдің тіні бұзылмаған қоғамда заман ағысын аңдап, оның келешек кескін-кейпін дәл болжай білу Мөңке би шығармашылығының басты белгісі, ерекшелігі екенін де көруге болады. Ел аузында Мөңке би мың жылдығын болжап кеткен деген ой айтылады. Қарт аталармыз Мөңке би былай деп қазақ халқын келешекте не күтіп тұрғанын болжап берген деседі. Оның дәлелі бабамыздан қалған мына бір жыр жолдары:

Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы,төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң аурып қалатын
Бежірей деген қызың болады.
Алдыңды кес-кестеп өтетін
Кекірей деген келінің болады,
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмәлдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады… -

деп, ашы да болса шынайы қазіргі біздің дәуіріміздің бейнесін аса бір көрегендікпен қатаң сынға ала отырып, дәл болжап айтқанбабамыздың ой-тұжырымдары екендігін мойындауымыз қажет. Жыр жолдарына байыппен үңіліп қараған оқырманы Мөңке би бабамыздың сынынан сабақ алуы тиіс деп білеміз. *Ежірей* атты ұл мен *Бежірей* атты қыздан, *Кекірей* атты келіннен сақтану үшін нағыз өз ұлтының болмысын, ата дәстүрін құрметтейтін, терең тәрбиелі, білімді ұрпақ тұлғасының қажеттілігі туралы ой тұжырымдарын тәрбиенің талабы деп қабылдағанымыз жөн. Міне, осындай өнегелі өсиет қалдырған Мөңке бидің біздің заманымызға «Өттің, жалған-ай», «Шалқыма», «Қиқу дәурен», «Жиын алқа, кеңесі» атты төрт күйі жеткен. Дегенмен оның күйлері бұданда көп болуы мүмкін деген болжамдар айтылады.

Мөңке би тарихымызда есімі құрметпен аталатын философ, терең ойшыл, ұлы ақын. Қара қылды қақ жарған, мың жылдығын болжаған дала кемеңгері. Мөңке би бабамызға арналған мәрмәр тастан жасалынған ескерткіш мүсін (тұғырдың биіктігі 2,7 м., ескерткіштің биіктігі 1,5 м.) Ақтөбе қаласының орталығында орналасқан [7, 561 б.]. Біздің жерімізде осындай қазақ тарихында зор беделге ие, нар тұлғалы қоғам қайраткерлерінің болғанын студенттердің бірі білсе, бірі жіті білмейді. Біздің мақсатымыз жалпы қазақ және туған өлке тарихындағы би-шешендер мен батыр бабаларымыздың есімі, өмірі мен шығармашылығы туралы танымдық-тәрбиелік мәні зор туындыларды студент жастарымызға мақсатты түрде, жүйелі, терең таныту.

Сондықтан біз есімі мен ерлігі әлемді мойындатқан қазақ топырағынан шыққан батырларды еліміздің түрлі аймағынан жиналған студенттерімізге кеңінен таныстырып, тарихтағы ерлігі мен батырлығын ұлықтап, үлгі ете отырып, олардың да «**Мәңгі Қазақ елі**», жері, ана тілі, діні үшін «қасық қаны қалғанша» бүгінгі уақыт талабына сай өмір майданында тынымсыз қызмет етуге әрқашан дайын болуын түсіндіріп, бойларына сіңіруге талпындық. Бүгінгістудент жастар, ертеңгі мамандық иелерінің азаматтық тұлғасын қалыптастырып, өмірде кез-келген сынға түсуге дайын, бәсекеге қабілетті «*сегіз қырлы бір сырлы*» етіп,ұлттық патриоттық рухта тәрбиелейміз десек,ең алдымен өз халқымызға тән ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, батыр бабаларымыздың өмірі мен ерлігідәріптелетін тарихи, әдеби деректерді қамтыған асыл мұраларымызды жастар санасынабарынша ЖОО-ғы оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, терең сіңіре білу басты міндетіміз болып қала бермек.

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. //Егемен Қазақстан, 2012 ж. 15 желтоқсан, №828-831 (27902).

2 Бахтиярова Г.Р.Қазақ халқының дәтүрлі педагогикалық мәдениеті:тарихы, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2012. – 372б.

3 Иманбаева С.Т. Жаңа қазақстандық патриотизм – интелектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі. //Педагогика және Психология. – Алматы, 2013, №4 (17). – Б. 98 – 105.

4 Баймолдаев Т.М. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі жастарға патриоттық, тәрбие беру жұмысы. //Білім. – Алматы, 2009. №6 (48). – Б.58-60.

5 Иманбетов А. Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Қарағанды, 2007. – 25 б.

6 Тайжанов А.Т. Тағылымды танымдар: көмекші оқу құралы – Орал: «Ағартушы» орталығы, 2007. – 304 б.

7 Ақтөбе: Энциклопедия. – Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия» ЖШС, 2001. – 748 б.

8 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2004. – 696 б.

Резюме

Возможности патриотического воспитания студентов на основе этнокультурных ценности

Бахтиярова Г.Р. – к.п.н., доцент. Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова. *aibol04@mail.ru*

Нуртазина Н.К.- магистрантка 2 курса по специальности 6М010300- Педагогика и психология, e-mail: naz_gul.kz.@mail.ru

В статье всесторонне проанализирована важность использования этнокультурных ценностей в патриотическом воспитании студентов вуза. Кроме того, даются суждения и мнения ученых о понятиях: «патриотизм», «национальный патриотизм» и «казахстанский патриотизм». Авторы подчеркивают роль рационального использования культурных и духовных ценностей народа, которые основаны на формировании национальной идентичности студентов через любовь к родной земле, через знание, хроники истории страны, знание литературы и региональной этнокультурной специфичности. Авторы рассматривают работу по патриотическому воспитанию со студентами вузов в реальной практике. А также в статье рассматриваются особенности и возможности формирования личностных качеств и развития патриотического сознания молодежи на основе региональных этнокультурных ценностей.

Ключевые слова: народная педагогика, этнопедагогика, традиционная педагогическая культура, народное воспитание, патриотическое воспитание, патриотизм, казахстанский патриотизм.

Summary

Possibilities of patriotic education of students on the basis of ethnic and cultural values

Bakhtiyarova G. – candidate(Ph.D) of pedagogical sciences, associate professor of the Aktobe Regional State University after K.Zhubanov.*aibol04@mail.ru*

Nurtazina N. – 2th course master specialty of «pedagogics and psychology» naz_gul.kz.@mail.ru;

In this article comprehensively analyzed the importance of ethnic and cultural values in the patriotic education of students of higher educational establishment. In addition, there are given the judgment and opinions of scientists about the concepts of «patriotism», «national patriotism», and «Kazakhstan patriotism». The authors emphasize the role of the rational use of cultural and spiritual values of the people, which are based on the formation of the national identity of students through the love of his native land, through knowledge chronicles the history of the country, knowledge of literature and regional ethnic and cultural specificity. The authors examine the work by patriotic education with students of higher educational establishment in real practice. Also, in this article describes the features and possibilities of the development of personal qualities and patriotic consciousness of youth on the basis of regional ethnic and cultural values.

Key words:national Pedagogy, ethnopedagogy, traditional pedagogical culture, national education, patriotic education, patriotism, Kazakhstan patriotism

УДК 378.14

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ ШАРТТАРЫ

Т.Б. Кенжебаева – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Ph.D докторы, доцент, tattygyl1977@mail.ru

Бұл мақалада ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде сала мамандарын дамыту, әрі бұл ретте жоғары оқу орындарының басымдылығы ерекше екендігіне назар аударылады. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың психологиялық-педагогикалықшарттары қарастырылады. Шарт ұғымының философиялық, психологиялық-педагогикалықтұрғыдан анықтамалары талданады.

Сонымен, мақсатқа жетудегі психологиялық-педагогикалықшарттар жиынтығының бірнеше жолы біріншіден, білім берудің базалық амалдарын таңдау негізі ретінде тұлға бойында дамытатын сапаның мән-мазмұнымен әрі ортаның ерекшелігімен, ұйымдастыру шарттарымен және білім беру мекемесінің (ЖОО) субъекттерімен анықталатыны сипатталады.

Түйін сөздер: зияткерлік әлеует, дамыту, шарттар, болашақ мұғалім, кәсіби іс-әрекет.

Қазақстанда білім беру жүйесін гуманизациялау арқылы нарықтық қатынасты қалыптастыру, яғни отандық қызмет салаларын адамзат жағдайына қарай бейімдеу қазіргі күннің талабы. Оның нәтижесі - жаңа сапалы зияткерлі ұлт. Зияткерлі қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда бізге жаңаша міндеттер жүктелуде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жоғары оқу орындарына (ЖОО) арналған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың негізгі аспектілерін атап өткен болатын. «Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, зияткерлікке, және Отанға, халқына қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» [1].

Сондықтан да жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарға негізделген руханиятты қоғам құру әрбір өміртіршілік саласының міндеті. Қазақстандағы зияткерлік қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен әдепті сақтау, дәріптеу дәстүрге айналғаны абзал. Ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде сала мамандарын дамыту басты орында тұр. Бұл ретте жоғары оқу орындарының ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда орны ерекше.

Сонымен, бұл жағдайға болашақ мамандарды даярлау үрдісінде қандай шарттар әсер ететіндігін талдап көрелік.

Зияткерлік әлеует айқындалған сыртқы және ішкі шарттардың ықпалында дамуы мүмкін. Психология және педагогика ғылымдарында«шарт» ұғымы нысанның оны қоршаған ортадағы құбылыстарына деген қатынасын білдіретін категория ретінде қарастырылады. Ал педагогикалық танымдағы «шарт» ұғымы психологиядан бірқатар айырмашылықтармен сипатталады. Себебі, қазіргі дидактика бойынша «шарт» оқу ісіндегі жетістікті қамтамасыз ететін оқу үрдісінің факторлары мен компоненттерінің жиынтығы ретінде тұжырымдалады. Тәрбие теориясында шарттарды әртүрлі педагогикалық үрдістер тоғысатын орта деп қарастырады.

«Шарт» ұғымының негізгі ерекшеліктері мен белгілерін әртүрлі астарларда қарастырып, талдаймыз. Сөздіктерде «шарт» бір құбылыстың жағдайға тәуелділігі; іс-әрекет, өмірдің бір саласында бекіген ережелер деп түсіндіріледі [2].

Философиялық тұрғыдан заттың қоршаған құбылыстарға қатынасы, тәуелділігі, онсыз ол бола алмайды, «нысандар (заттардың, олардың қалпы, өзара әрекеттестігі) кешенінің мәнді компоненті» деп сипатталады [3]. Яғни, сол құбылыстың нақты шарттарының жиынтығы, оның пайда болуына, әрекет етуіне және дамуына жағдай жасайды.

Психологияда шарт психикалық даму контекстінде ұсынылады және психологиялық дамуды анықтайтын, оны жеделдетіп, не шегендіретін, даму үрдісіне, динамикасына және нәтижесіне ықпал ететін ішкі және сыртқы себептердің жиынтығы арқылы ашылады [4].

Педагогикалық шарттар – мақсатты құрылған жағдай, онда педагогқа оқу-тәрбие жұмысын тиімді іске асыруға көмектесетін психологиялық-педагогикалық факторлардың (қарым-қатынас, құралдар, т.б.) жиынтығы тығыз байланыста болады [5]. Сонымен, кешенді талдау көрсеткендей, «шарт» жалпығылыми ұғым, оның мәні педагогикалық тұрғыда бірнеше сипатталуы мүмкін:

1) шарт – себептердің, жағдайлардың, нысандардың және т.б. жиынтығы;

2) аталған жиынтық оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға ықпал етеді;

3) шарттардың ықпалы оқыту, тәрбие және дамыту үрдістерін жеделдетеді немесе шегендіреді, сонымен қатар оның динамикасы мен нәтижелеріне ықпал етеді.

Ю.К. Бабанский ықпал ету бойынша, педагогикалық жүйедегі қызметтің шарттарын екі топқа бөледі: сыртқы (табиғи-географиялық, қоғамдық, өндірістік, мәдени) және ішкі (оқу-материалдық, мектептік-гигиеналық, моральдық-психологиялық, эстетикалық) [6].

Ықпал ету сипаты бойынша шарттар объективті және субъективті болып жіктеледі. Педагогикалық жүйенің қызметін қамтамасыз ететін объективті шарттарға білім беру саласының нормативтік-құқықтық базасы жатады және білім беру қатысушыларының онда адекваттылығының көрінісіне итермелейтін себептердің бірі ретінде болады. Педагогикалық жүйенің дамуы мен қызмет етуіне ықпал етуші субъективті шарттар педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің әлеуетін, әрекеттерінің келісімділігінің деңгейін, мақсаттық приориттердің және жетекші ойлардың білім алушыларға, т.б. мәнділігінің дәрежесін анықтайды [7].

Акмеологияда шарт мәнді, маңызды жағдай деп танылады және кемелденген тұлғаның жоғары дәрежелі прогрессивті даму жетістіктеріне, ең алдымен тұлғаның кәсібилік деңгейіне жету, оның қызметін атқара білу тікелей шартқа байланысты. Педагогикалық зерттеулерде «шарт» белгілі бір дүниеге ықпал етуші ғана емес, сонымен қатар қажеттілік түрінде сол дүниенің қалыптасып дамуына алғышарт болатын құрал ретінде қарастырылады.

Заманауи ЖОО-на еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр, ол өз кезегінде ЖОО-ны түлегінің өз мамандығына, болашақ педагогикалық, зияткерлік еңбекке деген шығармашылық көзқарас, қарым-қатынас танытуына байланысты [8].

Педагогикалық жұмыстың ерекшелігі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нысаны да, субъектісі де білімалушы тұлға, сондықтан педагог жұмысының қиындығы мен жауапкершілігі оқушы тұлғасын «жасау» және «жаңа өнім шығаруды» жүзеге асыруда байқалады.

П.И. Пидкасистыйдің пайымдауынша, білім беру жүйесінде тұлғаны дамыту өзара байланысқан биологиялық, психологиялық, әлеуметтік бағыттар арқылы жүзеге асырылады және тұлғаны дамытатын ортаны құрайтын әрбір құрамдас бөліктерді шарт деп атайды. Сондай-ақ шарттар жиынтығын іріктей отырып, аса қажетті және жеткілікті шарттар деп жіктейді. Аса қажетті шарттар қатарына студент дамуына қажетті ішкі объективті заңдылықтар енеді. Осы заңдылықтар арқылы дамудың тиімділігін көруге болады; жеткілікті шарттар қатарына дамуға қарама-қарсы тұратын себептер жатады [9]. Ал аса қажетті және жеткілікті шарттар толық болмаған жағдайда даму үрдісінде ауытқулар болып, тіпті даму үрдісі тоқтатылуы мүмкін.

А.В. Морозов, Д.В. Чернилевский болашақ мұғалімді кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғаны педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде дайындау маңыздылығы жайлы А.М. Лузинаның пікірін құптай келе, педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі тұлғаның пісіп жетілуі тек нақты шарттардың негізінде болатынын атайды. Олар, *сыртқы шарттар*: дамудың әлеуметтік жағдайы, ғылымның заманауи даму деңгейі, көпшілік білім беру тәжірибесінің жағдайы, оқу бағдарламалары мен оқулықтарда көрсетілген әдіснамалық нұсқалар, мұғалімнің, педагогикалық ұжымның позициясы мен зияткерлік әлеуеті және шығармашылығы; *ішкі субъективті шарттар*: ЖОО-нда бастауын алатын кәсіби еңбекке, зияткерлік шығармашылыққа деген дайындық [10].

Қазіргі гуманистік парадигмада, білім беру тәрбиенің мәні ретінде таңдалған, идеалға сай тұлға қалыптастыру мақсатында жүргізілмейді, керісінше, дәстүрлі авторитарлы педагогика жүйесімен жүреді.

Тұлғаның зияткерлік әлеуетін сәтті, нәтижелі жетілдіру үшін қажетті шарттар түрлі астарларда (тетіктер мен қағидалар, дидактикалық құралдар, әдістер, т.б.) В.И. Андреев, М.Я. Виленский, Дж. Дьюи, З.И. Калмыкова, В.А. Кан-Калик, M.A.Wollach, т.б. қарастырылды [11-16].

Ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, біз болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін тиімді дамытуға ықпал ететін шарттарды анықтап, оларды жіктедік.

Ең алдымен, болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту шарттары екі түрлі шарттың өзара байланысуы арқылы қалыптасады. Олар: әлеуметтік орта және педагогикалық-психологиялық шарттар, олардың ортақ мақсаты – зияткерлік әлеуетті дамыту (сурет 1).

Сурет 1 - Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту шарттары

В.И. Андреевтің пікірінше, зияткерлік өзіндік даму қызметі және оның орындалу ағымы жетістікке жету деңгейлері сынды әлеуметтік, сонымен қатар биологиялық, табиғи факторлармен негізделген. «Зияткерлік қабілеттерді дамытуда табиғи және әлеуметтік байланысы көп зерттелді, бірақ олардың нәтижелері мен пайдалы ықпалы, кері әсері туралы нақты мәліметтер жоқ. Әйтеуір әрбір адамның бойында табиғи күш-қуат бола бермейтіні айқын. Бірақ адам бойында табиғи дарындылықпен берілген кішкентай қабілетті ашу үшін қолайлы әлеуметтік шарттар қажет» [11, 201б.]. Ол өз зерттеуінде мынаны ашып көрсетеді: педагогикалық факторлар мен шарттар әлеуметтік ортаның құрамдас бөлігі, бірақ әлеуметтік шарттар қатарында көп жағдайда педагогикалық факторлар мен шарттарды көрсетіп жатады. Осы тұрғыдан алатын болсақ, педагогика тұлға қалыптастыруға мақсатты түрде бағыттайтын шарттарды зерттейтінін айқындап алуымыз қажет.

Сонымен қатар, В.И. Андреев педагогикалық астарларға баса назар аудару қажеттілігін былайша түсіндіреді: педагогика саласында ғана тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін мақсатты бағыттаған әрекеттер түбегейлі жүзеге асырыла алады. Сондай-ақ педагогика саласында осы үрдісті нәтижелі орындауда кездесетін стихиялық әсерлерді оңтайлы шешу жолдары ескерілген [11, 215б.]. Яғни студенттің зияткерлік әлеуетін дамытуға мүмкіндік жасайтын ішкі және сыртқы жағдайлардың аса қажетті әрі жеткілікті шарттарын айқындау барысында сыртқы жағдайларға тән педагогикалық шарттардың да орны ерекше екені байқалады, сонымен қатар студенттің зияткерлік қабілетін дамытуды іштей жетілдіру сияқты зияткерлік даму тетіктерінің іс-әрекеті маңызды екені ескеріледі.

Б.Г. Ананьевтің пайымдауынша, «адамзаттың дамуы көптеген факторлардың өзара байланысына тікелей қатысты болады:

- тұқымқуалаушылық;
- орта (әлеуметтік, биогендік, абиогендік);

Тәрбие (тұлғаны қалыптастырудағы қоғамның ықпалы); адамның жеке тәжірибелік қызметі. Сөйтіп, осы факторлар жеке-жеке емес, біріккен түрде дамудың күрделі құрылымы ретінде іске асады» [17, 114-116 б.].

Сонымен, мақсатқа жетудегі педагогикалық-психологиялық шарттар жиынтығы бірнеше жолмен: біріншіден, білім берудің базалық амалдарын таңдау негізі ретінде тұлға бойында дамытатын, қалыптастыратын сапаның мән-мазмұнымен; екіншіден, ортаның ерекшелігімен, ұйымдастыру шарттарымен және білім беру мекемесінің (ЖОО) субъекттерімен анықталады.

1 «Интеллектуалды әлеуеттен - интеллектуалды ұлтқа» ұжымдық. - Алматы, 2012. - 216 б.

2 Ожегов С.И. Словарь русского языка: ок. 53000 слов / под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. 24-е изд., испр. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство Мир и образование», 2007. – 640 с.

3 Философский энциклопедический словарь / гл. редакция: Л.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалев, В.Г. Панов. - М.: Сов. энциклопедия, 1983. - 840 с.Немов Р.С. Психология: словарь-справочник: в 2 ч. - М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. - Ч. 2. - 352 с.

4 Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. – М.: Высш. шк., 2004. – 512 с.

5 Педагогика / под ред. Ю.К. Бабанского. – М.: Педагогика, 1988. – 432 с.

6 Найн А.Я. О методологическом аппарате диссертационных исследований // Педагогика. - 1995. - № 5. – С. 44-49.

7 Личность и профессия: психологическая поддержка и сопровождение / под. ред. Л.М. Митиной. - М.: Академия, 2005. – 336 с.

8 Пидкасистый П.И., Горячев Б.В. Процесс обучения в условиях демократизации и гуманизации школы: учебное пособие. - М., 1991. – 352 с.

9 Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. - М.: Академический Проект, 2004. - 560 с.

10 Андреев В.И. Эвристика для творческого саморазвития. - Казань, 1994. – 246 с.

11 Виленский М.Я. Педагогические основы формирования опыта творческой деятельности будущего учителя: учебн. пос. - М.: Прометей, 1993. – 117 с.

11 Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. Как мы мыслим / пер. с англ.-М.: Лабиринт, 1999.- 192 с.

12 Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. - М.: Педагогика, 1981. – 200 с.

14 Кан-Калик В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс. - Грозный, 1976. – 286 с.

15 WollachM.A., Kogan N. A new look of the creativity - intelligence distinction // J. of Personalit. - 1965. - №33 (3). – P. 348-369.

16 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. - М.: Педагогика, 1980. - Т. 1.- 230 с; Т. 2. - 287 с.

Резюме

Условия развития интеллектуального потенциала у будущих педагогов

Кенжебаева Т.Б. – Павлодарский государственный педагогический институт, доктор PhD, доцент, tattygyl1977@mail.ru

В данной статье рассматривается значение развития интеллектуального потенциала специалистов разных отраслей, в частности особое внимание уделяется их подготовке в высших учебных заведениях. А также указаны психолого-педагогические условия развития интеллектуального потенциала у будущих педагогов. В статье дается анализ понятию «условие» с точки зрения философии, педагогики и психологии.

Таким образом, совокупность психолого-педагогических условий определяется содержанием развивающего качества личности, особенностью среды и субъектами образовательных учреждений, в частности Вуза.

Ключевые слова: интеллектуальный потенциал, развитие, условия, будущий учитель, профессиональная деятельность.

Summary

Conditions of development of intellectual potential of future teachers

KenzhebayevaT.B. – Pavlodar State Pedagogical Institute, doctorPh.D, associate professor, tattygyl1977@mail.ru

This article discusses the importance of the development of intellectual potential of specialists in different fields , in particular, special attention is paid to their training in higher educational institutions . And also given psycho - pedagogical conditions of development of intellectual potential of future teachers . The article analyzes the concept of "condition" from the point of view of philosophy, pedagogy and psychology .

Thus, the set of psycho-pedagogical conditions determined by the content of developmental qualities of the person , especially among educational institutions and entities, in particular university.

Keywords: intellectual potential, development, conditions, future teacher, professional activity.

УДК 316.74

КРИТЕРИИ ДУХОВНОСТИ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА: ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ

Анарбек А. – к.п.н. кафедры педагогики и образовательного менеджмента факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби

Жунисова Б. Б. – магистрант 2 курса КазНУ им. Аль-Фараби

В статье рассматриваются основные подходы определяющие критерии духовности личности студента на основе теоретического исследования. Для выявления критерии духовности личности студента проанализированы различные толкования термина «духовность», а также предложены качества личности студента в соответствии с общечеловеческими ценностями.

Ключевые слова: духовность, критерий духовности, личность студента, общечеловеческие ценности.

В современном обществе все больше наблюдается интерес к возрождению понятия «духовность». К началу XXI в. понятие «духовность» прочно обосновалось в различных социальных науках вопреки прогнозам и надеждам некоторых учёных, выдержав испытание временем [1].

Современный мир находится в поиске новых образовательных программ по общечеловеческим ценностям, в том числе и Казахстан идет в ногу с мировым сообществом поэтому и внедрена программа НДО «Самопознание», которая является отечественным брэндом в области производства

духовных ценностей. Духовность считается основным критерием, который определяет прогресс общества, всестороннее развитие личности, так как только тогда, когда развита духовность, в обществе царит общественно-политическая и экономическая стабильность [2]. А вот выявление критериев духовности личности во многом вызывали трудности, обусловленные тем, что в научной литературе нет единства в толковании понятий «духовность», «духовный». Главная причина существования проблемы заключается в недооценке ее философского осмысления и обоснования, а также в многообразии толкования термина «духовность». Так, ученый М.С. Каган определяет «духовность» как целостность психической деятельности человека, К.Вааген «единство всех нравственных сил человека», Ю.Г. Буртин, А.В. Петровский систему высших чувств личности, зарубежные ученые в лице Дж. Нэйсбит отмечает «духовность» - быстро распространяющийся «мегатренд», Г.Линч пишет, что духовность – сущность жизни, которая проявляется как любовь, внутренний мир, мудрость «внутреннего голоса», творчество, ощущение целостности, причастности всему миру. Поэтому выделять критерии духовности личности исходит прежде всего из понимания самой сущности духовности.

Самую полную разработку критериев развития духовности личности мы встретили в исследованиях Щеткина Ю. Ю. По его мнению выбор критериев зависит от конкретного содержания понятия «духовность», его смысла, а также системы ценностей, определяющих этот смысл. Опираясь, что смысл понятия «духовность» связан с духом всеобъемлющей любви и соответствующими личностными качествами, приобретающими значение духовных ценностей (милосердие, эмпатия, терпение и т.д.) он выделяет 12 критериев духовности личности. Мы же в свою очередь предлагаем связать и раскрыть эти критерии на основе программы духовно-нравственного образования «Самопознания». Итак, первый критерий разумное следование естеству – это в первую очередь принятие себя, так же это означает жить в согласии, в гармонии с естественными законами, не нарушать эти законы, соглашаясь полностью с ними и оставаясь при этом счастливым. Изучая тщательно Программу НДО «Самопознание», хотим отметить, что принятие действительности и понимание всего сущего есть раскрытие общечеловеческой ценности Истина. Более того, выявление общечеловеческой ценности Истина личности проявляется в таких качествах как честность, всегда говорить правду, ответственность.

Второй критерий –стремление к познанию истины, точным знаниям –это значит говорить правду, видеть хорошее в других, ответственность, стремление к знаниям, умение искать истину в самих себе, умение отличать вечное от временного, уважение ко всем, вера в себя, единство мысли, слов и дела и правдивость иначе говоря это качества отражающие ценность Истина.

Критерий третий, который подразумевает собой непрерывное самосовершенствование и самообразование, согласно программе НДО «Самопознания», нам известно, что идея непрерывного духовно-нравственного самосовершенствования входит в содержательную ткань современных психолого-педагогических исследований вопросов саморазвития, самопознания и самовоспитания личности.

Так, в концепции К. Роджерса о взаимодействии Я-реального, Я- идеального- духовного окружения четко просматривается духовно-нравственная проблематика. Несоответствие, возникающее между Я-реальным и Я-идеальным, объясняется тем, что личность не встал на путь познания самого себя. Способность к саморазвитию, самопознанию и самообразованию и его осуществление в течение всей жизни – важная отличительная особенность человека духовного. Более того ученые Р.А. Мукажанова, Омарова Г.А. подчеркивают, что самопознание должно основываться на общечеловеческих ценностях, которые заложены в нас с рождения [6].

По Щеткину Ю.Ю., четвертый критерий особая ответственность (за себя, других, природу и др.). Юсуф Баласагуни в своей поэме «Кутадгу Билиг» рассуждал о духовно-нравственной природе человека: «Создатель наш дал человеку слово, Чтоб он вершиной стал всего земного. И разум дал, чтоб постигать нам знанья, чтобы благие совершать деянья. Бог дал нам совесть, дал нам стыд чтобы дурные сдерживать желанья, узда необходима в виде знанья. Ум – та веревка, что в тяжелый час над пропастью удерживает нас» [7]. Иными словами духовно-нравственные знания успокаивают ум, помогают сдерживать чувства и направляют на благие дела, что является основой ответственности за свои мысли, слова и дела чему и учит нас курс «Самопознания».

Пятый критерий непрерывная просветительская деятельность, направленная на формирование духовности в других. Он отражает требования к личности учителя самопознания, который также отражен в Программе духовно-нравственного образования «Самопознание», где говорится о создании атмосферы любви на уроках самопознания и о личном примере учителя самопознания. А также

мы должны помнить, что бы учитель ни делал, он постоянно должен помнить о важности своего личного примера. Так например, если он говорит о внимательности на уроках детям, но слушая их ответы учитель даже и не вникает в то, что говорит ученик это во-первых отражается на оценивании учащегося, но самое неприятное это то, что дети сохранят это в душе, затем это отразиться и в их поведении.

Следующий критерий –поиск смысла жизни не только своей, но и вообще человеческой, является признаком духовности. Он определяет духовную личность также как и ее стремление найти ответы на такие вопросы, как «Кто Я?». Согласно Программе НДО «Самопознание» смысл жизни заключается в стремлении жить по совести, развивать интуитивное мышление, учить быть, а не казаться. Одним из способов развития уровня духовности является постоянное чтение духовной литературы через которых мы осознаем важную роль мирового национального духовного наследия.

Следование духу всеобъемлющей любви, служение другим. Любовь это самая мощная энергия, способная творить чудеса. Её нужно искать внутри себя, проявлять, дарить её бескорыстно и радостно. Так, в произведениях М. Жумабаева мы можем найти: "Для того чтобы быть настоящим Человеком, недостаточно любить лишь себя, своих близких. Обязательным условием является любовь к человечеству" [8].

В самопознании говорится о существовании трех видов любви: эгоистическая любовь, взаимная любовь, чистая, бескорыстная Любовь. Многочисленные исследования ученых подтверждают чудодейственное влияние энергии Любви на все сферы человеческой жизни. В программе НДО «Самопознание» говорится о примении на практике идеи Любви, то есть делиться любовью с все большим и большим количеством людей, только так осознаётся опыт единства между людьми. Поэтому любовь и служение – это два очень близких понятия. Для того чтобы развить в себе эти два качества, любовь и служение, нужно иметь тройственную чистоту: чистоту мысли, слова и дела.

Еще одним критерием, названным Щеткиным Ю.Ю. является понимание своей связи со всем сущим (человечеством, Землей, Вселенной, с другими внеземными цивилизациями и существами). В науке (философии, педагогике, социальной педагогике, социологии и т.д.) существует подход, который называется гуманистическим, есть гуманная педагогика, гуманистическая психология, где в центре гуманизма стоит человек [3]. И в отношении к человечеству гуманистические и духовные позиции сходятся в том, что человечество является величайшей ценностью, а каждый человек, независимо от его расовой, национальной, классовой, религиозной и какой либо другой принадлежности рассматривается как уникальное самобытное и неповторимое существо, равноценное всему человечеству.

Следующий критерий по Щеткину Ю.Ю. называется ненависть к злу. В программе НДО «Самопознания» говориться об общечеловеческой ценности Ненасилие. Практика ненасилия, которая подразумевает не причинение вреда ни себе, ни другим. Выделяют три аспекта Ненасилия: 1. Индивидуальный (ненасилие по отношению к себе); 2. Социальный (ненасилие по отношению к другим); 3. Экологический(по отношению к природе и окружающей среде) [6]. Практика Ненасилия: стараться не причинять никому вреда; понять, что все существа обладают чувствами и правом на жизнь: развивать чувство единства и всеобщего братства; заботиться об окружающей среде; не тратить попусту все виды энергий, установить потолок для желаний, учиться прощать, воздерживаться от непочтительной речи, от пагубной информации, избегать плохой компании.

Следующий критерий по Щеткину Ю.Ю. – совокупность особых личностных качеств. В своей работе он перечисляет их, мы же считаем, что все пункты изложенные нами ранее уже в той или иной мере отразили какими качествами должна обладать духовная личность. В рамках этого критерия мы хотим подчеркнуть, что выявление общечеловеческой ценности: Истина, Любовь, Правидное поведение, Внутренний покой , Ненасилие в человеке проявляются как качество личности. В табл.1 отражены в соответствии с общечеловеческими ценностями и качеств личности.

Табл. 1. Качества соответствующие общечеловеческим ценностям

Истина	**Начальное звено**: говорить правду, видеть хорошее в других, любознательность, ответственность, скромность, оптимизм
	Среднее звено: стремление к знаниям, единство мысли, слова и дела, скромность, правдивость, умение видеть хорошее во всем, отли-чать хорошие поступки от плохих, патриотизм.
	Старшее звено: умение искать истину в самих себе, умение отличать вечное от временного, реальное от нереального, самоанализ, умение говорить только то, что истинно и необходимо с любовью, ува-жение ко всем религиям и нациям, вера в себя, ответственность и т.д.
Любовь	**Начальное звено**: любовь ко всем, любовь в семье, любовь к природе и животным, не быть эгоистом, уметь делиться дружелюбие, умение и желание помочь другим людям и т.д.
	Среднее звено: умение прощать, искренность, доброта, умение заботиться о других, сострадание, понимание и т.д.
	Старшее звено: Симпатия и чуткость к окружающим, щедрость, умение пожертвовать своим эгоистическими интересами ради других, умение понимать и прощать, желание, гуманность.
Правидное поведение	**Начальное звено**: говорить правду, не красть, не нарушать обещания, не ссориться, здоровье и гигиена, уважение к родителям, учителям, старшим, послушание, храбрость и т.д
	Среднее звено: хорошие манеры, пунктуальность, не сплетничать, не говорить плохо о других, быть бережливым, понимать опасность вредных привычек, выполнение своего долга в семье, школе, умение работать в команде
	Старшее звено: Работать ответственно и дисциплинированно, с любовью и искренностью, правильно использовать свое время, установить потолок желаний (еда. деньги, энергия), бескорыстное служение обществу, социальная и гражданская ответственность, качества истинного лидера, справедливость
Покой	**Начальное звено**: Вежливость, не сердиться, практика сидения в тишине ума, сосредоточенность, терпение, дисциплина и т.д.
	Среднее звено: правильное ритмичное дыхание, уравновешен-ность, умение концентрироваться, умение контролировать гнев, жадность, леность, позитивное мышление, терпение и т.д.
	Старшее звено: простая жизнь, высокие мысли, самообладание, скромность и терпение, позитивное и различающее мышление, умение быть хозяином, а не рабом своих мыслей и эмоций, ограничение жела-ний, удовлетворенность настоящим моментом, внутренняя радость, уверенность в себе и т.д.
Ненасилие	**Начальное звено**: помогай всегда, не вреди никогда, не обижать других, забота о животных, не играть с опасными предметами, работа в команде, единство и т.д.
	Среднее звено: понимать ценность другой культуры, дружелюбие, единство, память о культурном наследии, забота об общественной собственности, забота об окружающей среде и т.д.
	Старшее звено: уважение ко всем религиям и культурам, толе-рантность, умение видеть единство во всем, не причинять зла ни одно-му существу ни мыслью. ни словом, ни делом, социальная справед-ливость, права человека, быть хорошим гражданином и т.д.

В заключении Щеткин Ю. Ю. предлагает еще два критерия духовности личности. Чувство меры и непорочность. Так, необходимость чувства меры для духовной личности подчеркнуто нами ранее,

проецируя практику ненасилия мы говорим об установлении «Потолка желании». Далее непорочность, которая понимается полное отсутствие пороков. Духовная личность может иметь недостатки, но пороков для своего уровня развития – ни одного. Так, Маслоу А. в своих трудах писал, что личность должна пройти трансценденцию и встав на путь духовного совершенствования он с него никогда не сойдет. Вовсе не следует думать, что духовный человек не ошибается. В разных ситуациях те или иные качества его личности иногда дают сбой. Не все они созревают одновременно. Но духовная личность осознает, что без них невозможно сохранять духовность. Поэтому, падая, она поднимается вновь и вновь, борясь в самовоспитании за формирование каждого качества.

Конечно, нами отражены критерии духовности личности в целом, но хотим подчеркнуть, что студенческий возраст предполагает наличие мировоззренческой позиции. Духовно-нравственное совершенствование личности это внутреннее событие, происходящее глубоко в душе, и когда студент окажется перед нравственным выбором, то именно эти критерии помогут ему трансформировать свою личность.

1 Игибаева А.К. Проблемы периодизации, этапы становления и развития образовательной системы Казахстана: Вклад молодых исследователей в индустриально- инновационное развитие Казахстана. –2009.

2 Душаев А.Ж. Духовность и общество А. Ж. Душаев молодой ученый. -2014. №11. –с. 439-440.

3 Щеткин Ю.Ю., ЩеткинаО.В. Проблема духовности и пути ее решения. Вестник Таганрогского государственного педагогического института. Гуманитарные науки. Специальный выпуск № 1. Таганрог, 2012.

4 Щеткин Ю.Ю. К вопросу о понимании духовности личности на основе библейских текстов. Альманах современной науки и образования. Философские науки. № 2. Тамбов, 2013.

5 Маралов В. Г. Основы самопознания и саморазвития. – М., 2002.

6 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Программа нравственно-духовного образования «Самопознание», третий(базовый уровень). –Алматы, ННПООЦЦ «Бобек», 2014

7 Юсуф Баласагунский. Благодатное знание / Пер. Иванова. — М.: Наука, 1983.

8 Жумабаев М. Стихи. Буклет.- Алматы: Жазушы, 1993.

Түйіндеме

Студент тұлғасы руханилығының критерийлері: негізгі тұғырлары

Анарбек Н. – ҚазҰУ п.ғ.к.,профессор, nazanar@gmail.com

Жүнісова Б. – ҚазҰУ 2 курс магистранты, junisova77-77@mail.ru

Мақалада студент тұлғасының рухани өлшемін анықтайтын теориялық талдау негізгізінде басты тәсілдері қарастырылады. Студент тұлғасының рухани көрсеткішін анықтау үшін «руханият» терминінің анықтамалыры жан-жақты талдана отырып жалпы адамзаттық құндылықтарына сәйкес студенттің тұлға сапасы ұсынылады.

Түйін сөздер: руханилық, рухани өлшемі, студент тұлғасы, жалпы адамзаттық құндылықтар.

Summary

Criteria of spirituality of the personality of a student: main approaches

Anarbek N. – candidate of pedagogical science, Al-Farabi Kazakh national university, nazanar@gmail.com

Zhunissova B. – 2st year master’s degree of the Al-Farabi Kazakh National University, junisova77-77@mail.ru

The article considers the main approaches defining criteria of spirituality based on the individual student theoretical study . To identify the criteria for spiritual person of the student to analyze different interpretations of the term "spirituality" , as well as the quality of the student's personality offered in accordance with universal values .

УДК:796.819.015.1.034.7

ГРЕК-РИМ СТИЛІНДЕГІ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ БАЛУАНДАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Айтпанбет – магистр**,** Қазақтың спорт және туризм академиясы, amanzhol.79@bk.ru

Мақалада грек-рим күресіндегі жоғары білікті балуандардың физикалық қасиеттерін дамыту жолдары, ерекшеліктері айқындалған. Осы мәселені шешу жолында білікті бапкерлерден кеңес алып, Қазақстанның күрес құрама командасымен тығыз жұмыс жүргізілген. Грек-рим күресінде күш қасиеті жетекші орын алатыны көрсетілген. Күш және күштік-жылдамдықты дамыту барысында спорт шеберіне үміткерліктен спорт шеберіне көтеріле алатыны айтылған. Алынған мағлұматтарды жоғарғы дәрежелі спортшылардың жаттығу үдерісін құруға және тексеруге, басқа да жекпе-жек спорт түрлеріне қолдануға болатындығы айтылған.

Түйін сөздер: жылдамдық пен күш-жігер, спорт шебері, спорт шеберіне үміткер

Қазіргі спортта жарыстарда нәтижелерін көтеру мәселесі жаттығу үдерісінің әдістері мен құралдарын оңтайландырумен тығыз байланысты. Балуандарды дайындауда олардың күші мен жылдамдық-күш қасиеттерін дамытуға бағытталған физикалық дайындық құралдарының құрамы мен арақатынасының мәні ерекше. Осы мәселені шешу арқасында, бапкерлердің айтуынша, оқыту-жаттықтыру үдерісінің мүмкіндіктерін едәуір молайтуға және осы спорт түрінің теориясы мен тәжірибесін жаңа сапа деңгейіне көтеруге болады. Зерттеулер мен жарияланымдарды талдау спорттың қазіргі даму кезеңінде грек-рим күресі саласында аталған мәселе бойынша еңбектер жоқтың қасы екендігін көрсетті. [1, 2, 3, 4].

Зерттеу мақсаты - грек-рим күресіне маманданған жоғары білікті спортшылардың күш-жігерін және жылдамдығын дамыту деңгейін анықтау.

Зерттеу әдістемесі мен ұйымдыстырылуы. Зерттеу барысында ғылыми-зерттеу әдебиетін теориялық тұрғыдан талдау, педагогикалық тестілеу және математикалық статистика әдістері қолданылды.

Зерттеу Алматы қаласы Достық спорт базасының грек-рим күесі спорт залында жүргізілді. Тестілеуге дайындығы жоғары деңгейде болатын жарыс мезоциклы кезеңіндегі жеке мүмкіндіктерін барынша жүзеге асырып жатқан грек-рим стиліндегі 16 балуан қатысты. Олардың құрамында: 8спорт шебері (СШ), жаттығудан 12-13 жыл спорт өтілі бар 18-21 жастағы спортшылар; 8 спорт шеберіне үміткер (СШҮ), жаттығудан 10-11 жыл спорт өтілі бар 17-19 жастағы спортшылар. Олардың барлығы Қазақстан ұлттық құрама және жастар құрама командасының мүшелері еді.

Жарыс мезоциклы кезеңінде спортшыларға күшін және күш-жылдамдығы деңгейін анықтайтын тесттерден өту ұсынылды. Барлық қолданылған тесттер ақпараттылық, сенімділік және баламалық талаптарына сай келеді. Спортшылардың күші келесі көрсеткіштер бойынша зерттелді: жетекші қолдың бар күші, қолдарын бүгіп асылу, төрттағандап қолды бүгіп-жазу, 30 секунд ішінде денені жатқан күйден отырған күйге келтіріп көтеру. Спортшылардың күш-жылдамдығы мынадай бақылау жаттығуларымен тестіленді: орнынан биіктікке, ұзындыққа секіру және 1 минутта секіртпемен секіру.

Тестілеу қорытындыларын өңдеу математикалық статистика әдісінің көмегімен жүргізілді: Excel компьютерлік бағдарламасында Стьюденттің t-критериі бойынша айырмашылықтар дұрыстығын анықтау.

Зерттеу нәтижелері. 1-кестеде грек-рим күресіне маманданған жоғары білікті спортшылардың күш-жігерін және жылдамдығын дамыту деңгейін зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Зерттеу барысында бірқатар тестілер бойынша спорт шеберлерінде бұл көрсеткіштер біршама жоғары екенідігі анықталды. Мәселен, жетекші қолдың бүгілу күшінің статикалық мәнді айырмашылығы бар ($t = 2,623$; $P < 0,05$). Спорт шеберіне үміткерлерде - 51,1 кг,спорт шеберлерінде - 55,9 кг. Пайыздық қатынаста шеберлердің үміткерлерден 9% артықшылығы бар.

Жерге таянып қолды бүгудің қайталану саны спорт шеберіне үміткерлерде 81,9 реттен, спорт шеберлерінде 96,4 ретке дейін көбейеді. Спорт шеберлеріндегі қол бүгу санының спорт шеберіне үміткерлерден артықшылығы 17%-ды құрайды, $P < 0,05$ ($t = 2,710$). Айырмашылық дұрыстығы 1-кесте деңгейінде.

Грек-рим стиліндегі жоғары білікті балуандардың күші мен күш-жылдамдық көрсеткіштерін дамытудағы айырмашылықтар ($n_1 + n_2 – 2 = 14$)

Балуандардың күші мен күш-жылдамдық көрсеткіштері	СШҮ (*n* = 8)		СШ (*n* = 8)		t	P
	$\overline{X}$	*S*	$\overline{X}$	*S*		
Жетекші қолдың бар күші, кг	51,1	2,99	55,9	1,45	2,623	<0,05
Жерге таянып жатып, қолды бүгіп-жазу, рет	81,9	3,87	96,4	3,70	2,710	<0,05
Бүгілген қолда асылу, с	56,1	3,87	64,9	2,98	1,803	>0,05
30 секунд ішінде денені жатқан күйден отырған күйге келтіріп көтеру, рет	38,1	1,13	43,7	1,78	2,667	<0,05
Орнынан ұзындыққа секіру, см	250,9	4,03	257,9	2,98	1,397	>0,05
Орнынан биіктікке секіру, см	53,3	1,78	55,6	1,64	0,950	>0,05
Минутына секіртпемен секіру	181,0	3,22	183,7	0,50	0,831	>0,05

Келесі көрсеткіш–кермеге бүгілген қолымен асылу. Мұнда спорт шеберлерінің нәтижелері үміткерлерден 8,8 секундқа асып түседі, бұл пайыздық қатынаста 15% құрайды. Сөйтсе де спорт шеберіне үміткердің көрсеткіштері алуан түрлі болғандықтан, айырмашылық дұрыстығы қажетті мән деңгейіне жетпейді (t = 1,803; P > 0,05).

Балуандардың 30 секунд ішінде денені жатқан күйден отырған күйге келтіріп көтеру көрсеткіштерін салыстыра отырып, біз спорт шеберлерінің нәтижелері (43,7 рет), спорт шеберіне үміткерлерінен (38,1 рет) жоғарылау екенін көріп отырмыз. Нәтижелердің арасындағы айырмашылықтар анық (t = 2,667; P < 0,05).

Сөйтіп, грек-рим стиліндегі балуандардың күш қасиетттерін салыстыру нәтижесінде тесттердің көпшілігі (4-уінен 3-уі) біліктілігі жоғарылау спортшылардың артықшылығы шүбәсіз екендігін танытты.

Балуандарды жылдамдық-күш көрсеткіштері бойынша салыстыру бірде бір көрсеткіш бойынша (орнынан ұзындыққа секіру, орнынан биіктікке секіру, секіртпемен секіру) спорт шеберлерінің спорт шеберлеріне үміткерлерден айқын артықшылығы болмағандығын көрсетеді. Барлық жағдайда Стьюденттің t-критерийі қажетті мән деңгейіне жетпейді. Бұл 1-суретте жақсы көрсетілген.

1-сурет. Грек-рим стиліндегі жоғары білікті балуандардың күш және жылдамдық-күш қасиеттерін дамыту көрсеткіштері

Салыстырмалы талдау нәтижелерін жалпылай қорытындылай келе, грек-рим стиліндегі балуандардың физикалық құрылымында спорт шеберлігі өскен сайын күш-жігері артады, бұл күрестің осы түрінде қимыл әрекеттерінің ерекшеліктері мен сипаты өзгеше екенін танытады.

Қорытынды. Тәжірибе нәтижелерін талдау грек-рим стиліндегі күресте спортшылардың шеберлігін спорт шеберіне үміткерден спорт шеберіне дейін өсірудің басты шарты олардың күш-қуатын арттыру екенін дәлелдеді. Алынған мәліметтерді грек-рим күресіне немесе басқа да жекпе-жек түрлеріне маманданған жоғары білікті спортшыларды жаттықтыру үдерісін құру мен бақылауда пайдалануға болады.

1 Бойко В.Ф., Данько Г.В. Физическая подготовка борцов. – Киев: Олимпийская литература, 2004. – 224 с.

2 Даньюк Г.В. Индивидуализация тренировочного процесса борцов высокой квалификации. – Автореферат…. канд.пед. наук. – К., 1999. - 16с.

3 Игуменов В.М. Подливаев Б.А. Спортивная борьба: учебник для фак. отделений физвоспитания. – М.: Просвещение, 1993. – 240с.

4 Конженевский А.Н., Дахновский В.С., Подливаев Б.А. Диагностика тренированности борцов //Теория и практика физической культуры. – 2004. - №2. – С. 28-32

Резюме

Особенности развития физических качеств у борцов греко-римского стиля высокой квалификации

А.Айтпанбет – магистр, Казахская академия спорта и туризма, amanzhol.79@bk.ru

В данной статье рассматриваются уровни развития силовых и скоростно-силовых качеств спортсменов высокой квалификации, специализирующихся в греко-римской борьбе.

В результате исследования был выявлен уровень развития силовых и скоростно-силовых качеств спортсменов высокой квалификации, специализирующихся в греко-римской борьбе. Анализ экспериментальных данных свидетельствует о том, что ведущими в греко-римской борьбе являются силовые качества, которые обуславливают повышение роста спортивного мастерства от КМС до МС. Полученные данные могут использоваться при построении и контроле тренировочного процесса спортсменов с высокой квалификацией, которые специализируются по греко-римской борьбе и другим видом единоборств.

Ключевые слова: скоростно-силовые качества, мастер спорт, кандидатов в мастера спорта.

Summary

The developing features of physical qualities of greco-roman style wrestlers of high qualification

Aytpanbet A. – master, Kazakh academy of sport and tourism, *amanzhol.79@bk.ru*

In this article levels of development of power and high-speed and power qualities of the athletes of high qualification specializing in Greco-Roman wrestling are considered.

As a result of research the level of development of power and high-speed and power qualities of the athletes of high qualification specializing in Greco-Roman wrestling was revealed. The analysis of experimental data testifies that leaders in Greco-Roman wrestling are power qualities which cause increase of growth of sports skill from KMS to MS. The obtained data can be used at construction and control of training process of athletes with high qualification who specialize on Greco-Roman wrestling and other type of single combats.

Key words: speed-power qualities, master of sports, candidates for master of sports.

УДК: 378.091.12:81

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАННЫҢ АҚПАРТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ

А.Ж. Кушербаева – Алматы Технологиялық Университетінің оқытушысы, anar_zhumabek@mail.ru

Мақалада жоғары оқу орнында болашақ маманның ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Мақалада «ақпараттық қоғам», «ақпарат» «ақпараттық құзыреттілік» түсініктеріне философиялық, педагогикалық тұрғыдан анықтама берілді. Қазіргі таңда білім беруді дамыту ақпараттық технологияларды меңгерумен, ақпараттың барлық түрімен жұмыс істей алуымен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі алдыңғы кезекте оқу үдерісін ақпараттандыру және оқу іс-әрекетінің барлық түрінде ақпараттық технологияларды пайдалану үдерістерін үлгілеумен байланыстыруға болады. Қазіргі жағдайда ақпарат кеңістігінің ұлғаюы қол жетімді Интернет, электронды кітапхана, қашықтықтан білім беру, жеке компьютерді қолдану деңгейін көтеру сияқты ерекшеліктерге ие болып отыр. Осыған орай ақпараттық құзыретті қалыптастыру - саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға, оны негіздеуге, жоспарлауға, осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға, табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және оларды жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ақпарат, ақпараттық технологиялық құзыреттілік, ақпараттық технология, ақпараттық қоғам.

Адам мінез-құлқының ең көне уәждемесінің бірі – басқаларды түсінуге және маңындағылардың оны да түсінуіне деген талпынысы болып табылады. Адам қоғамының көпғасырлық тарихын ақпаратты жинау әдістері және формаларын жетілдірудің ілгері үдерісі, өңдеу және жеткізу, сонымен қатар, басқалардың ойын түсіну және қабылдау мүмкіндіктері мен әдіс-амалдары сипаттайды. Жеке тұлға сияқты, қоғам да негізінен алынған ақпарат көлемінің ұлғайғанын ғана емес, оны өңдеу және жеткізу тиімділігінің жоғарылауына, ақпаратты күнделікті қолдану мүмкіндіктерінің кеңейуіне деген өмірлік қызығушылықтарын тудырады. Ақпаратты жариялау түрі, оны жинау және таратудың техникалық мүмкіндіктері әрдайым жетіліп отырады. XXI ғасырдың басында әлемде ақпартқа қол жетімді болатын жаһандық ақпараттық инфроқұрылым қамтамасыз етілді.

«Ақпараттық қоғам» түсінгі жақында пайда болды. Ғалымдармен және қоғаммен шынында бірыңғай жаһандық ақпаратты-телекоммуникациялық кеңістікті құру мүмкіндігі талқылануда және сәйкес технологиялар жасалып жатыр. Алайда бастысы соңғы он жыл ішіндегі Жердегі жетістіктер – білім қарқынының және оларды өңдеу құралдырының өсуі. Егер XX ғасырдың 70 – жылдары адамзат білімінің көлемі 10 жылда екі есе өссе, 80 – жылдары – 5 есе, 90 – жылдары іс жүзінде әр жыл сайын адамзат білімінің көлемі екі еселеніп отырды [1, 20 б.]. Бұл бағыт ақпараттық дүмпудің басталуының куәсі болып табылады, осы үдеріс зер салып зерттелінуді және студенттерді осындай шартта жұмысқа және өмірге дайындауды талап етеді.

Қазіргі педагогикалық білім беру тәжірибесі және әдебиеттерді талдай отырып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетте ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеумен әртүрлі ғылым саласының өкілдері: философтар, әлеуметтанушылар, психологтар, педагогтар, және т.б. айналысатындығын көрсетті.

Мұндағы баса назар аударатын мәселе – ақпарат ұғымы, оның түрлері мен қасиеттері, тірі және өлі жүйелердегі ақпараттық үдерістер, оларды жүзеге асыру мен сипаттау тәсілдері, ақпаратты

басқару, тұлға және қоғам үшін құндылық пен қауіпсіздік мәселелері. Философияда «ақпарат» ұғымына қатысты екі қарама-қарсы көзқарасты кездестіруге және оларды бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы бағытты қолдайтындар Т.Г.Лешкевич, Л.Б.Баженов, И.Б.Новик, Ә.Н.Нысанбаев ақпартты барлық материалдық нысандардың қасиеті ретінде, яғни материяның атрибуты ретінде көрсетеді. Екінші бағыттың өкілдері – В.В.Вержбицкий, Н.И.Жуков, Г.Ж.Нұрышева және т.б. – ақпартты өзіндік ұйымдастыратын жүйелердің қызметі ретінде көрсетеді [2].

Ақпарат – (латын тілінен аударғанда «infarmatio»: баяндау, түсіндіру деген мағынаны білдіреді) – адамдардың қарым-қатынас барысында берілетін мәліметтер мен білімдер, бірақ ең алдымен, объективті әлемдегі ерекше текті үдерістер. Атап айтсақ, ақпараттық үдерістердің болуымен байланысты объективті әлемнің негізгі қасиеттерінің бірі ретінде түсіндіріліп, оның белгілік мәнге ие болуы, жүйенің өмір сүруінің факторы болған кезде ақпарат өзекті бола бастайды. Ақпарат қоғамына байланысты әртүрлі салалардан келіп түсетін, әртүрлі мазмұндық мәні бар және берілу формалары әртүрлі адамның ақпаратпен жұмыс істеу әрекетіндегі біліктілігі ақпараттық құзыреттіліктің негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында ақпараттық құзыреттілік-ақпараттық технологияларды меңгеру, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істей білуі болып табылады [3, 68 б.]. Студенттердің ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі алдыңғы кезекте оқу үдерісін ақпараттандыру және оқу іс-әрекетінің барлық түрінде ақпараттық технологияларды пайдалану үдерістерін үлгілеу мәселесімен байланысты. Бұл тұрғыда, компьютер қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті компоненттерінің бірі ретінде өзінің мәні бойынша шешілетін мәселелерді анықтайтын білім беру ортасы алынады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігі, білім беруді дербестендіру мүмкіндіктері оқытушының ақпараттық-технологиялық құзыреттілігінің деңгейіне, білім беру үдерісіндегі оқу пәндерінде ақпараттық технологияларды пайдалануға дайындық дәрежесіне тәуелді болады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл құзыреттіліктердің ішіндегі маңызды компоненттерінің бірі ретінде ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру, жеке тұлғаның ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру және оның сыртқы ақпарттық кеңістікпен өзара әрекеттесу мәселелерімен байланысты болатын ақпараттық құраушы алынады. Кеңістік ұйымдасқан орта ретінде және ақпарат осы ортаның күйі ретінде кез келген ғылым саласының зерттеу пәні болып табылады.

Енді біз, «ақпараттық құзыреттілік дегеніміз не?» деген сауалға жан-жақты тоқталайық. Жалпы «құзыреттілік» ұғымы латын тілінен «compententio» аударғанда «жасай алу, қабілетті, сәйкес келетін» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, бір нәрседен хабары бар, қандай да бір мәселені шешудің жолын білетін, беделді, толық құқықты, қолында билігі бар, қабілетті адам.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында «**құзырет** – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, білім беру жүйесінде әлеуметтік тапсырысты құрайды», - деп көрсетілген. «**Құзыреттілік** – оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі», - делінген. Сонымен бірге, оқу қызметі үш құрамдас бөліктердің тұтастығын береді: ақпарттық, проблеманың шешімін табу құзыреттілігі (өзіндік менеджмент) және коммуникативтік құзыреттіліктер [4].

Ақпараттық құзыреттілік: саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға, оны негіздеуге, жоспарлауға, осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға, табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және оларды ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен шешуге; логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеме, ұқсастығы бойынша дәлелдеме, модельдеу, ойлау эксперименті, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпарттарды өңдеуге; өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі (өзіндік менеджмент): әр түрлі жағдайдағы проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға; өз қызметіне мақсат қоюға, оны іске асыру үшін қажетті жағдайларды анықтауға, ондағы жетісітіктерге жету процестерін жоспарлауға және ұйымдастыруға (яғни, барабар міндеттерге технологиялар әзірлеу); өзіндік бағалау мен қорытынды жасауға, өзінің әрекеті мен оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыруға; өзі үшін барабар жағдайлар, іс-әрекет пен мінез-құлық нормаларын таңдауға; барабар қойылған міндеттерге технологиялар таңдауға, технологияларды нақты қадағалауға мүмкіндік туғызады.

Коммуникативтік құзыреттілік: нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға; стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің барабар шешімдерін таңдауға және қолдануға; әдеп нормасына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге; өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуді жүзеге асыруға; жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Құзыреттіліктер пәндік (пәнаралық және т.б.) және түйінді болып көрсетіледі. Еуропа Кеңесі түйінді құзыреттіліктердің бес тобын айқындаған, соларға ерекше мән беріледі.

1) Көпмәдениетті қоғамда өмір сүру қабілетіне қатысты құзыреттіліктер: расизм мен ксенофобиялар тууына, таралуына жол бермеу, білім беру жастарды өзгешелікті түсіну, бірін-бірі сыйлау, басқа мәдениет тілдері және діндегі адамдармен бірге өмір сүру қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттермен қаруландыруы керек.

2) Саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер: өзіне жауапкершілікті ала білу қабілеті, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, дау-жанжалды зорлық-зомбылықсыз жолмен реттеу, демократиялық институттардың қызмет етуіне қатысу және оны жақсарту.

3) Қоғамдық ақпартты пайдалану және мойындаумен байланысты құзыреттіліктер жаңа технологияны меңгеру, оны қолдануды түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын айқындау, БАҚ тарататын ақпараттар мен жарнамаларға сыни көзқарас.

4) Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формаларын меңгеруге қатысты құзыреттіліктер, соңғысының жұмыста және қоғамдық өмірдегі маңыздылығы соншалық, оны меңгермеген адамға қоғамнан аластау қаупі төнеді. Осы топқа бүгінгі күні маңызы артып отырған бірнеше тілді білу де жатады.

5) Өмір бойы оқуға қабілеттілік – үздіксіз даярлықтың және кәсіби даярлықтың, сонымен қатар жеке және қоғамдық өмірдің негізі ретінде [5, 53 б.].

Қазіргі жағдайда ақпараттық құзыреттілік ақпарат кеңістігінің ұлғаю жағдайына байланысты ерекше мағынаға ие болып отыр:

- қолжетімді Интернет, аудиовизуалдық бұқаралық ақпарат құралдары және мультимедиалық бағдарламалармен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- кітапхананың (соның ішінде электронды) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуші құралы ретінде рөлінің нығаюы;
- қашықтықтан білім беру және оқытудың жаңа әдістемесін дамыту;
- ғылыми байланысты жаһандандыру, ғылыми және білім беретін электрондық жүйені дамыту;
- жеке компьютерді қолдану деңгейін көтеру.

Сонымен, **ақпараттық құзыреттілік -** бұл құзыреттілік білім алушылар іс-әрекетіндегі оқылатын пән және білім саласында, сонымен қатар, қоршаған ортада болатын ақпаратқа деген қатынас дағдысын қамтамасыз етеді. Ақпараттық технология көмегімен (аудио-видео жазылым, БАҚ, электрондық почта, Интернет) ақпаратты өз бетімен іздеу, талдау, іріктеу, қажет ақпаратты жинақтау, түрлендіру, сақтау және оны беру сияқты іскерліктер қалыптасады.

Қазіргі таңда ақпартты құзыреттілікті қалыптастыру маңызы әр жыл сайын артып барады. Осыған орай, ақпараттық құзыретті қалыптастыру:

- Сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- Ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, соның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың көмегімен аталған жұмыстарды жүзеге асыруға;
- Логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;
- Өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді [6, 18 б.].

Біздің пайымдауымызша, **ақпараттық құзыреттілік** – ізденпаздықпен, жауапкершілікпен әрекет етуге адамның еңбегінің нәтижесінде байқалатын (көрініс табатын), белгілі бір еңбек функциясын қабілеттілікпен және біліктілікпен АКТ-ны меңгеруіне мүмкіндік беретін (жасайтын) психологиялық жағдай.

Ақпараттық құзыреттілік: сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдау; мұғалімдердің кәсіби қызметінде кез келген проблема мен міндеттерді өз бетінше шешу, мақсат қою, оны негіздеу, жоспарлау және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыру, табу, талдау, іріктеу жасау, қайта құру, сақтау, түсіндіру, ақпараттарды тасымалдау,оның ішінде қазіргі заманғы АКТ-ның көмегімен жүзеге асыру; логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеме, ұқсастығы бойынша дәлелдеме, моделдеу, ойлау эксперименті, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеу; қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды пайдалану мүмкіндігі деген қорытынды болжам жасай аламыз.

Қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам жағдайында **болашақ кәсіби мамандардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерін төмендегідей анықтауға болады:**

- Білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен оны аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту, интерактивтік тақта және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін дамыту және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне пайдалануға дайындау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасы және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын, коммуникативтік мәдениетті және өзара байланыс қызметтерін, ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін дамыту.

Қазіргі жағдайда білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігі кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады. Сондықтан бұл мәселе болашақ ақпартты құзырлы маман даярлаудың көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде айқындалады.

1 отв. Ред. Кашлев Ю.Б.//Информация. Дипломатия. Психология. – М.: Известия, 2002.- 616 с.

2 Измуханбетова С.С.//Оқушылардың зерттеушілік әрекеттері арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. …. дис. авто-ты:. 13.00.01. – Атырау, 2010.

3 Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – Астана, 2003.

4 Чошанов М.А.//Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.

5 Зимняя И.А. //Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образовании. – М.: Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – С. 34-38.

6 Хасенова А., Сағымбекова Г. «Ақпарттық құзыреттілікті қалыптастыру бағыттары» // Білім көкжиегі, № 1. – 2011. – 18 б.

Резюме

Значение формирования информационной компетентности будущего специалиста в высших учебных заведениях

Кушербаева А.Ж. – преподаватель Алматинского технологического университета, anar_zhumabek@mail.ru

В настоящей статье рассматриваются вопросы формирования информационной компетентности будущего специалиста в высшем учебном заведении. В статье раскрываются такие понятия, как «информационное общество», «информация», «информационная компетентность», которые имеют философский и педагогический смысл. В настоящее время развитие образования тесно связано с освоением и умением работать с любыми видами информационных технологий. В этом плане формирование у студентов информационно-технологической компетентности в первую очередь связано с необходимостью использования информационных технологий во всех процессах учебной деятельности. Увеличение информационного пространства в современных условиях дает возможность доступа к интернету, электронной библиотеке, дистанционному образованию и повышению уровня использования компьтерных программ. В связи с этим формирование информационной компетентности связано с такими навыками, как осознанное принятие решений, самостоятельная постановка целей, обоснование их, планирование и осуществление.

Ключевые слова: информация, информационно-технологическая компетентность, информационная технология, информационное общество.

Summary

The importance of formation of information competence of future specialists in higher education institutions

Kusherbayeva A.Zh. – Teacher of the Almaty Technological University, anar_zhumabek@mail.ru

This article deals with the formation of information competence of the future specialist in higher education. The article reveals concepts such as "information society", "information", "information competence", which have philosophical and pedagogical sense. At present, the development of education is closely linked to the development and the ability to work with all types of information technology. In this regard, the formation of students' information technology competence is primarily due to the need to use information technology in all processes of educational activity. The increase in information space in modern conditions makes it possible to access the Internet, e-library, distance education and awareness-use software programs. In this regard, the formation of information competence is related to skills such as informed decision-making, self-goal setting, study them, planning and implementation.

Keywords: information, information-technological competence, information technology, information society.

ӘОЖ: 377.5

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

М.С. Кургамбеков – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбеөңірлік мемлекеттік университеті
e-mail: mergen-66@mail.ru

Мақалада қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдері, инновациялық педагогикалық технологиялар, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім қандай болуы керек екені қарастырылған. Оқыту теориясының толық қанды меңгерілуінің бастапқы айғағы мұғалімнің өз жұмысына деген шығармашылық ыңғайының болуы, шығармашыл адам бола тұрмай шығармашылыққа үйрену қиын мәселе екені көрсетілген.

Тірек сөздер: Шығармашылық, техникалық, ғылым, тәрбие, тұлға, педагогика, психология.

Қазіргі таңда білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүние танымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің жолдарын шешу – бүгінгі күннің ең басты талабы.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Білім беру жүйесінің басты міндеті – тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау деп» - деп айтып өтті. [1]. Бұл мақсатқа жету үшін өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және қабілетті қайшылықтарды ашуға мейлінше жетілген, оны түрлі өзгерістерге дамытуға қабілетті шығармашыл, барлық істі сауатты шеше алатын тұлғаны тәрбиелеу – мақсаттың бірі болып отыр.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыратын әдістер даярлау. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жатқызылып келеді. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр. Сондай мәселелердің бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта мектеп оқушыларының әлеуметтік құзырлыққа даярлығын жетілдіру, ал оны шешудің бір жолы оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.Оқыту теориясының толық қанды меңгерілуінің бастапқы айғағы мұғалімнің өз жұмысына деген шығармашылық ыңғайының болуы. Өзің шығармашыл адам бола тұрмай шығармашылыққа үйрете алмайсың. Ал өзіңді осы тұрғысында көрсету үшін сабақтарға аса тыңғылықты дайындалу керек.

Сонымен қатар зерттеуші Б.Н.Қадырова өз еңбегінде: «Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оный жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады. Баланы жас кезінен оның шығармашылық қасиеттерін дамытуға, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге жағдай жасалуы тиіс. Сондықтан, оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсенділік, дербестік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетті қалыптастыруға болады», - деген пікірлер айтады [2]. Сабаққа дайындалу барысында ондағы шығармашылық жұмысқа оқушыларды түгел немесе барынша көбірек тартатын өздік жұмыс формаларын, оны ұйымдастыру түрлерін қарастырып неғұрлым баланы көбірек ойландыруға тырысу керек.

Шығармашыл ұстаз В.Ф. Шаталов және басқа жаңашыл ұстаздар сияқты. Осындай ұстаздардың сабақта шығармашылығы әртүрлі жағынан байқалуы мүмкін: «ол бір проблемалық тапсырманы шешу жолын орынды ымдаумен иә тұспалдаумен немесе аяқ астынан ойына келген (ұстаздың өзіне де тосын) проблеманы қою, бірден, дайындықсыз демеу – ізденушілік (эвристикалық) әңгіме ме және тағы басқа да әйтеуір ұстаздың өзінің бір әдеттен тыс, өзіне ғана тән берілгендік, тілектестік қырынан көрінуі», - деп келтіреді [3].

Яғни сабаққа шығармашылықпен дайындалу – оқушыларға эмоциональдық әсер ету жолдарын, олардың сұраныстарын және оқу мотивтерін барлық сабақ бойына жобалап ойластыруды оны елестетіп шамалаумен байланысты.

Демек сабақты өткізу шығармашылықты талап етеді. Шығармашылықты бір әдеттен (дәстүрден) тыс жағдай деп алсақ, онда ол алдындағы еңбек не дене шынықтыру сабағынан бір жарыстан (концерттен) т.б. көңілі бөлініп, алаң болып келіп отырған оқушыларды осы сабаққа ден қойғызу үшін қажет. Ұстаз жетістігінің басты жағдайы, оның шығармашылығының алғы шарты ол- балалармен ынтымақтас болудағы ішкі сезімінің көрініс беруге дайындығы мен талпынысы. Ұстаз өзінің ішкі сезімін пәнге деген қатысымен, сүйікті ісімен шұғылданғандық қуанышымен, өз білімін басқаларға бере алу мүмкіндігінен рухтануымен (шабыттануымен), білімін әртүрлі, тіпті аяқ астынан болған жағдаятқа қолдана алу біліктілігі мен көрсетеді.

Шығармашылық проблемасына байланысты ғалымдар зерттеулерін теориялық талдауымызда:

- оқушы шығармашылығының дамуы проблемалық-ізденушілік әрекеттерге байланысты екендігі;
- ойлану бір қырынан қарағанда шығармашылық міндеттерді шешу үрдісі деп түсінуге болатынын;
- шығармашылық ойлаудың нәтижесін көтеру әртүрлі деңгейде ойлау қабілеті бар оқушылардың тапсырмаларды топпен шешу кезінде жүзеге асырылатынын;
- оқушылардың ойлау дербестігің қалыптастыру, дамытуда проблемалық тапсырмаларды құрастырудың маңыздылығын;
- берілген тапсырмаларды жаңа, шығармашылық жағдаятқа пайдалана алу қабілеттерін;
- бұрынғы білгенін жаңа білім игеру кезінде қолдана алу біліктілігін;
- оқушының оқу әрекеті кезінде қиялдай білуі, өзінің субъектілік рөлінің жоғары болуы сияқты маңызды мәселелермен қатар ұстаздың балаға деген көзқарасында, қарым-қатынасында ешбір үстемдік мақсатында емес өзімен тең дәрежеде байланыс құру, оның пікірімен санасу, қабілетін, түсінігін, оқушы бойындағы бар қасиеттерді, ішкі дүниесін түсіну негізінде әрекет етудің маңызды екендігін;
- оқушылардың шығармашылығын дамытуда ұстаздың өз ісіне ізденімпаздықпен, өзіне жоғары талап қоюы арқылы сабақты шығармашылықпен өткізу қажеттігін байқадық.
- оқу пәндерінің әрқайсысы оқушының шығармашылық белсенділігін арттыруға әсерін тигізуі тиіс.

Әдетте, оқушы белсенділігі оның шығармашылығының негізі және осы негіз оқу үрдісінің мақсаттарына жетудің бір шарты. Оның оқу-тәрбие үрдісінде орны ерекше болып табылады.

Тақырыптың негізгі көкейтестілігі, мектеп оқушыларының технологияға оқыту кезінде техникалық шығармашылықтың даму бағыттары;

- экономикалық –«өндірістікақуалдыңөсуі»
- әлеуметтік «шығармашылық-иманды құндылық жәнеқоғамның даму мақсаты».
- ғылымдық- «жеке тұлғаны анықтау құралы және кәсіптік адам факторын интенсивтендірудің қортындысының мәні болуында»

Жалпы білім беретін мектептердегі кәсіптік бағдар беру мен технологияға оқыту үрдісінде ерекше назар аудару қажет. Бұл жерде техникалық шығармашылықтың оқушылардың политехникалық білімінің толығуына тікелей ықпал ететінін атап өту қажет, өйткені техникалық шығармашылық оларды жаңа ғылыми-техникалық білім биіктеріне шақырып іздентеді және бұл ізденістерді тәжірибелік түрде жүзеге асыруға құлшындырады. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларын технологияға даярлау теориясы мен тәжірибесінің мәселелерін оқушылардың техникалық шығармашылығын елімізідің ғалым ұстаздары К.Ә.Дүйсенбаев, Н. Адамқұлов, А.П.Сейтешов, М.Х.Қаламқалиевтердің еңбектерінде қарастырылады.

Оқытудың политехникалық және тәжірибелік бағыттарын нығайтып білім берудің түрлері мен әдіс-тәсілдерін құралдарын жетілдіру қажет. Бұл жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту, сондай-ақ танымдық қызығушылығын, белсенділігін, қай іске болса да шығармашылық тұрғыдан қарауға талаптану сияқты тәрбиелік жақтарымен байланысты болуға тиіс. Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қызметі мектеп балаларын технологияға даярлау жүйесінің құрамды бөлігіне айналды, ал техникалық шығармашылық оларды өнеркәсіп өндірісінің қазіргі жағдайына лайық, шығармашылық еңбек пен айналысатын жұмысшы қылуға тәрбиелеудің аса маңызды құралы.

Оқушылардың еңбек дайындығын интегралды үрдіс ретінде қарастыра отырып П.Р.Атутов, В.А.Поляков оны құрайтын негізгі белгілерді атап көрсетеді. Ғылым негіздерін меңгеру политехникалық білім, технологияға оқу мен еңбек тәрбиесі, кәсіптік бағдар, қоғамдық пайдалы және өнімді еңбекке, сондай-ақ техникалық шығармашылық пен ауыл шаруашылық іс-тәжірибеге қатысу [4]. Осыған байланысты мектепке мұғалімдерді еңбек іс-әрекет, оқу істеріне дайындау бағытында «Нені білу керек? және нені істей алуы тиіс» деген талаптар қойылады.Әрине, атқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми - ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймын.

1 Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, реформалар, даму. 30.11.2015 ж.

2 Қадырова Б.Н. Оқушылардың шығармашылық әрекетіне бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың дидактикалық шарттары. - Пед.гыл. канд.дисс.... автореф -Атырау, 2000

3 Атутов П.Р., Поляков В.А. Исследование современных проблем трудовой подготовки подрастающего поколения. //Советская педагогика. 1983 г.№6 – Б 64-71.

4 Васильев Ю.К. Теория и практика подготовки будущих учителей к осуществлению политехнического образования. М. 1979- 42 ст.

5 Каламкалиев М.Х. Научно-теоретические и педагогические основы развития технического творчества в трудовом обучении учащихся. Алматы, 1996 г., 320 ст.

Резюме

Развитие техническо-творческих способностей будущих специалистов через профессиональное оброзавание

М.С. Кургамбеков – кандидат педагогических наук,Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова

В данной статье рассматривается творчество как процесс человеческой деятельности, в результате которого создаются качественно новые материальные и духовные ценности. В процессе творчества принимают участие все духовные силы человека, в том числе воображение, а также приобретаемое в обучении и в практике мастерство, необходимое для осуществления творческого замысла. В изучении творчества, творческого мышления еще остается на сегодняшний день много загадок, ждущих своего вдумчивого исследователя. А так же творчество изобретателя и рационализатора, научное и научно-техническое творчество, организаторские способности по внедрению достижений НТР особенно востребовано в наступивший сейчас период экономических кризисов и социальных потрясений. Но не менее важна в современной жизни и роль художественного творчества в качестве источника для духовного подъема, гармонизации и совершенствования личности и общества в целом.

Ключевые слова: Творчество, технический, наука, воспитание, личность, педагогика, психология.

Summary

Developing technical-creative flairs of future specialists through trade education

M.S. Kurgambekov - candidate of pedagogical sciencesAktobe Regional State University named after K.Zhubanov

This article discusses creativity as a process of human activity a result of which are created qualitatively new material and spiritual values.In the process of creativity take part all spiritual powers of man, including the imagination, as well as acquired in training and practice mastery needed for creative design.In the study of creativity, creative thinking still remains today a lot of mysteries waiting for their thoughtful researcher. And also creativity of inventor and кationalizer, scientific and scientific-technical creativity, organizational abilities on the implementation of the achievements of scientific and technological revolution is particularly in a period of economic crisis and social upheavals.But not less important in modern life and the role of art as a source of spiritual uplift, harmonization and improvement of personality and society as a whole.

Keywords: Creativity, technical, science, upbringing, personality, Pedagogics, Psychology.

УДК: 378.016:811.111

АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Т. Жылтырова – *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Шетел тілі: 2 шетел тілі» мамандығының 2 курс докторанты*
zhanarzht1@gmail.com

Мақалада ел экономикасының дамуына үлкен септігін тигізетін өзіндік орны ерекше аграрлық саладағы қазіргі таңда шетел тілінің атқаратын рөлі туралы сөз қозғалады. Арнайы мақсаттағы ағылшын тіліне шетел ғалымдарының берген анықтамаларына талдау жасалынып, тілдік емес жоғары оқу орнындағы жалпы және кәсіби-бағытталған шетел тілі туралы Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беруді дамыту концепциясында берілген мағлұматтары қарастырылған. Сонымен қатар, тілдік емес жоғары оқу орнындағы, атап айтқанда аграрлық саладағы болашақ мамандарғакәсіби-бағытталған шеттілдік білім беруде кездесетін қиындықтар туралы сөз болады. Автор отандық ғалымдардың шеттілдік білім берудегі оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын пәндік мазмұнды таңдауда қолданылуға тиіс базалық және арнайы қағидаларына тоқтала отырып, мақалада қарастырылған мәселелерді шешу мақсатында басқа да қағидалар мен ұсыныстарды береді. Арнайы мақсаттағы ағылшын тілін оқыту кезіндегіоқу бағдарламасын дайындағанда оқытушы студенттермен бірлесе отырып,олардың қызығушылықтарын тудыртатын мәтіндер мен мәліметтерді таңдау ұсынылады. Қазіргі кәсіби-бағытталған шеттілдік білім беруде қолданылуға тиіс когнитивтік-лингвомәдени кешен, студенттердің өзіндік білім алу әрекеті мен оқу үдерісінде іске асыруға болатын технологиялар туралы да қысқаша ақпарат беріледі.

Түйін сөздер: арнайы мақсаттағы ағылшын тілі (ESP), кәсіби-бағытталған шеттілдік білім беру, оқу материалдарын таңдау қағидалары.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның агроөндірістік кешені ел экономикасында өзіндік орны ерекше әлеуметтік маңызы зор сала болып табылады. Агроөндірістік кешен ауылшаруашылық өнімін өндіру, өңдеу және тұтынушыға жеткізу секілді бір-бірімен тығыз байланысты салаларды қамтиды. Бүгінгі таңда Қазақ ұлттық аграрлық университетінің инновациялық бағытта зерттеу университетіне трансформациялануы ауылшаруашылық техника мен технологияны тасымалдауда шетел жоғары оқу орындарымен қоса, кәсіпорындарымен бірлесе жұмыс атқаруға мүмкіндік береді. Біздің мемлекет аграрлық білім мен ғылымның дамуына ерекше назар аударуда. Сондықтан аграрлық саладағы еліміздің болашақ мамандарын жан-жақты халықаралық заманауи талаптарға сай келетін тұлғаларды даярлап шығару тек университет қана емес, мемлекет пен жұмыс берушілердің де назарын аудартуда. Ұсынылып отырған әр алуан халықаралық және академиялық ұтқырлық бағдарламалары соған мысал бола алады деп есептейміз. Сол себепті халықаралық ынтымақтастық пен шет елдермен қарым-қатынастың дамуы барысында шетел тілін жоғары деңгейде меңгерген мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілігі қалыптасқан салалы мамандарды дайындау бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі болып отыр.

«Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беруді дамыту концепциясы» мен Қазақстан Республикасының МЖМБС негізінде шеттілдік білім берудің әлемдік талаптарына сай жалпы шетел тілімен қоса, 2 немесе 3 курста кәсіби бағдарланған шетел тілін оқыту оқу бағдарламасына енгізілді. Студенттердің кәсіптік шеттілдік қарым-қатынас құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында аталған

пән әртүрлі кәсіп аяларында ағылшын тілі арқылы іске асады. Кәсіби бағдарланған шетел тілі немесе бәріне белгілі English for Specific Purposes (ESP) арнайы мақсаттағы ағылшын тілі Қазақстанда соңғы жылдары қарқын алып, ғылыми тұрғыдан карастырылып келсе, шет елде аталған курс қолданбалы лингвистика саласында әдіснамалық үдерісі ретінде өз бастауын 1960 жылдардан алады. Оның басты себебі ағылшын тілінің ғылым, технология мен бизнес аяларында кең қолданылып, халықаралық қарым-қатынастар мен білім беру бағдарламаларының көбеюіне үлкен септігін тигізуіне байланысты.

Ғылыми еңбектерде арнайы мақсаттағы ағылшын тіліне (ESP) үш анықтама берілген. Ең бірінші анықтаманы 1987 жылы Хатчинсон және Уотерс ұсынған. Олар ESP-ді *өнім* ретінде емес, *тәсіл* тұрғысында алып, оның негізгі іргетасы төмендегідей қарапайым сұрақ деп қарастырады: Не мақсатпен білім алушы шетел тілін оқығысы келеді? Бұл сұраққа жауап бергенде қажет етілген тіл, яғни ESP-ді оқудың себебі және оқу контексті анықталады. Оқу мақсаты әртүрлі болуы мүмкін, яғни академиялық алмасу бағдарламасы немесе іскерлік келіссөздер жүргізу және т.б. себептер деп атап көрсетеді ғалымдар [1].

Екінші анықтаманы 1988 жылы Стривенс беріп, ұғымның 4 абсолюттік және 2 ауыспалы сипаттамаларын енгізді. *Абсолюттік сипаттамалары* ағылшын тілін оқытумен байланысты:

• үйренушінің арнайы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арналған;
• белгілі бір пәндермен, мамандықтармен және әрекеттермен мазмұны жағынан байланысты;
• синтаксис, лексика, дискурс, семантикасы жағынан тиісті бір тілге орталықтандырылған;
• жалпы ағылшын тіліне (General English) контраст болып келеді дейді [2].

Ауыспалы сипаттамалары:

• оқытылатын дағдылары шектелуі мүмкін, мысалы айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым;
• алдын-ала анықталған әдіснамаға сәйкес үйретілмеуі мүмкін [2].

Робинсон ұсынған ESP-дің үшінші анықтамасы да студенттердің қажеттіліктеріне бағытталған “goal directed”, яғни ағылшын тілі арқылы студенттер нақты нені оқу керектігіне баса назар аударылады [3]. Ол ESP-дің басқа бір сипаты ретінде аз шектеулі уақыт аралығында мақсатқа жету үшін жұмыс баптарына қажет тек ересек адамдардың біртекті кластарда оқуы немесе белгілі бір мамандық аясында оқитын студенттерге қажет деген сияқты ерекшеліктерін қарастырды.

Әрине барлық берілген анықтамалардың ішінен бізге ең жақыны Стривенс ұсынған анықтама деп есептейміз. Себебі әрбір студенттің қажеттілігін қамтамасыз етіп, жалпы ағылшын тіліне қарағанда басқа әдіснаманы талап ететін, әртүрлі деңгейдегі ересектер, студенттер немесе тіпті мектеп оқушыларын да болсын оқытуға болатын курс түрі.

Дудлей-Иванс пен Ст. Джон сияқты ғалымдардың пікірінше, ағылшын тілін оқыту үздіксіз болуы керек. Жалпы ағылшын тілі (General English) курстары арнайы мақсаттағы ағылшын тілі (ESP) курстарымен ұштасу қажеттігі [4] келесі кестеде көрініс табады:

Кесте 1. Дудлей-Иванс пен Ст. Джон ұсынған ағылшын тілін оқыту курстарының тұтастығы

Жалпы				Арнайы
1 ұстаным	2 ұстаным	3 ұстаным	4 ұстаным	5 ұстаным
Ағылшын тілін бастаушылар (Beginners)	Intermediate-advanced деңгейлері	EGAP курстары (ортақ бейінді тіл, арнайы мамандық пен кәсіппен байланысы жоқ дағдылар қалыптастыру)	Барлық кәсіби салалар үшін кең ауқымды курстар (баяндамалар жазу, іскерлік ағылшын тілінде келіссөздер жүргізу және т.б.)	Арнайы оқу курсына байланысты

Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беруді дамыту концепциясында тілдік емес жоғары оқу орындарында студенттерге шетел тілін оқытуда халықаралық стандарт параметрлеріне сәйкес 2 кезеңді қамтиды: 1 кезеңде студенттер 4-ші (B2) еуропалық деңгейді меңгеруі қажет. Шетел тілінің 4-ші (B2) деңгейін меңгеруге студенттердің жеке, қоғамдық немесе кәсіби күрделі ақпаратты түсіну біліктілігі; сөйлескенде тілді грамматикалық дұрыс және тиімді қолдану және өз ойы мен ұсыныстарын жеткізе білу дағдыларын жатқызады. Екінші кезеңге белгілі бір мамандық аясында арнайы мақсаттағы шетел тілінде кәсіби-бағытталған қарым-қатынасқа үйрету жатады [5, 16 б.].

Өмірлік тәжірибеде талап етілетін ағылшын тілін меңгеруге деген ынтаның жоғары болғанымен, аграрлық мамандық студенттеріне арнайы мақсаттағы кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқытуда бірқатар қиындықтар кездеседі. Олар:

- Шеттілдік білім беруге бөлінетін уақыттың тығыздығы;
- Көптеген студенттердің ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгермеуі;
- Университетке түскен мектеп түлектерінің шетел тілінен білім деңгейлерінің жоғары оқу орнының бағдарламасы талаптарына сай келмеуі;
- Өз болашақ кәсіптеріне деген ынталарының аздығы.

Аграрлық білім мен ғылымның мемлекет пен қоғам өмірінде ерекше қарқынмен орын алып келе жатқанына қарамастан, әртүрлі ауылшаруашылық саласындағы бәсекеге қабілетті ағылшын тілін өте жақсы деңгейде меңгерген мамандарды даярлау өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан ағылшын тілін оқыту барысында студенттерді ынталандырып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында шетел тілін оқыту барысында әртүрлі интерактивтік, болашақ кәсіби-практикалық әрекеттермен байланысты кәсіби-контексттік жағдаяттарды үлгілеу және тағы басқа мәселеге негізделген технологияларды қолдануды талап етеді.

Д.Н. Кулибаеваның «Халықаралық типтегі мектеп жағдайларында шетел тілін меңгерудегі халықаралық стандарт деңгейлерін қалыптастырудың жаңашыл үлгісі» атты еңбегінде халықаралық типтегі мектептерде шеттілдік білім беруде оқу материалдарының пәндік мазмұнын таңдауда негізгі 2 түрлі қағидаларды ұсынады:

Шеттілдік білім берудегі оқу материалдарын ұйымдастырудағы *базалық қағидалар*:

- коммуникативтік-қызметтік негіздері;
- интеркультурнокоммуникативтікке бағытталғандығы;
- жеке тұлғаға бағдарланғандығы;
- пәнаралық интеграцияланған және білім беру мазмұнының тұтастығы.

Өзіндік қағидалар:

- пәндік мазмұнының түпнұсқалылығы;
- қатынас пәнінің прагматикалық келісілгендігі;
- қатынас пәнінің мазмұны жағынан ақпараттық артықтығы;
- интерактивтік және рөлдік қатынас орнату үшін мәселелігі;
- ситуативтілігі;
- оқу үдерісін ұйымдастырудағы концентризм;
- пәндік мазмұнының кәсіби бағытталғандығы;
- шетел тілін оқытудағы мазмұнның ғылыми-пәндік бағыттылығы [6, 62 б.].

Аталған ғалымның ұсынған қағидаларын ескере отырып, аграрлық саладағы студенттерді кәсіби бағытталған немесе арнайы мақсаттағы ағылшын тілін оқыту үдерісін ұйымдастыруда келесі қағидаларды ұсынсақ болады:

- оқытуға берілетін мәліметтердің түпнұсқалылығы;
- мәліметтердің қазіргі уақытқа сай өзекті болуы;
- оқытылатын мәліметтердің, мәтіндердің шынайылылығы (оқу орнын бітіргеннен кейін өмірде, кәсіби мақсатта қолдана алуы);
- әрбір тапсырманың коммуникацияға бағдарлануы;
- студенттердің өз-өздерін басқару қабілеті;
- мақсатқа бағытталған бағдар.

Арнайы мақсаттағы ағылшын тілін оқыту кезінде оқытушы студентпен бірлесе отырып, студенттердің өздерінің қызығушылықтарын тудыртатын мәліметтерді таңдауы қажет. Себебі Хатчинсон және Уотерс айтқандай ESP арнайы мақсаттағы ағылшын тілі тұлғаға бағдарланған тәсілде болуы қажет. Сонымен қатар, ағылшын пәнінің оқытушысы әрбір саланың жетік маманы болмағандықтан, студент өз мамандығы туралы жақсы біледі және көбірек хабардар. Айта кету қажет, бүгінгі таңда негізгі рөлде студент басты назарда тұрады, яғни оқыту үдерісінде тұлғаға бағытталған тәсіл қолданылуы керек.

Осы көзқарастар бағытында арнайы мақсаттағы ағылшын тілін оқыту барысында мазмұнның пәндік аспектісін ұйымдастыру негізі ретінде С.С. Құнанбаева ұсынған когнитивтік-лингвомәдени кешенді қарастыру өзекті болып табылады [7, 191 б.].

Когнитивтік-лингвомәдени кешен келесі компоненттік құрамдардан тұрады:

1) белгілі бір деңгейдегі оқу мазмұнын көрсететін коммуникативтік ая. Мысалы, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, жалпы-кәсіби және арнайы-кәсіби аялар. Біздің жағдайда арнайы мақсаттағы ағылшын тілін қарастырғандықтан, арнайы кәсіби аяны қолданамыз.

2) әрбір аяны қарым-қатынаста қолдану үшін тақырып пен субтақырыптар жиынтығы.

3) әр тақырып пен субтақырыпқа қатысты типтік қатынас жағдаяттары. Жағдаяттар- арнайы кәсіп төңірегінде құрастырылған, белгілі бір мәселені шешу үшін студенттерді бір-бірімен сөйлесуге итермелейтін оқыту формасы [7].

Тағы бір айта кететін мәселе, уақыт тапшылығына сай оқу үдерісінде студенттердің өздік жұмыстарына көбірек көңіл бөлінуі қажет. С.С. Құнанбаева атап көрсеткендей, құзіреттілік білім беру технологиясының бір ерекшелігі *жалпы* білім беру әрекетінен *өзіндік* білім беру әрекетіне түбегейлі ауысуында. Яғни, тұлғаның өзі өзін-өзі дамытып, кәсіби құзіретін жоғарылату үшін үнемі ізденісте болуын талап етеді. Университеттердегі жаңа кәсіби білім беру бағдарламаларында студенттер 60% оқу уақытын өзіндік білім алу әрекетіне жұмсайды екен. Сол себепті студенттердің өздік жұмыстарын қарқындатуға итермелейді [8, 139 б.].

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған қағидалар мен ұсыныстар тек аграрлық саладағы сутденттерге ғана емес, басқа да тілдік емес жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды дайындағанда мәдениетаралық қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін қолдануға болады деп есептейміз. Әрине, мақалада қарастырылып отырған мәселе әрі қарай ізденістерді талап етеді, себебі шеттілдік білім берудегі технологиялар мен әдіснама да уақыт талабына сай үнемі өзгертулер мен жаңа идеяларды ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

1 Hutchinson, T. and Waters, A., English for Specific Purposes. Cambridge: Cambridge University Press, 1987.

2 Strevens, P. ESP after Twenty Years: A Re-Appraisal. In: Tickoo, M. (Ed), ESP: State of the Art. Singapore: SEAMEO Regional Language Center, 1988.

3 Robinson, P., ESP Today: a Practitioner's Guide. Hemel Hempstead: Prentice Hall International, 1991.

4 Dudley-Evans, T., and St John, M. Developments in ESP: A multi-disciplinary approach. Cambridge: CUP, 1998.

5 Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан.- Алматы, 2006. С. 16

6 Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. - Алматы: Атамұра, 2002. С. 62-64.

7 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. - Алматы, 2010. 191 б.

8 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. - Алматы, 2014. С. 139.

Резюме

Проблемы профессионально-ориентированного иноязычного образования для студентов аграрного сектора

Жылтырова Ж.Т. – *КазУМОиМЯ имени Абылай хана, докторантка 2 курса по специальности «Иностранный язык: 2 иностранных языка»* zhanarzht1@gmail.com

The main aim of learning a foreign language is the formation of students' intercultural communicative competence. In this regard, the need to improve the efficiency of formation of intercultural communicative competence of future foreign language teachers through the development and implementation of innovative technologies and teaching methods in the learning process that allow to intensify the process of learning and create the organizational and didactic basis for the implementation of competence-based approach in higher education is obvious. Training Online Resources based on Web 2.0 technologies can be offered to students with different didactic purposes. Consequently, under the educational Internet - resources we understand the text, audio - visual materials, as well as social services of Web 2.0 on various topics aimed at building intercultural communicative competence of future foreign language teachers. Training Online Resources based on Web 2.0 technologies aimed at introducing with the new material and the formation of language skills and speech abilities.

Key words: intercultural communicative competence, online recourses, Web 2.0 technology, information and communication technology, Hotlist, Multimedia Scrapbook, Treasure Hunt, Insight Reflector, Concept Builder, Subject Sampler, WebQuest.

УДК 78 (075.8)

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Қ. Ахметова – *«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты,* aimkul_akhmetova@mail.ru

Бұл мақалада кәсіби дайындаудағы музыка мұғалімінің шешендік өнері қарастырылған. Шешендік өнер бірден бір жандандыру көздері болып табылып, тек қана мұғалім тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Педагогикалық тіл, бір жағынан, оқыту мен тәрбиелеудің басты құралы болып табылса, екінші жағынан, өз шәкірттерімен шебердің қарым-қатынас өнері ретінде қолданылады. Мұғалімнің кәсіби тілі өзінше лингвистикалық, психологиялық мәнді қамтып көрсететін тіл емес мағынаны көрсетеді. Оқу үрдісінде мұғалім басты білім бұлағы болып табылады. Осыған орай, музыка мұғалімінің тілі түсінікті және оңай болуы керек. Сондықтан да шешендік өнер музыка мұғалімін кәсіби дайындауда маңызды компонент болып табылады.

Түйін сөздер: интернет, ұялы телефон, компьютер, теледидар, қарым-қатынас, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті.

Қазіргі таңда мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған міндет – жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеу. Уақыт ағымы талап ететін бұл міндет болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдіруде жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігін туғызады. Әсіресе, өзекті мәселелердің бірі – музыка мұғалімінің шешендік өнері – адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамда жоғары бағаланады.

Мектепте оқушыларға дем беретін, музыка арқылы олардың жүрегіне жол табатын, музыканың құдіретін жеткізіп түсіндіретін күш – мұғалімнің қарым-қатынасы болып табылады. Әрине, бүгінгі күндері педагогикалық қарым-қатынастың күрделі екендігі бәрімізге айқын. Себебі балалардың өміріне теледидар, компьютер еніп, олардың біраз уақыттары солардың алдында өткізіледі. Көбінесе балалар достарымен көзбе-көз емес, жеткілікті сөзбен емес, «интернет», «ұялы иелефон» арқылы сөйлеседі. Десек те, бұл нақты қарым-қатынасқа жетпейді. Теледидар арқылы жиі атақты адамдармен кездесулер өткізіледі, бірақ оның бәрі бір жақты болып келеді. Теледидар, ұялы телефон, компьютер балалардың өміріне жастайынан еніп келеді, сондықтан да олардың өнер және т.б. іс-әрекеттермен айналысуы төмендейді.

Әрине, теледидар, интернет ақпарат көздері болып табылады, дегенмен де олар белсенді, шығармашылық іс-әрекетті, ересек адамдармен қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Демек, осындай пікірлесудің, сөйлесудің жетіспеуі, балалар бойында сезімді тәрбиелеуде кемшіліктердің пайда болуына себепші болады.

Сонымен, қарым-қатынас тәрбие құралы болып табылатыны белгілі, оқушылармен дұрыс құрылған қарым-қатынас жүйесі арқылы олардың бойында адамгершілікті қалыптастырамыз, олардың пайдалы іс-әрекетпен айналысуына мүмкіндік береміз. Осындай қарым-қатынастың арқасында оқушыларды толығымен жан-жақты танимыз.

Оқушылармен қарым-қатынас жасау үрдісі – үлкен өнер. Сондықтан да музыка мұғалімінің асқан шеберлігі арқылы қарым-қатынастың жанданып кетуі міндетті түрде оның сөйлеу мәдениетіне, шешендік өнеріне тікелей байланысты. Өзінің ойын сабырмен сыпайы жеткізе алатын мұғалім сөзі ғана оқушының ойына қозғау сала отырып, оның жан дүниесіне әсер етіп, өзіне сендіре алады.

Адамдардың қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайтындығы, өзара түсініспіп, пікір таластыратыны, ойларын жеткізетіндігі бәрімізге мәлім.

Өткен тарихымыздың, халқымыздың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, асыл қазыналары тіл арқылы жеткізіліп, кейінгі ұрпаққа жеткізіліп жалғасады. Мәселен, ұлы Абайдың даналығын, Махамбеттің батылдығын, Қабанбайдың батырлығын, Абылайдың данышпандығын, Бұхар жыраудың бетке айтатын шындығын ана тілінде оқып, түсініп, өмірге рухани азық болып қалдырылған.

Олай болса адамдардың жастайынан қиялын өрбіткен таңғажайып ертегілер, аңыз-әңгімелер, батылар жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер өзіміздің ана тілінде дүниеге келген. Осындай ана тілінде жырланған халық мұрасынан ғибрат алып, өмірге өнеге тұтып, білім бұлағынан сусындап, сезімге бөленіп, білім-ғылым әлеміне құлаш ұрып қалықтайсың. Сондықтан да халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекер айтпаған.

«Ана тілінде сөйлемеген, ана тілінде тәлім-тәрбие алмаған халықтың келешегі жоқ, тағдыры мүшкіл болмақ» деп көптеген ғалым зерттеушілеріміз тұжырым жасаған. Сондай ғалымдардың бірі

С.М.Исаевтың пайымдауынша: «өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды, қадірлей алмайды» [1].

Ал ұлы жазушы М.Горький «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес» деп айтқан болатын [2]. Сондықтан әрбір мәдениетті адам өз халқының тіл қазынасын меңгеруге, тілді өткір құрал, үлкен өнер ретінде пайдаланғаны жөн.

Әсіресе, музыка мұғалімі сөзін, ойын, идеясын оқушыларға дұрыс та анық жеткізуді көздейді, яғни негізгі мақсат – ұсынбақ идеясын сөз арқылы жеткізу. Сондықтан сөздің анықтығы, құлаққа жағымды тиюі – басты талап, негізгі шарт. Бұл талап, әрине, әншілерге де, актерлерге де қойылады. Өйткені ән тек әуеннің әдемілігімен ғана емес, жүрекке жылы тиетін сөзімен де қымбат. Енді бұларға сол сөзді анық та бұзбай айтатын тамаша дауысы бар әнші қосылса, ол ән немесе ария миллондаған адамдардың жүрегіне жол табатыны сөзсіз. Мысалы, атақты әнші апамыз Роза Багланованы сүйіп тыңдағандар тек сирек кездесетін әсем үніне ғана емес, қазақ өлеңінің әрбір сөзін анық, дұрыс айтқаны үшін де мейлінше тәнті болатын [3].

Ендеше көпшілік алдында сөйлей білу – кереметтей өнер. Ал шешендік өнер – шығармашылықта ерекше орын алады. Ол жеке адамның шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен құдіретті. Көркем сөз – көркем ой әрбір адамның өз жүрегінен, көкірегінен тууы тиіс. Сонда ғана сөз – музыка арқылы адамды ынтықтырып құштарландырады.

Сөз – өнердің қайнар көзі, шешендік өнер. Тарихқа жүгінсек белгілі қазақ шешендері – Қазыбек би, Төле би, Аяз би, Бұқар жырау сияқты бабаларымыздың асыл сөздері, кейінгі ұрпаққа қалдырған інжу-маржандарының даналығы шешендік өнердің алтын қазығы болып табылады [4].

«Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шың жетпейді,
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйрегеннен ештеңең кетпейді» -

деген Төле бидің айтқан сөздері жас жеткіншектерді ерінбей-жалықпай үйреніп, үнемі ізденуге шақырады.

«Шаршы топта сөз бастаудан қиыны жоқ» - деп Бұқар жыраудың [3] айтқанындай, орынды да қисынды, шынайы сөйлеу – ол да бір өнер. Ата-бабаларымыз, данышпан ақылгөйлер өте орынды сөздің, дұрыс сөйлей білудің маңызын аса жоғары бағалаған. Сондықтан да олардың айтқан сөздерін оқып, үйреніп, өзіміздің сөздік қорымызға енгізіп, музыка сабағында және мектептен, сыныптан тыс жұмыстарда орынды қолдана білгеніміз жөн.

Шешендік өнер музыка сабағында және мектептен, сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылығын белсендіре ұйымдастыруға мүмкіндік туғызып, оны арттырудың факторы қызметін атқарады.

Музыка мен сөз өнерінің көмегімен балаға жеткен идеялар, ойлар, сезімдер оның бойында қызығушылық тудырады, ерік-жігерін жұмылдырып, музыкалық есту қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Музыка мұғаліміне қойылатын негізгі міндеттерінің бірі – өз басының сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерін барлық уақытта жоғарғы деңгейде ұстауы, сол арқылы ғана оқушылардың музыкаға деген құштарлығын, қызығушылығын қалыптастырып дамытуға қолайлы жағдайлар жасауы.

Сабақтағы музыка тыңдау, талдау, түсіндіру, қорытындылау іс-әрекеттерінің нәтижелілігі – мұғалімнің шешендік өнеріне, шеберлігіне, икемділігіне, шығармашылық қасиеттеріне байланысты болып табылады. Мұғалім тек белгілі бір шығарманы орындап қана қоймай, ол туындылар жайлы әңгімелер жүргізеді, пікір алысады, музыканың әсер ету күшінің соншалықты мүмкіндіктерін сөз арқылы жеткізуге тырысады.

Мысалы, күй жанрын талдау барысында қобызға арналған сан алуан күйлердің авторы, шебер орындаушы, халық композиторы Ықылас Дүкеновтің өзінің аспапта ойнау шеберлігімен тыңдаушыларға ерекше әсер ете білгендігі, қобызда жан-жануар, құстардың дауысына еліктеп әртүрлі дыбыс әуендерін салғаны жайлы әңгіме жүргізуге болады.

«...Бір күні Ықылас қобызда қасқырдың ұлығанын орындайды. Әуелі жалғыз ішекте бір қасқырдың, одан кейін екі қасқырдың, ақыр аяғында ұлыған көп қасқырдың үнін келтіреді... Ықыластың ойынын естіген ауыл иттері қобызда орындалған сазды ұлыған қасқырлар үніне санап ауылды айнала шауып мазасызданып үре беріпті" [5, 284 б.].

Ал Раздықтың "Аңшының зары" күйін тыңдатар алдында төмендегідей әңгіме жүргізуге болады. Раздықтың бұл күйінде ағайынды екі жігіттің ортасында өткен тарихи трагедия баяндалады. Аңшы-

лықты кәсіп қылған екі ағайынды бір себептермен елден кетіп, таудың шатқалын мекендейді. Күндердің күнінде екеуі қырқада аң аулап жүргенде, ағасы бір құлан атып алады. Құланның етін қапқа салып, терісін дегдітіп отырғанда, аспанды аяқ астынан бұлт торлап, қалың нөсер бұршақ құйып кетеді. Аңшы тастың қуысында құланның терісін күркелеп, паналауға мәжбүр болады. Інісі оны құлан екен деп атып, келіп қараса өзінің ағасы екенін байқайды. Еңіреп жүріп, ағасын арқалап қосына әкелуге батылы бармай, бір жерге жайғастырып, ауылына келеді. Керегедегі қоңыр домбыра қолына түсіп, бір мұңды күй шертеді. Сезімтал жеңгесі: «Күйің зарлы ғой, осы ағаңнан айрылып қалғаннан саумысың?" - депті. Сонда аңшының қолынан домбыра түсіп кеткен екен дейді аңыз [5, 17 б.].

Музыка мұғалімінің оқушыларға жеткізген бұл көркем де орынды, әсерлі де мәнерлі әңгімесі – музыканы тыңдай, қабылдай білуге қызықтырып, оларды толғандырып, ойландырып, жүйелі түрде оны тыңдауға, талдап, салыстыра білуге мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар Құрманғазының "Сарыарқа", "Кісен ашқан" шығармалары Х.Ерғалиевтің "Құрманғазы" поэмасымен, Ә.Қастеевтің "Құрманғазының өмірі мен творчествосы" атты тақырыптық суреттерімен байланыстырылса, Айша бибі мазары, ол жайлы аңыз әңгіме Айша бибі ою-өрнегімен ұштастырылып, А.Қоразбаевтың "Айшаның әні" шығармасымен, Махамбеттің күй-термелері, Наурызбай мүсіншінің туындыларымен, Г.Исмайлованың "Дина" шығармасын Д.Нұрпейсованың өз туындыларымен және С.Бақбергеновтың "Қайран шешем" еңбегімен, К.Байсейтованың орындауында бейнеленген "Қыз Жібек", Шараның орындауында бейнеленген "Қазақ вальсі» Е.Брусиловскийдің "Қыз Жібек" операсымен, Л.Хамидидің "Қазақ вальсі" әндерімен ұштастырылып, проза-поэзиялық мақалмәтел, нақыл сөздерді нақты қолдана білгенде ғана, оқушылардың қызығушылықтары артып, санасезімдері, ақыл-ойлары өсіп, дамып-жетіліп, музыканың небір құпия сырларына үңіле алатыны анық.

Музыка жайлы осындай қызықты әңгімелерден кейін оқушылардың қызығушылықтары артып, музыканы талдау жұмысы барысында көптеген жетістіктерге жетеді.

Сонымен шешендік өнер, музыка өнері өмір үшін де өте қажетті үрдіс. Бұл жөнінде профессор Т.Нұртазиннің: "Педагогика – өнер болса, ол өнер оқушыны ынтықтыра, сабақты асқақ дәрежеде өткізуге, сыныптан тыс оқуға да ынталандыруға жұмсалатын болса, онда мұғалім өнерпаз, оның әрекетінде артистікпен, сахна өнерімен ағайындас элементтер болғаны. Мұғалім өз табиғатында осындай рольдер барын жадында тұтқаны абзал" деген сөздері музыка мұғалімінің басты мақсаты болғаны дұрыс.

"Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Әннің тәтті оралған мәні оятар",- дегең Абайдан бастап, ән құдіреті, мазмұн мәні, маңызын талдай келе, күміс көмей, жез таңдай әнші Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жүсіпбек Елебеков жайлы лекция-концерт өткізуге болады.

Таудан аққан таза бұлақ сылдырындай ағылып төгілген сиқырлы үн бірде аспанға өрлеп қалықтаса, енді бірде мұңға толы сырлы-саз сезім қылын тербетіп, тыңдаушысын терең ойға шомдырады. Сыршыл сұлу лириканың иесі Жүсіпбек орындауындағы "Ғалия", "Арарай", "Балқурай", "Сегіз аяқ" және т.б. әндер адамның ішкі дүниесін тербеп, нәзік иірімдерімен, әшекейлі өрнектерімен баурайды. Жүсіпбек Елебековтің театр сахнасындағы сан алуан тұлғаларды кемеліне келтіре жоғарғы дәрежеде орындауының табыс кепілі, бір жағынан, әншілік өнері болса, екіншіден, халықтың өмір тіршілігінде кездесетін ірілі-уақты оқиғаларға құрылған аңыздар мен ән-жырларға қанықтығының маңызы зор еді. Бойындағы барлық жарасымды қасиетін халықтың рухани азығына айналдырған әнші есімі әрқашанда ел ауызында, көпшіліктің көңілінде сақталып, өнегелі ұрпақ, шәкірттері өлмес өнерін өзіндей етіп жалғастыра береді.

Шындығында да мұғалімнің шешендік өнері музыкалық шығарма алдында және оның мәнерлілігін талдау барысында қолданылған кезде оқушылардың музыканы айқынырақ аңғаруының белсенділігі артады. Себебі, оқушылардың зейіні шығарманың бейнелілік жағына аударылып, қызығушылығы артады, қабылдау үшін қажетті дайындық құрылады, олардың қиялы мен сезімдік жауабы оянады. Сабақтағы музыка тыңдау, талдау және әрбір әңгіме сайын оқушылар белсенді ізденіске тартылып, музыкалық бейнелер мен идеяларды табуға қатысады, олардың музыкалық шығарманы қабылдауы мен орындауы айқынырақ болады.

Ал «Сөз – ойдың сәулесі» деп Л.Толстой бекер айтпаған болар, сөздің, ойдың құдіреті сол: онда сезім тазалығын, шынайылығын қалыптастыратын, адамның психикасын дамытатын, музыкаға деген қызығушылығын арттыратын сиқыр күш бар

Сонымен, музыка мұғалімі жұмысының нәтижелігі оның кәсіби даярлығына негізделе отырып, шешендік өнер шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім сөзі сезімге бай, музыкаға, сүйіспеншілікке

толы, музыканы түсіне білуге үйретуде ықылас-ниеті айқын да шынайы болғанда ғана сабақтағы әрбір баланың оқу нысаны – мәдениеттің биік деңгейінде болуы – музыка мұғалімі үшін қажетті сапа.

Олай болса, музыка мұғалімінің алдындағы мақсат өзінің сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерін әрдайым жоғары деңгейде ұстауы тиіс. Сонда ғана оқушылардың өнерге деген ынтасына қолайлы жағдайлар жасай алады.

1 Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993.
2 Максим Горький. Полное собрание сочинений и писем. – М.: «Наука», 1968.
3 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997.
4 Игенбаева Б.Қ. Таза сөз. – Алматы, 2001.
5 Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1958.

Резюме

К вопросу об ораторском искусстве будущего учителя музыки

Ахметова А.К. – *кандидат педагогических наук, профессор кафедры «Музыкального образования и хореографии»*

В данной статье рассматривается ораторское искусство в профессиональной подготовке учителя музыки. Ораторская речь, являясь одним из живительных источников имеет исключительно широкую сферу применения в учительской практике. Педагогическая речь, как главное средство обучения и воспитания, с одной стороны, а с другой – как искусство общения мастера со своими учениками. Профессиональная речь учителя несет в себе и по-своему выраженный неязыковой смысл, что отражает как лингвистическую, так и психологическую сущность. В образовательном процессе учитель является основным источником знаний. Соответственно, речь учителя музыки должна быть доступной и понятной. Поэтому ораторское искусство является важнейшим компонентом профессиональной подготовки учителя музыки.

Ключевые слова: интернет, сотовой телефон, компьютер, телевизор, общение, ораторское искусство, культура речи.

Summary

On the question of oratory of future music teacher

Akhmetova A.K. – Candidate of pedagogical sciences, professor of department "Music education and choreography", aimkul_akhmetova@mail.ru

This article discusses the oratory in the training of music teachers. Oratory speech, as one of the life-giving sources is extremely broad in scope in the teaching practice. On the one hand, teaching as the main means of training and education, and on the other - as the art of communication with its master-their students. Professional speech of teacher is bears that he expressed as a sense that reflects both the linguistic and psychological nature. In the educational process the teacher is the main source of knowledge. Accordingly, the speech of music teacher has to be accessible and understandable. Therefore oratory art is an essential component of the training of music teachers.

Keywords: internet, mobile phone, computer, television, communication, public speaking, speech culture

УДК 37:002

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ ИНФОРМАТИКИ

Каратаев Г. С. – докторант ЕНУ им. Л.Гумилева, galimzhan.87@mail.ru
Менлибекова Г.Ж. – д.п.н., профессор ЕНУ им. Л.Гумилева, gmen64@mail.ru

В статье рассматриваетсяведущая роль информационной образовательной среды педагогического вуза в формированиифункциональной компетентности у будущих учителей информатики. В исследовании раскрыта сущность ихфункциональной компетентности. Даны характеристики понятий «функциональная компетентность»,«функциональная компетенция», «информационно-образовательная среда». Представлено авторское видение информационно-образовательной среды ифункциональных компетенций будущих учителей информатики в структуре ключевых функциональных компетенций.

Ключевые слова: функциональная компетентность, информационно-образовательная среда, информационно-образовательные ресурсы, учитель информатики.

Вступление Казахстана в Болонский процесс стало важнейшим шагом на пути к интеграции отечественной системы образования в мировое информационно-образовательное пространство. Интеграционные процессы, тенденции к германизациии образованияи информатизация всех сфер человеческой деятельности,сложившиеся в нашей стране, формируют потребность в педагогах новой формации и предъявляют повышенные требования к функциональной компетентности выпускников педагогических вузов, способных к непрерывному самостоятельному профессиональному росту в развивающейся информационно - образовательной среде общества.

Эти факторы послужили основанием для смены образовательных парадигм и переориентации в подходах к подготовке специалистов высшего профессионального образования от квалификационного к компетентностному (В.И. Байденко, В.А. Болотов, Н.А. Гришанова, Т.В. Добудько, И.Я. Злотникова, В.В. Ищенко, Б.К. Коломийц, М.Б. Лебедева, Д.А. Махотин, В.В. Мозолин, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, О.Г.Смолянинова, Ю.Г. Татур, Е.К. Хеннер, Хуторской, А.П. Шестакова, О.Н. Шилова).

Функционально – компетентностный учитель в современных исследованиях (Е.В. Бахарева, О.И.Бебина, А.М. Имашев, Е.С. Королёва, А.С. Кузнецов, А.К. Кагазбаева, Н.А. Назарова, П.И. Фролова, И.В. Шутоваи др.)выступает как часть его профессиональной компетентности, характеризующейся уровнем сформированности у него функциональных элементов - знаний-умений-навыков (ЗУН), основных педагогических функций.Иначе говоря, это учитель, обладающий особым педагогическим мышлением (когнитивным, конвергентным, практическим, дивергентным, диалектическим, математическим, логическим и исследовательским) и способностями (дидактическими, коммуникативными, проектными, организаторскими, академическими, суггестивными, перцептив-ными, экспрессивными, прикладными) [1].Это учитель, всегда готовый оказать поддержку учащимся в их самостоятельной познавательной деятельности, умеющий направлять их деятельность для самоанализа, обучать инновационным стратегиям активного учения, предоставлять рефлексивную обратную связь.

В нашем представлении ***функциональная компетентность*** выступает как качественно новое, неповторимое, оригинальное и уникальное овладение субъектом высшей формой профессиональной компетентности, проявления которой выражаются в достижении профессионально-педагогического мастерства – уровня сформированности необходимых функциональных элементов профессионально-педагогической деятельности.

Функционально-ориентированная профессиональная компетентность будущего учителя информатики являет собой результат деятельности взаимодействующих субъектов в информационной образовательной среде, ориентированной на функциональное направление личностно-профессионального развития и реализацию ключевых компетенций в учебно – воспитательном процессе образовательных учреждений.

Функциональные компетенции будущего учителя информатики - это совокупность взаимосвязанных качеств личности – знаний, умений, способностей и мотивации к информационному взаимодействию в процессе совместно-распределенной деятельности взаимодействующих субъектов, реализуемой средствами сети Интернет, направленной на удовлетворение их информационно-

образовательных потребностей и качественной продуктивной деятельности в решении профессиональных информационных задач.

В процессеформирования функциональной компетентности и компетенций будущего учителя информатики - гражданина информационного общества,- образовательный процесс в вузе должен быть направлен не просто на повышение уровня образованности ожидаемого специалиста, а на формирование нового типа интеллекта, иного образа и способа мышления,приспособленных к быстро меняющимся информационным реалиям окружающего мира, а также деятельности самого человека в пространстве информационной культуры.

В реализации поставленных образовательных задач огромную роль играетинформационно – образовательнаясреда педагогического вуза, интегрирующая в себеразличные виды информационно - образовательных ресурсов, которыесегодня составляют ядро, основную единицу информационно - образовательной среды, с помощью которой она создаётся.

Информационно – образовательная среда имеет свою специфическую, интегративную природу и выступает сегодня как согласованность потребностей рынка труда с возможностями профессионального образования(Власова В.К.[2], РаицкаяЛ. [3], Кирилова Г. И.[4], Тучкова Т. В.[5] и др. [5]).

Проектирование профессионально-ориентированных дидактических информационных сред А.П.Дендеберя и В.А. Петьковрассматриваютодним из перспективных направлений развития профессиональной компетентности будущего учителя информатики.

По мнению авторов, информационно-дидактическая среда педагогического вуза является частью информационно-образовательного пространства вуза. Она представляет собой целостную систему организации и самоорганизации учебной деятельности субъектов образовательного процесса и реализует процесс профессиональной подготовки будущих учителей посредством информационно-обучающих ресурсов, обеспечивающих выполнение стандарта и получение качественного образования [7;8].

Информационными ресурсами дидактической среды авторы называют базы данных и знаний, информационно-поисковые и информационно-справочные системы, автоматизированные библиотечные системы, электронные журналы, экспертные системы, автоматизированные курсы, обучающие системы, автоматизированные лабораторные практикумы, компьютерные тренажеры, автоматизированные системы управления учебной и научной деятельностью подразделений вуза, а также специализированные инструментальные средства для разработки перечисленных видов информационных ресурсов.

Информационно-образовательные ресурсырассматриваются в трудах Я.А. Ваграменко, А.М.Короткова, А.А. Кузнецова, А.В. Петрова, И.В. Роберта, и др. в контексте исследования характеристик и свойств информационно-образовательных и дидактических компьютерных сред.С позиций информационного подхода (Д. Белл, К.К. Колин, Ю.Г. Круглов, А.И. Ракитов, А.Д. Урсул и др.) определяются функции и дидактический потенциал информационно - образовательных ресурсов, их типы и возможности использования информационных технологий для создания информационно - образовательных ресурсов. Раскрыт потенциал интернет-ресурсов для организации дистанционного обучения (А. Андреева, Е.С. Полат и др.).

Проблемы применения информационно-образовательных ресурсов в учебном процессе исследователями интерпретируются с различных позиций: педагогической системы, явления, организационного комплекса, взаимосвязью с фактами, знаниями, информацией, информационной культурой и т.д. (Т.Д. Барышева, Г.А. Бордовский, Ю.С. Брановский, ЯЛ.Ваграменко, В.А. Далингер, С.А.Жданов, В.Л. Извозчиков, А.А. Кузнецов, В.В. Лаптев, М.П. Лапчик, В.Л. Матросов, А.В.Петров, Т.К. Смыковская, М.В. Швецков и мн. др.).

Сегодня много пишется о таких технических и технологическихобеспечениях информационно - образовательных ресурсов вузов, как электронные версии базовых учебников и учебных пособий по вузовским дисциплинам; электронные версии монографий ведущих ученых по актуальным проблемам профессионального образования; электронные версии академических журналов, выходящих в реальном времени; электронные версии виртуальных лабораторных работ; диссертаций (по рекомендации диссертационных советов); электронные версии конспектов лекций по профилирующим дисциплинам; электронные версии статистических справочников различных отраслей; электронные учебные медиаресурсы; электронные версии методических материалов. А также об информационно - образовательных ресурсах школ, с функциями которых будущий учитель информатики так же должен быть достаточно осведомлён, как с ресурсами для вузовской подготовки. Это:электронная

учительская, электронный журнал, мобильный компьютерный класс, интерактивные доски, информационно-образовательные методические продукты, образовательные комплексы в виде мультимедиа-учебных материалов и т.п. Все онидля многих образовательных учреждений не являются новинками, а постоянно используемыми информационно – образовательными ресурсами, образуя единое информационное поле (информационно-организационное и информационно-методическое).

Вместе с тем, несмотря на всю ценность исследований по проблеме создания и использования информационно - образовательных ресурсов и сред, подчеркнём недостаточную разработанность проблемы в аспекте формирования функциональной компетентности будущего учителя информатики в соответствии с вызовом времени.

Анализ учебно–планирующей документации и нормативных актов, реальной образовательной практики педагогических вузов подтвердил, что существующая подготовка будущих учителей информатики всё ещё ориентирована в основном на формирование знаний и умений, необходимых им для осуществления профессионально – педагогической деятельности. На приоритетное использование традиционных средств профессиональной подготовки и довольно редкое применение потенциала информационного образовательного ресурса в формировании функциональной компетентности будущих специалистов, учителей информатики. Хотя сейчас стремительно набирают темп процессы информатизации образования в педагогической практике и возрастают требования к функциональной компетентности.

Таким образом, констатируем, на формирование функциональной компетентности будущих учителей информатики влияют многие факторы, одним из которых является информационно – образовательная среда педагогического вуза, которая управляет этим процессом, активизирует творческое отношение студентовк самостоятельному приобретению знаний и умений в избранной сфере педагогической деятельности. Именно в такой искусственно созданной информационно - образовательной среде процесс накопления личностно и социально ценного опыта в сфере информатизации протекает целенаправленно.

Свое видение информационно-образовательной среды для формирования функциональной компетентности будущего учителя информатики мы представили в рис.1.

Мы убеждены, для того, чтобы процесс формирование функциональной компетентности будущих учителей информатики и накопления личностного опыта в сфере информатизации протекал целенаправленно и был эффективным, необходимособлюдатьтакие *условия функционирования*, при которых *среда должна*:

- подкреплять провозглашенные образовательные цели работоспособными механизмами их реалии-зации;

-упрощать процесс получения тех образовательных результатов (способности, знания, функциональные компетенции), которые студенту желательно иметь «на выходе»;

- согласовываться с совокупностью информационно-педагогических требований к подготовке специалиста;

- моделироватьинформационно - образовательные ресурсы, с помощью которых создаётся информационно – образовательная среда;

- создавать проблемные ситуации, которые стимулируют желание студентов к непрерывно росту;

-устанавливатьсвязи содержания информационно-образовательных ресурсов с содержанием образовательной программы, адекватных информационно - образовательной среде;

- базироваться на использовании различных форм сотрудничества и развиваться в логике нарастания активности взаимодействующих субъектов на информационном уровне и саморегуляции предметных действий на позицияхпартнерства.

Поскольку информационно-образовательная среда вуза сегоднястановится одним из важнейших условий успешной конкуренции, повышения качества образования и эффективной деятельности на рынке образовательных услуг нашем представлении такая информационно – образовательнаясреда педагогического вуза должна складываться во взаимодействии инновационных и традиционных моделей высшего профессионального педагогического образованиябудущих учителей информатики в педагогическом процессе вуза, сложных систем образовательных стандартов и высокотехнологичных средствобучения и воспитания.Педагогические вузы, имеющие информационно-образовательную среду для подготовки будущих учителей информатики, которая соответствует, прежде всего, новейшим образовательным технологиям и современному уровню развития информационно-коммуникационных технологий, успешно реализуют весь образовательный комплекс обеспе-

Рис.1 Структурные элементы профессиональной инфраструктуры информационно - образовательной среды

чения студентов учебными материалами «без дорогостоящего и неэффективного тиражирования разовых раздаточных материа-лов»;доступомстудентов и преподавателейкактуальной информации, необходимымучебно-методическими научным материалам, включая библиотечные фонды.

Мы полагаем, целенаправленное, комплексное использование всех перечисленных информационно-образовательных ресурсов в информационно-образовательной среде и соблюдение *условий функционирования*среды должны способствовать эффективному формированию у будущих учителей информатики функциональной компетентности и соответствующих компетенций. Важнейшая задача управления этой средой - добиться согласованных действий всех участников образовательного процесса.

Сравнительный анализ уровней формирования функциональной компетентности студентов в информационно-образовательной среде в контрольных и экспериментальных групп позволил доказать, что средовое обеспечение этого процесса информационно-образовательными ресурсами способствует развитию следующих функциональных компетенций будущего учителя информатики.

Обобщая сказанное, можно сделать заключение о том, что формирование функциональной компетентности и компетенций будущих учителей информатики возможно только в целенаправленной, специально созданной информационно-образовательной среде, выступающейресурсом для изменения содержания образования будущих учителей информатики и возникающейлишь в совместном взаимодействии преподавателей и студентов. Процессуальными критериями продуктивной деятельности студентов в информационно-образовательной среде вуза служит их информационная активность, адекватно очередному шагу формирования их функциональной компетентности, где среда позволяет личности с оптимальной скоростью осваивать ее свойства и выполнять ее «требования».

Подчеркнём, материалы данной статьи не исчерпывают всё многообразие вопросов, связанных с развитием функциональной компетентности будущих учителей информатики. В перспективе они позволяют продолжить более детальное рассмотрение теоретических и прикладных аспектов исследуемой проблемы, раскрыть потенциальные возможности и пути развития и саморазвития информационно-образовательной среды педагогического вуза, определить стратегию и тактику дальнейшего развития системы функциональных компетенций будущих учителей информатики.

1 КагазбаевА.К. Функциональнаякомпетентность педагога в условиях перехода к обновленному содержанию образования// Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 10 – С. 12-16.

2 Власова В.К. Специфика проектирования современной информационной образовательной среды // Образовательные технологии и общество (EducationalTechnology&Society). 2010. Т. 13. № 2. С. 269-273.

3 Раицкая Л. Информационно-образовательная среда университета: условие конкурентоспособности // mgimo.ru/news/experts/document242900.phtml

4 Кирилова Г.И. Развитие и саморазвитие информационной образовательной среды профессионального образования // Образовательные технологии, 2012г. №3.

5 Тучкова Т.В. Психологическая безопасность образовательной среды. //Ученые записки МГПУ. Психологические науки: Сборник научных статей / Под ред. И.А. Синкевич, А.А. Сергеевой. - Мурманск: МГПУ, 2010. – Вып. 10. - 211 с.

6 Развитие и саморазвитие информационной образовательной среды. Материалы дискуссии // Восточно Европейская подгруппа Международного форума «Образовательные технологии и общество» [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://ifets.ieee.org//russian/depository/dis_25.html (дата обращения: 1.08.2012).

7 Дендеберя А. П., Петьков В.А. Формирование профессиональной компетентности у будущих учителей информатики в условиях информационно-дидактической среды педагогического вуза

8 Петьков А.В. Компьютерное моделирование самостоятельной деятельности студентов в информационно-дидактической среде. М., 2006. Деп. 09.11.06, № 78-06. 11 с.

Түйіндеме

Болашақ информатика мұғалімдерінің функциональдық құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық білім беру ортасының рөлі

Каратаев Г. С. – Л.Гумилев атындағыЕҰУ докторанты, galimzhan.87@mail.ru

Меңлібекова Г. Ж. – Л.Гумилев атындағы ЕҰУ п.ғ.д.., профессор, gmen64@mail.ru

Мақалада болашақ информатика мұғалімдерінің функциональдық сауаттылығын қалыптастыруда педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық білім беру ортасының басты ролі қарастырылады. Зерттеу барысында олардың функциональдық құзыреттілігінің маңызы айқындалды. «Функциональды құзыреттілік» және «функционалды құзырет» ұғымдарына сипаттама берілді. Автордың көзқарасы бойынша, түйінді функциональды құзыреттіліктердің құрылымында болашақ информатика мұғалімдерінің функциональдық сауаттылығын қалыптастырудағы педагогикалық жоғары оқу орындарының ақпараттық білім беру ортасының маңыздылығы ашып көрсетіледі.

Summary

The role of information educational environment in formation of functional competence of the future teachers of computer science

Karatayev G. – doctoral studentof the EurasianNational University.L.Gumilyov, galimzhan, 87@mail.ru

Menlibekova G. – PhD.,Professorof the Eurasian NationalUniversity. L.Gumilyov, gmen, 64@mail.ru

The article deals with the leading role of the information educational environment of pedagogical high school in the formation of functional competence in the future teachers of computer science. The study reveals the essence ihfunktsionalnoy competence. The characteristics of the concepts of 'functional competence', 'functional competence', 'information - educational environment." Submitted by the author's vision of information - educational environment ifunktsionalnyh competence of the future teachers of computer science in the structure of the key functional competencies.

УДК 159.9

ҚАРТАЮ ЖӘНЕ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ПСИХОЛОГИЯСЫ

С.Ғ. Тажбаева – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ
Ұ.Б. Төлешова – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мақалада адамның ұзақ өмір сүру мәселесіне психологиялық, физиологиялық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдаулар жасай отырып өзіндік пікір берілген. Сонымен қатар өмір сүрудің аса маңызды факторлары тиімді тамақтану, ұйқы, сабырлық, физикалық белсенділік, лауазым ұғымдарына сипаттама бере отырып салауатты өмір сүру қағидаларын ұсынады.

Түйін сөздер: денсаулық, тамақтану, ұйқы, сабырлық, физикалық белсенділік, лауазым, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, гимнастика.

Салауатты өмір салты – белгілі халықтың денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлық тәрбиесі. Салауатты өмір салты - тек медициналық емес, сонымен қатар өндіріс пен өндірістік қатынастардың дамуына байланысты болып келетін әлеуметтік-экономикалық категория. Салауатты өмір салты жеке адамның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті.

Н.Ә. Назарбаев салауаттану білімі мен тәрбиенің бірлескен жүйесі оқушының денсаулығын сақтауға және нығайтуға көмектеседі. Сондықтан, оқушылардың дені сау болып, сапалы білім алуы үшін бүгінгі заман талабына сай игі дәстүрлер мен құнды әдеттерді қалыптастыра отырып, салауатты өмір сүрудің құндылығына, қажеттілігіне оқушының көзін жеткізіп, оны іске асыру жолдарын көрсетіп, нақты шешім қабылдауға үйретуіміз керек. «Оқушының саулығын сақтау» жөніндегі ақыл кеңестерді денсаулықты сақтауға үйрететін толық құрал ретінде қарауға болмайды. Әйткенмен, осында айтылған шараларды орындап тұрса, жас буынның тазалықты сақтап, бойларын күтуіне едәуір себеп болар еді деген болатын[1].

2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасында 1. Халықтың салауатты өмір сүру салты мен аурулардың алдын алудың мынадай дағдыларын қалыптастыру:

- қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторлары: темекі шегу, ішімдікке салыну, есірткі тұтыну, сапасыз және тиімсіз тамақтану, дене шынықтыру белсенділігінің төмендігі;
- әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттану;
- ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері қарастырылған болатын.

Қазіргі таңда ғалымдар арасында салауатты өмір салты жайлы толғанған ғалымдар көп кездеседі, соның айтарлықтай ғалымның бірі Пол Брэгг. Бұл саладағы оның еңбектері әлемге танымал. Оның ойынша өз өмірін қайта құру барысында, егде жастағы адам жастық шағындағы ие болған денсаулықтың деңгейін асып түсуі әбден мүмкін. Аса маңыздысы Брегг оны жеке ғылыми жұмыстарында мысалмен дәлелдеді. 90 жас шамасында ол аса қабілетті, әрі төзімді адам болды. Ол жүгірумен, жүзумен, көптеген ауыр жаттығулармен айналысқан. Көбіне жаяу жүрген және серфингпен айналысты. П.Брегг аса жұмысқа қабілетті (оның жұмыс уақыты 12 сағат) болды. Мүлдем ауырмаған әрі оптимист, жарқын адам болған. Ол 1976 жылы 95 жасында жазатайым оқиға: тақтаймен сырғанау кезінде Флорида жағалауында қаза тапқан. Патологиялық зерттеу кезінде оның жүрегі, қан тамыры, жалпы денсаулығы жақсы жағдайда болғаның анықтады. Бұл қайғылы оқиғаны оның 5 баласы, 12 немересі және әлем бойынша қолдаушылары жоқтады [2]. Яғни адамның ұзақ өмір сүру мүмкіндігі өз қолында екені анық. Өмір сүру барысында денсаулықты сақтауда, әрі ұзақ өмір сүруді қамтамасыз кездесетін аса маңызды факторлар төмендегідей:

Тиімді тамақтану. Тамақтану орталықтарына көптеген ғалымдар аса назар аударады. Олар ағылтегіл тамақтан бас тартуды ұсынады. Әрі көп адам ағзасына қажет ететін мөлшерден тым көп тамақтанады. Дұрыс қоректену бірқалыпты әрі тойымды болуы керек. Белгілі геронтолог Д.Гласенің ойынша - тиімді тамақтану оның қалыпты тіршілік әрекеті үшін азықпен ағзаның баланс жасалатындығын болжайды. Оның айтуы бойынша қазіргі адамдар негізгі екі кемшіліктен зардап шегеді: *гиподинамии(аз козғалу), шеттен тыс тамақтану.* Егер адам расымен мәдениетті, өркениетке бірлестігіне еңгісі келсе, онда жоғарыдағы екі кемшілікті жеңе білуі керек.

Ұйқы. Өмір сүру ұзақтығын қамтамасыз ететін мағызды рөлге ие. Ұйқы тәртібі бұзылған сәтте қартаю үрдісі тездетеді. Ұйқыға қойылатын басты талаптар: тыныш ұйқы, жайлы орын. Егерде сіз ұйқыдан кейін өзіңізді балғын және демалған күйде сезінсеңіз онда ол белгілі уақыттын күш жинауға

жұмсалғандығын білдіреді. Ұйқының жетіспегендігі белгілі себептерден көрінеді: сіз сағат қонырауынсыз тұра алмайсыз, сіз өзінізді салбыр сезінесіз, сезіміңіз жоғалған, көңіл-күйіңіз бүлінген, күні бойы ашуланып, қарым-қатынасқы түсуіңіз күрделенеді. Егде адам үшін белсенді өмір салты күндізгі уақытта ұйқысыздықты жою аса маңызды.

Сабырлық. Макробиотиканың негізгі қағидасы сабырлыққа әкеледі. Шектен шығу өмірді қысқартады, ал сабырлық ұзақ өмірдің құпиясын ашады. Макробиотикамен жұмыс барысында суретпен көркемдеу жайлы мысалдар жиі қарастырылған.

Әйгілі венециялық, белгілі итальяндық философ Луиджи Карнаро 1967жылы туылған. Ол 40 жасына дейін жақсы өмір сүрген. Осы жасынан кейін оның күші таусылып, қатты ауырған. Дәрігерлер оны өлімге жақын екенін айтады. Оған дәрігерлер дәрі-дәрмектен ешқандай көмек жоқ, тек қана бір сабырлыққа сүйену қажеттігін айтады. Корноро дәрігерлірдің кеңесін тындап, түпкілікті өз өмірін өзгертеді. Ол мүлдем ішімдіктен бас тартып, тамақты аз ішуге көшті. Нәтижесі көп күттірмей айқын көрінді. Бір жыл көлемінде ол денсаулығын жақсартады. 85 жасында Корнароның *«100 жыл қалай өмір сүреге болады»* атты кітабы жарық көріп, кейін оны барлық еуропа тілдеріне аударды. Бұл кітапта ол өзінің денсаулықты сауықтыру тәжірибесі жайлы айқын жазған. Корнароның пікірінше адамға өзінен артық дәрігер жоқ. Сабырлық - ұзақ өмір кепілі. Сабырлылық сезімді тазартады, ақылға, денеге, ширақтық жеңілдікті береді, жадын жақсартады. Ол қартайған шағында үйінде ең көңілді, әрі туысқандары және 11 немересімен жақсы қарым-қатынаста болған. Корнаро белсенді өмір сүрді, ол әр түрлі бақтарда серуендеп, шіркеулерді аралап, мұражайларға барып, негізі жаңа нәрсені үйренуден тайынбады. Оның 95 жасында тағы бір көркем әдебиеті жарық көрді. Ол 100 жыл белсенді өмір сүріп 1566 жылы Падуеде дүние салды.

Физикалық белсенділік. Есептеу бойынша адам күнделікті өмірде мүмкіндігінше өз күшінің жартысын жүзеге асырады. Қате позицияны жасы ұлғайған сайын өз физикалық белсенділігін азайтатын адамдар алады. Бірақ нағыз осындай іс-әрекет мезгілсіз қартаюға әкеледі. Британдық дәрігер геронтолог 3500 қарт адамды зерттеді. Олардың жақсы сақталған түр-келбеттеріне байланысты дәрігердің басты нәтижесі: рухани және физикалық белсенділік. Олардың ұйқылары ұзақ, әрі олар спортпен шұғылданады, көбіне жүзумен және саяхат жасаумен айналысады, көп оқып, басқаларға қарағанда теледидарды аз көруді жөн санайды. Өз физикалық формаларын сақтайтын көптеген елдерде белсенді, салауатты өмір салтын ұстанады. Дене тәрбиесімен жүйелі айналысқан егде адамдардың психологиясы өте жақсы болады. Мұндай адамдар көбіне салиқалы, өз-өзін жақсы ұстайды, өзіне сенімді, олар мейрімді болып келеді, кемшіліктерге шыдамдылықпен қарайды. Көптеген зерттеулерде 40-60 жастан асқан адамдарды дене тәрбиесімен шұғылдану керек деп есептейді. Күнделікті дене-күш жаттығуларын жасау керек. Өз денесіне тұрақты бақылау және бұлшық еттерін күшейтуі, жүйелі түрдегі жаттығулар белсенді ұзақ өмірді қамтамасыз ету үшін сөзсіз ықпал етеді. Гимнастика мен массаж қан ұюымен жақсы күреседі. Ағзаның қартаю қызметін бақылау қажет. Белсенді дене-күш жаттығулары жүрекке, тыныс мүшелеріне көмектеседі, қан қысымдарын бірыңғайлайды, диабеттің алдын алады. Ағзаның қызмет етуіне дене-күш жаттығуларының әсерін өнегелі академик, жасаушы А.А. Микулин өз еңбектерінде мысалдар арқылы дәлелдейді. Жұмысқа әбден берілген ол дене тәрбиесіне 50 жасында ауруханаға түскенінше мүлдем назар аудармағанын айтады. Ол жоғалтқан денсаулығын дене жаттығуы негізінде 82 жасымда қайтарып алғандығын айтады. Ол виброгимнастика, күн сайынғы жүгіру, сипап- сылау, тыныс алу жаттығуларымен айналысады.

Соңғы уақытта сауықтырудың көбіне шығыс техникасы әйгілі болды, әсіресе - қытай гимнастикасы. Осымен айналысатын 60-80 жастан асқан егде адамдар алжа-алжа шалдар мен кемпір ретінде көрінбейді, керісінше өте жарқын, еңбекке жарамды. Денсаулықты нығайтып, ұзақ өмір сүру үшін бұл жаттығумен күніне 2 рет – танертен төсекте отырып және күннің екінші жартысында таза ауада. Қытай гимнастикасының ерекшелігі массажды өздігінен жасау [3].

Мысалы, егер олар организм біртіндеп, су сүртулермен бастап үйрету керек болатын ағзаны тұрақты шынықтырудың оның ішінде гимнастикалық жаттығуларды егде адамдың денсаулықтарына да жақсы әсер етеді. Адам өзін реттеп, бақылап отыруы тиіс және *аутогенді жаттығуларды* да жасап отырғаны жөн. Сонымен бірге қартаю үрдісінің алдын-алу үшін – *медитация* қолданылады.

Бостон реабилитациялық орталығында өткізілген зерттеу осыны растайды. Экспериментте орта жасы 81 жас құраған 73 адам қатысты. Болған істің медитациясының қорытындысы 3 жылдан кейін шықты. Экспериментте медитация алған және бақылау тобындағы адамдармен салыстыру жүрді.

Зерттеу нәтижесі:

- Қан қысымы төмендейді;
- Олар жақсы дамыған сөз қорымен ерекшеленді;
- Олар шырағырақ және үйренуге қабілеттілігі байқалды;
- Олар өз істеріне жауапкершілікпен және өзін-өзі бақылаумен ерекшеленді;
- Әйтеуір, олардың тобында өлім-жітім бақылау тобымен салыстырғанда төмен болды.

Өзін-өзі бақылаудың ерекшелігі егде және кәрілік жаста нашар зерттелген. Дегенмен негіздеу тұрақты өзін-өзі бақылау қарттықпен күресте пәрменді көмек көрсететінін ойлауға мүмкіндік бар.

Бір сөзбен айтқанда әлем психикалық саласы егде адамның көп мөлшерде қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайту. Өзін-өзінді бақылау мен қадағалауға ұмтылу керек және сабырлылық таныта білу қажет.

Лауазым (қызмет). Жалқау адамдар ұзақ өмір сүрмейді, ұзақ өмір көбіне үлкен қызмет атқарған адамдарға тән. Тек тұрақты және мөлшерлес жұмыстың күштерімен зерігуден сақтануға көмектеседі, адам денесімен сол сияқты адамның рухани саласынада әсер ететін еңбек құтқарады. Геронтология ғылымының мақсаты қарттарды зерттеу. Зерделі қарттық ұзақ қызмет тек қана сабырлы емес сонымен қоса жағымды, жемісті екені белгілі. Мысал ретінде бірнешеуін көрсетуге болады.

Қайта өрлеу дәуірінің Ұлы суретшісі 99 жыл өмір сүрген *Тициан* өмірінің соңғы 25 жылында үлкен жетістікке жетті. Итальяндық мүсінші, әлемге аты әйгілі *Микеланджело* Ватиканда қызмет жасап жүріп, 89 жас шамасында дүние салды. Композиторлар *Верди, Штраус, Сибелиус* 80 жастарында жұмыс істеген. *Б.Шоу* өмірінің соныа дейін әзілшілдік сезімін жоғалтпаған 94 жасында дүние салады. *Б.Рассел* өзінің сонғы еңбегңн 98 жасында жарыққы шығарады. Әйгілі саяхатшы және натуралист *А.Гумбольдт* өзінің «Космос» атты бес томдық еңбегін 76-дан 89 жасына дейін жазды. Әйгілі орыс балеринасы *Ольга Спесивцева* 96 жасында, ал *Тамара Карсавина* 93 жыл өмір сүрді. ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, математика профессоры. Б.*Бүкіреев* өз 100 жылдық мерейтойын атап өткенде әлі де 70 жыл жұмыс істейтін Киевтік университетте дәріс оқитын еді.

Қарттық тек еңбек өмірін тәжі болған сәтте ғана жақсы деп Ж.Пейо атап өткен. Бір сөзбен айтар болсақ, үнемі істелген еңбек әсіресе миға және денеге бағытталған жүк ұзақ өмір кепілі. Жалпы шығармашылық факторларға баға беру барысында әрекетсіз, өмірлерін тек қана радио мен теледидарға толтыратын қарт адамдарға қарағанда белсенді қарт адамдардың денсаулығы жақсы.

Денсаулықты сақтауда **жеке бастың гигиенасы** маңызды орын алады. Жеке бастың гигиенасын сақтамау элементтердің адаммен денсаулыққа және басқа адамдарға жанұяның, көршілердің, ұжымның мүшелеріне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай адаминфекциялық кәсіби аурулардың жаппай таралуына себепші бола бастайды, мысалы, жоғарғы тыныс жолдардың, қантышқақтың, туберкулездің, тұмаудың және т.б.

Жеке бастың гигиенасының бір талабына - **тері күтімі** жатады. Айғыз теріде үлкен микроорганизмдер (бактериялар және саңырауқұлақтар) қоныстанады, олар саңырауқұлақ ауруларының пайда болуына және дамуына ықпал етеді. Нәтижесінде тер және май темірлерлердің шығаратын тармақтардың тығындаулардың нормалары бұзып жатыр және қызмет, терінің тыныс жолдары төмендеп жатыр. Сондықтан аптасына бір рет қана жуыну, ал кейбір жағдайларда жиі жуыну тиіс. Ашық бөліктер – бет және мойын үлкен ластануға душар болып жатыр, сондықтан оларды кем дегенде күніне екі рет (таңертең және кешке) жуу қажет.Және қолодан да көбірек ластанды: қолда біз пайдаланатын заттар – ыдыс-аяқ, азық-түлікәне басқа да өнімдерден әртүлі микроорганизмдер мен олардың жұмыртқалары жинақталады. Қолдарды тамақтан алдын және қандай да бір жұмыс істегеннен кейін мұқият қол сабынмен жуу қажет. Қолдың терісі өте нәзәк екенін естен шығармау қажет. Эксперимент тұрғысынан дәлелденген: бактериялардың саны жуылған қолдан кейін 10 минутта 85% пайызға азаяды, ал керісінше жуылмаған қолда 20 минутта тек қана 5% пайызға ғана азаяды екен. Әсіресе көп бактериялар тырнақтың астында шоғырланады (шамамен 95%). Сондықтан тырнақ күтімін дұрыс күту өте маңызды дұрыс күтужәне сабынмен шөткемен тырнақтың кеңістіктерін мұқият жуу қажет. Аяқтарды сирек жуу, айғыз шұлықтар кию және өз кезегінде саңырауқұлақ ауруы - эпидермофатияға алып келуі мүмкін. Жоғарыда жеке бастың гигиенасын талдап отыруымыздың себебі адамдарды салауатты өмір сүруге дағдыландыру.

Салауатты сөзінің негізгі мағынасы – *парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы* деген ұғымды білдіреді.

Салауатты өмір сүру салты дегеніміз - био-әлеуметтік категория. Салауатты өмір сүру салты - интегратифті түрде қалыптасады және адамның іс-әрекетіне байланысты болады. Салауатты өмір

сүру салты - шаруашылық күнделікті үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін қоғамдық ұйымдарда өзін-өзі ұстай білу, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кез-келген адамдарды жамандамау, біреуді біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде көру, ата-анамен баланың тәрбиелі қарым-қатынасы, тазалық гигиенасын сақтау, ұтымды тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, спортпен шұғылдану тағы басқалар жатады.

Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ген арқылы беріліп отыруы мүмкін. Осыған байланысты салауатты өмір сүру салты **3 категорияға бөлінеді:**

1. Салауатты өмір сүру деңгейі;
2. Салауатты өмір сүрудің сапасы;
3. Салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі - экономикалық категория. Адамның материалдық және моральдық-рухани қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету.

Салауатты өмір сүру сапасы - әлеуметтік категория - үй-іші қызмет істейтін орындар (оқу орындар, мектептер) неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабороториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүру стилі - әлеуметтік психологиялық категория - адамның қоғамдық орындарда өзін -өзі ұстап және көрсете білу .

Салауатты өмір сүру деңгейі мен салауатты өмір сүру сапасы эквопотенциалды болып келеді. Сондықтан да адам денсаулығының жақсы және жаман болуы салауатты өмір сүру стиліне байланысты. Ал салауатты өмір сүру стилі тарихи және ұлттық дағды - дәстүрлер арқылы қалыптасады. Адам үшін денсаулықты сақтау, дәмді тамақтану, әрекет жасау – ол негізгі мақсат. Өмірде адам алдында тұрған мақсаттар көп, ал оны орындау үшін уақыт жок, күш-куатын жетпейтін сияқты көрінеді. Уақытты тиімді пайдалану адамның өз қолында екенін ұмытпауымыз қажет.

Әдетте адам денсаулығы жөнінде сөз қозғағанда, ол адам ағзасының жай-күйін бақылап, оның саулығын сақтауды және оны нығайтуына жағдай жасайтын, ауруды сауықтыратын, ауру түрлерінің алдын алуды өз міндеті ретінде дәрігерлердің зерттеу нысаны деген түсінік туады. Бірақ валеолог - ғалымдар «салауаттануды адам денсаулығы және салауатты өмір жөніндегі ғылым» деп атап көрсете отырып, бұл медициналық емес, педагогикалық ғылым деп тұжырымдады. Солардың бірі - Л.Г.Татарникова өз зерттеуінде салауаттануды салауатты өмір сүру салтына деген алдын-ала сананы қалыптастыруға, әрбір тұлғаның денсаулығын және оның құндылықты көзқарасын дамытатын, тұрақты мінез-құлқын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институт - отбасының беделін қалпына келтіруге жетелейтін педагогикалық гуманистік білімнің маңызды бөлшектерінің бірі тұрғысынан қарастырды. В.П.Петленко салауаттануды адамның өз денсаулығын нығайтудағы өзіндік күш жігері мен жеке даралығының дамуына мүмкіндік жасайтын ғылым деп есептеді[4].

Отандық ғалым Т.Қ. Мұстафина «салауаттану – денсаулықты басқару ғылымы»-деген ой айтады. Ал А.С. Иманғалиевтің пікірінше «салауатты өмір салты» адам организмінің резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету – десе, ал Ж.З. Торыбаева мектеп оқушысының салауатты өмір салты, жан жақты дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекетімен сипатталады. Дене, ой-санасы, әлеуметтік, тұлғалық, эмоционалдылық, рухани дамуы, оның микро ортасы:мектеп, жанұя және қоршаған орта арқылы болады. Сонымен, денсаулық өмір салтымен байланысты. Салауатты өмір салты - еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шыныгу жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Яғни салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық және психологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық құрылымдар да кіреді. Денсаулық- физикалық, рухани және әлеуметтік болып бөлінеді:

- *Физикалық саулық дегеніміз* - адам организімінде функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық үрдістердің келісімді өтуі, сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғарғы дәрежелі жағдайда болуы.
- *Психикалық саулық дегеніміз* - ауруды болдырмау, қайтсе де одан арылу «адам өмірінің мақсаты» болуын болжайды.
- *Әлеуметтік саулық дегеніміз* - адамның әлеуметтік белсенділігінің, яғни жеке адамның айналадағы өмірмен біте қайнау дәрежесі[5]. Әрбір адам өмір салтын өзі құру керек және оны өзі басқара білуі керек.

Өмір салты дегеніміз - әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытынын тиімді ұйымдастыру ол өмір тіршілігі. Яғни, адамның өмір салты қандай болса, денсаулығы да соған сәйкес болады. Сонымен, еліміздің кез келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі және білімді болуы керек. Өзінің өміріне немқұрайлы қарамай, салауатты өмір сүруге дағдылануы қажет.

1 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310.

2 Возвышаева И.В. Охрана здоровья детей и подростков в Российской Федерации. Законодательные и нормативные аспекты / И.В. Возвышаева // Школа здоровья. – 2001. – №1. - С.48 - 59.

3 Марков В.В. Основы здорового образа жизни и профилактика болезней: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / В.В. Маркова. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 320 с.

4 М. Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі. //Биология және салауаттылық негізі, №3-2005.

5 Мустафина Т.К. Основы валеологии. А., 1999, -116 с.

Резюме

С.Г.Тажибаева – кандидат педагогических наук,им. Абая КазиПУ

У.Б.Толешова – к.п.н., доцент ulmekehtoleshova.@mail.ru

В данной статье анализируя научные труды ученых исследующих проблемы долголетие человека с точки психологией и физиологией дан личное мнение автора. А также описываются понятия правильное питание, сон, спокойствие, физический активность и должность как важные факторы жизни, представляется принципы здорового образа жизни.

Ключевые слова: здоровье, питание, сон, спокойствие, физический активность, должность, самоуправление, самонаблюдение, гимнастика.

Summary

S.G.Tazhbayeva – Candidate of pedagogical science, Abai KaznPU

U.B.Toleshova – Candidate of pedagogical science, ulmekehtoleshova.@mail.ru

In this paper, by analyzing the scientific works of scientists investigating the problem of human longevity in terms psychology and physiology given a personal opinion of the author. And also describes the concept of a proper diet, sleep, peace of mind, physical activity and position as important factors of life, it is the principles of a healthy lifestyle.

Keywords: health, nutrition, sleep, peace of mind, physical activity, position, self-management, self-observation, gymnastics.

УДК 378.1

ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұ.Б. Төлешова – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Т.Б. Жамалова – 1 курс магистранты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мақалада тұлғаны әлеуметтендіру мәселелеріне теориялық талдау жасалып, психологиялық, физиологиялық әлеуметтену мәселелері мен кезеңдері қарастырылған.

Тұлғасының әлеуметтену жолдарына талдау жасау үшін «әлеуметтендіру», «депривация» ұғымдарына берілген анықтамал жан-жақты талдана отырып жалпы тұлғаны әлеуметтендіру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: әлеуметтендіру, депривация, бейімдеу, қажеттілік, қарым-қатынас.

Жеке тұлға – сана сезімі, тұлғалық, ізгілік қасиеті қалыптасқан, өзіндік мақсаты мен өмір жолын таңдай білетін, тәрбиелі, білімді, іскер, танымдық қызығушылығы басым,барлық күш жігерін өзіндік игілігіне жұмсай алатын, саналы тіршілік иесі.

Осы тұрғыдан келгенде жеке тұлға мәселесін зерттеу жүйесінде сана-сезімін, адамзат психикасының күрделі мәселелерінің пайда болуын зерттеуде философия, психология, педагогика, этика, физиология, әлеуметтану, құқықтану, жаратылыстану, медицина т.б. ғылымдармен тығыз байланыс-

тыруда өмір бойы әртүрлі өзгерістерге ұшырайтын жеке тұлғаның даму үрдістерінің заңдылықтарын педагогика ғылымдарымен тығыз байланыста зерттеуде әртүрлі ғылыми жаңалықтар енгізіліп отыр.

ХХ ғасырдағы психолог ғалым А.Н. Леонтьев: «Менің өмірімде нені меңгере алдым, я болмаса соны ұғына алдым ба, жоқ па, егер ұғынсам, меңгерсем, қаншалықты, қандай дәрежеде ұғындым, оның мен үшін, менің жеке тұлғам үшін, маңыздылығы қандай…» –деп «мән» мен «маңыз» ұғымдарының мағынасын зерттеген [1].

Олай болса жеке тұлғаның әлеуметтік тыныс-тіршілігін жан-жақты қарастыруға болады. Мәселен, адамдарды әлеуметтік белсенділігінің деңгейі мен сапалық жағынан бағалайтын болсақ, оның бойындағы бұл сипаттар мен қасиеттер оның сипаты мен бағыты бойынша іске асады.Өйткені оның белсенділігі ұнамды, пайдалы дүниелер жасау және білдіру арқылы саналы және стихиялы, т.б. сипатта болуы мүмкін. Бұлардың қайсысы болса да, біріншіден, қоғамның әлеуметтік құрылымына, екіншіден, қоғамның нормативті мәдениеті мен құнды бағыт-бағдарына, соның ішінде ол қандай болуы керек немесе болмауы қажет деген түсінік шеңберінде адамның нормативтік қағидасына, үшіншіден, жекелеген тұлғалардың ойлау стилі мен өзіндік санасына тәуелділігі дәлелденеді.

«Әлеуметтендіру» ұғымы алғашқы рет өткен ғасырдың орта шенінде американдық психология мектебі өкілдерінің еңбектерінде қолданыла бастады. Сондықтан да болар бұл ұғымды ғылымға ендірушілердің алдыңғы санатында американдық психолог ғалымдар А.Бондураның, Д. Доллэрдтің, Дж. Кольманның А.Парктің, В.Уолтерстің және басқалардың аттары атала бастады.

Сонымен қатар, әлеуметтендіруге байланысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтендіру деңгейлері мен факторлары және «әлеуметтендіру», «бейімдеу» ұғымдары бөліп қарастырылады. Жоғарыдағы ғылыми әдебиеттерді талдай келе, біз әлеуметтендіру бейімдеу арқылы іске асырылатынына және адамдардың әлеуметтік тәжірибесі, қоғамдағы әдебі, нормаларымен байланыстылығына көз жеткіздік. Әлеуметтендірудің нәтижесі, қоғам талабын қанағаттандыратын әлеуметтену процесі болып табылады[2].

«Әлеуметтену» - (латын сөзінен шыққан «socialis» - қоғамдық) дегенді білдіреді. Яғни тұлғаның қалыптасу үрдісі, индивидтің тілді меңгеруі, әлеуметтік құндылықтар, тәжірибе болып табылады. «Әлеуметтену» үрдісі тұлғаның әлеуметтік негізі ретінде қарастырылады. Бала дамуында өзінің құрдастарынан озып не қалып қоюы мүмкін, бұл өз кезегінде баланың құрдастарына деген әлеуметтік статусына байланысты болады.

Ресейдегі әлеуметтану ойының қалыптасуы мен дамуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың үлесіне тиді. Ресейде әлеуметтану ғылымы саласында зерттеулер жүргізген көптеген ойшылдар шықты. Олар әр түрлі әлеуметтану бағыттары мен ағымдарын қалыптастырды.

Географиялық идеядағы бағыт географ-ғалым әрі әлеуметтанушы Лев Ильич Мечниковтың (1838-1888) еңбектерінде анық байқалды.

Л.И. Мечниковтың әлеуметтану теориясы тұрғысынан қарастырған мәселелері оның «Өркениет және ұлы тарихи өзендер» деген ірі еңбегінде баяндалды. Социал-дарвинизмнің әлеуметтік заңдылықтарды механикалық тіршілік үшін күрес заңына ұқсастыру тұжырымдамасын жоққа шығарып, зерттеуші әлеуметтануды нақты ғылыми пәнге айналдыруды көздеді. Ол үшін, оның пікірі бойынша, қоғамдық өмірдің шынайы ерекшелікті заңдарын тұжырымдау, сонымен қатар әлеуметтік прогресс белгі-өлшемдерін барынша мұқияттылықпен анықтау қажет болды. Бірнеше тіршілік иелері ортақ мақсатқа бірлесе күш жұмсап жету үшін қай жерде жиналса, қоғам сол жерден басталады деп ойлап, Л.И.Мечников қоғамда кооперациялар, ынтымақтастық құруға тырысу анықтаушы болатынын атап көрсетті[3].

Биологияның зерттейтін құбылысы жан-жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету жағдайынан тұратын болса, әлеуметтануды тек ынтымақтастық және күштерді біріктірудің көрінісі, яғни табиғаттағы кооперация факторлары қызықтырады. Әлеуметтануды дүниедегі бір клеткалыдан бастап, адамдардың өндірістік кооперацияларына дейінгі ынтымақтастықтың бүкіл құбылыстарын қамтыған ғылым ретінде анықтап, Л.И.Мечников қоғам мен биологиялық организм арасындағы өнімдер ұқсастығын пайдалануға бағыт ұстады, сонымен қатар ол қарапайым биологиялық редукционизмді жоққа шығарды.

Қоғамдық прогресс идеясы Л.И. Мечниковтың әлеуметтану тұжырымдамаларында маңызды орынға ие болды. Оның пікірінше, прогресс идеясы болмайынша адамзат тарихы тек оқиғалардың мағынасыз қоймасы болып қалады. Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтану міндеттеріне прогресс неден тұрады, қоғамның алға қарай дамуын қандай нақты белгі-өлшемдермен анықтап білуге болады деген мәселелерді қойды. Әлеуметтік прогресс жолындағы қоғамның эволюция дәрежесінің сандық

индикаторы ретінде Л.И.Мечников адамдардың қол жеткізген ынтымақтастық деңгейіне көңіл аударды. Өйткені ол табиғатта болатын тіршілік үшін күресті ығыстырды. Ынтымақтастықтың адамдар арасындағы қарым-қатынас ретінде ерікті түрде және күштеу арқылы айқындалғанына көңіл аударып, әлеуметтанушы бұл процестегі индивидтердің еркіндік дәрежесі сол өркениеттің прогрессивтілігінің басты өлшемі бола алады деп ойлады.

П.Л. Лавров әлеуметтануды нормативті ғылым деп есептеді. Оның көзқарасы бойынша, қоғамның бір ғана нақты қозғаушы күші тұлға бола алады. Оның мүддесін мойындамау деген сөз аса маңызды әлеуметтік құбылысты байқамаумен бірдей. Тарихтың барысы объективтік заңдармен анықталса да, тұлға тарихи процесті өзінше түсініп, өз алдына мақсаттар қояды және оған жетудің құралдарын таңдайды. П.Л.Лавров әлеуметтануға анықтама беруге талпыныс жасады. Оның түсінігінде әлеуметтану өз бетінше өмір сүрушілердің арасындағы ынтымақтастықтың көріну, күшею және әлсіреу формаларын зерттейтін саналы органикалық ғылым.

Н.К.Михайловскийдің пікірінше, адамның адаммен қарым-қатынасы секілді, оның табиғатпен қарым-қатынасы-ның арасында бір-бірімен жанаспайтын қарама-қарсы айырмашылық бар. Бірінші жағдайда бір жәй ғана құбылыс деген ой тумауы керек. Өйткені бұл құбылыстың алдына қойылатын нақты мақсаты бар. Екіншісінде мұндай мақсат болған емес. Бұл өзгешіліктер аса маңызды болғандықтан адамзат танымының екі ірі саласыида әр түрлі әдістерді қолдану қажеттігін талап етеді. Қоғамдық құбылыстарды тек субъективтік деп бағалауымыз керек. Бұл жерде жоғары бақылауды субъективті әдіс жүзеге асыруы тиіс. Н.К.Михайловский әлеуметтану басқа қоғамдық ғылым-дармен байланыста болуы керек деп есептейді. Ол қоғамдық өмір фактілеріне әділ қарауға болады деген тұжырымды ұстайды[4].

Әлеуметтенудің әмбебап міндеті – қоғамға жаңадан енуші «жандардың» жүйеге селқостық сезімін барынша азайту, керісінше оған жан-тәнімен берілгендік сезімін ұлғайту. Оның көзқарасына сәйкес адам қарым-қатынас жасау барысында оның өзіндік құндылығы «беделділерге қарағанда» өзін толықтырады. Нәтижесіде осы ұстаным жалпыға ортақ нормативті стандарты, оның негізгі жүйесінің, қажеттігінің бөлігі болып табылады. Э.Дюркгейм мен Т.Парсонс теориялары көптеген әлеуметтенуге байланысты зерттеулерге үлкен ықпал етті және әлі де ықпал етуде.

Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы – үздіксіз, табиғи жүріп отыратын үрдіс. Оның негізінде адам қалай қалыптасып, өмірде өзін қалай көрсете алатындығы, барлығы да әсер етеді. Көптеген адамдардың әлеуметтік проблемалары және оны өзіндік шешу жолдары әлеуметтік дамуына байланысты. Жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеумен қатар әлеуметтендіру деген термин бар. Өйткені жеке тұлғаның өзі, оның сана-сезімі құндылықтарды, әлеуметтік тәжірибені, мәдениетті меңгеру процесінде үлкен рөл атқарады. Әлеуметтенуде, дейді Э.В.Ильенков тәрбиемен қатар алдын-ала әдейі дайындықсыз, өздігінен туындаған ықпал арқылы адамның қоғамның толыққанды, толыққұқылы мүшесі болуы байқалады. Тұлғаның қалыптасуы, тәрбиесі, әлеуметтенуі олардың даму деңгейінің көрсеткіші.

А.В.Мудриктің айтуы бойынша, «әлеуметтену» алғашқыда саяси экономикадан келген, яғни жерді, өндірісті т. б. ортақтастыру деп түсінуге болады. Мұның адамға қатысты бейнесі- американдық әлеуметтанушы Ф.Г. Гиддингстің 1887 жылғы «Әлеуметтенудің теориясы» атты еңбегінде қарастырылған. Ондағы «әлеуметтену» термині заман талапбына сай қолданылған.

Жеке адамның әсіресе балалың және жасөспірім шақтарында дамып, жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүріп отырады. Бірақ тәрбие әсерінің дәрежесі мен сипаты көп жағдайда тәрбиенің даму заңдылықтарын қаншалықты ескергеніне байланысты болады. Сөйтіп, тәрбие мен дамудық арасында екі жақты байланысы болады. Сондықтан жеке адамның даму заңдылықтарын тереңірек қарастырған жөн. Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, т.б. қоғамдық ғылымдардық көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелердің барлығында қамтамасыз етілмеген.

Ал әлеуметтік педагогика біріншіден, адам өміріндегі белгілі бір жағдайға қандай да бір жас ерекшелігінде болатын немесе болуы мүмкін жағдайды болжауға мүмкіндік беретін білім саласы. Екіншіден, адам дамуындағы дұрыс жағдайлардың қалай жасауға және оның әлеуметтенуі барысында туындайтын кедергілерді жоюға болатындығы туралы; үшіншіден, келеңсіз жағдайлардың адамға ықпалын тежеу, адамды әлеуметтенуі үдерісінде туындайтын қиыншылықтардың үлесін шегеруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогиканың терминдері:

- әлеуметтік орта – біріншіден, айналамыздағы әлеуметтік шындық, қоғам, мемлекет, екіншіден, баланың қалыптасуына ықпал етуші қоршаған ортасы;
- әлеуметтік тәрбие – көп өлшемді ұғым. Қоғамның болашақ ұрпаққа деген қамқорлығы, қоғамның, мемлекеттің немесе өзге бір адамның адамға отбасында, қоғамда орнаған құқықтық, экономикалық, азаматтық және тұрмыстық қатынастарды игеруге көмектесу.
- әлеуметтік жұмыс – адамның, топтың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында жәрдем беру жөніндегі кәсіби іс-әрекет.
- әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – баланың өзін-өзі, өз психологиялық ахуалын қалыптастыруы және отбасындағы, қоғамдағы, мектептегі дұрыс қарым-қатынас орнауына көмек беруге бағытталған педагогикалық іс-әрекетті қамтитын әлеуметтік жұмыс.
- әлеуметтену – өте күрделі, көпқырлы құбылыс. Қазіргі жағдайда баланың әлеуметтенуі сыртқы ортасының қауіпті ықпалына толы болғандықтан, оған жәрдем керек. Әлеуметтік үдерістер теориясын әлеуметтік педагогикаға қарай В.Д. Семенов «әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалы жөніндегі ғылым» деп атаған. [5].

Қазір әлеуметтік тәрбиенің гуманистік сипаты деп баламен қарым-қатынаста қысым орнына еркін сұхбат, өзара түсіністік, қайшылық орнына білім беруді түсіну, қабылдау түрінде қалыптастыруды түсінеміз. Әлеуметтік педагогика отбасылық, ұлттық ерекшеліктерді ескереді.

Әлеуметтік педагог баланы қоғамда тәрбиелеу, қалыптастыру қандай болуы керек деген сұрақтарға жауап береді.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуына өмірінде «Ата-ана – бала» қатынас жүйесіне түспеуі әсер етеді. Мінезінде қырсықтық, бірбеткейлік сияқты қасиеттер ерте көріне бастайды.

Ағылшын зерттеушісі Л.Ярроу балалар үйінде тәрбиеленушілердің даму жағдайының 4 түрін анықтайды.

1. *Аналық депривация* – баланың биологиялық жағынан анасымен байланыстың жоқтығы;
2. *Сенсорлық депривация* – балада әсерлердің әр түрлілігі және қабылдау айқындығының кенеттен төмендеуі;
3. *Әлеуметтік депривация* – баланың басқа адамдармен қарым-қатынастың азаюы;
4. *Эмоциялық депривация* - қоршаған ортамен қарым-қатынаста эмоцияның әлсіз көрінуі- деп қарастырады [6].

Жасөспірім барлық уақытын жалғыздықта өткізеді, тіпті кейде басқалардан бөлектеніп тамақ ішеді, аянышты әуенді тыңдау арқылы ойға шомып, қиялға беріледі. Ішкі жан дүниесінің мазасыздығына күйзеліп, олардың орнын бір нәрсемен толтырғысы келеді. Осыған байланысты олардың қарым-қатынасқа қажеттілігі ұлғаяды. Өздерінің көңіл-күйлерін, бос уақыттарын «еш нәрсесі жоқтық, оқшаулану, зерігу», - деп жазады. Олар назардан тыс қалған кезде, өз күштеріне сенімсіздігін сезінген уақытта өздерін жалғызбын деп есептейді, ешкімге сенбей қоршаған ортадан жақсы нәрсе күтпейді және де олардың достық қатынастарын тәртіпке келтіру қиын, себебі жабырқаңқылық сезімдерді, үрейлерді байқауға бейім келеді.

Мұндай ұзаққа созылған жағымсыз эмоциялық күй, жалғыздық олардың жүйкелік, психикалық бұзылуларға, органикалық ауруларға (гипертония, асқазан жарасы т.б.) әкеледі. Тұлғалық бұзылулар ең алдымен жасөспірімдерде ауру синдромдарын және қорқыныштарын тудырады, осылайша олар ерте психикалық жарақат алуына әкеп соқтырады.

Ағылшын психологы Р.Бернс «ана депривациясы» мәселесін талдай келе: жеке адамның тұйық, сезімсіз агрессивті Мен – тұжырымдамасының жағымсыз дамуы баланың ата – анаға немесе ата – ана роліндегі адамға бауыр басуын қалыптастырудағы сәтсіздіктерден пайда болады (интернатты бітіргенннен кейін қайда барамын? не істеймін? т.б. мазасыз ойлар), содан кейін ол жағымсыз «Мен»-тұжырымдамасының негізін жасайды.

Бұл өз кезегінде адамдармен қарым-қатынастағы шиеленістің пайда болуына және индивидтің толық қабылдауына дейін апарады. Эриксонның көзқарасы бойынша, балада мұндай жағдайда қоршаған ортаға деген негізгі сезім қалыптаспайды.

Сонымен депривация – психология мен медицинада кең қолданылатын термин. Бұл термин ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы.

Бала толыққанды дамуы үшін ең алдымен махаббатқа деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан бастап пайда болатын қажеттілік десе, енді басқалары өмір сүру

барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді. Осы қажеттіліктің қанағаттандырылмауы тұлға дамуының бұзылысына және эмоциялық депривацияның пайда болуына әкеп соғады. Депривацияның осы түрінің айқын көрінісі балалар үйінде тәрбиеленетін балаларда ерекше байқалады.

Депривацияның келесі түрі- *сенсорлық депривация*- заттық ортаның болмауы және сезім мүшелерінің қоздырғыштарының жетіспеуі. Депривацияның бұл түрін де балалар үйінде тәрбиеленетіндерде жиі кездестіреміз.

Депривация сонымен қатар тек жетім балалар үйінде тәрбиеленетін балаларда ғана емес, отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларда да байқалады. Отбасында анасы болмаған немесе баласына қажетті эмоциялық көңіл бөлмеген жағдайда аналық депривация туындайды. Психикалық депривация, депривациялық жағдайда туындайтын ерекше психикалық күймен сипатталады. Аталған психикалық жағдай мінез-құлықтың өзгеруінен байқалады. Депривация механизмі баланың сыртқы орта адамдарымен қарым-қатынасының шектелуімен, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің жеткіліксіз қанағаттандырылуымен байланысты. Сонымен, психикалық депривация- өмірлік жағдай нәтижесінде туындайтын нақты психикалық көңіл күй. Мұндай жағдай баланың негізгі қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қолайлы мүмкіндіктері болмаған кезде туындайды[7].

Қазақстанда әлеуметтану жағдайы айтарлықтай жылдам өзгеруде. Әлеуметтану қоғамның іргелі әлеуметтік проблемаларын зерделеуге еніп, толыққанды әлеуметтік ғылым мәртебесін алуда. әлеуметтанудың алдында бұрынғыдан да күрделі мәселелер тұр. Олардың ішінде - дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру, маңызды мақсаттарға - республиканың шынайы тәуелсіздігіне, қоғамдық негіздердің нығаюына, құқықтық мемлекет құруға, жаңа технологиялық, құрылымдық, институционалдық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформаларды, т.б. жүзеге асыруға қол жеткізу проблемалары бар.

Тұлғаның әлеуметтік типі дегеніміз-адамдардың тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда тұрмыс құру, тіршілік ету жағдайларының күрделі жиынтығының жемісі. Әлеуметтануда тұлғаны әлеуметтік түрге бөлудің әртүрлі варианттары ұсынылған. Мысалы, М.Вебер түрге бөлудің негізіне әлеуметтік әрекеттің ерекшелігін, дәлірек айтқанда, оның ұтымдық дәрежесін алса, К.Маркс формациялық және таптық ұғымға осы тегін жатқызған. Э. Фром болса орныққан мінез-құлықты тұлғаның әлеуметтік түрі, индивид пен социумның байланыс формасы деп қарайды.

Әлеуметтік мінез-құлықтың түбегейлі қалыптасуын Э.Фром әрбір тұлғаның қоғам талаптарына мейлінше тиімді бейімделуінде және қауіпсіздік пен өзін-өзі қорғадағы сана-сезімін нығайтудың мүмкіндігінде деп бағалайды. Адамзат тарихын сараптаудың нәтижесінде Э. Фром әлеуметтік мінез-құлықтың бірнеше типтерін: рецептік (енжар), қанаушылық, дүние жинаушылық және нарықтық деп түр-түрге бөледі. Қазіргі әлеуметтану саласында тұлғаларды олардың құнды бағыт-бағдары мен қадір – қасиеттеріне байланысты бөлу кең түрдде тарады. Олар:

- дәстүршілдер негізінен мынадай құндылықтарды: міндетті, тәртіпті, жөнге салушылықты, заңды қолдаушылықты ұстанса, ал креативтік болса: адамдардың өзін-өзі көрсету, өз бетімен жүру сияқты сапаларды басшылыққа алады. Мұндай мінез-құлықтар ешкімге ұнамайды. Оны өр мінезділікке ұқсатады;

- ал идеалистер, керісінше, дәстүрлік нормаларға, тәуелсіздікке бейім болады және басқа адамның беделін мансұқ етпейді, өзін-өзі ғана басқарады, басқаларға еліктеп алаңдамайды;

- фрустрировтік мінез-құлыққа адамның өзін өзгеден төмен бағалауы, көңіл-күйінің басыңқы болуы, өзін өмір ағымынан тыс қалдым деп сеніуі жатады;

- реалистер өзін-өзі ел алдында айрықша көрсетуді міндет санайды және халыққа деген жауапкершілік сезімін дамыта түсуге тырысады, орынды скептицизмді өзін-өзі дәріптеу мен өз-өзіне бақылау жасау арқылы жүзеге асырылады;

- гедонистік материалистер ең алдымен «осы жерде және дәл қазір» рахатқа кенелуге бағыт ұстайды және бұл «өмір ләззатының» ізіне түсуге тырысу қабілеті молшылық тілеуді қанағаттадыру формасына айналады. Батыс әлеуметтанушыларының зерттеулері көрсеткендей, қоғамдық өмірдің әр саласындағы бітім-болмыс пен ерекше іс-әрекеттер тұлғаның белгілі бір сапалары мен мінез-құлық тұрпаттарының қандай тұрғыда көрінетінін айғақтайды. Мысалы, бұл сипаттар нарықтық қатынастар прагматизмінің, қулық-сұмдықтың өріс алуына, өндіріс саласындағы эгоизмнің, мансапқорлықтың қалыптасуына және еріксіз түрде кооперациялауға көшуге, ал отбасы саласында және жеке өмірде – көңіл күй мен адамның ішкі сезімімен т.б. ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтануда осы айтылғандарға қарсы механизмдердің болатыны белгілі.

Сонымен бірге қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тегін білім алу мүмкіндігі шектелген кезде, балаларға білім берудегі көптеген мәселелері отбасының материалдық жағдайына байланысты болады. Нәтижесінде жағдайы жоқ немесе жағдайы төмен отбасындағы баланың үйлесімді дамуына қатысты қажеттіліктері өтелмегендіктен бала үлгірмеушілер қатарына түсіп сынып ұжымының қудалауына ұшырайды. Осы жәйттердің салдарынан балада әлеуметтік жатсыну пайда болады екен. Сондықтанда көптеген оқушылардың әлеуметтік дамуы осындай сипатта болуымен анықталады.

1 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.-М.: Политиздат, 1975.-304с.
2 Мудрик А.В. Социальная педагогика. М., 2000.
3 Василькова Ю.В. Очерки по истории социальной педагогики. М., 2001.
4 Халитова И.Р. Әлеуметтік педагогика. Алматы., 2009.
5 Баширова Ж.Р., Бекмағамбетова Р.К., Әлқожаева Н.С., Жұбаназарова Н.С., Ұ.Б. Төлешова Педагогика, әлеуметтік педагогика, өзін-өзі тану тарихы (Оқу құралы) Алматы: Қазақ университеті, - 2012 247 б

Резюме
Вопросы социализации личности
Толешова У.Б. - к.п.н., им. Аль-Фараби Университет, ulmekehtoleshova.@mail.ru
Жамалова Т.Б. - 1курс магистрант, им.Аль-Фараби, zhamalova.tan@mail.ru
В статье дается теоретический анализ на проблем социализация личности, рассматривается этапы психологической и физиологической социализации личности.
Для анализирование пути социализации личности дается определение понятием «социализация» и «депривация» и всесторонне анилизируется, представляется пути социализации личности.
Ключевые слова: социализация, депривация, адаптация, потребность, отношение.

Summary
Questions of socialization the personality
U.B.Toleshova – Candidate of pedagogical science,Al-farabi University, ulmekehtoleshova.@mail.ru
T.B.Zhamalova – 1st course master degree specialty of Pedagogics and Self-cognition, zhamalova.tan@mail.ru
The article gives a theoretical analysis on the problem of socialization of the individual, considered stages of psychological and physiological socialization.
For analyzing the way of socialization defines the notion of "socialization" and "deprivation" and comprehensively aniliziruetsya, it is the way of socialization.
Keywords: socialization, deprivation, adaptation, need, attitude.

ӘӨЖ (УДК): 378.14.014.13

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ – БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМІ КӘСІБИ БІЛІМІНІҢ ҚҰРАУШЫСЫ

М.С. Исаев – Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ 6D011400-Тарих мамандығының 3 курс PhD докторанты, muhtar-1211@mail.ru
Х.М. Тұрсұн – т.ғ. д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ тарих кафедрасының профессоры, tursunhazret@mail.ru

Мақалада авторлар«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтары - болашақ тарих мұғалімі кәсіби білімінің құраушысы дегенмәселені қарастырады. Осы мәселе негізінде басты миссиясы – тұлғаның тарихи санасын қалыптастыру болып белгіленген тарихшы маманның құзыреттіліктеріне арнайы талдау жасалады. Сонымен қатар аталған құндылықтарды мектеп оқу бағдарламасына енгізу жағдайындағы тарих мұғалімінің кәсіби біліміне қойылатын талаптары талқыланады. Тарих ғылымының арасында дүниетанымдық, көзқарастық және жинақтаушылық, болжамдаушылық қызметімен айқындалатын тарих философиясы пәнінің мазмұнына айқындық беріледі. «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын тұлға бойына сіңірудің мотивтері мен әдістемесі мазмұндалады.Талдау, сараптау, болжамдау әдістері мақаланың ғылыми зерттеу тәсілдері ретінде қолданылады. Авторлар жоғары оқу орнындағы тарих мамандығы студенттерінің кәсіби модуліне «Тарих философиясы» пәнін енгізуді ұсынады.
Түйін сөздер: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, құндылықтар, тарих философиясы пәні, тарихшы маманның кәсіби білімі, құзыреттер

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп айтқан болатын «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [1, 7 б.] деген ұстанымы әдіснамалық тұрғыда қазақ тарихының ең ежелгі кезеңінен бүгінгі Қазақстан Республикасына дейінгі аралықтағы тарихты зерттеулерге жаңаша көзқарас қалыптастырды. Бұл ұстаным қазақ халқының даму болашағын айқындайды. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық ...» [2] деп алғаш рет «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынған еді. Қазіргі кезде уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мынадай жеті құндылығы айқындалып отыр: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [2]. Бұл құндылықтар қоғамның тірегі болатын болашақ ұрпақты тұлғаландыратын педагог мамандардың бәсекеге қабілетті біліктілігін арттыру жұмыстарында басшылыққа алынуы тиіс.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдау арнауы дәстүрге еніп, тәуелсіз еліміздің халқын ауқымды да жасампаз істерге жұмылдыруға арналған ұлттық идеялар қалыптастырушы институтқа айналды. 2014 жылғы 12 қарашадағы мемлекет басшысының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы...»[3] деп, «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатқандығын атап көрсетті. Шындығында, қазақ тарихының мазмұнында осы идеяға тұғыр болатын, ұлттық мақтанышқа айналған тарихи оқиғалар мен құбылыстар аз емес. Абай атындағы ҚазҰПИ базасында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияда жоғары оқу орындарында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың өзекті мәселелері жан жақты талқыланды [4, 594 б.]. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» оқулығы да жарық көрді [5]. Біз мақаламызда тарих философиясының негіздерін меңгерген тарихшы маманның кәсібилігін ұлттық идея құндылықтары арқылы дамытудың әдістемесін тұжырымдауды басты мақсат етіп қойдық.

Халықтың ең маңызды рухани құндылығы – тарихы десек, сол тарихты тереңнен түсінудің танымдық және тәлім тәрбиелік мәні зор. Яғни, халықтың санасын оятып, оған түрткі болатын тарихи жадты жаңғыртып, тарихи сана қалыптастыру тарих мазмұнының негізінде жүзеге асады. Ал, «қазіргі кезеңде қазақ тарихи санасы үш деңгейде – жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейде және тұлғалық дәрежеде» [6, 3 б.] әртүрлі өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Осы орайда, аталған әлеуметтік жадты жаңғырту мен толықтыруға ұлт тарихын баяндап қоя салу жеткіліксіз. Тарихи жад пен ойлау ерекшелігіне ие болу арқылы ата-бабалардың өмір жолындағы тәжірибесін игеріп, оны одан әрі жетілдіру дәстүрлі тарих философиясының негізгі міндеттерінің бірі. Мұны М.Дулатов «Тарих не айтады десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп не бітіргендігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себептен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Со секілді келешекте біздің басымызға түсешек бір оқиға осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ, қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білеміз» [7, 59 б.]деп ой қорытады. XX ғасыр басындағы қазақ зиялысының тарихи дүниетанымынан туындаған осы бір ой оның тарихты философиялық ұғынуы және ұлттық негіздегі көзқарасы, азаматтық ұстанымы еді. Тарихи-философиялық бағыттылығымыздың дәстүрлі негізден бастау алып, ғылыми-теориялық дамуға қадам басарын меңзейді.Ұлттың тарихи сана-сезімі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байытылуы үшін тарих философиясының отандық және әлемдік тұжырымдарымен қатар оқытылуын қажет етеді.

Кеңестік қоғамда тарих ғылымының маркстік философиясы мен методологиясынан басқа ақиқат тұжырым жоқ деп есептелді. Тарихшылар теория мен практикада маркстік ілімге адал екендігін дәлелдеуге тиісті болды. Сол себепті тарих ғылымының теориясы мен методологиясын қалыптастыратын тарих философиясының әлемдік жетістіктері мен дәстүрлі қазақ тарихи ой тұжырымдары арнайы зерттелмеді және мамандар дайындауға қатыстырылмады.

Болашақ тарихшы маманның бойына танымдық және елжандылық қасиеттерді сіңіру үшін әр кезеңде халқымыздың басынан өткен оқиғалары мен құбылыстарын, тарихи тұлғалардың қызметтерін айтып, түсіндіру танымдық тұрғыда қажеті іс. Ал, тарихшы маман аталған тарихи оқиғаларға, құбылыстарға, процестерге, тұлғалардың қызметі мен ең қарапайым дәйектерге баға беруде, тұжырым жасауда тарих философиясының әдіс-тәсілдеріне жүгінеді.Бұл туралы Б.Сатершинов «Адамды әлемнің ғылыми кескінінентысқа шығарып жіберетін рационалдылықтың классикалық типіненбас тартқан қазіргі ғылым интеграциясы пәнаралық синтезді қажет етеді. Нақты тарихи айғақтар мен ғылыми мәліметтерге негізделе отырып, тарихи үдерістердің даму қисыны мен заңдылықтарын тарих философиясы зерттейді - дей келе, кеңестік кезеңде тарихи уақиғалар формация, таптық құрылыс сияқты мейлінше жалпы және абстрактылы категориялар арқылытүсіндірілді де, тарих тұрлаусызданып, өзінің индивидуалды белгілерінен айрылды. Бәрінен бұрын, адамдардың көңіл-күйі, ойлау қыртысымен, яғни менталитет деген жалпы терминмен атауға болатыннәрселермен түсіндірілетін адамдардың шынайы болмысының қыртысы, яғни рухани қырының, рухани мәдениеттің зор зардап шеккенін айта кету керек [6, 291 б.] деп тұжырымдайды. Бұл ойдан түйетініміз,қазіргі тарихи білімнің дәстүрлі тарихи ой және тарихи санамен сабақтасып жату керектігі.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге тарих ғылымының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылды. Мәселен, тарихтың бір ғана философиялық методологиясы саналып келген маркстік формациялық теориядан бас тартып, жаңа теориялық-методологиялық ізденістер қолға алынды. Дегенмен, ғылыми зерттеулерді сәтті қолданыс тапқан тарих философиясы жоғары оқу орындарындағы білім беру процесіне енбей келеді. Бұл өз кезегінде тарихшы маманның теориялық білімінің артуына, оның философиялық ойлау дағдыларының ғылыми негізделуіне кедергі болуда. Қазақстан тарихына қатысты деректер қоры мен дәйектер көптеп жинақталғанымен, оны фактологиялық деңгейден терең талдаулар мен тұжырымдар беретін теориялық деңгейге көтеру міндеті туындады.Бұл қажеттілік жоғары оқу орындарындағы болашақ тарихшы маманныңтарихи білімінің ғылыми дүниетаныммен ұштасуынан, тарихи пайымдауларындағы методологиялық бағытын айқындауға деген зәруліктен келіп шығады. Бұл туралы Т.Т.Тұрлығұл «Мектепте тарихты оқытуда мұғалімдерге нақты көмек, басшылық болатын әдіснамалық ұстанымдар жеткіліксіз. Бұл маңызды мәселені тек тарихшы ғалым емес, оның әдіснамалық бағыт бағдарын анықтауға философия, саясаттану ғылым салалары мамандарының қатысқаны дұрыс» [8, 40 б.] деген ой түйеді. Болашақ тарихшы маманның әдіснамалық бағытын анықтауға әлемдік тарих философиясының жетістіктері ұсынған үлгілермен қатар, қазақ тарихи санасында айқындалып,көптеген тарихи шығармаларды дүниеге әкелген дәстүрлі философиялық әдіснамаларды қолдану ұлттық ерекшелігімізді, ойлау жалғастығымызды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда тарихи білім берудің қазіргі кезеңдегі үлгісінің қалыптасуына соңғы кезде қоғамның жаңаруындағы тенденциялар да әсер етпей қоймады. Ол тенденциялардың қатарына:

- тарихи өткен өмірді айқындаудағы әдістеменің алуан түрлілігінің енуі;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталу;
- ұлттың төл мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, тарихи сананы жаңғырту және тағы да басқаларын жатқызуға болады. Осылардан келіп тарихи үдерісті түсіну қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілікті өтеуде болашақ тарихшы маманның кәсіби тұлғасының ұлттық тарихи-философиялық мұраның негізінде қалыптасуының мәні зор.

Тарихи ойдың алдында тұрған«біз кімбіз, қайдан шықтық, қайда барамыз?» деген дүниетанымдық сұрақтарға жауап іздеу бүгінгі қоғамдық сананың әлеуметтік құрылымы мен оны қалыптастырушы ұстындардың өзгерісі жағдайында да күн тәртібінен түскен жоқ. Ол дәстүрлі тарихи ойдың жаңғырығы ретінде жалғасын тауып келе жатқан дүниетанымдық мәселе.

Қазақ тарихына қатысты пәндерді оқыту - өткен шақтың ғылыми бейнесін қалпына келтіруші әдістеме негізінде жүзеге асуы қажет екендігіне күмән жоқ. Қазіргі кезде тарих философиясы танымның ерекше саласы ретінде жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларында философиялық білім контекстінде оқытылуда. Ал, жоғары оқу орындарындарында тарихты оқыту тарих ғылымының қосалқы салаларымен қоса, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, педагогика, психология, дидактика, логика сынды ғылым салаларымен өзара пәнаралық байланыста болып келеді.

Интеллектуалды тарихтың қалыптасуы дәстүрлі тарихи деректер негізінде гуманитарлық ғылымдардың теориялары мен әдістерін пайдаланатын тарих пен әлеуметтану арасындағы пәнаралық байланыстарға жаңа мүмкіндіктер береді. «Теориялық тарихтың пәндік ерекшелігі» әлеуметтік өмірдің барлық қырларын зерттейтін мейлінше әр алуан пәндерге жүгіне алатындай тарихи танымда тиімді пайдаланылатын пәнаралық сипатқа ие болады. Мұндай сипат тарихшыны тарих философиясымен жақындастырады. Бұл тұрғыдан алғанда теориялық тарих дәстүрлі эмпирикалық тарих пен тарих философиясының арасын байланыстырушы буын болып табылады немесе оны эмпирикалық тарихтың миы деп бағалауға болады. Бүгінгідей тарихнамалық төңкеріс заманында теориялық білім қазіргі тарихнамалық практиканың қажетті компонентін құрайды» [6, 232 б.]. Бұл тұжырымдар тарих философиясының пәні мен нысанын, зерттеу тәсілдерін және тарихи танымдағы оның қызметін танытады.

Болашақ тарихшы маманның тарихи және гуманитарлық пәндерден алған кәсіби білімін қорытындылап, оны теориялық тұрғыда негіздеуінде тарих философиясының маңыздылығы жоғары. Тарих философиясының жетістіктерін пайдалану болашақ тарихшы маманның шығармашылық, ғылыми танымдық, әдістемелік, болжаушылық дағдыларын қалыптастырады. Ал, дәстүрлі тарих философиясының негіздерімен таныс болғанда болашақ тарихшы маман қазақ жеріндегі ежелгі дүниеден бастап, дәстүрлі қазақ тарихиойының генезисі мен оның бүгінгі күнге дейінгі дамуына дербес тарихи-философиялық тұжырымдар жасай алады. Сонымен қатар, әлемдік деңгейдегі тарих теориясы мен методологиясының концепцияларымен, категорияларымен, зерттеу әдістерімен танысып, отан тарихындағы олардың үлгілерін меңгереді.

Болашақ тарихшы маманның елжандылық қасиеттері мен ұлттық тарихи санасының ғылыми негіздерін қалыптастыруға отандық тарих философиясы ықпал етеді. Тарих пен оның қосалқы пәндерінің материалдарын көзқарастық, дүниетанымдық тұрғыда пайымдау тәжірибесімен толықтыра отырып,отан тарихының«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына өзек болған басты құндылықтарының мәні мен мазмұнын анықтауға көмектеседі. Сонымен, жоғары оқу орнында тарих философиясын оқыту мынадайміндеттерге қызмет етеді:

- болашақ тарихшы маманды тарих философиясының үлгілерімен, негізгі түсініктері және қағидаларымен таныстыру;
- қазақ тарихнамасындағы тарихи таным мен оның принциптерін ғылыми зерттеулер мен педагогикалық тәжірибеде қолдануға бағыт беру;
- тарих философиясындағы белгілі теориялық бағыттармен, ғылыми мектептермен, концепциялармен және оның өкілдерімен таныстырып, отан тарихындағы үлгілердің ерекшеліктері мен орны туралы білім беру;
- адамзат тарихы мен отан тарихының дамуын циклдік және прогресс пен регресс тұрғысында түсіндіретін теориялардыигеру;
- қазақ тарихындағыұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтар аясында талдап, бағалай алу дағдысын меңгеру;
- төл тарих тәжірибесі негізінде болашақты болжамдау.

Жоғары оқу орындарында білім алатын қазіргі жастар көз жетерлік болашақта қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасын қалыптастырады. Сондықтан қазақстандық қоғам дамуының табысы жастардың жеке тұлға ретінде қалай бейімделуіне, қазақстандық мәдениеттің, тарихтың қандай құндылықтары оның тұлғасының дүниетанымдық өзегін құрайтынына, оның азаматтық жауапкершілігінің деңгейі қандай болатындығына байланысты [9, 4 б.]. Тағы бір айта кететін мәселе, «Тарих» мамандықтарында тарихи зерттеулерде қолданылатын нақты тәсілдерімен бірге жалпы ғылымдық тәсілдер де оқытылады. Бұл жерде, кез-келген тәсілді теориялық тұрғыда меңгеріп қою жеткіліксіз, оны практикада қолдана алу дағдыларын игеру де маңызды. Осы тұста, дәстүрлі қазақ тарихнамасында қолданылған ұстанымдармен әдіс-тәсілдерді анықтау студенттің ұлттық дүниетанымға сай түсінігін қалыптастыруына септігін тигізеді.Дәстүрлі тарих философиясында түркілік кезеңдегі тарихи білімдердің пайда болуы мен жинақталуы және исламдық мазмұнның ықпалы дәстүрлі қазақ тарихи ойының дамуы, қазақ тарих ғылымының қалыптасуы және тарихнамалық еңбектердегі тарихи философиялық тұжырымдардың дамуы, қазақ халқының тарихи санасы мен тарихи танымы сынды келелі мәселелер қамтылады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында негізделген құндылықтардың арасында «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана», қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы сияқты құндылықтарға түсіндірме беру, олардың ара-жігін айқындап, қоғамдық-саяси

және мәдени-әлеуметтік қызметін бағдарлау, ең соңында осы бағдардағы жұмыстың нәтижесін болжамдауда гуманитарлық ғылымдардың ішінде тарих философиясының және осы ғылымның заңдылықтары, категорияларымен, қағидаттарымен қаруланған кәсіби маманның мүмкіндігі өте жоғары.

Осындай ұлттық идеяларды іске асыру мақсатында «Интеллектуалды ұлт 2020» ұлттық бағдарламасының қабылдануы білім беру жүйесінің мазмұнын кеңейтіп, оқу-әдістемелік технологияларды саралап, жаңа деңгейге көтерудің міндеттерін алға тартады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың бір міндеті – интеллектуалды ұлт қалыптастыру, ал білім беру – ұлттық бәсекеге қабілеттілікке негізделген интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыратын сала екендігін ескерер болсақ, бұл міндетті іске асыруда тарихи сана қалыптастыру басты миссиясы болып саналатын тарихшы мамандардың кәсібилігін дамытуды қажет етеді. Бірқатар оқу орындарының оқу жоспарларына жасалған талдау көрсетіп отырғандай, тарихшы маман дайындаудың білім беру бағдарламасының педагогикалық стратагиясында белгіленген Құзіреттерге негізделген білім беру модульдеріндегі негізгі міндетті және кәсіби модульдерде «Тарих философиясы» пәні қамтылмағаны белгілі болып отыр. Әйтсе де, тарих ғылымының теориялық-методологиялық негіздері мен білім мазмұнының Жалпы мәдени және Кәсіби құзыреттері мен дағдыларын жете меңгеруімен бірге тарихшы маманға отан тарихының құндылықтарын әлемдік тарихпен ұштастыруға қабілеті барынша ауқымды көзқарастық, дүниетанымдық біліктіліктерді меңгеру қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілікті тарихи пәндердің арасында «Тарих философиясы»пәнінің мазмұны өтей алар еді. Содан да, пәннің мемлекеттік стандарты мен оқу-әдістемелік кешенін дайындау жоғары білім саласындағы жүйе құраушы пәннің бірі ретінде шұғыл түрде атқарылуы тиіс деп білеміз.

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030» - Алматы: Білім, 1997. – 7 б.

2 «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.» атты Қазақстан халқына Жолдауы» // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2012 ж.

3 Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы Жол – Болашаққа Бастар Жол». Астана. 12 қараша 2014 ж.

4 «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан Республикасының жоғары білім саласындағы жүйе құрушы фактор: оның мәселелері мен іске асыру перспективалары»: Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 18 маусым 2015 жыл. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат».- 2015. – 594 б.

5 «Мәңгілік Ел». – Учебник. – Алматы: «Ұлағат». – 2015. – 336 с.

6 Сатершинов Б.М. Тарихи сана тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚРБҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 б.

7 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том: /Құраст: Г.Дулатова, С.Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.

8 Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.

9 Ғазалиев А.М, Есім Ғ, Ферхо С.И, Бұрханов К.Н. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория және практика: Монография. – Қарағанды: Қарағанды МТУ, 2009. -122 б.

Резюме

Ценности национальной идеи «Мангилик Ел» как компонент профессиональной знаний будущего учителя истории

М.С.Исаев – PhD докторант 3 курса по специальности 6D011400-История, МКТУ им. Х.А.Ясави
Научный руководитель: **Х.М.Турсун** –д.и.н., профессор кафедры «История»
МКТУ им. Х.А.Ясави

В данной статье рассматриваютсяпроблемы ценности национальной идеи «Мангилик Ел» как компонент профессиональной знаний будущего учителя истории. Главная миссия разработки данного вопроса – проведение специального анализа компетентности специалиста-историка, определенной как формирование исторического сознания личности. Кроме того, освещено содержание предмета философии истории, включающего в себя функцию по формированию мировоззрения и взглядов, сбору информации и прогнозированию. Представлены мотивы и методы усвоения личностью ценностей национальной идеи «Мангилик Ел». В исследовательском работе используется научные методы анализ, синтез и прогнозирование. Авторы рекомендуют внедрить предмет «Философия истории» в профессиональный модуль студентов исторических специальностей вузов.

Ключевые слова: национальная идея «Мангилик Ел», предмет философии истории, профессиональная компетенция специалиста-историка

Summury

The values of the national idea " Mangilik El" as a component of professional knowledge of the future teacher of history

M.S.Isaev – 3dcourse PhD specialty ofHistory, muhtar-1211@mail.ru

Scientific supervisor: **Kh.M.Tursun –** doctor, professor of Department of History, IKTU named after Kh.A.Yasawi**.** tursunhazret@mail.ru

This article deals with the methods and approaches of professional knowledge and skills development of future specialists-historians on the basis of cultural wealth of national idea "Mangilik El". The main mission of matter development carrying out the special analysis of competence of the specialist historian defined as formation of personality historical consciousness. Besides, the maintenance of the subject of history philosophy including function on formation of outlook and views, collection of information and forecasting is mentioned. Motives and methods of assimilation by the identity of values of national idea "Mangilik El" are presented. In a research paper uses scientific methods of analysis, synthesis and prediction. Authors recommend introducing the subject "History Philosophy" in the professional module of students of historical specialties of higher education institutions.

Keywords: national idea "Mangilik El", subject philosophy of history, professional competence of the expert – historian.

УДК: 796.07

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖҮЙЕЛЕРІ

Б.Ш. Байжуманов – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультетінің «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tarbiesi@mail.ru

Бұл мақалада дене тәрбиесінің жүйесіндегі білім беру үдерісінің көкейкесті мәселелері қарастырылады. Сонымен бірге шұғылдану барысында шұғылданушылардың жан-жақты дамуы, денсаулығын нығайту, дене мәдениеті және салауатты өмір сүру бейнесі негіздерінен білімді меңгеру, дене және психикалық сапаларын ең жоғары деңгейге жеткізу, өмірлік және кәсіби мақсаттарға жету үшін дене мәдениеті мен спорттағы озық тәжірибелерді пайдалануды болжалдау мазмұндалады. Білім беру мен тәрбиелеу тиімділігі оқытушылардың жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлігіне, олардың оқу сабақтарының барлық түрлерін және спорттық жарыстарды жүйелі өткізуге. Дене тәрбиесі бойынша оқу үдерісінің концептуалды бағыттылығы мемлекет мүддесін, азаматтардың денелерін жетілдіруге деген қоғам сұранысын, оларды еңбек біліктілігіне және әлеуметтік белсенді өмірге даярлауды жүзеге асыру болып табылатыны жүйелі мазмұндалған. Сол сияқты студенттерге білім беру және тәрбиелеу тиімділігі оқытушының жоғары кәсіби біліктілігі, яғни барлық оқу және оқу-жаттығу сабақтарын өткізу шеберлігіне байланысты екені сипатталған.

Түйін сөздер: Дене дайындалғандығы, дамыту, білім беру, диагноздау, руханият, жетілдіру, дағды.

Біздің елімізде дене тәрбиесі жүйесінің мазмұны идеологиялық, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-мөлшерлік және ұйымдастыру негіздерінде ашылады. Дене тәрбиесі жүйесінің идеологиялық негіздеріне дене шынықтыру мәдениетінің ілімдік негіздері жатады. Қоғамдық идеологияның бір түрі болғандықтан, дене тәрбиесі қоғамның басты әлеуметтік институттары - ғылым, мәдениет, экономика және саясат тарапынан ықпал жасауды талап етеді. Ал өзінің даму барысында оларға басқа жағынан ықпал жасайды, ал басты нәтиже – дене шынықтыру мәдениетімен шұғылдануға барынша кең көлемде жастарды қызықтырып отыру, олардың денсаулық деңгейін көтеру және денесін дамыту болып табылады. Бұл ықпал етудің мәні: дене жаттығуларымен шұғылдану барысында адамдар өздерінің дене және рухани сапаларын жетілдіру мүмкіндігіне көзі жетеді, ол соңғы нәтижені шындыққа айналдырады. Дене тәрбиесінің жүйесі берік ғылыми-әдістемелік негізге құрылады. Оның әрбір ілімдік ережелерінде, іс тәжірибе ұсыныстарында қатаң ғылыми дәйектеме бар. Дене тәрбиесі жүйесінің қалыптасу, даму және қызмет ету заңдылықтарын мына төмендегі қоғамдық, психо-педагогикалық және медико-биологиялық ғылымдар кешені, яғни тарих, дене шынықтыру мәдениетін басқару және ұйымдастыру, спорттық әлеуметтану, спорт тазалығы, спорттық медицина, дене тәрбиесінің физиологиясы мен исихологиясы, жекелеген спорттық-педагогикалық пәндер және т.б. зерттейді. Бұлардың арасында салалық кәсіби мамандық дене шынықтыру мәдениетінің ілімі және әдістемесі дене тәрбиесі туралы ғылымның методологиялық және ілімдік қызметін атқарады. Кеңестік дене тәрбиесі жүйесінің басты даму нәтижелерінің бірі оның бағдарламалық-мөлшерлік негізін жасауы, яғни онда жас ерекшелігіне қарай дамуына адамдардың дене дайындығының негізгі талаптары белгіленген [1].

Егеменді еліміздің өскелең өмір талабы деңгейіндегі Президенттік сынақ талаптары шарттарын тапсыру, Қазақстан Республикасы дене тәрбиесі жүйесінің негізгі өлшемдік талаптарына жатады.

Президенттік тест сынамалар сынақтарының түрлері бойынша жарыстар жалпы білім беретін мектептердің 5-9-11 сыныптарында, кәсіптік-техникалық мектептердің, лицейлердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының соңғы курсының алдыңғысында өткізіледі.

Бағдарламалық-мөлшерлік талаптар жүйесін бірегей спорттық дәреже алу қорытындылайды. Оның негізгі міндетті бағыты шұғылданушылардың спорттық дайындығын талапқа сәйкес бағалау, ал сипаттық ерекшелігі Президент тесті сынағымен берік байланыс.

Дене тәрбиесі жүйесінің ұйымдастыру негізін жалпы халықтық дене тәрбиесін іске асыратын және бақылайтын негізгі екі басқару түрі құрайды: мемлекеттік және қоғамдық (өздерінің күшімен).

Ұйымдастыру мен басқарудың Мемлекеттік түрі мемлекеттік органдармен және мекемелермен бірегей бағдарлама негізінде іске асырылады. Бұл мемлекеттік жүйе барлық жастағы балаларды және студент жастарды тәрбиелеп, үйретуге, әскер қатарында қызмет ететін жастардың дене дайындығын қамтамасыз етуге, кәсіпорындар мен ауылшаруашылық және мәдени-ағарту мекемелерінде, көпшілік дене шынықтыру мәдениеті жұмыстарында, денсаулық сақтау мекемелерінде емдеу, аурудан сақтандыру шараларын өткізуге бағытталған.

Дене тәрбиесін іске асыру және басқарудың мемлекеттік жүйесінің негізгі бөлімдері мыналар болып табылады:

- ҚР Білім және ғылым министрлігі саласында: балалар бақшалары, жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттар, педагогикалық орта оқу орындары, арнайы орта және жоғары оқу орындары;
- ҚР Қорғаныс министрлігі бойынша: әскери бөлімдер мен бөлімшелер, әскери училищелер, институттар, университеттер мен академиялар;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бойынша: емдеу мекемелері, емханалар, поликлиникалар, дәрігерлік дене мәдениеті диспансерлері, медициналық орталық және жоғары оқу орындары;
- ҚР Мәдениет министрлігі бойынша: клубтар, мәдениет үйлері мен сарайлары, мәдениет және демалыс орындары және оқу орындары;
- Басқа да салалық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, агенттіктер, ведомстволық мекемелер, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу және оқу институттары.

Мектепке дейінгі мекемелерде және оқу орындарының барлық түрлерінде дене тәрбиесі міндетті түрде, қатаң жоспармен және жүйелілікпен типтік оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес, дене тәрбиесі пәнінің штаттағы қызметкерлері белгіленген, материалдық-техникалық және қаржы көздерімен қамтамасыз етілген жағдайда іске асырылып, жүргізіледі.

Қоғамдық негізде, өз күштерімен ұйымдастырып, басқару Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың барлық жастардағы контингентін қоғамдық негізде, өз күштерімен бастамашылдық негізде бұқаралық сипатта дене тәрбиесіне қамтып, тартуға бағытталған.

Мемлекеттік және қоғамдық негізде, өз күшімен ұйымдастырып, басқару түрлері бір-бірімен үйлестікте, кедергісіз қызмет атқарады.

Республика бойынша дене шынықтыру мәдениеті жүйесі Мемлекеттік басқару мен басшылық істері спорт және туризм агенттігіне жүктелген. Ал жергілікті жерлерде оған облыстық, қалалық және аудандық спорт және туризм департаменттері басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан жасалып отырған қамқорлықтың нәтижесінде біздің елімізде дене тәрбиесі жүйесі үздіксіз жетілдірілуде.

Оның дәлеліне 24 маусым 1996 жылғы №74 санды "Қазақстан Республикасы тұрғындарының дене шынықтыру дайындығының Президентгік сынамалары туралы", 2 желтоқсан 1999 жылғы N490-1, "Дене шынықтыру мәдениеті және спорт" туралы Қазақстан Республикасының заңы және оған 04.07. 2003 жылғы N471 санды қаулымен ендірілген өзгерістер, Қазақстан Республикасының Спорт және туризм жөніндегі агенттігі (29.05.2003 ж. №35) мен Білім және ғылым министрлігінің (30.05.2003ж. №06-2-2/12) біріктірілген "Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру туралы" бұйрықтары, сол сияқты 2001 жылғы 12 наурыз күнгі №570 санды "Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы, дене тәрбиесі мәселелерімен шұғылданатын білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдары үшін орындалуы міндетті шара болып саналады [2,3].

Әлеуметтік-экономикалық негіздер. Дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы экономика, саясат, ғылым және мәдениет саласындағы жүйелермен тығыз байланыста. Қоғамдық қатынастардың көрінісінің аясы (сферасы) есебінде ол сол жүйедегі жүріп жатқан өзгерістер әсеріне, яғни дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске осы байланыстардың нақты негіздерінің бірі болғандығынан дамып отырады. Алайда қоғамдық өндіріске ол қосымша жолдар арқылы әсер етеді. Бұл жүйе тікелей қоғамдық өнім шығаруға араласпайды. Бірақ ол осы ортаға өндірістік қатынастарының субъектісі - адам арқылы әсер етеді.

Өзінің әр түрлі салалары арқылы дене тәрбиесінің жүйесі адамның әлеуметтік қызметінің барлық негізгі түрлеріне қатысты. Бұл адамның қозғалыстағы биологиялық қажеттілігін қанағаттырып қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік жеке тұлғаның қалыптасуын, қоғамдық қатынастардың жетілуін де қанағаттандырады. Адамның денесінің дамуы биологиялық заңдарға бағына отырып, табиғи жолмен де жүзеге асатындығы мәлім. Алайда қазіргі адамның қозғалыс белсенділігі оның дене мүмкіншілігін қажетті деңгейде ұстауға әлі жеткіліксіз.

Өзінің арнайы қызметін жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі адамдардың қозғалыс белсенділігінің қажеттілігін қамтамасыз етуге, сол арқылы дененің жетілуін және денсаулықтың жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз етуге толық қабілетті.

Тәрбиелік-педагогикалық қызметті жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесі жүйесі адамгершілік, эстетикалық, еңбек, мәдени даму міндеттерін шешуге мүмкіндігі бар. Дене тәрбие жүйесі кейбір тәрбие жүйесінің тиімсіз болатын жерлерінде табыска жетіп те жүр. Сонымен бірге дене тәрбиесі жүйесінің өзінде әлеуметтік, экономикалық және қоғамның рухани өмірімен байланысты нәрселердің бәрі де көрініс табады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары болған сайын, оның, азаматтарына дене шынықтырудың байлықтары толықтай беріледі, тәрбиесі мақсаттарына жұмсалатын ұлттық табыстың бөлігі, денсаулық деңгейі және адамдардың жасауы да жоғары болмақ.

Жан-жақты жетілген адамдарды қалыптастырудағы дене тәрбиесінің орасан зор маңызын ескере отырып, үкімет тарапынан қоғамымыздың дамуының әр түрлі кезеңдерінде бұл мәселеге бірнеше рет назар аударды (бұл орайда 1925, 1929, 1948, 1959, 1966, 1981 және 1995 жылдарында қабылданған қаулыларды атап кеткеніміз жөн болады). Қаулылардың мазмұны сол кезеңдегі саяси жағдайды бейнелеп, орталықтан қатал басқару мен бақылауға басты назар аударылды, сонымен бірге сол кездегі дене шынықтыру қозғалысының дамуына үнемі қолайлы бола бермейді.

Дене тәрбиесі жүйесі экономикалық қатынастардың дамыған аумағына жатады. Өзінің ұйымдық құрылымы жөнінен күрделі болуына байланысты (мемлекеттік және қоғамдық басқарудың қағидаларын байланыстыра жүргізу), қаржыландырудың материалдық-техникалық жағынан қаралуында да әр түрлі қаржы көздерін өзіне жинақтады мемлекеттік бюджет, қоғамдық қорларды, кәсіпорындар, кәсіподақ кооперативтік қоғамдар. Экономикалық жағынан дене тәрбиесі жүйесі дамыған материалдық және материаддық емес өндірісі бар халық шаруашылығының бір бөлігі есебінде көрінеді. Материалдық өндіріс саласы қызметкерлерінің еңбегі заттай материалдан түрге ие болады: спорт құрылыстары, құрал-жабдық, аяқ-киім, киімдер. Бірақ бұл ортада адамдардың денесінің жетілдірілуіне бағытталған өндірістік емес дене тәрбиесінің басты өрісіне қарағанда қызмет көрсету сипатына ғана ие.

Құқықтық негіздер. Еліміздегі дене тәрбиесінің жүйесі оның қалыпты қызмет етуін реттейтін белгілі бір нормативтік құжаттарға актілерге сүйенеді. Бұл құжаттардың әр түрлі заң күші бар (қаулылар, заңдар, жарлықтар, нұсқаулар). Олардың ішінде еліміздің жаңа 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясының алар орны ерекше (29-бап). Бұл бапта Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығының сақталуы арнайы атап көрсетілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1991 жылғы 24 қарашадағы №1593 қаулысында спортты және дене тәрбиесін нақтылы жақсарту шаралары белгіленген. Бұлардан басқа ұйымдар мен мекемелердің дене тәрбиесімен қамтамасыз ететін, сонымен бірге қызмет көлемін анықтайтын өлшемдік құжаттар да бар (олар балабақшалар; лицейлер, гимназиялар, колледждер, мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, орта және жоғары оқу орындары т.б.).

Әдістемелік негіздер. Дене тәрбиесінің заңдылықтарын және оқыту мен тәрбиелеу принциптерін жүзеге асыру жөніндегі тиісті ұсыныстарды, сонымен қатар тұрғын халықтың әрбір әлеуметтік тобымен жаттығуды әдістері мен үлгілерін ұйымдастыруды, құрал-жабдықтарды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды. Әдістемелік негіздерде дене тәрбиесі жүйесіне тән ғылымилық көріністерді байқауға болады. Бұл орайда бастапқы ілімдік ережелер және оны іс жүзіне асыру ғылым негіздеріне (философияға, социологияға, педагогикаға, психологияға, биологияға т.б.) арнаулы ілімдік және

спорттық-педагогикалық ғылымға сүйене отырып жасалады. Бағдарламалық-өлшемдік негіздер тұрғын халықтың дене дамуымен бірге білім деңгейіне қойылатын үш сатылы өзара байланысты талаптар жүйесінде көрсетіледі. Дене тәрбиесінің біріңғай мемлекеттік бағдарламасы балалар бақшалары мен яслилерінде, жалпы білім беретін мектептерде, орта арнайы және жоғары оқу орындарында өткізілетін дене тәрбиесінің ең төменгі жүктеме көлемін анықтап, белгілейді. Бұл бағдарламаларда оқу орнының түрін, шұғылданушылардың жасын, жыныстық айырмашылықтарын есептей отырып, дене дамуы мен білім көрсеткіштеріне қойылатын талаптар және дене тәрбиесінің негізгі құралдары көрсетіледі.

Дене тәрбиесі мен спорт саласына қатысты негіздердің бір мысалы ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жыл 24 маусымдағы №774 қаулысын атауға болады. Осы қаулының 1-бабында Еліміздегі халықтардың дене тәрбиесіне қатысты даярлығын Президенттік сынақ талаптары арқылы анықтау Ережелері бекітіліп, 1996 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енгізілсін делінген.

Сонымен қатар бұл қаулыда Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дене тәрбиесі жөніндегі оқу бағдарламаларын Президенттік сынамаларының талаптарына сәйкестендірілуін, оның жалпы білім беретін мектептердің, кәсіби-техникалық училищелердің, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының оқу жүйесіне енгізілуі және оның өлшемдік талаптарының орындалуы қамтамасыз етілсін делінген. [4].

Спорттық біріңғай дәрежеге жеткізу жіктелуі (классификациясы) дене тәрбиесі жүйесінің бағдарламалық, мөлшерлік негізінің ең жоғары, қорытынды сатысы болып табылады. Ол елдің барлық спорт ұйымдары үшін спорттық дәрежелер мен атақтарды беру ережелері мен қағидаларын, сонымен қатар спорттың әр түрінен спортшының дайындығына қойылатын біріңғай мөлшерлік талаптарды белгілеген.

Спорттық жіктелудің негізгі мақсаты: спортпен көпшілікті қамту, спортшыларды жан-жақты тәрбиелеу, олардың дайындық сапасын арттыру және осы негізде жоғары спорттық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ету. Жіктелудегі спорт түрлері бойынша мөлшерлік талаптар шамамен әрбір төрт жылда қайта қаралып отырылады. Бұл әдетте олимпиададан кейінгі бірінші жылы кайта қаралады. Сөйтіп, кезекті Олимпиадалық ойынға, спорттың жеке түрлерінің әрі қарай дамуына жағдай жасалынады.

Спорттық дәрежелер мен атақтар арнаулы ережесі және жарыс күнтізбесі (календары) бар спорт түрлері үшін ғана белгіленген. Оның құрамына, сонымен бірге әскери-қолданбалы, кәсіптік-қолданбалы, біздің еліміздің ұлттық спорт түрлері және халықаралық дәрежеге ие болған спорт түрлері енгізілген. Спорттық жіктеуде мөлшерлік талаптардың екі түрі қаралған: нәтижесі айқын көрсеткішке байланысты бағаланатын (уақыт өлшемі, салмақ, қашықтық т.б.) спорт түрлері үшін дәреже (разряд) талаптары және жарыста жеке, сонымен бірге команда құрамында өнер көрсетіп, жетістік пен жеңістің маңызы мен нақтылығына байланысты бағаланатын спорт түрлері үшін дәрежелік талаптар (бокс, күрес, спорт ойындары т.б.) мен дәрежелік өлшемдер бірдей енгізілген.

Спорттық жіктеу жөніндегі ереже бойынша спортшыға өзінің ілімдік және жалпы дене дайындығын арттырып отыру міндеттелген. Мұның өзі адамның жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Ұйымдастыру негіздері. Дене тәрбиесі жүйесінің ұйымдық негіздері мемлекеттік, өзінен-өзі туындаған қоғамдық және басқару органдарының біртұтас байланыстылығынан құралады. Бұл байланыс дене тәрбиесі жүйесінің біріңғай мақсаты болып табылады. Оның міндеттеріне, қағидаларына, идеологиялық, әдістемелік және бағдарламалық-мөлшерлік негіздеріне, сонымен қатар дене шынықтыру ісінің дамуын жүргізетін, бағыттап және бақылап отыратын еліміздегі қоғамдық, мемлекеттік мекемелердің іс жүзіндегі біріккен іс-қимылына сүйенеді.

Дене тәрбиесі жүйесіне қатысты мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің мұндай бірлігі спорт құрылыстарын салуға қаржы бөлу және бұрын соңды салынған құрылыстарды тиімді пайдаланудан, спорт құрал-жабдықтарын тегін және төлем арқылы пайдаланудан, мамандар даярлаудың мемлекеттік жетілген жүйесінен, дәрігерлік дене шынықтыру қызметінің болуынан, дене жаттығуларымен шұғылданудың қажетті жағдайы есебінде еңбекшілердің бос уақытының үнемі өсіп отыруынан құралады.

Дене тәрбиесі жүйесінде қоғам талабына сай қозғалыс дағдыларын, арнаулы білімді, табиғи күштер мен гигиеналық қозғаушы күштерді, алдын - ала дайындалған жаттығулар кешенін дене қабілетін арттыру үшін пайдаланса, онда педагогикалық жүйенің бар екендігін айқындауға болады. Басқа сөзбен айтқанда, дене тәрбиесі педагогикалық жүйе есебінде адамдардың дене дамуын басқаруға осы саладан сауаттандыруға арналған қызмет.

Дене тәрбиесінің мақсаты әрбір адам дене шынықтырудың өзіне тиімді түрін игеруін қамтамасыз ету деп білеміз. Нәтижесінде дене тәрбиесі арқылы адам баласы дене шынықтыруды жалпы жетістігіне, байлығына, жеке игілігіне айналдырады (денсаулығын жақсарту, дене дамуы деңгейін арттыру т.б.)- Сонымен бірге дене тәрбиесінің әсерімен жеке адам тұлғасының өзгеруі дене шынықтыру жүйесінің мазмұнына өзгеріс енгізеді. Сөйтіп, дене шынықтырудың басты көрсеткіштеріне әсер етіледі. Әрине, бұл жүйе тәрбиенің өзге жақтарынан тыс, бөлек жүрмейтіндігі анық.

Қорыта айтқанда балалардың дене тәрбиесін бала денесін жетілдірудің педагогикалық жүйесі деп білеміз. Мектептегі дене тәрбиесі, жоғарыда айтып кеткендей, жалпы педагогикалық жүйенің басты бөлімдерінің бірі. Бұл жүйе тек мектеп қабырғасында жүргізілетін жұмыстармен шектелетіндігі айқын, мысалы, дене тәрбиесі сабақтарында, үйірме жұмыстарында.

Оқушылардың дене тәрбиесі мектепте, мектептен тыс жерлерде мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін әр түрлі жұмыстарды қамту деп білеміз. Мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі қағидалары "Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының дене тәрбиесі туралы ережесінде" баяндалған.

1 Қазақстан Республикасының конституциясы, Алматы: Қазақстан 2000-96 б.

2 Назарбаев Н.Ә., Қазақстан- 2030 Білім, 1998-92 б.

3 Қ.Р.Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» 2006-наурыз.

4 Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы 2005-сәуір.

5 Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» 6. Білім беру туралы Қазақстан Республикасының заңы-Алматы: Қазақстан, 1992

7 Әбділлаев Ә.К. Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан 2004-223б.

8 Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Кентау 2007-227-246б.

9 Әбділлаев Ә.К.,Мұхамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті. Кентау 2008-60-61б.

Резюме

Системы физического воспитания

Байжуманов Б.Ш. – Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, факультет Искусств, кафедра «Физического воспитания» старший преподаватель, dene-tarbiesi@mail.ru

В этой статье рассматривается актуальные проблемы образовательного процесса физической культуры осуществляемые в ходе занятий. Всестороннее развитие занимающихся предполагает укрепление здоровья, овладение знаниями основ физической культуры и здорового образа жизни, достижение оптимального уровня физических и психологических качеств, умение использовать опыт физкультурно-спортивной деятельности для достижения жизненных и профессиональных целей. Эффективность обучения и воспитания достигается благодаря высокому профессионализму преподавателей, умелому проведению ими всех видов учебных занятий и спортивных соревнований. Концептуальная направленность учебного процесса по физической интересов государства, потребностей граждан, общества, совершенствование тела, труда, изложенных в их системной подготовки и квалификации является осуществление активной социальной жизни. Эффективность воспитания и образования студентов, так и преподавателя высокой профессиональной компетентности, то есть во всех учебных и учебно-тренировочных занятий, что зависит от профессионализма проведения описанных.

Ключевые слова: Ориентация, психика, развитие личности, саморазвитие, физическая культура.

Summary

Physical education

Bolat Baijumanov - H.A. Yssawi International kazakh-turkish university, the faculty of Arts, Department of "Physical education", Senior lecturer, dene-tarbiesi@mail.ru

In this article considered carefully topical problems of the educational process of physical training carried out during the course. Comprehensive development involves dealing with health promotion, acquisition of knowledge bases of physical training and a healthy lifestyle, to achieve an optimal level of physical and psychological qualities, the ability to use the experience of sports activity to achieve life and professional goals. The effectiveness of training and education is achieved due to high professionalism of teachers, the skillful conduct of all kinds of classes and sporting events. Conceptual orientation of educational process on physical interests and needs of citizens, society, the improvement of the body of work contained in their system of training and qualification is the implementation of an active social life. Efficiency of upbringing and education of students, and a teacher of high professional competence, that is, in all educational and training sessions that depends on the professionalism of the conduct described.

Keywords: Orientation, psyche, personal development, self-development, physical education.

УДК: 796.07

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Р.Т. Нарықбай – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультетінің «Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушысы, dene-tarbiesi@mail.ru

Бұл мақалада жеке адамның мәдениеті, әдетте, оның өзі жататын әлеуметтік топтың мәдениетінің шеңберінде қалыптасады, бірақ үлкен ауытқудың болуы мүмкін. Бұл көбіне құқықтық мәдениетке қатысы. Құқық мәдениеті ресми-идеологиялық құбылыс ретінде жеке адамның саяси және құқықтық сана-сезімінің, олардың құндылықты-нормалық кешенінің, сонымен қатар құқықтық ортадағы жүріс-тұрысы мен қызметінің қалыптасуына және дамуына мемлекет пен қоғам арқылы бағытталған. Бұл ықпал айқындалған құқықтық көзқарастарды, рухани байлық, қазыналарды және т.б. бекітеді: құқықтық идеология мен құқықтық сана-сезімнің мазмұнының дамуы мен мүлдем өзгеруі, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, бүкіл қоғамның құқықтық сана-сезіміне жаңа көзқарастарды, құқықтық құндылықтарды және т.с.с. көнерген құқықтық таптаурындарды, үлгілерді, көзқарастар мен құндылықтардың бөлшектерін енгізу арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан құқықтық мәдениет тұтас құқықтық жүйе сияқты құқықтық нормалардың және адамның шынайы мінез-құлқының бірлігімен, мөлшерлер мен құндылықтардың сәйкес келуімен, құқықтың әлеуметтік тиімділігіне жетуімен сипатталады. Демек, құқықтық мәдениеттің интеграцияланған, яғни кіріктіріліп дарытылған қасиеттері нормалық бағыттаудың мәнімен шектелмейді. Оның мақсаты - әлеуметтік ортаға белсенді енуі, қалыптасқан ұстанымдарға ықпал жасауы, ұжымдары мен әлеуметтік топтардың мүшелерін ілгерішіл нормалардың, олардың құқықтық жүріс-тұрысына қажеттілігін түсінуге бағыттау болып табылады. Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы ашылған. Құқықтық тәрбие берудің түрлері мен әдістері одан әрі жетілдіруді жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: Сараптау, дамыту, білім беру, руханият, жетілдіру, дағды.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді.

Сондай елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу.

Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет [1].

Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты – жастарды мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды.

Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес.

«Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аудартады.

Сондай-ақ, осы мақсатта мемлекеттік деңгейде басқа да маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Солардың бірі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету болды. Мәселен:1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары туралы Конвенцияныкабылдады. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Конвенция ратификацияланды. 2002 жылы 8 тамызда ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы; 2004 жылы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы»

Заңы және осы жылы 9 шілдеде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды ерекше атап өтті.

Дегенмен, жоғарыда аталғандай, студенттің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға байланысты игі шаралармен қатар кемшіліктер де жеткілікті. Соның бірі, тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі таңда құқықтық мәдениетті қалыптастыру ісіне әлі де қажетті назар аударылмауы кездеседі [2].

Ғылыми зерттеу барысында мәселеге қатысты әдебиеттерді зерделеу нәтижесі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесі әр кезеңде де өзекті болғанын көрсетеді. Мәселен құқықтық мәдениет мәселелері философ-ойшыл, ағартушылар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев және т.б. еңбектерінде әр қырынан көтерілген. Ал психологиялық-педагогикалық тұрғыда құқықтық мәдениетті қалыптастыруды В.Г.Баженов, Л.К.Керимов, В.В.Трифонов, Л.А.Байсеркеев, М.В.Лукьяненко, Ә.Табылдиев, Г.П.Давыдов, В.М.Обухов, Р.Р.Бирюшев, Г.М.Дайрабаева, Д.Р.Жарықбаевалар зерттеген. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы және оның алдын алуды заң ғылымында К.С.Сапарғалиев, К.А.Бегалиев, Ө.Қопабаев, М.С.Нәрікбаев, Е.К.Нұрпейісов, М.Нығметоллаев, А.Ибраева, А.К.Мұхтарова, Д.Б.Бұғыбаева, Л.Қ.Ерінбетова, С.Б.Бейсебаева, Ш.Ж.Колумбаева т.б. жете қарастырған. Демек аталмыш мәселе әр кезеңде де әр қырынан біршама жақсы зерттелген деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен, білім беретін орындардағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жеткілікті зерттелген, оның тиімділігін көтеруге қажетті педагогикалық жағдайлар туғызудың шарттары мен тетіктері анықталған деп айта алмаймыз.

Педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді, ғылыми зерттеулерді, жалпы орта білім беретін мектептердің тәжірибелерін зерттеу нәтижесінде біз:

- қазіргі қоғамның белсенді, заңды құрметтеуші азаматтарға мұқтаждығының артуы мен халықтың, оның ішінде жастардың құқықтық құзырлылығы мен құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі;
- жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру үрдісінің тиімділігін арттыру мен осы саланың теориялық және әдістемелік қырларының әлі де жеткілікті зерттелмеуі;
- оқу-тәрбие үдерісінде жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру қажеттіліктері, мүмкіндіктері мен жалпы білім беретін мектептерде педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асырудың жеткіліксіздігі;
- жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қазіргі сұраныстың өзектілігі мен оны ұйымдастырудағы педагогикалық ұжымның дайындығының төмендігі мен оны жетілдіру жолдарының толық айқындалмағандығы арасында қарама-қайшылықтардың әлі де бар екендігін анықтадық.

Аталған қайшылықтар жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін дәлелдейді.

Еліміз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қарым-қатынасты жаңарту, құқықтық жүйенің жаңа типін қалыптастыру жолына түсті. Оның табысты жүруі бір жағынан, заңшығарушылық пен мемлекеттік басқаруды жетілдіруді қажетсінсе, екінші жағынан, субъективті фактор – жеке тұлғаның жаңа өмір жағдайларына дайындығы, әр адамның заң үстемдігін қабылдауы мен жүзеге асыруы, азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейімен қамтамасыз етіледі [3]. Ғылыми зерттеу жұмысымыздың түйінді ұғымдарының бастысы «құқықтық мәдениеттің» шығу, қалыптасу тарихына тоқталмас бұрын, құқық және құқықтық тәрбие ұғымдарына тоқталған жөн. Өйткені, құқықтық мәдениет жүйелі жүргізілген құқықтық тәрбиенің жемісі екені түсінікті. Ал құқық ұғымының мәнін әр қырынан түсініп алмай, құқықтық тәрбиені жүргізу мүмкін емес. Зерттеушілердің пікірінше, құқық мемлекетпен бірге пайда болған. Құқықтың пайда болуының бірнеше негіздері бар: *әлеуметтік негізі* – адамдар мінез-құлқы мен психологиясындағы өзгерістерге байланысты. *Экономикалық негізі* – бірте-бірте өнеркәсіп пен сауда айналымының өсуі алынған өнімді жеке иелену тәжірибесін дүниеге әкелді, яғни жеке меншік пайда болды. Жеке меншіктік қатынастарды реттеудің ең икемді құралы ретінде құқық дүниеге келді. Өйткені, моральдық, діни нормалар мен дәстүр өз табиғатында жеке меншіктік қатынастардан аулақ болды. *Саяси негізі* – қоғамдық қатынастардың дамуы өмірге мемлекет, әлеуметтік топтар және т.б. адамдардың ұйымдасу құрылымдарын әкелді. Нақты басқару жүйесі бар мемлекет бір қалыпты жүйеге түсірілген мінез-құлық ережелерін бекітті. Құқықтың саяси негізі осылайша қаланды. Мораль, дін, не дәстүр ережелері өздерін сақтау үшін күш қолдануды қажет етпейтін, тіпті олар көптеген жағдайларда күш қолдануға қарсы болды. Сондықтан олар мемлекетке құқық сияқты тірек бола алмады.

Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағынада қолданылады:

- біріншіден, құқық –ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Бұл субъективтік мағынада қолданылуы деп түсінеміз;

-екіншіден, құқық дегеніміз құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, себебі олардың жасалуы жеке адамның еркіне байланысты емес;

- үшіншіден, құқық термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Құқық пәндері түрлі салаларға бөлінеді: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржылық құқық т.б.;

- төртіншіден, «құқық» термині тұлғалық құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады [4].

Осыған байланысты «құқық жүйесі» деген түсінік бар. Мысалы, қазіргі жағдайда елімізде Қазақстанның құқық жүйесі қалыптасуда. Біздің тұжырымымыз бойынша, «құқық - мемлекет бекітіп, жүзеге асырылуын қадағалайтын, жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығы және қоғам өмірінде тұлғалардың заңға сүйеніп әрекет етуінің көрсеткіші» деген анықтама ұсынамыз.

Мемлекеттік құқық жүйесінің тарихы туралы сөз еткенде ежелгі заң ретінде Вавилонның «Хаммурапи заңы», Үндінің «Ману заңы», көне Римнің «XII кестесі» заңдары айтылады.

Құқық жүйе болып қалыптасқанға дейін оның дамып, қалыптасуына белгілі тұлғалар ықпал етіп, үлес қосып отырды. Периклдің тұсында мемлекеттік құрылысты, сот құрылысын және сот ісін жүргізу жүйелерін жетілдіру заң шаралары белгіленген. Платон – саяси ғылымның, құқық пен заң ғылымының ең алғашқы негіздерін жасады. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігін бөлу идеясы – Аристотельдің негізгі құқықтық тұжырымдамасы. Цицерон мемлекетті барлық еркін адамдардың келісілген құқықтық қатынасы деп түсінеді. Юстиниан таққа отырған екінші жылы-ақ Азаматтық құқықтар жинағын жасауға кіріскен. Джефферсон Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін соғыс жүріп жатқан тұста Конгресс қабылдаған атақты Тәуелсіздік декларациясының авторы. Джефферсон Декларациясының негізгі қағидалары барлық кезеңде, барлық халықтар үшін пайдалы болып шықты.

XVII-XIX ғғ. қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің негізі қаланды деуге болады. Жаңа дәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет, жалпыға бірдей бостандық пен теңдік ұстанымдарына шақырған «Адам және азамат құқықтарының Декларациясы» өмірге келді. Ол 1789 жылы қабылданды. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті Жарғы» заңдары көшпелілердің талай мың жылдар түзген, адамның адам ретінде өмір сүруіне кепілдік беретін ережелерге негізделген еді. Бұл ережелер мыңдаған жылдар көшпелілердің мемлекет пен құқықтық кодекстеріне, билеріне үлгі болып келді, көшпелілермен қарым-қатынасы бар көптеген отырықшы елдердің заң ережелерінің қалыптасуына ықпал етті. 1867-1868 жылғы «Уақытша ережелердің» енуі қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын түбегейлі өзгерістерге ұшыратып, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші заң жүйесінің де өзгерісін талап етті. Осы уақыт талабына сай, 70-ші жылдардан бастап «Ережелер» келді. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған Жеке адамның басына табынушылық, бір партиялық жүйенің диктатурасы, мемлекеттің демократиялық институттары құзырларының шектелуі, адам құқығының аяққа тапталуы сияқты көріністер мемлекеттік құқықтық идеяларға тікелей әсерін тигізді. Тәуелсіз Қазақстанда құқықтық реформаларды іс жүзіне асыруда прогрессивтік, халық мүддесіне сай келетін мемлекеттік-құқықтық идеялардың рөлі өлшеусіз мағынаға ие болып отыр.

Мемлекеттік-құқықтық идеялардың дамуы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен тікелей байланыстылығын айта отырып, құқықтанушы отандық ғалым Сәкен Өзбекұлы құқық ұғымының генезисіне талдаудың нәтижесін, бірнеше кезеңге бөліп қарастырған жөн деген қорытынды жасайды [5].

1 кезең. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан территориясында қалыптасқан әскери демократия санатындағы мемлекеттік құрылымның мемлекеттік – құқықтық идеялары.

2 кезең. Қазақ хандығы кезінде дамыған мемлекеттік құқықтық идеялар. XV-XVIII ғасырлар аралығында дамыған мемлекеттік - құқықтық идеяларды қамтыған заң жинақтары дүниеге келді.

3 кезең. Ресей империясының отарына айналған Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік -құқықтық идеялар XIX-XX ғасырды қамтиды.

4 кезең. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған мемлекеттік-құқықтық идеялар. (1917-1991ж.ж.)

5 кезең. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің мемлекеттік-құқықтық идеялары. (1991жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін)

Оқу-тәрбие үдерісінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру тек студенттерді құқықтық білім және түсініктермен қаруландыруды ғана білдірмейді, сонымен қатар іс-әрекетте жүзеге асатын күнделікті заңды мінез-құлық дағдылары, біліктері мен әдеттері негізінде құқықтық салада белсенді ұстанымдарын тәрбиелеуді білдіреді. Құқықтық тәрбие – бұл тәрбиеленушілерде терең және тұрақты сенімдер мен сезімдерді, жоғары құқықтық мәдениетті, заңдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында олардың санасына, психологиясына, барлық қоғамдық өмір құрылысына, идеологиялық факторларға нақты бағытталған жүйелі әсер ету [6].

Құқықтық мәдениет мазмұны жалпы адамзаттық рухани мәдениет мазмұнына енеді. Оны екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншісі – кең мәнінде алғанда, құқықтық межелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетінің ауқымын қамтиды. Ал екіншісі – тұлғалық, психологиялық және педагогикалық мәнінде қарастыру. Құқықтық тәрбие адамның құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қатысты заң, философия ғылымдары саласында мейлінше жақсы зерттелсе, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдары саласында әлі де әр қырынан зерттеуді қажетсінеді деп есептейміз.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру дегеніміз – олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, құқықтық мәдениет элементтерін қоғамдағы шынайы құбылыс ретінде қабылдатуды мақсат ететін, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әрекет. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың табысты жүруі оның жалпы мәдениетінің даму деңгейі мен осыған сәйкес білім беру ұйымында оларға өзін-өзі танытуға және шығармашылығына мүмкіндік беретін, құқықтық кеңістіктің болуымен тікелей байланысты.

Жастардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру олардың құқықтық санасы мен құқықтық мінез-құлқын жетілдірудің басты жолы болып табылатындықтан, оның негізі құқықтық білім беруде десек, гуманитарлық пәндер шеңберінде құқыққа ерекше орын береміз. Құқық пәнінің тәрбиелік әлеуеті де өте жоғары.

Оқу орындарында құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысының жүйесі білім беру технологияларын, оқу іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, жеке тұлғаға бағдарланған амал, жобалар әдісі және т.б. қолдану арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу мәселесін зерделеу барысында құқықтық тәрбие берудің түрлері мен әдістері одан әрі жетілдіруді талап ететіндігіне көз жеткіздік. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жұмысының тиімділігін диагностикалау әдістері теориялық жағынан әрі қарай зерттеуді қажетсінеді.

Педагог ғалымдар К.Қожахметова, М.Демеуова және т.б. еңбектерінде: «Құқықтық мәдениет – қоғамның қазіргі даму кезеңінде құқықтық жетістіктерін айқындайтын азаматтардың құқықтық білімінің мазмұны, сипаты, деңгейі мен дағдысы» деп атап көрсетеді [7].

Теориялық әдебиеттерде жастардың тәрбиелік деңгейін өлшеуде үш - жоғары, орташа, төмен деңгейлер алу қалыптасқан. Дамудың жоғары деңгейі деп біз, осы барлық көрсеткіштердің қойылатын талаптарға сәйкес келуін, ал орташа деңгей деп осы өлшем көрсеткіштердің жартысына немесе жартысынан көбірегіне сәйкес келуін, төмен деңгейде өлшемнің жалпы санының жартысынан азымен немесе олардың мүлдем болмауы деп қарастырамыз. Ол белгілердің маңыздылық деңгейі әрбір өлшем көрсеткішінен тұрады. Көрсеткіштер мотивациялық (бағалаушылық), танымдық және мінез-құлықтық салада қарастырылады.

Құқықтық мәдениетті құқықтық сана мен іс-әрекеттің бірлігі ретінде анықтаймыз, яғни мотивациялық (қажеттілік, түрткі, қызығушылық), танымдық (білімдік), мінез-құлықтық (іс-әрекет, қылық, тәртіп) компоненттерін қалыптастыру арқылы жүзеге асатын, адамдардың қылықтары, сөздері және істерінде заттанған сана ретінде сипаттаймыз.

Тәжірибелік жұмысымыздың айқындаушы кезеңінде теориялық, әдістемелік зерттеулерімізге сүйене отырып, жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың жүзеге асыру жолдарын ұсынамыз. Заң мамандығында білім алатын студенттер «Заң клиникасын» оқытушылар мен құқық қорғау органдарының қатысуымен ұйымдастыру.

Оқу орындарында «Заң және біз» үйірмелерін оқытушылардың бақылауымен студенттердің өткізуі. Мысалы, студенттер құқықтық тақырыпта семинарлар, конференциялар, іскерлік ойындар, жеке тақырыптар бойынша сабақтар, құқық қорғау органдарына экскурсия т.б. өткізілуі тиіс.

Қорыта айтқанда құқықтану материалдары мақсатты бағытталып, жүйелі жүргізілетін болса, онда жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің оңтайлы шешімін табады. Құқықтық мәдениет деңгейінің жоғары болуы білім беру жүйесінің, қоғам, елдің дамуы қажеттілігінен туындайды.

1 Қазақстан Республикасы. Конституция (1995) Қазақстан Республикасының Конституциясы: ресми мәтін. – А. : Заң әдебиеті, 2008.

2 Ағдарбеков, Т Мемлекет және құқық теориясы: оқу құрал / Т. Ағдарбеков. – Қарағанды: Болашақ баспа, 2001.

3 Баққұлов, С. Д. Құқық негіздері: оқу құрал / С. Д. Баққұлов А. : Атамура , 2004.

4 Баянов, Е.К. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық /Е.К. Баянов. – А.: Юрист, 2003.

5 Маймақов, Ғ.С. Қазақстан Республикасының саяси құқықтық тарихы: оқулық /Ғ.С. Маймақов. – А: Жеті жарғы, 2000.

6 Сапарғалиев, Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: оқу құрал / Ғ.Сапарғалиев. - А: Жеті жарғы, 1997 .

7 Сапарғалиев, Ғ. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құрал / Ғ. Сапарғалиев. - А. :Атамұра, 1998.

Резюме

Правовой культуры молодежи

Нарықбай Р.Т. - Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, факультет Искусств, кафедра «Физического воспитания» преподаватель, dene-tarbiesi@mail.ru

В этой статье, как правило, формируется в рамках группы, к его социальной культуры, но могут быть большие отклонения. В основном это имеет отношение к правовой культуре. Официальный правовой культуры-личности как явление идеологического и политического правосознания, их ценности-комплекса нормативно, правовой среде, а также поведения и деятельности, направленных на становление и развитие государства и общества, через. Это влияние определенных правовых взглядов, духовности, ценностей и т. б. утверждает: правовой идеологии и правового самосознания, развитие и изменение содержания вообще, личности, социальной группы, всего общества, правовое сознание новых взглядов, правовых ценностей и т. с. с. устаревших правовых стереотипов, образцов, ценностей, взглядов и осуществляется путем внедрения деталей. Социально-психологической и правовой культуры как правовой системы в целом в реальных нормаладың человека, правового поведения, единством, ценностей и норм, в соответствии с приходом, характеризуется достижением социальной эффективности права. Следовательно, интегрированной правовой культуры, т. е. соответственно выше, не ограничивается значением свойства дарытылған маршрутизации. Его цель - активное вхождение в социальную среду, влияние сложившихся принципов, норм, социальных групп, коллективов и прогрессивных членов, их правового поведения является необходимость понять направление. Значимость формирования правовой культуры. Пути дальнейшего совершенствования формы и методы правового воспитания.

Ключевые слова: Экспертизы, образования, развития, духовность, совершенствование, навыки.

Summary

Legal culture of youth

Rollan Narikbai - H. A. Yssawi International kazakh-turkish university, the faculty of Arts, Department of "Physical education", Lecturer, dene-tarbiesi@mail.ru

In this article, usually formed within the group, its social culture, but can be large deviations. Basically it has to do with legal culture. Official legal culture of personality as a phenomenon of ideological and political consciousness, their values-complex regulatory, legal environment, and the behavior and activities aimed at formation and development of the state and society, through. The influence of certain legal opinions, spirituality, values etc. claims: legal ideology and legal consciousness, development and change of contents in General, personality, social groups, entire society, the legal consciousness of new attitudes, legal values and T. S. S. legacy legal stereotypes, samples, values, attitudes, and implemented by implementation details. Socio-psychological and legal culture as a legal system as a whole in real normality human rights, legal behavior, the unity, values and norms, in accordance with the parish, is characterized by the achievement of social efficiency of law. Therefore, an integrated legal culture, i.e., respectively, above, is not limited to the value of daryala routing. His goal - an active role in the social environment, the influence of existing principles, norms, social groups, progressive groups and members, their legal behavior is the need to understand the direction. The significance of formation of legal culture. Ways to further improve the forms and methods of legal education.

Keywords: Education, development, spirituality, improvement, skills.

УДК 37.032.2

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Г.Б. Исабекова – PhD докторант,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті, e-mails: gulnur_taraz@mail.ru
Ғылыми жетекші: **Қ.Т. Атемова** – п.ғ.д., профессор,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті, e-mails: atemova_kalipa@mail.ru

Мақалада қарастырылып отрған мәселе көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру. Арнайы әдебиеттерді талдау барысында көпмәдениетті білім берудің мәні мен мағынасы ашылды.

Көпмәдениетті білім беру ұғымы әлемдік педагогикада 1960-жылдары кеңінен тараған еді, ал Ресейде бұл ғылыми ұғымды 1990-жылдары қолданысқа енгізді.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып «көпмәдениетті тұлға» ұғымы анықталды, көпмәдениетті тұлғаның құрылымы талданды.

Көпмәдениетті тұлға авторлардың түсінігі бойынша жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыстыра отырып, ұлттық құндылықтарды сіңіріп, адамның жаңа өмір салтын игеруге тұтастай дайындығын көрсететін күрделі интегративті құрылым.

Зерттеуде көпмәдениетті тұлғаның құрылымын көпмәдениетті тұлғада ашуға талпыныстар берілген.

Түйін сөздер: көпмәдениетті тұлға, құрылым, көпмәдениетті орта, көпмәдениетті білім беру.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін алдымен өзіміздің ата- бабамыздан қалған салт-дәстүрді, мәдениетімізді сақтай отырып, болашағымыз жастар арқылы руханиадамгершілікке тәрбиелеуіміз қажет.

Қай халықты алсақ та әрқайсысына өзіне тән ұлттық дәстүрі, саз-әуендері, тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді, саз-әуендерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үлкен міндет. Егер осы алтын қазыналар: ұлттың салт-дәстүрі, саз-әуені, мәдениеті жалғасып атадан балаға мұра болмаса, халықтың келешегі де жоқ.

Қазіргі таңда Қазақстан Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия мәдениетін бойына қатар сіңірген, әртүрлі халықтардың мәдени тұрмыс тіршілігі араласып, тамырласып жатқан Еуразия аймағына орналасқан, ықпалды да орнықты дәйек сынды сан алуан мәдениеттің тоғысуындағы мемлекет. Сол себепті еліміздің көпмәдениеттілігін сақтап, ары қарай жандандырудың жолы ол көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиет талдауы көрсеткендей, көпмәдениетті білім беру адамның әлеуметтік-тарихи және табиғи тәжірибе мен білімді игерудің ғылыми-теориялық, көркем-эстетикалық, адамгершілік-дүниетанымдық және басқа да түрлерінің ерекшеліктерін біріктіретін білім.

Көпмәдениеттілік тіл, наным-сенім, этникалық болмыс, т.б. ерекшеліктерден бастау алатын мәдениет өкілдерінің бір жерде өмір сүріп, бірге басқарылуының атауы бола алады. Көпшіл демократия түсінігінде бір қоғамда әртүрлі тұлғалар, топтар мен қауымдастықтардың болуы мүмкін екенін, сондай-ақ, бұлардың өзіндік мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып бірге басқарылуы мүмкін екені көрсетеді. Бірақ мұндай ортада өзгешеліктерін ерекшелік етіп көрсетуге тырысатын диаспоралардың тудыруы мүмкін алауыздықтар да демократияның проблемасы ретінде көрсетіледі. Көпмәдениеттілік болса, осындай өзгеше топтардың болуын проблема болудан құтқарып, баршаның көзқарасын кеңейтіп көпшілдік сезімдеріне айналдыратын ұғым. Көпмәдениеттілік өзгеше жандар мен топтарды бір жерде өмір сүргізіп, бірге болуды басқару. Ортақ мекенде бірге өмір сүрудің құқығын қалыптастыру. Көпұлтты мемлекет құрамында этникалық тұлғалар мен мәдениеттердің өздерін таныта алуына жағдай жасап, бұл еркіндікті қоғамға ұсына алуы. Көпмәдениеттілікті зерттеумен айналысқан Чарлз Тэйлор мәдени ерекшелікке құрметтің және бұл ерекшеліктің танылуының өте маңызды және анықтаушы адамдық фактор екеніне назар аударады.

Бұлар тұлғаларға қарай саясат жасауды, этникалық топтарды негізгі ұлттық мәдениеттен жоғары қоюды керек етеді деген сөз емес. Көпмәдениеттілік ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде өзге мәдениеттердің табиғи даму үдерісін өткізуі және өздерін дамытуын қабылдау.

Көпмәдениеттілік мемлекеттік басқаруда әртүрлі мәдениеттердің әділетті түрде дамытылуына жағдай жасау жобасы ретінде құрылған, қолдаушыларының ойынша дүние жүзіндегі азаматтардың қозғалысында, саяси ұйымдасуларда,түрлі мәдени көзқарастар мен танымға ие қауымдастықтардың бейбіт түрде бірге болуын қамтамасыз ететін дәрі болып саналады.

Көпмәдениеттілік саяси мағынасымен қатар жатсынудың нәтижесінде жеке тұлға үшін тарылап кеткен мекендерді кеңейту деген мағынаға да ие. Саяси тұрғыда ұлттар мен қоғамдағы этникалық топтардың, жалғыз және басқалардан бөлек мәдениеттердің өзге мәдениеттермен бірдей құқыққа ие болып, дами алуын білдірсе, екінші жағынан көпмәдениеттілік жеке тұлғалардың бірден көп мәдениетті меңгеруі, бірден көп мәдени топтарға мүше болуын білдіреді. бір қоғамда туылып, туғаннан сол қоғамның мәдениетін меңгеріп өскен тұлға, келешекте сол мәдениеттен бас тартуы немесе қабылдауы мүмкін. Бірақ соны қабылдауда немесе терістеуде тек сол мәдениетті негіз қылып алмайды. Жалпы мәдениеттер арасындағы кіші мәдениеттер немесе қарсы мәдениеттер тұлғаның таңдауы мүмкін бірден көп мәдениеттер шеңберін құрайды.

Бір ғана мәдениетті меңгерген тұлғаның кең тараған түрі бұл жерде өте қарапайым сипатқа ие болады. Көпмәдениетті тұлға ұлттардың бірігіп бейбіт өмір сүруі ойына жақын болса да, бірлескен дұшпандық негізінде, өркениеттің өзге әлеуметтік топтары мен рухани құндылықтарына қарсы шығу негізінде шоғырлануды қолдамайды. Ол, бір жағынан, адамның ұлттық мәдениеттен тыс қалыптасуын теріске шығарса, екінші жағынан, бірнеше өркениеттің түйісіп, қиылысу ретінде көпқырлы тұлғаның қалыптасуына жағдай жасайды.

Арнайы әдебиеттерді талдау барысында көпмәдениеттілік ойы ғылыми тілде әр түрлі терминдермен берілгенін айқындадық, олар: көпмәдениетті білім беру; мультимәдениетті білім беру; мәдениеттер диалогы мектебі; білім берудегі либералды плюрализм; мәдениаралық оқыту; кросмәдениетті білім беру; ұлтаралық білім беру; мультикелешекті білім беру т.б. Бірнеше мәдениетті білім беруді түсіну үшін оның негізі ұғымдарын қарастыру керек. Еңбекте кездесетін *көпмәдениетті*, *мультимәдениетті*, *бірнеше мәдениетті* сөздері бір-біріне мағыналары жуық сөздер, өйткені бұл сөздердің бірінші сыңары саны жағынан бірден артық дегенді білдіретін сөздер. Ресейде білімнің осы саласындағы зерттеулердің кейбіреуін *мультимәдениетті* немесе *көпмәдениетті* білім беру деп атаған, десек те бұл терминдер арқылы көпэтникалық немесе бірнешеэтникалық білім беру туралы сөз болып отырғанын түсіну қиын емес. [1,12-б]

Көпмәдениетті тұлға тарихи санамен қоса, жарқын географиялық, ғаламшарлық санаға ие болып, туған елін, кіші отанын, туған жерін, отбасын сезіну керек. Мұндай сана-сезімді географиямен қоса елтану, этнография, экологиялық пәндер де қалыптастырады, өйткені олардың барлығы этнос пен мәдениет мәселесіне, этномәдени білім беруге тән қорғаушы дәстүрге бағытталған. Бұл ретте мәдениет экологиясы, этнос экологиясы, адам экологиясы, рух экологиясы, адамгершілік экологиясы т.б. сияқты ғылым мен білім берудің жаңа бағыттары туралы сөз болып отыр. Олар көпмәдениетті тұлғаның Жерді ортақ үй ретінде, Қазақстанды ортақ отанымыз ретінде сезіну, ортақ үй мен еліміздің табиғатына жауапкершілікпен қарау сезімі сияқты қасиеттерін анықтайды.

Көпмәдениетті тұлға қиял-сезімі дамыған, нәзік сезімді, әсемдікке жаны құмар, сұлулықты бағалай білетін, көркем талғамы бар, өнер туындыларынан хабары мол (театр, кино, теледидар, әдебиеттің арқасында) жарқын көркем-эстетикалық санаға да ие болу керек.

Көркем-эстетикалық сананың ерекшелігі оның іс жүзінде көркем шығармашылық, музыкалық аспапта ойнау, ән айту, сурет салу т.б. іс-әрекетте көрініс табуы. Сондықтан ол этномәдени білім берудің мақсаттарына көбірек сәйкес келеді. Оның қалыптасуы адамға өзінің халықтың мәдениетіне қатыстылығын сезінуге мүмкіндік береді, ұлттық айқындық жеке адамның бойына шоғырланып, әр түрлі мәдениеттердің ерекшелігін дәлелдеу құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Осылайша көпмәдениетті тұлғаның негізгі қасиеттерін айқындап, ғалымдардың, ұстаздардың көпмәдениеттіліктің мәнін, көпмәдениетті білім беру ұғымын ашу мәселесі бойынша әр түрлі көзқарастарын ескере отырып, көпмәдениетті тұлғаның көрсеткіштерін сипаттай келе біз өзіміздің анықтамамызды береміз.

Біздің түсінігіміз бойынша, к*өпмәдениетті тұлға- жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыстыра отырып, ұлттық құндылықтарды сіңіріп, көпмәдениетті ортада танымның, қарым-қатынастың, өзара әрекеттестіктің тәсілдерін жүзеге асыруда көрініс табатын өзіндік ұстаным мен қасиеттерді сақтап, адамның жаңа өмір салтын игеруге тұтастай дайындығын көрсететін күрделі интегративті құрылым***.**

Көпмәдениетті тұлғаның құрылымын біз төмендегі суретте көрсетуге тырыстық. ***(сурет№1)***

Көпмәдениетті білім беру ұғымы (multicultural education) әлемдік педагогикада 1960-жылдары кеңінен тараған еді, ал Ресейде бұл ғылыми ұғымды 1990-жылдары қолданысқа енгізді. 1977 жылы оның ең бірінші анықтамасы берілді. Яғни көпмәдениетті білім беру дегеніміз тілдік, этникалық, ұлттық немесе нәсілдік белгісі бойынша айырмашылығы бар екі немесе одан да көп мәдениетті

қамтитын педагогикалық үрдісті ұйымдастыру мен мазмұнынан құралған тәрбие жұмысы. Жаңа мыңжылдық қарсаңында ЮНЕСКО білім берудің жаһандық тұжырымдамасын анықтады, оның міндеті – болашақ қоғамда әлем мәдениетінің құндылықтары мен мұраттарының, толеранттық пен белсенді мәдениаралық байланыстың басты орында болуын қамтамасыз ету; халықаралық ынтымақтастықты дамыту бүкіл әлемде тұрақты даму түрі бойынша білім беруді тарату мен дамытудың басты шарты болып табылады. Сондықтан білім беруді дамыту үшін білім берудің негізгі міндеті мен мақсатын айқындау қажет, атап айтқанда, тұтас қоғамды әрдайым дамытып, жақсартып отыру міндетін сақтап, кеңейту арқылы мынаған қол жеткізуге болады: жеке адамның дамуына мүмкіндік жасап, әлеуметтік икемділікті және жеке тұлғаның заманауи интегративті қасиеті ретінде көпмәдениеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруге адамдардың барлығының қол жеткізе алуы.

Жоғарыда айтылғандар көпмәдениетті білім берудің өзектілігін дәлелдей түседі, ол осы мәселе бойынша ресейлік ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады. Е.В.Бондаревская, Г.Д.Дмитриев, З.А.Малькованың осы бағыттағы еңбектері назар аударуға тұрарлық.[2,1,3]

Мысалы, Е.В.Бондаревская [2,23-б] көпмәдениетті білім берудің міндеттерінің бірі әр түрлі мәдени орта жасау деп есептейді, ондай ортада баланың дамуы, оның тәжірибе мен мәдени мінез-құлқыққа ие болуы жүзеге асып, оның мәдени өзін-өзі айқындауына және өзінің шығармашылық қабілетін көрсетуге көмек беріледі.

Сур.1 - Көпмәдениетті тұлғаның құрылымы

Көпмәдениетті білім беру дәрежесіне көптеген авторлар әр түрлі анықтама береді, бірақ олардың барлығының ортақ ойы мынада: көпмәдениетті білім беру мен тәрбие дегеніміз жеке адамдар мен ұжымдар (әлеуметтік топтар, мәдениеттер) арасында терезесі тең диалог, бір-біріне деген құрмет пен күш көрсетпеу сияқты құндылықтар негізінде педагогикалық үрдістерді теориялық тұжырымдамасын жасау мен тәжірибелік ұйымдастырудың жаңа тәсілі; көпмәдениетті тәрбие дегеніміз тәрбие кеңістігінің субъектілерінің әрқайсысы үшін ашық бірнеше құндылықтар мен мақсатты негіздер шоғырланып, олардың арасында диалог орын алған белсенді әлеуметтік-педагогикалық орта; көпмәдениетті тәрбие дегеніміз мазмұнның әлеуметтік-құндылық түрлерінің артықшылығына, олардың үздіксіз диалогының құралдарына негізделіп, шешімдерді қабылдау мен жүзеге асырудың демократиялық тетіктерімен қамтамасыз етілген әлеуметтік-білім беру және тәрбиелеу саясаты мен тәжірибесі.

Жоғарыда айтылғандардан көретініміз, «жеке тұлға» ұғымымен байланысты «көпмәдениеттілік» ұғымының мәні жеке тұлғаның әрдайым ұмтылатын «жалпыадамзаттық» ұғымына жақындығымен анықталады.

Көріп отырғанымыздай, «көпмәдениеттілік» терминінің өзі, бір жағынан, оны зерттеу кезінде зерттеудің қырларын біріктіруге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, тұлғалық қасиеттер жүйесінде мәдениеттілік деңгейі туралы, басқа мәдениеттер арасында өзін-өзі айқындауға дайындығының дәрежесі туралы мәлімет береді.

1 Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование. // М., 1999.-208с

2 Бондаревская Е.В. Методологические проблемы становления педагогического образования университетского типа // Москва: Педагогика, 2010.

3 Малькова З.А. Образование в мире на пороге XXI века [Текст] : сб. науч. тр. // АПН СССР, НИИ теории и истории педагогики; [Под ред. З.А. Мальковой, Б.Л. Вульфсона]. // М.: НИИТИИП, 1991. - 99 с

Резюме

Структура поликультурной личности

Исабекова Гулнур Болатбековна - PhD докторант, МКТУ им.Ясави,
e-mails: gulnur_taraz@mail.ru
Научный руководитель: **Атемова К.Т.** – д.п.н., профессор, МКТУ им.Ясави,
e-mails: atemova_kalipa@mail.ru

В статье рассматривается проблема формирования поликультурной личности.На основе анализа научной литературы раскрывается значение сущность и содержание поликультурного образования.

В мировой педагогике категория поликультурное образование введено с 1960 годов, а в России проблема начинает исследоваться с 1990 годов.

На основе анализа научно-педагогической литературы определено содержание понятие «поликультурная личность», разработана структура поликультурной личности.

Поликультурная личность понимается авторами как сложная интегративная структура, показывающая целостную подготовку овладения новым образом жизни на основе общечеловеческих и национальных ценностей, сохраняя принципы и свойства реализации познания, отношения в поликультурной среде.

В исследовании дается попытка раскрытия структуры поликультурной личности в поликультурной среде.

Ключевые слова: поликультурная личность, структура, поликультурная среда, поликультурное образование.

Summary

The structure of multicultural personality

Issabekova G. B. – PhD student, International Kazakh- Turkish University named after H.A.Yassawi,
e-mails: gulnur_taraz@mail.ru
Scientific supervisor: **Atemova K.T.** – doctor of pedagogy, professor, International Kazakh- Turkish University named after H.A.Yassawi, e-mails: atemova_kalipa@mail.ru

The article is devoted to the problem of formation of a multicultural personality. On the basis of the analysis of the scientific literature reveals the value of the nature and content of multicultural education. The world pedagogy category multicultural education was introduced with 1960, while in Russia the problem begins to be studied since the 1990s. On the basis of scientific and educational literature defined the content of the concept of “multicultural personality” developed multicultural structure of personality.

Multicultural personality is understood by the authors as a complex integrative structure, showing a complete training to master a new way of life based on universal and national values, while preserving the principles and properties of the implementation of knowledge, relationships in a multicultural environment.

The study gives an attempt to disclose the structure of multicultural personality in a multicultural environment.

***Keywords*:** multicultural personality, structure, multicultural environment, multicultural education.

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ

УДК: 372.9 584 5

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЭКСПОЗИЦИЯСЫ МЕН ТУРИСТІК МАРШРУТТАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Х.М. Тұрсұн – т.ғ.д., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры, tursunhazret@mail.ru
М.Алдабергенова - Қ.А. Ясауи атындағы PhD докторанты, mol-nur_an@mail.ru

Мақалада «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайдың» педагогикалық қызметінің мазмұны мен әдіс-тәсілдері талданады. Мұражайдың тақырыптық-экспозициялық жоспарларының мазмұнына талдау жасай отырып, оның педагогикалық қызметінде қолданылған жұмыс формалары мен әдіс-тәсілдері жүйеленеді. Солардың арасында туристік маршруттарға шолу жасалып, онда келушілерге ұсынылатын тарих пен мәдениет құндылықтарының ғылымилығы археологиялық, жазба деректер арқылы талданады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының «тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» атты құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңірудегі мұражай педагогикасын дамы-туға қатысты тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы», сәулет және археологиялық ескерткіштер, мұражай педагогикасы, туристік маршруттар.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында тұжырымдалған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында тұжырымдалған құндылықтардың [1] арасында «тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» деп аталатын құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңіруде мұражай экспозициялары мен туристік маршруттарының педагогикалық әлеуетін пайдаланудың маңыз зор екендігі айқын.

Мұражайлар - ұлттық тарихи сана қалыптастырудың ең тиімді ортасы. Мәселен, Түркістан қаласының тарихи өзегі болып табылатын қорғау аймағын зерттеу, қалпына келтіру жөніндегі кешенді бағдарлама аясында ұлттық тарихи сана қалыптастыру мақсатымен 1989 жылы «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» құрылды [2].Қазіргі кезде қорық-мұражайдың құрамында 8 мұражай жұмыс істейді. Олар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. XII-XIV ғғ. салынған ғимарат-экспозициялық алаңы 535 шаршы метр; «Қылует» жерасты мешіт-мұражайы». Экпозициялық алаңы - 702 шаршы метр; «Жұма мешіті» мұражайы. Экспозициялық алаңы 128,9 шаршы метр; «Шығыс моншасы». Экспозициялық алаңы 130 шаршы метр; «Түркістан тарихы мұражайы. Экспозициялық алаңы 1050 шаршы метр; Археология және этнография музейі. Көру алаңы 140 шаршы метр; Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі мұражайы. Экспозициялық алаңы 62 шаршы метр; «Ашық аспан астындағы мұражай», «Түркістанның XIX ғ. көше үлгісі». Экспозициялық алаңы 425 шаршы метр[3, 15-17 б.]. Мұражайдың осы құрылымын танымдық-тәрбиелік мақсаттарға пайдаланудың педагогикалық әлеуеті мол.

Мұражай экспозициясы мұражайға келушіге археологиялық және сәулет ескерткіштерін көрсетудің ерекше құралы. Мұражай педагогикасында археологиялық және сулет жәдігерлері мен ескерткіштерін экспозицияға біріктірудің мынадай қағидаларын атап айтуға болады:

- тарихи құндылығы – экспозиция тарихи және мәдени құндылығы жоғары бұйымдардан құралған;
- ғылымилығы мен бір идеяға бағынуы – экспозицияның өз концепциясы болады және ол белгілі бір мақсат-міндеттер аясында құрылады
- кері байланыстың орнауы – экспозицияны көрушінің шығармашылық қабылдау мүмкіндігі ескеріледі.
- қол жетімділігі – экспозиция деңгейі қоғам мен ортаның танымдық деңгейіне негізделеді [4, 50 б.].

Аталмыш қағидаларға сәйкес жасалып, жабдықталған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайдың құрамдас бөлігі болып табылатын «Түркістан тарихы» мұражайының экспозициялық жоспарына талдау жасауға болады. Мұражай «Тас ғасырынан түркі дәуіріне дейін», «Түркі кезеңіндегі Түркістан», «Шауғар - Шойтөбе қаласы (Түркістан тарихының алғашқы кезеңі)», «Ясы - Күлтөбе қаласы (Түркістан тарихының орта кезеңі), «Ахмет Ясауи - түркі халықтарының пірі (XII-

XIV ғғ. Ясауи ілімінің таралуы), «Ескі Түркістан (Түркістан тарихының кейінгі кезең)», «Түркістан - Қазақ хандығының астанасы (Түркістанның гүлдену кезеңі)», «Түркістан - түркі халықтарының рухани орталығы (Ұлттық пантеон және рухани, діни орталық)» [3, 10-15 б.] деп аталатын 8 бөлімнен құралады.

«Түркістан тарихы» мұражайының экспозициясымен танысқан әрбір келуші танымдық және шығармашылық сұранысын қанағаттандырып, экспозицияның басты мақсаты - ежелгі Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихы жайлы толық мәлімет алуына мүмкіндік жасалған. Мұражай экспозициясы тұтас идеяға біріккен логикалық байланыста жасалып, тарихи сабақтастық пен хронологиялық мерзімдеуде біріздiлік сақталған.

Мұражай экспозициясымен кеңірек танысуға мүмкіндік беретін бірден-бір маңызды құжат – тақырыптық экспозициялық жоспар (әрі қарай – ТЭЖ – авт.). ТЭЖ- мұражай экспозициясын құру үшін топтастырылған экспозициялық материалдың құрамы көрініс тапқан мұражай құжаты. Онда экспозиция бөлімдерінің, тақырыптарының, тақырыпшаларының, тақырыптық кешендерінің аттары көрсетіледі, сонымен қатар бастапқы мәтіндер, алғы сөздер, экспонаттар жайлы маңызды мәліметтер жинақталған тізімі, сақталған орны мен шифры жазылады. ТЭЖ - құрылатын мұражай мазмұнын анықтайтын жұмыс түрі, бағыт-бағдары, сондықтан да ол экспонаттар жинақталып біткеннен кейін жасалады. ТЭЖ жасау барысында оның нақты қандай бөлімдерге бөлініп, мұражайға келушілерге қандай туристік маршруттар ұсынатындығы толықтай жоспарланып қойылады. Мұражай экспозициясымен танысу барысында археологиялық жәдігерді көрсетудің тәсілдері мен туристік маршруттары қалыптасады, оған сүйене отырып, мұражайға келуші экспонат жайлы толық әрі кешенді мағлұмат алуына жағдай жасалады.

Сәулет-археологиялық ескерткіштерді жастарға таныстырудың негізгі түрі – экскурсия. Қазақстан Республикасының«Туристік қызмет туралы» заңында экскурсияға«жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып, көруі» деп анықтама берген, яғни экскурсия - белгілі бір тақырып жайлы кеңірек мағлұмат алу үшін алдын-ала белгіленген маршрут бойынша жүріп өтетін таным үдерісі деп белгіленеді, «туристік маршруттар - туристің (саяхат кезінде) танымдық, спорттық, эстетикалық не өзге де мақсаттармен өту, қарау үшін белгіленген барлық географиялық мекендердің, болу объектілерінің тізбесін көрсететін жүру жолы». Ал «турист» дегеніміз «уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға» [5]. Яғни «турист» - жеке тұлға (жас ерекшеліктері бойынша қарастырдық), «экскурсия» - таным үдерісі, «туристік маршруттар» - аталмыш жеке тұлғаның танымдық үдерісті жүзеге асыру үшін жүріп өткен жолы деген мәнге ие.

Ашық аспан асты мұражайларында экскурсияның оқыту тәжірибесінде төрт түрі белгілі, олар: ұлттық тарихи сана қалыптастыруға бағытталған дамытушы экскурсия; Отанға деген сүйіспеншілікті тарихты терең танып-білу арқылы қалыптастыратын білім беру экскурсиясы; ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы жайлы толық әрі кең мәлімет алуға мүмкіндік беретін танымдық экскурсия; археологиялық ескерткішті ұлттық тарихи сана қалыптастырушы тұрғысынан қарастырып бағалай білуге дағдыландыратын тәрбиелеуші экскурсия. Экскурсияның осы түрлеріне жекелей тоқталайық.

Танымдық экскурсия – мұражай жайлы жалпы мағлұмат беру мақсатында ұйымдастырылады. Экскурсия барысында мынадай мәселелер қарастырылады:

- ашық аспан асты мұражайына айналған ортағасырлық қала жайлы жалпы мағлұмат алу;
- Мұражайдың тақырыптық-экспозициялық жоспарына енетін археологиялық ескерткіштермен танысу;
- мұражай экспозициясының негізгі бөлімдерімен танысу;
- Ашық аспан асты мұражайының жекелеген маңызды экспонаттарымен танысу;

Аталмыш экскурсия барысында тек маңызды деген тақырыптар жайлы сөз қозғалып, қосалқы мәселелер назардан тыс қалады. Танымдық экскурсия мектепте отан тарихы пәнінің толық курсын аяқтаған келушілерге, жоғарғы сынып оқушылары мен студенттерге жас ерекшелігі мен танымдық дайындығы ескеріле отырып жүргізіледі.Өйткені,экскурсия тұлғаның тарихи танымдық білімін кеңейту мақсатында ағартушылық сипатта өткізіледі.

Білім беру экскурсиясы - әрбір экскурсия барысында білім беру мақсаты жүзеге асырылғанымен, бұл типтегі экскурсияда оған басымдылық беріледі. Білім беру экскурсиясы әлеуметтік жіктелуі алуан түрлі және әр түрлі жастағы көрермендерге арналып, оның басты мақсаты ұсынылған тақырып

жайлы білімді кеңейтуге бағытталған. Мәселен, «Ортағасырлық қалалар тарихы» атты тақырыпты экскурсия жоспары мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталады:

1. ортағасырлық қаланың бөліктері
2. ортағасырлық қалалардағы керамикалық шеберханалар және өнім дайындау технологиясы
3. дәстүрлі қолөнер түрлері мен үлгілері
4. сәулет ескерткіштерінің құрылысы мен қызметі тралы мағлұматтар.

Аталмыш міндеттер білім беру экскурсиясы мен дамытушы экскурсияның бірлесе жұмыс жасауына да мүмкіндік береді. Мәселен, дәстүрлі қолөнер түрлерін қарастырғанда, керамикалық бұйымдардың жасау технологиясы мен оны жасауда қолданылатын шикізат түрлері жайлы сөз болады, онда керамика жайлы білімді тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар қолданылатын шикізат түрлері жайлы кеңірек мәлімет алуға мүмкіндік береді. Бұл экскурсия түрі барлық жастағы мұражай келушілеріне қызықты, әсіресе бастауыш сынып оқушылары оған үлкен қызығушылықпен барады.

Дамытушы экскурсия мұражай экспозициясымен жұмыс жасауда оның мазмұны мен методикалық қағидаларына ерекше назар аударады. Экскурсияның негізгі мақсаты археологиялық ескерткіштер жайлы толық мәлімет алуға жағдай жасайтын қабылдау қабілеттерін дамыту. Тұлғаға қажетті қабілеттері мен психикалық қасиеттердің дамуынсыз шығармашылық мәліметтердің игеру, археологиялық ескерткіш жайлы білім жинақтау, оның тарихы жайлы терең зерттеулер жасауға жол ашылмайды. Атап айтқанда, ең алдымен жеке тұлғаның бақылау мен бағдарлау қабілеті, материалды әсерлі қабылдау, талдау, өз бақылауларын жинақтап салыстырудың бастапқы дағдылаы болуы қажет. Мұнда сонымен қатар түсті, өлшемді, ритм мен фактураны сезу, эстетикалық қабілеттерді де жатқызуға болады. Осылайша дамытушы экскурсияны тарихты толыққанды зерттеуге бағытталған әрекеттердің бастапқы кезеңі ретінде қарастыруға болады. Бұл экскурсия түрін барлық сынып оқушылары мен студенттерге қолдануға болғанымен, бастауыш сынып оқушылары жекелеген мәселелер жөнінде бастапқы мәліметті игермеген болуы да ықтимал. Бастапқы кезеңде педагогикалық бағыттылығы жоғары бұл оқыту кезеңінде маңызды деген келесі міндеттер жүктейді:

- тарихи-мәдени ескерткіштер мазмұнын білуге деген эмоциональды ықыластылықты қалыптастыру;
- археологиялық ескерткіштен көрген және білген мәліметтерін талдау қабілетін қалыптастыру, өз бақылаулары мен ой-пікірлерін салыстыра отырып, қорытынды жасау;\
- шығармашылық қиялдың дамуы;
- эстетикалық қабілеттерді дамыту;
- өз ойын, сезімдерін, пікірлерін сөзбен жеткізе алу қабілетін дамыту;

Тәрбиелеуші экскурсия мақсаты жеке тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен танымдық белсенділігін арттыру болып табылады. Әрине кез келген экскурсия тәрбиелік мазмұн элементтерін қамтиды. Алайда тәрбиелеуші экскурсия келесі міндеттер негізінде жұмыс жасайды:

- танымдық белсенділігін қалыптастыру;
- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- зейін салуға тәрбиелеу;
- мұражай мәдениетін қалыптастыру [6].

Тәрбие міндеттері сәтті жүргізілуі үшін оқытудың дамытушы мазмұнда жүзеге асуы маңызды. Эмоциональды ықыластылық, ассоциативті ойлау, когнитивті қабілеттер мен қиял тәрбиелік жұмыстардың тиімді жұмыс жасауына көмектеседі. Нәтижесінде психолог С.Л. Рубинштейннің айтуынша «субъектінің сыртқы ықпалына жоғары деңгейдегі алғырлықты қалыптастырады» [7]. Тәрбие және дамыту міндеттерін бірлесіп жүзеге асыру жеке тұлғаға қажетті қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл экскурсия түрін жалпы білім беретін мектептің барлық сынып оқушылары мен ЖОО-ның студенттеріне қолдануға болады, өйткені, көненің көзіне айналған археологиялық жәдігерлермен тікелей қатынас жасау орнықты адамгершілік және эстетикалық таным-талғам дағдыларының қалыптасуына жағдай жасап, ұлттық тарихи сананың қалыптасуына жол ашады.

Қазақстанның оңтүстік бөлігі ежелден қалалық мәдениеті дамыған аймақтардың бірі. Оның ішінде ортағасырлық қалалар дамудың тірегі болған. Орта ғасырдағы қалалар қазақ елінің әлеуметтік-саяси, шаруашылық, этникалық жәие мәдени дамуының орталықтары болғаны белгілі. Осы тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мақсатында қорық-мұражайда «Түркістан - рухани астана» атты тірек пунктісінен басталған маршрут *«Оңтүстіктің алтын қазынасы»*атты тарихи мәдени ескерткіштер желісімен жалғасады. Маршрут аясында мынадай тарихи-мәдени ескерткіштерді көріп, танысуға болады:Сауран кереметтері → Отырар жәдігерлері → Киелі мекен Сайрам → Қараспан қаласы →

Ортағасырлық Қарнақ → Қарашықтың ашылмаған сырлары → Иқан қалашығы → Созақ ескерткіштері.

Сауран кереметтері жайлы «Сауран қамалы - өте берік бекітілген қорған, оның мықты және күшті қамал болғандығы соншалықты, тағдыр тәлкегінің қолы оның қорғанының түбіне жетіп көрген емес және көктегі аспанның өзі де әлем жерінің төрттен бірінде мұндай берік қамал көрген емес. Оның биіктігі соншалықты, күннің көзі де одан асып көрген емес. Қамалдың беріктігі соншалықты, оның мұнаралары мен дуалын қирату ешкімнің ойына да кіріп шықпайды» [8].Бұл мәліметті Сауранды жаулап алмақшы болған Абдаллах-ханның әскери жорығын суреттеген (XVI ғ. екінші жартысы) автор жазады. Аталмыш шайбанилік билеуші және оған дейін басқа да жаулап алушылар Сауранды (Сабранды) ұлан-ғайыр Дешті-Қыпшақ даласын мекен еткен тайпалар мен халықтарға үстемдік орнатуға мүмкіндік беретін стратегиялық бекініс ретінде қарастырған.

Қамал дуалдарының өзі-ақ көрген жанды таң қалдырады. Ортағасырлық деректерде Сауран қаласындағы медресе жанында шайқатылып тұратын екі мұнара болғаны жайлы айтылған, алайда, олардың орналасқан жері жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Васифи жылнамасында сол медресенің, әсіресе, оның шайқалмалы мұнараларының суреттемесі бар, бұл мұнаралар ерекше техникалық тетіктердің арқасында шайқатылып тұратын болған деп сипатталады. Олардың біреуі 1867 ж., екіншісі 1878 ж. құлап, қираған [9, 154 б.]. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде күйдірілген кірпіштерден қаланған, қаланың орталық алаңы маңында орналасқан, өз заманының сәулет өнерінің кереметі саналған ғимарат орны ашылуда. Сапалы күйдірілген кірпіштерді кейінгі кезеңдерде алып кетудің салдарынан ғимарат қабырғалары талан-таражға ұшырап, сақталмай қалса да, төбені толық ашқаннан кейін оның алғашқы жобасын қалпына келтіруге және қандай мақсаттағы ғимарат екенін анықтауға мүмкіндік тумақ. Әзірше бұл құрылыс медресе деп болжамдалып отыр. Бұл ғимарат Бұхара билеушісі Убайдулланың әмірімен құрылысы 1515 ж. аяқталған, Васифидің досы – сейіт Шамсаддин Мухаммад Курти бас мударрисі етіп тағайындалған айтулы медресе болуы әбден мүмкін [10, с.160-161].

Сауран қаласында аршылған мешіт көлемі 25х27х5 см шамасындағы сапасы жоғары күйдірілген шаршы кірпіштен еден төселген. Аталған белгілерге сәйкес бұл ғимараттың жұма мешіті үлгісіндегі намазгох деп шамаланған. Алаңның солтүстік-батыс шетін қаланың бас мешіті алып жатыр. Алаңның солтүстік-шығыс бөлігін бойлай төбелер орны байқалады. Бұл төбелер қала медресесінің қалдықтары болса керек. Медресеге қарама-қарсы, көшенің келесі бетінде күйдірілген кірпіштен қаланған екінші бір зәулім ғимараттың орны аршыла бастады. Көлемі жағынан бұл ғимарат медреседен үлкен болмаса кем түспейді. Қазіргі таңда оның қасбеті ғана ашылды. Кіре-берістегі айванның еденіне жұмыр тас төселген. Бұл ғимарат та кейінгі кезеңдерде қиратылған, бірақ, жинап алынған сырлы әрлеуіш тақташаларға қарағанда бұл жерде де қоғамдық міндет атқарған зәулім де бірегей ғимарат орналасқан деуге болады [11]. Аталмыш алаңды айналдыра ғимараттардың орналасуы сәулет өне-рінің өзіндік бір ансамблі ретінде қабылданып, бұл аумақты Сауран регистаны деп атаса да болады. Сауран қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан соңқала көшелері, түрлі ғимарат-тарға консервациялау және қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуіоны ашық аспан астындағы мұражайға айналдырды. Бұл жағдай Сауран қаласына жүргізілетін экскурсияның танымдық-тәрбиелік құрылдымының мазмұнын барынша толықтыра түсті.

*Ортағасылық Қарнақ*түсті металл балқытумен (Қожа Ахмет Ясауи кешеніндегі Тайқазан осы қалада құйылған) және Қазақстан территориясындағы ең көне медреселердің бірі орналасқан қала болуымен аты шыққан.

Қарашықтың ашылмаған сырлары әлі де жетерлік. Оның куәсі ретінде археологтар IX-X ғг. жататын ат әбзелдерімен бірге жерленген жылқы сүйегін тапқан.

Иқан қалашығы XVIII ғасырда орта мен ұлы жүз тайпаларын басқарған Тұрсын хан мен оның баласы Барақ ханның резиденциясы болғандығымен танымал.

Жастар осы туристік маршруттарды көзімен көріп, қолымен ұстап, визуалды түрде тарихпен «тілдесу» барысында ұлттық тарих пен мәдениеттің мұрасымен танысуға мүмкіндік алады.

Осы аталған туристікмаршруттардағы педагогикалық жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуы төмендегідей тиімділік береді:

- отан тарихының бір бөлшегі болып саналатын ортағасырлық қалалар тарихын танып-білуге деген қызығушылығы артады;
- оқу орнында алған теориялық білімдерін практикада қолдану дағдылары қалыптасады;
- дәстүрлі қолөнерде қолданылатын шикізатты игеруге бағытталған дағдыларды қалыптастыру

- тарихи-мәдени ескерткіштерге қамқорлықпен қарау және оларды қорғауға деген қатынас қалыптасады;
- Отан тарихы мен мәдениетінің игіліктеріне деген мақтаныш, отаншылдық сезімдері шыңдалады.

Бұл айтылғандар тек қана теориялық болжамдар ғана емес. Соңғы жылдары аталған мұражайдың педагогикалық қызметіне және экскурсияға қатысушылармен жүргізілген сұхбаттар мен сауалнамаларға жасалған талдаулар нәтижесінде осындай тұжырымдар жасадық. Қорыта айтқанда, бәсекеге қабілетті білікті педагог маманның кәсібилігін қалыптастыруда мұражай педагогикасының әлеуеті де оқытудың инновациялық технологиялары қатарынан орын алуы керек.

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.» атты Қазақстан халқына Жолдауы» // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2012 ж

2 ҚРОМА 1890 қор, 1 тізбе, 1119-іс.

3 Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының 2003 жылғы жұмыс есебі. – 2003. - 24 б.

4 Медведь А.Н.Музеефикация памятников археологии в России (прошлое и настоящее). — М.: Издательство «ГНОМ и Д», 2004. - 80 с,

5 Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы 2001 ж. 13 маусымдағы № 211-IIҚазақстан Республикасының Заңы (2010.19.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

6 Троянская С.Л. Музейная педагогика и ее образовательные возможности в развитии общекультурной компетентности: учебное пособие. -Ижевск: Ассоциация «Научная книга», 2007. - 131 с.

7 Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. - М., 1959. – 356 с.

8 Алдабергенова М.К. Ортағасырлық қалалардың дамуы // Қазақ тарихы. – 2013. - № 1(118). – С. 4-6.

9 Байпақов К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. - Алматы: Кредо баспасы, 2005. – 202 б.

10 Болдырев А.Н. Зайнаддин Васифи -таджикский писатель XVI в. - М., 1957. – 355 с.

11 Ержигитова А.А. Продолжение исследования архитектурного ансамбля Сауранского регистана: отчет об археологических исследованиях. – Алматы, 2008. – С. 289-291.

Резюме

Познавательная и вопитательная функция туристических маршрутов и тематической экспозиции государственного историко-культурного заповедника-музея «Азрет Султан»

Турсун Х.М. – доктор исторических наук, профессорМеждународного казахско-турецкого университета имени Х.А.Ясави, tursunhazret@mail.ru

Алдабергенова М. – PhD докторант Международного казахско-турецкого университета имени Х.А.Ясави mol-nur_an@mail.ru

В статьеописываются методы и содержание педагогических функции Государственного историко-культурного заповедника-музея «Азрет-Султан». Классифицируются используемые в педагогических функциях формы и методы, ссылаясь на анализ содержания тематико-экспозиционного плана музея. Анализируется научная значимость выставленных в экспозиции историко-культурных ценностей, делается обзор туристических маршрутов и координируется их педагогическая значимость. Излагаются, вопросы касающиеся развития музейной педагогики по внедрению в сознание подрастающего поколения значимость истории, культуры и языка в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел».

Ключевые слова: Государственный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан», архиатектурные и археологические памятники, музейная педагогика, туристические маршруты.

Summary

Informative and educational function of tourist routes and thematic exposition of the state historical and cultural reserve-museum "Azret Sultan"

Tursun Kh.M. – Doctor of Historical Sciences, Professor of the International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, tursunhazret@mail.ru

Aldabergenova M. – PhD students of the International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi mol-nur_an@mail.ru

The article describes the methods and content of the teaching function of the State Historical and Cultural Reserve-Museum "Azret Sultan." Classified used in pedagogical function forms and methods, referring to the content analysis of specialized exhibit of the museum plan. We analyze the scientific significance of the exhibited in the exposition of historical and cultural values, an overview of the tourist routes and coordinated their pedagogical value. Outlines issues related to the development of museum pedagogy to introduce into the consciousness of the younger generation the importance of history, culture and language in the context of the national idea "Mangilik el."

Keywords: State Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan", architectural and archaeological sites, museum education, hiking trails.

ӘОК 541.124

ЖЕТІСУ ҚОБЫЗШЫСЫ МОЛЫҚБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Ж.Ш. Таубалдиева – п.ғ.к., профессор,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,Талдықорған қаласы
z.taubaldieva@mail.ru

Осы мақалада Жетісу қобызшысы Молықбайдың шығармашылық мұрасы қарастырылады. Кестеде Молықбай шығармаларының педагогикалық мүмкіндіктері берілген. Ұлттық мәдениет халықтың ертеден келе жатқан өнері негізінде жетілгені белгілі. Олай болса, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың дәстүрлі мәдениет түрлерін жинақтап, оның тәлім-тәрбиелік тәжірибесі негізінде білімгерлерді тәрбиелеудің қажеттілікті керек етуде. Осындай қажеттіліктің бірі – білімгерлерге өнер қайраткерлерінің шығармалары арқылы музыкалық эстетикалық мәдениетін тәрбиеде тиімді пайдалана білу болып табылады. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы жастарға дүниеден өтіп кеткен бабаларымыздың өнерде алатын орнын музыкалық-эстетикалық тәрбие үрдісінде қолдана білу іскерлігі талап етіледі.

Түйін сөздер: қобыз,Молықбай қобызшы,шығармашылық, поэма, Жетісу.

Қазақстан «Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында Білім берудің маңызды мақсаты адамды әдеттегі үйреншікті сана-сезім шеңберінен алып шығып,мәдениеттің биік деңгейіне көтеру»-деп білімгерлердің көркемдік талғамын өнер қайраткерлері мұралары арқылы өркениетті мәдениетке жеткізу көзделеді[1].Қазақстан Республикасының тәуелсіздік статусын алуы қоғам өмірі мен әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен өзгерістер әкелу мен қатар ғылым мен білім саласына жаңа талаптар қойып отырғандықтан,педагогика ғылымы мәселелерінің ішінде білім мазмұнының ғылыми-теориялық негіздерін жасау маңызды орын алады.

Осыған орай білімгерлердің білім деңгейі және тәрбиелік сипатыәлемдік мәдениетке сәйкес келуі қажет.Қазақстан Республикасының 2030-ға дейінгі стратегиясында еліміздің азаматтарын белгіленген басымдылықтарды орындап шығуға даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.Осыған орай кейінгі кезде білім берудің жаңа тұжырымдамалары қабылданып, тәрбиелеудің бағдарламасы белгіленді.Осыларды негізге ала отырып, мектеп және басқа да оқу – тәрбие мекемелерінде оқытуды ұйымдастырудың тәсілдерін қолдану, тәрбиелеу технологиясын модернизациялау қолға алынуда. Жастарға рухани-мәдени тәрбие берудегі эстетикалық тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде білімгерлерге өнер туралы пәндерді оқыту арқылы жастардың музыкалық эстетикалық көзқарасын,оның қазақ халқының руханидәстүрін жандандырып,бүгінгі өмір талаптарына сай жүйелеп, оқу орындарында оқу-тәрбие роцесінде ендіру көкейкестілігімен сипатталады.

Бүгінгі білімгерлердің алдына қойылып отырған міндеттер жастарға ұрпаққа идеялық саяси, еңбек, адамгершілік және музыкалық – көркемдік сана – сезімінің сапасын арттыру. Білімгерлерге музыкалық білім беру мен көркемдік тәрбиені халықтың, ұлттың, мәдени мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсарту міндет. Әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру қажет еді.

Осыған орай, жоғары оқу орындары тәжірибесіне және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау оқыту теориясы мен практикасының педагогиканың өткендегі мұрасын жаңжақты зерттеп, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануды қажет еді.

Сондықтан да білімгерлердің оқу-тәрбие үрдісінде Жетісу қобызшысы Молықбай ата шығармалары арқылы эстетикалық тәрбиеде енгізу қажет.

Қазақстанда осы саладағы тарихи тәжірибе келесі ғалымдардың еңбектерінде зерттелген, олар: Т.Т.Тәжібаевтың, Қ.Б. Бержановтың, А.І. Сембаевтың. Қ.Б.Жарықбаевтың, А.Ұзақбаеваның. Р.Қ.Дүйсембінованың, Б.Махметованың, М. Төлебаеваның, А.К. Көбесовтың, А.Н. Ильясованың, Қ.Шалғынбаеваның, М.М. Имангазиновтар қарастырған.

Осындай ой-пікірлерінің көрнекті өкілдерінің санатына Жетісудағы қобызшы Молықбайды жатқызуға болады. Ол өнертану бағытында, өнерді дамытып, жетілуіне өзінің өмірінің соңына дейін арнады. Оның шығармалары әртүрлі Молықбай туралы жазған мақалалар жарияланып, мұражайда сақталынып, практика жүзінде қолданылып жатыр. Сонымен қатар меңгерілмеген музыкалық эстетикалық идеялар толы көптеген еңбектерді зерттеу қажеттілігін туындатады. Жетісудың жорғасы «маймаңдаған бақайшағы», Мамай елінің, қазақтың өнердегі үздік саңлағы, қобызшы Молықбай

Байсақұлы қобызшылар Қорқыттың, Ықыластың шығармаларын орындау барысында күй әуезіндегі мағынасын әңгіме арқылы тыңдарман қауымға жеткізе түсіндіре білген дарын иесі болған.

Молықбай қобыз бен үш ішекті домбыра аспабында шебер ойнауды біркелкі меңгерген. Сағым болған Қорқыт ата, Асан-Қайғы күйлерін ұлағаттап, дамытып, насихаттаушысы ретінде білеміз.

Молықбай орындаған күйлерінің мағынасын терең зерделеп, ұғынбай, философиялық мағынасын білмей, зейінімен түсініп, ойнау, мүмкін емес еді. Әрбір орындаған күйлердің тарихын, мазмұнын, шығу себебін, кімнің күйі екенін әңгімелей отырып, халық санасына ұмытылмастай етіп, зерделеп сіңірген. Еш бүкпесіз, жасырмай адал шындықпен әділін айтып жеткізе білген.

Бірақ заман мен өтіп бара жатқан уақыт бәрін де өз дегеніне көндіреді. Молықбай орындауындағы көптеген күйлер ұмыт қалған, ішінара, бірен-саран, елеулілері ғана ұрпаққа жеткен. Молықбайдың өзін кудалап, әуре-сарсаңға түсіріп, абақтыға кінәсіз қамап, азап шектіріп, ақыр аяғы «халқым» деп соққан жігерлі жүректі көз жұмдырған. Ол берілмеген, «елім» деп еңіреп өткен. Ал артына қалдырған мол мұрасынан бізге жеткені қара киелі қобызы мен он шақты ғана күйлері бар.

«Ықылас», «Қара жорға», «Сылқылдақ» күйлері қазақ халқына қазір де танымал, жақсы дәріптеліп, жиі орындалып жүрген асыл қазыналар. Молықбай орындаған күйлерінің көптеген мазмұн-әңгімесін Ілияс Жансүгіруұлы 1927-1930 жылдары қағазға түсіріп, жазып алғанын Мейрамбай Байтолықов, Орысбай, Жаймолда, Жанатбек, Досбайұлы ақсақалдар растайды. Ол жазылған деректер Ілиястың қолжазба архивінен табылған.

Молықбай күй орындарда қобызының құлағын бес бұрып, төрт түкіріп, тоғыз толғап, жосылта «Құлақ күйімен» бастаған. Күй әуезінде ата-бабаларға сиыну, қадір тұту, дәріптеу, ұрпақ санасып бабалар рухымен тәрбиелеу, тәлім-өнегесі мен естелік, ерлік сипаттары орын алған. «Құлақ күйі»-Молықбайды жігерлендіріп, шабыт берген. Халық көп жиналған жиындарда, тойларда, астарда Молықбайдың қобызбен орындаған күйлері «Бозінген», «Жез киік», «Ақ көбік, көк көбік», «Аққу», «Құдіреттің құсы», Ер Әлінің «Дүлділі», «Қазан», «Онсан мен Орманбеттің айырылғаны», «Қорамжанның күйі», «Желмая», «Ықыластың күйі», ал үш ішекті домбырамен орындаған күйлері «Қара жорға», «Ақсақ құлан», «Сылқылдақ»-дейді көзі көріп, естіген есті қариялар. Енді Молықбайдың көзін көріп оның орындаған күйлерінің әңгімесін құлыққа сіңіріп, зердесіне сақтаған Дәмелі Имашқызы мен Орысбай Қалпенденов қариялардың естеліктеріне назар қоялық. Бұл екі қарияны ерекше атап отырғанымыздың себебі мен мәні мынада Қалпендеұлы Орысбай ақсақал Молықбаймен арғы әкесі бір аталас, жақын інісі, Дәмелі Имашқызы туыстас-ағайыны, бір жағы келіні. Бұл екі қарияның айтқан деректері басқа айтушыларға қарағанда дәйекті, әмбе шындыққа жанасады. Ең мәндісі Молықбай орындаған күйлердің әңгіме мазмұнын Молықбайдың өз айтуында естігендіктері. Соны олар бізге былай деп жеткізеді:

«Бозінген» -бұл күйді Ілияс Жансүгіруұлындай ешкім түсіндірмес. Оның «Күй» поэмасын оқыған адам толық қанығады-дейді екі қария, « Жез киік» - Қорқыт атаның күйі. Күйді Қорқыт ата өзінің мінген Желмаясының жүріс бүлкіліне арнапты-деп айтқан.

Қобызша Молықбайдың орындаған күйінің бір«Ақ көбік, көк көбік»-Қорқыт ата күйі. Аңызға сүйеніп құрылған. Оқ дарымайтын, үсті темір сауыт, кісі жегіш екі қасқыр турасында. Олар ауылға жылына бір рет оралып келіп екі жас кісіден жеп кетіп орындаған көрінеді. Темір сауыт қасқырлардың қолтық тұсында түймедей ғана тесігі болыпты. Кісі жер мезгілінде екі қасқыр ойнақ салып, көбік шашып, құтырынады екен. Ауылдың халқы қасқырлар қынадай қырмасын деп жылына кезекпен бір ұл, бір қызды жемтік ретінде арнайы сапы ағашына байлап қасқырларға беріп отырған. Қасқырлар тек жастарды ғана жеп, кәрі-құртаң, шал-кемпірлерді елемеске керек. Бұл жолы кезек бір байдың жалғыз ұлы Жарболға келеді. Жемтіктің бірі-қызды ағашқа байлап, Жарболды қоса байламақшы болғанда: -Әке байлатпа, қолымды бос қойыңдар? Қашпаймын. Мылтық беріңдер де атымды жаныма байлаңдар?-дейді дат сұрап, өтінеді жас жігіт. Әкесі көпшілікке баласының тілегін, дат-өтініш орындатады. Ағашқа байлауға жемтігін көрген қасқырлар-қыңсылдап ырылдап, көбік шашып, ойнап, тістелесе оларға жақындай түседі. Шыдамаған қыз-Жарбол-ау атсаңшы?-деп жалынып жылайды. Екі қасқыр ойнақшып, бір-біріне түйісе бергенде Жарбол қасқырлардың қолтық тұсын дәлдеп, мылтық шүріппесін басып қалады. Оқ арланға тиіп, ашуланып, буырқанып, ызаланған ол қаншығын талап өлтіреді. Мұны Қорқыт ата ел кезіп жүріп көріп, аңыз-күй ретінде шығарғын-деген Молықбай қобызшы.

Молықбайдың «Аққу» күйі-бір жұп аққу құсының тағдыры жайлы шығарған күйі. Бір аңшы қажеттігіне жаратты ма? Жоқ, байқаусызда атты ма? Әйтеуір аққудың өлексесін (ұрғашы аққу) атып өлтіреді. Аққудың атасының өлексесінен айырылғандағы жоғары, төмен ұшып безілдеген зары күй

негізін құраған. «Аққу» күйі туралы Мұхтар Әуезовтың «.. кімнен алып жазса да, керемет суреттеп жазған туынды, мүмкін Ілиястан алған болар, не біреуден естіген болар»-деген еді.

Асан қайғы атаның күйі –«Онсан мен Орманбеттің айырылғаны»-атты күйдің негізінде Орманбет хан өліп, он сан ноғайлы елінің ыдырауындағы қайғы-қасірет әуезбен берілген «Қазан» және «Қорамжанның күйі жайындағы мазмұн – әңгімесін екі қария нақты ұғып қалмағандықтарын білдірді.

Молықбайдың сүйсініп орындайтын Асанқайғының «Желмая»-күйші күйі. Асан атаның желмаяға мініп, Жерұйық іздеп, жер шарлағандағы желмаясының бүткіл жүрісі күй негізіне түскен.

«Ақсақ құлан» -тарихи-айтылуына қарағанда: Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан аң аулап, жаралы Ақсақ құланды қуып жүріп мерт болады. Мұны іштей сезген Шыңғыс хан. Осы суық хабарды маған кім естіртсе, «көмейіне қорғасын құямын» -деп жарлық жариялайды. Қайғылы хабарды естіртуге ешкімнің батылы бармайды. Жұртты ауыр азаптан Кетбұға «Ақсақ құлан» атты күйімен құтқарады. Сол күй арұылы қазаны Шыңғыс ханға жеткізген соң домбыраның көмейіне қорғасын құйылады. Бұл күй хан қаталдығын, халықтыг ауыр азабын, аңшылық өмірді, өлім азабын бейнелейді.Молықбай шығарманы орындауда да дәл солай дәріптеген.

«Қобызшы-күйші Молықбай мұрасының шығарған және орындаған күйлердің педагогикалық мүмкіндіктері».

Күйдің аты	**Авторлары**	**Педагогикалық мүмкіндіктері**
1	**2**	**3**
«Құлақ күйі» «Аққу күйі» «Жез киік» «Ақ көбік» «Көк көбік» «Желмая» «Дүлдүл» «Құдіреттің құсы» «Қазан» «Бозінген» «Аққу» «Онсан мен Оразымбеттің айырылғаны»	Молықбай Корқыт Ықылас Қорқыт Қорқыт Асан қайғы Қорқыт Ер Әлі- Қорқыт Қорқыт күйі Молықбай Молықбай Молықбай Асан Қайғы	Білім береді: -қазақ халық аспаптарының құрылысы, дыбыс бояуынан; -күйші композиторлар өмірінен, қызықты оқиғалар мазмұнынан. Тәрбиелейді: адамгершілікке, туған жерге, қоршаған, ортаны сүйе білуге, кішіпейілдікке. Дамытады: музыкалық талғамын дамытады.
«Жетісу» «Әке» «Қорамжанның күйі» «Ықыластың күйі» «Қара жорға» «Ақсақ құлан» «Кеңес»	Молықбай Молықбай Молықбай Молықбай Молықбай Кетбұға Халық күйі	

Қобызшы-күйші Молықбай мұрасының тәрбиелік мәні жөніндегі белгілі бір нәтижеге жету үшін төмендегідей жұмыстар жүргізілуі керек:

- оқу-тәрбие үрдісінде дұрыс пайдалану;
- оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімдерге ғылыми әдістемелік нұсқаулар дайындау;
- кеңестер беріп, семинарлар өткізуге болады.

1 Жанпейсов Е. «Қобызшы» Талдықорған, 2007

2 Толымбеков Ж. «Қасиетінен айналайын, қайран бабам». Қобызшы Молықбай Байсақұлы Талдықорған,2007,4б

3 «Музыка әлемінде» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы, 2010-№4, 11б.

Резюме

Творческое наследие семиреченского кобызиста Молыкбая

Таубалдиева Ж.Ш.– к.п.н, профессор Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова

В данной статье указывается, что в основном издревле идущее искусство народа в Национальной культуре развито на достаточно высоком уровне. Таким образом, необходима систематизация традиционных видов культуры народа, которая передается из поколения в поколение, ее воспитательный опыт является значимым при воспитании студентов. Одной из таких необходимостей является умение эффективно использовать студентами произведений заслуженных деятелей искусства в воспитании музыкально-эстетической культуры. Для успешной реализации данной проблемы необходимо, чтобы молодые люди умели использовать в процессе музыкально-эстетического воспитания творчество предков, ушедших из жизни и оставивших за собой ценное творческое наследие.

В данной статье рассматривается творческое наследие семиреченского кобызиста Молыкбая. В схемеу казаны педагогические возможности произведения Молыкбая.

Ключевые слова:кобыз, творчество, поэма, семиречье.

Summary

Creative heritage of SemirechenskkobyzistMolykbay

Taubaldiyeva Zhumatay Zhetysu State University named after I.Zhansugurov,
Ph.D., Associate Professor

Inthisarticleitisspecifiedthatthatmostlytheartofthepeopleinnationalculturethathasgonefromtheancienttimeis highly developped. Thus, itisnecessarytosystematizetraditionalkindsof art ofthepeople, whichispassedfrom generation to genera tion, its educative experience is significant at students education. One of this needs is believed to be ability of students to use efficiently the creative works of honored figures in art in musical and aesthetic culture education. For successful implementation this problem it is essential that young people know how to use in the process of musical and aesthetic education the creation works of art of our ancestors who left great heritage .

This article describes the creative heritage of Semirechensk kobyzist Molykbay.Pedagogical opportunities of theMolykbay's work is shows in the scheme.

Key words: kobyz, creation, poem, Semirechye.

ӘОЖ 259.922.775

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ТӘН ӘДЕПТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Т. Атемова – п.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры
Г.А. Омарова – п.ғ.к., «Мирас» университетінің доценті,
педагогика-психология кафедрасының меңгерушісі

Мақалада қазақ халқының қыз бала тәрбиесіне қоятын талаптары мен мінез-құлық әдептері ұлттық идеялар негізінде салыстырмалы түрде сипатталады. Қазақтың салт-дәстүріндегі әйел баласына тән ерекшеліктердің заңдылықтары мен тәрбиедегі мәні ашып көрсетіліп, қоғамның даму ерекшеліктеріндегі бүгінгі көріністерімен салыстырмалы талдау жасалады. Әйтсе де, мақалада қазақ әйелдерінің тарихи қалыптасуындағы ұлттық киіну әдебінің сыры тәрбиелік тұрғыдан ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Қазақ әйелі, қыз тәрбиесі, ұлттық мәдениет, киіну әдебі, қарым-қатынас.

Қазақ халқының «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» деп айтқанындай кез-келген отбасының босағасының беріктігі мен ынтымағының жарасымдығы ондағы әйел баласының мықтылығына тікелей байланысты. Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында әйел баласының шындығында да отбасының тірегі екендігін ескертіп: «Біз қыздарымызға ертеңгі жар, ана деп қарап, тәрбиелеуіміз керек»,- деп қыз балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуді тапсырған еді [1]. Бұл әсіресе, бүгінгі жаһандық тәрбие дәстүрлерінің дендеп еніп, ұлттық болмысымызға едәуір ықпал етіп отырған заманда өте өзекті мәселеге айналып отыр.

Бүгінгі статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, бүгінге дейін Қазақстан Республикасы бойынша 38386 бала жетім және ата-анасының қамқорлығынан айрылған, соның ішінде 14052-сі қыз балалары екен. 1999-жылдан бүгінге дейін 8675 бала шетел азаматтарына асырап алынуға берілген [2]. Бұдан шығатын тұжырым, жетім балалар мекемелерінде тәрбиеленген балалардың болашақ отбасылық өмірін қалай елестетері белгісіз. Осы тұста ғұлама ғалым әл-Фараби бала дүниеге келгенде алдағы өмірінде бақытты болуға жетелейтін қасиеттерді игеруде өздігінен ол жетіле алмайтындығын

айта келіп, ол үшін арнайы тәрбие ортасының болуын қажет деп санайды. Ондай ортаның негізгісі, әрі баланың бақытқа қол жеткізудегі қасиеттерінің негізі қаланатын тәрбие институты *отбасы ортасы* екендігін келтірген[3].

Бүгінгі күні өскелең ұрпақтың ұлттық дәстүрден алшақтап өсуі барған сайын отбасы тәрбиесін жұтаңдатпақ. Оның үстіне қалыпты отбасыларындағы тәрбие де көпшілікті алаңдатарлықтай жағдайда. Нақтылап айтқанда, отбасыларындағы ажырасу саны жыл өткен сайын азаймай отыр.

Сондықтан, тәрбие негізін қалайтын отбасындағы ана болмысын оның қыз кезінен қолға алу дәл бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе», -деп шырылдауы да тегін емес[4]. Олай болса, қыз тәрбиесін қолға алу мемлекеттік іс деп қарап, оның түп тамырына талдау жасау, сонымен қатар түркі халықтарына, соның ішінде қазақ қызкеліншектеріне тән әйел болмысын сақтаудың өзіндік заңдылығы мен артықшылығы бар екендігін дәлелдеу біздің мақаламыздың басты мақсаты болмақ.

Қазақ әйелдерінің болмысы мен мінез-құлқы, тіпті қарым-қатынасы қашан да тарихта өзгеше орын алған. Оның түп тамыры бүкіл түркі әйелдерінің болмысымен тығыз байланысты.

Тарихи деректерге жүгінер болса, түрік әйелдері атқа мекем отырып, жақсы шаба білген, қару қолдануды үйренген, ерлік жасаудан тайынбаған, тіпті қамал күзетшісі, уәли, елші де бола алған. Үйдегі отбасында да әйел еркекпен тең болған. Балаға әке-шеше басшылығы қатар жүрген. Еркек әйелін үнемі құрметтеп, оны арбаға отырғызып, өзі соңынан жүріп отырған. Бұған дәлел VII-VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт жырларындағы әйел бейнесі мен жар таңдау салттарында айқын сипатталған[5]. Ал, қазақ халқының қалыптасу тарихында пайда болып, жарық көрген мұралар мазмұны сонау Томиристің (Тұмар), Заринаның болмысынан байқалып, Қорқыттың заманынан келе жатқандығын дәлелдейді [6].

Түркі халықтарындағы әйел болмысының, соның ішінде қазақ әйелдерінің болмысының әу бастан-ақ ізгіліктілігін көптеген шетел ғалымдары зерттеп, өз тұжырымдарын жасаған. Атап айтқанда, ғалым Ю.К.Малницкий: «Қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде әйел баласы ең алдымен отбасы шаруашылығындағы басты құндылық болып табылған. Екіншіден, қыз балалары түрік халықтарының мұсылман дінін қабылдаған басқа тайпаларынан тараған халықтарға қарағанда анағұрлым еркін әрі үлкен құрметке ие. Оларды ең құрметті, қонақ отыратын орын - төрге отырғызған. Сонымен қатар, қазақ әйелдерінің көзқарасы мен пікірі отбасылық кеңесте шешуші дауысқа ие болған. Сондай-ақ, қазақ әйелдері ат үстінде еркін шауып, қонақтарды күтіп алуға және оларды қымыз, қымыранмен сусындатуға қатысқан, тіпті олармен сұхбатқа да түсетін болған», - деп қазақ әйелдерінің басқа халықтар әйелдеріне қарағанда құқығының жоғарылығын ерекшелеп сипаттайды [7].

Әйтсе де, ислам діні келгеннен кейін қазақ қоғамында әйел мен еркек арасында біршама өзгешелік пен талаптар орнады. Әйелдің орны қаншалықты ұлық болса да, шариғи тұрғыдан өзіндік нормасы мен әдебін сақтау талап етілді.

Түркі халықтарына тән әйел мінез-құлқы мен жүріс-тұрысындағы мәдениеттілік нормаларын қазақтың ақын жазушылары өз шығармаларында дәріптеп жазған. Солардың бірі Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» шығармасында да әйел болмысының қазақи мәдениеті былайша сипатталған: *"Ең соңынан кірген кішкене денелі* ***қазақ әйелі*** *ауыз үйдегі* ***орыс жұмыскерлері*** *мен* ***орыс әйелдеріне*** *қарап таңырқап тұрып қалыпты.* ***Мойындарына дейін ашық, жалаң бас, еркектермен қатар отырған*** *орыс әйелдері Күнзилаға, тіпті, таң көрінді.* ***Шашын желкесіне қырыққан жас келіншек Елизавета Быкованың барлық еркектерден жоғары отырғаны*** *ерсі көрініп кетті»*[8] Қазақ әйелінің көңіл-күйі, сезім әлемі, ішкі дүниесі нәзік болуымен бірге шытырманға толы, аса күрделі құбылыс еді. Бұдан байқағанымыз түркі әйелдерінде аңғарымпаздық белгілердің, тіпті олардың ұсақтүйегіне дейін бірден байқап, тез арада айтылмақ ой мен емеурін, ишараны шешетін туа бітті қабілеттері ерекше дамығанын жоғарыдағы деректер растайды.

Әйелдердің гендерлік болмысына, әйел адамдардың ассоциативті ойлау жүйесіне көбінесе адамгершілік, ізгілік, жылылық, күнделікті күйбің тіршілік жақын да, ер адамдардың асссоциативті ойлау жүйесіне ерлік жасау, батырлық көрсету, кәсіппен шұғылдану және т.б. жақын болатыны белгілі.

Біз мақаламызда түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқының кйіну мәдениетінің астары мен тәрбиелік мәніне тоқталуды мақсат тұттық.

Қазақ халқының қыз балаларына тән киіну әдебінің өзі оның тәрбиелілігі мен мәдениетінен дерек береді. Әдетте қазақ әйелдері кең етек ұзын көйлек киіп, бастарына ақ орамалдарын салған. Бұл киіну әдебінің де тектен тек емес екенін бүгінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жүрген ғалымдар бар. Орамал тағудың физиологиялық тұрғыдан да әйелдерге пайдасы көп екендігін медицина саласының маман-

дары мойындауда. Медицина ғылымының докторы, профессор Қарлығаш Тоғызбаева бұл жайлы былай дейді: "...Ер адам көбіне көктен, әйелдер жерден қуат алады. Сондықтан болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл да оның, әсіресе, бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Ашық-шашық жүрген әйел көктен өзіне қажет емес, артық қуатты алады, сөйтіп оның бойында еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болады. Нәтижесінде, ағзаның гормональды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік, т.б. ауруларға жол береді. Ал баланың бітуі мен тууына аса қажет әйелге тән экстрогенос гормондарының керекті мөлшерде қалыптасуына ықпал ететін жерден келетін қуат ұзын, кең көйлек арқылы әйел денесіне молынан, еркін өтеді. Тар шалбар осындай аса маңызды процеске кедергі жасайды. Осы процестер дұрыс жүзеге аспағандықтан, қоғамда жантүршігерлік түрлі оқиғалардың (лесбиянкалар, гомосексуалистер, трансвеститтер, т.б.) орын алуына себеп болуы мүмкін. Күшті феминистік қозғалыстар салтанат құрған Батыста бедеу әйелдер мен еркектердің көбеюі, сөйтіп моральдық азғындаудың шыңына жетпеген ТМД елдерінен бала асырап алу өзекті мәселеге айналуы тегін емес" [9]. Сондықтан "Есті қыз етегін қымтап ұстайды" деген дана сөз де босқа айтылмаса керек.

Мысалы, қазақ қыздары мен тұрмысқа шыққан әйелдерінің бас киімдері мен шаш үлгілері қатты ерекшеленген. Этнографиялық деректерге қарағанда, әйелдер шашын қос өрім етіп өреді де, ол екеуінің ұштарын біріктіру үшін ***шашбау*** тағады. Шашты олай өру - әйелдіктің белгісі, бұл - бүтіннің жартысы болғанды білдіреді. Ал қыздар шаштарын бір өрім етіп, ұшына ***шолпы*** тағады.

Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол салиқалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың бас киімінен ажыратқан. Қыздар бастарына **үкілі тақия, кәмшат бөрік** киген. Оны М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы мынадай қатарлар дәлелдейді: « *Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен... Басында жап-жаңа* ***кәмшат бөрік***»[10]. Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың отбасылық жағдайының көрсеткіші болып табылған. Олар тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін желек киген. Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң оның басынан **желегі** алынып, **кимешек** кигізілген. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ **кестелі кимешек** киіп, **ақ жаулық** тартады.

Қоғам алға жылжып, заман өзгеріп, материалдық және рухани құндылықтар өзгерген сайын қазақ әйелдерінің киім үлгілері де ауысып, соған сәйкес киім киюге деген көзқарас та өзгеріп отырғаны даусыз.

Қазіргі таңдағы әйелдердің киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді ажыратуға болмайды. Әйтсе де, әсіресе оңтүстік өңірлерде, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы, жасы келген әйелдердің жаулық тартып, кейде кимешек киюі қалыпты жағдай болып есептеледі.

Халық ұғымында "адам жанының бір ұшы шашында" деген түсінік бар. Соған байланысты "тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек" деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Бұл түсініктерге байланысты ойлар Ш.Мұртаза ағамыздың «Ай мен Айша» еңбегінде былайша сипатталып берілген: *"Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, -деді Айша. - Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де :"Анамыз тозақ отына түсіп кетті- ау!" деп шыр айналып, шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен*[11]. Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тыйымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен құйып отырған.

Қазақ қыздары мен келіншектері өздерінің жас ерекшеліктеріне сай әшекейсіз болмаған. Барлық халықтарда ***сырға*** әшекейлік зат болуымен бірге оның иесінің қоғамдағы орнының көрсеткіші, магиялық қорғаушы зат ретінде қолданылады. Сондай-ақ сырғаға қатысты түрлі көзқарас пен бір-біріне кереғар наным-сенімдер де кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Ежелгі Римде бір құлақтағы *сырға* құлдық белгісі саналған. Әйтсе де бүгінгі қазақ қыздары сәндік үшін осылай етіп жүр. Ежелден дененің ашық жерлерін - аяқ-қол, саусақ, мойын, құлақ, мұрын сияқты дене мүшелерін қатты заттардың көмегімен қорғау қалыптасқан. Бұл ***жүзік, балдақ, сырға, білезік, моншақ, алқаның*** пайда болуына апарып соққан. Олар сыртқы зұлым күштермен күресте жәрдемдесетін магиялық

қорған болып есептелген. Қазақ зергерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, енді бірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жаңбыр шақыратын және т.б. қасиеттері бар екен. Орта ғасырларда емші, дәрігерлер алтын, нефрит, маржан тастарын жұту өмірге қауіп төндірмейді, қайта оны ұзартуға септігін тигізеді деп есептеген.

Қазақ халқының әйелге байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, халық даналығының мәйегі – мақал-мәтелдерде сақталған. Оны мынадай мақал-мәтелдерден көруге болады: ***"Жақсы әйел*** *теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас ", "****Ақылды әйелдің*** *ішінде алтын бесікті ұл жатар", "****Еріншек әйел*** *опа жағады,* ***ерінбес әйел*** *еңбек табады", "****Жақсы әйел*** *асын жасырмайды", "Әділсіз болса, би оңбас,* ***Әйелсіз*** *болса үй оңбас"* т.б [12].

Бүгінгі әйел қазақ әйелі – өте еңбекқор, ізденімпаз, жаңалыққа жаны құштар адам. Әйтсе де, бүгінгі қазақ әйелі мен қыздары қоғам сұраныстарынан тыс алмай өзін-өзі жетілдіріп, жақсыға ұмтылыс жасай отырып, ұлттық дәстүр мен болмысымызға тән қасиеттерді бойына жинауы тиіс. Себебі, әйелдің көзі ашық, көкірегі ояу болмайынша ұрпақ тәрбиесі оңармақ емес, сонымен қатар, ұлттық тәрбиені ұрпақ санасына сіңіру үшін ең алдымен аналарымыз бен қыздарымыз саналы болмақ керек. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Білім мен тәрбие адамгершілікті тұлға қалыптастырудың қос қанатындай. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек»,- деп айтуы бүгінгі жаһандану заманында әлемдік білім мен ұлттық білімді тең ұстауымыздың қажеттілігін ескертеді. Сондықтан, тәрбиеде ілгері жылжи отырып, артымызға да қарауды ұмытпайық.

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.

2 Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамалығы. -Астана, 2011.

3 Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

4 Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. -Т.15. –Б.7-9.

5 Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. //Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. - Алматы:"Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999. - 128 б.

6.Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық.1-том. Ежелгі дәуір/ Жетекшісі Ә.Н.Көшербаева. –Алматы,2008.-400 б.

7 «...Народы Средней Азии». Рукопись профессора Ю.К.Малницкого. ЮКОГА. Фонд № 1170. Название фонда «Документы о жизни и деятельности казахской национальной интеллигенции в Туркестане», ОП 10, Дело 4. − 118 с.

8 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» коцептісінің этномәдени сипаты : Филол. ғыл. канд. дис.авторефераты. - Алматы, 2008. - 35 б.

9 "Мұсылман" журналы, 2004. №1, қаңтар, -Б.-24.

10 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 203 б.

11 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис. - Алматы, 2006. - 117 б.

12 Қазақ мақал-мәтелдері. //Құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.

Резюме

Особенности воспитанности девочек у казахского народа

Атемова К.Т. – д.п.н., профессор казахско- турецкого университета имени К.А. Ясави.

Омарова Г.А. – к.п.н.,доцент университета «Мирас», заведующий кафедрой педагогики-психологии.

Статья сопоставляет и характеризует воспитание девочек казахского народа и на основе национальной идеи требование и поведение воспитанности. Казахские обычаи и традиции описаны в значении женских особенностей и закономерностей образования, является сравнительный анализ взглядов функции в развитии современного общества. Тем не менее, в статье формируется история становления одежды казахстанских женщин.

Ключевые слова: Казахская женщина, Воспитание девушек, национальная (народная) культура, манера одеяния, общения.

Summary

Features of behavior of girls at Kazakh people

Atemova K.T.- Doctor of ped, Professor Kazakh-Turkish University named after Kh. A. Yassawi. c.Turkestan
Kalipa_atemova@mail.ru

Omarova G.A.- Cand. of ped, assistant of professor, "Miras" university Head of the department pedagogy and psychology

Article compares and characterizes the education of girls and the Kazakh people on the basis of the requirement of the national idea and behavior education. Kazakh customs and traditions are described in the value of women's features and patterns of education, is a comparative analysis of the views of the functions in the development of modern society. Nevertheless, the article is formed by the history of formation of Kazakh women clothes.

Key words: Kazakh woman, girl's upbringing, national culture, manners of apparel, communication.

УДК 821.512.122.09+821.512.161.09

КӨНЕ ДӘУІР МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАСТАР

П.К. Берікболова – аға оқытушы, докторант
Сүлейман Демирел Университеті, semey1992@mail.ru

Автор бұл мақалада көне дәуір мұралары жайлы қазіргі жас білімгерлердің көзқарасын анықтау, көне мұраларды оқып, білуге құштарлығын, қызғушылығын сауалнама арқылы тексеріп баға беруге тырысты.

Жастарға берілген біліммен қатар тәрбиенің де орны ерекше екендігі белгілі. Адамзаттық тәрбие мен бірге ұлттық тәрбиенің де қатар жүруі педагогиканың басты мақсаты болып табылады. Жастардың бойына ұлттық тәрбиені сіңіру үрдіснде түркілік тәрбиені аттап кету қазіргі таңда мүмкін емес десе де болады. Жастардың көне мұраларды, тарихымыздың алғашқы бастауларын не ғұрлым терең және кеңірек білсе отанына, жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі соғұрлым арта бермек. Түп-тамырын білмеген ел болашағын да тұғырықты қылып қалыптастыра алмайды. Осы мақаламызда жас білімгерлердің көне мұраларымызға деген көзқарасын анықтау, көне мұраларды оқып білуге құштарлығын, қызығушылығын сауалнама арқылы тексеріп баға беруге тырыстық. Осы сауалнамаға «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні өтілетін «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» мамандықтарының студенттері қатысты. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Қатысқан білімгерлердің саны – 117.

Бұл мақаламызда осы сауалнама нәтижесін сараптап сараладық және жасардың көне мұраларымызға деген көзқарастарын анықтап қорытынды жасадық. Бұл сауалнамадан жасаған қортындымыз, жастардың көпшілігі өздерін ескі заманмен бірлікте қарастырмайды. Көне кезеңді өздеріне жат санайды, көне түркі тайпаларын ата-бабамыз, олардың тарихы, мәдениеті, дәстүрі мен әдебиеті де менікі деп санамайды. Яғни, бүгінгінің ең үлкен проблемасы – көне кезең мен бүгінгі заман арасындағы байланыс үзілген. Бұған, әрине, Кеңестік кезеңнің зор ықпал жасағанын білеміз. Сондықтан, бірінші кезекте, көне тарихымыз бен бүгінгі ұрпақ арасындағы жалғастықты насихаттайтын, ашып көрсететін, жастар санасына сіңдіретін жұмыстар атқаруымыз керек.

Тірек сөздер: Көне мұралар, , тарихи тұлға, тарихи жады, сауалнама

Көне дәуір мұраларын меңгерту – жастардың тарих туралы ой-танымын кеңейтеді, өз ата-бабасының тарихына тереңірек тануына үлес қосады. Бұл бір жағынан білім болса, екінші жағынан тәрбие. Себебі, тарихи оқиғалар, тұлғалар мен мәтіндер жайлы ақпарат білу – білім көкжиегін кеңейтсе, өз бабасының, жалпы адамзат баласының өткен өмірі, ұстанған ұстанымы, мәдениеті мен өркениеті, салт-дәстүрі жайлы білу – білімгердің өз өміріне сын көзбен қарауға, дәстүрмен танысып, бойында жақсы қасиеттер қалыптастыруға ұмтылуға септігін тигізеді.

Білім мен тәрбие егіз жүрмеген жерде педагогиканың басты мақсаты орындалмайтыны белгілі. Сондықтан жастарға берілетін білімнің тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу қажет. Қазіргі Қазақстан жағдайында бұл баса мән берерлік жайт. Әлемдік тартыс-тайталаста тәуелсіздіктің нығаюы жолында жан-жақты жұмыс жасамаса болмайды. Ел тәуелсіздігін сақтап, бекіте түсу үшін де әлі талай жұмыстар атқарылу қажеттігін анық түйсініп отырмыз. Сондықтан бала тәрбиесі, болашақ ұрпақ мәселесі – біздің елдің аса бір маңызды түйіткілі.

Мәселен, білім бер барысында айтылған жалаң деректер мен цирфлар білімгердің ойында жатталып қалмауы мүмкін, бірақ сол мәтін, оқиға, дерек беретін өнеге, тәлім-тәрбиелік мәні санасында мәңгілік сақталып қалады. Әл-Фарабидің айтқандай: «Үйрету дегеніміз – халық пен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз. Үйрету тек сөзбен іске асыралады, ал тәрбиелеу кезінде халық пен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы

сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, сөйтіп осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер (адамдардың) жан дүниесін баурап алатындай және (адамдарды) осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді. Ал бірдеңе жасау тілегі кейде сөз арқылы, кейде іс-әрекет арқылы қоздырылады» [1, 343].

Көне дәуірден келіп жеткен мәдени мұраларымызды меңгертуде біз осы ұстанымды басшылыққа алуға тиіспіз. Айырықша атап өтетін жайт, қазақ елі ұлт болып қалыптасқан кезеңдегі әдеби, мәдени мұраларды білімгерлер тез қабылдайды, жатсынбайды. Оның себебі де белгілі. Өзінің қазіргі өмірі, ұстанымы мен философиясына жақын болғандықтан. Ал ежелгі әдеби мұраларды меңгертудегі басты қиыншылықтың бірі – білімгердің ол кезеңді жатсынуы, мұндай шығармалардың сөз саптауы бөлек, сюжеті жағынан бүгінгі ұлттық туындылардан алшақ болуы. Ал оның себебі, бұл дүниелер бір ғана ұлттық танымның шығармашылық жемісі болмауынан. Барлық түркі халықтарының ортақ танымы, философиясы, құндылықтары сіңіскен дүние болуынан.

Дегенмен, бұл туындылар сонысымен ерекше, сонысымен құнды. Ал біздің басты міндетіміз – осы күрделі деп танылатын материалды білімгерге меңгерту. Ол үшін алдымен білімгерлермен осы мәселе жөнінде ой бөлісіп, пікір алысып, талқыладық, сауалнама жүргіздік. Мұндағы мақсатымыз – білімгерлердің көзқарасын анықтау, көне мұраларды оқып, білуге құштарлығын, қызғушылығын білу болды.

Ежелгі дәуірде жазылған дүниелер – жалпы түркі өркениетіне ортақ. Қазірде түркі халықтар қатарына жататын барлық халық «біздің мұрамыз» деп зерттеп жүрген туындылар. Сондықтан бұл пәнді оқыту кезінде түркі халықтарына ортақ мәдениет, әдебиет, тарих, философия деген ұғымдарды сырт қалдыра алмаймыз.

Бүгінде түбі бір түркі жұртының бірлігі мығым болуы керектігі жиі айтылады. Түркі халықтарының басын қосатын Еуропа одағы, Араб лигасы **сияқты халықаралық ұйымдар құрылса деген ұсыныстар да айтылған. Түркі халықтарының бірігіп, бір-біріне сүйеніш, жақын серіктес болу тиімділігі жайлы** Кеңес одағы құлап, оның құрамында болған түркі мемлекеттері тәуелсіздік алып жатқан кезде айтылып басталған-ды. XXI ғасыр өз талабымен келді. Жаһандануда бірлігі мен тірлігі жарасқан мемлекет ғана өз болмысын сақтап қалатынына, саяси-экономикалық тұрғыдан ұтылмайтынын түсіндік. Содан болар соңғы жылдары түркі халықтарының бірлігі жайлы қайтадан жиі айтыла бастады. TURKSOY, TASAM, ТүркПА сынды ұйымдар құрылды. Сондай ұйымдардың қатарында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі де бар.

Бұл мәселе жайлы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев былай деген еді: «Ортақ тарихымыздың, өнеріміздің, рухани байлығымыздың жауһарларын ең алдымен өз арамызда танытып, үйретуге міндеттіміз. Көне түрік мемлекеттігінің негізін қалыптастырған ұлы бабаларымыз Бумын қаған мен Елтерісті, Күлтегін мен Білге Қағанды бүгінгі ұрпағымызға ұғындыра білу – біз үшін парыз. Даңқты тарихымыздағы әл-Фараби, Қорқыт баба, Манас, Иассауи, Мәулана мен Низами, Науаи мен Мақтымқұлы сынды ойшылдарымызды дәріптеу – парызымыз. Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асуда. Бұл бағдарламаның аясында халқымыздың бай тарихы, ауыз әдебиеті, оның ұлттық құндылықтары, қол өнері мен тұрмыс-салтындағы салт-дәстүрі насихатталып, халықтың назарына ұсынылып жатыр. Мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлінуде.

...Түркі әлемі әлі толық зерттелмеген терең тұңғиық. Сондықтан, түркітілдес халықтардың тарихын, мәдениетін зерттейтін, оқу-ағарту жүйесін үйлестіретін арнайы орталық құру керек деген ойдамын. Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі ұлы далада өз билігін жүргізді. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және өкшені, үзеңгіні ойлап тапты. Осындай батырлық эпосты дүниеге танытудың кезі келді деп ойлаймын. Ол үшін жалпыға ортақ Түркі академиясын құру қажет. Оның құрамында:

1. Түркі тарихы және мәдениет орталығын.
2. Түркі тілін зерттеу орталығын.
3. Түркі кітапханасын.
4. Жалпы түркі тарихының музейін құру қажет.

Бұл шаруа баршамызға ортақ міндет. Сондықтан әр түркі тілдес мемлекет қолдап, атсалысса, көмегін берсе, бұл академияны бүкіл түркі дүниесінің қасиетті жері Түркістанға немесе Астанада орналастыруға болар еді» деген еді. [2, 168].

Елбасының осындай бастамаларына орай жастар арасында қандай ой, пікір қалыптасқанын білу мақсатында сауалнамаға «түркі» ұғымына қатысты да сұрақтар қостық. Мәселен «түркілер» деген

ұғым сізге жақын ба?», «Түркілерге ортақ тарих, мәдениет, таным, философия бар деп ойлайсыз ба?», «Ежелгі әдеби жәдігерлердегі кейіпкерлер мен оқиғаларды жаныңызға жақын сезінесіз бе?», «Барлық түрік халықтарын бір деп, бір-біріне туыс деп санайсыз ба?» және т.б. деген сияқты. Тағы бір ескере кететін жайт, біз сауалнама жүргізген оқу орны – Сүлеймен Демирел атындағы университет. Мұнда білім алушылардың басым көпшілігі – қазақ, түрік және басқа да түркі халықтары жастары. Яғни, бұл тек қазақ жастары ғана емес, түрік, ұйғыр, өзбек сынды әртүрлі түркі тілдес халықтар жастарының пікірі екенін ескерткіміз келеді.

Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Қатысқан білімгерлердің саны – 117. Бұл сауалнамаға «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні өтілетін «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» мамандықтарының студенттері қатысты.

«Ежелгі әдеби жәдігерлердегі кейіпкерлер тарихи тұлғалар ма, аңыз тұлғалар ма? Олар жайлы не білесіз?» деген алғашқы сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 81,2 % тарихи тұлғалар деп жауап берген, ал 10,2 % аңыз тұлғалар десе, 8,6 % бұл сауалға «білмеймін» деп белгілеген. Алғашқы тарихи тұлға деп көрсеткен 81.2 %-дың 18 % нақты тұлғалардың аттарын атап, кімнің қандай еңбегі барына тоқталған, осы тұлғалар туралы халық арасында жүрген аңыз, әңгімелерді дәлел-дерек ретінде келтірген екен. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық жайт. Көңіл бөле айта кететін нәрсе, жастар бұл тұлғалар туралы тек білім бағдарламалары (тарих, әдебиет пәндері) бойынша ғана естіп, білмейді екен. Қазақ арасында кең таралған Қорқыт жайлы аңыз, Тұмар патшайымның ерлігі жастардың құлағына сіңісті екен. Білімгерлер тарихи дерекпен шектелмей, халық жадындағы ұрпақтан ұрпаққа жетіп келген аңыздарды да көкейіне түйе жүреді екен. Яғни, білімгерлердің басым пайызы ежелгі әдеби жәдігерлермен таныс, оқыған, олар туралы белгілі бір деңгейде мәліметтерді меңгерген. Тек 8,6 % білімгердің «білмеймін» деген жауабы ойландырады. Себебі, ежелгі дәуір әдебиеті мектеп бағдарламасына енгізілген. Сондықтан білімгерлер ол жайлы алғашқы деректерді мектепте оқып, білуі тиіс. Олардың тарихи тұлға немесе аңыз тұлға екендігін шатастыру кешірімді болса да, олар туралы мүлде білмеу, әрине, дұрыс емес деп ойлаймыз. Қанша дегенмен, мектептегі базалық білім адамның ойында сақталып қалады, кейінгі алатын барлық білімнің негізінде жатады. Сондықтан мектеп қабырғасында өтілетін әр пәннің түпкі мәнін, негізін меңгертуге тырысу керек.

Және тағы бір мәселе, түркі халықтардың ортақ тарихы оқытылмауы салдарынан білімгерлер ежелгі ескерткіштерде аталатын тарихи тұлғаларды аңыз тұлғалар деп қабылдайды. Себебі, олар оны тарих пәнінен емес, әдебиет пәнінен, көркем мәтіннен оқиды. Ал, көркем мәтіндегі көпшілік кейіпкерлер ойдан шығарылатын болған соң білімгер санасында олар аңыз тұлға немесе көркем образ ретінде қабылданады. Ал егер осы тұлғаларға қатысты тарихи оқиғалар мен деректер тарих пәнінде оқытылса, жастар оның тарихи тұлға екенін естерінен шығармайтын еді. Сондықтан, түркі халықтардың ортақ тарихын жазып, оның негізінде оқулық дайындап, оны білім беру бағдарламаларына енгізу қажет.

«Көне дәуір әдебиетін, тарихын, мәдениеті туралы деректер келешек ұрпақ бойында қандай қасиеттердің қалыптасуына ықпал еткі мүмкін?» деген екінші сұраққа 26,4% сауалнамаға қатысушы білмеймін деп жауап берген. Мұның 8,6% бірінші сауалға білмеймін деп жауап бергендер қатарынан болса, ал 17,8% ежелгі мұраларды оқығанымен оның мазмұнын, сюжетін, идеясын тиісті деңгейде түсінбегендер. Ауызша пікір алысу барысында бұл білімгерлер көне мұралардың тілінің ауырлығын, сюжетінің қазіргі көркем шығармалардан бөлек, күрделі екендігін айтты. Яғни, бұл білімгерлердің мәтінді оқып шыққанымен оның мәнін, идеясын, мазмұнын түсінбегендігін көрсетеді. Бұдан шығар қортынды, ежелгі мұраларды оқыту барысында білімгердің мәтінді өз бетімен оқып шығуы жеткіліксіз. Оқытушы тарапынан түсініктеме, толықтырулар мен талдаулар аса қажет. Жалпы, ежелгі дәуір әдебиеті – қазақ әдебиетінің ең даулы, ең кеш зерттелген кезеңі екенін естен шығармау керек.

Ал 73,6% білімгер «көне дәуір әдебиетін, тарихын, мәдениеті туралы деректер келешек ұрпақ бойында қандай қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін?» деген сұраққа: «келешек ұрпақты отансүйгіштікке баулиды», «қолда барды қадірлеуді үйретеді», «ұлт тарихын білу келешекке қадам басуға талпыныс, ұмтылыс береді», «өзінің тарихынан хабардар болады», «ой қабілеті дамиды», «ата-баба тарихын біледі», «сана сезімді оятады», «намысын оятады», «тарихын білу арқылы ұлтын сүюді үйретеді», «батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді», «жақсы қасиеттерді қалыптастырады», «мінез-құлықты тәрбиелейді», «ата-анасын сыйлайды», «өткенді тануға ықпал етеді», «тарихи мәні бар», «тарихқа қызығушылық оятады», «жастар бойында ерлік, жауапкершілік, отансүйгіштік рухты қалыптастырады», «өткеннен үлгі алуға үйретеді», «тектілік қалыптастырады», «жігерлі, ел қамын ойлайтын адам қалыптастырады», «елге, жерге деген махаббат артады», «тегімізді танытады», «ұлт-

шыл азамат қалыптастырады», «мәдени ой санасын өсіреді», «ұлттық құндылықтарды сақтауды үйретеді», «рухани даму пайда болады», «қайдан шыққандығын танытады», «қалай мемлекет болып қалыптасқандығын танытады» деген жауаптар жазған.

Жастардың бұл пікірлері өте орынды. Көркем шығарманы оқи отырып, оның тәрбиелік мәнін дұрыс түсігендіктері байқалады. Тіпті, жан-жақты түсінеді екен. Білімгерлердің бұл жауабынан шығатын қортынды: көне дәуір мұралары, ежелгі жәдігерлер жастардың бойынша жақсы қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі, олардың өзін-өзі тәрбиелеуіне септігін тигізеді. Ең бастысы, жастар ежелгі мұралардың тәрбиелік мәнін дұрыс түсінеді, дұрыс қабылдайды екен.

Сауалнаманың келесі сұрағы «тарихи жады» деген ұғымды қалай түсінесіз?» деген сауал болды. Айта кетелік, ежелгі мұраларды, көне ескерткіштерді, ежелгі түркі тарихын, мәдениетін меңгеру барысында «тарихи жады» деген ұғымды қарастырмай кету мүмкін емес. Себебі, тарихи жадының сананы қалыптастыратынын, оның халық өміріне жоғары мәнге ие екендігін ғалымдар жиі айтып жүр. Солардың бірін мысал ете кетейік: «Тарихи жады дегеніміз де – алып діңгек. Асыл діңгек. Тарихи жадысы (яки, асыл діңгегі) мықты халық ешкімнің алдында тізерлемейді, ешкімге құл болмайды, ешқашанда тәуелді күйге, кіріптар халге түспейді. Ана тілін ұмытатын кімдер? Тарихи жадысы әлсіздер. Дінін айырбастайтын кімдер? Тарихи жадысы қалыптаспағандар. Тарихи жадысы әлсіз халық өлі сүлдеге айналады. Сондықтан да ұлтты сақтаймын десеңіз, ең алдымен оның тарихи жадысын сақтаңыз! Сонымен бірге халықтың тарихи жадысын ескіруге, көнеруге жібермей, ұдайы жаңғыртып отыру керек. Ол үшін халық тарихындағы аса маңызды, іргелі, халықтың рухын оятатын ұлттық идеяларды, ұлттық сілкіністерді, ұлттық ілгерілеулерді жан-жақты әрі түбегейлі зерттеп, халықтың өзіне қайтып ұсынып отыру қажет. Бұл – Е.Бекмахановтың ұстанымы. Тарихшы-ғалым ретіндегі ұстанымы» [3].

Осы орайда сауалнаманың нәтижесіне көз жіберсек, жалпы сауалнамаға қатысушының 42,7 % «тарихи жады» деген ұғымды мүлде түсінбейтіндіктерін көрсеткен. Ал, қалған 57,3 % өз білгенінше жауап берген. Мәселен, олардың түсінігінше тарихи жады дегеніміз – «тарихи білім», «тарихи ескерткіш», «тарихи естелік», «тарихты ұғыну», «тарихи таным», «тарихта болған оқиғаларды есте сақтау қабілеті», «тарихи мұрағат», «адамның ата-бабасының не істеп, не қойғанын біліп, соны жадында сақтауы», «тарихи байлық», «өткен өмір», «тарих», «әдет-ғұрып», «мәдениетімізді тану, тарихты есте сақтау», «санадағы тарихи ақпарат», «өз тарихынан хабардар болу», «ата-бабамыздан берілген бойымызда, қанымызда сақталған сезім», «салт-дәстүр», «адамның санасында ұмтылмай, қанында, жанында, жүрегінде сақталып қалатын ерекше бір мағлұмат», «көрмесек те қанымыз тартып тұратын қасиет», «тарихи құндылықтар жиынтығы», «халықтың санасында бұрыннан бар ұғымдар, яғни, халық оны біледі, естіген, көрген, тұрмысында қолданған», «бұрынғы ата бабамыздан қанымызда қалған естелік», «атаның қаны, ананың сүтімен берілген қасиеттер», «тарихи түсінік», «тарихи деректер», «тарихта болған барлық нәрселер қосындысы», «үлкен қор», «тарихи бағалау», «туған тарихын жадында сақтау», «бүгінге дейін сақталып келген мұралар, ескерткіштер».

Көріп отырғанымыздай, сауалнамаға қатысушы жастардың көпшілігі «тарихи жады» ұғымын дұрыс түсінеді екен. Әрине, кейбірі өте тар мағынасында, ал кейбірі кең мағынасында. Олай болатын жөні де бар. Себебі, «тарихи жады» ұғымы не мектепте, не жоғары оқу орнында тиісті деңгейде насихатталмайды, түсіндірілмейді, талданбайды. Өйткені, тарихи жады дегеніміз – тарихтан, тарихи мәліметтер мен деректерден, тарихи білімнен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрден әлдеқайда тереңде жатқан, әлдеқайда маңызды ұғым. Тарихи жады – сананы қалыптастырады.

«Әр заман халықтың тарихи жадын қалыптастыруға өз үлесін қосады. Сонымен қатар кейде кері әсерінде тигізеді. «Тарихи жады» – өте нәзік ұғым. Дамыған шет елдерде онымен айналысатын арнайы мекемелер мен институттарға дейін бар. Біз сияқты нарықтық экономиканы басынан кешіп жатқан елдер жағдайында тарихи жадтың қалыптасуына көптеген факторлар өз әсерін тигізеді. Алдымен, ол нарықтың зардаптарынан туындаған ақпараттық мәліметтердің көпшілігі. Нарықтың басты мақсаты – күн көріс. Мұндайда мақсаттарына жетем деушілер еш нәрседен сескенбейді, еш нәрсені аямайды. Жазғандарын әдемі мұқабаға қаптап, бірден көзге түсетіндей қылып безендіріп, неғұрлым тез сатылып, таралуына жағдай жасайды. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана оның ішінде жазылғанының сапасына, халықтың санасы мен жадына қалай әсер ететінін ойлай бастаймыз. Міне, осындайлықтан халықтың тарихи жадына деген көзқарас пен жауапкершілік әрдайым жоғары деңгейде болуға тиіс. Тарихи жад тарихи сананы қалыптастырумен тікелей байланысты. Мұндайда кәсіби тарихшының рөлі ерекше маңызға ие. Әсіресе тарих пәнінен оқулықтар жазу саласы тарихи жадты қалыптастырудағы қауіпті сала. Кейде бір ғана сөз, немесе ұғым, сөйлем, сурет арқылы тарихи

жадқа бірден нұқсан келтіруге болады» [4]. Жоғарыдағы жастардың жауабынан олардың тарихи жады ұғымын барынша терең түсінгендері де бар екендігі байқалады. Мәселен, «адамның санасында ұмытылмай, қанында, жанында, жүрегінде сақталып қалатын ерекше бір мағлұмат», «көрмесек те қанымыз тартып тұратын қасиет», «тарихи құндылықтар жиынтығы», «халықтың санасында бұрыннан бар ұғымдар, яғни, халық оны біледі, естіген, көрген, тұрмысында қолданған», «бұрынғы ата бабамыздан қанымызда қалған естелік», «атаның қаны, ананың сүтімен берілген қасиеттер», «тарихта болған барлық нәрселер қосындысы» деген сияқты жауаптар тарихи жадының мәнін танытып тұр. Бірақ дегенмен де, тарихи жадының жаңғырту, көпшілік, әсіресе жастарға түсіндіру, сіңдіру – кезек күттірмейтін істердің бірі екені де рас. Жоғарыдағы жауаптар бұл түсініктің білімгерлердің санасында әлдеқандай бір түйсіктің негізінде қалыптасқандай әсер қалдырады. Мүмкін ол «генетикалық жады» болар, кім білсін.

Біздің байқағанымыз, ежелгі әдеби мұраларды оқыту барысында «тарихи жады» туралы түсінігі қалыптасқан білімгер материалды еркін қабылдайды, жеңіл түсінеді, қызығып оқиды. Олар «түбі бір түркі елі», «түркі халықтары», «бауырлас халықтар» деген түсінікті үстірт қана ұғынғандар емес. Олар сол «бауырластық негізі неде», «қай уақыттан бері», «неге «түбі бір» деп аталады» деген сияқты сауал төңірегінде ізденген, ой қорытқан жастар. Ал, кейбір жастар түркілік бірлікті сөз жүзінде айтқанымен сезінбейді, сол бірлікті өзі қалай түйсінетінін, қалай қабылдайтынын түсіндіріп бере алмайды. Бұл баспасөз бетінде немесе кейбір мінберлерден айтылған «түбі бір түркі еліміз», «түркі халықтары бауырлас халықтар» деген тіркестерді естіп өскендіктен ғана. Ол бірліктің бастауы қайда, бұл бірлік бізге не береді, оның тарихи-саяси мәні қандай деген мәселелер таратып, түсіндіріліп айтылмайды. Осыған орай білімгерлер де бұл мәселенің түпкі негізін тани алмайды.

Қандай білім болсын, әсіресе халықтың тарихына, тағдырына қатысты дүниелерді балаға мектеп қабырғасында жүргенінде түсіндіріп, сіңдіру керек. Өйткені мектептегі алған базалық білім баланың өмірлік білімінің негізін құрайды. Сондықтан мектеп қабырғасынан осы түсініктердің мәнін ашып, түсіндіру қажет, нақты тарихи деректер негізінде ортақ түркі халықтары тарихын оқыту керек.

«Ежелгі әдеби ескерткіштердегі кейіпкерлерді өзіңізге жақын сезінесіз бе?» деген келесі сауал көне туындылардағы кейіпкерлерді қаншалықты жақын сезініп, қабылдай алатындығын білу мақсатында қойылды. Себебі, кез келген көркем мәтінді оқу барысында оқырман өзін сол оқиғадан, сюжеттер көрмесе, ойша соған араласпаса түсініп, сезініп оқымайды. Сезініп оқылмаған мәтін есте сақталмайды, еш әсер қалдырмайды. Бұл сауалға білімгерлердің 62,4 % «иә» деп жауап берсе, 15,4 % «жоқ», ал 22,2 % «білмеймін» деп көрсеткен.

Әсіресе, жастар өздері оқыған немесе көзбен көрген оқиғаға салғырт қарамайды. Көркем шығарма оқыса да, кино көрсе де, ән тыңдаса да өзін соның ішінде жүргендей елестетеді. Өйткені, жастардың, жалпы адам баласының қиялы ұшқыр. Ал ежелгі көркем мәтінді (жыр, аңыз және т.б.) оқи отырып, кейіпкерлерін қабылдамау дегеніңіз жалпы шығарманы түсінбеу, қабылдамау деген сөз. Егер білімгер үшін оның тілі, стилі, сөздері қиындық тудыратын болса, оқытушы арнайы түсіндірме парақшасын толтыртып, көне сөздер мен ұғымдардың мағынасын ашып беру керек. Жоғарыда көрсетілген 37,6 % «жоқ» және «білмеймін» деп жауап берген жастар төл тарихының, әдебиетінің ежелгі кезеңін білмейді, оған қызықпайды деген сөз. «Өткенсіз бүгін жоқ». Сондықтан оқытушы осы олқылықты болдырмаудың, оның алдын алудың жолдарын қарастыруы керек. Қандай пәнді болсын қызықтырып оқыта білу керек. «Қазіргі жастар кітап оқымайды, өткенге қызықпайды», «техника мен технология заманының жастары бүгінгімен ғана өмір сүреді» деген жаңсақ ұғым қалыптасқан.

Және бір сауал бар. Қысқа, нұсқа, бірақ мәні терең. Ол – «Түркілер» деген ұғым сізге жақын ба?» деген сұрақ.

Бұл сауалды түсіндіру үшін мына мәліметті айта кеткеніміз орынды болар. Қазақстанның ортағасырлық тарихы түркілердің тарихымен тікелей байланысты. Қазақстан жерінде түркі тектес, түркі тілдес тайпалар көне заманда да болған. Бірақ нағыз түркілердің этностық тарихы б.з. V ғасыр басталады екен. Егер түрік деген атау V ғасырдан бастап пайда болса, онда, ерте дәуірлердегі тайпалар қалай түркі тектес, түркі тілдес деп аталады? - деген заңды сұрақ туады. Мұны былай түсіну керек. Б.з. V- VIII ғасырларда түркі тайпалары пайда болып, қалыптасқан. Ал Алтай тілі тобына жататын түркі тілінің пайда болуы түркі атын алған кейінгі тайпалардан кемінде 1 мың жыл бұрын болған.

Түркі этнонимі алғаш рет қытай жылнамаларында 542 жылы аталады. Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Бастапқы кезде түркі деген сөз түркі тілдес көшпелілердің ішіндегі басқарушы ақсүйек ру өкілдеріне ғана қатысты болды. Содан кейінгі кездерде түркі деген

атау саяси мәнге ие болды. Түркі деп түркілердің қол астында болған өзге тайпалар да атала бастады. VIII ғасырдың ортасынан бастап түркі деген атау біраз уақытқа дейін жазба деректерде аталмайды. Бұл кезде түркі деген жалпы атаудың орнына жекелеген түркі тектес тайпалардың аты (теле, қырғыз, тоғыз-оғыз, ұйғыр, қарлұқ, қыпшақ) аталады. Түркі атауы Х ғасырда қайта тарихи аренаға шығады. қашқардағы, баласағұндағы хандар (қағандар) өздеріне тағы да түркі деген этностық атау таңады. Түркі деген атау сол замандағы араб географтарының да еңбектерінде кездеседі [5].

Міне, осындай тарихи ұғым қазіргі XXI ғасырда қайтадан саяси мәнге ие болып отыр. Сондықтан біз сауалнамаға осындай сұрақ қосып, білімгерлердің ой-пікірін білгіміз келді. Себебі, ежелгі дәуірдегі әдеби ескерткіштерді меңгертуде бұл терминді жиі қолданамыз. Бұл термин ерте кездегі халықтық тұтастық, бірлік ұғымында қолданылады. Бұл сұраққа сауалнамаға жауап берушілердің 83,7% «иә» деп жауап берсе, 5,2% «жоқ», 11,1% «білмеймін» деп жауап берген.

Сұрақ «түркілер дегеніміз кімдер?» немесе «түркілер туралы не білесіз?» деп емес, «түркілер ұғымы сізге жақын ба?» деп қойылды. Себебі, ежелгі әдеби мұралар мен тарихты меңгертуде сөз болатын оқиғалардың барлығы түркі халықтарына ортақ болып келеді. Жастар бұл кезең тарихын өзімнің өткенім деп қабылдағанда ғана мән-мағынасын ұғынып, сезіне алады. Сондықтан «түркілер» деген термин қолданылған тұста білімгер «бұл менің халқым, менің ата-бабам туралы» деп қабылдауы ләзім. Біз сауалнама жүргізу барысында осы мәселеге де назар аударды.

Сауалнаманың «Түркілерге ортақ тарих, мәдениет, таным, философия бар деп ойлайсыз ба?» деген сауалына 84,6% «иә» деп, 1,7% «жоқ» деп, ал 13,7% «білмеймін» деп жауап берген. Ойланарлық жайт. Біршама оңай сұрақ сияқты. Бірақ «жоқ» және «білмеймін» деп жауап берген 15,4% білімгерлер түркі халықтарына қай халықтар жататынын білмей ме, Қазақстан тарихын мектепте, университет қабырғасында оқымаған ба, берген білімді қабылдаған ба деген ойға қаламыз. Мұның сыртында әртүрлі саяси, қоғамдық және экономикалық байланыстар туралы іс-шаралар, БАҚ берілетін ақпараттар мен мәліметтерді оқымай ма, көрмей ме, мән бермей ме? Әлде бұл тақырыпқа мүлде қызықпай ма? Болмаса жастардың «ұқсас киімдер, аспаптар бар» деген жауабы бұл мәселе жөнінде біраз жұмыстар атқару керектігін аңғартады.

«Барлық түрік халықтарын бір деп, бір-біріне туыс деп санайсыз ба?» деген келесі сауалға білімгерлердің 78,6% – «иә» деп, 8,5% – «жоқ» деп, 12.9% – «білмеймін» деп жауап берген. Ал «Ежелгі дәуір әдебиеті, мәдениеті, тарихы жайлы мағлұматтар жеткілікі насихатталады деп ойлайсыз ба? Осы мәселеге қатысты ұсыныстарыңыз бар ма?» деген сауалға 29,9% – «иә», 52,1% – «жоқ», 18% – «білмеймін» деп жауап берген. Бұл кезең тарихының жалпы қазақ қоғамында насихатталуы кемшін екенін жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе жүйелі насихат жоқ. Жекелеген ғылыми еңбектер, монографиялар, шетелдік материалдардың жарық көріп жатқанын жоққа шығармаймыз. бірақ, ең алдымен қарапайым іргелі, жүйелі, бірізді қарапайым түсінік қалыптастырып алу қажет. Сосын барып ғана оның ғылыми негізі анықталып, талдау, саралау жұмыстары жүргізіле бастайды. Қазіргі білім беру жүйесіне жетпей жатқаны да осы сияқты.

«Ежелгі әдеби ескерткіштер кейіпкерлерін өзіңіздің ата-бабам деп сенізесіз бе?» деген сауалға кейбір білімгерлер «жартылай» деп жауап берген екен. 58,1% – «иә» десе, 13,7% – «жоқ» деп, ал 28,2% – «білмеймін» дейді. «Жартылай» деген жауаптың иесі осы 28,2% құрамындағылар. Бізді дәл осы жауап ойландырды. Қалай жартылай болуы мүмкін? Ауызша сұхбатымызда «бұрынғы қазақтар солардан тараған шығар, бірақ қазіргі қазақтарға онша қатысы жоқ» деп жауап берді. Қазіргі жастардың «ата-баба», «көне тарих» деген ұғымды басқаша қабылдайтынын аңғардық.

Бұл сауалнамадан жасаған қортындымыз, жастардың көпшілігі өздерін ескі заманмен бірлікте қарастырмайды. Көне кезеңді өздеріне жат санайды, көне түркі тайпаларын ата-бабамыз, олардың тарихы, мәдениеті, дәстүрі мен әдебиеті де менікі деп санамайды. Яғни, бүгінгінің ең үлкен проблемасы – көне кезең мен бүгінгі заман арасындағы байланыс үзілген. Бұған, әрине, Кеңестік кезеңнің зор ықпал жасағанын білеміз. Сондықтан, бірінші кезекте, көне тарихымыз бен бүгінгі ұрпақ арасындағы жалғастықты насихаттайтын, ашып көрсететін, жастар санасына сіңдіретін жұмыстар атқаруымыз керек.

1. *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.*
2. *Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 340 с.*
3. *Қазақтың тарихи жадын қайта тірілткен тұлға. //«Жас Алаш». – 12 ақпан. – 2015*
4. *Мәжитов С. Тарихи жад – сананы қалыптастырады // Қазақ әдебиеті. - №35 (3251). – 2015.*
5. *Қазақ этногенезінің түркілік кезеңі / https://kk.wikipedia.org*

Резюме

Наследие Дреней Эпохи и Нынешняя Молодежь

Берикболова П.К. – *старший преподаватель, докторант*

Целью данной статьи является выяснить и дать оценку с помощью анкетирования, какова точка зрения молодых специалистов на народное наследие, их желание исследовать труды предков. На ряду с образованием также особое место занимает воспитание которое мы даем молодёжи. Главной целью педагогики является развитие национального воспитания. Можно сказать что в процессе присвоения национального воспитания невозможно оставить без внимания тюркское воспитание. Чем больше молодёжь будет знать о прошлом своего народа, о древних наследованиях тем больше будет его любовь к родной стране. Народ, не знающий своих истоков, никогда не сможет построить крепкое будущее. Целью данной статьи является выяснить и дать оценку с помощью анкетирования, какова точка зрения молодых специалистов на народное наследие, их желание исследовать труды предков. Приняли участие студенты Казахской Филологии, где обучают предмет Литература Древних Веков. Анкета состояла из 9 вопросов. Количество принявших участие-117.

В этой статье были сделаны выводы на основе результатов анкетирования. Большинство молодёжи не считают себя связанными с прошлым. Напротив, считают себя людьми современными, что прошлое для них чуждо: история, культура, традиции, литература. То есть большой проблемой сегодняшнего дня является пропасть между прошлым и настоящим. Всем известно значительное влияние Советского союза. Для этого нам необходимо создать труды, которые проложат мост между прошлым и поколением сегодняшних дней.

Ключевые слова: Древнее наследие, историческая личность, историческая память, анкетирование.

Resume

The Heritage of Ancient Era And Today's Youth

Berikbolova.P.K. - *PhD student, senior lecturer Suleyman Demirel University, Faculty of Filology*

Purpose of this article is to find out what is the point of view of young professionals on the national heritage, and their desire to explore the works of their ancestors, which will be evaluated with the help of a survey. The upbringing we are giving to young generation is as important as the education. The main goal of pedagogy is development of national pedagogical education.An important role of Turkic education in formation of national education should be noted as well. The more young generation will know about the past of their people,ancient heritage of their country the more will be the love for their native country, motherland. Nationthat is ignorant of their origins, will never be able to build a strong future.

Purpose of this article is to find out what is the point of view of young professionals on the national heritage, and their desire to explore the works of their ancestors, which will be evaluated with the help of a survey. Students of Kazakh Philology, where Literature of the Ancient Agesis taught, took part in a survey. The questionnaire consisted of 9 questions, and 117 students took part in research.

Conclusions in the article were based on thesurvey results. Most of the young people do not consider themselves bound by the past. In contrast, they consider themselves up-to-date andthat past is alien to them, such as history, culture, tradition, and literature. Therefore, the gap between past and present is a big problem today. Moreover, everyone knows the great influence of the Soviet Union. To do this we need to create works that will pave the bridge between generation of past and present day.

Keywords: ancient heritage, historical figure, memorabilia, survey.

ӘОЖ: 37. 013

К.Ж. ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Ә.К. Толқынбаева – *ҚазМемҚызПУ 6М010300 – Педагогика және психология мамандығының I курс магистранты,* aigera_28.93@mail.ru
Ғылыми жетекші: **Қоңырбаева С.С.** – *п.ғ.к.қау.профессоры, ҚазМемҚызПУ, pedsheberlik@mail.ru*

Мақалада жаһандану заманында жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызбен сусындатып, білім беру саласында тиімді қолдана білу. Ұлттық құндылықтарды ескере отырып, халқымыздың ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру қарастырылған. Қазіргі жаһандану заманындағы ақпарат ағымының толассыз болуы тәрбие мен ой-санасына кері әсер етуде. Сол себепті де, жеке тұлға мінезінде ұлттық белгілерді қалыптастырудағы этникалық тәрбиенің маңызды екені жөнінде К.Ж.Қожахметова өзінің ғылыми еңбектерінде зерттеген.Ал, мақалада ғылыми еңбектердегі этникалық тәрбиенің білім беру саласында маңызды екеніне талдау жүргізіп, сипаттама берілген. Білім беру саласында студенттердің патриоттық сезімі мен отансүйгіштік қабілетін ашу үшін, ұлттық құндылықтарымыз бен халық мұрасын тиімді пайдалану ұрпақ келешегі үшін өте маңызды екендігі қарастырылған.

Түйін сөздер: этнопедагогика, ұлттық құндылық, білім беру, патриоттық тәрбие, халық мұрасы, ұрпақ келешегі.

XXI ғасыр – жаһандану заманында болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, рухани тәрбие мен сапалы білім беру бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Мәселе қаншалықты өзекті болса, оны жүзеге асыру – соншалықты күрделенуде. Себебі, интернет, теледидардан бастау алған ақпарат құралдары болашақ ұрпақтыңақпарат ағынының астына алып, оның ой-санасына кері әсер етуде. Бүгінгі жастарымыздың мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан, тіпті ата-аналарына, қоғамға деген қарым-қатынас, көзқарастарынан көріп, байқап жүрміз.

Ел Президентінің ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеяларын жүзеге асыру мақсатында бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдама: «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы (1998), «Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің қалыптасып, даму тарихын педагогикалық жоғары оқу орындарына арнайы пән ретінде енгізу туралы» (1991), «Әлеуметтік-мәдени даму» (1993), «Гуманитарлық білім беру» (1994), «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесі» (1995), «Жалпы білім беретін мектептердің дамуы» (1997) тұжырымдамалары жарық көрді.

Бұл құжаттарда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі айтылған. Бұл қажеттілік қазақ халқының тарихи даму жолына жаңа көзқарастар туғызып қана қоймай, халық мұрасының жан-жақты терең зерттелуіне, сондай-ақ оны әділ бағалауға өте қолайлы жағдайлар туғызды.

Бағдарламалық құжаттардың мақсаты – жалпыазаматтық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін есепке ала білім берудің мемлекеттік саясатының стратегиясын дайындау.

Ұлттық құндылықтан алыстай бастаған ұрпақ ұлт келешегінен, ел мен жер келешегінен гөрі, өз басының қамын ойлауға бейімделеді, оның ұлттық қасиетіне сынық түседі. Ал оның алдын алу, оны болдырмау – күрделі қоғамдық, әрі ғылыми мәселе.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде әр ұлт өзінің ықылым заманнан бері қалыптасқан ұлттық құндылықтарын басты назарда ұстайды. Бұл түсінікті жай. Ғылым соны зерттеп, заман талабына сай дамытуы тиіс. Демек, ғалымдардың нәтижелі еңбек етуі – осы істің бастау қайнары, оны нәтижелі жүргізудің негізгі құралы болмақ. Бұл педагогика ғылымының, оның ішінде этнопедагогика ғылымының зерттеу объектісі болады.

Ұлттық құндылықтарымыздың өз қасиетінен жойылмай, дамуына үлес қосқан ғалымдарымыз өте көп. Олар Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, К.Ж.Қожахметова, Қ.Б. Бөлеев, Ж.Ж. Наурызбай, К.А. Оразбекова, Р.Қ. Дүйсембінова, Қ.Қ. Шалғынбаева және басқа да көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Осығалымдардың арасында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың орнын да, үлесін де айрықша деп атауға болады. Клара Жантөреқызы еңбек жолында жауапты қызметтерді абыроймен атқара отырып, өзінің бүкіл саналы ғұмырын білім алуға,

ғылыммен айналысуға арнады. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында тәрбие институтының директоры болып қызмет атқарған уақытында іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларға жетекшілік жасап, білім беру, тәрбие мәселелері бойынша бірқатар құнды еңбектер жазды, республика көлемін толық қамтыған ауқымды әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырды. Білім беру саласында Клара Жантөреқызы халқымыздың ұлттық құндылықтарына және тәрбиеге аса қатты көңіл бөлді.

Жас ұрпақты өз елін, жерін сүйетін патриот етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен халқымыздың ой-санасын улайтын дүниелерден бойды аулақ ұстауымыз қажет. Сонымен қатар жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін болашақ мамандардың бойынан өз ұлтына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру керек. Ол үшін білім беру саласында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, жас ұрпақ бойына сіңіруге көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс. Ең алдымен халықтық педагогика арқылы бала тәрбиелеу, білім беру және осы негізде педагогикалық тәжірибеде қойылған мақсаттарға жетудің үздік жолдары мен тәсілдерін көрсету тиімді болады.

Осыған байланысты М.Дулатовтың сөздері өзекті болып табылады: «...тәрбиеші баланы ұлттық тәрбие рухында тәрбиелеуге міндетті, себебі әрбір бала өзінің ұлттық ортасында өмір сүреді және өз ұлтына қызмет ететін болады». Сондықтан, біз қазіргі кезде, қазақтардың халықтық тәрбиесінің қайнар көзіне назар аудара отырып, қазақ халқының бала тәрбиесіндегі бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жоймаған құндылық-нормативтік түсініктерін айқындаймыз[1,101б].

Алайда, жеке тұлға мінезінде ұлттық белгілерді қалыптастырудағы этникалық тәрбиенің рөліне қатысты Г.Н. Волков былай деп атап көрсетеді: «тәрбие факторларының қай қайсысы да, қоғамның материалдық өмірі жағдайларының әсерімен ғасырлар бойы қалыптасқан, тәрбие жүйесін теріске шығаратын болса, ұлттық ерекшеліктерді қанағаттандырған тұрғыда ешбір түсінік бере алмайды. Өмір сүру қалпы, практикалық іс-әрекет тәрбиенің факторлары ретінде ұлттық мінездің қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан кез-келген халықпен танысу үшіноның тәрбие жүйесін, ұлттық мінезін зерттеу қажет... ұлттық мінезді тәрбиенің ұлттық жүйесін зерттеу арқылы білуге болады» [2,17б].

Міне, ұлттық құндылықтарымыз жөнінде Міржақып Дулатов бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Тәрбиелеу барысында ұлттық рухсыз және ұлттық ортасыз балаға халықтық тәрбиені беру мүмкін емес десе, Г.Н.Волков халықтың өмір сүру қалпы мен іс-әрекеті ұлттық мінезді қалыптастырады деп тұжырым жасады.

Ал, профессор К.Ж.Қожахметова ұлттық құндылықтарымызға баса назар аудара отырып, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын негізге алып зерттеулер жүргізді. Соның ішінде қазақ халқының үлгі тұтар адами-азаматтық қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойына сіңіру үшін жетілген адам идеалын жасап және тәрбие тәжірибесінде осы мұратқа жетуге ұмтылуы.

Жетілген адамды тәрбиелеу мақсаты ұлттық құндылық сапа негізінде жүзеге асады. «Осы құндылық сапа мазмұнында аса кең және басты, ізгі қоғамдық ұғым негізге алынған. Адам жан-жақты болуы керек. «Сегіз қырлы» сөзі қазақ халқында жастарға берілетін өсиет, тәлім ретінде алынады; бұл өсиет бойынша жастар әлемдегі білімге жағымды және күрделі қатынас білдірулері керек. «Бір сырлы бол»- бұл яғни, өзіңмен-өзің бол, бір сәттік қызықтарға, бөгде адамдардың сөздеріне берілме деген мағынаны білдіреді» [3,35 б]

Жетілген адамды тәрбиелеуге қажет болатын, халық бейнесіндегі адамның нормативті-құндылық сапаларын келесі кестелерден көруге болады.

1-кесте

Жігіт бейнесі
Кескін-келбеті: еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, торсық шекелі, қыр мұрынды, қиық мұртты, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қапсағай денелі, темірдей саусақты, от ауызды, орақ тілді т.с.с.
Сапалары мен қасиеттері: қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, қабыландай сұсты, нардай төзімді, құлан сүйекті, жылқы мінезді, бұландай алып, сауысқандай сақ, жау жүректі т.с.с.
Қабілеттері мен икемділігі: көсем жігіт- ел басқаратын жігіт; шешен жігіт- дау шешетін тұлға; батыр жігіт- еліне қамқор, жауына ақберен жігіт; сері жігіт- аттың тұлпарын мініп, иттің құмайын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағында ойнап, ер қаруы – бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлетіп күй тартатын өнерлі жігіт; палуан жігіт- мойны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, денесі

сергек, иненің көзінен өтердей епті, алып күш иесі; үй жігіті- тек шаруасымен айналысатын шаруакеш жігіт; түз жігіті- түз жұмысы мінсіз, үй жұмысына қырсыз, т.с.с.
Іскерлігі: жігіттің қыраны, жігіттің сұңқары, жігіттің арыстаны, жігіттің қабыланы, жігіттің қасқыры, жігіттің нары, жігіттің жампозы, т.с.с.
Ер жігіттің асыл алты қасиеті: зейін-зердесі– тылсым сырды ұға алатын; өнер-өрісі – өмірден әперер сыбағасын; ерлігі – дұшпанға найза сұға алатын; күш-жігері – аяқтан шалғанда жыға алатын; қайрат-қаруы – қиындықта сыналатын; білімі – биікке бастап шыға алатын.
Ер жігіттің үш асыл мінезі: адалдық-адал болсаң аңқылдақ, ізгілікке құмарсың; әділет-әділ болсаң ақ жарма,жақсы іске билік қыларсың; шыншыл –шыншыл болсаң қол жетпес, шыңда өскен шынарсың.
Ер жігіттің ажырамас үш серігі: мінген тұлпары-сапары оң болар ұдайы; шыңдалған ақыл-айласы-шымырлап тұрар шынайы; айнымас адал жұбайы-өмірден қаймықпай өтем десең.
Ер жігіттің жаман қасиеттері немесе тоғыз жауы: Басты жауың –жалқаулық, сорлататын жаныңды, Осалдығың-аңқаулық, соқтыратын саныңды. Жасқаншақ болсаң, ұры алар қоралап қойған малыңды, Жалатқызбас жасықтық, аузыңдағы балыңды. Өтірік айтсаң өңменде, жоғалтасың арыңды, Өсек терсең телменде, кетірер суға салыңды. Көпірме босқа мақтан ғып, түкке тұрмас барыңды, Көрінгенге жалтақтап, бола алмайсың жағымды, Біреуді алдап-арбаумен, аша алмайсың бағыңды.

2-кесте

Қыз бейнесі
Тектілігі: текті жердің қызы әдепті, көргенді, инабатты, іске шебер, қиыншылыққа төзімді, өскен ортасы мен ата-анасының артынан жаманат сөз ергізбейді. «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық».
Ақыл-парасаты: бойжеткеннің дүние-мүлікке көзқарасы, зейін-зердесі, туған-туысқан-дарымен қарым-қатынасы, бауырмалдығы,қайырымдылығы, ұқыптылығы, мінез-құлқы; «Алған жарың жақсы болса, жұмақтағы хормен тең,жаман болса, маңдайға біткен сормен тең».
Сыр-сымбаты: Сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлім көз, жайдары мінезді, алма мойын, ақша бетті, ақ тамақ, аршын төсті, тал шыбықтай бұраң белді, сүмбіл шашты, керілген ақ маңдайлы, сүйріктей ақ саусақты, сүрме қасты, ұзын кірпік, ақ білек, маржан тіс, қыр мұрынды, аққу мойын т.с.с.
Іскерлігі: басты міндеті- ерін күте білу, аналық борышы-бала тауып өсіру, тәрбиелеу, қонақ күту, шай құю, құрт қайнату,іркіт пісіру, кесте тігу, шілтер тоқу, киіз басу, киім тігу, кілем тоқу. «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без».
Көшпелі қазақ халқы жоғары адамзат идеалдарына сүйене отырып, балаларды этиканың ұлттық нормаларына баулудың шыңына ұмтылды, олар үшін «ар», «намыс», және «ұят» бірінші орында болды. Намыс үшін қазақтар өмірін құрбан етуге дайын болды. Сон-дықтан халықтың санасында өмірдің маңызды принципі ретінде, қанатты сөз (ұран) қалыптасты: **Малым – жанымның садағасы (құрбаны),** **Жаным – арымның садағасы (құрбаны).**

Халықтың өзіндік бейнесін сақтауға ықпал ететін қазақтарды тәрбиелеудің маңызды айрықша ерекшеліктерінің арасында табиғилығымен, үздіксіздігімен, циклдығымен қатар, өзектілігі ұлттық қайта өрлеу жағдайында ерекше артқан сабақтастықты жатқызуға болады.

Сабақтастық этнопедагогиканың ерекшелік белгісі болып табылады, ол арқылы этникалық тәрбие-нің негізгі идеяларының, формалары мен құралдарының сабақтастығы қамтамасыз етіледі. Сабақтас-

тық кеңістік пен уақыт аясында орын алады. Өзінің табиғаты бойынша озық бола тұрып, олар дами, байытыла және түрлерін өзгерте отырып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Сабақтастықтың бернеше түрлері бар: физикалық, рухани, еңбек саласындағы, жалпы отбасылық тұрғыда, материалдық-экономикалық[2, 40б].

Физикалық сабақтастық табиғат арқылы тұқым қуалаушылықпен, генотиппен қамтамасыз етіледі. Сабақтастық кездейсоқ түрде болуы мүмкін, бірақ көп жағдайда саналы ұғынылған түрде жүзеге асады. Мысалы, өзінің жеті атасымен шежіресі бойынша байланысын саналы ұғыну. Рудың ұрпақтар сабақтастығын нығайтуымен қатар бірлескен әрекетін бекітуге арналған жеке тәсілдері болады: таңба,ұран – ата-бабаларды ұмытпауға және руға қатыстылықты есте сақтауға шақыратын, әскери ұранның рөлін атқаратын, ән түріндегі нұсқалары да кездеседі. Өзіндік тарих ретінде рудың өмірбаяны рухани тұрғыда ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Рухани сабақтастық тәрбие арқылы қамтамасыз етіледі. Барлық тірі организмге өзін-өзі сақтау және текті жалғастыру инстинкті тән. Адамның шынайы әлеуметтік мәні ұрпақтары арқылы жалғасуында көрініс береді.

Осыған орай Бауыржан Момышұлының ой-пікірлері ерекше өзекті болып саналады:

«Біріншіден, «бесік жырларын» айта алатын аналардың (келіндер, жеңгелер) азайып бара жатқанынан қорқамын;

Екіншіден, өздерінің немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын;

Үшіншіден, салт-дәстүрлерді құрметтемейтін ұрпақтың өсіп келе жатқанынан қорқамын;

«Бесік жырын» тыңдамай өскен, ертегі тыңдамай өскен, өзінің ата-бабаларының дәстүрлерін бойына сіңірмеген ұрпақтың рухани тұрғыда соқыр болйып қалуынан қорқамын. Осындай «көрсоқырлардың» қолына балта берсең – шаба салады, бақыр берсең – ала салады, найза берсең – сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен туылғаннан бастап, табиғатынан соқырлар туралы айтып отырғаным жоқ, мұнда мен тағдырдың тәлкегімен осындай болғандар туралы айтып отырмын. Егер біз өзіміздің «соқырлығымыздан» емделмесек, халық болудан қалатын шығармыз деп қорқамын».Иә, танымал батырдың күмәндары негізсіз емес, бұл бізді де толғандырады.

Еңбек мүдделері мен өнер саласындағы сабақтастық қарапайым қызығушылық пен еліктеудің негізінде пайда болуы мүмкін. Еңбек саласындағы сабақтастықтың жергілікті сипаты болуы мүмкін (ұрпақтан ұрпаққа берілетін дәстүрлі қолөнер).

Жалпы отбасылық жоспардағы сабақтастық адамгершілік саласында орын алуы мүмкін. Балаларының жақсы өмір сүруі үшін, ата-аналардың саналы ұмтылысында, сабақтастықтың педагогикалық аспектісі көрінеді. Жас жұбайларға бата беруде, үйлену тойларының рәсімдерінде, жас сәбилерге тілек айтуда, сәбилерге есім беруде үнемі ұрпақтардың сабақтастығы туралы қамқорлық байқалады.

Материалдық-экономикалық сабақтастық мұрагерлік арқылы жүзеге асырылады.

Аталған сабақтастықтардағы маңызды міндет ретінде әртүрлі деңгейдегі құндылықтар педагогикалық ықпалдың құрылымында қандай орын алатыны анықталуы қажет, өйткені олар өз кезегінде шынайы қалыптастырушы рөл атқарады. Осыған байланысты адамзаттың өмір сүруінің әртүрлі деңгейлерінде және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде қалыптасқан нормалары мен құндылықтарының жиынтығын түзіп, сол синтездің нәтижелерін тәрбие аясына енгізу қажет. Бұл міндетті ұлттық тәрбиені жүзеге асыра отырып шешуге болады. Біздің анықтамамыз бойынша, қазақтың ұлттық тәрбиесі үздіксіз үдеріс. Оның барысында адам этностың субьектісі ретінде өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында негізі қаланған этникалық құндылықтар мен этноәлеуметтік рөлдерді, этникалық нормаларды меңгереді, нәтижесінде этникалық өзіндік санасы, өз ұлты үшін намыс сезімі, этностың бір мүшесі ретінде өзіне деген, өз этносының тіліне, тарихына, мәдениетіне жағымды қатынасы, мақтаныш сезімі, басқа этнос өкілдеріне деген құрмет пен толеранттылық сезімдері қалыптасады.

Этникалық тәрбие этноәлеуметтік, этносаяси факторлардан айрықшаланатын этностың этномәдени құрамдасына зейінді ерекше шоғырландыруға мүмкіндік береді, бұл әдістемелік және практикалық қатынаста аса маңызды болып саналады. Ол ұлттық педагогика мен халық педагогикасының этнопедагогикадан айырмашылығын айқындауға мүмкіндік береді, себебі, этнопедагогиканың негіздерін этномәдени құндылықтар, халық педагогикасының негізін этноәлеуметтік тұғыр, ал ұлттық тәрбиенің негізін мемлекеттік компонентті құрайтын этносаяси тұғыр анықтайды[4, 81 б].

«Этноәлеуметтік рөл» ұғымының мәнін ашумен «әдет-ғұрып» ұғымы байланысты болады. Әдет-ғұрыптар – «әрекеттер егжей-тегжейлі реттелетін, қарапайым, стереотипті қайталанатын қоғамдық қатынастар» [5, 272б]. Олар сырт қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, осы әрекеттердің өзегінде өзара іс-әрекет пен қатынас жүзеге асырылатын ережелер мен нормалар негізге алынады. Осыдан келіп, «келін әдебі», «ұл бала әдебі», «қыз бала әдебі», («әдеп» – «этика»), ұғымдары пайда болып, әдет-ғұрыптар мен қарапайым қоғамдық қатынастарда олардың негізіне алынған ережелер сақталады. «Келін» – «қайын ене»; «келін» күйеуінің кіші бауырлары мен қарындастары арасында өзара қатынастарда, келін «жеңге» рөлінде болады. Онда жеңгенің басқа және «қайын сіңлі», «жеңге» және «қайын іні» және т.б.

Қазақ халқы – қазақтарды тәрбиелеудегі тұжырымдамаға негізделген, туыстық қатынастарды бағалайтын және құрметтейтін халықтардың бірі. Осылайша, әрбір өзара қатынастардың (салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар) белгілі нормаларында болатын өзінің негізделуі болады, бұл өз кезегінде белгілі бір әрекеттердің бірізділігін, олардың әдет-ғұрыптар мен рәсімдер арқылы көрінісін болжайды. Яғни, байланыстардың туыстық формалары – бұл өзінше жүзеге асырылатын рөлдің функциясына сәйкес, туыстық қатынастар арқылы көрінетін этноәлеуметтік рөлдер болып табылады. Осының барлығын жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін ұлттық тәрбиені білім беру саласында тиімді қолдану қажет. Клара Жантөреқызы жоғары мектеп педагогикасына арналған «Этнопедагогика»атты оқу құралында ұлттық құндылықтарымызды талдап, жас ұрпақтың тәрбиесі мен халық арасында қалыптасқан көзқарастарды терең зерттеп, жазды.

Міне, жетілген адам идеалын қарастыруда қазақ халқы әсемдікке, әдемілікке, еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, батырлық пен батылдыққа тәрбиелеуді міндет етіп санаған. Бозбала мен бойжеткеннің бойында болуы керек қасиеттерді де тыс қалдырмаған. Себебі, жас ұрпақты тәрбиелеуді халық алдында борыш санағанын К.Жантөреқызы еңбегінде осылай сипаттап, талдап жазған.

Кез-келген қоғамда адамдардың әрбір жаңа ұрпағы, тек қана белгілі әлеуметтік жағдайларда тәрбиеленбейді, сонымен бірге белгілі ұлттық ортада тәрбиеленеді. Тәрбие балалық шақтан бастап әлеуметтік-экономикалық қатынастар және білім беру мекемелерінің әсеріне, сонымен бірге ұлттық-ерекше құбылыстардың сипатына ұшырайды: өмір салтының ерекше сәттері, мәдениет пен тұрмыстың формалары, халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ересек ұрпақтан ұлттық тілдің байлығын, өз халқының рухани құндылықтарына бейімделу сезімін, халыққа тән әдеттерді, мінез-құлық талаптарын, талғам мен өмірлік қажеттіліктерді алады. Мұның бәрі осы ұрпақтың мінезінің ерекше белгілеріне қарай дамиды. Туыстық ұлттық ортада өмір сүрген және тәрбиеленген әрбір адамда, жалпы адамзаттық, әлеуметтік-таптық мінезінің белгілерінен басқа, ұлттық, өзіндік бейнесі бар белгілері қалыптасады.

Халқымыздың әдеби мұра мен тәрбиеге, даналыққа кенде еместігін білеміз. Алайда, қазіргі ұрпақ осыны жете бағалап, өз керегіне жарата білсе өмірден өз орнын адаспай табуына зор ықпал етер еді. Ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетіне жетіп, бағалай білу – әр қазақтың борышы.

1 Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика (оқу құралы), Алматы: Қарасай, 2012.-101,103-б

2 Волков Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары: Чувашское кн. Изд, 1974.-17б

3 Виноградов Г.С. Народная педагогика. Иркутск, 1926.-35-36-б

4 Узакбаева С.А., Кожахметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогики при изучении педагогических дисциплин. Алматы:Өнер,1997.-81 б

5 Тадевосян Э.В. Словарь-справочник по социологии и политологии, 1996.-272 б

Резюме

Педагогические идеи К. Ж. Кожахметовой о национальном воспитании казахов

Толкынбаева А.К. – магистрант 1 курса по специальности 6М010300
Педагогика и психология, aigera_28.93@mail.ru
Научный руководитель: **Конырбаева С.С.** – к.п.н. КазГосЖенПУ, pedsheberlik@mail.ru

Статья рассматривает прививания национальных ценностей молодому поколению в эпоху глобализации, эффективного использования в области образования. Рассматривает культивирование духа молодого поколения, принимая во внимание национальные ценности, национальные, культурные и исторические традиции нашего народа. В настоящее время глобализации непрерывный поток информации негативно влияет на психику и воспитание. Таким образом, в своих трудах К.Ж. Кожахметова исследовала важность этнического воспитания в формировании национальных признаков в поведении индивидума. В статье проанализировано и описано важность этнического воспитания в научных трудах в области образования. Также рассматривается важность

эффективного использовния национальных ценностей и национального наследия для раскрытия патриотических чувств студента.

Ключевые слова:этнопедагогика, национальная ценность, образование, национальное воспитание, патриотическое воспитание, национальное наследие, будущее поколения.

Summary

K.Zh. Kozhakhmetova – `spedagogical ideas about traditional upbringing of kazakhs

AigerimTolkynbayeva – 1th course master specialty of Pedagogy and psychology, aigera_28.93@mail.ru

Scientific supervisor: Konyrbayeva S.S.pedsheberlik@mail.ru

The article deals with instilling national values to the younger generation in the era of globalization, the effective use in the field of education.Examines the cultivation of the spirit of the younger generation, taking into account the national values, national, cultural and historical traditions of our nation. At present, the continuous flow of information while globalization negatively affects the mentality and upbringing. Thus, in the works of K. J. Kozhakhmetova explored the importance of ethnic education in the formation of national traits in the behavior of the individual. The paper analyzed and discussed the importance of ethnic education in scientific works in the field of education. We also consider the importance of effective usage of national values and national heritage for the disclosure of students' ability of patriotic feelings and love for the country in the field of education.

Keywords:ethnopedagogy,national values, education, national upbringing, patriotic education, national heritage, the future generation.

УДК 37.01:81.278

КОНЦЕПТ ПРОСТРАНСТВО В СТРУКТУРЕ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА

Жуминова А.Б. – к.ф.н., доцент АРГУ им.К.Жубанова,
г. Актобе, пр. Молдагуловой, 34, aktobedrp@mail.ru;
Хусайнова Ш.С. – магистрант специальности 6М020500-Филология, АРГУ им. К. Жубанова,
г. Актобе, пр. А. Молдагуловой, 34, shahmaran_92@mail.ru

В статье рассматриваются вопросы концептуализации пространства в языковой картине мира. Фундаментальные свойства бытия этноса определяют специфику ментальности этнического коллектива, обусловливают уникальность пространственных планов его жизнедеятельности. Для лингвистической интерпретации актуальным является исследование универсальных и этнических построений феномена категории пространства и соответствующие им понятия, представления, знания, выраженные языковыми средствами.

Спецификация этнодифференцирующих показателей (мировосприятие, национальный менталитет, культура, язык) обусловливается природно- географическими параметрами «пространства жизни». В связи с этим пословицы как когнитивный языковой знак, несущий информацию о культуре этноса, наиболее точно передает концептуальный комплекс, менталитет народа. Паремии русского языка свидетельствуют о гармоничном, искреннем отношении к природе, пословицы казахского народа свидетельствуют осоциогенетической адаптированности к условиям кочевого экстрима.Этническое своеобразие языковых средств, выражающих пространственные параметры, обусловлено особенностями мироведения определенного этноса.

Ключевые слова: пространство, концептуализация, языковая картина мира, этнос, представление, пословица, социогенетическая модель, менталитет.

Модели и механизмы концептуализации и вербализации окружающей среды, психолингвистическое восприятие и национально-культурное отражение в языковом сознании личности и в различных языковых картинах мираостаются привлекательной областью исследований для современных лингвистов. У представителей разных культур формируются разнообразные средства, развивающие пространственные представления, которые закрепляются и систематизируются. Восприятие пространства, по мнению

Г.Д. Гачева, напрямую зависит от национальных культур. В русском языке пространство имеет однокоренные слова ″страна, сторона″, французском языке espace имеет латинское происхождение. ″Spatium – есть пространство, творимое и меряемое шаганием″ [1, с. 38]. Соответственно пространство человека в языковых картинах мира определяется его средой обитания, атмосферой, географическим ландшафтом, флорой и фауной. Принадлежность к определенному этносу – это этническое пространство человека. Пространство для любого этноса, прежде всего, детерминируется географи-

еским ландшафтом. Так, к примеру, в русской языковой картине мира оно возводится к понятиям *простор, ширь, раздолье, дом, семья, этнос* и т.д.; в казахской – кең дала, кең-байтақ, жазира, жазық, қазақ даласы, жайлау, отан, атамекен и др. По мере освоения цивилизации пространство человека расширяется. По мнению Г.Д. Гачева, русский образ пространства представляет собой горизонтальное движение, однонаправленную бесконечность [1, 56]. Пространство в русской языковой картине также может ассоциироваться с понятием мир в значении вселенной, системой мироздания. Мир воспринимается как ″обжитое пространство″ [2, с. 87]. Т.е. пространство, где живем мы, – отгороженное пространство ″от внешнего мира и лишь потом – представление об этом ″широком мире″ за пределами нашего мира и дома″ [2, с. 92]. С этим связан ряд выражений *″мир посмотреть, себя показать″*, т.е. посмотреть запредельное пространство, ″обжитое″, посетить то место ″на земле, вокруг нас″, которое еще не изведано твоим этносом [2, с. 88], т.е. ″чужое″.

Каждой национальной картине мира свойствен свой набор концептов, определяющих пространственные понятия, наиболее точно отражающих мировосприятие и миропонимание определенного этноса. В казахском языке пространство также идентифицировано с ландшафтными характеристиками и определяется как *ширь, степь*. Для кочевого казаха пространство – это все, что находится под небом, оно безгранично, широко, раздольно, т.е. пространство – это окружающий мир: *″шөл (пустыня), алқап (долина), шөл дала, дала, шөлейт (полупустыня), аланқай (полянка), шабындық″* [3, с. 274]. В казахской языковой картине мира пространство полностью сливается с природой. По мере освоения окружающего мира пространство расширяется. Однако истоки восприятия пространства уходят корнями в то время, когда кочевник и природа составляли одно целое. Семантика пространства имеет важное значение при формировании национальной картины мира.

Е.С. Кубрякова категоризацию пространства считает одной из наиболее «фундаментальных областей в познании мира»[4, с. 22]. Архаическое восприятие пространства она комментирует как «расстилающуюся во все стороны протяженность, сквозь которую скользит взгляд (про-стран-ство) и которая доступна при панорамном охвате в виде поля зрения при ее обозрении и разглядывании», как «обобщенное представление о целостном образовании между небом и землей». Данная целостность имеет чувственную основу, т.е.она «наблюдаема, видима, осязаема». Человек – часть целостного образования, он свободен в своих перемещениях, а также перемещает подчиненные ему объектах [4,с. 26]

По мнению В.Н. Топорова, основоположника теоретических исследований по проблемам концептуализации пространства специфические характеристики мифопоэтического восприятия пространства в архаической модели мира следующие:

1) С самого начала уместно подчеркнуть его отличие от того геометризованного гомогенного, непрерывного, бесконечно делимого и равного самому себе в каждой его части пространства, которое было постулировано физико-математической наукой (особенно после трудовГалилея и Ньютона) и на которое так или иначе (сознательно или бессознательно, обобщенно или детализированно) ориентировались и произведения художественной литературы и искусства «среднего» уровня.

2) В мифопоэтической модели мира пространство, как нередко и само слово для обозначения пространства (ср. античную традицию), не существовало; также ей было неизвестно и открытое позже Гоббсом, Лейбницем и Кантом пространство «наглядного созерцания». Впрочем, в этой архаичной модели можно было бы, по-видимому, разыскать некоторые аналогии или соответствия более поздним теориям пространства, хотя такие примеры характеризуют в этой модели, как правило, наименее сакрализованные и содержательно наиболее бедные части пространства (нечто вроде профанической протяженности — как параллель к бергсонианской

3) В архаичной модели мира пространство не противопоставлено времени как внешняя форма созерцания внутренней. Вообще применительно к наиболее сакральным ситуациям (а только они и образуют уровень высшей реальности) пространство и время, строго говоря, не отделимы друг от друга, они образуют единый пространственно-временной континуум (ср. 3 + 1-мерность как основное топологическое свойство пространственно-временной структуры мира в современной физике, а также роль скорости как понятия, объединяющего пространство и время) с неразрывной связью составляющих его элементов. И хотя понятие пространственно-временного единства (хронотопа) в том виде, как оно было введено, например, в литературоведение (науку о художественно-литературных текстах) М. М. Бахтиным.

4) В мифопоэтическом хронотопе время сгущается и становится формой пространства (оно «спациализуется» и тем самым как бы выводится вовне, откладывается, экстенсифицируется), его

новым («четвертым») измерением. Пространство же, напротив, «заражается» внутренне-интенсивными свойствами времени (темпорализация» пространства), втягивается в его движение, становится неотъемлемо укорененным в разворачивающемся во времени мифе, сюжете (т. е. в тексте). Все, что случается или может случиться в мире мифопоэтического сознания, не только определяется хронотопом, но и хронотопично по существу, по своим истокам.

5) Другая важная особенность, отличающая архаичное понимание пространства (или пространства—времени), заключается в том, что оно не предшествует вещам, его заполняющим, а наоборот, конституируется ими. Мифопоэтическое пространство всегда заполнено и всегда вещно; вне вещей оно не существует, и, следовательно, в определенном смысле категория пространства в этих условиях не может быть признана вездесуще-универсальной. Кроме пространства, существует еще не-пространство, его отсутствие, воплощением которого является Хаос, состояние, предшествующее творению (речь идет, таким образом, об отсутствии пространства д о создания Вселенной во времени), или одновременное ему, т.е. в условиях уже наличествующего творения с его пространством [когда складывается оппозиция: пространство в Космосе (в центре) — отсутствие пространства в Хаосе, занимающем по отношению к Космосу пространственно периферийное положение], наконец, как пережиток внутри самого Космоса [в остатках хаотического начала, еще не переработанного космическими силами, когда отсутствие пространства («не-пространство») оказывается в глубинном центре Космоса, окружающем своим пространством область хаотического «не-пространства»]. Следовательно, пространство (или — точнее — пространственно-временной континуум) не только неразрывно связано с временем, с которым оно находится в отношении взаимовлияния, взаимоопределения, но и с вещественным наполнением (первотворец, боги, люди, животные, растения, элементы сакральной топографии, сакрализованные и мифологизированные объекты из сферы культуры и т. п.), т. е. всем тем, что так или иначе «организует» пространство, собирает его, сплачивает, укореняет в едином центре (язык пространства, сжатого до точки. . . .) [5, с. 227]

Таким образом, «бытие, есть пространство и есть возникновение», кроме того, ученый отмечает зависимость пространства от мира вещей («мифопоэтическое пространство всегда заполнено и всегда вещно; вне вещей оно не существует») и неразрывность пространства / времени. Первобытное или архаичное сознание определяло пространство в соотнесении с конкретным отрезком времени «здесь и сейчас». Пространство вне времени «…принципиально неполно и тем самым лишено статуса истинности и сакральности»[5, с.228].

Идеи о воздействии пространства, территории, занимаемой этносом, на формирование особенностей мировосприятия и национального характера этноса-менталитета, т.е. «коллективно формируемого в обществе строя мышления и психики» [5, с. 229], национального языка нашли отражение в существующих на сегодняшний день теоретических концепциях, в которых наряду с «механистическими» моделями представлены также интерпретационные модели органической целостности биосоциальных и геоэтнополитических обусловленностей пространственных представлений различных этносов («пространство жизни» человека и человечества, концепция обусловленностей разграничения видов деятельности и дифференциации представлений о пространстве (Э.Гуссерль, «географический детерминизм» Л.Гумилев, «этногеография», А.Гумбольт, Ф.Ратцель).

Спецификация этнодифференцирующих показателей (мировосприятие, национальный менталитет, культура, язык) обусловливается природно- географическими параметрами «пространства жизни». С точки зрения Л. Гумилева, «природная форма существования вида *homosapiens*– этнос , и различие этносов между собой определено ни расой, языком, религией, образованностью, а только стереотипом поведения, являющимся высшей формой активной адаптации человека в ландшафте»[1, с. 5].

Самобытность этносов проявляется во внутренней этнической структуре и менталитете, которые, по мнению К.М. Абишевой, зависят от «социально- культурной формы адаптации этноса в определенной экологической нише, от степени вхождения его в биоценоз и ландшафт окружающей природы» [6,с. 338]. Другими словами, природно-географические условия предопределяют специфику формы хозяйствования, рода трудовой деятельности, устройства быта и «модели мира» этнических сообществ [7, с. 63].

Взаимоотношения с «вмещающим ландшафтом» (Л.Гумилев) стали основой миропонимания русского народа и сформировали особый склад русского этнического самосознания. «Просторность» русских земель всегда расценивались как важнейший этнопсихологический фактор, обусловливающий «власть пространства» над русским мировосприятием.

Паремии русского языка свидетельствуют о гармоничном, искреннем отношении к природе, что нашло отражение в следующих пословицах: *Добрая земля – полная мошна; худая земля – пустая мошна.Рыбам вода, птицам воздух, а человеку вся земля; Родная сторона – мать, чужая – мачеха; Не поклонясь до земли , и гриба не подымешь; Какова земля – таков и хлеб.*

В формировании казахского этнического сознания важное место, как и у других народов, занимает природно-географический фактор. Необъятные степные просторы, благоприятные для развития кочевого скотоводства – основной отрасли хозяйствования, обусловили и высокую миграционную подвижность, и характерную социогенетическую адаптированность к условиям кочевого экстрима. Жилище казаха и бытовая утварь были приспособлены к частным перевозкам: это были нестационарные, максимально мобильные приспособления (юрта, орудия труда, предметы домашнего обихода).

В понимании кочевника пространство было бесконечным. Он его завоевывал и опустошал, двигался дальше, создавая обширнейшую территорию обитания и хозяйствования. Внутренняя этническая структура и менталитет казахского этноса формировались на базе особой формы социокультурной адаптации – кочевом скотоводческом хозяйствовании, и отражает особенности «внутреэтнической родоплеменной структуры номадного общества», основу которого составляли в общественном производстве карнальные связи (экзогамные группы), а в общественном сознании традиции единства, закрепленные в мировоззрении и идеологии, и идея генеалогический принадлежности, которая конструировала общественный статус, положение человека и «регламентировала отношение к нему окружающих» [6, с. 341].

Казахское языковое сознание предполагает следующие закрепленные выражения ссо значением пространства: *Аламан бәйге* – 35-45км, *ат шаптырым*- 25 км, *тер алатындай*- 10- 15 км, *құнан шаптырым*- 8 – 10 км, *тай шаптырым* – 3-5 км, *қарасы шалынбайтын* -3-4 км – при измерении длины, а*лты айшылық*- қажылық сапар (хадж), *айшылық жер*- 2500-3500км, *атпен ара қонып жетерлік*-200 – 250 км, *бір күншілік сапар*- 90- 100 км, *түстік жер*- 40-50 км*, бір лау жер*-30 км, *қозы көш жер* - 20-30 км при измерении пути.

Этническое своеобразие языковых средств, выражающих пространственные параметры, обусловлено особенностями мироведения казахского этноса, в котором основной единицей измерения является параметризация бытийности: расстояние, которое может пройти лошадь или жеребенок за определенное время, или периодизация бытийности: не *2500 километров*, а время за которое можно преодолеть это расстояние – *айшылықжер*. Аналогичного смысла языковые единицы существуют и в русском языке (месяц пути), в которых соединены значения пространства – времени.

1 Гачев Г.Д. Национальные образы мира: курс лекций / Г.Д.Гачев.- М.: Академия, 1998.

2 Лихачев Д. С. Концептосфера русского языка // Изв. РАН - СЛЯ - 1993, №1. -С. 3-9.

3 Апресян, Ю.Д. Дейксис в лексике и грамматике и наивная модель мира / Ю.Д. Апресян. // Семиотика и информатика : сб. научн. статей. Вып. 35. - М.: Языки русской культуры, Русские словари, 1997. - С. 272-297.

4 Жинкин Н. И. Речь как проводник информации. - М., 1982.

5 Гуревич, А.Я. Категории средневековой культуры / А.Я, Гуревич. М. : Искусство, 1972.

6 Голубкова, Е.Е. Категория движения в современном английском языке и способы ее модификации (фразовые глаголы): дис. . доктора филол. наук / Е.Е. Голубкова М,, 2002(2). - 390 с.

7 Выготский Л. С. Мышление и речь // Выготский Л. С. Собр. соч. в 6-ти томах. - М.. 1982. -Т.2.

Түйіндеме

Кеңістік концептінің тіл жүйесіндегі әлем көрінісі

А.Б. **Жуминова –** ф. ғ. к., доцент,Қ. Жұбанов ат. МӨУ, Ақтөбе қ., Молдағұлова көшесі, 34, Aktobedrp@mail.ru;
Ш.С. Хусайнова – 6М020500- Филология мамандығының магистранті, Қ. Жұбанов ат.АМӨУ, Ақтөбе қ., Молдағұлова көшесі, 34, shahmaran_92@mail.ru

Мақалада кеңістік концепциялануы сұрақтары әлемдік тілдік көрінісінде қарастырылады. Белгілі халықтың маңызды болмысын негіздейтін діл қасиетері ерекше кеңістікке бірегейлігін айқындайды. Ағымдағы лингвистикалық зерттеулерге кеңістік пен тиісті ұғымдардың әмбебап құбылыс және этникалық құратын санаттар, идеялар, білім, тіл арқылы көріністерінің маңызы зор. «Өмір кеңістігі» табиғи-географиялық себептерге байланыса (тіл, мәдениет, діл, әлемді қабылдау) этножіктелу ерекшеліктерінің көрінісі болып табылады.

Соған байланысты мақал когнитивті тілдік белгі ретінде, ұлттың мәдинеті туралы мәліметті білдіре, концептуалдық кешенді, ділді дәлме-дәл сипаттайды. Орыс тіліндегі мақалдар табиғатқа деген үйлесімді, шынайы

қарайтындығын, қазақ мақалдары көшпелі халықтың әлеуметтік-генетикалық қабілетін білдіреді. Кеңістік параметрлерінің көрсеткіші болып табылатын этникалық ерекшеліктері кез келген халықтың әлем көру қабілетіне сәйкес табылады.

Түйіндеме сөздер: кеңістік, концепциялану, әлемдәк тілдік бейне, халық, көрініс, мақал, әлеуметтік-генетикалық модел, ділділік.

Summary

The concept of space in the structure of language picture of the world

Zhuminova A. B. - candidate of philological sciences, Aktobe regional state university to the name of K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe,A. Moldaguloba street, 34,Aktobedrp@mail.ru;

HusainovaSh.S. - master's degree, Aktobe regional state university to the name of K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe,A. Moldagulova street, 34,shahmaran_92@mail.ru

The article deals with the conceptualization of space in the language picture of the world. The fundamental properties of the ethnic group being determined by the specifics of the mentality of an ethnic collective, determine the spatial uniqueness of its life plans. For the linguistic interpretation of current research is the universal phenomenon and ethnic constructs categories of space and the corresponding concepts, ideas, knowledge, expressed through language.

Specification ethno differentiating indicators (perception of the world, national mentality, culture, language) is caused by the natural - geographic parameters of "living space". In connection with this proverb as a cognitive linguistic sign carrying information about the culture of the ethnic group most accurately conveys the conceptual complex mentality of the people. Russian language proverbs indicate harmonious, sincere respect for nature, proverbs Kazakh people show social and genetic adaptation to the conditions of a nomadic extreme. Ethnic originality of language means which express the spatial parameters, due to the peculiarities of a particular ethnic group of world conducting.

Keywords: space, conceptualization, language picture of the world, ethnicity, performance, saying, social and genetic model mentality.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА

ӘОҚ 37.013.42

ИНКЛЮЗИВТІ МЕКТЕПТЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

И.Р. Халитова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Em.:hakitova46@yandex.ru

Мемлекетіміздің білім саласына қатысты қабылданған заңы, бағдарламаларға байланысты инклюзивті мектептер ұйымдастырылуда. Ендігі мәселе олардағы әлеуметтік- педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру және оның мазмұнына, жұмыс жүйесі мен әдістемесіне байланысты өзгертулер ендіру болуы тиіс. Бірақ та инклюзивті мектептегі тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері мен әлеуметтік- педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесі қайта қарауды қажетсінеді.Мақалада осы мәселелерді шешудің жолдары қарастырылған және инклюзивті мектептегі әлеуметтік- педагогикалық жұмыс жүйесі ұсынылған. Инклюзивті мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бағыттары: мүмкіндігі шектеулі оқушының әлеуметтік мәртебесін анықтау, оларды тәрбиелеп, дамытудың жеке бағдарламасын түзу, бейімдеу, түзету, қолдау, көмектесу т.б., Құқығы, мүддесін қорғау және басқару органдарымен бірлікте жұмыс жүргізу, мектеп әкімшілігі, отбасы, оқытушылар , сынып жетекшісі, психолог, дәрігер, физиолог, т.б. мамандармен жұмыс ретінде қарастырылды.

Түйін сөздер: инклюзив, мүмкіндігі шектеулі оқушы, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, жүйе, мақсат, міндет, бағыттар.

Білім туралы Заңы[1], Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жж білім беруді дамыту бағдарламасы [2] және басқа да мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру мәселесіне қатысты жазылған жұмыстарда инклюзивті мектептердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар және осындай мектептегі оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұнына байланысты да сұрақтар туындайтыны анық.

Біз қарастырған ғылыми еңбектермен педагог-практиктардың еңбектерінде инклюзивті мектептердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ерекшеліктері мен жүйесіне әлі толық мән берілмей келе жатқаны байқалады. Осыны ескере келе инклюзивті мектептегі педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүйесіне байланысты мәселеге назар аударды.

Педагогикалық жүйе ұғымына берілген анықтамалар көп. Солардың бірі, белгілі бір педагогикалық ойтұжырым мен тәжрибені іс жүзінде колдану; екіншісі, ұйымдастырылған, алдын-ала белгіленген мақсатқа, тұлғаның бойында нақты бір сапаларды қалыптастыруға бағытталған өзара тығыз байланысты, құралдар, әдістер, мен үрдістер; педагогикалық жүйе, оқушыларды, тәрбиелеу мен оқыту мақсатын, мазмұнын, үрдісін, формаларын, құралдарын қамтиды-делінген. [3].

Жүйенің ерекшелігі оның құрамындағы титімдер(элементтер) өзара тығыз байланыста болуымен, егер олардың бірі жойылса не болмай қалса онда бүкіл жүйенің қызметі бұзылады, алға қойған мақсат жүзеге аспай қалады тіпті нәтижесі қанағаттанарлық болмай қалады.Педагогикада оқыту/оқу жүйесі, іс-әрекет жүйесі, тәрбиелеу жүйесі, тәрбие жұмысының жүйесі, сабақтың құрылымдық жүйесі деген секілді көптеген жүйелер бар. Осылардың ішінде біздің қарастырмақшы болғанымыз инклюзивті мектептегі әлеуметтік- педагогикалық жұмыс жүйесі.

Осы мәселені қадағалап, міндетті түрде назар аударып, бақылап, байқап жүретін және мүмкіндігі шектеулі балалардың басқа да оқушылармен бірге біте қайнасып кетуіне жағдай жасауды қарастыратын әрине әлеуметтік педагог. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік педагогтың мектептегі атқаратын жалпы жұмыс мазмұны мен әдістемесі, формалары мен мақсат міндеттеріне бірқатар қосымшалар болуы тиіс. Жлапы алғанда бұны әлеуметтік педагогикалық жұмыс жүйесі арқылы қамтамасыз етуге болады.

Демек әлеуметтік-педагогтың инклюзивті мектептегі жұмысының мақсатын, мүмкіндігі шектеулі балалар мен қалыпты оқушылар, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру арқылы сапалы білім беру/алуына, тәрбиеленуіне шарт түзу-деп анықтауға болды. Бұнда қалыпты оқушылар мен мүмкіндігі шектеулі оқушылардың бірдей тең құқылы, және жағдайларының да бірдей болуы маңыз-

ды. Әлеуметтік педагог баса назар аударатын тұсы да осы. Бұл мақсатқа жету бірқатар міндеттерді іске асыруды қажетсінеді. Олар әлеуметтік педагогтың күнделікті атқаратын кәдімгі жұмыстар болғанымен мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше қаперге алынатын тұстарының бар екенін естен шығармауы. Осыған орай біз төмендегі кестеде келтірігне жұмыс бағыттарын ескеруі тис деген ойдамыз. 1-кесте.

Инклюзивті мектептегі әлеуметтік-педагогтың іске асыратын міндеттерін төмендегіше қарастыруға болады. Олар мыналар:

1. Әлеуметтік педагогтың жұмысы мүмкіндігі шектеулі оқушының әлеуметтік мәртебесін анықтаудан басталады. Мектеп жасындағы оқушылармен әңгімелесу, тестілеу, сұхбат, құжаттарымен танысу арқылы оның жеке басының ерекшеліктерін, мысалы, қабілеттері, ақыл-ой мүмкіндіктері, тәрбиелеуге көнуі, қасиеттері мен денсаулығы, психикасының ерекшеліктері мен балалардың тәрбиелілік деңгейі мен жинақтаған тәжірибесі, оқуы т.б. анықталады.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бағыттары	**Іс-әрекет қызметі**	**Жұмыс түрлері**
1. Мүмкіндігі шектеулі оқушының әлеуметтік мәртебесін (статусын) анықтау	Диагностикалау	Тестілеу, сауалнама, әңгіме, сұхбат, баланың жеке құжаттарын зерделеу т.б.
2. Мүмкіндігі шектеулі оқушыны тәрбиелеп, дамытудың жеке бағдарламасын түзу	Болжау	Оқушы туралы жиналған мәліметтерді талдау, медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық емдеп, тәрбиелеу
3. Мүмкіндігі шектеулі оқушыны бейімдеу, түзету, қолдау, көмектесу т.б.	Әлеуметтендіру, қатарға қосу (реабилитация)	Бақылау, байқау, әңгіме, сұхбат, ойын, жаттығу, мақтау, мадақтау, өзіндік жеке жұмыс жоспарын түзу және жүзеге асыру, тәрбиеленушіге жеке кітапша арнау, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерімен, ата- аналармен байланыс т.с.с.
4. Мүмкіндігі шектеулі оқушының құқығы, мүддесін қорғау және басқару (Заң және әкімшілік) органдарымен бірлікте жұмыс жүргізу, оқушының мүддесін қызығушылығын қорғау	Араға түсіп делдалдық ету, патронаж міндетін атқару	Сендіру, иландыру, нандыру, шүйіркелесу, көз жеткізу, сұхбат
5.Мектеп әкімшілігі, отбасы, оқытушылар, сынып жетекшісі, психолог, дәрігер, физиолог, т.б. мамандармен жұмыс		

1-кесте. Инклюзивті мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бағыттары

2. Мүмкіндігі шектеулі оқушының әр қайсысына жеке жұмыс бағдарламасын түзу немесе оның алғашқы кездегі жай-күйін есепке алу және одан кейінгі кезде дамуы, өзгеруі, мектеп бітірген кезде қандай болуы керек - деген секілді болжамды пайымдауының болуы шарт. Осыған орай әлеуметтік педагог оқушының күйзелісінің сипатын, мысалы, денсаулығы, психикасы, тәрбиесінің кемшілігі мен дене мүмкіндіктерін т.б біліп, одан соң онымен жұмыс бағыттарын - оқыту, тәрбиелеу, емдеу, қолдау секілді т.б. белгілейді.

3. Егер оқушы отбасындағы кемтар балаға болған мәміле мен олардың бала болашағына қатысты ниетін білу және кеңестер беру;

4. Мүмкіндігі шектеулі оқушының мүддесін, құқығы мен міндеттерін түсіндіруде әкімшілік органдарының қызметкерлерімен жұмысын үйлестіре отырып жүргізу. Медицина қызметкерлерімен кеңесу, дене мүмкіндіктерін дамытуға арналған жаттығулар ұйымдастыру, психологиялық бейімдеу, педагогикалық қолдау жұмыстарын іске асыруды үйлестіре де әлеуметтік педагогтың құзырында.

5. Инклюзивті мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушының барлық жай күйінен хабардар болуып отыру, жетістіктері мен көмекке мұқтаж ахуалдарды анықтап дер кезінде жәрдем беруді ұйымдастыру да әлеуметтік педагог тарапынан іске асырылады.

Инклюзивті мектептегі мүмкіндігі шектеулі балаларға байланысты келтірілген жұмыс ерекшеліктерін ескере келе әлеуметтік педагогтың жұмыс мазмұнын анықтауға болады. Олар оқушылардың мүмкіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келесілерді қамтуы тиіс:

- Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды диагностикалау арқылы олардың оқу және тәрбиелену траекторияларын жобалау;
- Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың әр қайсысымен жұмыс жоспарын түзу және оларды жүзеге асыру жолдарын қарастыру;
- Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың отбасымен жұмыс мазмұнын анықтау және олардың жекелеген ерекшеліктеріне байнанысты кенестер беру;
- Пән мұғалімдерімен жұмыста мүмкіндігі шектеулі оқушалырмен қарым қатынаста олардың ерекшеліктерін ескеруді көздеуге байланысты кеңес беру;
- Мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныптағы оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісімен байланыс орнату және бірлесіп жұмыс істеу;
- Мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, қалыпты балалардың олармен қарым-қатынас орнату ахуалдырын ескеру бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

№	Жұмыс жүйесі	Жұмыс мазмұны
1.	Мақсаты	Мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты оқушылармен және мұғалімдермен қарым-қатынасын үйлестіру арқылы әлеуметтендіру;
2.	Міндеттері	- мүмкіндігі шектеулі балаларды диагностикалау және кемістік түрін анықтап сипаттама беру; - мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты жоспарлау; - мүмкіндігі шектеулі оқушылардың отбасымен, мұғалімдермен, мектеп психологі, дәрігер т.б. байланыс орнату; - оқушылармен тәрбиелік сағаттар ұйымдастыру; - мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнайы және қажетті жағдайлар жасау;
3.	Мазмұны	Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмысты қалыпты оқушылармен бірлікте ұйымдастыру және олардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру; сынып жетекшілері және басқа да мұғалімдерге мүмкіндігі шектеулі оқушының кемсітігі мен мүмкіндіктері жайлы мәліметтер жеткізу; мүмкіндігі шектелуі оқушылардың отбасымен байланыс орнатып, ата-аналармен жұмыстар ұйымдастыру, консультациялар беру; оқушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
4.	Формалары	Жеке оқушымен жұмыс; топпен және көпшілік формадағы жұмыстар ұйымдастыру;
5.	Әдістері	Тәрбиелеуде оқушының сана-сезіміне ықпал ету; іс-әрекетін ұйымдастыру; ынталандыру әдістерін және басқа да тәрбиелеу технологияларын пайдалану;
6.	Құралдары	Электронды техника құралдары, көрнекіліктер, БАҚ материалдары, кітаптар т.б.
7.	Ұстанымдары	Тәрбиелеу ұстанымдары; әлеумттік-педагогикалық жұмыс ұстанымдары;

2- кесте. Инклюзивті мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүйесі

Әлеуметтік педагогтың жалпы жұмыс мазмұнына қосымша мүмкіндігі шектеулі балалармен атқарылатын шаралар жоспарланып, оларды іске асыруда басқа да мұғалімдерді көмекке тарту маңызды.

Осы және басқада әдебиеттердегі инклюзивті мектептерге байланысты мәселелер туралы материалдарды негізге ала отырып, инклюзивті мектептегі әлеуметтік педагогикалық жұмыс жүйесін анықтауға тырысып көрдік. 2-кестеде оның мазмұны келтіріді.

Инклюзивті мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты оқушылармен және мұғалімдермен қарым-қатынасын үйлестіру арқылы әлеуметтендіру;

Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды диагностикалау және кемістік түрін анықтап сипаттама беру;
- мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты жоспарлау;
- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың отбасымен, мұғалімдермен, мектеп психологі, дәрігер т.б. байланыс орнату;
- оқушылармен тәрбиелік сағаттар ұйымдастыру;
- мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнайы және қажетті жағдайлар жасау;

Мазмұны:

- мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмысты қалыпты оқушылармен бірлікте және олардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру;
- сынып жетекшілері және басқа да мұғалімдерге мүмкіндігі шектеулі оқушының кемсітігі мен мүмкіндіктері жайлы мәліметтер жеткізу;
Мақала жоғары сынып оқушыларын лидерлікке даярлаудың маңызына арналған. Автор оқушыларды лидерлікке даярлаудың маңызын сараптай келе, тиімді лидер болу үшін тұлғаның бойында болуы тиіс қажетті сапаларға тоқталады. Мақалада мектепте іскерлікпен табысқа жете алатын, айналасына адамгершілігі мол, шығармашылық идеялары бар, өзінің іскерлік қабілеттерін дамытуға, ізденімпаздықпен өзін жетілдіруге ұмтыла алатын, дербес шешімдерін белсенділікпен жүйелі іске асыратын оқушы-лидерлерді даярлау қажеттілігі сөз етіледі. Сол себепті қазіргі өмірдің стратегиясын анықтай алатын, тұлғалық және қоғамдық даму тәжірибесінде оны жүзеге асыру тактикасын жетілдіре алатын адамдар қажет екендігіне тоқталады. Білім беру саласында адамдармен оңай тіл табыса алатын, лидерлік дағдыларға ие, талдауға, ынталандыруға, стратегиялық ойлауға және тиімділікке қабілетті жаңа типтегі лидерлер даярлау қажеттілігіне назар аударады. «Біліктілік» және «харизма» ұғымдарына қысқаша түсінік беріледі. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты зерттеген авторлар еңбектеріндегі харизматикалық лидерге тән жеке қасиеттерді көрсетеді. Лидерлердің жай адамдардан мақсаттылдығымен және жігерлілігімен, адамдар тобын басқаруға құлшынысымен, адалдығымен және парасаттылығымен, өз күшіне сенімділігімен, білімімен, сонымен бірге біліктілігімен ерекшеленетініне мән береді. Сондықтан да тиімді лидер бойында болуы тиіс біліктіліктер топталады және түсініктемелер беріледі. Мақалада «лидер» және «бедел» ұғымдарының айырмашылығы көрсетілген.

Негізгі сөздер: лидер, тұлға, оқушы-лидер, лидерлік, харизма, жоғары сынып оқушысы, бедел, біліктілік.

ҚР-ның білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті мен лидерлік қасиеті бар белсенді оқушыларды, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру аясында жастар ұйымдарының жетекшілерін даярлаудың көзделуі, жоғары сынып оқушыларын лидерлікке даярлаудың қажеттілігін арттыра түседі [1].

Осыған орай оқушылар мен жастар ортасындағы өнегесіздік пен агрессивтілікке қарсы тұра білетін, мектепте іскерлікпен табысқа жете алатын, айналасына адамгершілігі мол, шығармашылық идеялары бар, өзінің іскерлік қабілеттерін дамытуға, ізденімпаздықпен өзін жетілдіруге ұмтылатын, дербес шешімдерін белсенділікпен жүйелі іске асыратын оқушы-лидерлерді даярлау қажет.

Себебі лидер рөлін меңгерудің маңыздылығы қазіргі елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар жағдайында өз ойларын білдіріп сөйлей алатын адамды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызды және жеке мақсаттарға жету үшін адамдарды біріктіре отырып, әрекет жасай алатын адамдарға деген ерекше сұраныстың пайда болғандығымен түсіндіріледі. Бұл дегеніміз, қазіргі қоғамдық даму өмірдің стратегиясын анықтай алатын, тұлғалық және қоғамдық даму тәжірибесінде оны жүзеге асыру тактикасын жетілдіре алатын адамдар қажет екендігін анық көрсетеді. Сол себепті адамның бала кезінен жинақталған тәжірибесі оны өмір бойы сүйемелдейтіндігіне байланысты оқушы-лидерді даярлау мәселесі барынша өзекті болып табылады. Себебі лидер рөлін меңгерудің қажеттілігі, қабілеттілігі мен мүмкінділігі оқушыға өзінің өмірлік келешегін көруді, нақты мақсаттарды анықтап, оған жетуді, тұлғалық өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық ғылымын игеріп, белсенділікке, дербестілікке, жауапкершілікке және эмпатияға үйренуге мүмкіндік береді.

Демек, қазіргі таңда білім беру саласында адамдармен оңай тіл табыса алатын, лидерлік дағдыларға ие, талдауға, ынталандыруға, стратегиялық ойлауға және тиімділікке қабілетті жаңа типтегі лидерлер керек. Алайда ондай лидерлерді қайдан табу керек деген заңды сұрақ туындайды. Дейтұрғанмен ұдайы өзгермелі жағдайда білім беру жүйесінің барлық деңгейінде талантты, әрі жақсы дайындықтан өткен лидерлердің аздығы жасырын емес екені анық. Сондықтан білім беру жүйесінде лидерлік дағдыға ие және жоғары білікті, талантты жоғары сынып оқушыларын іздеп табу, оларды даярлау мүмкіндігі жұмыстың қажетті, әрі маңызды құрамдас бөлігі.

Сол үшін де, кез келген білім беру саласында нақты қандай лидер даярлау қажеттігін анықтау мақсатында, оның біліктілік бейінін бекітуіміз тиіс. Бұл идеяның негізі болашақ лидерлердің өзгелерден жауапкершілік, қабілеттілік жағынан ерекшелігі болуы керектігін талап етеді. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей, келешекте кез келген жағдаятта қандай болмасын қиындықтармен кездессе де, дұрыс шешім қабылдай білетін, қиындықтардан шыға алатын, біліктілігі жоғары лидер даярлау – жауапты, әрі күрделі міндет болып табылады.

Өйткені, лидерлікті тиімді жүргізудегі басты *біліктілік* – ол лидердің харизматикалық ықпалының деңгейі. Осы тұста «*харизма*» ұғымына қысқаша мәлімет бере кетер болсақ, ол – жеке даралық тартымдылығы сипатымен жағымды көрінетін лидердің мінез-құлық сипаттамалары мен өзіндік сапаларының жиынтығы; лидерлік ықпалдың ерекше формасын атайды [2].

Сондай-ақ айта кетер жайт аталмыш мәселені қарастырған көптеген авторлар харизматикалық лидерге тән жеке қасиеттерді табуға талпынғандарымен, бар болғаны келесідей бес сипаттамаға қол жеткізді:

- Харизматикалық лидерлер неге ұмтылу керектігін біледі;
- Олар стратегиялық мақсатқа жету жолында тәуекелге бас тігуге дайын;
- Сыртқы ортаның қойған шектеуін сезіне алады;
- Ізбасарларының қажеттіліктерін сезіне біледі;
- Үйреншікті шеңберге жатпайтын іс-әрекет үлгісін көрсетеді [3].

Осыған байланысты біз харизматикалық лидер деп, өзінің соңынан топты ерте алатын, адамдарға ықпалы бар бірегей қабілеттілік пен ерекше қасиетке ие адамды түсінеміз. Өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай ізбасарларының ішкі жан дүниесіне күшті әсер ете алатын, мінсіз болашақты болжай білетін, оған жол нұсқай алатын лидер харизматикалық лидер деп есептеледі және лидердің харизматикалық сипаттамалары тұрғысынан алдын ала болжау стратегиясы мен ізбасарларды мотивациялық шабыттандыра алуы саналады. Харизматикалық лидер адамдардың сеніміне ене алады және өздерінің даралық бірегейлігі мен күші арқылы құндылықтарын қабылдатуға қозғаушы болады [2].

Сол себепті топтағы сыныптастарының бойында ортақ миссиялық сезімін ояту лидерлік факторларының бірі болып табылады. Лидердің харизматикалық ықпалын көрсететін біліктіліктерінің ішіндегі бастысы – оның әрдайым жауапкершілікті өз мойнына ала білуінде.

Демек, *лидер* – адамдарды артынан ілестіре алатындай *нағыз лидер болуы үшін* олардың бойында ерекше бір әсер қалдыра білуі керек. Ол арқылы достарының жүрегінде болашаққа деген сенім ұялатып, олардың іс-әрекетіне бастама бола отырып, туындаған мәселені бұрын ешкім қолданбаған мүлдем жаңа тәсілмен шешуге қол жеткізуге болады.

Сондықтан да *тиімді лидер болу үшін тұлғаның бойында:* болашақты көре білу, дұрыс мақсат қою, мәселені шешуде ақпаратты талдау, жағдайға икемділік, дұрыс шешім қабылдау, ал тұлғааралық қарым-қатынаста тыңдай білу, сезімталдық, бастамашылдық, ойын тез жинақтай білу, адамдарға ықпал ете білу, яғни сөйлеу мәнері, өзіне сенімділік, сендіре білу және жеке қасиеттері қажырлылық, сапалы жұмысты ынталандыру, үйрене білу, шыншылдық сынды сапалар болуы қажет [4].

Сондай-ақ мектеп білім беру мекемесі ретінде лидердің қалыптасу үрдісіне өзінің позитивті үлесін әрқашан да қосуы тиіс. Себебі, лидер – бұл топтың тіршілік кеңістігін ұйымдастыруға қабілетті, мақсатқа бағытталған, табысты түрде өзін-өзі реттеудің үлгілерін көрсете алатын адам. Ал, мектеп қоғамдық өмірге араласа бастаған оқушыға өзін барынша нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орын.

Сонымен бірге қазіргі күні лидер деп маңызды мәселелер кезінде шешім қабылдау құқын беретін топ мүшесін атайтыны мәлім. Сәйкесінше, лидерлік – бұл топ ішілік қарым-қатынас жүйесінде әсер ету, бағыну қатынастарында көрінеді [5]. Демек, ол іс-әрекеттің, қарым-қатынастың ұйымдастырушысы, дем берушісі, бастамашысы болып, еліктеуге өнеге бола білу қабілетінен байқалатын субъектілік позицияны меңгеру, тұлғалық қалыптасудың тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Сол себепті де, лидерлер жай адамдардан мақсатшылдығымен және жігерлілігімен, адамдар тобын басқаруға құлшынысымен, адалдығымен және парасаттылығымен, өз күшіне сенімділігімен, білімімен, сонымен бірге біліктілігімен ерекшеленеді деген пікір айтуымызға болады.

Осы тұста біліктілік ұғымына тоқтала кетсек, стандартқа сәйкес, ***біліктілік*** – бұл тәжірибеде білім мен дағдыны қолдануды көрсете білуді айтамыз. Ал ***біліктіліктер*** – бұл тек білім мен дағды ғана емес, сондай-ақ оқушының іс-әрекетінен көрінетін жоғары табыстылыққа жеткізетін құндылығы, жеке қабілеті болып табылады.

Сондықтан да ***лидердің біліктілігінің бейінін*** [5] ***төмендегідей топтауымызға болады:***

- ✓ нәтижеге бағытталу;
- ✓ өзгерістерге бейімделу;
- ✓ адам ресурстарын басқару;
- ✓ тиімді коммуникация.

Осыған сәйкес, жоғарыда көрсетілген лидерлік біліктіліктерінің анықтамасына қысқаша тоқталар болсақ:

Нәтижеге бағытталу – бұл өзіне жауапкершілік ала білу, айқындалған мақсаттарға жету үшін жоспарлы және дәйекті әрекет ету, топтағы қажеттіліктер мен басымдықтарын ескере отырып, қолда бар ресурстармен басқара білу қабілеті.

Өзгерістерге бейімділік – бұл лидердің тиімділігіне қойылатын талаптардың бірі. Ол басшының өзінің құндылығы мен ұстанымын өзгертпестен, жағдайға қарай ойлары мен іс-әрекетін өзгерту қабілеті. Өзгерістерге икемді болу оның сыртқы орта өзгерістерін терең түсінуімен, ағымдағы және болашақтағы жағдайды талдау, стратегиялық ойлау, икемділік және бастамашылдық қабілеттерімен тығыз байланысты.

Адам ресурстарын басқару – бұл лидердің ізбасарларын басқарудағы дәйекті тәсілдерді сақтауға, топтың ағымдағы және келешектегі қажеттіліктері негізінді адам ресурстарын жоспарлауға, оларды іс-әрекетке ынталандыруға, атқаратын ісін құрметтеуге және оларға топ мақсатына жету үшін септігін тигізетін қолайлы еңбек жағдайын қолдауға жауапты болу қабілеті.

Тиімді коммуникация – бұл лидердің топ мақсатына жету жолында ақпараттарды тиімді алмасу, тыңдаушылардың қажеттілігін ескере отырып, түрлі жағдайда коммуникацияның түрлі нысаны мен тәсілін қолдану арқылы өзінің көзқарасын айқын және нақты тұжырымдау, өзгелерді тыңдай білу және кері байланыс орната білу қабілеті [5].

Демек, лидер топ ішіндегі тұлғааралық қатынастарды реттейді. Лидер кіші топта пайда болады. Лидер топ мүшелерімен салыстырғанда алға қойылған мақсатты, міндеттерді шешуде асқан қызығушылық, белсенділік танытады. Лидер белгілі бір жағдайға байланысты туады деп айта аламыз, ол топтың іс-әрекеті кезінде өте қажет болады.

Мектеп жағдайында білім алушы субъектілерге лидер туралы түсінікті қалыптастыру маңызды. Себебі бұл туындаған жағдайларда дұрыс бағытын таңдауға және ондағы оқушының өзіндік

тұлғалық орнын табудың тиімді әдісін таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ педагогтар мен оқушылар арасында жүргізілген сауалнамалар лидерді беделі жоғары адам ретінде сипаттайды. Мұндай пікір мектеп практикасы үшін шынайы орынды көрсетеді, әдетте лидер шынайы түрде беделді тұлға болып табылады. Бірақ ***«лидер»*** және ***«бедел»*** сөздерінің ұқсастығы үнемі нақты емес, өйткені барлық беделді адам лидер бола бермейді. Лидер – топты белгілі міндетті шешуге ұйымдастырушы адам, сондықтан онда іс-әрекеттік бастама басымдылық танытады, ал беделді адам мұндай қызметті үнемі орындай бермейді. Ол тек мысал және идеал ретінде болады. Іскерлік міндеттерді шешу оған міндетті және қажетті болып табылады. Осыған орай, лидерлік феномені – бұл ерекше құбылыс, ол өзге түсініктермен сипатталмайды деп нақты айта аламыз [6].

Лидердің субъект ретіндегі өзге сипаттамалық ерекшелігі оның жеке ойларында, пікірінде, әрекеттері мен іс-әрекеттерінде көрінеді. Дәл осы қасиет лидерге өзге еркін орындаушы қызметін атқармауға мүмкіндік беріп, өз қатынасы мен әрекеттерінде бастамашылдық танытып, өз үдерісін өз бетімен іске асыра алады.

Лидер субъектілі позициясының көрінуі жауапкершілікте, жаңа басталған істі аяғына дейін жеткізу мүмкіндігін беріп, сонымен қатар өзгелер іс-әрекетін басқару кезінде өз және өзге іс-әрекетіне жауапкершілік таныту керектігін түсінуге жағдай жасайды.

Демек табысты лидер жоғары энергетикалық әлеуеті көрсетілген, белсенді, бастамашы, жауапкершілігі мол, өзін-өзі көрсете білетін тұлға деп түсінеміз. Осыған байланысты, лидердің негізгі қызметтеріне оның көңіл-күйінің жинақталуы, мәртебесі мен оның әрекетінің реттелуінен анықтауымызға болады [7].

Сонымен бірге лидер өзін қолда бар ақпаратты қолдану әдістерінде көрсетеді, мәселен өз іс-әрекетін өзгелер іс-әрекетін ұйымдастыруда, түзетуде, жетілдіруде және ойластыруда қолдану және беру. Яғни лидерді өзге негізде сақтау, жинақтау, ақпаратты беру, ақпараттың маңызды қорын құрушы ретінде сипаттауға болады.

Қорыта келе, қазіргі кезде лидерлік мәселесінің маңыздылығы осы құбылыстың ерекшеліктерін зерттеп-тануда ғана емес, сонымен қатар оқушылардағы лидерлік қасиеттерін тиімді дамыту үшін арнайы педагогикалық шарттарды құрудан тұрады. Бұл өз кезегінде қоғамның өмірлік әрекетін алға жылжытуға және ондағы белсенді мүшелерді барлық әрекеттерге қатыстыруға мүмкіндік тудырады. Сол себепті де, егер мектепте қалыптасып келе жатқан жоғары сынып оқушысына лидер рөлін орындай отырып, субъектілі позициясын көрсетуге мүмкіндік берілетін болса, бұл үрдіс табысты түрде жүзеге асады деп толық айта аламыз.

1 Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.

2 Байкулова А.М. Түркі ғұламалары еңбектеріндегі харизматикалық лидердің сипаты // ХАБАРШЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ 2015. №2 (46).

3 Ермеков М.М. Мемлекеттік басқару тиімділігін қамтамасыз етудегі көшбасшылық факторы. мем.және басқ. бейіні докт...дисс. -Астана: ҚР-ның Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару акад-сы, 2014. – 132 б.

4 Лобанов В.В. Работа с высшим административным персоналом в США и других зарубежных странах. - М.: Изд-во РАГС, 2006. -230 с.

5 Кричевский Р.Л. Современные тенденции в исследовании лидерства в американской социальной психологии // Вопросы психологии. 1977. №6. -С. 119-120.

6 Crosscurrents in leadership. Leadership Symposia series.V.5 / Ed.by J. G/ Hunt et al. Carbondale 1979.

7 Кудряшова Е.В. Лидерство как предмет социально-философского анализа: автореф…докт.филос. наук. - М., 1996. – 50 с.

Резюме

Важность подготовки старшеклассников к лидерству

Байкулова А.М. – PhD докторант 3 курса по специальности 6D010300 - Педагогика и психология, aigerim.baikulova@mail.ru

Научный руководитель: **Абдигапбарова У.М.** – д.п.н., профессор кафедры Педагогика и психологии КазНПУ им. Абая, Abdigapbarova_um@mail.ru

Статья посвящена важности подготовки старшеклассников к лидерству. Автор, анализируя важность подготовки учеников к лидерству, выделяет необходимые качества, которыми должен владеть личность, чтобы стать эффективным лидером. В статье упоминается необходимость подготовки ученика-лидера, который своей энергичностью может добиться успеха в школе, своей любознательностью стремится к саморазвитию, проявляя свою активность, самостоятельно реализует свои решения. Поэтому также особо отмечается необходимость в

людях, которые могут определить стратегию современной жизни, способные совершенствовать тактику ее реализации на личном опыте и опыте общественного развития. Автор уделяет внимание необходимости подготовить лидеров нового типа, способные быстро находить общий язык с людьми в сфере образования, имеющие лидерские принципы, способные анализировать, поощрять, мыслить стратегически и эффективно. Дается краткое описание понятиям «профессионализм» и «харизма». Также рассматриваются отдельные качества, присущи харизматичному лидеру в трудах авторов изучающих данную проблему. Особое внимание уделяется таким особенностям лидера как целеустремленность, энергичность, способность управлять группой людей своим стремлением, верностью, здравомыслием, уверенностью в своих силах, знаниях. Поэтому груп-пируются и анализируются профессиональные качества, которые должны быть у лидера, а также рассмат-ривается их значение. Рассматривается различие таких понятий как «лидер» и «авторитет».

Ключевые слова: лидер, личность, ученик-лидер, лидерство, харизма, старшеклассник, авторитет, профессионализм.

Summary

The importance of leadership training in high school pupils

Baikulova A.M. – 3th course PhD doctoral specialty of Pedagogy and psychology, KazNPU named after Abai
Scientific supervisor: **Abdigapbarova U.M.** – doctor of pedagogical sciences, professor., KazNPU named after Abai

The article is devoted to the importance of leadership training in high school pupils. Author distinguishes necessary skills that an individual must acquire to become an effective leader by analyzing the importance of preparing pupils for leadership. The article mentions the need to prepare the pupil-leader, who with his/her vigor can succeed at school, strive to self-development with curiosity, showing an activity in realizing decisions independently. Therefore, also the needs for people who can define the strategy of modern life that can improve the tactics of its realization in personal experience and the experience of social development have been emphasized. The author pays attention to the need to prepare a new type of leaders that can quickly find a common language with people in the field of education, with leadership principles that can analyze, encourage, and think strategically and effectively. A brief description of the concepts of “professionalism” and “charisma” has been given. It also discusses the quality of the individual inherent to charismatic leader in the works of authors who study this problem. Particular attention is paid to the peculiarities of the leader as sense of purpose, energy, ability to manage a group of people with desire, loyalty, common sense, self-confidence, knowledge. Therefore, professional skills necessary to be a leader are grouped and analyzed, also their definitions are considered. The difference of concepts such as “leader” and “authority” is reviewed and summarized.

Key-words: leader, personality, pupil-leader, leadership, charisma, high school pupils, authority, professionalism.

ӘӨЖ: 37.018.11

ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

М.Қ. Ибраева – *Абай атындағы ҚазҰПУ* 6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 2 курс *PhD докторанты,* ibraeva.mk@mail.ru
Ғылыми жетекші: Ұ.М. Абдигапбарова – *п.ғ.д. Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика және психология кафедрасының профессоры,* Abdigapbarova_um@mail.ru

Мақалада ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту әдістерінің жолдары қарастырылады. Мектепке дейінгі педагогиканың кейбір мәселелері туралы айтылады. Белсенділік ерте жастағы баланың таным іс-әрекетіне деген қатынасын сипаттайтын бір белгісі екендігі түсіндіріледі. Мақалада сонымен қатар баланың дамуы, саналы қалыптасуы оны тәрбиелеу мен оқыту процесінде ересектердің іс-әрекеті баланы ерте жастан бастап моральдық сапалары мен қасиеттерін дамытуға бағытталған жағдайда ғана жүзеге асатындығын атап көрсетеді. «Таным», «таным объектісі», «таным субъектісі», «танымдық белсенділік» ұғымдарына қысқаша түсінік беріледі.

Тірек сөздер:, таным, таным объектісі, таным субъектісі, танымдық белсенділік, ерте даму.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2008 жылдың ақпанындағы халыққа Жолдауында: «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек» - деп айтылған [1].

Баланы туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі тәрбиелеу мен дамыту туралы ғылым – *мектепке дейінгі педагогика болып табылады.* Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты біреу, ол – жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, ой өрісін, сана-сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету [2].

Біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы. Адам – абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық танымның өлшемі».

Таным дегеніміз субъектінің объективтік шындыққа қатынасының түрі. Таным қатынастар түрінің даму процесі ретінде субъектінің өмірін басынан аяғына дейін қамтиды. Былайша айтқанда ол өмірімен бірге ілесіп жүреді. Егер субъекті мен объектінің қарым-қатынасы бейтарап болса, танымдық процеске қажеттілік тумайды.

Таным — адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан әрі өзгерту мүмкіндігін мақсат ететін, мақсатты бағытталған белсенді бейнелену үдерісі. Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі — адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді.

Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол — бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін.

Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Таным объектісі материялық, дүние немесе рухани құбылыс, сонымен катар субъектінің өзі де болуы мүмкін. Таным объектісі мен субъектісінің мәнділігі - субъектісіз объект болмайды, объектісіз субъект болмайды.

Субъектінің даралық қасиеттерін қалыптастырудың негізі деп саналатын мотивтердің бірі – танымдық белсенділік. Баланың бүкіл өмір бойында оның даму үрдісі жүреді. Даму үрдісінде баланың *таным белсенділігі* арта түседі. *Белсенділік* баланың таным іс-әрекетіне (мақсатқа жетудің тиімді жолдарын таңдау, талпыныс, жүзеге асыру) деген қатынасын сипаттайтын тұлғаның бір белгісі ретінде түсіндіріледі.

Адамның белсенділігінің дамуы, өмірінің барлық мезгілінде, барлық кезеңінде шешуші фактор болып табылады. Ғалымдар таным белсенділігін дамыту проблемаларын түрлі теориялық дерек-көздер арқылы әртүрлі негізде көрсетеді.

Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл Фараби өзінің "Бақыт жолында" атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығын айтса, ұлы Абай өзінің қырық үшінші қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-тұссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады [3].

Баланың психикалық дамуындағы танымдық белсенділіктің рөлі көптеген зерттеулермен дәлелденген (Л.В.Занков, А.А.Смирнов, В.В.Давыдов, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская, П.Я.Гальперин, Г.С.Костюк, А.Н.Леонтьев, Н.Ф.Талызина, Ш.А.Амонашвили, С.Н.Лысенкова, т.б.) [4].

Бұл жөнінде Г.С.Костюк былай деп атап көрсетеді: «Белсенділік баланың өзін қоршаған ортамен өзара әрекетіне кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді, өсіп келе жатқан жанды заттың өмірлік талаптарын қанағаттандырудың қажетті жағдайы болып саналады, ағзаның ортамен «теңгерілуінің» барлық механизмдерінің пайда болу жағдайы болып табылады.... Дені сау ағзаға тән белсенділік саналы адамдық іс-әрекетке айналуы тиіс» [5].

Белсенділік психологиясы ұғымы Л.П.Гримактың «Адам психикасының қоры» (Резервы человеческой психики) еңбегінде ғалым осы кітаптың «Психологиялық белсенділікке кіріспе» тарауында белсенділіктің мазмұнын дәл, нақты, толық сипаттайды. Белсенділік бір жағынан өзін таныту, көрсету, өмірден өз орнын алу, бейімделу үшін қажет, екінші жағынан ол түрлі психикалық жаңа құрылымдардың, жасалымдардың (новообразования) пайда болуы мен орнауын қамтамасыз етеді [6].

Таным белсенділігінің мәселесі – педагогикалық зерттеулердің терең негізі екенін атап көрсету керек. Оның зерттеуіне маңызды үлес қосқандар: М.Н. Скаткин, И.Ф. Харламов, М.А. Даншов, И.Л. Лернер, М.И. Махмутов, Т.Ш. Шашова, Г.И. Щукина, және тағы басқалар болды.

Балалардың танымдық белсенділігін дамытудың педагогикалық шарттарын саналуан әрекет түрлерінде: ойын, оқу, таным, оқу-танымдық, еңбек, қарым-қатынас, т.б. дамитындығын Ш.А.Амонашвили көрсетеді.

Танымдық белсенділіктің құрылуы мәселесінің педагогикалық қыры Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, А.П.Усова, т.б. зерттеулерімен байланысты. Олардың жұмыстарында баланың айналасындағы адамдармен, сыртқы ортамен өзара әрекеттестігі кезінде баланың *танымдық белсенділігін ерте жастан дамыту* керектігі дәлелденген.

А.Страунинг, М.Шустерман танымдық белсенділікті дамыту проблемаларының әдістемелік қырына көңіл бөледі.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде *белсенділікке* төмендегідей анықтамалар беріледі[7]:

- Таным субъектісінің ақыл-ой қабілеттерінің көрінуі (С.Л. Рубенштейн).
- Әртүрлі сезімдерді белсендіргіш (Д. Фрейер).
- Адамның іс-әрекеті мен санасының деңгейін жоғарлататын эмоциональды – еріктің және ақыл-ой процессінің ерекше қорытпасы (А.Г. Ковалев).
- Білімді қарқынды меңгеруге әзірлік, яғни қабілет пен ұмтылыс (Н.А. Половников).
- Субъектінің қоршаған заттар мен құбылыстарға қатысты қайта құрылу әрекетінің көрінуі (Л.П. Аристова).
- Тұлғаның күшейтілген танымдық жұмысымен сипатталатын еріктік жағдай (Р.А. Низамов).
- Баланың өмірлік күшінің әсерлігі (Г.И. Щукина).

Қазіргі таңда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуды жүзеге асырудың мазмұндық және іс-әрекеттік бағытының педагогикалық негізіне арнайы жүргізілген зерттеу жұмыстары аз. Әсіресе ғылыми негізін жүйелеп түсіндіретін осы бағыттағы зерттеу жұмыстары өз негізінде нақтылы шешімін табу қажет. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерге жасаған талдау негізінде жүзеге асыру мәселесінің әлі де болса өзінің шешімін таба қоймағанын, ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда түсініксіз мәселенің көптеп кездесетінін көрсетеді. Проблеманың өзектілігін талдау мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытуда қоғамның қажеттілігі мен әлемдік білім беру кеңістігіне табысты кіру үшін мұғалімдер мен тәрбиешілерді кәсіби даярлаудың қажеттілігі және Қазақстанның педагогикалық ғылымында оның негізгі жағдайларының жеткіліксіз теориялық және тәжірибелік-эксперименттік негізделуі арасындағы қарама-қайшылықтың шешілу қажеттілігіне әкеліп отыр. Дегенмен соңғы кездегі психология-педагогика ғылымы саласындағы зерттеулер нәтижесі балалардың танымдық қызығуын неғұрлым ертерек дамытса, соғұрлым олардың болашақтағы оқу әрекеті жемісті болады, - деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Баланың дамуы, саналы қалыптасуы оны тәрбиелеу мен оқыту процесінде үлкендердің іс-әрекеті баланы ерте жастан бастап субъектілік сапалары мен қасиеттерін дамытуға бағыттаған жағдайда ғана жүзеге асады. Баланың ынтасын үнемі шектеп отыру оның дамуын тежейді. Оның дамуы ұзаққа созылады, үлкен психикалық және физикалық күш жұмсауды қажет етеді, бала кінәмшіл болып, жас ерекшелік дағдарысқа ұшырайды. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдер көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастырады, балалардың психикалық: ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталылықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекет пен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі.

Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады, өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқаны жөн.

Ересектер дегеніміз - кәсіби және мақсатты түрде кіші жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына ықпал ететін балаға жақын отбасындағы адамдар, мектепке дейінгі мекемелердегі мамандар. Біз балалармен жұмыс жасаймыз, олардың әрқайсысы өзінше әртүрлі. Олардың барлығы әртүрлі психологиялық, педагогикалық, материалдық және тағы да басқа даму жағдайында болады. Ересектер ерте жастан бастап-ақ баланың әрекеттерін ұйымдастырады, жеке тәжірибе жинақтауын қамтамасыз етеді, іс-әрекет үлгілерін, оны дұрыс орындау тәртіптерін көрсетіп береді. Үлкендердің функциясы баланың сабақ, ойын, еңбек үстінде өздігінен, шығармашыл белсенділігін арттыру, оған қажетті мөлшерлі көмек көрсету.

Баланың өмір сүру субъектісі болып қалыптасуында балаға үлкендердің көзқарасы маңызды. Бүгінде тәрбиелеу практикасында мұндай көзқарастардың бірқатары қарастырылады. Мысалы, баланың жетістіктеріне назар аударманушылық байқалады, олар үлкендерге аса маңызды емес сияқты болып көрінеді. Қолдау таппағандықтан, өзіне назар аударту үшін теріс әрекеттер жасай бастайды. Бұл бала тарапынан қарсылық көрсетуге әкеліп соғады, балада бастаған ісін аяқтау сияқты білік қалыптаспайды, баланың ынтасын тежейді. Үлкеннің мұндай әрекеті балада дәрменсіздік комплексін

қалыптастырады – оның ісін қызықсыз және біртекті күйге келтіреді, өзіндік әрекет пен ынталылық көрсетпейді. Ерте жастағы балалар немқұрайлылыққа төзбейді және қалай да болса ересектердің назарын аударуға тырысады. Осылай ересектердің ұзақ уақыт бойғы немқұрайлылығының салдары баланың теріс әрекеттер жасауына әкеліп соғады, ол әртүрлі қарсылықтар білдіріп, сол сияқты айналасындағыларға ашық түрде ынтасыздық көрсетеді. Балалардың жағымсыз істеріне, білмегендіктеріне «үлкендер қатал» талаптар қояды да, жағымды жақтары аталмайды, сол күйінде қабылданады. Мұндай жағдайда балалар өздерінің кемшіліктері үшін үнемі теріс баға алады, басқа балалармен салыстыру объектісіне айналады. Теріс баға баланың ынтасын, белсенділігін төмендетіп, кемшіліктері үшін қорқумен шектеледі. Балалар мақтағанды да, ескертпелерді де оңай ажыратады. Ересектердің әділетті бағалауы баланың саналы тәртіптілігін, өзіне-өзі сенімін дамытады. Ересектердің «субъект-субъект» көзқарасы балаға өзіндік, шығармашыл әрекеттің бастаушысы, өзіндік ерекшелігі бар, қайталанбас бірегей жеке тұлға ретінде, тіпті әзірге тұрақты емес, қалып-тасып болмаған болса да болмаса да өзіндік мақсаты мен талаптары бар адам ретінде қарауды көздейді. Баланың әрекетін, қылықтарын оң бағалау оны дамытудың, белсенділігін арттырудың басты факторы екендігін білеміз. Ерте жастағы балаларға ескерту жасауды, теріс бағалауды пайдаланғанда, бала емес, оның теріс қылығының бағаланатынын естен шығармау қажет: «Сен жаман емессің, бірақ сен жаман қылық көрсеттің, ол дұрыс емес, себебі...» деп айту керек. Баланың іс-әрекеті мен оның нәтижесін бағалағанда алдымен жағымды жақтарын, содан кейін жағымсыз жақтарын айтып, оның мүмкіндігіне сенімділікпен қарау қажет.

Тәрбиелеу және үйрету әдістерінің көмегімен баланың қоршаған ортамен байланысы кеңиді: ол өзін-өзі ұстаудың кейбір ережелерін меңгереді, үлкендердің талаптары мен тапсырмаларына бағынады, ересек адамдармен бірінші болып әңгіме бастайды. Басқа балалармен қарапайым қарым-қатынастары пайда болады: бала құрбылары мен олардың әрекеттеріне еліктейді, қызығушылық танытады, бірге ойнауға тырысады, басқа балалардың ойынына қосылуға талаптанады.

Сонымен, ерте жастағы балалардың субъектік қасиеттері мен сапаларын қалыптастыруды баланы өзара әрекеттестіктің тең құқылы қатысушысы ретінде қабылдап, оның мүддесі мен сұраныстарын ескере отырып, әрекеті мен қылықтарын объективті түрде бағалау арқылы, оның белсенділігін арттыру және дамыту үшін қажетті жағдайларды ұйымдастыру арқылы ерте жастан бастау керек. Бұл жол үлкендерден шеберлікті, шыдамдылықты, өсіп келе жатқан адамға және оның ұдайы жетілуіне деген қамқорлық пен сыйластықты талап етеді.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2008жылғы 7 ақпан.

2 Р. К. Аралбаева Мектепке дейінгі педагогика: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша дайындалатын студенттерге арналған оқулық – Алматы: 2012 ж.

3 Философский энциклопедический словарь. М.: ИНФРА-М, 2002.

4 Божович Л.И. Избранные психологические труды. Проблема формирования личности. М.: Педагогика, 1995.

5 Костюк Г.С. Избранные психологические труды. Москва, 1988.

6 Гримак Л.П. Резервы человеческой психики: Введение в психологию активности – М:.Полиздат,1989.

7 Педагогическая энциклопедия в 4-х т/ под ред. Каирова. М.: Советская энциклопедия, 1966.

Резюме

Познавательная активность – философская, психологическая, педагогическая проблема

Ибраева М.К. – PhD докторант 2 курса по специальности 6D010100 – Дошкольное обучение и воспитание, ibraeva.mk@mail.ru

Научный руководитель: **Абдигапбарова У.М.** – д.п.н., профессор кафедры педагогики и психологии КазНПУ им.Абая, Abdigapbarova_um@mail.ru

В данной статье рассматриваются методы познавательной активности у детей раннего возраста. Также указаны некоторые проблемы дошкольной педагогики. Выяснено, что в основу указанных методов положено познание, как необходимое условие развития познавательной активности ребенка. Также рассмотрены основной путь влияния взрослых на развитие личности детей – организация усвоения ими моральных норм, регулирующих поведение людей в обществе, эти нормы усваиваются ребенком под влиянием образцов и правил поведения, образцами поведения для детей служат прежде всего сами взрослые — их поступки, взаимоотношения. А также дается определение понятий как «познания», «объект познания»,» субъект познания», «познавательная деятельность».

Ключевые слова: познания, объект познания, субъект познания, познавательная деятельность, раннее развитие

Summary

Cognitive activity is philosophical, psychological, pedagogical problem

Ibraeva M.K. – PHD doktoral 2th courses on speciality 6D010100 is the Preschool teaching and education, ibraeva.mk@mail.ru

Scientific supervisor: **Abdigapbarova U.M.** doctor of pedagogical sciences, professor.

KazNPU named after Abai, Abdigapbarova_um@mail.ru

In this article methods of informative activity at children of early age are considered. Some problems of pre-school pedagogy are also specified. It is found out that the knowledge as a necessary condition of development of informative activity of the child is the basis for the specified methods. Are also considered the main way of influence of adults on development of the identity of children — the organization of assimilation of the moral standards regulating behavior of people in society by them, these norms are acquired by the child under the influence of samples and rules of conduct, as examples of behavior for children serve first of all adults — their acts, relationship. And also definition of concepts as "knowledge", "object of knowledge"," the subject of knowledge", "cognitive activity" is given.

Keywords: knowledge, object of knowledge, subject of knowledge, cognitive activity, early development

ӘӨЖ 376.5 (574)

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

М.К. Жайлауова – п.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ доценті, mzhailauova@mail.ru

Мақала бастауыш мектеп кезеңінен бастап дарынды балаларды анықтау және олармен түрлі жұмыс формаларын ұйымдастыру мәселесіне арналған. «Дарындылық» ұғымының мәні түрлі ақпарат көздерінен айқындала келе, дарындылықты анықтау критерийлері арқылы анықтау мүмкін болатын оның түрлеріне сипаттама берілген. Дарындылық ұғымымен қатар жүретін «талант» пен «данышпандық» қырларына түсінік берілген. Дарынды балаларда туындайтын мәселелер және оның шешімін табу мақсатындағы мұғалім тарапынан орындалуы тиіс әрекеттер көрсетілген. Мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби сапаларын дамыту жолдары ұсынылған. Дарынды балаларды анықтау мен оны қолдау мақсатында Азия мен Еуропада жүргізілетін жұмыс бағыттарына салыстырмалы түрде талдау жасалған. Дарынды балаларды дамыту бағытында ересектер тарапынан ескерілуі тиіс бірқатар кеңестер берілген.

Түйін сөздер: дарындылық, данышпандық, талант, қабілет, шығармашылық, оқу үдерісі, білім, білік, дағды.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер елдің болашағын айқындайтын әлеуметтік-мәдени элитаның қалыптасуын талап етеді. Балалардың табиғи дарындылығы неғұрлым ерте анықталып, оның дамуы бағытында жұмыстар ерте қолға алынса, дарынды тұлға соғұрлым кеңірек ашыла түседі, әрі қарайғы өмірлік әрекетінде мол табысқа жете алады. Сондықтан дарынды бала тәрбиелеу бастауыш мектептегі оқу үдерісінен бастап жүзеге асырылуы тиіс.

«Дарындылық» ұғымының мәнін түрлі ақпарат көздерінен қарастырар болсақ, **Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндірілсе** [1], Б.М.Теплов дарындылықты «қандай да бір әрекетті орындауда табысқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз еткізетін қабілеттердің сапалық үйлесімі» деп анықтаған. Мұнда дарындылық қабілеттердің механикалық тұрғыдағы жиынтығы емес, оған кіретін компоненттердің өзара әрекеттестігінен туындайтын жаңа сапа деп түсіндіріледі [2]. Яғни аталған екі пікірге ортақ түсінік: дарындылықты қабілеттің жоғары дәрежесі деп тануы.

Дарындылық қандай да бір әрекеттегі табысты емес, осы табысқа қол жеткізу мүмкіндігін ғана қамтамасыз етеді. Тапсырманы сәтті орындап шығу үшін қабілеттер кешенінен бөлек, білім, білік, дағды қажет.

Дарындылықты анықтау критерийлері:

1. әрекет түрі және оны психикада қамтамасыз етуші аймағы;
2. қалыптасу дәрежесі;
3. көріну формасы;
4. түрлі әрекетте көріну кеңдігі;
5. жасқа сай даму ерекшелігі [3].

В.В.Щорс бойынша дарындылық түрлері:

1. Көркем дарындылық. Ол әртістік шеберлік, әдебиет, ән, мүсін, техника салалары бойынша дарындылық деп бөлінеді. Көркем дарындылық сезімге негізделеді.

2. Шығармашылық дарындылық. Ол баланың әлемді стандартты емес қабылдауы мен түсінуінен байқалады. Мұндай дарындылықтың 4 белгісі бар:

1) ерекше идея мен өнім— кез келген мәселенің ерекше шешімін, стандартты емес жолын табу;

2) жаңа және күрделі жағдаяттарда идеяларды табу қабілеттілігі;

3) үлгіге икемделе ойлану — объектінің жаңа мүмкіндіктерін көру мақсатында оның формасын өзгерту қабілеттілігі.

3. Әлеуметтік (көшбасшылық) дарындылық – өзге адамдармен ұзақ уақыттық өзара қарым-қатынас орната алу қабілеттілігі.

4. Зияткерлік және академиялық дарындылық – талдауға, ойлауға, фактілерді салыстыруға қабілеттілік.

5. Қозғалыстық (психомоторлық) дарындылық – спортқа қабілеттілік.

6. Моральдық сапалармен байланысты рухани дарындылық.

7. Практикалық дарындылық - күнделікті өмірде зияткерліктің жоғары деңгейін көрсету [4].

Неміс психологы В.Штерннің пайымдауынша, дарындылық – бұл жеке тұлғаның өз ойын жаңа талаптарға саналы түрде бағдарлай алуға, психиканың жаңа міндеттер мен өмір шартына икемделе алуға қабілеттілігі [5].

Ағзаның табиғи қажеттілігі өзінен-өзі адамның дарындылығына айналмайды. Ол тек адамның дарындылығын айқындайтын шарттар жүйесінің бөлінбес компоненті болып табылады. Дарындылық ағзаның емес, жеке тұлға дамуының ішкі мүмкіндіктерін көрсетеді.

Дарындылық адамның нақты әрекеті жүзеге асатын жағдайларға байланысты ғана байқалады. Ол осы әрекетті орындауға адамның ішкі мүмкіндігі мен сол уақыттағы психологиялық жағдайын көрсетеді. Дарындылық динамикасы үшін талаптар деңгейі үлкен рөл атқарады. Бұл дарындылықтың дамуына әсер ету үшін оқу талаптары да жоғары дәрежеде болуы қажет деген сөз.

Дарындылық мәселесіне арналған әдебиеттерде жалпы және арнайы дарындылыққа байланысты пікірталастырарлық ой көтеріледі. Ч.Спирмен, В.Штерн, Э.Мейман, Т.Циген, Э.Торндайк және ассоциативтік психология өкілдері жалпы дарындылықтың бар екенін мойындай отырып, ол арнайы қабілеттің құрамында болады деген пікірді алға тартады.

В.Штерн ақыл-ой жасы мен хронологиялық жасы арасындағы қатынасты орнату мақсатында интеллектуалдық коэффициент (IQ) ұғымын енгізді. Бұл тек қана дарындылық деңгейін емес, сонымен бірге даму қарқынын да анықтау мүмкіндігі. Негізінен IQ оның белгілі бір кезеңдегі даму деңгейін ғана анықтайды. Дарындылықты өлшеудің практикалық маңызы өмір сүру шарттарына байланысты ары қарайғы дамуын болжауда болып отыр.

Дарындылық жайлы аталғанда талант пен данышпандық оның бір қыры ретінде қарастырылатын кездері кездеседі.

Талант – адамның белгілі бір әрекет түріне жоғары қабілеттілігі. Бұл күрделі еңбек әрекетін өз бетінше табысты, ерекше үлгіде орындап шығуына мүмкіндік беретін жоғары деңгейде дамыған арнайы қабілеттер жиынтығы [5]. Балалық шақта-ақ музыка, математика, лингвистика, техника, спорт және т.б. салалар бойынша таланттың алғашқы белгілері байқалуы мүмкін. Таланттың қалыптастып, дамуы өмірдің қоғамдық-тарихи шарттары мен адам әрекетіне байланысты.

Данышпандық – жеке тұлға дарындылығының ең жоғарғы деңгейі, қоғам үшін тарихи маңызы бар шығармашылық. Данышпан, бейнелі түрде айтқанда, өз білімі аумағында жаңа эпоха жасайды [1].

Көп жылдан бері оқушылардың қабілеттілігі түрлі олимпиада, ғылыми конференция, турнир, көрме, жеке пәнді тереңдетіп оқытатын мектеп, лицей, гимназияларда, жазғы мектептер мен сауықтыру-дамыту мекемелерінде анықталып, бағаланатын.

Қазіргі уақытта балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдерге үлкен жауапкершілік артылған: топта психологиялық орта мен эмоционалды жайлылық орнату, қандай да бір әрекет түрінде табысқа қол жеткізу. Басты мәселе – шығармашыл, дарынды тұлға дамыту. Данышпан жүз жылда бір туылуы мүмкін, бірақ талантты және қабілетті балалар көп, тек олардың даму мүмкіндігін жіберіп алмау керек. Мұндай балалар үшін оқу ерекше, жеке әлеуетін дамытуға бағытталатындай болуы қажет. Осыдан қоғамдық сипаттағы өзекті мәселе туындайды: балалық шақтан бастап дарындылықты сақтау үшін жағдай жасау және дамыту.

Дарынды балаларға қорқыныш сипаты тән, себебі олардың қиялы ұшқыр. Олар сонымен қатар, шектен тыс сезімтал, шыдамсыз, бәрін жанына жақын қабылдағыш. Дарынды балаларда туындайтын мәселелер:

- Мектепке немқұрайлылық. Бұл балаға оқу бағдарламасы олар үшін тым жалықтырғыш, қызықсыз болып көрнуінен туындайды. Тәртіп бұзушылық оқу бағдарламасы оның қабілетіне сәйкес келмеуінен пайда болуы мүмкін. Дарынды балаларға құрдастарының ойындары мүлдем қызықсыз. Осының нәтижесінде дарынды бала ортадан шеттеледі, тұйықталады.

- Философиялық мәселелерге шому. Дарынды балаларға өлім, о дүние, діни сенім, философиялық мәселелер жайлы ойлану тән.

- Физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамудың сәйкес болмауы. Дарынды балалар жасы үлкен балалармен араласуды қалайды. Осыған орай оларға көшбасшы болу қиынға соғады.

- Мінсіздікке ұмтылу. Дарынды балаларға мінсіздікке іштей қажеттілігі сипаты тән. Осыдан өзіне қанағаттанбау, өзін дәрменсіз сезіну, төмендету сезімдері туындайды.

- Ересектер назарында болудың қажеттілігі. Дарынды балалар мұғалім, ата-ана және өзге де ересек адамдардың назарында болғанды қалайды. Зияткерлігі жағынан өзінен төмен балаларды жеккөрушілікпен сыни пікір айтып, ортадан шығарып тастауға тырысады. Осылайша, дарындылықты сақтау және дамыту – қоғам өркендеуінің мәселесі, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру [5].

Дарынды балалармен жұмыста мұғалім төмендегілерді ескеру керек:

– дарынды балалардың дамуы үшін тиімді жағдай жасау;

– дарынды балалармен түрлі жұмыс формалары;

– оқу әрекетінде ынтымақтастық орнату;

– оқушылардың өз бетінше әрекет етуі.

Дарынды балалармен жұмыстағы бір ерекшелік – шығармашылық ойлауына әсер етуші жағдай жасау. Бұл үшін жұмысты төмендегі бағыт бойынша жоспарлау қажет:

1. Дарынды балаларды анықтау жүйесін құру:

– сынып оқушыларын психологиялық-педагогикалық зерттеу;

– сыныптан сыныпқа көшерде балаларды жүйелі бақылау;

– тереңдетілген жеке зерттеу жүргізу үшін балаларды анықтау;

– психолог маманның жүйелі диагностикалауы.

2. Оқу үдерісін ұйымдастыру:

– стандартты емес сабақтар;

–зерттеу әрекеті, өз бетінше шындықты тану;

– қосымша әдебиеттермен жұмыс;

– ойлану, талқылау, өз ойын айту, стандартты емес тапсырмалар;

– бейімді оқыту;

– шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру.

3. Сабақ пен сыныптан тыс жұмыстар байланысы:

- зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- олимпиада, конференция, конкурстарға қатысу;

- базалық қосымша білім берумен қамтамасыз ету;

- ғылыми-тәжірибелік конференциялар.

4. Жалпы дамытушы іс-шаралар – мектептегі дәстүрлі іс-шаралар; пәндік апталықтар.

Аталғандардан бөлек, дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың төмендегідей негізгі формалары бар:

1. Шығармашылық шеберхана
2. Параллельді сыныптардың озат оқушыларымен топтық жұмыс
3. Факультативтер
4. Қызығушылығына қарай үйірмелер
5. Зерттеу әрекетімен айналысу
6. Конкурстар
7. Интеллектуалдық марафон
8. Ғылыми-практикалық конференциялар
9. Олимпиадалар
10. Жеке жоспар бойынша жұмыс [6].

Дарынды балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыра алу, дарынды баланы кешенді түрде қолдау, дамыту үшін жеке жұмыстар жүйесін құру қажет. Ал бұл үшін мұғалімнің жоғары кәсіби құзіретті болуы шарт.

Жоғарыда аталған мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттер мен кәсіби сапаларын дамыту жолдары:

1) тренингтер көмегімен – өзін және өзгелерді түсінуі үшін;
2) оқу үдерісі, дарындылық түрлерін дамыту үдерісі және ерекшеліктері жайлы білімін тереңдету;
3) тиімді оқыту мен жеке бағдарламаларды құру үшін қажет біліктілігін жетілдіру.

1-кесте. Азия мен Еуропа елдірендегі дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағыттары

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағыттары	**Азия**	**Еуропа**
Дарынды балаларды анықтау	•IQ тестін өткізу; •бірыңғай мемлекеттік емтиханды жүйелі жүр-гізу; •элиталы мектептерге конкурстық іріктеу;	• мектеп мұғалімдерінің бағалауы; •психологтың бағасы; •ата-аналар мәліметі; •балалардың өзін-өзі идентификациялауы; •жарыс, олимпиада, мәдени шара, шығармашыл топ т.б. сыныптан тыс әрекеттегі жетістік; • топтық, жеке тест; • оқушалыр әрекетін өлшеу мен дарындылықты анықтаудың сараланған психологиялық және жалпы Еуропалық тестісі; •стандартты емес ойлауды анықтау тестісі
Дарынды балаларды қолдау және дамыту	•дарынды балаларға арналған «супермек-теп», арнайы мамандан-дырылған мектептер мен университеттік орталықтар; •балаларға қосымша білім беру жүйесі; •қабілеттеріне қарай дәстүрлі мектептегі топтастыру; • дарынды балаларды жекелей оқыту; • кіріктірілген оқыту; •оқушылар конференциясы және бірлескен халықаралық зерттеулер; •жеңілдік, стипендия арқылы оқушыны жігерлендіру; •ЖОО бағдарламалары, ЖОО орталықтары, мектептің профильдік бағдарламасына ЖОО курсының енуі; •қосымша репетиторлық мектептер	•сынып аттап оқу; •білім беруге «ерте ену»; •өңірлік, ұлттық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалар; •дарынды балаларға арналған жазғы мектептер мен тыныңу орталықтары; •арнайы сыныптар мен арнайы мамандандырылған мектептер; •мектептен тыс білім беру; •оқушылар мен ата-аналар үшін психологиялық қолдау; •оқытудың жекеленуі (жеке оқу жоспары, жеке мектеп карьера) •жоғары сынып оқушыларымен аралас оқыту; • дарындылық орталықтары, университеттегі дарындылар курсы, студенттермен бірге оқу; • кешенді мектеп бағдарламасы; •міндетті білім беруден босату; •мектепті ерте бітіру; •жеке және үй жағдайындағы оқыту; •қарапайым мектептегі тәжірибелік бағдарламалар; •демалыс күндері курсы; •интеллектуалдық ойындар

Мұғалімнің дарынды балалармен жүргізетін жұмысы – бұл күрделі әрі ешқашан тоқтамайтын үдеріс. Ол мұғалімнен және тәрбиешілерден жеке тұлғалық өсуді, дарынды балалар психологиясы мен оларды оқыту тұрғысындағы жаңа біліммен үнемі толығып отыруды, сонымен бірге психологпен, өзге мұғалімдермен, әкімшілікпен және міндетті түрде дарынды балалардың ата-аналарымен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынаста болуды талап етеді.

Балалардың дарындылығын дамыту бағытында ересектерге кеңес:

1. Балаға негізгі адами қажеттіліктерге қанағаттана алуына көмектесіңіз (қауіпсіздік, махаббат сезімі, өзіне және өзгелерге құрмет). Себебі негізгі қажеттілігіне ие болуға ұмтылған адамның күш-қуаты кеміп, қабілеттілігін көрсете алмайды. Баланың тұлғалық қалыптасуына және қызығушылығына құрмет – оның дамуының негізі.

2. Баланың шығармашылығын көрсету мүмкіндігін төмен бағалаудан аулақ болыңыз (оның туындысын әлі де жақсартуға болады деп айтпаңыз).

3. Баланың ерекше идеяларына шыдамдылық танытыңыз, оның көп білуге ұмтылуын, сұрақтарын құрметтеңіз. Барлық сұрақтарына, тіпті ол «шектен шыққан» болса да, жауап беруге тырысыңыз.

4. Балаға жалғыз өзі қалуға, егер қалап жатса, өз жұмысын өзі атқаруға мүмкіндік беріңіз. «Басшылық» шығармашылықты қиындатып, дарындылығының дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

5. Балаға өзін шығармашыл тұлға ретінде бағалауға көмектесіңіз.

6. Балаға мәселенің шешімін табуда құрдастарының жауабынан көңілі қалудан, күдік келтіруден аулақ болуына көмектесіңіз.

7. Баланың әрбір бастамасына қолдау көрсететін сөздер табыңыз, оның алғашқы тәжірибесін сынаудан аулақ болыңыз: ол қаншалықты сәтсіз болса да, оған жылылықпен қарау керек, себебі бала өзі үшін ғана емес, өзі жақсы көретін жандар үшін де алға ұмтылады.

8. Мәселені шешуге шығармашыл бағдар беруде жеке басыңыздан мысал келтіріңіз.

9. Түрлі сала бойынша проблемалық сұрақтарды кеңірек қолданыңыз.

10. Оның бақылаушылығын, назар қоюын дамыту үшін түрлі образдағы жаңа заттармен қамтамасыз етіп отырыңыз.

11. Белсенді түрде сұрақ қоюға мүмкіндік беріңіз.

12. Ынтымақтастық, қарым-қатынас жасау дағдылары арқылы құрдастары тарапынан жағымсыз көзқарас пен қоғамның дұрыс қабылдай алмауынан аулақ болуға көмектесіңіз. Белсенді шығармашыл әрекетін көрсете алмай, қолдау таба алмаған бала өз күш-жігерін, идеясын басқадай теріс бағытта қолдануы да мүмкін [7].

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесін зерттеуде бір сыныпта қарапайым оқушы мен дарынды оқушы бірге білім алып, іріктеу жүргізілмейтін сырттай емес, іштей саралап оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін даярлау қажеттілігіне баса назар аудару керек. Бұл мәселе өнімді түрде шешімін табуы үшін дарынды балаларды анықтау, оқыту, дамыту бағытында жұмыс жүргізетін мұғалімнің кәсіби-тұлғалық даярлығы қажет.

Сонымен, дарынды балаларды дамыту мәселесі осы уақытқа дейін де зерттелген және күні бүгін де өзектілігін жоймаған. Дарынды баланы дер кезінде анықтау, оны дамыту жолында мол тер төгу, аянбай еңбектену – өз нәтижесін берерлік іс. Тек бұл бағытта неғұрлым тиімді болатын әдіс-тәсілдер мен формаларды дұрыс таңдап, оларды оқушының жас және жеке ерекшелігін ескере шығармашылықпен қолдана білу қажет.

1 Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под общ.ред.проф.Л.И.Скворцова. 24-изд., испр.. – М.,Оникс, Мир и Образование, 2007. – 1200 с.

2 Теплов Б.М. Труды по психофизиологии индивидуальных различий. – М.: Наука, 2004

3 Богоявленская, Д.Б. Психология творческих способностей./Д.Б. Богоявленская. - М., 2002.

4 Проблема одаренности детей/ сайт в интернете http://ru.m.wikipedia.org.

5 Штерн В. Дифференциальная психология и ее методологические основания. – М., 1998. – 336 с.

6 Богоявленская Д.Б., Брушлинский А.В., Бабаева и др. «Рабочая концепция одаренности» под редакцией В.Д. Шадрикова, - М.,2002.

7 Богоявленская, М.Е. Природа «проблем» одаренных: методическое пособие / Электронный ресурс. Режим доступа: [http://www.den-za-dnem.ru.]/

Резюме

Работы с одаренными детьми и способы их организации

М.К. Жайлауова – к.п.н., доцент КГУ имени Коркыт Ата, mzhailauova@mail.ru @mail.ru

Статья посвящена проблеме определение одаренных детей с начальных классах и организация с одаренными детьми разных форм работ. Дается определение с разных источниках понятию «одаренность» и охарактеризуется виды одаренности, которые определяются с определенными критериями. В ряду с одаренностью рассмотрены такие близкие по смыслу понятия, как «талант» и «гениальность». Расскрыты проблемы одаренных детей и показаны действия учителя для решения этих проблем. Приводится в пример индивидуально-личностные качества учителя и дается способы развития их профессиональных качеств. Анализированы направления работ в странах Азии и Европы по определению и поддержке одаренных детей. А также дается совет взрослым по развитию одаренных детей.

Ключевые слова: одаренность, гениальность, талант, способность, творчество, учебный процесс, знание, умение, навык.

Summary

Works with exceptional children and ways of their organization

M.K.Zhailauova - candidate of pedagogical sciences, associate professor KSU by Korkyt ata, mzhailauova@mail.ru

Article is devoted to a problem definition of exceptional children with initial classes and the organization with exceptional children of different forms of works. Definition with different sources is given to the concept "endowments" and will be characterized types of endowments which decide on certain criteria. Among with endowments such faithful concepts as "talent" and "genius" are considered. Rasskryta of a problem of exceptional children actions of the teacher for the solution of these problems are also shown. It is cited as an example individual and personal qualities of the teacher and given ways of development of their professional qualities. The directions of works in the countries of Asia and Europe by definition and support of exceptional children are analyzed. And also the advice to adults on development of exceptional children is given.

Keywords: endowments, genius, talent, ability, creativity, educational process, knowledge, ability, skill.Аннотация на англ

УДК 37.1

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ж.Н. Тугелбаева – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ. e-mail: tg.zhazira@mail.ru

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің диагностикалық білігін қалыптастыру үшін бұл проблема ерекше өзекті, себебі болашақ бастауыш сынып мұғаліміне білім берудегі диагностика мәселесі қазіргі педагогикалық технологияларды дайындау және білім беру процесіне енгізумен байланысты және оларды жүзеге асыру мұғалімдерден диагностикаланатын мақсаттар жүйесін құру, оқыту процесін жетістіктерге бағыттау, ағымдық, аралық және қорытынды нәтижелерді бағалау, оқушылардың тұлғалық сапаларының өзгеруін талдау сияқты жаңа арнайы біліктерді қажет етеді.

Түйін сөздер: педагогикалық диагностика, бақылау, бағалау,талдау,диагностика нысаны мен субъектісі, диагностика әдістері.

Қазіргі кездегі өзгерістер, экономиканы дамытудағы стратегиялық жаңа бағдар, жедел ақпараттану мен әлеуметтік даму қарқыны білім жүйесіне, кәсіби мамандар даярлауға зор талап қояды.Қоғам өзінің әлеуметтік экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың күшеюіне байланысты өз ісін жетік білетін және кәсіби біліктілігі биік мамандарды қажет етеді.

Дамыған елдердің жоғары мектебі қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше үрдістерін қарастырады: жоғары білімді демократизациялау; ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу өндірістік кешендер құру; оқытуды және студент еңбегін дараландыру, білім беруді ізгілендіру; жоғары білімді компьютерлендіру; оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою, жоғары оқу орнында оқытушы кадрларды даярлау мен олардың кәсіби деңгейін көтеруде педагогика мен психологияның рөлін көтеру, т.с.с.Мұндай процесс әртүрлі елдерде өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, білім беру жүйесінің дәстүрлеріне қарай әртүрлі деңгейде көрініс тапқан.

Біздің елімізді дамытудың қазіргі әлеуметтік экономикалық, саяси жағдайлары және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесі білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажеттілігін тудырады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050 Стратегиясында» [1] педагогикалық қоғамдастықтың алдында ауқымды міндет тұрғандығы, ол білім берудің жаңа моделін құрып, оны сынақтан өткізу, тәжірибеге енгізудің негізгі принциптері көрсетілген. Онда: «мамандар даярлау жүйесінде білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, білім беру және ақпараттық технологияны жетілдіру болып табылады.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін басқарудың тиімді құралдарының бірі ретінде диагностика танылып отыр. Ол оқу процесінің алғышарттарын, жағдайларын және нәтижелерін кеңінен және жанжақты талдауды қамтамасыз ететін, білім беру процесінде болып жатқан барлық өзгерістерді түсіндіретін құрал деп есептеледі.Сондықтан қазіргі заманғы педагог «педагогикалық диагностика» ұғымының мән-мағынасын, оның құралдары мен тәсілдерін, диагностикалық жұмыстардың түрлерін, т.с.с. білуі қажет. Осыларға байланысты нақты әдіснамалық аппаратты, педагогикалық диагностика және ғылыми-педагогикалық зерттеудің логикасын, әдістерін меңгерген жаңа мұғалім даярлау проблемасы аса маңызды болып отыр.

Педагогикалық диагностика мәселелерінің қарастырылу жағдайы оқытуды диагностикалауға арналған арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігімен, бұл мәселеге байланысты зерттеулерде орта және жоғары мектеп арасында сабақтастық жоқтың қасы екендігімен ерекшеленеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің диагностикалық білігін қалыптастыру үшін бұл проблема ерекше өзекті, себебі болашақ бастауыш сынып мұғаліміне білім берудегі диагностика мәселесі қазіргі педагогикалық технологияларды дайындау және білім беру процесіне енгізумен байланысты және оларды жүзеге асыру мұғалімдерден диагностикаланатын мақсаттар жүйесін құру, оқыту процесін жетістіктерге бағыттау, ағымдық, аралық және қорытынды нәтижелерді бағалау, оқушылардың тұлғалық сапаларының өзгеруін талдау сияқты жаңа арнайы біліктерді талап етеді.

Диагностикалаумен тығыз байланысты бақылау мен бағалау мәселелеріне психологтардың (З.И.Калмыкова, Н.А.Менчинская, Н.Ф.Талызина, Л.М.Фридман, т.б.), педагогтардың (Ю.К.Бабанский, М.Н.Скаткин, В.М.Полонский, т.б.), әдіскер-математиктердің (В.Г.Дорофеев, Ю.М.Колягин, А.Д.Семушин, А.С.Шепетов, т.б.) зерттеулері арналғанын, білім беру сапасы менеджменті жүйесін дайындауға отандық ғалымдардың (А.Т.Балықбаев, С.М.Өмірбаев, М.Ж.Жадрина, Г.З.Байжасарова, С.Н.Лактионова және т.б.) еңбектері арналғанын айқындадық.

Педагогикалық диагностика әдістерін қолдану оқу нәтижелерін түсіндіру және көрсетудің ғылыми негізде жасалған диагностикалау құралдарымен қамтамасыз етілген жағдайда ғана табысты болатындығы көрсетілген.80-90-шы жылдары педагогика ғылымында дәстүрлі «оқушылардың білім және білігін тексеру және есепке алу» терминімен қатар кеңінен «диагностика» термині де қолданылды, атап айтқанда В.И.Каганның, М.А.Сыченниковтың, В.П.Симоновтың, И.П.Подласыйдың П.И.Пидкасистыйдың және т.б. жұмыстарында кездесті.

1987 жылы «Мектептегі педагогикалық диагностика» кітабы шықты (Я.Л.Коломенский, А.И.Кочетов, И.И.Прокопьев) [2], 1991 жылы К.Ингенкамптың «Педагогикалық диагностика» [3] атты кітабы біздің елде пайда болды. 1993 жылы Б.П.Битинас және Л.И.Катаева педагогикалық диагностиканың мәнін, функцияларын және перспективаларын зерттеді [4], Е.А.Михалычев педагогикалық диагностика теориясының негізгі ережелерін анықтады [5]. Ресейде 2000-шы жылдары мұғалімді диагностикалық іс-әрекетке даярлау проблемасына байланысты диссертациялар қорғалды.

Педагогикалық диагностика мәселелеріне байланысты еңбектерді талдау зерттеушілер оқыту процесіндегі диагностика функцияларын да назардан тыс қалдырмағанын, оның оқушының да мұғалімнің де іс-әрекетіндегі ролін айқындағанын көрсетеді. Мұғалім диагностиканың көмегімен пәннен білім алу процесіндегі оқушылардың мүмкін болатын сәтсіздіктерінің себептерін анықтайды, оқушыны тек қол жеткен нәтижелер бойынша ғана емес, нақты нәтиже алу барысында пайдаланған танымдық тәсілдері бойынша да бағалайды; оқыту процесінде оқушының алға ұмтылу қарқынын, оның дамуындағы жеке бағыттылығын және т.с.с.анықтайды. Дұрыс және уақытылы қойылған диагноздың болмауы оқу материалын меңгеру туралы толық ақпарат жоқтығынан мұғалімнің жұмысы тиімсіз болады.

Сонымен оқыту процесіндегі диагностика нысаны оқушының іс-әрекеті болып табылады. Оқытудағы диагностика мәселелері бойынша жұмыстарды талдау диагностиканың келесі жалпы дидактикалық мақсаттарын бөлуге мүмкіндік берді:

- мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің игерілу деңгейін (дәрежесін) анықтау және нәтижелерді табысты оқытудың берілген нормаларымен, критерийлерімен салыстыру;

- оқу процесінің ағымын уақытылы айқындау, бағалау, талдау және оның тиімділігін анықтау;

- білім беру жүйесінің қалыпты жұмысының бұзылуын болдырмау және мүмкін болатын ауытқушылықтарын болжап айту;

- алынған диагностикалық мәліметтер негізінде көкейтесті басқарушылық шешімдер қабылдау;

Оқыту процесінде қойылған мақсатқа жету үшін диагностика мәліметтерді жинау мен талдаудың объективті әдістеріне сүйену керек. Жазбаша жұмыстың сапасын өлшеуді жетілдіру проблемасы зерттеушілердің назары тестілеу проблемасына, оның артықшылығын және шектеулілігін талдауға аударылғанын айта кету керек. Оқытудың соңғы нәтижесін, оқушылардың пән бойынша жетістіктерінің деңгейін өлшеуіштерін дайындау кейбір зерттеулерде білім беру сапасын басқару үшін бірыңғайлы диагностикалық құрал ретінде қарастырылады[6].

Сонымен білім беру аясындағы диагностика проблемаларына арналған зерттеулерді талдау, оның келесі жақтары зерттелгенін көрсетеді:

- білім беру аясындағы диагностиканы анықтау, ол ұғымның психодиагностика, медициналық диагностика ұғымдарымен байланысы және өзіндік мәні;

- диагностиканың оқу-тәрбие процесіндегі мақсаттары мен міндеті;

- диагностика нысаны мен субъектісі;

- диагностика әдістері.

Жоғарыда келтірілген әдіснамалық бағдарларға сүйене отырып диагностика ұғымының мән-мағынасын ашуда келесі негізгі ой желілерін тұжырымдалды:

- диагностика нысанның ерекшелігімен қамтамсыз етілген танымның ерекше түрі ретінде қарастырылады;

-гносеологиялық операция ретінде диагностиканың мән-мағынасы құбылыстың (нысанның) ішкі, заңдылықты мәнін теориялық білумен нақты құбылыстың (нысанның) себептерімен, қасиеттерімен салыстыруда болады. Бұл диагностиканы процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

- диагностика процесс ретінде келесі кезеңдерді қамтиды: мәліметтер жинау; оларды түсіну; диагностикаланатын нысанның жағдайының теориялық моделін құру; болжау; жүйені қалыпты жағдайға келтіруге бағытталған бағдарлама дайындау (басқару бағдарламасы);

- диагностика мақсаты диагностикаланатын нысанның жағдайын басқару және бақылау үшін оның нақты жағдайын танып білу;

- диагностика нысандарының ерекшелігі оны қолдану аясын анықтайды.

Диагностика субъектісі адам болады, оның күші зерттелетін нысанның жағдайы жайында толық ақпарат алуға және диагностика нысанын бақылау мен басқару үшін ғылыми негізделген әрекеттер жоспарын құруға жұмсалады;

- диагностика нысаны адам саналы түрде бақылайтын, адамның ықпалымен өзгеретін және әлеуметтік байланыс пен қатынасқа енгізілген жүйелер болады;

- диагностика адамның басқаруының нысаны болатын жүйелерге бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сондықтан, біз, ең алдымен, дайындалып отырған технология келесі кәсіби білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндіктер туғызуы керек деген ойдамыз:

• әдістемелік дайындық жүйесін тұлғалық бағдарлау қағидасы негізінде жүзеге асырылатын жоғары білім берудің гумандық және гуманитарлық идеяларын іске асыру;

• оқыту процесін жетілдіру үшін диагностиканың мүмкіндіктері жайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мағлұматтарын кеңейту арқылы және білімгерлердің рефлексивті ойлауы мен әдістемелік тәжірибесін дамытуға қолайлы жағдай туғызу негізінде оқытуды жобалауда жүзеге асырылатын болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әдістемелік мәдениетін көтеру;

• болашақ бастауыш сынып мұғалімдері болашақ кәсіби біліктің барлық құрылымдық элементтерін көрсете отырып және ол элементтерге бастауыш сынып мұғалімінің жаңа кәсіптік диагностикалық біліктерін енгізе отырып оқыту;

• білімгерлер әр біліктің «іс-әрекеттік» мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ете отырып, диагностикалық біліктерді қалыптастыруда іс-әрекеттік тәсіл қолдану;

• білімгерлерді жалпыоқулық, жалпымәдениеттік және танымның арнайы әдістері мен құралдарын игеру бойынша жеке өздік іс-әрекетке ынталандыру;

• білімгерлердің диагностикалық білікті жүйелі және бірізді игеруін қамтамасыз ету және сәйкес біліктердің қалыптасу деңгейін бірізді қадағалау.

Бұл көрсетілген кәсіби білім беру міндеттерін шешу болашақ бастауыш сынып мұғалімінің диагностикалық білігін қалыптастыру технологиясын құру негізіне салынған жалпы және жекелей қағидаларды жүзеге асырумен байланысты.

Мұғалімнің диагностикалық білігін қалыптастыру көзқарасынан қарағанда бұл қағида технологияның келесі негізгі шарттарын сипаттайды: диагностиканы іске асырудағы әр білімгердің субъективті тәжірибесін айқындау, оны талдау және әлеуметтендіру; диагностикалық біліктерді игеру бойынша білімгерлердің оқу жұмысының қалыптасып келе жатқан тәсілдерін қадағалау; әдістемелік, оның ішінде диагностикалық білікті орындауда әртүрлі мазмұнды тәжірибе алмасуға бағытталған оқытушы мен білімгердің ынтымақтастығы;білімгердің тұлғалық маңызды кәсіби сапаларын нормативті іс-әрекет (яғни теориялық оқуда алатын үлгі, нормативтер) игеру арқылы ғана емес, сол сияқты өздік танымдық іс-әрекет процесінде субъективті тәжірибені үнемі байыту, өңдеу де арқылы дамытатын жағдайлар жасау. Бұл қағиданы жүзеге асыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің диагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін және іске асыруды тез және тиянақты, жеңіл және берік игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, яғни танымдық қабілетті тұлғалық қасиеттер ретінде қалыптастыру.

Сонымен, диагностикалық білікті қалыптастыру технологиясын құрудың негізгі ережелерін бөлейік:

1. Технологияны жобалаудың негізгі идеясы (әдіснамасы) ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін диагностикалық іс-әрекетке даярлау тұжырымдамасы болады. Оның жоғарыда көрсетілген қағидалар негізіндегі басты ережелері келесі болады :

• білімгерді толыққұқықты субъект ретінде әдістемелік білім беру процесіне кірістіретін тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан оқыту;

• біріншіден, тұлғалық-бағдарлық оқыту тұжырымдамасын жүзеге асыруға, екіншіден, әдістемелік даярлаудың тиянақты бөлігі ретінде бастауыш сынып мұғалімінің диагностикалық білігінің моделінде көрсетілген диагностикалық біліктерді игеруге мүмкіндік беретін іс-әрекеттік тәсіл, үшіншіден, технологияны жобалау негізіне мұғалімнің әдістемелік дайындығының негізгі қағидалары: пәндік мазмұнның білімділік құндылығының приоритеттілігі және оны ғылыми ізденіс әдіснамасына сәйкес беру тәсілдері, оқушыларды дамыта оқыту технологиясы және т.с.с. салынған.

2. Дайындалған технологияның әдіснамалық негізіне мақсатты жобалау дидактикалық тұжырымдамасы да кіріктірілген. Бағдарламалық-мақсаттық жоспарлау қағидалары және әдістемелік жүйенің тұлғалық бағдарлау негізінде біз диагностикалық іс-әрекетті игеру деңгейлерін болашақ бастауыш сынып мұғалімін әдістемелік даярлау мақсатында иерархия ретінде бөлдік.

3. Дайындалған технология мазмұны диагностикалық әрекеттерді кіріктіруді ескеретін қосымша және бағдарламалық-мақсаттылық жоспарлау қағидасы; жеке тапсырмалармен бірге сол диагностикалық әрекеттерді іске асырудың сәйкес процедураларын қосу негізінде жобаланды. Ары қарай болашақ бастауыш сынып мұғалімдері диагностикалық іс-әрекетке теориялық және практикалық даярлау негізіне әдістемелік пәндер циклынан қандай пәндер мазмұнының сұрақтары алынғанын көрсетеміз.

4. Дайындалған технологияның процесуалдық жағы әдістемелік даярлықтың тиянақты бөлігі ретінде диагностикалық іс-әрекетті игеру бойынша білімгерлердің өздік оқу жұмысының түрлері арқылы ашылады. Бұл кезеңді дайындауда біз таным процесінің негізгі кезеңдері жайындағы психологтар, дидакттар және әдіскерлердің қорытындыларына сүйендік. Оқу процесінің негізгі бөлімдерінің таным кезеңдерімен және білім, білік, дағдылар қалыптастыру деңгейлерімен бірлігі бізге диагностикалық әрекеттердің мазмұны мен құрылымын түйсіну кезеңінде тиімді болатын білімгерлердің өздік оқу жұмысының түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

5. Дайындалған технологияның құралдық жағы оқытудың дәстүрлі құралдарымен қатар жаңа ақпараттық технологиялар пайдалануға негізделген.

6. Бақылаудың рейтингтік жүйесінің теориялық негіздері оқытудың кредиттік жүйесі болды.

Диагностикалық білікті игерудегі білімгерлердің өздік жұмысының басқа бір түрі реферат дайындау, диагностикалық тапсырмалар дайындау тәсілдерін талдау және түсіну, эксперимент жүргізіп, нәтижелерін өңдеу, зерттеулер жүргізу және т.с.с. Көбінесе мұндай жұмыс білімгерлер ғылыми-практикалық конференцияларға дайындалуда, курстық және дипломдық жұмыстар орындау барысында жүзеге асады. Әр сабақта диагностикалық әрекеттердің мазмұнын талдау қазіргі мектеп

мұғалімінің жаңа позициясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі мұғалім – оқушылардың білімді меңгеру барысы және олардың оқыту процесіне қарым-қатынасы жайында жедел ақпарат алу негізінде оқытуға қабілетті диагност болуы керек.

Бастауыш сынып мұғалімінің диагностикалық білігін осылай пайымдау бұл біліктің келесі құрылымдық компоненттерін бөлуге мүмкіндік берді:

1. Диагностикалау үшін бақылау кезеңдерін белгілеу мақсатында мазмұн мен оның әдіснамалық негіздерінің әрбір диагностикалық білігін логикалық- дидактикалық талдау қажет;

2. Оқушылардың іс-әрекет түрлерін талдау, оның ішінде тексеру кезінде олардың әрекеттерінің құраушыларын таңдау мақсатында диагностикаланатын оқу ақпараттарын алу, қайта қарап жасау және қолдану сияқты өзіне тән ерекше іс-әрекет түрлерін талдау;

3. Диагностиканың кезеңдеріне және оларға қол жеткізу деңгейлерін анықтауға сәйкес оқушылардың іс-әрекетінің айқындалған элементтерін меңгеруді диагностикалаудың мақсаттарын анықтау;

4. Диагностика нысандары ретінде тексеруге шығарылған мазмұн элементтерін меңгеру критерийлерін анықтап, көрсету;

5. Диагностикаланатын мақсаттарға сәйкес айқындалған бақылау нүктелерінде тексеру тапсырмалары үшін мазмұнды іріктеу;

6. Бақылау іс-әрекеттерінің түрлеріне қарай диагностикалық тапсырмаларды пайдаланудың түрлері мен әдістемесін таңдау және күтілетін жауаптардың тізімін жасау.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. «Қазақстан-2050»Стратегиясы.

2 Педагогическая диагностика в школе /А.И.Кочетов, Я.Л.Коломенский, И.И.Прокопьев и др. Под ред. А.И.Кочетова. –Минск: Нар.асвета, 1987. -223 с.

3 Ингенкамп К. Педагогическая диагностика: Пер. с нем. М.: Педагогика, 1991. -240 с.

4 Битинас Б.П., Катаева Л.И. Педагогическая диагностика: сущность, функции, перспективы //Педагогика. -1993. -№2. –С.10-15.

5 Михалычев Е.А. Основные положения теории педагогической диагностики. //Вестник УМНО вузов России по инженерно-педагогическому образованию. –Екатеринбург, 1993. -№1 (10). –С.29-35.

6 Жолтаева Г.Н. Бастауыш сынып мұғалімінің математиканы оқытудағы диагностикалық іс-әрекеті – Алматы, 2005ж.

Резюме

Технология формирования диагностических умений будущих учителей начальных классов

Тугелбаева Ж.Н - магистр педагогических наук, преподаватель Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова, гр Талдыкурган.

Для формирования диагностических умений будущих учителей начальных классов данная проблема является особо актуальной, так как проблема диагностики в обучении будущего учителя начальных классов связана с разработкой современных педагогических технологий и внедрением в образовательный процесс, а также для их реализации требует у учителей новых специальных знаний для создания системы целей диагностики, умений направить процесс обучения на достижение успехов, оценивания текущих, промежуточных и финальных результатов, анализ изменения личностных качеств учащихся

Ключевые слова: педагогическая диагностика, контроль, оценивать, анализировать, объект и субъект диагностики, методы диагностики.

Summary

Technology of formation of diagnostic abilities of the future teachers of initial classes

TugelbaevaZh.N- the master of pedagogical Sciences, teacher of Zhetysu state University named I.Zhansugurov of Taldykurgan gr.

For formation of diagnostic abilities of future elementary school teachers this problem is especially actual as diagnostics problem in training of future elementary school teacher is connected with development of modern pedagogical technologies and introduction in educational process, and also for their realization demands from teachers of new special knowledge for creation of system of the purposes of diagnostics, abilities to direct training process on achievement of progress, estimations of the current, intermediate and final results, the analysis of change of personal qualities of pupils.

Key words: Pedagogical diagnostics, control, estimate, analyze, the object and subject of diagnosis, methods of diagnosis.

УДК: 796.07

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қ.Қ. Дуйсенов – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультетінің «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tarbiesi@mail.ru

Бұл мақалада салауатты өмір сүру бейнесі көптеген қозғаушы күштерге (экономикалық, әлеуметтік, адамның жеке басының тәрбиесі мен біліміне) байланысты екені толығымен анықталды.

Кез-келген таңдаған спорт түрімен, дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану кезінде мектеп жасындағы балалар өздерінің жеке гигиенасына ұқыптылықпен қарауы керек. Бұған тек дененің тазалығы ғана емес, сонымен қатар күн тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден бас тарту және т.с.с. кіреді. Егер өмір сүру стилі дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдануды дұрыс ұйымдастыруға сәйкес келмесе, онда оны өзгерту қажет. Дегенмен, әрбір мектеп жасындағы бала дені сау, күшті, қуатты, сергек болуды, жақсы қимылдауды, неғұрлым ұзақ жасауды қалайды. Денсаулықты сақтауға әрбір жас жеткіншек өзіне жауапты, дегенмен қоғамға да жауапкершіліктер жүктелген. Ел Президентінің Қазақстан – 2030 жолдауында әрбір адамға өз денсаулығын сақтауға жауапкершілік жүктеледі. Аурулардың алдын алып, салауатты өмір салтын орнықтыру – мемлекеттің негізгі басымдылық саясаттарының бірі. Ұлттың саулығы әрбір адамның денсаулығын сақтап, нығайту және салауатты өмір салтын орнықтырумен анықталады.

Түйін сөздер: Дене дайындалғандығы, дамыту, білім беру, диагноздау, руханият, жетілдіру, дағды.

Дене тәрбиесі сабағының нәтижелілігі оқытушының алдын-ала белгілеген жоспарын қаншалықты жүзеге асыруына көп жағдайда байланысты. Оқытушы шұғылданушылардың қызметін ұйымдастырудың барынша ұтымды әдістері мен әдістемелік тәсілдерін қолдануы, бар қондырғыларды, құрал-жабдықтарды, оқытып, үйретуге арналған техникалық құралдарды, тиімді пайдаланып, сонымен бірге сабақ өткізілетін орынның (спорт зал немесе мектеп жанындағы спорт алаңы, стадион немесе парк, тегіс немесе ойлы-қырлы жер), ауа райының температуралық жағдайы, оқушылардың дайындық деңгейі, олардың жас, жыныстық және жеке ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Сабақтың ұйымдастырылуының қамтамасыз етілуінде мыналар қарастырылады:

1/ санитарлық – гигиеналық жағдай жасау;

2/ материалдық-техникалық қамсыздандыру;

3/ сабақта алға қойылған мақсатты, міндетті барынша жақсы орындауға мүмкіндік туғызатын шұғылданушылардың қызметін ұйымдастыру әдісін таңдау [1,2].

Сабақты өткізу үшін санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету барысында дене жаттығуларымен шұғылданудан сауықтырудың тиімді әсерін алуды қамтамасыз ететін шаралардың барлық кешені алдын ала қарастырылады.

Осыған байланысты сабақ өтілетін орынның санитарлық-гигиеналық жағдайы белгіленген талап өлшемдеріне қатаң түрде сәйкес келуі тиіс. Мысалы, спорт залдары үшін ауаның барынша қолайлы температурасы +14+16к С.

Мектептегі сыныптар мен өткізілген әрбір сабақтан кейін барлық үзілістер кезінде спорт залдың ауасын тазартып, дымқыл матамен еденді сүрту қажет. Адам өкпесіндегі ауаның алмастырылуының тыныс алу кезіндегі мөлшері минутына 4 тен 6 ретке дейінгі аралықта болады, ал жоғары қарқындылықтағы жаттығу кезінде (жүгіру, спорт ойындары және т.б.) ағзаның ауаны сіңіруі 10 ретке және одан да көпке артады. Сондықтан, дене жаттығуларымен шұғылдану өтетін орындарда ауаның қажетті деңгейдегі тазалығын үнемі біріңғай қамтамасыз ету маңызды.

Залдағы еденнің, гимнастикалық жұмсақ төсеніштердің, қондырғылардың, спорт құрал-жабдықтарының тазалығын қалыпты ұстауға үнемі өте үлкен назар аудару қажет. Әрбір сабақтан кейін залдың еденін дымқыл матамен тазалау, гимнастикалық төсеніштерді суланған шүберекпен сүрту, аптасына бір рет күрделі тазалық күнін өткізіп, зал еденін, спорт қондырғыларын, құрал-жабдықтарын кір жуатын ұнтақ қосылған сумен тыңғылықты жуып, соңынан құрғақ матамен мұқият сүрту қажет.

Бұл маңызды санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтамау спорт ғимаратында көп мөлшерде шаңның басып қалуына әкеледі. Мұндай жағдайда шұғылдану денсаулыққа үлкен зиян келтіреді, өйткені өкпеге шаң аралас лас ауа кіреді. Бұдан да басқа, тазаланып жиналмаған залда шұғылданушылардың денесі және спорт киімдері ыластанады.

Сабақтың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі, үйлесімді тығыздықпен барлық кешенді міндеттерді түбегейлі шешуге жауап беретін оқу тапсырмаларын орындайтын, яғни сабақ өтілетін орынды, құрал-жабдықтардың, қажетті қондырғылардың санымен оқу тәрбие процесін қамтамасыз етуді алдын ала қарастырады.

Соңғы жылдары республиканың көптеген дене тәрбиесі мұғалімдерінің бастамашылдығымен, ата аналардың демеушілігімен мектептердің спорт залдары мен спорт алаңдарын стандартты емес қондырғылармен, әртүрлі құрылғылар және тренажерлермен жабдықтауға қол жеткізді. Мұндай қондырғыларды пайдалану сабақ тығыздығын елеулі арттырады, оқушыларды қызықтырып тартады, сабақтың барынша тиімді ұйымдастыру-әдістемелік түрін қолдану үшін мол мүмкіндік туғызады, соңғы есепте көбіне сабақтың нәтижелілігіне жағдай жасайды.

Шұғылданушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыру әдістері. Дене тәрбиесінің тәжірибесінде шұғылданушылардың сабағын ұйымдастырудың келесі әдістері қолданылады.

1. Фронтальды әдіс оқушылардың сапқа тұру формасынан (лекпен, бірнеше қатармен, шеңбермен) тәуелсіз, сыныптың барлық құрамымен барлық тапсырмаларды бірдей орындауымен сипатталады. Бұл әдіс сабақтың барлық бөлімдерінде, әсіресе дайындық және қорытынды бөлімдерінде кең ауқымда пайдаланылады. Алайда фронтальды әдісті сабақтың негізгі бөлімінде де мүмкіндігінше көп қолдануға қол жеткізу қажет. Бұлай сабақтың моторлы тығыздығы қамтамасыз етіледі (үйренушілердің қозғалыс әрекетіне тікелей уақытты арттыру есебінен көп қимылды жасауға үлгеруге болады).

Фронтальды әдіс бір текті қызметін басқаруда, яғни сақтандыру қажет болмаған жағдайда қолданылады. Мысалы, қысқа қашықтыққа жүгіруде жоғарғы және төменгі сөреден шығу әдістерімен орындауды үйрету және жетілдіру кезінде, сол сияқты бірқатар қарапайым жаттығуларда (алға, жанымен аунап, домалау), волейбол ойынында жұбымен әдістік тәсілдеріне жаттығуда допты беруде қолданылады [3,4].

Сабақтағы маңызды педагогикалық талап шұғылданушыларды бір-біріне кедергі жасамайтындай орналастыру, яғни оқытушы оқушыларды, ал олар өз кезегінде оқытушыны анық көруі тиіс.

2. Топтық әдіс бір уақытта бірнеше топтарда оқытушының әртүрлі тапсырмаларын орындауды алдын ала қарастырады. Шұғылданушыларды топтарға бөлу және тапсырманың мазмұнын анықтау жынысы, дайындық деңгейі және басқа белгілері (мысалы, баскетбол, күрестегі салмақ-бой көрсеткіштері) арқылы іске асырылады. Бұл әдіс орта және жоғарғы сыныптарда пайдаланылады.

Алайда бұл әдісті қолдануда оқушылардың ішінен барынша жоғары дайындығы бар көмекшілерді мұғалімнің арнайы дайындауы және оларды алдағы өтілетін сабақтағы оқу материалы бойынша уақтылы нұсқау беруі талап етіледі.

3. Жеке әдіс оқушыға өздігінен орындайтын жеке тапсырма ұсынылуымен тұжырымдалады. Тәртіп бойынша, жеке тапсырма сынып оқушыларының негізгі құрамынан өзінің дайындығымен, қабілетімен және ерекшеліктерімен, ал кейде денсаулық жағдайымен елеулі айырмаланатын шұғылданушылар үшін арналған. Бұл әдіс спорт ойындарында жоғары сынып оқушыларымен басымырақ өткізіледі.

4. Айналма әдісте арнайы дайындалған бекеттерде шұғылданушылардың жаттығулар сериясымен берілген тапсырмаларды біріздiлікпен жүйелі орындауы алдын ала қарастырылады, яғни тәртіп бойынша залдың ішінде немесе спорт алаңында шеңбер бойынша орналасқан қондырғыларда. Әдетте шеңберге 4-10 бекеттік жаттығулар кіреді. Әрбір бекетте бір жаттығу түрі немесе қозғалыс әрекеті орындалады. Олардың құрамы дене сапаларын дамытатын және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру ескеріліп іріктеледі. Айналма шеңбер аралықсыз немесе бекеттер арасындағы белгілі бір демалыс аралығымен орындалады. Бұл әдіс орта және жоғары сыныптарда қолданылады. Сабақтың маңыздылық жағы дене тәрбиесінің бағдарламасымен анықталады, яғни онда сабақтың мақсаты, міндеттері, оқу тақырыптары, талаптары және нормативтері нақтылы айқындалған. Ол оқушылардың дене тәрбиесі сабағында белгіленген тарауларын (оқу жылында 68 немесе 102 сағат) меңгерілуі есептеліп жасалынған.

Сабақтың педагогикалық құрылуын дене жұмысын орындау кезіндегі жұмыс қабілеттілігінің фазалық өзгеруімен байланысты физиологиялық заңдылықтарымен анықтайды. Бұл заңдылық сабақтың құрылымында үш қызметтік байланысқан құрамдас бөліктердің бөлінуін қамтамасыз етеді: ***дайындық, негізгі, қорытынды.***

Дайындық бөлімінің мазмұнына мыналар кіреді:

- шұғылданушыларды бастапқы ұйымдастыру (сапқа тұрғызу, сабақтың міндетін түсіндіру, саптық жаттығулар, назарға арналған жаттығулар);

- жүру мен жүгірудің әртүрлі варианттары;
- жалпы дамыту және дайындық жаттығулары (бір орында, қозғалыста, затсыз және затпен).

Сабақтың дайындық бөліміне арналған жаттығулар кешенін құрастыру кезінде және оны ретімен үлестіруде шұғылданушылардың жасы, жынысы және дене дайындығы ескеріліп, оларды іске асыру үшін жаттығулар кешені құрылады. Бұл жаттығулар кешеніне шұғылданушылардың орындауына оңай, барлық бұлшық ет топтарына арналған жаттығулар енеді.

Тәртіп бойынша, жаттығу 2,4,6,8 сияқты санау арқылы орындалады:
- оқытушының алдын ала көрсетіп және түсіндіргеннен кейін;
- оқытушының көрсетіп және түсіндіруімен бір уақытта;
- тек көрсету бойынша; 4/ тек түсіндіру бойынша. Жаттығулар кешеніндегі жаттығулар саны әдетте 8-10 артық болмайды.

Шұғылданушылардың назарын жандандыру және олардың көңіл - күйі жағдайын көтеру үшін жалпы дамыту жаттығуларын өткізу кезінде мыналарды пайдалану ұсынылады:
- қолды шапалақтаумен;
- жаттығуларды көзді жұмып орындау;
- жекелеген дене қалпын белгілеумен жаттығуларды 5-7 санаққа орындау;
- жаттығулардың қозғалыс амплитудасын біртіндеп арттыру арқылы өткізу;
- әртүрлі бастапқы дене қалпынан бірдей жаттығуларын орындау.

Жаттығуларды орындау кезінде шұғылданушылардың алдына нақтылы тапсырмаларды беру ұсынылады. Мысалы, алға иіліп еңкейгенде еденге алақанды түгел тигізу немесе аяқты керіп тұру қалпынан кеудені оңға бұруда, оң қолды сол жақ өкшеге және керісінше жасау керек [5,6].

Шұғылданушылардың жалпы дамыту жаттығуларын орындауға ықыласын арттыру үшін және сабақтың қорытынды бөлімінің міндеттерін барынша нәтижелі шешу үшін бұл жаттығуларды өткізудің әртүрлі әдістерін қолдану ұсынылады.

1. Бөлікпен өткізу әдісі жаттығулар кешенінің әрбір жаттығуын орындаудан соң үзіліс жасалады. Шұғылданушылар бұл әдістегі қозғалыстарды дәлірек орындайды, сондықтан мұнда оқытушыға оларды бақылау жеңіл болады.

2. Толассыз өткізу әдісінде барлық жаттығулар кешені үзіліссіз, тоқтаусыз, және алдындағы жаттығудың соңғы қалпы келесі жаттығу үшін негізгісі болуымен сипатталады.

3. Жаттығуды жеке орындау.

4. Жаттығуды жұппен орындау (гимнастикалық таяқшамен, секіргіш резинамен, тығыздалған доппен, гимнастикалық орындықпен, гимнастикалық швед қабырғасында және т.б.).

5. Жаттығуларды қозғалыста орындау.

Сабақтың дайындық бөлімінің міндеттерін табысты шешу үшін оқытушыға мыналар қажет:
- жаттығуды көрсету үшін орынды дұрыс таңдау;
- қажетті қарқынмен және қай бұрышпен жаттығатынын көрсету;
- көрсетілетін жаттығуды қысқаша және дәл атау;
- бұйрықты (команданы) дұрыс, өз уақтында және жеткілікті дәрежеде дауыстап беру;
- оқушыларға айналы көрсетумен жәрдемдесу, білмегенін түсіндіру және есептеулер;
- жаттығулардың дәл және үйлестікте (синхронды) орындалуына қол жеткізу;
- жаттығуды орындау барысында оқушылардың жіберген қателерін түзету.

Сабақтың дайындық бөлімін өткізу барысында оқытушыға жаттығуларды төмендегі тәртіппен таңдағаны дұрыс:
- жаттығулар әртүрлі бастапқы дене қалпынан басталғаны дұрыс (әртүрлі тұру, отыру, жату, тіреу және қолдың ұстау қалпынан);
- жаттығулардың әртүрлі бағыттылық, кинематикалық және динамикалық сипаттамасы (әртүрлі бұлшық ет топтары, бағыты, амплитудасы, қарқыны және орындау сипаты);
- бір циклда 2 -ден 8-ге дейін қозғалыстың мазмұны болуы тиіс.

Сабақтың негізгі бөлімінің мазмұнына мыналар кіреді:
- сабақты жүргізу мәнерінде, оқытып, үйрету құралдарымен әдістерін іріктеуде біркелкіліктен сақтау;
- әртүрлі бағалау әдістері пайдалану: мақұлдау, мадақтау, ескерту, ұялту, мұнда әділдікті, объективтілікті шара сезімі мен әдептілікті сақтау қажет;
- өздігінен өз қатесін түзету, яғни оның пайда болу себебін, талапқа, сәйкестігін білуі тиіс.

- барлығын және әрбірін жекелей үйрету қажет;
- оқушылардың дене жаттығуларын өздігінен орындай білуін қалыптастыру.

Оқытып, үйретуде дағдыны дұрыс қалыптастыру үшін қозғалысты 8-10 рет қайталаумен дұрыс орындауы қажет, ал үйренген қозғалысты бекіту үшін 20-30 аралығында қайталанады. Берік дағдыны қалыптастыру үшін жаттығулардың көп реттік қайталануы оқушылардың шаршауына, қозғалыс әрекетін орындауға ынтасының жойылуына әкеледі. Бұл жағдай ағзаның оқу-практикалық қызметінің біркелкіне сипатына табиғи реакциясы болып табылады. Дене тәрбиесі сабағына қозғалыс-қимыл ойындарын, ойындық тапсырмалар мен жаттығуларды кіргізу, ойындық әдісті пайдалану оқушылардың назар аударуын жандандырады, көңіл-күйін көтереді және қызығушылығын арттырады.

Дегенмен, ойынның көмекші, қосымша әдіс, ретінде алға шығатынын назарда ұстау қажет. Олар қозғалыс әрекеті жеткілікті дәрежеде меңгерілгенде ғана және оқушылардың ықылас назары тек қозғалыс актісіне ғана емес, орындалатын әрекет нәтижесіне орындалу жағдайы мен шартына да байланысты болады. Қозғалыс-қимыл ойындары жоғары қызу әсерленгіш көңіл-күйі жағдайында, өзгермелі күтпеген жағдайда, сыртқы орта қарсы күштеріне қарсы орындалатын дағдыны бекіту және жетілдіру әдісі ретінде алға шығады.

Дене тәрбиесі сабағында ойындарды бір ізді жүйелілікпен қолдану күні бұрын жоспарлануы тиіс. Ойынды таңдау сабақ алдында қойылатын педагогикалық мақсатты міндетке тікелей байланысты. Мұнда сыныптың дене және әдістік дайындық деңгейі де өте маңызды қызмет атқарады. Ойынды іріктеп, таңдау сонымен бірге, ойынның қай жерде өтілуіне (спорт зал, ашық ойын алаңы, стадион), сай келетін спорт құрал жабдықтары мен спорттық қондырғыларына да байланысты болады. Ойынға қайсы бір қозғалыс әрекеті элементін қосқан кезде қозғалыстың негізгі құрылымы ойын барасында бұзылмауын назарда ұстау өте маңызды.

Ойын нәтижесін анықтау, қателерін дұрыс емес әрекетті табудың үлкен тәрбиелік мәні бар.

Нәтижелерді қорытындылау кезінде тек қана шапшаңдықты ғана емес, сонымен бірге ойын әрекеттерінің орындау сапасын есептеу маңызды.

Майда мектеп жасындағы балалармен сабақтағы жаттығуды үйрену сатысында оқыту мақсатына бағынышты санада күні бұрын қарастырылатын оқытудың жарыстық әдісін қолданған дұрыс.

Жарыстық қызметтің нысаны бүтіндей қозғалыс әрекетінің немесе оның әрекеттерінің орындау санасы көрсеткіштері болып табылады (“кім дұрысырақ?”, “кім дәлірек?” және т.б.).

Сабақта ұсынылған тақырыпты шұғылданушылардың меңгеруі үшін (сәйкес әрекетті орындау) оқытушы көптеген мына әрекеттерді іске асырады: түсіндіреді, көрсетеді, бақылайды, талдайды, оқушылардың жұмысын бағалайды және т.б.

Оқушылардың оқу тақырыптарын меңгеру процесі олардың әртүрлі әркеттерді орындауы арқылы да құрылады: мәліметті қабылдауы, оның элементтерін меңгеруі, қайталанатын, бұрын түзетілген әрекеттерді іске асыру, қозғалыс-қимыл әрекеттерін жетілдіру және т.б.

Педагог пен шұғылданушылардың барлық әрекеттері қорытындыда нақтылы нәтижеге, яғни қозғалыс әрекетін дұрыс орындай білуге үйренуге тәуелді.

Қорыта айтқанда қозғалыс әрекетін үйрету барысында үйретілетін қозғалыс әрекетін көру және есіту арқылы қабылдай білуінің үлкен маңызы бар (көрнекілік). Көрнекілікті пайдалану оқытып, үйрету сатысына байланысты. Тәртіп бойынша, қозғалыс әрекетін таныстыру және бастапқы үйрету сатысында көрнекілікті едәуір жиі қолданылады, ал жетілдіру сатысында пайда болған қателерді түзету үшін пайдаланылады.

1 Әлімжанова Г. Ерғазиева К. «Салауатты өмір салтын ұстау» «Бастауыш мектеп» 2004-2.

2 Қайымова Ш. «Салауатты өмір салтын құру», «Өзіндік таным» , 2005-2.

3 Абдрахманова А. «Салауатты өмір салтына құрылымдық модель», «Валеология дене тәрбиесі спорт» №12 -2003.

4 Есжанов Б. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Ислам әлемі».2005-10 5. Исламова А. «Педагогикалық салауаттанудың даму негіздері», «Мектептегі дене шынықтыру» 2004-3.

6 Қосуақова З. «Оқушылардың салауатты өмір салтын ынталандыру.» «Валеология дене тәрбиесі спорт». 2003-3.

7 Таубаева Ш., НазароваГ. Педагогикалық салауаттанудың даму негіздері. «Валеология және салауаттылық негізі» 2003-1.

8 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. - Алматы: Білім, 1997. - 256 бет.

Резюме

Организация и методические основы проведения урока физической культуры

Дуйсенов К.К. - Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, факультет Искусств, кафедра «Физического воспитания» старший преподаватель, dene-tarbiesi@mail.ru

В этой статье, многие движущих сил (экономических, социальных, воспитание и образование личности), что полностью определены. Любой избранным видом спорта, необходимо бережно относиться к их личной гигиены при занятиях физическими упражнениями детей школьного возраста. Это не только чистота тела, а также соблюдение режима дня, отказа от вредных привычек, т. к исскуству с.с. Стиль жизни, заниматься физическими упражнениями, правильно организовать если не соответствует, то его необходимо изменить. Тем не менее, каждый ребенок школьного возраста, здоровые, сильные, мощные, стать свежей, лучше действовать, создание более длительные предпочитают. Каждый подросток сохранить здоровье на себя ответственность, но ответственность возложена на общество. Указ Президента страны "Казахстан – 2030", в послании возлагается ответственность за сохранение здоровья населения, каждого человека. Профилактика заболеваний, формирование здорового образа жизни – один из основных приоритетов политики государства. Сохранения здоровья нации, здоровья каждого человека, здорового образа жизни и укрепление.

Ключевые слова: Ориентация, психика, развитие личности, саморазвитие, физическая культура.

Summary

Organization and methodological foundations of conducting lesson of physical culture

Kaldybek Duisenov - H. A. Yssawi International kazakh-turkish university, the faculty of Arts, Department of "Physical education", Senior lecturer, dene-tarbiesi@mail.ru

In this article, many of the driving forces (economic, social, upbringing and education of the individual) that is fully defined. Any chosen sport, you need to take good care of their personal hygiene when doing physical exercise school-age children. It not only cleanliness of the body, as well as the compliance regime of the day, avoiding harmful habits, the art S. S. lifestyle, exercise, the right to organize if it doesn't, it should be changed. However, every child of school age, healthy, strong, powerful, become fresh, it is better to act, creating longer prefer. Every teenager to maintain health responsibility, but the responsibility rests on the society. The decree of the President of the country "Kazakhstan – 2030", the message is assigned responsibility for maintaining the health of the population, each person. Prevention of diseases, formation of healthy lifestyle is one of the main priorities of state policy. Save the nation's health, the health of each person, healthy lifestyle and strengthening.

Keywords: Orientation, psyche, personal development, self-development, physical education.

ӘОЖ 78

Мектеп оқушыларымен фольклорлықансамбль ұйымдастыру арқылы үйірме жұмыстарын жүргізудің педагогикалық тиімділігі

Ш.Ж. Таджбағамбетова – магистр, оқытушы

Э.Д. Қонысбаева – магистр, оқытушы

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті) Алматы қ., Қазақстан,

e-mail: asylbek.2016@mail.ru, mira_04_09@bk.ru

Мақалада халық аспаптар арқылы рухани мәдениетін байытудың жолдары қарастырылған. Демек, балаларды қазақ халқының тарихы мен өнер мәдениетіне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін оятуға тәрбиелеу болып табылады. Халық музыкасы мен халық аспаптар әлеміне келген бала, ата-бабалардан қалған мұрасы деп сезінеді, жеке, дара тұлға болып қалыптасуына зор үлес қосады. Ұлттық фольклорлық аспаптардың дүкендерде көбірек қолайлы болуы, бала аспапта еркін орындай алса ол балаларды қуантады, фольклорлық музыка әлеміне деген қызығушылығын арттырады. Қазақ халқының музыка мәдениетіне тән халық әндер мен күйлердің дыбыстары, тембрі, әуені, өрнегі баланың «сүйегін сырқыратады». Фольклорлық ансамбль үйірмелерін ұйымдастыру-ол балалардың халық аспаптарда ойнау арқылы рухани мәдениетін байытады. Сонымен қатар, патриоттық сезімін оятып, халқының өнер мәдениетіне қызығушылығын арттырып, қастерлеуге тәрбиелейді. Біздің мақсатымыз, балалардың музыкалық қабілетінің дамуына, ансамбльдік шеберлікпен аспапта орындап жеке дара тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау. Ансамбльде ойнау репертуарды кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқушылар музыка мәдениетімен терен танысуға мүмкіндік алады, ал шығармалар жарқын орындалады. Шығарашылық техникалық мүмкүндіктері өседі, шығармалардың динамикалық тембрлік бояуы байиды. Нәтижесінде шығарманы жеке орындағаннан, ансамбльде орындаған қызығушылығы артады.

Түйін сөздер: халық аспаптар, қабілет, дарындылық, қызығушылық, тұлға.

Фольклор – халық мәдениеті мен өнерінің көркем көрінісі. Екінші жағынан, фольклор- халқымыздың салт-дәстүрлерімен сабақтас құбылыс. Оның осы екі қанаты да халықтық тәрбие жүйесімен тығыз байланысты. Фольклор–синкретті, көпфункциялы руханият. Ол әрі танымдық, әрі эстетикалық сонымен, рулық замандағы мәдениет – ұзақ уақыт бойы қалыптасқан руханият. Оның салалары мен түрлері көп. Олар бір бірімен тығыз байланыста, біртұтас, синкретті жүйе қалыбында дамып, қоғамның,ой-сананың жетілуіне сәйкес қарапайымдылықтан көркемділікке қарай күрделі де қиын жолдан өтті.

Балалар фольклоры термині XX ғасырда пайда болған, дәстүрлі халық өнеріне жол ашылды. XX ғасырдың 70- жылдарынан бастап фольклор көркемөнерпаздар үйірмелері, отбасылар ансамблі, халықтық театрлар түрінде де көрініс бергені.Олардың репертуарында дәстүрлі фольклормен қатар, әдеби шығармалар да, әуесқой сазгерлер шығарған ән-күйлер де орын алды.

90-ж XXғ. «фольклорлық толқын» деп атауға болады: мектептерде музыканттардың,педагог, этнопедагог, өнертанушы, мәдениеттанушылардың қазақ халық музыкасы, ұлттық аспаптарды насихаттау мәселелерін көтеріп бастаған. Белгілі педагог-фольклорист Л.Л. Куприянова балаларға халық музыкасын бастапқы сатысымен таныстыру, оқушылардың орындаушылық тәсілдерін менгеру бағытында, факультативті бағдарлама құрастырған. XXI*ғ.* Д.А. Рытованың оқу-әдістемелік құралы жарияланған, оқушылардың оркесрде халық аспапта ойнау тәсілдері жайында және балалардың эмоциялық дамуына мына авторлар пікір жазған: С.Х. Раппопорт "Искусство и эмоции" (1968), П.М. Якобсон "Эмоциональная жизнь школьника" (1966), Г.М. Бреслав "Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: норма и отклонения" (1990).

Музыкалық фольклор үлгілерінің көркемдік сипатын мектеп оқушыларының ұлттық танымын қалыптастыруға ықпал етудің маңызы өте зор. Бұл тұтастығы танымның мақсаты-оқушы санасында фольклорлық музыка үлгілері жинақталған обьективтік шындықтын бейнеленуі болып шығады. Халқымыз танымдық-тағылымдық, тәрбиелік-тәжірибелік мәні бар өнегенің, өсиеттің көбін ауызша таратты. Ұрпақ қамын ойлағанда, ең әуелі бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді.Өмірге жаңа келген сәбидің бойына қарапайым әуені бар бесік жырынан бастап өлең, ән, жыр, ойын арқылы азаматтық, адамгершілік қасиеттердің сынығын ер жеткенге дейін сыналап ендіре берді. Жас жеткіншектерге өнеге ұйретіп, фолклорлық музыкалық ансамблі бағытының бірі, ата-бабамыздан мұра боп қалған қазақ халқының ұлттық аспаптары.

Түйін сөздер: басқару, басқару стилі, 12-жылдық оқу, авторитарлық стиль, демократиялық стиль, либералдық стиль, эксплуататорлық стиль.

Резюме

Влияние стилей управления на формы управленческого воздействияв системе 12-летенего обучения

Санхаева А. Н. - старший преподаватель кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова.

Ергазинова Г.Д. - старший преподаватель кафедры иностранных языков, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова.e-gulnara@mail.ru

В данной статье рассматриваются стили управления в системе 12-летнего обучения и их влияние на формы управленческого воздействия. Авторы отмечают актуальность изучения педагогического менеджмента при переходе на 12-летнюю модель обучения. В статье анализируются следующие стили управления: авторитарный, демократический, либеральный и их разновидности. Анализируются формы управленческого воздействия с точки зрения их эффективности в системе 12-летенего обучения. Управление образовательной деятельностью учебного учреждения есть управление совместной деятельностью педагогов, других работников и обучающихся. Этот процесс включает в себя создание необходимыхусловий управления, использование необходимых средств и методов управленияи выполнение функций управления,опирающихся назаконы и принципы управления. Авторы указывают на обстоятельства, которые в современных условиях, в системе 12-летнего обучения влияют на выбор стиля управления: ситуация, степень зрелости подчиненных, их отношение к руководителю, готовность к сотрудничеству, характер проблемы, особенности организации и ее подразделений, существующим в них порядком ведения дел, позициями высшего руководства, преобладающей системой ценностей и типом культуры, случайными факторами.

Ключевые слова: управление, стиль управления, 12-летнее обучение, авторитарный стиль, демократический стиль, либеральный стиль, эксплуататорский стиль, благожелательный стиль, патерналистский стиль.

УДК 37.035.6:316.356.2

СЕМЬЯ КАК ИСТОЧНИК РАЗВИТИЯ КОММУНИКАЦИИ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Ланцева Т.В. – м.п.н., ст.преподаватель педагогического факультета КарГУ им. академика Е.А.Букетова, tmanapa@gmail.com

В статье рассматриваются проблемы коммуникации и национального воспитания младших школьников. Также указаны аспекты развития коммуникации в семье и обществе. В статье указано, что для плодотворного воспитания требуется решить ряд узловых проблем, которые, как правило, возникают в процессе коммуникации и воспитания младших школьников в семьях. Рассмотрены пути и предложены рекомендации по использованию аспектов речевого общения и других неагрессивных словесных и невербальных сигналов, помогающих улучшить эмоции младших школьников в процессе коммуникации и воспитания.

Ключевые слова: воспитание, семья, социализация, культура, коммуникация, общение, национальное воспитание, культурные и национальные особенности, эмпатия.

Рассматривая семью, как источник национального воспитания младших школьников мы должны помнить, что семья является основой для социализации личности, возникновения отношений имеющих вначале половозрастной характер, потом уже этнических, национальных и межнациональных отношений. Они обеспечивают основные элементы общения: умение слушать и умение высказываться. Каждый человек живет в каком-то окружении, которое им воспринимается как «семья». Семья является первым местом, где мы узнаем, как общаться. В ней вырабатываются способы того, что и как мы можем сделать в семье. В семье закладываются основы происхождения того, как мы будем определять себя в общении [1, с. 24-25].

Таким образом, дети начинают социализацию, этнический путь с обучения жестам, тонам голосов родителей, братьев и сестер, окружения. Например, когда ребенок, указывая пальцем, просит «ЕЩЕ» или «ДАЙ», он подражает тому, как кто-то другой в семье сделал это или делает по отношению к другим членам семьи. Одна семья, может правильно интерпретировать то, что просит ребенок, но другая семья, обладающая своей системой общения, может не понять требуемого ребенком. Чтобы понять, как семья формирует младшего школьника надо рассмотреть стиль и формы общения, которые имеют место в традиционных семьях в Республике Казахстан и то, как влияет семья какой-либо этнической группы на ребенка, влияет не столько намеренно, сколько в связи со сложившимися исторически формами связей в семье. Вначале это относится просто к общению ребенка с родителями. Далее эти отношения переносятся автоматически на отношения ребенка с другими взрослыми, сверстниками, младшими, которых он встречает во внешнем мире.

Важно понимать, что все, что мы делаем, говорим или не делаем, связано с результатом нашего общения с кем-то. Это могут быть не только слова, но и молчание. Под общением понимается то, как мы говорим, интонации, но кроме того, это выражение лица, позы, жесты, мимика и т.д. В этом смысле, важно иметь в виду, что есть два способа общаться: вербальный и невербальный способ общения. Первый относится к связи через слово, то, что мы говорим или пишем. Невербальный способ общения отражают невербальные жесты, взгляды, позы, голос и внешность.

Невербальный способ общения является более эффективным, в сравнении с вербальным, так как позволяет явно донести, как мы воспринимаем собеседника. Современные исследователи подчёркивают, что для эффективного общения необходимо, чтобы сообщение передалось последовательно в нашей вербальной и невербальной экспрессии. Например, в вербальной составляющей мать или отец говорит сыну: «Я не сержусь!», но в невербальном плане возникает конфликт, так как ребенку важно сильно или нет, хмурится родитель. Ребенок не будет точно знать на какое из средств информации обратить внимание, если вербальный и невербальный компонент противоречат друг другу. Этот вид противоречия является типичным и может поставить перед семьей много проблемных ситуаций, которые с большим трудом могут быть преодолены, и не приведут к конфликтам, потому что общение, сложившееся в семье является недостаточным.

Одна из функций общения в семьях, состоит в том, чтобы выразить свое видение о чем-то, и что эти потребности были услышаны и встретили понимание другого члена семьи. Когда мы рассматриваем семью как источник национального воспитания младших школьников, мы должны явно указать на то, что обычные трудности семей намного легче могут быть преодолены внутри

семей. Однако трудности, возникшие в связи с ошибками, заключенными с привитыми семьей мыслями и поступками, вербальным и невербальным компонентом общения, преодолеваются намного сложнее. Человеку внешней среды, воспитанному в других национальных традициях воспитания трудно, практически невозможно догадаться, что мы хотим донести.

То же самое относится к материальным потребностям, благам. Их реализация, достижение прямо связаны с реализованными эмоциональными потребностями. Например, продвижение члена общества по социальной лестнице оказывается связанным с присущими уникальной культуры части общества обстоятельствами. К ним может быть отнесены все что угодно – от «легкости» восприятия жестов, мимики, голоса, до невольного чувства большего и лучшего понимания, почему человек так или иначе одет, выражает свои мысли, совершает понятные менталитету поступки. Кто-то делает вид и надеется, что другие не будут удивляться, тому, что он хочет выразить, другой изначально находится в сходной среде воспитания, не испытывает в такой же степени трудностей восприятия окружающими того, что с ним случилось.

Важно, что все члены семьи обычно могут выражать потребности, эмоции, ожидают ответной реакции без страха быть отвергнутым или игнорируемыми другими членами семьи. Явные потребности устанавливаются ясными и эффективными взаимоотношениями, так как общение в семье связано с первых моментов жизни с членами семьи, которые воспринимают, обычно, членов семьи как неотделимое целое.

При этом семья является закрытым сообществом. В нем, к сожалению, обычно культивируется миф, коллективный опыт того, что «другие», то есть не члены семьи, могут, догадываясь о потребности, которую им будет пытаться донести член семьи, накапливают гнев и производят действия, связанные с невозможностью реализовать эти потребности [2, с. 43-48]. Фактически это ведет к накоплению разочарования в людях, потому что запрещает вовне от семьи прямо высказывать свое мнение и сопутствует затягиванию общения и «гаданиям», как правильно или неправильно выказывать свою любовь к общению, или беспокойство о возможности быть услышанным, реализуемые настолько просто в семье и так трудно вне ее. Таким образом, выступая источником национального воспитания младших школьников процесс семейного воспитания должен работать так, чтобы каждый член семьи взял на себя ответственность за своим эмоции и выражал их, объясняя, что он чувствует, когда происходят какие-то события. Например, вместо того, чтобы сказать «Вы делаете меня сердитым (сердите меня).» намного правильнее сказать «Я чувствую себя очень сердитым, когда ...»".

Связь отношений имеет два аспекта, которые в равной степени учитывает исследователь. Первый компонент – это общение реализованное вербально и не вербально. Второй компонент – это умение слушать. До сих пор мы обращали больше внимания на первый аспект, но без сомнений, что слушание в равной степени важно, особенно если вы хотите иметь хорошие связи со своими детьми, и в дальнейшем хорошие связи младших школьников в многонациональном обществе. В обществе мы вплотную сталкиваемся с такими понятиями как «активное слушание» и «эмпатия».

Как отмечалось ранее, дети учатся общаться в пределах своей семьи. В течение первых лет жизни, особенно, когда они еще не могут говорить, важнейшую роль выполняет «взрослый человек», отвечающий, за то, что дети ощутят достаточную степень внимательности, чтобы понять, что их этот «взрослый человек» слушает и понимает их нужды. На ранней стадии это относится к простейшему вниманию: как ребенок плачет, как взрослый человек замечает, что что-то случилось у ребенка (голод, холод, тепло, грязный подгузник, или боль). Это раннее воспитание ребенка показывает ему, что воспитатель узнает и распознает различные типы реакций и действий ребенка, т.е. предпринимает попытки решить потребности ребенка. На этом этапе у ребенка возникает связь с взрослыми, которая должна быть шире, чем связь на уровне отрицания и поощрения, простого вербального общения. Ребенок понимает, что он общается не вербально. Для этого есть два ключевых отношения, которые являются ключевыми для понимания ребенком возникшей связи: понимание требований активного слушания и сопереживания. Активное слушание означает, самоограничение на изменение положений тела, самодисциплина ума в ситуации, когда мы попросили внимание или у нас попросили внимание. Это часто означает для ребенка перестать делать другие вещи и быть готовыми слушать других, давая понять, жестами или словами, что он внимателен к тому, что ему хотят сказать. Например, когда ребенок плачет, он реагирует, услышав: «Не плачь больше", но намного важнее то, что ребенок реагирует заранее и без вербального контакта, понимания, что когда он плачет, кто-то обязательно приблизится, давая понимание, что его спросят, что случилось и попытаются облегчить его боль. Сочувствие, в свою очередь, означает, что ребенок настраивается и

сродняется с мыслью, что не только другие реагируют на его сообщения, но и с опасениями, радостями и печалями других людей, которые реагировали или могли реагировать на потребности ребенка. Много раз ребенок будет пытаться угадать, что эта его реакция является правильным мышлением – не только восприятие заботы других, но и его личная эмпатия к другим. Поэтому, чтобы развить эмпатию у ребенка, необходимо контролировать его внутренние реакции на то, что другой человек говорит или делает, и как ребенок реагирует на чужую боль.

Когда мы действуем эмпатия является проверкой чувств других людей, и, следовательно, является способом заставить чувствовать себя человеком, выполнившим свою функцию, в ответ на действительные чувства или события имеющие место в жизни других людей.

Активное слушание имеет прямую связь с культурными, национальными особенностями семьи, так как прямо отражает традиционные социальные, культурные функции внутри семьи. Например, когда социальные роли в семье таковы, что только женщина активно слушает и реагирует на поведение ребенка, то ребенок мальчик может автоматически «обязать» всех женщин быть внимательными, и снять с себя ответственность проявлять эмпатию и развивать навыки активного слушания у себя. В дальнейшем это умение быть чутким с детьми обоих полов, точнее его отсутствие, может быть с легкостью трансформировано не только на половозрастные признаки, но и любые другие.

Так как ребенок, младший школьник еще слишком мал и податлив как личность это привитие эмпатии и активного слушания является хорошим способом, чтобы посеять у него доверие. Это доверие развивается таким образом, что прививает право сообщить о чем-то не только к родителям, но к любому члену семьи (а в последующем не только семьи), в случае, когда этот кто-то нуждается в помощи. Плоды этого доверия сначала способствуют развитию отношений между родителями и детьми. Затем при переходе в младший школьный и подростковый возраст это доверие уменьшает трудности общения.

В любой связи есть некий человек, который хочет передать сообщение (он называется эмитент). Кроме того, есть второй человек (или группа людей), к которому, которым, адресовано сообщение. Этот второй человек называется приемник. Связи, возникающие между эмитентами и приемниками настолько динамичны, что в диалоге люди, будучи передатчики и приемники, в считанные секунды меняются ролями; то есть, они не только отправляют и получают сообщения на постоянной основе, но и меняют свои роли. Смена ролей связана с рядом проблем. Во-первых, проблемы связи возникают, когда эмитент не в состоянии поставить четкий сигнал, или когда в ходе общения имеют место различия между вербальной и невербальной составляющей сообщения. Есть также проблемы коммуникации, когда приемник понимает что-то другое из того, что отправитель хотел ему сказать. Во всех таких проблемах общения будут возникать коммуникационные узлы. В этом смысле, связь можно представить как человека, поливающего растения посредством длинного шланга, по которому человек эмитент обеспечивает растения получатели водой (сообщением). Если на изгибах шланга есть отверстия утечки или узлы (проблемы), вполне вероятно, что вода сообщение не дойдет до растения и уйдет в землю, или же сообщение достигнет растения (получателя), недостаточно обильно полив его водой, поэтому растение вырастет не таким, как ожидалось. В этом случае только тот, кто открыл воду (сообщение) и использовал ключ и способ транспортировки (шланг) в состоянии понять, что растения поливают в достаточной степени. Кроме того именно начавший общение обязан найти узлы проблем, а не оставаться спокойным, потому что ключ открыт, и вроде бы общение осуществлено.

С другой стороны, мы видим и слышать то, что мы хотим увидеть и слышать. Следовательно, наше восприятие селективно. Это приводит к тому эффекту, что иногда мы становимся частью того, что мы выражаем и искажаем. Сообщение состоит из ингредиентов наших собственных представлений. Так связь становится диалогом с глухим, что приводит к взаимному непониманию. Прослушивание половины от целого также происходит к ситуации, когда мы изменяем тему или оставляем ситуацию вне решения, лишь бы не следовать трудному для нас диалогу. К сожалению, само по себе ведение диалога не решает проблему. Иногда такой диалог лишь увеличивает, генерирует в другом человеке обиду и чувство, что-то, что вы говорите, ничего не стоит.

Младшие школьники эмоционально отражают эти чувства. Не понимание проблемы диалога состоящее в искреннем удивлении «Я же веду с тобой диалог (предполагающее: значит, мы можем найти решение)» лишь обостряет или загоняет проблему внутрь. В этой ситуации следует помнить, что диалог – это прежде всего общение. Для общения необходимо, чтобы у эмитента и приемника

были достаточно развиты умения и навыки продолжительно концентрировать внимание, слушать, получать информацию и извлекать пользу из опыта других.

Этот тип узла проявляется, когда мы уменьшаем значимость, а фактически унижаем другого, выделяя различия возраста, социального положения, власти, значимости и т.д. Для этого, к сожалению, используется язык насмешки, иронии, все то, что плохо понимает другой человек. Этот подход предназначен для устрашения. Когда человек дезориентирован, легко заставить его сомневаться в себе и своих способностях. Но следует ли семье стремиться к воспитанию у младших школьников этих сомнений?

Именно поэтому дети, младшие школьники, услышав «нравоучительные» диалоги замыкаются и воздвигают непреодолимую стену. Но надо помнить, кто начал диалог и кто является эмитентом, создавшим эту стену.

С другой стороны, сами эмитенты прибегают к этому типу узлов, когда не чувствуют никаких аргументов, или когда хотят, навязать свое собственное видение предмета, не принимая другого. Этот легкий путь позволяет дисквалифицировать собеседника. Аналогично действуют дисквалификации, осуществляемые эмитентом по сравнению с другим произвольно выбранным (удобным для эмитента) человеком. Например, в семье, обращаясь к одному из детей, говорят так: «твоя сестра делает это аккуратно». Этой фразой ребенку сообщается, что он менее упорядоченно живет, что вызывает гнев и чувство неполноценности.

Другой узел связи возникает, когда правота в глазах эмитента связана с личным опытом, и неготовностью прислушиваться к мнениям приемников. Это происходит, когда суждение о чем то, или совет построены без учета реальности и различия конкретной ситуации. Фактически, это совет, без самостоятельного мнения приемника. Чаще всего это ошибка из наилучших намерений, состоящая в том, чтобы помочь или защитить, уберечь от ошибок. Однако это не позволяет расти приемнику, отражая личный опыт и становясь другими. Кроме того, решение проблемы, это не выслушивание многих советов.

Для того, чтобы отменить эти узлы, или предотвратить их формирования, есть некоторые рекомендации, котором мы все можем следовать:

Слушайте: активное слушание означает, что физически и психологически присутствует внимание, когда кто-то обращается к нам. Вам нужно, сосредоточить внимание на том, что сказано (содержание, с учетом информации) и как (тон голоса, жесты, выражение лица и т.д.), как говорят. Прослушивание другого позволяет ему проверить себя и дает пространство времени и внимания, когда он выражается свободно.

Учение в семье – процесс, который означает, что семья заботится и оповещает, что получает и понимает идеи, информацию или опыт своих членов.

Эмпатия требует принятия внутренней паузы, прежде чем реагировать на другого человека, давая время, чтобы захватить свои чувства, мнения, ценности и потребности.

Так как все мы имеем человеческую природу, мы можем настроиться на страхи, горести, радости, гнева и чувства других людей. Для того, чтобы сопереживать, мы посылаем сообщение, что другой является ценным человеком, даже если он чувствует и думает иначе.

Для обеспечения хорошей связи необходимо увидеть и понять идею или опыт, черпая из нескольких источников, выбирая саму позицию. Для этого важно внимательно слушать не осуждая то, что другой человек дает нам.

Сдержанность. Сдержанность сообщает другому человеку, что «мы здесь и сейчас», «мы приветствуем то, что происходит», «мы противостоим силе своих эмоций» и «все это имеет значение для нас». Такое отношение емко означает, что мы верим в собеседника, и мы позволяем ему плавно выражать свои мысли и чувства. Это освобождает и демонстрирует тому, кто нам необходим, что он занимает важное место в нашем общении.

Экспресс анализ взаимных ожиданий. Многие недоразумения возникают из-за того, что не удалось уточнить, что мы ожидаем от ситуации. Экспресс анализ взаимных ожиданий позволит другим знать, чего ожидать и чувствовать, обеспечить в отношениях. Для здорового общения ключевым является то, как человек спрашивает, как просьба выражена в словах, что ждет он от другого. Таким образом, предотвращается фрустрация, разочарования и недоразумения в отношении того, что должно быть достигнуто.

Юмор. Юмор сглаживает неровные края, показывает нам другую сторону ситуации, снижает напряжение и облегчает принятие сторонами решений. Трудности и глупости жизни становятся все

более терпимыми, когда люди живут со здоровым и легким юмором. Это включает в себя состояние готовности смеяться над собой, до того как поднять на смех других.

Знание этих элементов коммуникации может помочь нам быть внимательными, когда эти, и другие ключевые узлы общения, воспитания возникают, а также позволит найти способ реализации стратегий для их отмены. Эти стратегии будут служить для связи не только с детьми, младшими школьниками, но также с взрослыми людьми.

1 Соловьева А.Н. Культурные различия как основа этнической идентичности в контексте глобализации / А.Н.Соловьева // Мир психологии. - 2009. - № 3. - С. 23-34

2 Собкин В.С., Руднев М.Г. Зависть: опыт социологического исследования экономического неравенства / под ред. В.С. Собкина. - М.: Центр Социального образования РАО, 2004.

Түйіндеме

Отбасы бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды ұлттық тәрбиелеу мен коммуникация дамуынын бастауы ретінде

Т.В. Ланцева – п.ғ.м., академик Е.Бөкетов атындағы КарМУ педагогикалық факультетінын аға оқытушысы, tmanapa@gmail.com

Мақалада бастауыш мектеп жасындағы оқушылардын ұлттық тәрбиесі мен коммуникациялық мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар отбасындағы және қоғамдағы коммуникациянын даму аспектілері көрсетілген.

Мақалада тәрбиенің нәтижелі болуына отбасында бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу және коммуникация барысында пайда болатын бірнеше өзекті мәселелерін шешу керектілігі көрсетілген.

Тәрбиелеу және коммуникация барысында бастауыш мектеп жасындағы оқушылардын эмоцияларынын жақсаруына комектесетін вербалды емес және басқа да агресивтік емес сөз белгілері мен карым-катынас аспектілерын пайдалану бойынша ұсыныстар беріледі және жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: тәрбие, отбасы, әлеуметтендіру, мәдениет, коммуникация, карым катынас, ұлттық тәрбие, мәдени және ұлттық өзгешеліктер, эмпатия.

Summary

The family as a source of communication development and national education of younger school students

Lantseva T.V. - master of pedagogical sciences, senior lecturer of pedagogical faculty of the Karaganda State University of the name of academician E.A.Buketov, tmanapa@gmail.com

In this article we consider problems of communication and national education of younger school students. It also identifies aspects of communication in the family and society. In this article it is specified that for fruitful education it is required to solve a number of key problems which, as a rule arise in the course of communication and education of younger school students in families. We have considered ways and have offered recommendations about applying of aspects of speech communication and other nonaggressive verbal and nonverbal signals supporting to improve emotions of younger school students in the course of communication and education.

Keywords: education, family, socialization, communication, culture, association, national education, cultural and national peculiarities, empathy.

ӘОЖ 373.017:355.233.231.1

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Л.Т. Сайдахметова – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к. e-mail: saydahmetova72@mail.ru

Мақалада жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстардың негізгі талаптары мен жүзеге асырылу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік құндылығы, олардың тиімділігі мен қатар Халық қаһарманы Б.Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлының «нағыз патриоттар, шынайы патриоттар қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр» адамдар екенін дәріптеуі қарастырылады.

Түйін сөздер: азаматтық тәрбие, құндылық, халық тәрбиесі, ұрпақ жалғастығы, ұлттық мақтаныш сезімі, сыныптан тыс тәрбиелік сабақтар.

Жалпы білім беретін орта мектептің бағдарламалары арқылы жүзеге асырылатын білім берудің мақсаты мен міндеттері қазіргі таңда бұрыннан етек алған дәстүрлі оқытудан түбегейлі өзгешеліктерге ие болып отыр. Бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде оқушының жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылып, ең алдымен білім, білік, дағдыларды меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесінің қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделген.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып, егемендікке қол жеткізуі, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық құндылықтары мен дәстүрлі мәдениетін өз ұрпағына толық танытуға мүмкіндік туғызды. Еліміздің алдында тұрған басты мүдде өркениетті, қуатты елу елдің қатарына қосылуға қол жеткізу әлемдік білім кеңістігінен орын алумен де өлшенеді. Бүгінгі таңдағы көкейкесті бұл мәселе оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, оқу үрдісін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, жан-жақты дамыған рухани жан дүниесі бай жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты.

Тәрбие қайшылықты және ұзақ, үздіксіз процесс болғандықтан патриоттық тәрбиені тек оқу кезінде ғана емес сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстар барысында да қалыптастыруға болады. Соның ішінде оқушылардың патриоттық сезімдерін тек сабақ барысында толық қалыптастыру мүмкін емес. Олай дейтініміз, әрбір сабақтың өзіне тән мақсаты, міндеттері болады.

Халық қаһарманы Б.Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлы “нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр” адамдар екенін дәріптейді.

Жазушы, Қазақстандықтардың барлығын бірдей патриоттар деп айта алмаймыз, өйткені материалдық тоқшылық, технологиялық игіліктерге бола жеке басын күйттеп, шетелге қашқандар, келешек ұрпаққа мұра болып қалатын жерді, табиғи ресурстарды сатып жеке басының байлығын асырғандарды, “қазақ” деген ұлы халықтың даналығынан туған салт-дәстүрін тәрк етушілерді, тарихын, тілін білмейтін, білуге ұмтылмайтындарды патриоттар қатарына қоспайды. Ол Қазақстанның бүгінгі территориясының сақталып қалуына халқының ел болып ұйып отыруына, ежелгі дәуірден бері қарай үлес қосып келе жатқандарды нағыз патриоттар дей келе, “патриоттары көбеймеген халық елдігінен айырылады және елдігін сақтап қала алмайды”, – деп түйіндейді.

Бақытжан Момышұлы патриоттық сезім “адамдарға генетика арқылы беріліп, ойына мықтап орнығады. Алайда оған күтім мен қамқорлық, ұдайы шыңдап отыратын тәлімгерлік те қажет”, –дейді. Ол ерлік, рух, ұлттық намыс арасындағы тығыз байланысты: “меніңше, ұлттық намыс болмаса, ұлт батырлары да болмайды. Сонымен қатар ол, ең алдымен, елінің патриоты атанбаса, батыры да емес. Демек, ұлтына деген құрмет патриотизмнің ажырамас бөлігі. Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік жоқ жерде патриотизм тумайды. Егер тура мағынасында айтсам, патриотизм – адамды өзінің арғы тегімен жалғастырып жататын арқауы мықты қасиетті жіп”,- деп белгілейді.

Мектеп оқушыларының білімін дамыту, тәрбиелеу, патриоттық сезімін қалыптастыру, шығармашылық белсенділігін күшейту, рухы биік азамат етіп тәрбиелеу істері білім берумен қоса жүреді. Дегенмен, бұл жұмыстар сыныптан тыс жұмыстарда өз жалғасын тауып, жүзеге асырылады.

Сыныптан тыс жұмыстарда көркем шығармаларды пайдалану – оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруға септігін тигізеді. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушының білімі артып,

тереңдеумен қатар, олардың дүниетанымдық көзқарасы онан әрі дамып, ойлау қабілеттері жетіледі. Сыныптан тыс жұмыстардың басты ерекшелігі олар еріктілік принципте құрылатындығында, яғни, оларға көркем шығармаға қызығушылықпен қарайтын оқушылар қатысады. Оқушылар ынта мен өздерінің қабілеттеріне қарай өздігінен әртүрі үйірмелерге жазылады, сабақтан тыс уақытта өз қалаулары бойынша жалпы немесе жеке атқаратын жұмыстарға белсене қатысады.

Бұдан шығатын қорытынды, мұғалімнің ең алдымен сыныптан тыс сабақ түрлерін еркін таңдап алуының керектігін білдіреді. Мұғалімдердің басты міндеті - сыныптан тыс жұмысқа оқушыларды түгел тартып, олардың белсенділігін көтеру.

Сыныптан тыс жұмыстардың екінші ерекшелігі - оның міндетті бағдарламалар талабымен байланысты болмайтындығында. Сыныптан тыс жұмыс мазмұны мен оны ұйымдастыру формасы негізінен алғанда оқушылардың ынталары мен талап-тілектеріне және жергілікті жағдайларға байланысты туындайды. Пәндік және басқа үйірмелердің бағдарламалары оқушылардың қызығушылығын, қажеттілігін өтеуге құрылады. Бағдарламалар әдістемелік нұсқаулардың негізінде үйірмелердің жетекшілері нақты жағдайларды және оқушылардың ықылас қалауын ескере отырып, жұмыс жоспарын жасайды. Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мектепоқушыларының ынтасы мен қалауы, тілектаптарына сай келетіндей тұрғыда қарастырылады.

Сыныптан тыс жұмыстардың тағы бір ерекшелігі - жас шамасы әртүрлі оқушыларды қамтитындығында. Жас шамасы әртүрлі оқушылардың қатысуы сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруға және өткізуге кедергі бола алмайды, қайта оны жандандыруға көмектеседі. Тіпті бұл әртүрлі сынып оқушыларын біріктіріп, топтастырып, ұйымшыл болуға тәрбиелейді. Мұнда әртүрлі сыныптардың оқушыларын біріктіретін үйірмелерде ересектеу балалардың өзінен кішілерге қамқорлық жасауларына, жолдастық өзара көмекті өрістетуге жақсы жағдай туғызылады, оқушылар арасындағы қарым-қатынас этикасы қалыптасады.

Сыныптан тыс жұмыстың төртінші ерекшелігі - онда өздігінен талпыныс жасау, ізденушілік көркем шығармамен айналысудың басым болуына көмектеседі. Үйірмелерде, спорт, көркемөнерпаздар ұжымдарында балаларды өздіктерінен жұмыс істеулеріне кең мүмкіндіктер беріледі. Оны, мұғалімдердің бағыттап отырғанмен, жұмыстың барысын, негізінен мектеп оушыларының өздері ұйымдастырады. Сыныптан тыс және мектептен тыс сабақтарға басшылық жасау дербестікті дамытуға, үйлесімді іс жүргізуге төселтеді.

Бүгінгі таңдағы сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының ерекшелігінің мәні ондағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің сыбағалы салмағының артқандығында. Қазіргі уақытта сыныптан тыс жұмыстар қоғамға пайдасы мол, кәсіптік бағдар берудегі өте маңызды да ықпалды құралы ретінде көрініп отыр.

Сыныптан тыс жұмыстардың тағы бір ерекшелігі - формалар мен әдістердің сан алуандығында. Көркем шығармаларды сыныптан тыс жұмыстарда пайдаланудың жолдарын талдамас бұрын ең алдымен сыныптан тыс жұмыстың мақсат-міндеттерін анықтауға тура келеді. Сыныптан тыс жұмыстарға сабақтан тыс уақытта оқушыларымен мектепте жүргізілетін, тәрбие және білім беру сипатында ұйымдастырылған, әрі мақсатты бағыты бар сабақтар жатады. Бұл жұмыстар патриоттық тәрбие берудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігін құрайды. Олар жан-жақты дамытуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Сонымен қоса қазіргі жағдайдағы сыныптан тыс жұмыстың жетінші ерекшелігі - оның бұқаралығы. Ол табиғатты, техниканы, өнерді, әдебиетті сүйетін жеке оқушыларды ғана емес, барлық оқушыларды қамтиды. Оның бұқаралық формалары топтық және жеке-дара сабақтармен толықтырылып отырады.

Белгілі ғалым-әдіскерлердің еңбектеріне талдау жасай отырып: «Сыныптан тыс жұмыстар деп, мектепте бірақ сабақ кестесінен тыс жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының барлық түрін айтамыз», - деген анықтама беруге болады. Бұдан шығатын қорытынды мектепте жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар оқу-тәрбие процесінің жалғасы болып, ол білімдік, тәрбиелік, дамытушылық сипатта жүргізілген жұмыстар төмендегідей мақсаттарды көздейді:

- оқушылардың сабақ барысында алған теориялық білімдерін толықтырып, тереңдетіп, дамытып, оқуға, көркем шығарма үлгілеріне сүйіспеншілік сезімдерін туғызып, ынтасын арттыруға жағдай жасау;
- сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мектеп бағдарламасының мазмұнын толықтыратындай болуы;
- сыныптан тыс жұмыстар сабақтан бос кезде оқушылардың дұрыс демалысын ұйымдастыра отырып, практикалық жағынан дағды-әрекеттерін қалыптастыру.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруде тәрбие жүйесінде мектептен тыс жұмыста едәуір орын алады. Олар көбінесе, мектептен тыс мекемелер, кітапханалар, театр, ғаламторлар, түрлі мәдени ағарту шаралары. Қазіргі кезде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда әлі де болса айтарлықтай кемшіліктер баршылық. Кейбір мектептер үшін бұл жұмыстың жеке бағыттарын ғана дамыту тән болып отыр. Сыныптан тыс жұыстарға көп жағдайда оқушылардың барлығы емес, тек белсенділер қатысады.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік құндылығы, олардың тиімділігі көбіне бірқатар талаптарды сақтауға байланысты:

- сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптардың ең маныздысы - оның өмірмен, практикамен тығыз байланыстылығы. Кез келген үйірменің, ғылыми қоғамының жұмысы айнала, қоршаған өмірмен танысуға және оны көркейтуге белсене қатысуға себепші болуы тиіс;

- сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын мектептің оқу-тәрбие міндеттеріне бағындыру қажет. Үйірмелік және жаппай сыныптан тыс жұмыс үшін жалпы білімді және дүниетанымды кеңейтуге, адамгершілік және еңбек тәрбиесін беруге, саяси сананы, эстетикалық талғамды және дене қуатын дамытуға септігін тигізетін материал іріктеудің маңызы үлкен;

- сыныптан тыс жұмыстарды ең алдымен жүйелі, үнемі өткізіп отыру қажет;

- сыныптан тыс жұмыстар түрлері әсіресе, патриоттық тәрбие беру мәселесі оқушылардың қолынан келетіндей, шамалары жететіндей мазмұнда болуы керек. Егер сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны, берілетін тапсырмалар, жеңіл немесе тым күрделі болса, онда оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға қатысу қызығушылықтары жойылып кетуі мүмкін [2] деп көрсетілген.

Көркем шығармаларды сыныптан тыс жұмыстарда пайдаланғанда олар ең алдымен жеке тұлғаның патриоттық тәрбиесін қалыптастыруға; оның оқушылардың өзін-өзі жетілдіруге ықпал етуіне; жалпы дүниетанымына әсер етуі керек.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік құндылығы, олардың тиімділігі көбіне бірқатар талаптарды сақтауға байланысты десек, ең алдымен олардың патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы маңызы зор. Бұл талапты сыныптан тыс жұмыстың формалары мен әдістерін таңдаған кезде, оны жоспарлау және ұйымдастыру үрдісінде, қорытынды шығарған кезде сақтау қажет. Бұған тыңғылықты жоспарлаудың және нәтижелерді есепке алудың көмегімен қол жетеді. Мектептерде оқылатын ғана емес, сыныптан тыс жұмыстардың да кестесі болуы қажет, онда үйірмелік және басқа сабақтан тыс жұмыстардың күндері және сағаттары көрсетілуі қажет.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын маңызды талаптардың бірі - оқушылардың қолынан келерліктей, шамасы жетерліктей мәселелердің жоспарлануы. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай келмеген жағдайда сабақтан тыс жұмыстар қажетті нәтиже бере алмайды. Оқушылар үшін қызықты болмай, оларды еліктірмейтін жағдайға ұшырайды. Сондықтан да оқушылардың қолынан келерліктей, өздерінің қатысуын еркін қамтамасыз етерліктей жұмыс түрлері қамтылады. Бұл сыныптардағы үйірмелік және бұқаралық жұмыстарда әртүрлі ойындар мен ермектер, романтика элементтері үлкен орын алады. Мұнда қарапайым қол жұмысымен айналысу, сыныппен немесе бастауыш сынып оқушыларының топтарымен жүргізілетін жалпылама жұмыс формалары басым болады.

Сыныптан тыс жұмыс мазмұнының, ұйымдастыру формалары мен өткізу әдістерінің оқушылардың даму деңгейіне сәйкес келуі - педагогикалық талаптардың бірі. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың тағы бірі - олардың алуан түрлі және жаңарып отыруы. Оқушылардың бір сарынды, біркелкілік пен жалықтыратын іске төзбейтіні белгілі. Олар бірсарынды жұмыстарды орындауда ынта көрсетпейді, оларға қызықпайды, назар аудармай тәртіп бұзуы да мүмкін. Оқушылардың үйірме сабақтарына, ертеңгіліктерге, конференцияларға ықыласпен қатысуын, белсенділігін арттыру және тартымды болуы үшін алуан түрлілік, жаңалық болуы керек.

Жалпы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімінен көп жауапкершілік талап етіледі. Себебі, негізгі ұйымдастырушы адам – мұғалімнің өзі. Мұғалімнің жұмысы нәтижесінде сынып оқушылары топпен қарым-қатынасқа тәрбиеленеді. Оқушылар ұжымын ұйымдастыру мен тәрбиелеу, оларды сыныптан тыс тәрбиелік іс-әрекеттің әр алуан түріне тарту арқылы мұғалім патриоттық тәрбие береді. Ол әрине, сыныптағы оқу жұмысын ұйымдастыру, білім сапасын арттыру мәселелерін де назардан тыс қалдырмауы қажет. Бірақ оларды шешуге ол ең алдымен тәрбиеші ретінде қарайды және бұл үшін тәрбиенің әр-түрлі формалары мен әдістерін пайдаланады.

Патриоттық тәрбие ұлттық мақтаныш сезімінен туындайды. «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз - белгілі бір басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң» - деп Б.Момышұлы анықтама берген [4].

Қазақ балалар әдебиетін зерттеуші ғалым Ш.Ахметов «Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі» атты еңбегінде: халқымыздың тәрбие ісінде қамтыған мәселелеріне жан-жақты тоқталған.

- Біріншіден, тәрбие басы адам алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған.
- Екіншіден, мейірімді болуды үйреткен.
- Үшіншіден, тіл алғыш елгезек болуға тәрбиелеген.
- Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген.
- Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген.
- Алтыншыдан, үлкенді, ата-анаңды сыйлай білуді үйреткен.
- Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа, - дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көзге түртіп көрсетпе деген сөз.
- Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді, - деп қорытынды шығарады [5]. Бұған қарап, тәрбиенің қай саласы болса да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің бірі-патриоттық тәрбие беруге баулитындығын көреміз.

Көркем шығармалар арқылы ақын-жазушылар туған жер табиғатын, оның ерекшелігін, байлығын, оған деген сүйіспеншілігін суреттейді. Халқымыз туған жерді қатты қадірлеп, оның сан қилы құпияларын ерекше сипаттаған. Ол шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың бойында патриоттық сезім оятып, туған жерге деген сүйіспеншілік рухын егуге болады. Бастауыш сынып оқушыларын Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуде жүйелі түрде жүргізілген үгіт-насихат, өнеге, оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы қалыптасады.

Халқымыздың ұлттық қасиетінің әдемі қағидалары мен ережелерін бала тәрбиесінде терең мән бере шебер қолдана білсек, ұлтжанды, иманжүзді ұрпақ тәрбиелей аламыз. Ол үшін халқымыздың тарихы мен жүріп өткен жолдарын балаларға түсіндіре отырып, саналы тәрбие мен білім беруді алдымызға айқын мақсат етіп қоюмен бірге оны жүзеге асыруымыз қажет.

1 Бекбергенов М. Кластан және мектептен тыс жұмыстар //Қазақстан мектебі. 1986. №6.-42-44 б.
2 Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. -Алматы, 2004. -16 б.
3 Патриотизм қанға сіңген қасиет пе? //Ақиқат.2000. №11. -29, 30, 34 б.
4 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. -Алматы: Қазақстан, 1991. -39-40, 52-54 б.
5 Ахметов Ш. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі. -Алматы: Мектеп, 1974. -227 б.

Резюме

Роль внеклассной работы в формировании патриотического воспитания

Л.Т.Сайдахметова – к.п.н., доцент,
Казахский Государственный Женский педагогический университет

В этой статье изложены основные требования и пути реализации внеклассной работы в обще-образовательной школе. Вместе с воспитательными ценностями и их эффективностью внеклассной работы рассматривается слова сына народного творца Бауыржана Момышулы великого писателя Бахытжана Момышулы: «казахские предки подленные патриоты, котрые вечно прожили в независимо, настоящие патриоты были такими людьми, что были готовы, посвятить всю свою жизнь процветанию своего народа».

Ключевые слова: гражданское воспитание, народное воспитание, ценности, приемственность поколении, национальные чувство гордости, внеклассные воспитательные уроки.

Summary

The role of extracurricular activities in the formation of patriotic upbringing

L.T.Saydahmetova - Kazakh State Women's Pedagogical University, PhD, Associate Professor

This article outlines the main requirements and ways to implement extracurricular activities in comprehensive school. Together with upbringing values and efficiency of extracurricular activities, son of BauyrzhanMomyshulygreat poetBakhytzhanMomyshuly`s words are considered, "kazakh ancestors are authentic patriots, who lived independently, true patriots were the people that were willing to devote all their life to the prosperity of their people. "

Keywords: civic upbringing, national education, values, succession of generations, national pride, extracurricular educational lessons.

ӘОЖ:

ТӘРБИЕ – ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ НЕГІЗІ

А.Ж. Скакова – магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
e-mail.ru:skakova.akbota@mail.ru
А.Сартаев – б.ғ.к.,профессор Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Мақалада патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі. Ұлттық тәрбие берудің қажеттілігіне назар аударылады. Ұлттық тәрбиенің мақсаты ен міндеттері көрсетіледі. Оқушылардың ұлттық патриотизмнің мәні, жалпы патриотизм, патриотизм туралы білімдері сауалнама арқылыанықталады.

Тірек сөздер: тәрбие, ұлттық тәрбие, ұлттық патриотизм, патриот, туған жер.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жолдауында мәңгілік ел болудың 2050 жылға дейінгі жаңа межесін айқындады. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев жаңа Жолдауында: «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады... Әрбір қазақстандық биліктің қолдайтынын және тірек екенін сезінуге тиіс» делінген. [1]. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу- тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі- патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі педагогикалық үрдіс. Патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идеологиясы және айқын жүйесі бар. Тәрбие - халықтың ғасырлық бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, өмірге деген көзқарасын және оған сай мінез құлқын қалыптастыру.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектігін жоғалтқан емес. Қазақстанның білім беру жүйесінде, тұтастай алғанда, мектепке дейінгі мекемелерде, техникалық, кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің айрықша қажеттігі туындап отыр.

Қазақта «Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» деген мақал бар. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы жаста балалар үлкеннің айтқанын тыңдап қабылдайды, сондықтан тәрбие үрдісінде балалардың Отанға, өз қаласына, үйіне деген қамқорлықтарын нақты түрде қалыптастыру қажет.Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Мектепке дейінгі жастағы бала өзін қоршаған ортаның әсемдігіне, өзінің отбасына деген сыйластық сезімі туындаған жағдайда, оның өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, яғни патриоттық тәрбие қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың патриотизм сезімін тәрбиелеу – күрделі және ұзақ үрдіс. Баланың тұлға ретінде

дамуында жақындарына, балабақшаға, туған қаласына және еліне деген сүйіспеншілігі үлкен роль атқарады. Мектепке дейінгі мекемеде патриотизм сезімдерін тәрбиелеуде басымды бағыттың бірі, ол экологиялық білім беру болып табылады. [2]. Балаларды өз елімен, ұлттық, тарихи мәдениетімен, табиғатымен таныстырғанда, олардың өз Отанының патриоты және азаматы бола-тындай мінездері қалыптаса бастайды. Шындығында,біздің еліміз қандай болса да, адам өзінің туған, өсіп – өнген жеріне, көшесіне, алғаш рет еккен тал ағашына, ауласына деген өз Отанына деген сезімімен байланыстырады. Мектепке дейінгі мекемеде өзінің табиғатының әсемдігін сурет салып көрсетеді. Балалардың салған суреттерінде өзінің шаңырағына, ауласына, қаласына деген сүйіспеншілігі және де серуен кезінде бақылаған табиғаты жөнінде бейнеленеді. Тәрбиешілер балалармен өз ауласын тазалауға шығып тұрады. Осы арқылы балаларға олардың айналаны таза ұстап, үлкендерге көмектесіп, өздерін тұрғын ретінде қаланы таза сақтау керектігін түсінулеріне бағыт беру. Жер бетіндегі әрбір халық өздерінің жарық дүние есігін ашып, кіндік қаны тамған қасиетті туған жері мен елінің табиғатының көрікті орындарын ерекше қорғалатын аумақтар ретінде жан-тәнімен қорғай білуі қажет.

1-сурет. Ұлттық тәрбие беру жүйесі [3].

Бастауыш сыныптағы дүниетану пәні «Адам», «Табиғат» және «Қоғам» сияқты дүниенің құрамдас бөлімдері туралы бастапқы білім сатысын қорытындылайды. Соның нәтижесінде оқушылардың айнала қоршаған дүниенің біртұтастығы туралы ой-пікірлері туралы ой қалыптасады. Олар адам, табиғат, қоғам арасындағы тығыз байланысты зерттеу дәрежесіне дейін көтеріледі. Сонымен бірге бастауыш сыныптағы дүниетану жоғары сыныптағы биология, физика, химия, тарих, география және басқа пәндер игеруге қажетті білім негізін қалау жөніндегі соңғы – шешуші сатыға жатады. Сон-дықтан білімнің берік негізін қалыптастыруда халық педагогикасының құралдары ерекше мәнге ие болады. Осы міндетті жүзеге асыруда дүниетану сабақтарында мынадай халық педагогикасы құралдарының жүйесі пайдаланылады:

- табиғат құбылыстары, жануарлар, құстар, адам туралы жұмбақтар;
- табиғатты аялау дәстүрлері, ырымдар мен тыйым сөздер;
- хайуанаттар туралы ертегілер;
- табиғатты қорғау мен аялау туралы мақал-мәтелдер;
- Ұлттық ойындар “Тірі және өлі табиғат”, “Ұшты-ұшты”;
- ауа райына байланысты халықтық болжамдар;
- халықтық тәжірибелер, бақылаулар т.б. Дүниетанудан ауызекі поэтикалық шығармашылық материалдарын оқушылар тек сабақ үстінде ғана емес, сонымен бірге сыныптан тыс уақытта да ынта қойып оқиды. Қоғамдық құбылыстар мен табиғат құбылыстары жайында белгілі бір тақырып бойынша қызықты деректер, әңгімелер, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер іздестіруге арналған тапсырма

беруде оқушылардың білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Жұмбақтар баланың ойлау жүйесін, қиялын дамытуға, талғамы мен танымын өсіруге, поэзияны сүюге тәрбиелейді. Мысалы: Көзіне көрінбейді, қаңғуға ерінбейді, шалғынды жапырады, жол басын сыпырады. (Жел), Қолы жоқ сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз) т.б. [4]. Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін жұмбақтар, тапқырлығын ұштайтын сұрақтар беру қазіргі күннің талабына сай жас ұрпақты білімді, зеректі, қабілетті етіп тәрбиелеумен қатар ұлттық тәрбие беруге мүмкіндік береді. Біз өзіміздің зерттеу жүргізу барысында, М.Ганди атындағы №92 дарынды балаларға арналған мектеп лицейінде жүзеге асырылды. Сауалнамаға 10 сынып оқушылары қатысты. Сауалнама жауаптарын сараптау, бізге оқушылардың ұлттық патриотизмнің мәні, жалпы патриотизм, патриотизм туралы көзқарастары мен білімдері туралы хабардар берді. Біз оқушы-лардың берген жауаптарына қарай отырып оларды жоғары, орта, төмен деңгейге бөліп қарас-тыруды көздедік.

1. Жоғары деңгейі: «Ұлттық патриотизм» ұғымы – өз елімізге, тілімізге, дінімізге, ұлтымызға деген жанашырлық. Осылардың дамуына түптеп үлес қосу. Өз елін мақтан тұту, өз елімен мақтана алу. Өз елінің, жерінің атын әлемге таныту. Елінің дамуына аздаған болса да үлес қосу.

«Сіздің ойыңызша патриот деген кім?» - Патриот деп мен осы елде тұратын бүкіл адамдарды айта аламын. Олар осы ел үшін еңбек етіп, жұмыс жасап, өз үлесін қосуда.

«Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?» Тұлға бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру үшін не істеу қажет? – Мен өзімді патриотпын деп санаймын. Себебі, менің жүрегім әрдайым қазақ елі үшін соғады. Тұлға бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру үшін көптеген ұлттық нақыштардағы, тәрбиелік мәні бар көптеген кітаптар мен түрлі фильмдерді көптеп көру керек.

2. Орта деңгей: «Ұлттық патриотизм» ұғымы – ұлтына, еліне деген патриоттық сезім.Өз ұлтын ойлап, біреу жамандаса қорғауға дайын тұратын адамдарды патриот деп атайды.Ол ұлтын ойлаған әр бір кеудесінде намысы бар адамдарға тән.

«Сіздің ойыңызша патриот деген кім?» - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адам қызмет етіп қорғауды мақсат тұтатын, өз Отанына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік сезімі.

«Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?» - Мен өзімді патриотпын деп ойлаймын. Себебі мен болашақ педагогпын, балалардың білім алуына үлес қосқым келеді.

3. Төменгі деңгей: «Ұлттық патриотизм» ұғымы – Туған жерін Қазақстанды сыйлау, сүю. Өз Отанына деген махаббат.

«Сіздің ойыңызша патриот деген кім?» - Мемлекеттің әрбір азаматы патриот болу керек. Менің ойымша нағыз патриотқа үлгі болатын адам Бекболат Тілеуханов.

«Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?» - иа патриотпын деп санаймын.

Деңгейлерді қорытындылай келгенде: Жоғары деңгейде қойылған сауалнама сұрақтарына толықтай жауап алынды. Жоғары деңгейде ұлттық патриотизм ұғымы дегенде – туған жер, ел, Отан, дін толық айтылды.

Ал орта деңгейде, сіздің ойыңызша патриот деген кім дегенде – ұлты-қазақ, діні-ислам, білімі-жоғары, тілі –қазақ. Мысалы: Б.Момышұлы, М.Әуезов, М.Шаханов, З.Ахметова, Ф.Оңғарсынова,Г.Головкин, Ж.Дұғалова т.б.

Төменгі деңгейде - қысқаша ғана жауап берілген. Төменгі деңгейді нашар деп айта алмаймыз себебі, төменгі деңгейде - жоғары, орта деңгейде айтылмаған ойда болған. Мысалы, сіз өзіңізді патриотпын деп санайсызба? деген сұраққа – иә, мен патриотпын. Ол үшін тәрбие керек, ұлттық тәрбие отбасы тәрбиесі.

БАҚ адамдардың санасына, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы. Сол үшін де ұлттық патриотизмді қалыптастыруда БАҚ ролі маңызды болып табылады. БАҚ-та полиэтникалық Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін насихаттау арқылы жаңаша патриоттық тәрбие беру ісінде біз ақпарат құралдарының барлық түрін – баспасөз, теледидар, радио, интернет және ақпарат таратудың өзге де құралдарын кешенді қолдануымыз қажет. Тұлғаны саяси-әлеуметтік белсенділікке тартуда, тәрбиелеуде ақпарат құралдарының мүмкіншілігі мол. Ұлттық патриотизм жеке тұлғаның сана-сезіміне өз-өзінен барып орнығып, өрістейтін құбылыс емес. Бұл үшін мемлекеттік құрылымдағы БАҚ барлығы бірігіп, «бір жеңнен қол шығарып, бір жағадан бас шығарып» ұлттық патриотизмді ел азаматтарының ортақ сеніміне айналдыруы жолында қызмет етуі тиіс.Келесі бір маңызды мәселе – біздің теледидардағы прайм-тайм уақытын (кешкі, демалыс кезінде халық жаппай теледидар алдына жайғасатын уақыт) отаншылдық рухтағы бағдарламалармен (тарихи, діни, географиялық, музыкалық, әдеби, поэзиялық, спорттық, әскери т.б. тың әрі тылсым жатқан салалар

толып жатыр), Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін насихаттаумен толтыру. Өкінішке орай, соңғы жылдары теле арналардағы прайм-тайм уақытын негізінен шетелдік мелодрамалық және қан-сойқан сериалдары, одан қалса тұтынушылық жарнама басып алды. “Не ексең соны орасың” деген мақал шаруашылыққа ғана емес, бұқаралық ақпаратқа да қатысы бар екеніне бүгінде көзіміз жеткендей. Азаматтарымыздың өзімшіл, жемқор, тұтынушы, қаныпезер болып бара жатқаны олардың санасына ықпал етіп жатқан ақпараттың сипатына тікелей байланысты. Философия заңы бойынша сананы әрқашан да болмыс айқындайды. Қазақстандықтар отаншыл, бауырмал, ұлтжанды, көпшіл, иманды, толерантты және интернационалист болсын десек, олардың санасына осы аталған құндылықтардың ұрығын ақпараттық саясат ауқымында себе білуіміз қажет.Қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру мен дамытуда ақпарат құралдарын дұрыс және ұтымды пайдалана білудің маңызы осында жатыр. Сондықтан, республикалық телеарналардағы прайм-тайм уақытында берілетін арсыз әрі зұлым, ешбір тәлім-тәрбиелік мәні жоқ “жыланқы” сериалдарды қысқартып, ол алтын уақытты мемлекеттік мүдде үшін барынша пайдалану қажет.

Ақ иық ақын Мағжан Жұмабаевтың «берік денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындатырлық болса, баланың тәрбие алып, шын адам болатындығы» деген қағидасы өміршең болып отыр. [5]Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамның жоғары мұратты мақсаттарына сай клетін жеке тұлғаны қалыптастыру – баршамыздың алдында тұрған міндетіміз. Адам махаббаты қандай мәңгі болса, оның патриотизмі де сондай мәңгілік.

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы. 2014.- 7бет.

2. Сулейменова Ж.Б. «Сәби тілін дамыту жолдары» Көкшетау қаласы 2013

3. Л.Т.Сайдахметова. Оқушы жастарға Отансүйгіштік тәрбие беру. Алматы, 2010. 91бет.

4. М.Әлімбаев “Мұхит ойды кешіп көр, тылсым жұмбақ шешіп көр”. Таймас баспа үйі. Алматы, 2012. 9 бет.

5. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, Рауан, 1992. 24бет

Резюме

Воспитание – основа национального патриотизма

А.Ж.Скакова– магистрант, Казахский государственный женский педагогический университет.

А.Сартаев – к.б.н.,профессор Казахский государственный женский педагогический университет.

В статье рассматривается проблема патриотического воспитания. Обращается внимание на необходимость национального воспитания. Указывается цель задачи национального воспитания. Значение национального патриотизма учащихся, общий патриотизм, патриотизм определяется через анкеты.

Ключевые слова:воспитание, национальное воспитание, национальный патриотизм, патриот, родная земля.

Summary

Education - the basis of national patriotism

SkakovaA.Zh–master,Kazakh state woman pedagogical university.

Sartayev A.-k.b.s., professor, Kazakh state woman pedagogical university.

The article deals with the problem of patriotic education. Attention is drawn to the need for national education. It specifies the objectives of the national education goal. Meaning of pupils of national patriotism, a common patriotism, patriotism is defined by profiles.

Key words:education, national education, national patriotism, patriot, native land.

УДК 19.024.1 Т.83

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Г.І. Туретаева – педагогика ғылымының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
А.Б. Ахметова – педагогика және психология магистрі,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, e-mail: botagoz.alga@mail.ru

Мақалада оқушылардың эстетикалық талғамын арттыружолдары қарастырылған. Сонымен қатар мақала авторы аталған мәселе бойынша ғалымдар мен тәжирибелі педагог мамандардың көзқарастарының психологиялық-педагогикалық негіздеріне шолу жасаған. Балалардың эстетикалық талғамын арттыру кезеңдер қарастырылған.

Түйін сөздер:Ұлттық салт, дәстүр, салт-дәстүрлер, халықтық педагогика, эстетикалық талғам.

Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлт болып қалыптасуына байланысты. Қазіргі ғылыми дәлелдер бойынша, қазақ ұлтының алғашқы пайда болуы XIII-XIV ғасырларда басталды деп келе, сол дәуірден бері қарай қазақтың көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қалыптасып дамыды. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп біздің дәуірімізге жетті.Ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрып халықтың ерекше белгісі болып сақтала береді.

Сондықтан бүгігі ұрпақты ата-баба салт-дәстүрімен тәрбиелеу, халық педагогикасының нәрі қайнарымен сусындату-оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі міндеттердің бірі. Бүгінгі бала-ол ертеңгі қоғам иесі. Сонымен қатар, балалардың дара ерекшеліктеріне байланысты (кемістік түрлеріне байланысты) тәрбиелеудің ең алғашқы сатысынан бастап оларға саналы тәрбие беру, оған ұлттық мағына бере келіп, ақыл-ойы дамыған салт-дәстүрін білетін баланы тірбиелеп шығару-халықтың тәлім-тәрбие түрлерін көбірек насихаттап, ұрпақ бойына ізгілік, адамгершіліктің жақсы қасиеттерін жүрегіне ұялатсақ, олардың өз тіліне, Отанына, дініне, халқына деген сүйіспегшілігі артып, өз елінің әдет-ғұрптарын бойына аздап болса да сіңіруі сөссіз.

Салт-дәстүр, ідет-ғұрып, рәсім үлгілері туралы оның жалпы бала тәрбиесіндегі мәні туралы белгілі этнопедагогтардың – Г.Н. Волков, А.Х. Муханбаева, С.К.Қалиев, С.А. Ұзақбаева, Ф.Б. Бөрібекова т.б. еңбектерінде кеңінен айтылады.

Философ Н. Сарсенбаев «Дәстүрлер адамның қоғамдық қатынастарының тарихи қалыптасқан тұрақты және мелінше қорытындалған нормалары мен принциптері, олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады және қоғамдық мінез-құлықтар арқасында сақталады» деген ойды білдірсе; әйгілі педагог С.Қ. Қалиев «Дәстүрлер қоғамдық санасының барлық салалары мен байланысты дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет, заңын марапаттайтын рәсім»-деп түсіндірді.

Ал «салт» деген С.Қ. Қалиевтың пайымдауынша «Адам өмірінің күнделікті тіршілігенде» (отбасынан бастап қоғамдық өмірдегі қатынаста жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жөн-жора, рәсім заңдарының жиынтығы.

Ж. Наурызбай, С.А. Ұзақбаева, Қ.Ж. Қожахметова, Б.Ы. Мұқанова т.б. еңбектерінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға берген ғылыми бағалар мен оларды пайдалануға байланысты маңызы, мәні зор.

Халықтық педагогика этнопедагогиканың зерттеу пәні болып табылады. Этнопедагогика халықтық педагогиканы түсіндіреді және қазіргі жағдайда жаңуяда, мектепте оны қолданудың жолдарын ұсынады, этникалық топтардың тәжірибелерін жинап, зерттейді.

Халық педагогикасымен айналысушылар қоғам дамуының алғашқы сатыларында–ақ тәрбиеге өзіндік көзқарас болғандығын, мақсатқа сай тәрбиелеудің жолдары ойластырылғандығын мәлімдейді. Қазақ этнопедагогиксының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләзаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ождансыздықты,

қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез – құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манера, дене қимылы, т.б. А.С. Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі. А.П. Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек [1].

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объектісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде. Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық-әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай [2]. Өкінішке орай, көптеген зерттеуші ғалымдар бұл мәселенің соншалықты көкейтестігіне үстіртін қарайтын секілді.

Көрнекі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймаутов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожахметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Алайда халықтық тәрбиенің зерттелу тарихына шолу халық шығармашылығына арналған зерттеулер мен жарияланымдарда оның ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс екендігі айтылғанмен, халықтық педагогикалық ескерткіштер оқу үрдісінде және сыныптан тыс жұмыстарда қолданылғанмен, балалар мен жастарды тәрбиелеуде оның ролі жайлы ойлар айтылғанмен көптеген ғылыми еңбектердің әлсіз тұсы халық педагогикасын оқып үйренудің теориялық мәселелері қамтылмайтындығын байқатады. Этнопедагогиканың мәселелерімен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы. Халықтық педагогиканың ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп орынды атап көрсеткен.

Халықтық педагогика ұғымына көптеген зертеуші ғалымдар өздерінше анықтама береді. Біз Г.Н.Волковтың берген анықтамасын ұсынамыз: Халықтық педагогика – тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтардың және білімдердің жиынтығы. (1958) Халықтық педагогика - халық ауыз әдебиетіндегі, салттарындағы, ырымдарындағы, балалар ойындары мен ойыншықтарындағы сақталған педагогикалық мағлұматтарымен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы (1974).

Халықтық тәрбие тарихи даму үрдісіндегі тірі дене болып табылады. Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштерде мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген.

Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі.

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру». Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдеп-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда –

ақыл – ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда - әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой – пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығы мен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Егеменді еліміздің пердесі ашылмай, шіркеуленіп келген ұлттық тәрбиесі жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, еркін қолға алынды да, көптеген оқыту бағдарламалары мен оқу құралдары пайда болды. Ғалым К. Оразбекова «Иман және инабат» (1993) деген кітабында имандылық–ұлттық тәрбиенің негізі деп көрсетіп, қазақ этнопедагогикасының бір қайнар көзін ашты. М.Оразаев, М.Смаилова сияқты педагогтар «Қазақ халқының салт-дәстүлері» деген кітап жазып, қазақ этнопедагогикасының салт-дәстүрге байланысты саласын айқындады. Профессорлар Қ. Жарықбаев пен Ә. Табылдиев «Әдеп және жантану» (1994) оқулығын жазып, қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасы ғылымының негіздерін айқындады. Ғалым С.Ғаппасов «Ізгілік әліппесі» (1995) «Халық педагогикасының негіздері» (1996) деген еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-медициналық және танымдық ерекшеліктерін дәлелдеді. Ә. Табылдиев «Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегі арқылы қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашып берді. Профессор С. Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының негіздері және тарихы» (1998) деген оқу құралы арқылы қазақ этнопедагогикасының қайнар-бастауы біздің заманаымыздан бұрын белгілі бола бастағандығын дәлелдеп, бұл ғылымның теориялық негіздерін айқындап берді. Зерттеушілер Ұ.Асылов пен Ж.Нұсқабаев «Әдеп» атты оқулығында (1999) қазақтың салт-дәстүрлеріндегі тәлім-тәрбиелік мақсаттарды жеткізе дәлелдеді.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [3].

Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбие құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері, жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылды.

Қазақхалқыныңмузыкалықаспаптарыныңтүрлілігітаңқаларлықтай (домбыра, шертер, аса таяқ, шаңқобыз, ұран, жетіген, үскірік, қамыссырнай, дабылт.т.). Олар бос уақытта пайдаланылып жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Халқымыздыңтұрмысынаенгенқолданбалықолөнербұйымдар, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбие де өз алдына бір сала.

Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор болды. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын әсемдік сезімін, талғамын, қажеттілігін билейді. Эстетикалық тәрбиенің күрделі мәселелерін айқындауда біз халықтың жинақтаған педагогикалық білімімен тәрбие тәжірибесіне сүйенуіміз қажет.

Тәрбие жүргізу ісінде үйрету, пайымдату, сендіру, әсерлендіру тәсілдері қолданылады. Ұлттық тәрбие үлгілерін көрсетіп, үйрету үшін сахналық тәсілдерді қолданудың мәні зор. Сөзді жаттау, оны сахнада мәніне жеткізіп, мәнерлеп айта білу, өмір құбылыстарын әсерлендіре көрсету, кейіпкер бейнесін айнытпай көрсету әрбір тәрбиеленушінің санасына сан қырымен әсер ететін құбылыс.

Оқушы түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушылардың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек.

Оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, мектепте де

эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығын акөбірек жантартады.

Оқушыларға әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасақ, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады. Орыстың атақты әдебиет сыншысы әрі эстет В.Г. Белинский сұлулықты барлық уақытта моральмен бірге қабылдап келген қоғамдық тәжірибеге сүйене отырып: «Сұлулық шындық пен моральмен бір туысқан. Егер шығарманы көркемдік құндылыққа ие десек, онда ол сөз жоқ, әдеп-инабаттылық жағынан да құнды болады», - дейді.

Халқымыз дене сұлулығына, әсіресе қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген. Аналар «Аттың көркі – жал, қыздың көркі шаш» деп ұққан. Қыз баланың шашын жақсы өсіру үшін айранмен, ірімшіктің сары суымен немесе қынамен жудырған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркіболған. Қыз бен жігіт айтысындағы: «Атымды әкем сүйіп Несіп қойған, шашымды бестемшелеп есіп қойған» деген сөз тіркестері осы пікірді дәлелдейді.

Оқушы түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп-мұғалімдері-оқушылар-дыңэстетикалық талғамыні с-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсеретіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді.

Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеу-ді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмай-ды. Мектеп оқушыны әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдаудыт әрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әрбір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады.

Бастауыш сынып оқушылары әртүрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді.

Сонымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамын арттыруға болады деген қорытындыға келдік.

Бүгінгі таңда бастауыш мектептерде оқу әрекетін ұйымдастыруда оқушының жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруда эстетикалық мәдениетке мұғалім ерекше назар аудару керек.

1. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
2. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
3. Табылдиев Ә. Қазақэтнопедагогикасы. – Алматы, 2000.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995

Резюме

Туретаева Г.И. – к.п.н, доцент, Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова
Ахметова А. Б. – магистр педагогики и психологии Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова

В статье рассматриваются пути повышения эстетического вкуса обучающихся посредством народной педагогики. Также в статье представлен анализ психолого-педагогических основ исследований ученых и ведущих педагогов. Определены этапы повышения эстетического вкуса обучающихся.

Ключевые слова: национальное воспитание, традиции, народная педагогика, эстетическое воспитание.

Summary

TureyaevaG.I., Achmetova A.B. – Aktobe Regional State University named of ter Kudaibergen Zhubanov

This article discusses ways to improve the aesthetic taste of the students by means of folk pedagogy. The article presents an analysis of psychological and pedagogical foundations of research scientists and leading educators. The stages increase the aesthetic taste of students.

Key words: National education, traditions, folk pedagogy, aesthetic education.

ӘӨЖ: 378

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ЕСКЕРЕТІН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Д.Н. Исабаева – п.ғ.к., қ. профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, бақылау және бағалау бөлімі бастығы, Алматы қаласы, Достық 13. Daraja_78@mail.ru
Л.Б. Рахимжанова – п.ғ.к., қ. профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қаласы, әл-Фараби, 71., lazatr@mail.ru

Мақалада информатиканы оқытуда жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын ескеретін тапсырмаларды қолданудың маңыздылығы қарастырылған.

Жоғары сынып оқушыларының информатика бойынша білім және білік деңгейі әртүрлі. Бұл олардың компьютерге еркін кіруге мүмкіндгі бар ма, сонымен қатар қабілеттері мен тұлғалық қызығушылығынан тәуелді. Сондықтан оқытуда оқу материалын жоғары сынып оқушысының кәсіби бағыттылығына және оқушылардың оқу іс-әрекетіне ену тәсіліне тәуелді сараланған түрде беру қажет.

Басты міндет – материалды толықтай меңгермеген оқушыларға көместесу және алдыңғы қатарлы оқуға, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын көрнекі демонстрациялауға мүмкіндік беру. Оны жүзеге асыру үшін информатика сабағында жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына бағдарланған тұлғаға-бағдарланған оқыту әдісін қолдану қажет.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жүйесі арнайы талаптарға жауап беруі тиіс, сондай-ақ ол информатика пәні бойынша материалды ғана жақсы меңгеруді қамтамасыз ететін, сонымен қатар өмірмен байланыса бар практикалық маңызды болуы қажет. Егер мұндай тапсырмалар мен есептер жүйесін сауатты іріктеп алса, онда оқу үдерісі және оқушылардың информатика пәні бойынша алынған білімдерінің сапасы артады. Аталған тапсырмалар жүйесін оқулықта берілген тапсырмалар мен есептер жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді тапсырмалар болмағандықтан, информатика пәні бойынша мұғалімдер жасауы тиіс.

Түйін сөздер: информатика, саралап оқыту, кәсіби бағыт, тапсырма, кәсіби бағытталған тапсырмалар

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясында **«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.** Бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, ... кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстарын құру» деп көрсетілгендей қазіргі таңда мектепке білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттыру, ғылымның негіздерін нақты меңгеру, әрбір пәнді жоғары ғылыми деңгейде кәсіби бағытта оқыту міндеттері қойылады [1, 16-б].

Қазіргі таңда мектепке білім беру мен тәрбиелеудің сапасын арттыру, ғылымның негіздерін нақты меңгеру, әрбір пәнді жоғары ғылыми деңгейде оқыту міндеттері қойылады. Мектептерде әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен кәсіби бағыттылығын есепке алынбайтын оқытудың дәстүрлі түрлері ығысуда. Білім беруді жаңарту жаңа типті мектептер моделін дайындауды, жаңа оқулықтар мен оқыту бағдарламасын, тапсырмалар жүйесін, информатика курсын оқытуда жаңа әдістерді қолдануды

қажет етеді. Мектептерді жаңа деңгейге көтеру, информатиканы оқытудың нәтижелерін оқытуды дербестендіру жолымен арттыру, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына бағдарланған сараланған тапсырмаларды дайындауды қажет етеді. Мұндай жағдайда әрбір жоғары сынып оқушысы бекітілген білім беру минимумы бағдарламасын толықтай игере алады.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын әртүрлі психологиялық тесттер мен арнайы әдістемелер көмегімен ерекшелеу аз, сондықтан жоғары сыныпта информатика сабағында оқыту үдерісін сауатты ұйымдастыру қажет. Бұл үшін информатика сабағындағы мұғалімнің жоғары сынып оқушыларының кәсіби таңдауынан тәуелді іріктелген барлық есептер мен тапсырмалар жауап беретін барлық талаптарды білу қажет.

Әртүрлі тапсырмалар ұғымына берілген А.В.Брушлинский, Ю.Н.Кулюткин, Л.М.Фридманның тапсырманың маңыздылығын оның пайда болуы тұрғысынан, яғни проблемалық жағдайдың туындауымен байланыстырып түсіндіретін анықтамалары бар [2-4, 20-б].

Г.А.Баллдың ұсынған тапсырма анықтамасы келесідей: «Жалпы түрде тапсырма – бұл міндетті компонеттері: түпнұсқа жағдайда тұрған тапсырма заты; тапсырманың жағдайын талап ететін үлгі болатын жүйе» [5, 45-б].

Тапсырманың заты түпнұсқа және талап ететін жағдай бір-бірімен сәйкес келмейтіндігін нұсқауға болатын қандай да бір зат болуы мүмкін.

Г.А.Балл тапсырманы ішкі және сыртқы деп бөліп көрсетеді. Сыртқытапсырмадан ішкіге өту тапсырмадан тыс берілетін адамның үдерістерді қабылдауы орын алғанда пайда болады, сондықтан сыртқы тапсырманың мазмұны субъектінің қойылымынан, мотивінен және мақсатынан, сонымен қатар онда бар білімнен, ол меңгерген әрекет тәсілдерінен тәуелді.

Ю.Н. Кулюткин тапсырманы келесідей түрде анықтайды: «тапсырма – бұл қандай да бір нақты проблемалық жағдайдың үлгісі, сондай-ақ онда пайда болған «келісімді» жою талаптары, педагогикалық әрекеттің мақсатына жету жолындағы пайда болған қарама-қайшылықтарды жою тәсілі мен құралдары келтірілген» [3, 15-б].Жоғарыда қарастырылған тапсырмаға берілген барлық анықтамалардың информатика курсында алатын орны бар. Информатика мұғалімінің өзінің кәсіби іс-әрекетінде шешетін кез келген әдістемелік тапсырмасының түпнұсқа мәліметтері оқыту бағдарламасының мазмұны, оқу және әдістемелік әдебиеттерде берілген (олар өз бетімен оқыту мазмұны мен ұйымдастыру мәселелерін шешудің арнайы нәтижесі болып табылады), информатика мұғалімінің қолында оқу және көрнекі құралдары, анықталған талдау нәтижесі, жүзеге асырылған әдістемелік шешімдер, оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктері туралы ақпарат, олардың дайындық деңгейі туралы мәліметтер бар.

Информатика бойынша әдістемелік тапсырмалардың талаптары әрқашан оқыту мақсатына, сондай-ақ жалпы білім берудің мақсаттары, сонымен қатар оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын нақты талаптарына бағытталған.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын таңдауына бағдарланған тапсырмаларға қойылатын талаптар анықталуы тиіс. Мұндай жағдайда талаптарды орындау үшін қандай да бір құрал керек болады.

А.Н. Леонтьев бойынша «Тапсырма – бұл анықталған шарттағы іс-әрекеттің мақсаты, сондай-ақ оған арнайы процедураға сәйкес осындай шарттарды түрлендіру жолымен қол жеткізуге болады». Тапсырма сұрақта қалыптасатын талаптарды (мақсат), шарттарды (белгілі) және ізделіндіні (белгісіз) қамтиды. Бұл элементтер арасында арнайы байланыстар мен тәуелділіктер бар, оның негізінде ізденіс және белгісіз элементтердің белгісіздер арқылы анықтау жүзеге асырылады [6, 32-б.].

Тапсырмалар түрлері төмендегідей болады:

- материалды оқып-үйрену;
- меңгерген материалды бекіту;
- меңгерген материалды тексеру.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жүйесін информатика бойынша әдістемелік негізделген, оқытудың арнайы нәтижесіне жетуді қамтамасыз ететін оқу тапсырмаларының жиынтығы құрайды.

Информатика бойынша Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған практикалық тапсырмалар жүйесі төмендегідей болуы тиіс:

1. Информатика бойынша оқу бағдарламасына сәйкес;
2. Оқытудың түрлі әдістерімен үйлесімділікте қолданылуы;
3. Артық және жетіспейтін ақпараты бар тапсырмаларды қамтуы;

4. Орындау формасы бойынша әртүрлі;
5. Өзбетінділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етуі;
6. Оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеруі;
7. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби таңдауын ескеруі.

Жоғары сынып оқушыларының информатика бойынша білім және білік деңгейі әртүрлі. Бұл олардың компьютерге еркін кіруге мүмкіндгі бар ма, сонымен қатар қабілеттері мен тұлғалық қызығушылығынан тәуелді. Сондықтан оқытуда оқу материалын жоғары сынып оқушысының кәсіби бағыттылығына және оқушылардың оқу іс-әрекетіне ену тәсіліне тәуелді сараланған түрде беру қажет.

Басты міндет – материалды толықтай меңгермеген оқушыларға көместесу және алдыңғы қатарлы оқуға, сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын көрнекі демонстрациялауға мүмкіндік беру. Оны жүзеге асыру үшін информатика сабағында жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына бағдарланған тұлғаға-бағдарланған оқыту әдісін қолдану қажет.

Аталған технологияның міндеттері:

1. Информатика пәнін тануда өзін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқушылардың ішкі психофизологиялық ресурстарын анықтау;
2. Информатика сбаағында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің дербес қарқынын анықтау;
3. Информатика сабағында, арнайы курстарда, дербес сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда саралап оқытуды жүзеге асыру;
4. Информатика бойынша жаңа бағдарламаларды енгізу мен жетілдіру, аталған пән бойынша дидактикалық құралдарды дайындау;
5. Оқушылардың сабақта, үйде тапсырма орындау барысында өзбетінділігін, өзінің ғылыми-танымдық іс-әрекетін информатика сабағында және өмірде ұйымдастыру мен басқару білігін дамыту;
6. Оқушыларда ақпараттық және коммуникациялық құзырлылықтарды дамыту;
7. Информатика сабағында оқытуды саралауды жүзеге асыру, оқушыларға олардың кәсіби бағыттылығына тәуелді тапсырмалар мен есептерді ұсыну.

Жоғары сынып оқушыларының кәсби бағыттылығына бағдарланған сараланған тапсырмалардың екі түрі бар:

1. Жұмыстың жеке түрі:

1. Оқушылардың кәсіби бағыттылығына тәуелді, информатика тұрғысынан шешімі бірыңғай, түрлі шарттарымен тапсырмалар;
2. Информатика бойынша міндеттершешілетін көпдеңгейлік тапсырмалар жиынтығы;
3. Информатика бойынша өзара байланысты деңгейлік тапсырмалар;
4. Информатика бойынша жеке өзбетінділік жұмыс;
5. Бірнеше шешілу тәсілі бар тапсырмалар.

2. Жұмыстың топтық түрі.

1. Кәсіби таңдауға бағдарланған, информатика тұрғысынан бірыңғай шешілетін әртүрлі шарттары бар информатика бойынша тапсырмалар;
2. Әртүрлі шарттары бар информатика бойынша өзара толықтырылатын тапсырмалар;
3. Информатика бойынша деңгейлік өзаратолықтырушы тапсырмалар.

Егер информатика сабағында оқыту барысында меңгеретін оқушылардың сыртқы іс-әрекеті құрылымын талдау қажет болса, онда сипаттамаларды ерекшелеуге болады, содан соң оқу жетістіктерінің сапасын өлшеуге көмектесетін параметрлерді және осының негізінде оқушылардың білім сапасы объективті бағаланады. Оларға төмендегілер де жатады:

1. Меңгеру объектісі болып табылатын ақпараттың құрылымы мен ғылыми деңгейі (жалпылық және абстракуия сатысы);
2. Оқушылардың бұл ақпаратты меңгеру сапасы (іс-әрекетті меңгеру деңгейі, орындау жылдамдығы, әрекетті саналы түсінуі);
3. Информатика сабағында меңгерілетін білім көлемі (оқу элементтері саны және оларды меңгеру сапасы);
4. Ақпаратты қолданудағы еркіндік дәрежесі (автоматизация және әрекеттің орыдалуы - меңгеру);
5. Меңгерудің беріктігі (іс-әрекеттің деңгейі мен нақтылығының ұзақтығы).

Информатика сабағында бақылау жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жиынын орындауды қамтиды. Әрбір тапсырма қиындығы мен күрделілігі бойынша сипатталады.

Информатика бойынша жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған *тапсырмалар қиындығы* іс-әрекетті меңгеру деңгейімен анықталады.

Информатика бойынша жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған *тапсырмалар күрделілігі* ондағы маңызды операциялардың санымен анықталады.

Информатика бойынша *бірінші деңгейлі* тапсырмалар, бірінші деңгейлі меңгеру ұғымымен сәйкестікте, меңгеру сапасын тексеруі, алдын-ала меңгерілген оқу материалымен оқушыларды интерпретациялау қажет. Бұл тапсырмалар білуге арналған. Олар біруақытта тапсырма және жауапты қамтиды, оқушыдан сәйкестігін білу талап етіледі. Формасы бойынша бірінші деңгейдегі тапсырманың үш типі бар: танып білу, бөліктеу және жіктеу.

Информатика бойынша *екінші деңгейлі* тапсырмалар оқушылардың типтік тапсырмаларды шешу білігін тексереді. Типтік тапсырмалар шарттары меңгерілген алгоритмдерді, ережелерді немесе оны шешуге арналған формулаларды қолдануды ұсынатын тапырмаларды атайды.

Информатика бойынша екінші деңгейлі үш түрлі тапсырмаларды ерекшелеуге болады: қойылымды, конструктивті тапсырмалар және типтік тапсырмалар.

Информатика бойынша *үшінші деңгейлі* тапсырмалар – бұл оқушылардан эвристикалық іс-әрекетті талап ететін типтік емес тапсырмалар, яғни бастапқы шарттарды түрлендіру, және типтік алгоритм тапсырмасын қорытындылау үшін қосымша мәліметтерді іздеуді талап етеді.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына бағдарланған сараланған тапсырмаларды нақты дидактикалық тұрғыдан құруға қажетті шарттар төменгідей:

1. Информатика пәні бойынша тапсырмалар мазмұндық жағынан валидті, яғни оқушыларға бұрыннан оқу барысында таныс және кәсіби бағыттылығына сәйкес мазмұнға құрастырылуы тиіс.
2. Информатика бойынша тапсырма қызметтік валидті, яғни ол білімді тексеруі қажет.
3. Информатика бойынша тапсырма объективті болуы тиіс, сондай-ақ тапсырма тапсырма авторы, мұғаліммен ғана емес, оқушылармен орындалуы мүмкін. Тапсырмада субъективті пікірлер немесе автордың түсінуі бейнеленбеуі тиіс.
4. Информатика сабағында тапсырма мен жауаптың бірлігі. Оқушыларға жауапты қандай формада беру қажеттілігін көрсету керек.
5. Тапсырманың ерекшелігі, бұл тапсырманы орындау жалпы эрудицияны, әрбір тапсырма оқушының кәсіби бағыттылығына қызығушылығына бағдарлану ғана емес, аталған тақырып бойынша ерекше білім, білік, дағдыны талап етеді.
6. Тапсырма саралаушы қабілетті меңгеруі тиіс, яғни білімді оқушылар тапсырманы орындайды, ал білмейтіндер – орындай алмайды.
7. Информатика бойынша тапсырмалар бір немесе бірнеше топтарға біріктіріледі. Тапсырмаларды топқа іріктеуге келесідей талаптар қойылады:

1) *Репрезентатитвтілігі*. Шектелген іріктеу білімді тексеру жүзеге асырылатын тпәнді немесе пәннің бір тарауын толықтай жеткілікті қамтиды.

2) *Бірыңғайлығы*. Әрбір оқушыға мазмұны мен қиындығы жағынан бірдей, тек қана мамандықтағы бағыты бойынша ерекшеленетін тапсырмалар беріледі.

3) *Рандомизация*. Екі оқушыға (немесе бір және сол оқушыға білімді қайта тексеру барысында) сол тапсырмалар жиыны берілмейді.

Бірыңғайлылық пен рандомизация талаптары тапсырмаға қойылатын жүйемен қамтамасыз етілуі тиіс. Шынында, бірыңғайлық талаптарын қамтамасыз ету үшін мұғалім оларды жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді бірыңғай жиынтыққа біріктіруі тиіс.

Қорыта келе, жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді сараланған тапсырмалар жүйесі арнайы талаптарға жауап беруі тиіс, сондай-ақ ол информатика пәні бойынша материалды ғана жақсы меңгеруді қамтамасыз ететін, сонымен қатар өмірмен байланыса бар практикалық маңызды болуы қажет. Егер мұндай тапсырмалар мен есептер жүйесін сауатты іріктеп алса, онда оқу үдерісі және оқушылардың информатика пәні бойынша алынған білімдерінің сапасы артады. Аталған тапсырмалар жүйесін оқулықта берілген тапсырмалар мен есептер жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына тәуелді тапсырмалар болмағандықтан, информатика пәні бойынша мұғалімдер жасауы тиіс.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы. www. akorda.kz/.../kazakstan-respublikasynyn.

2 Брушлинский А.В. Психология мышления и кибернетика.- М.: Мысль, 1970. С. 192.

3 Кулюткин Ю.Н. Педагогическая задача. Творческая направленность деятельности педагога.- Л. – 1978. С. 76.

4 Фридман Л.М. Логико-психологический анализ школьных учебных задач. - М.: Педагогика. 1977. С. 207.

5 Балл Г.А. Теория учебных задач.- М.: Педагогика, 1990. С. 184.

6 А.Н. Леонтьев. Индивидуализация и дифференциация обучения. - М.: Педагогика, 1990. С. 192.

Аннотация

Особенности использования практических заданий, учитывающей профессиональную ориентацию старшеклассников по информатике

Исабаева Д.Н.- *к.п.н., профессор, начальник отдела контроля и оценки КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Достык, 13. Daraja_78@mail.ru*

Рахимжанова Л.Б.- *к.п.н., а.профессор, КазНУ имени аль-Фараби, г.Алматы, ал-Фараби, 71., lazatr@mail.ru*

В статье рассматривается особенность использования практических заданий, учитывающей профессиональную ориентацию старшеклассников по информатике.

Старшеклассники имеют разный уровень знаний и умений по информатике. Это зависит от того, есть ли у них свободный доступ к компьютеру, от способностей и личной заинтересованности. Поэтому в обучении необходимо наличие дифференцированного представления учебного материала, ориентированного на профессиональный выбор старшеклассника и способов включенности учеников в учебную деятельность. Главная задача – помочь ученику, недостаточно владеющему материалом и дать возможность раскрыться продвинутому, а так же наглядной демонстрации будущей профессии старшеклассников. Для того чтобы ее реализовать необходимо на уроках информатики применять технологию индивидуально-ориентированного способа обучения, ориентированного на профессиональный выбор старшеклассников.

Система задач и заданий, дифференцированных в зависимости от профессиональной ориентации старшеклассников должна отвечать определенным требованиям, которые способствуют лучшему усвоению не только материала по информатике, но и имеют огромное практическое значение и связь с жизнью. Если грамотно подобрать такую систему задач и заданий, тогда учебный процесс и качество полученных знаний у учеников на уроке информатике значительно увеличится. Данную систему заданий необходимо разрабатывать учителю по информатике т.к. представленные в учебниках задачи и задания не дифференцированы в зависимости от профессиональной ориентации старшеклассников.

Ключевые слова: информатика, дифференциальное обучение, задание, профессионально ориентированные задачи

Abstract

Features of the use of case studies, taking into account the professional orientation of high school students in computer science

Isabaeva DN - *candidate of pedagogical Science,, a. professor, head of monitoring and evaluation of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Dostyk 13. Daraja_78@mail.ru*

Rakhimzhanova LB - *candidate of pedagogical Science. a.professor of Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, al-Farabi, 71., lazatr@mail.ru*

The article discusses the features of the use of case studies, taking into account the professional orientation of high school students in computer science.

High school students have different levels of knowledge and skills in computer science. It depends on whether they have access to a computer, the ability and self-interest. Therefore, the training requires a differentiated presentation of educational material, based on the selection of the senior professional and ways of involvement of students in learning activities. The main task - to help the student, owning enough material to open and enable advanced, as well as demonstrate their future profession senior. In order to implement it is necessary to apply the lessons of informatics technology of individually-oriented method of teaching based on the selection of senior professional.

System of objectives and tasks, differentiated according to vocational guidance school students must meet certain requirements, which contribute to better assimilation of the material, not only for science, but also of great practical significance and connection with life. If you choose wisely such tasks and tasks system, then the learning process and the quality of the knowledge of students in the classroom computer to increase significantly. This system of tasks necessary to develop a teacher in computer science because presented in the textbooks tasks and jobs are not differentiated according to the professional orientation of senior pupils.

Keywords: computer, differential training, job professionally oriented tasks

УДК 159.9

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ СИНДРОМА ДЕФИЦИТА ВНИМАНИЯ С ГИПЕРАКТИВНОСТЬЮ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Мустояпова А.С. – зав.кафедрой ППиПТ к.п.н., доцент Актюбинский университет им. С.Баишева, г.Актобе, Казахстан altyn-ac@mail.ru
Шуриева А.Б. – аспирант
ФГБОУ ВПО Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмуллы г.Уфа, Башкортостан

В данной статье речь идет об изучении СДВГ (синдром дефицита внимания с гиперактивностью) у детей дошкольного возраста как предмета педагогической психологии. Проблема изучения психологических особенностей детей с СДВГ и их коррекция на данный момент весьма актуальна. Это связано с высокой расспространенностью данного заболевания среди дошкольников. Выделено несколько подходов к определению сущности данного состояния.

Ключевые слова: синдром дефицита внимания с гиперактивностью, аспект, дети, дошкольники.

В связи с высокой распространенностью синдрома дефицита внимания с гиперактивностью (СДВГ) в детской популяции (по данным И,П. Брязгунова, Н.Н.Заваденко, В.Р.Кучмы, М.Ю.Никаноровой, В.Н. Пугача, Л.С. Чутко, Ю.С. Шевченко - 4% - 9,5%) становится актуальной проблема изучения психологических особенностей детей этой категории и коррекции их для подготовки к обучению в школе. Данная проблема остается в педагогической психологии малоизученной. Синдром дефицита внимания и гиперактивность - один из вариантов минимальных мозговых дисфункций (ММД), картину которого определяют неуместная, несоответствующая ситуации избыточная активность, дефицит внимания, импульсивность в социальном поведении и интеллектуальной деятельности, проблемы во взаимоотношениях с окружающими, сопутствующие нарушения поведения, трудности обучения, слабая успеваемость в школе, заниженная самооценка (И.П.Брязгунов, Е.Д.Белоусова, Н.Н.Заваденко, М.Ю.Никанорова, Л.С.Чутко и др.).

Слово «гиперактивный» происходит от слияния двух частей: «гипер» (от греч. Hyper - над, сверху) и «активный», означающее «действенный, деятельный».

Начало изучения проблемы гиперактивности положил немецкий врач-психоневролог Генрих Хоффман, впервые описав в иллюстрированной книге о детях "The Story of Fidgety Philip" ("История неугомонного Филиппа") чрезвычайно подвижного ребенка, который ни секунды не мог спокойно усидеть на стуле, дав ему прозвище - Непоседа Фил. Это было около 150 лет тому назад [1].

В книге «Психологические аномалии среди учащихся» (в переводе на русский язык эта книга вышла в 1911 году) французские авторы Ж.Филипп и П.Бонкур наряду с эпилептиками, астениками, истериками, выделяли и так называемых неустойчивых учеников.

Многие ученые с тех пор изучали проблему невротических отклонений поведения и учебных трудностей, но научного определения таких состояний ребенка не было долгое время. В 1947 г. педиатры попытались дать четкое клиническое описание синдрома гиперактивности детей с трудностями в учебе.

На совещании международных экспертов-неврологов, проводившемся в Оксфорде в 1947 г. в медицинской литературе появилось описание «легкой дисфункции мозга», которую характеризовало около 100 клинических проявлений, в частности дисграфия, (нарушение письма), дизартрию (нарушение артикуляции речи), дискалькулию (нарушение счета), недостаточную концентрацию внимания, агрессивность, неуклюжесть, инфантильное поведение и т.д. [2].

В России формирование концепции СДВГ имело тесную связь с развитием представлений о минимальных мозговых дисфункциях (ММД). Термин "ММД" начал активно применяться во второй половине XX века по отношению к детям без выраженных интеллектуальных нарушений, но с различными легкими расстройствами поведения и обучения вследствие биологически обусловленной недостаточности функций центральной нервной системы (ЦНС) (Л.О.Бадалян, Л.Т.Журкова, Е.М.Мастюкова, Ю.А.Ратнер).

В настоящее время можно выделить несколько подходов к определению сущности минимальных мозговых дисфункций.

Первый подход (медицинский) включает работы ряда российских исследователей, разделяющих точку зрения Американской ассоциации психиатров. Эти авторы выделяют из минимальной мозговой дисфункции как более широкого понятия синдром дефицита внимания /гиперактивности. Так, Е.Д.Белоусова, М.Ю.Никанорова, Н.Н.Заваденко считают, что синдром дефицита внимания / гиперактивности — один из вариантов ММД, картину которого определяют неуместная, несоответствующая ситуации избыточная активность, импульсивность в социальном поведении и интеллектуальной деятельности, дефицит внимания, проблемы во взаимоотношениях с окружающими, сопутствующие нарушения поведения, трудности обучения, слабая успеваемость в школе, заниженная самооценка. При диагностике СДВГ и соответственно ММД эта группа специалистов придерживается критериев и клинических проявлений, разработанных Американской ассоциацией психиатров (диагностические критерии СДВГ по классификации ББМ-ГУ (1994)).

Второй подход (симптомный) представлен зарубежными авторами, которые отмечают, что синдром нарушения внимания с гиперактивностью ранее называли минимальной дисфункцией головного мозга, минимальным повреждением головного мозга, синдромом гиперактивного ребенка, гиперкинетическим синдромом,. Используя термин ММД, специалисты считают, что дисфункция "в американской литературе рассматривается как синдром дефицита внимания с гиперактивностью", но при этом описывают очень пеструю феноменологическую картину.

К третьему подходу (дефектологический) относится этиопатогенетическое положение специального образования к пониманию проблемы задержки психического развития (Т.А.Власова, К.С.Лебединская, В.В.Лебединский, В.И.Лубовский, М.С.Певзнер). В рамках данного подхода минимальная мозговая дисфункция понимается как задержка психического развития (ЗПР) церебрально-органического генеза. Выделяется отдельно ЗПР, обусловленная ММД, и отдельно ЗПР церебрально-органического генеза. В данном случае критерием дифференциации выступает поражение высших корковых функций. Таким образом, ЗПР на базе ММД рассматривается как функциональное отклонение с развитием интеллекта в пределах нормы.

Четвертый подход (психологический) составляют исследователи, которые, по-прежнему, использует термин ММД. В понимании Л.А.Ясюковой, ММД это наиболее легкие формы церебральной патологии, возникающие вследствие самых разнообразных причин, но имеющие однотипную, невыраженную, стертую симптоматику и проявляющиеся в виде функциональных нарушений, обратимых и нормализуемых по мере роста и созревания мозга. В данном случае, используя традиционную терминологию, делается попытка выделить четкую неврологическую симптоматику ММД. В.М.Трошин, О.В.Халецкая понимают под ММД диффузную церебральную дисфункцию, которая обусловлена задержкой созревания связей между различными отделами ЦНС.

На наш взгляд, в настоящее время в психологии целесообразно употреблять понятие синдром дефицита внимания и гиперактивность. СДВГ следует рассматривать как форму минимальных мозговых дисфункций, характеризующуюся и качественно отличающуюся от других форм ММД основными и сопутствующими психологическими нарушениями, в основе которых лежат биогенетические механизмы. СДВГ (как форма ММД) — понятие, которое впервые было введено и употребляется в медицинской практике в качестве диагноза на основании неврологического обследования, исследования работы головного мозга с использованием аппаратного обследования и нейровизуализации. Тем не менее, СДВГ характеризуется комплексом психических особенностей, отражающих некоторое целостное психологическое образование. В таком подходе объединены медицинский и психологический аспекты в исследовании минимальных мозговых дисфункций и синдрома дефицита внимания и гиперактивности [3].

В 1968 году появился термин: «гипердинамический синдром детского возраста», ему на смену пришли другие, такие как: «синдром нарушения внимания», «нарушение активности и внимания», «синдром нарушения внимания с гиперактивностью (СНВГ)», или «синдром дефицита внимания с гиперактивностью (СДВГ)». Последним и пользуется отечественная медицина в настоящее время, как наиболее полно охватывающим проблему.

Синдром дефицита внимания с гиперактивностью – это одна из форм проявления минимальной мозговой дисфункции (ММД), то есть очень лёгкой недостаточности мозга, которая проявляется в дефиците определённых структур мозговой деятельности.

В последние годы этому заболеванию начинают уделять все больше внимания во всех странах, в том числе и у нас. Об этом свидетельствует растущее число публикаций по данной теме. Если в 1957-1960 гг. их было 31, то в 1960-1975 гг. - 2000, а в 1977 -1980 гг. - 7000. В настоящее время ежегодно по этой проблеме публикуется 2000 и более статей и книг.

Данные статистического исследования Расселла Баркли [3].

- В среднем, в каждом классе из 30 учеников есть 1 - 3 гиперактивных ребенка.
- Темпы эмоционального развития гиперактивных детей на 30% ниже, чем у их сверстников. Например, десятилетний ребенок с гиперактивностью действует на уровне зрелости приблизительно 7-летнего; начинающий водитель 16 лет использует навыки принятия решения на уровне 11-летнего ребенка.
- У 65% гиперактивных детей есть проблемы с подчинением вышестоящим авторитетам, в том числе проявления враждебности на словах и вспышки раздражения.
- 25% гиперактивных учеников имеют другие серьезные проблемы обучения в одной или нескольких областях: навыки словесного выражения, умение слушать, понимание прочитанного и математика.
- Половина всех гиперактивных учеников имеет проблемы с пониманием услышанного.
- Гиперактивные ученики имеют в два-три раза больше проблем с выразительной речью, чем их сверстники.
- 40% гиперактивных детей имеют, по крайней мере, одного родителя с синдромом гиперактивности.
- 50% гиперактивных детей имеют также проблемы сна.
- Родители гиперактивного ребенка разводятся в три раза чаще.
- 21% гиперактивных подростков постоянно пропускает школу.
- 30% имели низкую успеваемость или должны были остаться на второй год.
- Современные исследования говорят о том, что синдром гиперактивности может возникнуть в процессе развития очень рано. Младенцы имеют повышенный мышечный тонус, чрезмерно чувствительны к раздражителям (свету, шуму), плохо спят, плохо едят, много плачут, и их трудно успокоить. В 3-4 года отчетливой становится неспособность ребенка сосредоточенно чем-либо заниматься: он не может спокойно слушать сказку, не способен играть в игры, требующие концентрации внимания, его деятельность носит преимущественно хаотический характер.

Но большинство исследователей гиперактивного поведения склонны думать, что признаки расстройства наиболее выражены в возрасте от 5 до 10 лет, т.е. в старшем дошкольном и младшем школьном возрасте. Таким образом, пик проявления синдрома приходится на период подготовки к школе и начало обучения [4].

Это обусловлено динамикой развития высшей нервной деятельности. К 7 годам, как пишет Д.А.Фарбер, происходит смена стадий интеллектуального развития, формируются условия для становления абстрактного мышления и произвольной регуляции деятельности.

В 6-7 лет дети с синдромом не готовы к обучению в школе в связи с замедлением темпов функционального созревания коры и подкорковых структур. Систематические школьные нагрузки могут привести к срыву компенсаторных механизмов центральной нервной системы и развития дезадаптационного школьного синдрома, усугубляемого учебными трудностями. Поэтому вопрос о готовности к школе для гиперактивных детей должен решаться в каждом конкретном случае психологом и наблюдающим ребенка врачом.

Среди мальчиков 7—12 лет признаки синдрома диагностируются в 2—3 раза чаще, чем среди девочек. Среди подростков это соотношение составляет 1:1, а среди 20—25-летних — 1:2 с преобладанием девушек [5]. У девочек большие полушария головного мозга менее специализированы, поэтому они имеют больший резерв компенсаторных функций по сравнению с мальчиками при поражении центральной нервной системы (Корнев А.Н., 1986).

Подводя итоги, мы можем сказать, что прогноз относительно благоприятен, так как у значительной части детей симптомы исчезают в подростковом возрасте. Постепенно по мере роста ребенка нарушения в нейромедиаторной системе мозга компенсируются, и часть симптомов регрессирует. Однако в 30-70% случаев клинические проявления синдрома дефицита внимания/гиперактивности (чрезмерная импульсивность, вспыльчивость, рассеянность, забывчивость, непоседливость, нетерпеливость, непредсказуемые, быстрые и частые смены настроения) могут наблюдаться и у взрослых.

1 Брязгунов И.П. Непоседливый ребенок, или все о гиперактивных детях / И.П. Брязгунов, Е.В. Касатикова. – М.: Институт психотерапии, 2001. – 96 с.

2 Замский, Х.С. Умственно отсталые дети: История их изучения, воспитания и обучения с древних времен до середины XX века/Х.С. Замский - М.:"Академия", 2008

3 Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста / под ред. Л.С. Цветковой. — М.: МПСИ, 2010. — 320 с.

4 Дубровинская, Н.В.Основные этапы и нейрофизиологические механизмы формирования внимания. – Москва, 2002 // Хрестоматия по возрастной физиологии: учебное пособие : для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальностям - "Дошкольная педагогика и психология", "Педагогика и методика дошкольного образования" / Сост. М.М. Безруких, В.Д. Сонькин, Д.А. Фарбер. – Москва : Академия, 2002. – С. 186-202.

5 Barklye R.A. (2006). Attention deficit hyperactivity disorder: a handbook for diagnosis and treatment (3rd ed.). New York. Guilford

Түйіндеме

Мектепке дейінгі жастағы балалардың зейін жетіспеушілігі синдромы мен гипербелсенділігі синдромын анықтаудағы аспектілер

А.С.Мустояпова – п.ғ.к., доцент С.Бәйішев ат.Ақтөбе университеті Ақтөбе қ. Қазақсан, altyn-ac@mail.ru

А.Б.Шуриева – аспирант, М.Акмулла ат.Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті Уфа қ.,РФ

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың зейін жетіспеушілік синдромы мен гипербелсенділігі педагогикалық психологияның пәні ретінде қарастырылады. Қазіргі кезде зейін жетіспеушілік синдромы мен гипербелсенділіктері байқалған балалардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау мен түзету жұмыстарын жүргізу өзекті мәселе. Мұндай проблема мектеп жасына дейінгі балалардың арасында жие кездеседі. Осы жағдайдың мәнін зерделеу бірнеше шарттармен белгіленген.

Түйін сөздер*:* зейін жетіспеушілік синдромы мен гипербелсенділік, аспект, балалар, мектеп жасына дейінгі балалар.

Summary

Some aspects of studying the adhd among preschoolers

A.S.Mustoyapova – candidate of pedagogical sciences, associate professor. Aktobe university n.a. s.Baishev

A.B. Shuriyeva – shuriyeva aislu baurzhanovna, post-graduate fgbou vpo m.Akmullah Bashkir State Pedagogical University Ufa, Bashkortostan

In this article we are talking about an attention deficit disorder with hyperactivity as a subject of pedagogical psychology. The problem of studying the psychological features of preschoolers and its correction is very actuality now. This is due to the high prevalence of this disease among preschoolers. There are some approaches for definition essence of this condition.

Key words: attention deficit disorder with hyperactivity, aspects, children, preschoolers.

УДК 17.022.1 Ж.83

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Б.Т. Жубатырова, Г.М. Каримова – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушылары e-mail: botagoz.alga@mail.ru

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар мақала авторы аталған мәселе бойынша ғалымдар мен тәжирибелі педагог мамандардың көзқарастарының психологиялық-педагогикалық негіздеріне шолу жасаған. Балалардың сөздік қорларын дамытудағы кезеңдер қарастырылған. Семантикалық тұрғыдағы тілдік жұмыстар өте маңызды екенін атап өтеді.

Тірек сөздер:мектеп жасына дейінгі балалар, даму, балалардың сөздік қоры, лексикалық даму деңгейлері, тілдік жұмыстар, даму кезеңдері, семантикалық маңыздылығы, синонимиялық қатар, антоним-сөздер, балалардың тілін жетілдіру жұмыстары.

Ғылыми ілім бойынша тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың көрнекті құралы. Ендеше оқыту процесінде де сөздің осы ерекше ролін ұстаған жөн. Мектепке дейінгі кезеңнің өзінде-ақ балалардың тіл игерудегі жетістіктері оларды қоршаған адамдармен тілдік қарым-қатынасқа түсуінің үнемі практикаға айналуымен, яғни қоғамның себепші болуымен анықталатындығы ешбір күмән тудырмайды. ...Мектеп жасына дейінгі кезеңнің өзінде-ақ балалардың айналадағы дүние туралы ұғымдарының қалыптасуы саласында да қоғамдық-тарихи тәжірибеден туған заңдылық бары

байқалады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалардың тіл туралы ұғымы, қарапайым сөйлеу дағдылары ересек адамдардың сөйлеу арқылы игеріледі.

Сөздік қор мен тілдің дамуы баланың оқуда жетістіктерге жетуіне ықпалын тигізеді. Тәжірибе көрсеткендей, сөздік қоры бай және тілдік даму деңгейі жоғары балалар оқу үрдісінде қиындықтар көрмей, тез оқу және жазу дағдыларын меңгеріп кетеді. Лексикалық даму деңгейлері төмен балалар оқу барысында, адамдармен қатынасқа түсу барысында қиындықтарға тап болады. Лексикалық даму деңгейлері орташа балалар оқу барысында тұрақсыздықпен айрықшаланады.

Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, Е.М. Струнина еңбектерінде көрсетілгендей балалардың оқу барысында қиындықтарға тап болуы сөздік қордың дұрыс дамуымен түсіндіріледі.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша оқу үрдісінде балалардың 90% қиындық көреді, олардың ішінде 60% сөздік қордың дұрыс дамымағанымен байланысты.

Д.Б. Эльконинніің пайымдауынша, балалардың тілдік дамуы олардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуымен терең байланысты. Алты-жеті жаста балалардың сөздік қорының дамуы, оның одан әрі байи түсуі өте жедел түрде өтеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ересек топ балаларының тілдік дамуы сөздің лексикалық мағынасын жетілдірумен тығыз байланысты[1].

Сөзді тілдің бірлігі ретінде зерттеу тіл дамыту жүйесінде маңызды орын алады. Осы проблемаға Е.И.Тихеева, А.М. Бородич, Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, В.В.Гербова, В.И.Яшина, Е.М.Струнина, А.А.Смаги, А.И.Лаврентьева және т.б. зерттеулері арналған.

Зерттеулерде дәлелденгендей мектеп жасына дейінгі балаларды сөздің семантикалық тұрғыдан дұрыс қолдану үшін, оның түрлі мағыналарымен таныстыру қажет.

Баланың сөзді және сөз тіркесін мағынасына, тілдік жағдаятқа қарай дұрыс қолдану дағдысын дамыту, еркін түрде өз ойларын айтуға және айналамен қарым қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақыттта мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдарының заңдылықтарын зерттеген, «сөз» ұғымына мінездеме келтірілген зерттеулер бар.

Н.А. Стародубова зерттеулерінде сөзді жұмыстардың маңыздылығын ерекше атай отырып, сөзді қарым қатынас, затты суреттеу барысында қолдану — бұл керекті сөзді көп сөздердің ішінен таңдау үрдісі. Әрбір сөз белгілі сөз табына жатады және өзіне тән грамматикалық көрсеткіштері бар.

Ана тілінің сөздік құрамын игеру, Ю.С.Ляховская, Е.М. Струнина, Н.П.Савельева, В.И.Яшина және т.б. зерттеушілердің пайымдауынша, - бұл тілдің грамматикалық құрылылымын игеруге, монологтық тсөйлеу түрін дамытуға, сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің бірден бір маңызды жағдайы. Тілді қарым қатынастың құралы ретінде қолдану сөзбен байланысты. Сөйлеуші сөз арқылы сөз тіркесін және сөйлемдерді құрастырып, өз ойын білдіреді, тыңдаушы қабылдаған сөздерді жіктеп сөз арқылы ойды түсінеді.

Е.М. Струнинаның пайымдауынша, сөздің мағынасын балалар қоршаған ортамен танысу барысында – арнайы ұйымдастырылған және күнделікті өмірде танысады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын сандық жағынан байытылғаны емес, сапалық жағынан да жетілдірілуі қажет[2].

Психологтар Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин ойында баланың ойлау және сөйлеу қабілеттері практикалық әрекет барысыда қалыптасады. Ойлау және сөйлеу қабілеттерінің өзара байланысы әрдайым зерттеу назарында. Л.С. Выготский ұғымдардың қалыптасу проблемасын қарастыру барысында «ұғымды сөзсіз, ойды сөзбен» қарастыруға болмайды [3].

В.И.Яшина, А.И.Лаврентьева сөздік қорды дамытуда сөздерді тақырыптық топтастыру принципін басшылыққа алуды маңызды деп санайды. Тіл бірліктері бір бірімен тығыз байланысты. Сөз топтамалары ең басты бір сөздің аясында топтасады. Сөздік жұмыс барысында (тілдік тәрбиеге байланысты басқа да міндеттерді шешуде), авторлардың ойынша, бала дәл, дұрыс, мәнерлі сөйлегенін қадағалап, соған тәрбиелеу қажет.

Аталған барлық лексикалық жұмыстарға аспектілер О.С.Ушакованың тіл дамыту бағдарламасында көрсетілген. Автордың ойынша, бұл жұмыстар сөздік жаттығулар, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағытталған формаларда өтуі қажет[4].

Ересек топта балалардың сөздік қорының діңгегі қалыптасып, алдағы уақытта айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын зерттеу барысында зерттеушілер белгелі бір аясында баланың сөздік қоры қалыптасатынын атайды:

- тұрмыстық сөздер қоры;
- қоршаған ортамен байланысты сөздер тобы;
- әлеуметтік сөздер қоры.

Аталған бағыттар аясында балалар ең алдымен зат есімдерден: адамға қатысты сөздерді; сын есімнен «үлкен», «кішкентай», «орташа» және т.б. заттың түсін білдіретін: «қара». «қызыл». «ақ». «көк» және т.б.; есімдіктерден «менікі», «мынау», «біздікі» және т.б. сөздерін игереді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеті дамыған сайын, олардың сөйлеу қорлары тек қана байыт қана қоймайды, сонымен қатар жүйелене түседі. Сөздердің семантикалық топқа бірлесуі өтеді: топтаманың діңгегі мен оны айналасы периферияcы қалыптасады. А.И. Лаврентьева мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігін қалыптастыруды ұйымдастырудың төрт жүйелі кезеңін зерттеулерінде көрсетеді.

Бірінші кезеңде балалардың сөздік қорын жеке-жеке (20-50) сөздер құрайды. Сөздер өзара жүйеленбеген.

Екінші кезеңде балалардың сөздік қоры тез көбейе бастайды. Балалардың жауаптарынан олардың санасында заттардың және құбылыстардың атаулары қалыптасып, жүйеліп топтаса бастағанын байқаймыз. Топтаманың бір сөзін атау бала санасында топтамадағы басқа элементермен ұштасады. Бұл кезеңді А.И. Лаврентьева «жағдаяттық» деп атап, ал топтамадағы сөздерді «жағдаяттық сөздер» топтамасы деп анықтайды.

Алдағы уақытта бала өзбетімен сөздерді топтастырып, орынды қолдана бастайды. Бұл лексикалық жүйенің қалыптасуының үшінші кезеңі ретінде сипаттайды. Тақырыптық топтардың ұйымдасуы лексикалық антонимдердің дамуына әкеледі: («үлкен — кішкентай», «жақсы—жаман»). «Үлкен — кішкентай» қарама-қарсылығы барлық параметрлік сын есімдермен ауыстырылады: («ұзын — кішкентай», «жуан — кішкентай»), ал «жақсы—жаман» — сапалық-баға сын есімдермен «зұлым—жақсы».

Төртінші кезең лексикалық жүйенің даму ерекшелігі — сөздерді аустыруды бәсеңдетіп, синонимияның пайда болуы. Балалардың сөздігін жүйелі дамыту өзінің құрылымы бойынша ересек адамның лексико- семантикалық жүйесіне жақындайды[5].

А.И. Лаврентьеваның зерттеу деректері мектеп жасының ересек топ балаларының лексикалық жүйелігін дамыту, бір тақырып аясында сөздігін қалыптастыру мүмкіндігін дәлелдейді.

Балалардың сөздік қорының семантикалық топтамасын қалыптастыруда осы жас ерекшелігін таңдаудың дұрыстығына Е.В. Наумованың зерттеулері дәлел болып саналады. Бұл ғалымның зерттеу негізіне ассоциялық зерттеу әдісін басшылыққа алған: лексикалық жүйенің дамуы және сөздердің семантикалық алаңын ұйымдастыру балалардың ассоциациялық реакциясының өзгеруінде көрінісін табады. Зерттеуші төрт және алты жасар балалардың осы бағыттағы стимул-сөздерге реакциясы жоғары деңгей көрсеткенін пайымдайды. Айта кетерлік жағдай: алты жасар балалардың қателігі төрт жасар балалармен салыстырғанда көбірек болғаны. Бұл осы кезеңде балалардың сөздің мағынасын игеру құбылыстары, әрекеттері жақсы дамитындығының куәлігі.

Бұл ғылыми болжам бізді зерттеу барысында қызықтырып, анықтауыш эксперимент барысында ассициалық әдісті алуымызға септігін тигізді. Таңдауға Н. В. Серебрякованың эксперименталдық зерттеу қорытындыларын сараптау да үлесін қосып, мектеп жасына дейінгі балалардың семантикалық алаңын анықтауда тиімділігі анықтала түсті. Зерттеу барысында осы әдістеменің балалардың сөздік қорын дамытуда құнды әдістеме екенін бекіте түсті. мектеп жасына дейінгі балалардың вербалдық ассоциациясын талдай отырып үш кезеңді сөздердің семантикалық алаңын ұйымдастыруда анықтайды[6].

Бірінші кезең, оның ойынша, семантикалық алаңның қалыптаспағанын сипаттайды. Бала өзінің сезімдік қабылдауына сүйенеді және реакция-сөз ретінде айналадағы заттардың атаулары қолданылады («ит» — «доп»). Бұл кезеңде лексикалық жүйе қалыптаспаған. Сөз мағынасы сөз тіркестерінің мазмұнына кірістірілген. Арнайы орын синтагмалық ассоциациялар («ит—үреді») алады.

Екінші кезең сөздердің семантикалық жағынан бір–бірінен айырмашылықтар бар сөздердің мағынасын игерумен сипатталады, олар өзара жағдайлық байланыстағы сөздер қатары. Бұл тақырыптық ассоциалардың басымдылығында көрінісін табады: «үй—төбе», «биік—ағаш» және т.б. Семантикалық алаң әлі де ұйымдастырылмаған, бірақ қалыптасуда.

Үшінші кезеңде ұғымдар, классификациялау, жіктеу үрдісі қалыптасады.

Ассоциалық эксперимент әдісі бойынша мағынасы жағынан жақын, тек бір ғана дифференциалдық белгісімен айрықшаланатын сөздер қолданыла бастайды: («ағаш — қараағаш», «биік — төмен»). Семантикалық алаңның құрылымының дифференциалануы өтіп, сөздердің мағынасына қарай жақындығына және қарама-қайшылығына қарай топтасады.

Сөздердің атауларын балалар айналамен танысу барысында игереді. Мектеп жасына дейінгі балалар сөздік қорларын байыту аясында: тұрмыстық, әлеуметтік және айналамен танысу тақырыптарды алдымен игреруі қажет.

Болгар зерттеушісі Ф.Г.Даскалованың ассоциациялық әдіс мүмкіндіктерін қарастырайық. Бұл әдіс ресей ғалымы О.С.Ушакова зерттеулерінде толықтырылып, балалардың сөздік қорларының дамуын талдау үшін енгізілді[7].

Ассоциациялық эксперимент барысында зерттеушілер (А. Р. Лурия, А.А.Леонтьев, О.С.Ушакова, Е.М.Струнина, А.А.Смага, А.И.Лаврентьева және т.б.) мектеп жасына дейінгі балаларға тән келесідей вербалдық ассоциация анықтады:

1. Синтагмалық ассоциация: реакция-сөз және стимул-сөз түрлі сөз таптарына қатысты («ішу — сүт», «сары— гүл», «ағаш—өседі»).

2. Парадигматикалық ассоциация: реакция-сөз және стимул-сөз тек бір ғана дифференциалдық семантикалық қасиетпен айрықшаланады: («ағаш — қараағаш», «мысық — ит», «ыдыс—тәрелке»). Балалар арасында келесі байланады: синонимдік қатынастағы ассоциация («батырлық —қорқақтық»); антонимдік қатынастағы ассоциация сөздері («биік— төмен», «жақсы — жаман») құбылыстар сирек кезігеді.

3.Тақырыптық ассоциациялар. Әдіс мағыналық бала реакциясына қатысты, бір семантикалық алаңмен сипатталады. Реакция-сөз және стимул-сөз бір ғана семантикалық қасиетпен айрықшаланады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың келесідей тақырыптық семантикалық түрлері байқалады:

- объект пен оның мекеніне қатысты («ит — үйшік», «ыдыс—үй»);
- объект пен онымен орындалатын іс-әрекеттер («ыдыс—жуу», «қарындаш—сурет салу»), бұл ассоциалар сирек байқалады;
- заттардың бір қасиеттеріне қарай («көбелек—құс»).

4. Словообразовательные ассоциации. Әдістемеде балалар сөздің түп нұсқасынан оларға жаңа сөздерді құрайды.Бұндай ассоциацияның екі түрі бар: реакция-сөз және стимул-сөз бір сөз таптарына жатады («қоян—көжек», «тез—тезірек», «сөйлейді—әңгімелейді»); және стимул-сөз түрлі сөз таптарына жатады(«көңіл—көңілді», «биік—биіктеу», «орман—орманды»).

5. Бір сөздің грамматикалық формалар ассоциациясы. Бұл әдісте реакция-сөздер ретінде сөздің көпше формасы айтылады («үстел—үстелдер», «көбелек—көбелектер»).

6.Фонетикалық ассоциация. Реакция-сөздер мен стимул-сөздер бір бірінен дыбыстық айырмашалыққа ие, олардың арасында семантикалық байланыс жоқ («тұр» — «түр», «бер»— «бар»). Бұл ассоциалар сирек кездеседі.

7. Кездейсоқ ассоциациялар: реакция-сөздер мен стимул-сөздер арасында мағыналықта, грамматикалықта және дыбыстықта байланыс жоқ («тез — топ», «орман—орындық»). Балалар көбіне айналадағы заттардың атауын атайды. Ассоциацияның осы типі бес-алты жасар балалар арасында кеңінен тараған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры дамыған сайын олардың вербалдық ассоциацияларының сипаттамасы да өзгере түседі. Н. В. Серебрякованың зерттеу деректері бойынша, алтыжеті жаста лексикалық жүйенің қалыптасуында, семантикалық алаңды ұйымдастыруда үлкен сапалық серпініс байқалады. Ассоциациялық алаңда пардигматикалық және синтагматикалық реакциялардың қатынасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бес-алты жасар балаларда синтагматикалық реакция парадигматикалықтан жоғары болып келеді. Олар өте жиі кездеседі. Жеті жаста, керісінше, парадигматикалық реакция синтагматикалыққа қарағанда әлде қайда жоғары[8].

Бес-алты жасар балаларда тақырыптық ассоциациялар кең тараған. Жеті жаста тақырыптық ассоциациялар парадигматикалыққа қарағанда, сирек кездеседі. Бұл жеті жасар балаларда семантикалық алаңның діңгегі (ядросы) қалыптаса бастағанның куәлігі. Сонымен, балалардың ассоциациялық іздеу реакция стратегиясы жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығы зерттеулерде көрсетілген. Біздің сөздің семантикалық алаңын кеңейтетін жұмыстарды талдауға, тақырыптық ассоциациялар көріністеріне көп назар қоюымыз: бала-бақшада баланың барлық әрекеттері тіл дамыту жұмысымен байланысты, осы орайда ақыл-ой тәрбиесі, танымдық қабілеттерінің қалыптасуы арасындағы сабақтастықпен түсіндіріледі.

Ана тіліне үйретуде басты орынды семантикалық мағынасы бар сөзбен жұмыс алса, бала онда айналамен тілдік қатынасқа түскенде, шығармашылықпен пайдалана алады.

Жоғарыда зерттеулеу сараптамасына сүйенсек, семантикалық тұрғыдағы жұмыстар өте маңызды, өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту сөздердің лексикалық мағынасының, олардың қандай жағдайда қолданылуы балаға түсініксіздігі. Ал сөздердің дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру үшін мәтінге сай сөздерді семантикалық таңдау жасауын дамыту қажет. Бұндай даму байланыстыра сөйлеуді жетілдіруге, оның мәнерлігіне септігін тигізеді.

1 Эльконин Д.Б. Как учить детей читать. М.: Педагогика, 1976.

2 Конспекты занятий по развитию речи/ О.С. Ушакова, Е.М.Струнина. – М., 1998.

3 Выготский, Л.С. Обучение и развитие в дошкольном возрасте Избранные психологические исследования/ Л.С.Выготский. - М., 1956, с. 269.

4 Ушакова, О.С. Теория и практика развития речи дошкольника/О.С. Ушакова – М., 2008.

5 Лаврентьева А.И. Система работы над синтаксической стороной речи младших дошкольников: дис. канд. пед.наук. – М.,1998.

6 Серебрякова, Н.В. Логопедическая работа по формированию лексики дошкольников со стёртой формой дизартрии: дис.канд.пед.наук. – М.,1996.

7 Ушакова,О.С. Диагностика речевого развития дошкольников (3-7 лет)/О.С. Ушакова, Е.М.Струнина. – М., 1998.

8 Серебрякова, Н.В. Логопедическая работа по формированию лексики до школьников со стёртой формой дизартрии: дис.канд.пед.наук. – М.,1996.

Резюме

Пути развития словарного запаса детей дошкольного возраста

Жубатырова Б. Т., Каримова Г. М. – старшие преподаватели Актюбинского регионального гоусадарственного унивеситета им.К.Жубанова

В статье рассматриваются пути развития словарного запаса детей дошкольного возраста. Также в статье представлен анализ психолого-педагогических основ исследований ученых и ведущих педагогов. Определены этапы развития словарного запаса детей. Отмечается важнейшая роль речевых работ семантического характера.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, развитие, словарный запас дошкольников, уровни лексического развития, речевые работы, этапы развития, семантическая значимость, синонимический ряд, слова-антонимы, работы по совершенствованию речи дошкольников.

Summary

Vocabulary of ways of development of preschool children

B.T.Zhubatyrova, **G.M.Karimova**,Aktobe Regional State University named of terKudaibergenZhubanov

This article discusses the development of the vocabulary of preschool children. The article presents an analysis of the psycho-pedagogical foundations of research scientists and leading educators. Identify the stages of development of the vocabulary of children. The primary role of the semantic nature of speech.

Key words: Children of pre-school age, development, preschool, vocabulary levels of lexical development, voice work, stages of development, semantic significance, synonymous series, words are antonyms, improvement of speech preschoolers.

ӘОЖ: 371.38

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қ.Р. Қобланов – аға оқытушы, Евразия дизайнерлер одағының мүшесі,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Мақалада халқымыздың ұлттық мұрасы арқылы оқушылардың эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы көркем тұрмыстық безендіру мүмкіндігіне сай қолөнердің түрлерін, көлемін, реңдік қатынастардың ерекшеліктері қарастырылған. Ұлттық мектептің өзекті мақсаты-адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан жоғары интеллектуалды, парасатты тұлғаны тәрбиелеу мәселесі көрсетілген.

Тірек сөздер: өнер, қолданбалы өнер, ұлттық, тәрбие, эстетика, тұлға, педагогика, психология, сабақ, үрдіс.

Болашағынан зор үміт күтетін кез-келген тәуелсіз елдің, азат өмір сүру жолындағы кез-келген ұлттың ең қастерлі міндеті - өткен тарихымен үндес бола алатын, жас ұрпақтың санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру. Ал мұндай білім жүйесі сол ұлттың төл болмысымен санасу арқылы жүзеге асады. Өйткені, өткен тарихтың сын көзінен өткен құнды ұлттық дүниетаным мұралары жас буынның рухына негіз болып қаланып, болашаққа бағыт жасап отырған жағдайда ғана ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілмейді. Жастарды халықтық тәрбиенің негізінде оқытуда ұлттық өнердің өркендеуіне жол ашу қажеттілігі туып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының бұл заңында: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керектігі белгіленген. Қазақстанда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстап тұру мақсатымен жүргізіліп жатқан шараларға қатысты ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне кеңінен жол ашылды. Оған Ел басымыз президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегіндегі: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу - бұл әрине, оң процесс... Қазақстанда ұлттық тілді, мәдениетті, экономиканы ... дамытуға барынша қолдау жасалып отыр»,- деген сөзі мұның айғағы. Қазақстанның XXI ғасырда өркениетті әлемнен орын алып, дамыған елдер деңгейіне жетуіне ықпал етер бірден-бір құдірет-білімді ұрпақ болмақ.

Қазіргі кезде Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекет алдында, біріншіден, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден, ең негізгісі-ұлттың этнопедагогика мен этнопсихологияның озық дәстүрлеріне сүйене отырып, жеткіншектер санасына туған халқының дүниетанымына деген құрметпен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрін меңгеру, тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеу тарихи қажеттілік болып отыр.

Қазіргі кезде әрбір халық үшін өзінің тарихына тереңірек үңіліп, ата-бабалардың ғасырлар бойы ұрпағына қалдырған тәжірибесі мен білім жөніндегі өмір мектебін зерделеп, оның қажеттерін қоғам, орта талаптарына сай сұрыптап, мектептің оқу-тәрбие ісіне ендірудің қажеттілігі анықталды [1]. Халқымыздың ұлттық дүниетанымының мол мұрасын толық зерттемей және оны күнделікті оқу-тәрбие процесіне пайдаланбай, жан-жақты жетілген ұлтжанды жастарды тәрбиелеу мүмкін емес. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру барысында, біріншіден, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екіншіден, өз халқының ұлттық мәдени –тарихи, әлеуметтік –экономикалық ахуалын терең танытуға айрықша назар аудару қажет. Мұндай мұраттар басшылыққа алынған жерде, ұлттық мектептің өзекті мақсаты-адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан жоғары интеллектуалды, парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Ұлттық мәдениет халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Оған қоса ғасырлар сынынан өткен, ұрпақтан ұрпаққа ұласып келе жатқан халық мұраларындағы озық үлгілер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Сол себепті, бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнер түрлерін жинақтап зерделеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеудің қажеттігі өсе түсуде. Сондай-ақ, еліміздің қоғамдық-экономикалық өміріне нарықтық қатыстардың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақ тәрбиесінің проблемаларын жаңаша ойластыруды талап етуде. Демек, оқушыларға әлемдік деңгейде, өркениетті негізде

білім-тәрбие беру ғаламдық мәні бар проблемаға айналып отыр. Сондықтан оқушылардың алатын білім мен тәрбиесінің сапалығын жетілдіруде олардың дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми негіздері үлкен роль атқарады. Алайда бүгінгі күні ғылымның мәдени дүниетанымдық мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайтындығы байқалды. «Дүниетаным саласында тек ғылымға бағдарлау, ал дін, философия, өнер сияқты мәдениеттің басқа нысандарының дүниетанымдық маңыздылығын төмендетудің немесе мүлде жоққа шығарудың зияндылығы белгілі болды.

Қазіргі дүниетанымды қалыптастыруда ғылымның басқа да мәдени нысандарымен бірге аса қажет екендігі анықталып отыр. Адамды әдеттегі үйреншікті сана-сезім шеңберінен алып шығып, мәдениеттің биік әлеміне көтеру, өз дүниетанымымызды қалыптастыруға мүмкіндік тудырып, адамзат табыстарына негізделген өзіндік сенім-көзқарастарын тудыру білім берудің маңызды мақсаты» деп негізгі білім бағытында жарық көрген құжаттарда белгілінген.

Осындай талаптың күшейген кезеңінде мектептерде оқу процесін диалектикалық тұрғыдан қайта қарастыру жергілікті халықтың ерекшеліктері мен дәстүрлерін тиімді қолдануды жетілдіру, оқушыларды ұлттық мәдениетке баулу маңыздылығы жөніндегі мәселелер оңды шешім тауып отыр. Ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп олардың дүниетанымын адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда бүгінгі қоғамның барлық күшін ұлттық мектептеріміздің жалпы оқу-тәрбие саласына жұмылдыруымыз қажет [2]. Сондықтан білім берудің түрлері мен әдістерін жаңартудың негізгі мақсаты әрбір оқушының шығармашылық қабілетін барынша дамыту, ұлттық өнердің түрлі жанрларын, сайып келгенде, жалпы ұлттық мәдениетке баулу болып табылуы тиіс. Осы орайда айта кететін бір жайт, әр оқушының шығармашылық қабілеттері тек оның жеке басының туа біткен қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ оны тәрбиелеп отырған қоғамдық ортасының тарихи қалыптасқан дәстүрлі ұлтының дүниетанымына да байланысты. Ал қазақтың ұлттық дүниетанымы ежелден келе жатқан, дәстүрге айналған рухани қазынасы арқылы қалыптасатыны анық. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың өз халқының ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр.

Зерттеу проблемасы саласында жарық көрген еңбектерге жасаған талдау эстетикалық циклдағы пәндер, оның ішінде енбекке баулу пәнінің оқыту тәрбие процесі барысында бастауыш сынып оқушылары ерекше назар аударады. Халық өнер арқылы дүниетанымын қалыптастыру мәселесі ғылыми – теориялық тұрғыдан әлі де болса өз деңгейінде ашылмағандығын айқындайды. Сонымен бірге мазмұн, көлем, тұрақтылық жағынан бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымы, даму үрдісі ерекше назар аударады. Бұл салада көптеген зерттеулерде Абдуллаев А.К, Л.А. Гордан, А.Х. Аринова т.б. жұмыстарын атаған жөн. Бастауыш сынып оқушылары өзінің табиғатына қарай жаңаны тез қабылдап оны ерекше сезінеді. Қызығушылығы мол, интелектуалды белсенділігі арта түседі. Сондықтан да балалардың қабілетін тек оқу процесінен шектемей, біздің ойымыз ша, сыныптан тыс жұмыстарға көбірек көңіл бөлген дұрыс. Іс-әрекетінің мүмкіншілігі көп екендігін біршама зерттеулер дәлелдейді (Абибулаева А.Ж. Көшербаева Г.Н.).

Сонымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту қоғамдық өмірдің барлық саласында түбегейлі терең өзгерістер жасауда, ең алдымен жас өспірімдердің санасын шыңдауды, жаңаша ойлар қалыптастыруды, қазақ халқының өткен тарихи-мәдени мұраларын игере отырып, шығармашылықпен еңбек етуді талап етеді. Өз ойымызды тұжырымдай келе, бастауыш мектеп алындағы басты міндет – оқушыларды халқымыздың ұлттық игіліктері мен адамзат мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу мен оқыту және оның дүниетанымының қалыптасуына жан – жақты мүмкіндік жасау. Халық өнер құралдары бастауыш сынып оқушылырының дүниетанымын қалыптастыру жұмыстары осы күнге дейін ғылыми практикалық деңгейде жан-жақты зерттелмеуі аталған мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Қазақ халқының қолөнері деп – халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты творчестволық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірді сән-салтанат та құра білді. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

«Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кірді. Киіз үйдің сүйеі, ағаш кереует, кебеже, сандық жасап, кілем сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп, есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштарымен әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондаған қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді».

Ертеден біздің заманымызға дейін сақталған мазарлар мен ескерткіштердегі, діни әр түрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнектер, ағаштан қиюлап, тастан қашалып жасалған діңгектер – халық қолөнерінің тамаша туындылары.

Халықтың қолөнеріндегі мүліктердің бір тобы үй іші жабдықтары болса, екінші тобы – қайыс өру, қару-жарақ, көшу-қону, жол-жорық жабдықтары еді. Шеберлер тас қашау, сүйек ою, ағаш ию, мүйіз балқыту, металды өңдеп өрнектеу сияқты ауыр кәсіппенде шұғылданады.

Сондықтан, қолөнер «еркектерге тән іс», «әйелдерге тән іс» деп екіге бөлініп келеді. Мысалы, тастан, балшықтан, сүйек пен мүйізден, металл мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеу сияқты ауыр жұмысты еркектер атқарады. Кесте тігу, жиек жүргізу, өрмек тоқу, ши орау, сырмақ сыру, оюлау, шілтер шалу, тері киім тігу сияқты нәзік жұмысты әйелдер атқарады. Тері илеу, киіз басу, ши тарту, шом, жазы жасау жұмыстарын еркектер мен әйелдер бірлесіп істеді.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде жастарға арнап ер-тұрман мен белдік, қыз-келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға, жасап оларды түрлі түсті өрнектермен әшекейлеу өнері де өрістей түсті [3].

Қолөнер – халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Яғни, ұста, ағаш шебері, зергер, ісмерлердің тынымсыз еңбегі арқылы қазақ қолөнерінің көркем туындылары пайда болды.

Өнердің қай саласында болмасын оның қазіргі қалпын жақсы түсіну үшін өткен тарихын, тегін тереңірек зерттеп білудің қажеттігі белгілі. Сондықтан, біз бұл еңбегімізде қазақтың халықтық қолөнерін тарихи тұрғыда зерттеуді алдымызға негізгі мақсат етіп қойдық. Революцияға дейін қазақ қолөнерінің бірнеше салалары болды. Біз оның ішінде ағаш, металл, тас, сүйек, мүйіз, тері мен былғарыдан әр түрлі үй бұйымдарын, шаруашылық құрал-саймандарын, сан алуан ескерткіштер жасауға байланысты қалыптасқан қолөнер түрлерін қарастыруды жөн көрдік [4]. Халық өнері арқылы сыныптан тыс жұмыстарда бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың ғылыми педагогикалық негіздері айқындалып, мазмұны мен әдістемесі жасалса, халық өнер туындылары оқушылардың сезімталдығын ояту және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталса, онда тәрбие үрдісінде халық өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

1 Х. Арғынбаев. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы: «Өнер» 1987 ж.
2 Өмірбекова М.Ш. «Қазақтың ою-өрнектері». Энциклопедия. Алматы: «Алматыкітап». ААҚ, 2003 жыл.
3 Әлима Ысқаққызы. «Сырмақ өнері». Алматыкітап, 2007жыл.
4 Нұрпейісов Ә. «Қазақ халқының ою-өрнегі». Алматы: «Өнер», 2002 жыл.

Резюме

Значимость эстетического воспитания учащихся через народно-прикладное искусство

К.Р. Кобланов – старший преподаватель, член дизайнеров евразии

В данной статье рассматривается стремление учащихся к удовлетворению эстетических потребностей а так же максимальное использование имеющихся возможностей для художественного оформления быта, которое вызвало к жизни различные виды декоративно-прикладное искусство и отмечено изяществом, богатством форм, четкостью орнаментальных мотивов, цвета и разнобразие тонов.

Ключевые слова: искусство, прикладное искусство, национальный, воспитание, эстетика, личность, педагогика, психология, урок, процесс.

Summary

The importance of pupils' aesthetic upbringing through the national and applied art

K.R. Koblanov – senior teacher, member of the Eurasian union of designers

Striving to meeting of aesthetic to needs to maximum using of available opportunities for the decoration everyday life brought to life various kinols of decorative applied art. It was noted by the elegance and richness of forms, ornamental motifs clarity, color, variety of tints.

Keywords: art, applied art, national, upbringing, aesthetics, personality pedagogics, lesson process.

ӘОЖ: 324, 21 (574)

МЕКТЕПТЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГТЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

А.Болат – Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
e-mail: boa758@mail.ru

Ұ.С. Нұрғалиева – психол.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, e-mail: ulmeken_01@mail.ru

Мақалада мектеп психологы іс-әрекетіндегі жаңа технологияны қолдануының айқын мақсатын анықтау болып табылады. Практикалық психолог іс-әрекетінің технологиясының түрлері берілген. Мектептегі практикалық психологтың жұмысының ерекшелігі, ол әртүрлі технологияларды пайдалануы, сондай-ақ психологиялық әдіс-тәсілдерді, оларды құрастырып өзгертуді және қолдануды жүзеге асырудың маңыздылығы көрсетілген.

Мектептегі психолог балалармен күнделікті жұмыс істейді және олардың тұлғалық құрылымын бағдарлаумен айналысудың маңыздылығы айтылады. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуында, практикалық психологтың технологияларын қолдануының маңызы өте зор екендігі қарастырылғын.

Түйін сөздер: технология, арттерапия, психотерапия, позиция, психодиагностика, психокоррекция.

Технология – бұл адамның еңбек функциясында тәсілдерді қолдана алуы, оның білімі, дағыдысы мен әлеуметтік шындық пен еңбек заттарын қайта жасаудағы тәжірибесі болып табылады. Психотехнологиялар - бұл обьектісі нақты тұлғаның психикалық шынайылығы, ал пәні-адам мінез-құлқына әсер ететін бұл психологиялық нақтылықтың кез-келген шектерінің өзгерісі блып табылатын диагностикалық , позициялық-дамытушылық және психотерапиялық процедуралар.

Мектептегі практикалық психологтың іс-әрекетінде қолданылатын технологияларға келсек:

Даму технологиясы баланың индивидуалды мүмкіндіктері мен жас талаптары мен сәйкестікте психикалық процестердің, қасиеттердің және тұлға сапаларының қалыптасуына бағытталған технология түрі.

Психопрофилактика технологиясы - бұл диагностикалық ортаның психогигиенасын, бала дамуының оптимальды әлеуметтік жағдай жасауға бағытталған, психология-педагогикалық өлшемдер жүйесі. Профилактика-бұл бала дамуында кез-келген жетіспеушілік тудыратын сыртқы себептері, факторлары және шарттарын жою мен байланысты ескерту шаралары. Ол әлі туындамаған мәселені шешуді қарастырады.

Психологиялық ақпараттандыру технологиясы өзінің мазмұны бойынша педагогикалық, оқытушы болып табылады. Психологтың оны қолдану кезіндегі құралдар педагогикалық (әңгіме, лекция, мәселелі жағдайды талдау, іскерлік ойын) және психологиялық (диагностикалық және консультативті әңгіме, «сенім телефо-ны» және т.б)болуы мүмкін.

Психологиялық кеңес беру технологиясы - бұл эмоционалды жауап қайтару, мағынаны анықтау,бұл мәселені рационали-зациялау және оны шешу нұсқаларын табуға психологиялық жағдай тудырудың мақсатты процедурасы (клиенттің мәселесі мен жағдайына шартталған).

Психологиялық коррекция және психотерапия технологиясы - бұл психологиялық – педагогикалық себептерді немесе жетіспеушіліктерді жоюға бағытталған психологиялық немесе психотерапиялық құралдар жүйесі.Оны қолданудың нәтижесі баланың күйіне, іс-әрекетіне, қатынасына және мінез-құлқына позитивті әсер ететін, баланың психикасындағы өзгерістер болып табылады.

Психологиялық қолдау технологиясы - бұл жалпы педагогикалық процестің барлық мүшелерін оптималды әлеуметтік-психологиялық жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында бала тұлғасының толық дамуын және психологиялық денсаулығын сақтау үшін жүзеге асырылатын түрлі технологиялармен ұсынылған өзара шартталған және өзара байланыс әрекеттерінің кешені.

Психологиялық тәжірибеде әдіс - бұл практикалық психологиялық міндеттерді шешетін тәсілдердің жиынтығы. Практикалық психологияда негізгі әдістерді жіктеу екі параметрге негізделген: ауыспалы мағынада (педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, жеке психологиялық) және кәсіби әрекет бағытында (психологилық сараптама, психокоррекция және т. б) [1].

Арттерапия – психикалық қысымды түсіру, тынышталу, босаңсу мақсатында қолданылатын эмоциялық күйге өзгеріс орнатуға ықпал ету құралы. Бұл үшін кәсіби суретші болудың қажеті жоқ, қолға қаламсап немесе қарындаш алып, қағаз бетіне бірнеше сызбалар жасасаңыз болғаны. Өнер терапиясы ішкі қысым мен уайымдауларды қағаз бетіне бейнелеуді мақсат етеді, мұның барлығы жас ерекшелігіне, жынысына, ауру түріне немесе сезімдер мен уайымдауларға тәуелсіз жүргізіледі [2].

Психологиялық қолдау технологиясы-бұл жалпы педагогикалық процестің барлық мүшелерін оптималды әлеуметтік-психологиялық жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында бала тұлғасының толық дамуын және психологиялық денсаулығын сақтау үшін жүзеге асырылатын түрлі технологиялармен ұсынылған өзара шартталған және өзара байланыс әрекеттерінің кешені.

Психолог қолданатын инновациялық технологиялар мен әдістердің жіктелуі

Психологиялық	Әлеуметтік-педагогикалық	Педагогикалық
Психодиагностикалық әдістер. Қабілеттер мен ақыл-ой тестісі, жекелік сауалнамалар, жетістіктер тесті, жобалық тестер, сурет тесттері социояметрия. **Психологиялық кеңес беру әдістері:** Эмпатикалық таңдау, интерпрестация, идентификация, фасилитация, болжам жасау. **Психокоррекциялық әдістер:** Психогимнастика, ойындық коррекция, ойын терапиясы, арттерапия, диагностикалық үйретуші, эксперимент, әлеуметтік психологиялық тренингг, міез-құлық тренингі. **Психотерапиялық әдістері:** Суггертия, өзіндік ұмтылу, рационализация, психоанализ, топ-тық терапия, мінез-құлықтық терапия.	**Әлеуметтік тәрбие әдістері:** Әрекетке қатынасу және мотивтендіру әдісі, репродукциялау әдісі, қорытындылау әдісі, бірлескен әрекет пен бірлескен шығармашылық әдісі. **Әлеуметтік-педагогикалық әсер ету әдістері:** Санаға, сезімге, мінез-құлыққа. **Әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекетті ұйымдастыру әдістері:** Мақсатты жоспарлау әдістері, жалпы бағытталу әдістері, іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері, қарым-қатынас әдістері, бағалау әдістері, өзіндік жүзеге асыру әдістері.	**Ұйымдастырушылық әдіс:** педагогикалық эксперимент. **Педагогикалық әрекет әдістері:** Педагогикалық бақылау шынайы эксперимент. **Оқыту әдістері:** Сөздік (әңгіме, түсіндіру, әңгімелесу, дискуссия, лекция), көрнекілік (иллюстрация, демонстрасия, кітаппен жұмыс), тәжірибелік (жаттығу, лабороториялық және тәжірибелік жұмыстар, диагностикалық ойындар, шығармашылық тапсырмалар және мәселелік жағдаят) **Тәрбиелік әдістер:** Жағымды үлгі, сендіру, үйрету, жазалау, жаттығу, перспектива, ойын, сенім, жетістікті үйрету, өз-өзін тәрбиелеу.

Ақпараттық технологиялар

Мектеп психологының іс-әрекетінде ақпараттық технологиялар өте өзекті болып табылады.

Уақыттың шектелген аралығында «Мектептерде біртұтас білім беретін ақпараттық орталары дамыту» жобасын іске асыру арқасында білімдер жүйесі ақпараттандыру аумағында маңызды жетістіктерге жетті.

Ақпараттық технологиялардың көмегімен мектеп психологының қызметінде өзекті жүзеге асатын негізгі бағыттары: диагностика, кеңес беру, дамытушы жұмыс, ағарту, олардың жүзеге асуында тек қана форма мен құралдарында белгілі маңызды айырмашылық болып жатыр.

Дистанциялық қызметтің уақыты мектеп психологының қызметіндегі негізгі бағыттарын жүзеге асыру арқылы шығады:

- Психологиялық тақырыптық электронды кітапхананы мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, өздерін алаңдататын өзекті мәселелері бар ата-аналарға арнап құрады.

-On-line уақытында жұмыс істейтін балалармен диагностикалық және дамытушы материалдарды ұсыну,

- психологиялық дистанциялық жеңілдіктер мен байқауларды өткізу,

- мақсатты топтардағы қашықтықтан кеңес беру ұйымы (сондай-ақ, Интернет-сенімділікті құру мүмкіндігі, психолог пен клиенттің арасындағы желілік байланыс,

- белгіленген топқа олардың өз пікірлерін ортаға салып, кері байланыс орнатып, сауалдар қойып, кеңес алу форумын ұйымдастыру,

- дистанциялық оқыту мектебін ұйымдастыру,

- психолог тобының балалармен, ата аналармен, психологтарға, педагогтарға, әкімшілікке дистанциялық консилиумін өткізу, сондай ақ, басқа қаладағы маман иелерінің қызығушылықтарымен хат алмасулар, педагогтар мен балаларға телемост өткізу және т.б[4].

Үйретуші ойындар технологиясы:

Үйретуші ойындар заманауи психологиялық-педагогикалық технологиялардың арасында маңызды орынды алады. Үйретуші ойындар 3 негізгі функцияны орындайды:

Аспаптық: белгілі дағды мен икемді қалыптастыру – ойын жаттығуларында көрініс беруі мүмкін;

Гностикалық: оқушылардың санасының қалыптасуы мен білімінің дамуы дидактикалық әдістемелерде көрініс береді;

Әлеуметтік-психологиялық: Рөлдік ойындарда коммуникативті қабілетті дамыту.

Үйретуші ойынның атқаратын рөлі білім беру мен психологияда өте маңызды. Ал педагогикада оқушылардың өз бетінше дамуы үшін белсенділік, ынта танытатын, ажырамас дамытушы құрамдас бөлігі болып табылады.

Бұл технологиялар балалар мен ересектер (мұғалім, ата-ана) барлық жастағы категориялармен жұмыста тиімді болып саналады[5].

Денсаулықты сақтау технологиясы

Заманауи мектепте, оқушылар бірдей әлсіз физикалық денсаулықпен, психологиялық мәселелерден (бейімделмеген бұзылыстар) зардап шегеді Бұл бұзылыстар білім беру жүйесіндегі ұйымдарға стресстік шартты әсер етеді.

Бұл мәселені шешуде мектептік психологиялық қызмет үлкен рөл атқарады. Педагог-психологтың жұмыс арсеналында кездесетін әдістемелер, баланы стресстік жағдайдан икемділікпен шығару, ішкі кернеуді жеңілдету, өмірлік жағдайға барынша оптимистік көзқараспен қарауға мүмкіндік табу және т.б [6].

Қорыта келгенде, қазіргі таңда мектеп психологының іс-әрекетінде жаңа технологияларды қолдану өте маңызды болып табылады. Аталмыш технологиялар мектеп оқушыларынң өзіндік тұлғалық дамып қалыптасуына деген қажеттілігін анықтап отыр.

1 Шмель. В. Основы психодиагностики. М:, 1996.-79-100 с.

2 Фридман, Л. М. О концепции школьной психологической службы / Л. М. Фридман // Вопросы психологии. – 2001. – № 1. – С. 97–106.

3. Сухарева О.А. Сборник городской конференции «Современная практика информатизации образо-вания», статья «Эффективность использования информационных технологий в работе школьного психо-лога»/ под ред. Скиба Н.П., Дубна, М.О. ЦРО, информационный отдел, с. 15, 2006.

4. Писарева Е.В. Роль психологических здоровьесберегающих технологий в повышении качества образования http://miapp.ru/sno/poleznoe/school_psychologist/1804-.html

5. Шкурко Т.А. Танец как средство диагностики и коррекции отношений в группе. Психологический вестник. Выпуск 1, Часть1, Ростов-на-Дону, Изд. Ростовского Университета, 1996, с.327-348.

6. Леонтьев А.А. Педагогика здравого смысла // «Школа 2000...» Концепция и программы непрерывные курсов для общеобразовательной школы. Вып. 1. – М., 1997, с. 18-20;

Резюме

Технологии в деятельности школьного практического психолога

А. Болат – магистрант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая

У.С.Нургалиева – Зав.кафедрой общей и прикладной психологии КазНПУ им. Абая, к.психол.н профессор

В статаье рассмотривается технологии в деятельности школьного практического психолога. А, сецифики работы практического психолога в школе различное технологии а также методы и способы практического психолога, укасывается их значимость и изменение использования. Школьный психолог работает с детми каждый день и занимается в структуре их личностной ориентации.

Ключевые слова: технология, арттерапия, психотерапия, позиция, психодиагностика, психокоррекция.

Summary

The psychologist in the practical school of technological activities

Bolat A.-master, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Nurgalieva U.C. – k.psihol.n professor, head of Department of General and Applied Psychology KazNPU named after Abai

Psychologist in the article in the actions of the application of new technologies is a clear definition of objectives. Types of Technology are psychologist. The specifics of the practical psychologist in the school and the various technologies as well as methods and techniques of psychological, indicates their significance and change of use. The school psychologist works with children to practice every day, describes the importance of being engaged in the structure of their personal orientation. Shaping the development of the child is an individual, a practical psychologist is very important that the features of the technology are considered.

Keywords: technology, art therapy, psychotherapy, position, psychodiagnostics, psychological correction.

ӘОЖ: 373.3.015.31

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Б. Байсолтанова – Абай атындағы ҚазҰПУ 6М010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты, ayauka.b.b@mail.ru

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының зияткерлігін дамытуда интерактивті әдістерді қолдану мәселесі сөз болады. Зияткерлікті дамыту оқушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге қызығушылығын арттырумен сипатталады. Бастауыш сынып оқушыларыныңзияткерлігі мен жеке ерекшеліктерінің даму деңгейлерін есепке ала отырып, олардың оқу әрекеттерін әртүрлі формада ұйымдастыруда интерблсенді әдістерді тиімді қолдана білу қажеттілігі айқындалады. Өзін-өзі одан әрі дамытуға және жетілдіруге қабілетті зияткерлігі дамыған тұлғаны қалыптастыру қажет. Әдебиеттерге жасалған талдауларзияткерлік және интербелсенді әдістер ұғымдарына берілген анықтамалар ақыл-ой әрекеті жүйелерімен, мәселені шешу стратегиясымен, танымдық белсен-ділікті талап ететін жағдайға индивидуалды ықпал тұрғысынан қараумен байланыстыра қарастырады. Интеллект ол – ақыл-ой қабілеті, ал ойлау – ақыл-ой белсенділігі, олардың арасындағы айырмашылықтарды ескеріп зерттеу мәселесі әлі толық негізделмеген. Интеллект нақты ойлау үдерісін анықтайтын терең құрылым екені талданады. Интербелсенді әдістер оқушының білімді өздігінен меңгеруіне жол ашатын, білімді практикалық жолмен игертудің басты құралы болып табылатыны айтылады.Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлігін дамытуда интербелсенді әдістерді пайдалануда әр оқушының субъективтік тәжірибесі ескерілетін жаңа білімді жасау әрекеттерін де білдіреді. Оқыту үдерісі тікелей және кері байланысқа, ашық диалогқа құрылып, бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын белсенділігін арттырады.

Тірек сөздер: интербелсенді әдістер, зияткерлік, зияткерлікті дамыту, бастауыш сынып, оқушы, әдістеме.

«Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасында Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді [1, 2 б.]. Бүгінгіқоғамныңалдындарухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаның зияткерлігін

дамытуда бастауыш білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті жас ұрпақтың рухының биіктігін, білік-тілігі мен білімінің табыстылығы нәтижесінде түйінді құзыреттілікті меңгертуді қамтамасыз ететін деңгейде ұйымдастыруы қажет.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте: «Интеллект» латынша intellectus деген сөзден аударғанда «ақыл», «ақыл-парасат», «түсінік», «таным», «ойлау қызметінің жоғарғы типі» деген мағынаны білдіреді. Ғылымитұрғыданалғанда интеллект төмендегідей мағыналарда қарастырылады:

1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы;

2) белгілі бір мәселені танып білу және оны шешуге қатысты адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігі мен кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын индивидтің танымдық үдерістерінің өзгеретін жүйе-сінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.с.с.) және басқа қабілеттері негізіндегі жалпы қабілет;

3) индивидтің барлық таным функцияларының жиынтығы: түрткі мен қабылдаудан ойлау мен қиялға дейін, таным іс-әрекеттерінің негізгі формасы [2, б.121], - деген анықтама берілген.

Мәдени-философиялықэнциклопедиялықсөздікте: Интеллект – (лат. Intellectus – зерде, ақыл, парасат) – адамның ойлау қабілеті. Интеллект мәдениеттануда және психология мен философияда тұлғаның мәліметтерді саналы түрде саралап, оған баға берудегі қабілеттің тұрақты ерекшелігін көрсететін ұғым-термин, – дегенанықтамаберілген[3].

С.Ю.Канның **зерттеу жұмыстарында тұлға интеллектісінің когнитивті ұйымдасуындағы бір-біріне қатысты емес, бірақ проективті интеллект инфрақұрылымы байқалатын үш қосалқы жүйелердің барлығы көрсетіледі: перцептивті креативтілік факторы, динамикалық фактор, әлеуметтік креативтілік** [4].

Бұл құрылымның негізгі қызметі – жағдаяттың бастапқы когнитивті көрінісін оның кеңіс-тіктік немесе уақытша дамуымен сәйкестендіру, яғни, қарама-қайшылықтарды қабылдай білу.

А.В.Морозов шығармашыл тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерінің кешені, мәселені өз бетімен шешетін, жаңа сонылы идеялардың туындауы және мәселенің қалыптан тыс шешілуі деген [5]. Егер интеллект мәселесінқарым-қатынас арқылы қарастыратын болсақ, субъект – пән (шығармашылық үдеріс), сондықтан бұл жерде өнімді ойлау үдерісінің зерттелуіне тереңірек тоқталу керек.

Интеллект туралы мәселелер оқытумен, когнитивті стильмен, адаптацияға қабілетпен, белсенді-лікпен, өзіндік реттелумен байланысты түсіндіріледі. Интеллект ақыл-ой әрекеті жүйелерімен, мәселені шешу стратегиясымен, танымдық белсенділікті талап ететін жағдайға индивидуалды ықпал тұрғысынан қараумен байланысты айтылады. Интеллект ол – ақыл-ой қабілеті, ал ойлау – ақыл-ой белсенділігі, олардың арасындағы айырмашылықтарды ескеріп зерттеу мәселесі әлі толық негізделмеген. Интеллект нақты ойлау үдерісін анықтайтын терең құрылым болып саналады. Тұлға-лық сапа интеллект (ой-өрісі) - 1) индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің салыстырмалы тұрақты құры-лымы; 2) ойлауға тиімді танымдық қабілеттілік.

С.Д. Мұқанованың зерттеулері интеллектіні тар ұғымдағы ойлау кеңістігінен шығарып, субъек-тивті ықпалдың позицияларын бекітті. Жүйелі құрылымдық ықпалдың теориялық базасы түсіну үдерісін операциялы суреттеу үшін адекватты болып табылады [6].

Жасалған ғылыми-әдістемелік талдаулар бүгінгі ақпараттық қоғамда бастауыш сынып оқушыла-рының тілін дамытуда интербелсенді әдістерді қолдану қажеттігін туындатып отыр. Бұл әрине, өзкезегінде иентербелсенді әдістердің тиімділігін айқындайтын теориялық талдаулар жасауды қажет етеді.

Е.Торранстың ең жақсы дамыған интеллект тұжырымдамасының негізгі идеясы «интел-лектуалды шек» теориясына сүйенеді. Оның пікірінше, интеллект пен креативтілік біртұтас фактор ретінде қарас-тырылулары керек. Интеллект коэффициентінің жоғары кезінде креа-тивтілік тәуелсіз өлшем болмақ. Бұл деген, интеллекті төмен креатив болмайды және креа-тивтілігі төмен интеллектуалдардың болуы мүмкін деген пікірге саяды. Бұл тұрғыда, Е.Тор-ранстың қорытындысымен келіспеуге болмайды, өйткені көптеген зерттеулер интеллекттің жоғарылығы шығармашылық жетістіктерге кепіл бола алмайтындығындәлелдеген[7].

Интербелсенді сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, inter – аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді. Өзараәрекеттестікәдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгіме-лесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу үдерісіі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет.

Бұл интербелсенді әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, балаларға жауаптарды өздігінен табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты, қазіргі педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың субъектілік қарым-қатынасқа құрылуы, тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісі жағдайында интербелсенді әдісті тиімді пайдалану қажеттігі туындайды.

Қазіргі кезде бастауыш білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін интербелсенді әдістерді қолдана отырып, оқушылардың зияткерлігін дамыту болып табылады.

Педагогикалық энциклопедияда: «Интербелсенді» жеке индивидтердің, жұптың, топтың өзара біріккен әрекетте бір біріне алма кезек әсер ету. Олекіжақтыәрекет, яғни А кейіпкер іс-әрекеті, Б кейіпкерге әсер етсе, ал ол өз кезегінде іс-әрекетімен А кейіпкеріне әсер етеді [8].

Интербелсенді әдістер балалардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестіктеріне құрылады. Мұндайқарым-қатынасқоғамдыққалыптасқанмінез-құлық пен әлеуметтік нормаларға негізделеді. Өзара қарым-қатынастық әрекеттер мен балалардың әлеуметтік өзара әрекеттестігімен реттеледі. Сонымен интербелсенді әдістер арқылы белсенділік танытатын бала ақпарат алмасу үшін ғана емес серіктесімен бірлескен әрекетті іске асыруда ортақ шешімі.

Интербелсенді әдістер білім беру жүйесінде шынайы келешекке жол ашады, нақтылы: интербелсенді әдістерді кеңінен енгізу оқу іс-әрекетін көрнекті, динамикалық ұсыну бейнесуреттерді, дыбыс пен ақпараттық ресурстарға қол жеткізу; білім берудің барлық деңгейлерінде – бастауыш сыныптардан жоғары оқудан кейінгі деңгейлерде компьютерлік оқудың үздіксіздігі мен сабақтастығы – оқыту үдерісіндегі барлық пәндерді компьютерлік қолдау есебінен; балалардың шығармашылық жеке дара қабілеттіліктерін ашу мен дамыту үшін оқыту әдістемесін, стилі мен құралдарын таңдау еркіндігін қамтамасыз ету; ақпараттық технологиялар негізінде ғылыми және әдістемелік негізделген базалық білім беру жүйесін құруды іске асырады.

М.Мукашеваның пікірінше, тұлғаның дамуы индивидтің белгілі әлеуметтік топ мүшелерімен қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетінде іске асады. Басқаадамдарменқатынасқатүсу оларды абстрактылы ұғымдар бойынша ойлау қабілеті қалыптасады, ең бастысы ол өзін жеке тұлға ретінде басқалардан өзгеше екендігін сезінетін болады. «Мен» тұлғамын - әлеуметтік тәжірибе жемісімін, алғашқы бастаманы балалар ойынынан аламын. Осылайша, балалардың ішкі әлемі топтық әрекетте туындайды, - деп түйін жасаған [9]. Бұдан бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың негізгі іс-әрекеті оқу десек, онда дидактикалық ойынды пайдалану тиімді екенін көреміз. Оқушылар ойнап отырып, қарым-қатынасқа түседі және сол арқылы олардың зияткерлігін дамитынын көруге болады. Интербелсенді әдіс негізінен екі адамның қарым-қатынасына құрылатындықтан ойын ережесін сақтауда, бір мақсатты жүзеге асыру барысындағы ақпарат алмасудағы оқушылар әрекеттерін ұйымдастыруда тиімділігі жоғары болмақ.

Интербелсендіоқытуәдісіндебілімжаңа формаға ие болады. Бір жағынан, оқушыларда қоршаған орта туралы өзіндік пікірі, түсінігі қалыптасса, екінші жағынан білімді дайын күйінде емес, өзінің белсенділігімен алады. Педагог оқушының жаңа білімді өзінің белсенділігімен меңгеруіне жағдаят тудырып, оны шешу үшін сұрақтар қойып, іс-әрекетке жетелейді. Екінші жағынан, бала өзінің серіктестерімен бірлесе іс-әрекет ете отырып, өзіне айналасындағылардың қатынасын сезінеді, түсінеді. Білімді меңгерудің әртүрлі жолдарын, механизмдерін үйренеді. Сондықтан да оқушының өздігінен алған білімі оның өзіндік әрекетінің негіз болып табылады.

Сонымен, интербелсенді әдістер оқушының білімді өздігінен меңгеруіне жол ашатын, білімді практикалық жолмен игертудің басты құралы. Интербелсендіәдістердіқолданыпмеңгертілетін білімнің мақсаты мен оның жеткен нәтижесін нақтылау үшін Б.Блум таксономиясының танымдық мақсатын пайдалануға болады. Б.Блум таксономиясында білімді меңгеру алты деңгейлі мақсатты көздейді. Олар: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, салыстыру.

Білім: дидактикалық ұстанымдар мен теориялар, өлшемдер, арнайы ақпаратты айтатын, беретін, дәлелдеулер мен ұғымдарды қабылдауға, білуге қабілеттілігі. Мысалы: оқушылардыңтіліндамытуға арналған көркем шығарманы қабылдауы. Тіл ұстарту жаттығулары мен сөздік жұмыстарындағы жаңа ұғымдардың мәнін, мазмұнын меңгеруі.

*Түсіну:*кезкелгенақпараттың мәнін түсіну сол мезетте қабілеті. Б.Блум түсінудің үш түрлі тәртібін бөліп көрсеткен:

- аудару – түсіндірілген материалды қабылдау және оны басқа формаға түсіру, басқаша баяндау немесе суретін, графикамен бейнелеу;

-интерпретация – негізгіидеяныжаңаформаға салу;

- экстраполяция – алдын ала алған ақпарат бойынша болжам жасау және бағалау. Мысалы: оқушылардың тілін дамыту үшін пайдаланылған көркем шығарманы өз қиялымен басқаша өзгертіп баяндауы немесе оның суретін салуы, шығармаға өзіндік баға беруі болып табылады.

Қолдану: алдын ала меңгерген материалдарды кез-келген жағдайда, жаңа жағдаяттардағы ұстанымдар мен үдерістерде ешкімнің айтуынсыз қолдана білу дағдысы. Мысалы: оқушылардың тілін дамытуда өткен материалда баланың жақсы мінез-құлқы, өзін ұстауы, үлкендерді сыйлауы және т.б. күнделікті тәжірибеде қолдануы.

Талдау: ұсынылған толық материалдың ара қатынастары мен ұйымдастыру үлгісі бойынша, жекелеген бөліктерге бөлу. Мысалы: оқушылардыңтіліндамытуда мәтінді пайдалануда оның басты кейіпкерлерін талдау т.б.

*Жинақтау:*бұл шығармашылық үдеріс, өйткені жаңа материалдың жеке бөліктерін біріктіріп, тұтас жаңа элементтер алуы. Мысалы:оқушының эссе жазуы, өз ойымен жаңа әңгіме құрастыруы, болжамды тексеретін ой айтуы, әлеуметтік жағдаяттарда қоланылатын теорияны қалыптастыру.

Бағалау: идеялар туралы құнды пікірлер мен шешудің әдіс-тәсілдерін шығару үдерісі. Бұл бағалаулар сандықжәне сапалық болуы мүмкін. Бірақ олар стандарт пен қолданудың өлшеміне сәйкес болуы тиіс. Мысалы: жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу пәнінде қолданылатын әртүрлітапсырмаларынайтуғаболады[10].

Оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді қолдану жаңа ақпаратты тиімді меңгеруге ықпал ететінін көруге болады. Интербелсендіәдістердіқолданудыңтиімділігін атап өтуге болады:

- білім алуға қызығушылығы нашар оқушылардың мотивациясы артады;
- білімді меңгеру деңгейі жоғары болады. Білімді меңгерудегі шаршау төмендейді;
- оқушылардың босқа отыруға уақыты болмайды, жаңа материалды меңгеруге ойланады, өйткені ол өзіне ғана сенеді. Барлық бала осылай жұмыс істейді. Оқылғанматериалғақызығушылығыартады;
-мұндайжұмысқаоқушылардыңбарлығы жұмылдырыла ұйымдастырылады, олардың тілі дамиды, әртүрлі әдеби шығармалармен жұмыс істеп үйренеді;
- топпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады;
- коммуникативтікдағдысықалыптасады;
- педагогтың өзінің кәсіби іс-әрекетіне қызығушылығы артады, мұндай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті оқушыларда және өзіме үлкен қанағат сезімін тудырады, табысқа жеткізеді;
- өзінің іс-әрекетін талдау мүмкіндігі пайда болды, қалай көңілсіз нәрседен қызықты жасауға болады, өзіңнің «табысыңды» немесе «кемшілігіңді» басқалармен бөліскің келеді. Өзіңмен бірдей ойлайтындармен тиімді нұсқасын табуға тырысасың;
- сабақты құруда өзінің жеке ерекшеліктерін ескеру мүмкіндіктері пайда болады. Өзінің жеке мүмкіндіктерін көрсетіп: өз бағдарламасы мен әдістемесіменжұмыс істейтін, өзін-өзі тексеруді күшейтіп, оқыту үдерісін ұйымдастырудың мүмкіндігі кеңейеді;
- сыныпта оқушылардың топтық жұмысын бақылау мүмкіндігі пайда болады, онда олардың жеке ерекшелігін айқындалады;
- жұмыс істеу қызықты болады. Сабақта оқушылардың өзара қарым-қатынасын бақылауға мүмкіндік туады;
- оқушыларға деген қатынас өзгереді. «…кейбір жағдайда оқушыларға өте көп сенемін, оларға бір мақсатқа бағытталған өзімнің серіктесім сияқты қараймын. Бұл тұрғыдан алған педагог пен оқушылардың қарым-қатынасы серіктестікке құрылады. Серіктестік қарым-қатынас педагогтан оқушылардың белсенді көзқарасын мақұлдауды, олардың өзіндік ойларын, дәлелдеулерін мойындау, дұрыс пікір айтуды талап етеді.

Қорыта келе, оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді пайдалану оқушылардан «таныс емес білімге енуді» талап етеді. Оқушылардыңоқуіс-әрекетіндегіинтербелсенді әдістер өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интербелсенді әдістерді жүйелі қолдану, сөз жоқ, оқушылардың зияткерлігін дамыту мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Гумилев университетінде сөйлеген сөзі. – Астана, 2007.

2 Қазақстан Республикасының «Орта білім беруді дамыту» тұжырымдамасы. – Алматы, 2002ж.

3 ҚР «Білім туралы» Заңы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандарты «Негізгі ережелер» ҚР МЖБС 2003. – Астана, 2007.

4 Аристотель Сочинения.: в 4 т. – М., 1975. – Т 1. – 330 с.

5 И.Кант Сочинения.: в 3 т. – М., 1978. – 230 с.
6 Платон Сочинения.: в 3 т. – М., 1968. – 200 с Сочинения.: в 3 т. – М., 1968. – 200 с
7 Сократ Сочинения.: в 4 т. – М., 1979. – 207 с.
8 әл-Фараби Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992. – 112 б.
9 Махмуд Қашқари Түрік тілінің сөздігі. Шығармалар жинағы. –Т. 3. Алматы,1997. –528 б.
10 А.Х.Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану.- Алматы, 2010.

Резюме

Развитие интеллекта учащихся начальных классов с использованием интерактивного метода обучения

Байсолтанова А.Б. – *магистрантка 2 курса по специональности*
6М010200 – Педагогика и методика начального обучения, ayauka.b.b@mail.ru

В статье рассматривается об использовании интерактивных методов в развитии интеллектуальных способностей учащихся начальных классах. Развитие интеллектуальности характеризуется развитием у учащихся функции активно мыслить, уверенно пополнением сознания нужными знаниями,способностью мыслить, а также повышением заинтересованности к знаниям. Учитывая уровень развития интеллектуальности и индивидуальных способностей учащихся начальных классов, определяется умение использовать интерактивные методы в организации деятельности учащихся в различной форме. Нужно формировать личность с развитым интеллектом способным развиватся и усовершествоватся в дальнейшем. Приводимые анализы в литературах определения понятий ителлектуальности и интерактивных методов рассматривается в взаимосвязи с системой действия мыслить, со стратегией решения проблем и с индевидуальным влиянием к ситуациям требующих познавательной активности. Интеллект – это способность сознания, а мыслить – это активность сознания. Проблема изуче-ние с учетом этих различии еще не совсем обоснована. Интеллект анализируется как, глубокое составное опре-деляющая процесс мышления. В статье говорится об интерактивных методах, как основной предмет позволяющая учащимся самостоятельно усваивать знания, а также позволяющая усваивать знания с помощью практики. Использование интерактивные методы в развитии интеллектуальности у учащихся начальных классов означает и деятельность формирования новых знаний учитывая субъективный опыт учащихся. Процесс обучения проводится в открытом диалоге, поддерживая прямую и косвенную взаимосвязь.

Ключевые слова: интерактивные методы, интеллектуальной, развитие интеллекта, начальная школа, ученик, методология.

Summary

Development of intelligence of primary school students and using the interactive method

Ayaulym Baysoltanova – 2nd course master of Pedagogy and methodology of elementary education, ayauka.b.b@mail.ru

The article discusses the use of interactive methods in the development of intellectual abilities of primary school pupils. Developmentofintelligenceis characterized by the development of students' thinking function active, confident replenishment of consciousness necessary knowledge, the ability to think, as well as an increase in interest for knowledge.Considering the level of development of intelligence and the individual abilities of primary school pupils is determined by the ability to use interactive methods in organizing the activities of students in different forms. It is necessary to form a person with advanced intelligence, which are able to develop and improve in the future.Given analyzes literatures definitions Intelligent software and interactive methods considered in conjunction with the system of actions to think, to problem-solving strategies and the influence of individual situations requiring cognitive activity.Intelligence - the ability of consciousness and thinking - is the activity of consciousness. The problem with the study of these differences is not quite justified.Intelligence is analyzed as a composite defining a deep thinking process. The article refers to the interactive method as the main subject of allowing students to acquire knowledge independently, as well as allowing acquire knowledge through the practice. Using interactive methods in the development of intelligence of primary classes and activities is the formation of new knowledge taking into account the subjective experience of students. The learning process carried out in an open dialogue, supporting direct and indirect linkages. It increases the activity and interest of students.

Key words: interactive methods, intellectual, the development of intelligence, primary school, pupil, methodology.

УДК 796

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ЖӘНЕ ДЕНЕ ЖҰМЫС ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.И. Исаев – аға оқытушы**,** Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қаласы

Бұл мақалада жеке тұлғаның ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігінің орнықтылығын қамтамасыз ететін дене мәдениеті құралдарының маңыздылығы, ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігін тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру үшін дене тәрбиесінде кең мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл дене тәрбиесінің спецификасымен, оның мазмұндық және процессуалдық негіздері мен қамтамасыздандырылған, ақыл-ой және дене тәрбиесінің өзара байланыстылығы, яғни дене тәрбиесі адамдардың ақыл-ой және еңбек жұмыс қабілеттілігін арттыруға тікелей әсер етіп, жеке тұлғаны өмірге, еңбекке дайындауға нақтылы бағыт беретіні.

Түйін сөздер: Еңбек шарты, қажу, еңбек қабілеті, қызметтік даярлық, жеке тұлға, дене мәдениеті, функционалдық жағдайы.

Қазіргі таңдағы дене мәдениетінің негізгі оқытып, үйрету құралы дене жаттығулары болып табылады. Физиологиялық белгілері бойынша жекелеген топтарға біріктірілген барлық көп бейнелі бұлшық ет қызметі бойынша жаттығуларды физиологиялық топтастыру жүйесі қалыптасқан.

Организмнің жағымсыз факторлардың қолайсыз әсеріне орнықтылығы адамның тумысынан, табиғи және тіршілік ету барысында иеленген қасиеттеріне байланысты болады. Бұл барынша қозғалмалы және бұлшық ет жүктемелері мен сыртқы орта қозғаушы күштері (ауа райы температурасының тұрақсыздығы, оттегінің жеткіліксіздігі, сол сияқты көмір қышқыл газының артық мөлшері және т.б.) арқылы жаттығу құралдарымен әсер етуге болады. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен білікті дене мәдениеті мамандарының іс-тәжірибелері көрсеткендей, физиологиялық механизмдерді жетілдіру жолымен дене жаттығуларымен шұғылдану ауа райының жоғары ыстықтықтағы, артық суықтықтағы температураларына, гипоксияға, кейбір уландыратын заттардың әсеріне студенттер организмінің орнықтылығын арттырады, ауруға шалдығуларын төмендетеді және олардың дене қабілеттері мен оқу еңбегінде жұмыс қабілеттіліктерін арттырады.

Спорттық дәрежесі бар, жаттыққан шаңғышылардың денелері -35ºс-қа дейінгі суық кезінде жоғары жұмыс қабілеттіліктерін сақтайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденген. Егер жаттықпаған адамдар дене температуралары +38ºс көтерілгенде жұмысты атқару жағдайында болмаса, ал жаттыққан адамдар өздерінің дене температуралары +39ºс және одан да жоғары болған жағдайларда да жүктелерді орындай алады [1].

Дене жаттығуларымен белсенді және жүйелі шұғылданатын адамдарда жоғары қуаттылықпен және күштенумен ақыл-ой немесе дене еңбегін атқару кезінде психикалық, ақыл-ой, ой және сезім күйі орнықтылығы артады.

Дене жаттығуларының сапалы сипаты бірқатар мына психикалық қызметтер жиынтығынан көрінеді: жетілдіруге талаптану, оған жетуге деген әрекеттің мақсаты мен құралдары туралы мағлұматы, берілген жаттығуды орындауға деген ықылас пен ерік-жігер күшінің болуы және т.б.

Дене жаттығуларын дұрыс орындауға қоршаған орта жағдайының әсері және оған бағдар алу, қозғалу мағлұматының, ойлау жұмыс қабілетінің, толқу сезімінің және т.б. болуы әсер етеді. Дене жаттығулары адамның психикалық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік жасап, оның ойлау (зерде, сана) қызметін жақсартады.

Дене жаттығулары қызығушылық пен сезімді, ерік-жігер мен мінезді дамытып, адамның рухани даму құралының бірі болып табылады. Олар сонымен бірге адамның дене және психикалық қызметінің бірлігін көрсетеді.

Адамның дене жұмыс қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қандай да бір қозғалыс әрекетін орындау жағдайына, оның сипатына, ерекшелігіне, созылу ұзақтығына, қуаттылығына және қарқындылығына байланысты негізгі дене қозғалысы сапаларына **күшті, шапшаңдықты** және **төзімділікті** жатқызады. Бұл аталған дене қозғалысы сапаларына дене жаттығуларының кейбір ерекше түрлерінің табысты орындалуын қамтамасыз ететін **иілгіштік** пен **ептілікті** жатқызу мақсатқа лайықты болады. Жаттығулардың адам организміне әсер етуінің ерекшеліктері мен көп бейнеліліктерін (спорт физиологтарының көзқарастары бойынша) **дене жаттығуларының физиологиялық топтастырылуымен** танысқаннан кейін түсінуге болады. Оның негізіне, белгілі топқа кіретін, бұлшық ет қызметі түрлерінің барлығына тән, белгілі бір физиологиялық топтастырылу

белгілері жатады. Сонымен, бұлшық ет жирылуы сипаты бойынша бұлшық ет жұмысы статикалық (орнықты) немесе динамикалық (қозғалмалылық, өсіңкілік) сипатта болады. Дененің немесе оның мүшелерінің қозғалыссыз қалыпта сақталуы жағдайындағы бұлшық ет қызметі, сол сияқты қандай да бір жүкті дене қозғалуынсыз ұстау кезіндегі бұлшық ет жұмысы статикалық жұмыс (статикалық күш салу) ретінде сипатталады. Статикалық күш салу дененің әр түрлі бейнедегі қалпын ұстауымен сипатталады, ал динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық ет күштенуі (ширығуы) дененің немесе оның мүшелерінің кеңістіктегі қозғалысына байланысты болады.

Дене жаттығуларының елеулі топтары жаттығуда, сол сияқты жарыстарда қозғалыс актылары белгілі бір ізді жүйелілікпен, қатаң орнықтылықпен стандартты жағдайда орындалады. Белгілі бір стандартты қозғалыс шегінде және оларды орындау жағдайында күш, шапшаңдық, төзімділіктің жоғары қозғалыс үйлесімділігінің көрсетілуімен нақтылы қозғалыс әрекетін орындау жетілдіріледі.

Сонымен бірге, шапшаң қозғалыс реакциясын талап ететін (жеке сайыс түрлері, спорттық ойындар), қозғалыста ауысып отырылатын жағдайларда, орындау жағдайлары тұрақты емес, яғни стандартты емес ерекшелігімен сипатталатын дене жаттығуларының үлкен тобы айырмаланады.

Стандарттылығымен немесе стандартқа жатпайтындығымен байланысты қозғалыстағы дене жаттығуларының үлкен екі тобы, өз кезегінде, **циклдық** сипаттағы (жүру, жүгіру, жүзу, есу, конькимен, шаңғымен сырғанау, велосипедте және т.б.) және ациклдық сипаттағы (белгілі циклдарда міндетті бір ізді қайталанусыз, айқын басталу және қозғалыстың аяқталу көрнісі бар жаттығулар: секірулер, лақтыру, гимнастикалық және акробатикалық элементтер, ауырлықтар көтеру) жаттығуларға бөлінеді. Циклдық қозғалыс үшін жалпы тән сипат, олардың барлығы әр түрлі жалғастырылу уақытымен тұрақт ы және айнымалы қуаттылықпен орындалатын жұмыс болып саналады. Көп бейнелі қозғалыс сипаты жұмыстың орындалу қуатын, сонымен бірге бұлшық ет жирылу күшімен және оның амплитудасымен байланысты уақыт бірлігіндегі жұмыс көлемін барлық уақытта дәл анықтауға мүмкіндік туғыза бермейді, яғни мұндай жағдайларда «қарқындылық» термині пайдаланылады. Жұмыстың созылу ұзақтығының шегі оның қуаттылығына, қарқындылығына және көлеміне, ал жұмыстың орындалу сипаты организмдегі қажу үдерісімен байланысты болады.

Егер жұмыс қуаттылығы өте жоғары болса, онда оның созылу ұзақтығы аз, яғни оның салдарынан организмде қажу тез орын алады. Циклдық сипаттағы жұмысты орындау кезінде спорт физиологтары максимальды қуаттылық зонасын (мұнда жұмыстың созылу ұзақтығы 20-30 секундтан аспайды, әрі қажу мен жұмыс қабілетінің төмендеуінің көп бөлігі 10-15 секундтан кейін басталады); субмаксимальды қуаттылық зонасын (20-30 секундтан 3-5 минутқа дейін); үлкен қуаттылық зонасын (3-5 минуттан 30-50 минутқа дейін) және біркелкі қуаттылық зоналарын (мұнда жұмыстың созылу ұзақтығы 50 минут және одан жоғары) айырмалап, айқындады.

Адам организміне қоршаған ортаның әр түрлі қозғаушы күштері әсер етеді: оның әр түрлі бейнедегі қызмет түрлерін зерттеу барысында табиғат факторларының әсерін ескермеу мүмкін емес (барометрлік қысым, ауаның газ құрамы мен ылғалдығы, ауа райы температурасы, күн радиациясы, яғни адамды қоршаған орта), биологиялық факторлар (қоршаған өсімдіктер мен жануарлар әлемі, сол сияқты адамның тұрмыстық, өндірістік және шығармашылық қызметі нәтижелерімен байланысты).

Сыртқы ортадан адамның тіршілік әрекеті мен дамуы үшін қажетті заттар, сонымен бірге тітіркендіргіштер (пайдалы және зиянды) организміне түседі. Адам организмі функционалдық жүйелердің өзара әрекеттестігі жолымен өзінің ішкі ағзаларының қажетті тұрақтылығын сақтау үшін барынша әрекеттенеді.

Тұтас организмнің барлық органдары мен функционалдық жүйелерінің қызметі әр түрлі тербелу диапазоны бар, белгілі бір көрсеткіштерімен сипатталады. Кейбір тұрақты шамалар бірқалыпты және едәуір қатты (мысалы, РН қан көрсеткіші 7,36-7,40, дене температурасы -35-42°с аралығында, жүрек соғу көлемі –бір жирылғанда шығарылатын қан мөлшері -50-200^{3} см).

Адам организміне әсер ететін әлеуметтік-биологиялық және табиғат қозғаушы күштері экологиялық сипаттағы мәселелермен үзіліссіз байланыста болады.

Экология (грек oikos – үй, тұрақ + foqos-ұғым,ғылым) - бұл білім саласы, биологияның бөлімі, және оқу пәні, сол сияқты кешенді ғылым. Экология организмдердің бір-бірімен және табиғаттың өлі компоненттерімен өзара үйлестік қатынаста қарастырылады.

Адам экологиясы оның табиғатпен өзара әрекеттестігі заңдылықтарын, денсаулықты сақтау және нығайту проблемаларын зерттейді. Адамның өмір сүру ортасы жағдайына қандай тәуелділікте болса, табиғатта адамға тәуелді. Қоршаған ортаға өндірістік қызметтің әсері (ауа атмосферасының, топырақтың, су қоймалары мен өзен, көлдердің өндіріс орындарының зиянды қалдықтарымен

ластануы, орман, тоғайлар ағаштарының кесілуі, өртенуі, жол апаттарымен технологияның бұзылуының нәтижесінде радиацияның артуы) адамдардың тіршілік етулеріне қауіп төндіруде. Мысал ретінде, еліміздегі Алматы, Шымкент, Қарағанды сияқты ірі қалаларда табиғи өмір сүру орта елеулі дәрежеде нашарлауда, тіршілік ырғағы, еңбек, тұрмыс, демалыс психологиялық көңіл күйі бұзылуда, ауа райы өзгеруде екені көңілге кірбің ұялатады. Қалаларда күн радиациясы қарқыны жақын орналасқан елді мекендермен салыстырғанда 15-20% –ға төмен, бірақ жыл көлеміндегі орташа температура 1-2ºс-қа жоғары, олардың тәуліктік және маусымдық ауытқуы елеусіз, атмосфералық қысым төмен, ауа ластанған. Осылардың барлығы адамның дене және психикалық саулығына барынша қолайсыз әсер етеді. Қазіргі заманғы адамдар ауруларының 80%-ы планетадағы экология-лық жағдайлардың нашарлау нәтижесінде пайда болатыны ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Жоғарыда аталған экологиялық проблемаларды болдырмау дене жаттығуларымен және спортпен жүйелі шұғылдануды ұйымдастырып, жүргізумен тікелей байланысты.

Адамдардың өндірістік жұмыстан және ақыл-ой еңбегінен кейін, бос уақыттарында дене жаттығуларымен және спорт түрлерімен шұғылданудың негізгі түрлері мыналар:

- таңертеңгілік гигиеналық гимнастика;
- таңертең немесе кешкі уақытта арнайы бағыттылықта дене жаттығуларымен шұғылдану;
- түскі үзіліс кезінде қысқа уақыттық дене жаттығуларымен шұғылдану;
- жол сапар үстіндегі (поезда, автокөлікте, қонақ үйде т.б.) дене жаттығулары;
- белсенді демалыс және организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру, кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдіру мақсатында дене мәдениетімен және спортпен шұғылданулар [2].

Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика жаттығуларының кешеніне түзетуші және аурудың алдын алу сипатындағы жаттығулар ендіріледі.

Бұл жаттығулардың жеке адамдар үшін кешенін құрастыру кезінде оның келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет екені ескерілуі тиіс:

- жаттығу еңбек қызметі ерекшелігіне, адам организмінің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі тиіс;
- жаттығу бір ізді жүйелілікпен орындалуы тиіс;
- жаттығу артық күштенусіз және тыныстың бөгелуінсіз басымырақ өсіңкі қозғалыс сипатында болуы тиіс;
- жаттығу жүктемесі біртіндеп арттырылып, жаттығу соңында төмендетілуі тиіс;
- жаттығудың бір сарындылығы шұғылданушыларды жалықтыратын, тиімділігін төмендететін болғандықтан жаттығу кешенін кезеңдермен жаңартып от ыру қажет [3].

Ақыл, ой еңбегімен шұғылданатын қызметкерлер үшін таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканың келесі бірізділіктегі үлгісі ұсынылады:

1. Ақыл,ой еңбегінен тежеу жағдайындағы организмнің біртіндеп қызметтік жағдайға келуіне мүмкіндік туғызатын жаттығулар жасау (жүру, баяу жүгіру, жалпы дамыту жаттығулары, белтемірде тартылу).
2. Жүрек қан – тамыры жүйесінің қызметін жандандыру үшін жаттығулар жасау (қолды әр түрлі бағыттарға сермеу, терең емес алға, артқа, жандарына ұмтылу қозғалыстары және т.б.)
3. Дене бұлшық еттерін нығайтатын, тыныс алуды шынықтыратын, ми қан айналымын жақсартатын жаттығулар (басты мойыннан айналдыру және басты, кеудені алға, жанына, артқа иіу).
4. Күшті дамытуға арналған жаттығулар.
5. Буын қоспаларының қозғалмалылығын арттыруға арналған жаттығулар.
6. Қарын бұлшық еттеріне (брюшной пресс) арналған жаттығулар.
7. Аяққа арналған жаттығулар (екі, бір аяққа отырып тұру, секірулер).
8. Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика жаттығулар кешенін дене бұлшық еттерін босаңсыту және тыныс алуды қалпына келтіру жаттығуларымен аяқтайды (баяу жүгіру, жүру, тыныс алу жаттығулары) [4].

Таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканың созылу ұзақтығы 10-15 минуттан 30-40 минутқа дейін. 40 жасқа дейінгі, дені сау адамдар үшін жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) минутына 150 рет, 50 жастан жоғарылар үшін минутына 140 рет, 60 жастан бастап минутына 120 рет ке дейін артуы қарқындылығымен өткізу мақсатқа лайықты болады [5]. Алайда адамдардың барлығы бірдей таңертеңгілік сағаттарда орындалатын жаттығуларда артты-рылған жүктемені жеңіл және қиналмай атқара алмауы мүмкін. Бірқатар адамдар үшін таңертеңгілік сылбырлықты, босаңдықты, көңілсіздікті жоюға бағытталған жеңіл жаттығулармен шектелу, ал белсенді, ширақтыққа бағытталған жаттығуларды жұмыстан кейінгі тамақтан соң 2 сағаттан кейін орындаған мақсатқа лайықты болады.

1 Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан. 2004ж.
2 Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. Түркістан, 2007ж.
3 Матвеев А.П. Теория и методика физической культуры и спорта. Москва, ФиС. 1991.
4 Кузнецов В.С. Теория и методика физической к,ультуры и спорта. Москва, ФиС. 2012.
5 Әбділлаев Ә.К., Мухамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті. Түркістан. 2008ж.

Резюме
Средство физической культуры обеспечивающии устойчивости умственной и физической работоспособности личности
В этой статье рассматривается значение средство физической культуры обеспечивающии устойчивости умственной физической работоспособности личности. В физической воспитании представлены широкие возможности для решения задач умственного и физического воспитания личности. Это обусловлено спецификой физического воспитания его содержательными и процессуальными основами. Взоимосвязь умственного и физического и воспитания выражается в том, что физическое воспитание оказывает непосредственное содействие умственному и трудовому, повышая умственную и трудовую работоспосособность людей, придает физическому воспитанию конкретную направленность подготовки их к жизни.
Ключевые слова: Условия труда, утомление, трудоспособности, функциональная подготовленность, физическая культура личности, функцианальная состояние

Summary
Means of physical culture the providing stability of intellectual and physical efficiency of the personality
The value of means of physical culture providing stability of intellectual physical efficiency of the personality is considered in the article. The wide opportunities for the problem solution of intellectual and physical training of the personality are presented in physical education. It is caused by specifics of physical training of its substantial and procedural bases. The relationships of intellectual and physical and education are expressed that physical training renders direct assistance intellectual and labor, raising an intellectual and labor working ability of people, gives a concrete orientation to physical training of their preparation for life**.**
Keywords: Working conditions, exhaustion, working capacity, functional readiness, physical culture of the personality, functional state

УДК 378 (075.8) 677

«БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ОҚЫТУШЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖОБАЛАУҒА ДАЙЫНДАУ»

Р.А.Дарменова – п.ғ.к., Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университетінің профессор м.а
С.А. Жүнісақын – Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық университетінің магистрі

Қазақстанның саяси әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу үшін ізденімпаз, жаңашыл, үнемі өз білімін жетілдіріп, сапалы білім берудің жолдарын іздестіріп, «оқыту үшін оқу», - деген мақсатты алған оқытушылар қажет. «Білім сапасы бірінші кезекте сапалы даярланған педагогтармен айқындалады, олар бұл білімдерін әртүрлі әдістер арқылы білім алушыларға береді» - делінген.(*ҚР.Президентінің жолдауынан).*

Оқытудың озық технологияларын сабақта пайдалану - өмір талабы. Сондықтан да сабаққа қойылатын талаптар оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Соның ішінде жаңа педагогикалық технологияның студенттердің білім сапасын арттыруға, өздігінен ізденуіне, ой санасының дамуына мүмкіндік беретіні анық. Арнайы пәндерді оқытуда дамыта оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға үлесін қосады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру - оқытушының кәсіптік, адамгершілік, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Дамыта оқыту идеясы бойынша оқушыға оқу мақсаттарын қоюда, шешуде дайын үлгі берілмейді, Оқытушы - сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Әр оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр білім алушы жасаған еңбегінің нәтижесін бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. «Технология» латынның - өнер, шеберлік деген сөзі, яғни шеберлік амал-тәсілдер

жиынтығы деген мағынаны береді. (1960-1970 жылдардан бастап «педагогикалық технология» ұғымы пайда болды).[1]

«Педагогикалық технологиялар-оқыту процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі», - деп В.М Монахов атап көрсеткен. Негізгі мақсат-студенттердің ойлау қабілетін дамыту,еркін сөйлеп ойын ашық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту.

Педагогикалық технологиялар түрлері өте көп: Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы, компьютерлік оқыту, модульдік оқыту және т.б.

Модуль – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын (технологиясын) біріктірген түйін, топ (узел).

Модуль құрамы: әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсатқа жетудің әдістемелік көрсетпелері.

Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі.

Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен епті ліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі.

Модульдік оқу дәстүрлі білім игеру жүйесімен байланыста пайдаланылуы мүмкін. Модульдер оқу жүйесінің қалаған ұйымдастырылу формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға қолданылуы ықтимал.

Модульдік оқытудың өзіне тән сипат белгілері:

- оқу материалының кіші көлемді жеңіл игерілетін бөлшектерге жіктелуі;
- әр бөлшекті игеруге арналған нақты әрекеттерді орындау нұсқаулары жүйесінің берілуі;
- әр бөлшек игерілуінің тексерілуі;
- қадағалау тапсырмаларының дұрыс орындалуымен оқушы материалдың ендігі жаңа бөлшегін алып, келесі оқу қадамын іске асыруға өтуі;
- дұрыс жауап бере алмаған жағдайда оқушының қосымша көмек түсініктемелерін алуы;
- қадағалау тапсырмаларының нәтижесі хатталып, оқушының өзіне де (ішкі кері байланыс), педагогика да (сырттай кері байланыс) белгілі болуы.

Бұл технология жақтастарының пікірі: оқудың дәстүрлі сынып-сабақтық жүйесінде бағдарламалар мен оқулықтарға сәйкес берілетін оқу мазмұны бөлім, тақырып, параграфтарға бөлшектеніп, өз алдына шартты дербестенген ауқымда ұсынылады. Осыдан оқушылардың жеке пәндерден алатын білім, епті лік, дағдылары жай қалыптасады. Оқу проблемасының ұзаққа созылып өтілуінен, оқушылардың сабаққа болған қызығушылығы кемиді. Бір дәрістің екіншісінен алшақты болуынан бір сабақта қабылданған ақпарат келесіге дейін көбіне ұмытылады.

Пәндердің тұрақты ауысып отыруынан оқушы олардың бірде-біріне тереңдеп ене алмайды. Бір пәннен екіншісіне өтуде бала қиыншылық көреді, көп уақыт сарп етеді, ендігі сабақ өткендегіні көлеңкелейді, сонымен әр өткен сабақ өз құндылықтарын жойып барады. Әр дәріс оқушы үшін – жаңа жүктеме, мұғалімдердің жаңа талаптары, жаңа мазмұнды материал, жаңа көңіл-күй ықпалдары, т.с.с. осылардың баршасына сәйкес бала икемделіп, оқу іс-әрекеттерін орындауы шарт. Ал бұл енді қалыптасып жатқан жас буынға оңай шаруа емес.[2]

Оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдану туралы Республикамызда жарияланған еңбектер, журнал мақалалары баршылық. Бірақ кәсіптік білім мамандығын оқытуда, әсіресе, қазақ мектептеріндегі кәсіптік білім педагогтарының жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану тәжірибелерін баяндайтын еңбектер, журнал мақалалары тапшы.

Жоғарыда әңгіме болған педагогикалық технологиялардың бәрі бірдей мүлде жаңа, бұрын қолданылмаған әдіс-тәсілдер немесе оқытуды ұйымдастырудың формалары емес. Әңгіме олардың мүлде жаңа тәсілмен қолданылатындығында, соған лайық жоспарланған нәтижеге, мақсатқа толық жететіндігінде. Мәселен, модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – оқулықтағы оқу материалдарының құрылымы үнемі сәтті бола бермейді, соның салдарынан тақырыптың оқу мақсатын жобалауда, нәтижеге жету де қиындық туғызады. Мұндай тақырыпты (3 - 5, 6 - 7 сағаттық) мұғалім оқушыларды қатыстыра отырып өздігінше жоспарлайды: құрылымын өзгертеді, мазмұнының логикалық байланыстарын күшейтеді, тақырыпты бірнеше ірі бөліктерге бөліп, әр бөлікке сәйкес келетін оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдіс - тәсілдерін белгілейді. Бір модульде дәстүрлі сабақ, лекция, сабақ,

семинар, қорытып - қайталау сабағы болуы мүмкін. Басты дидактикалық мақсат - әрбір оқушының жоспарланған нәтижеге жетуін қамтамасыз ету.

Осы аталған оқыту технологиялары оқыту сапасының мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді, нәтижесінде жоғары білікті маман дайындалады:

- Түпкілікті, қолданбалы білімі бар;
- Жаңа, кәсіби біліктілікті жақсы меңгерген;
- өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға икемділігі бар;
- Инновациялық білім кеңістігі аясында әдепті және азаматтық сипатқа ие маман;

Бүгінгі күні әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениеті жоғары,шығармашылық жағынан белсенді, өзінің кәсіби іс-әрекеттеріне икемділік пен қабілеттілік таныта алатын маман дайындау міндеті тұр.Бұл міндетті шешудің бір жолы студенттерге дайын ғана білімді беріп қоймай,олардың теориялық көзқарасын негіздеуге, пәндік-практикалық тәсілдерді игеруге шақыру болып табылады. Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бірі-тапсырмалар жүйесі. Мұндағы мақсат-әр студент бойына сенімділік,өзіне жауап беру қабілетіне сүйену, ар-намыс және өзін-өзі сыйлау қасиеттерін дамыту болып табылады.Студенттер сабақ барысында өткізілген тақырыптар бойынша қосымша мәліметтер (баспа материалдары, интернеттен) ізденіп өзіндік жұмыстар, рефераттар, баяндамалар, презентациялар жасап жинақтайды және экономикалық жаңалықтарға шолулар жасайды. Оқытушының студенттің ой-пікірін тыңдауы көзқарасын дәлелдеуге тырысуына мүмкіндік беруі, оқитын пәндердегі тақырыптарын өмірмен байланыстыру арқылы өз мамандықтарының қажеттілігін жете түсінуін, бағалауын ұғындыру аса маңызды іс.[3]

Педагогикалық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Кез - келген қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ендеше қазіргі заманның технологиясын игеру міндетіміз.

1 ҚазақстанРеспубликасындагуманитарлықбілім беру тұжырымдамасы.-Алматы: Қазақстан,1994ж.- 6 б
2 ҚазақстанРеспубликасында орта білімніңдамытутұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,-1997, - 34б.
3 Бегалиев Т.Б. Педагогика. Тараз: ТарМУ, 1999.- 56б.

Резюме

Педагогические технологии – качественно новая ступень в развитии "производственного аппарата" педагогики. Человек - ориентированный подход к педагогическому образованию, точность образования, творческой деятельности, а также нового технологического развития этихданных.В связи с этим педагогическая технология рассматривалась как область знания, включающая методы, средства обучения и теорию их использования для достижения целей обучения. Технология обучения – понятие близкое, но не тождественное педагогической технологии, поскольку оно отражает путь освоения конкретного учебного материала в рамках определенного предмета, темы, вопроса и в пределах избранной технологии. Дальнейшее развитие исследователей в области педагогической технологии расширило ее понимание, что отразилось в многочисленных различных определениях этого понятия. Так, по мнению, многих отечественных педагогов (Беспалько В.П., Журавлева В.И., Кларина М.В.) технология обучения – это составная часть системы обучения, связанная с дидактическими процессами, средствами и организационными формами обучения. Система образования технологии будет способствовать укреплению творческих способностей будущих учителей. Новые цели образования, сотнесение их с контекстом духовной культуры и личностными запросами на пороге нового тысячелетия требуют обновления содержания образования и поиска форм обучения, которые дадут возможность их оптимального освоения. Любая современная педагогическая технология представляет собой синтез достижений педагогической науки и практики, сочетание традиционных элементов прошлого опыта и того, что рождено социальным прогрессом, гуманизацией и демократизацией общества.

Ключевые слова: педагогических технологий, профессиональный, компьютерное обучение, модульная обучения, навыки , процесс, информации, критическое мышление, метод.

Resume

Educational technology – industrial facilities accuracy of a new stage in the development of guality education in psychology, education, creative activities, as well as a new approach to the development of the technology. In particular, the same educational technologies, the development of educational materials in a certain part of the way, because the study due to the fact that the purpose of educational technology. Pedagogical methods of teaching the theory of learning to use the technology and tools, including in the field of education, as well as there was a theme, the theme and the chosen technology, including further development of researchers in the field of educational technology.

During the study, which is refiected in the many different definions of the concept will be expanded to many Russian teachers (Bespalko V.P, Klarina V.I., ZhuravievaM.V.), educational learning processes, technology, tools and education is a part of the organizational form of the education system. The new goal of education, their correlation with the context of spiritual culture and personal requests for the new millennium require updating the content of education and the search for forms of education that will enable their optimal development. Any modern educational technology is a synthesis of the achievements of science teaching and practice, the combination of the traditional elements of past experience and what is born social progress, humanization and democratization of society.

The Keywords: pedagogical technologies, professional, computer training, modular training, skills, process, information, critical thinking,method

УДК 378 (075.8) 677

«БОЛАШАҚ КӘСІПКЕРЛІК МАМАНДЫҚТАРЫНПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

Ж.Асқарова - п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры
Р.Дарменова - п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а.
Ж.Асубаева - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында күтілетін нәтижелер қатарына нәтижеге бағдарланған толыққанды, сапалы, бәсекеге қабілетті білім беруді, ғылыми және инновациялық қызметті дамытуды жатқызады. Сондықтан да философтар мен педагогтар құндылықтар мен құзырлылық тұғырын, білім беру жүйесіне іске асыру тетіктерінен іздестіруде. Құзырлылыққа бағытталған білімнің дидактикалық үлгісі жасалуда. XXI ғасырдағы педагогикалық білім берудің мазмұнын анықтаудың тұжырымдамалары, парадигмалары, моделдері, құндылықтар туралы пайымдауларды ғалымдар мен практиктердің зерделеуі арқылы іске асады. Педагогика теориясы мен практикасында жеке тұлғаға бағытталған білім парадигмасы, нәтижеге бағдарланған білім жүйесінің заңдылықтары ой елегінен өткізіліп, педагогикалық білім берудің мазмұны мен технологиясын нақтылауға мүмкіндік туындауда.

Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекет пен азаматтық қоғам құруға ұмтылыс жасалып отырған қазіргі кезде еліміз үшін оның теориялық негіздерін айқындап, нақты іс-қимыл стратегиясын жасау маңызды мәселе болып отыр. Кез келген әрекет ғылыми тұрғыда негізделіп, мақсатты, жоспарлы түрде іске асырылса ғана тиімді нәтиже беретіні анық.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» атап көрсетілген. Бұл болашақ мамандарды даярлаудың сапасын еліміздің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігі аумағына кіріктіру міндеттерін шеше отырып көтеруді көздейді.Педагогикалық университеттердің жаңа миссиясы – жоғары білікті педагог мамандарды даярлау және олардың бәсекеге қабілетті кәсіптік деңгейін қамтамасыз ету, университет түлектерінің азаматтық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, университеттің әлемдік білімдік, ғылыми және ақпараттық қауымдастыққа енуіне жағдай жасау.

Егер болашақ кәсіпкерлік мамандықтарын педагогикалық технологияны оқытуға даярлауғылыми тұрғыда негізделіп, практикалық түрде іске асырылса, онда кәсіби оқыту педагогының даярлығы қоғамның сұранысын қанағаттандыратын болады, өйткені маманның инновациялық технологиялар арқылы кәсіпкерлік іс-әрекет негіздерін оқытуға даярлығы оның жоғары кәсіби біліктілігін, құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық теория мен практикада әдіске ерекше мән беріледі өйткені, атап айтқанда, әдіс өз бойына білім берудің тиісті стратегиялық доктриналарын жүзеге асыратын әдіснамалық бағдарларын жинақтайды. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр.Қоғамдағы жаңа әлеуметтік –экономикалық жағдай, әлемдік мәдени- білім кеңістігіне ену, өркениетті елдердегі педагогика ғылымы және білім беру жүйесі дамуының қазіргі кездегі тенденциялары,әлемдік деңгейдегі педагогика және психология ғылымында жинақталған тәжірибелерді талдау нәтижесі мұғалім мамандығын сапалы етіп дайындауды қажет етеді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың инновациялық технологияларын меңгермейінше, сауатты, әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

"Педагогикалық технология — бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті", - деп анықтайды.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Жаңа ғасырға білімді адам болып , инновациялық технологияларды жетік меңгергенде ғана енуге болады. Өйткені халықтың іс-әрекеті барған сайын олардың ақпараттануына, компьютердің және телекоммуникацияның көмегімен алған ақпараттарын тиімді өңдеу қабілетіне байланысты. Бұл жоғары кәсіби білім беру жүйесінің алдына кәсіпкер мамандардың инновациялық ақпараттық – педагогикалық технологияны практикалық әрекеттерде пайдалануға даярлығын қалыптастыру міндетін қояды.

Білім сапасын арттырудағы инновациялық ақпараттық-педагогикалық технологияны талдай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологиялардың түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

Кәсіптік білім беру-бұл кәсіптік өзі тағдырын өзі шешуде мамандардың бойындағы жеке қасиеттерін, қабілеттін, мүмкіншілігін дамыту. Осы орайдан қарастырғанда студенттердің ынтасының, бейімділігінің, жалпы және динамикасына көңіл аударылуы қажет.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып болашақ маман тұлғасын дайындаудың маңызды да өзекті мәселе екені анық. Осы себептен болашақ маман даярлау ісіне мұқияттылық пен терең білімділікті талап етеді. Дұрыс таңдалған мамандық - жарқын болашағымыздың кепілі.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қаблетінің негізгі шарты болып табылады. Кәсіби даярлық процесінде жоспарлау, білім алу,өзінің жоғары жеке қабілеті мен қажеттігіне жауап беру мүмкіндігі бар студент еңбек нарығында елеулі орын алуы заңдылық болып табылады. Осыған орай, маманды даярлау сапасы тек қана даму көрсеткіші және оқу орынын тәмәмдау факторы ретінде шешуші рөлге ие болып қана қоймай, негізгі өмірлік табысы болып табылады.

Ұсынылып отырған кәсіпкерлік мамандардың педагогикалықтұрғыдан зерттеудің негізгі ерекшелігі, біріншіден, ол тұлғаның өмір жолында қалыптасатын және осы өмір жолының әр кезіндегі оның өмірлік әрекетін қамтамасыз ететін жоғары жеке қасиеттері мен қабілеттерін айқындауға бағытталған.

Мұнда тұлғаның сана - сезімін, әлеуметтік ойлауын, оның белсенділігін (бастамашылдық және жауапкершілік), уақытты ұйымдастыру қабілеті сөз болып отыр. Бұл қабілеттер осы тұлғаның өмірлік ұстанымы, өмірлік бағыты мен болашағымен, өмірінің мәнімен байланысты. Зерттеу әдісі екіншіден, тұлғаларды әдеттегі өмірлік оқиғаларға анағұрлым жақын жағдайларда зерттеуді көздейді, сондықтан студенттік кезеңдегі осы оқиғалар ішінде жүрген психолог-практиктер қол жеткізе алады. Үшіншіден, тұлғаның өмірлік қабілеттерінің өмірлік генезисі- ретроспективасын (ынталылықтық, жауапкершіліктің дамымау себептері) анықтауға және олардың дамуы келешегіне мүмкіндік беретін әдіс. Ең аяғында төртіншіден, тұлғаның жоғары қасиеттерінің қалыптасуы тек психологтар ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі дамыту субъектісі ретінде тұлғаның өзі де қол жеткізе алатын технологияларға негізделген әдіс болып табылады.Әдістің аталған ерекшеліктері оның ғылыми - зерттеу, сондай-ақ қолданбалы мақсаттар, оның ішінде - жоғары оқу орнындағы психологиялық қызмет мақсаттарында қажеттілігін көрсетеді.Мұндай қызмет құру тек қана даярланып жатқан мамандардың (кадрлардың)

кәсіби біліктілігін арттыру міндетімен емес, ең алдымен жоғары оқу орнындағы тұлғаның дамуына, өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі көрсетуіне толық қанды жағдай жасаумен байланысы қажет. Педагоика ғылымында көп жылдар бойы орын алып келе жатқан, іс-әрекетке ерекше көңіл бөлу, оны тұлғаның өмірлік жолымен әрекетінен бөліп қарау тәжірибеге де тән болды.

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелуі анық. Біздің болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтымды өндіріс жері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлап білетін басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз, демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт.

1 Қазақстан Республикасының Заңы. «Білім туралы» Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2013. – 64 бет.

2 Ж.А.Асқарова.Кәсіби білім беру жүйесіндегі оқыту технологиялары.- Алматы: -15б,37б.

3 Егемен Қазақстан газеті 2011 ж. 1 ақпан

4 Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.

Резюме

Понятие «инновация» означает новшество, новизну, изменение; инновация как средство и процесс предполагает введение чего-либо нового. Применительно к педагогическому процессу инновация означает введение нового в цели, содержание, методы и формы обучения и воспитания, организацию совместной деятельности учителя и учащегося.

Главной целью инновационных технологий образования является подготовка человека к жизни в постоянно меняющемся мире. Сущность такого обучения состоит в ориентации учебного процесса на потенциальные возможности человека и их реализацию. Образование должно развивать механизмы инновационной деятельности, находить творческие способы решения жизненно важных проблем, способствовать превращению творчества в норму и форму существования человека.

Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности учащегося по сравнению с традиционной системой. Это становится возможным благодаря внедрению в профессиональную деятельность не известных практике дидактических и воспитательных программ, предполагающему снятие педагогического кризиса. Развитие умения мотивировать действия, самостоятельно ориентироваться в получаемой информации, формирование творческого нешаблонного мышления, развитие детей за счет максимального раскрытия их природных способностей, используя новейшие достижения науки и практики, - основные цели инновационной деятельности. Инновационная деятельность в образовании как социально значимой практике, направленной на нравственное самосовершенствование человека, важна тем, что способна обеспечивать преобразование всех существующих типов практик в обществе.

Ключевые слова: педагогика, технология, инновация, профессиональный , кадр, методология, метод, доктрина, экономика.

Resume

A concept a "innovation" means innovation, novelty, change; innovation as means and process suppose introduction anything new. As it applies to a pedagogical process an innovation means introduction new in aims, maintenance, methods and forms of educating and education, organization of joint activity of teacher and studying. The main objective of the innovative education is to prepare the world tolive in a changing society. And the rights of the potential value of this training is to focus on the implementation of the educational process. Education, innovayiyaliqvital for the deveiopment of mechanisms to find creative ways to solve problems, contribute to a change in the innovative technology compared to the traditional system, is a qualitative change in the pupil. This record was made passible by the introduction of professional and educational crisis, the innovoti lask of experience in training and education programs. To navigate to the information received in respect of the innovative technology of its ability to stimulate the activities of non – traditional creative thinking, the use of the latest achievements of science and practice. To moral self improvement of the social practice of innovative activityin education, community experience is important to be able to provide all types of conversion.

The Keywords: pedagogics, technology, innovation, professional, shot, methodology, method, doctrine, economy.

МЕРЕЙТОЙМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ – ПОЗДРАВЛЯЕМ ЮБИЛЯРА

УМАНОВ ГРИГОРИЙ АБРАМОВИЧ

УМАНОВ ГРИГОРИЙ АБРАМОВИЧ родился 27 мая 1931 года в Москве. После окончания исторического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова в 1954 году преподавал историю в медицинском училище в Алма-Ате, работал директором спецшколы трудовой колонии МВД Каз. ССР.

После защиты кандидатской диссертации по проблеме «Причины преступности несовершеннолетних в СССР» (1965г.), его научная и педагогическая деятельность была связана с Казахским национальным педагогическим университетом им. Абая, где он продолжает работать и по сей день.

В 1970 году Г.А. Уманов защитил докторскую диссертацию на тему: «История создания и тенденции развития профессионально-технического образования в Казахстане». Особо следует отметить его работы «Причины преступности несовершеннолетних в СССР», «Трудные дети». Много лет он являлся председателем и членом советов по защите кандидатских и докторских диссертаций, членом ВАК РК.

Основы казахстанской педагогики, заложенные первыми руководителями кафедры педагогики КазПИ им. Абая Х.Д. Досмухамедовым, Ш.Е. Альжановым, Т.Т. Тажибаевым, Р.Г. Лемберг, Р.Ж. Иржановой, были достойно продолжены учеником Р.Г. Лемберг, Г.А. Умановым.

На протяжении 25-ти лет он заведовал кафедрой, в состав которой вместе с аспирантами входило более 100 человек. Именно здесь проявились качества талантливого педагога, руководителя, организатора и просто прекрасного человека.

Вместе с ним и под его руководством работала плеяда замечательных людей К.Б. Бержанов, А.И.Сембаев, Р.Д. Иржанова, Н.Д. Хмель, И.М. Кузьменко, А.Манеев, Д.С. Сейдуалиев, Б.Р. Айтмамбетова, Б.З. Акназаров, Г.М. Храпченков, Э.И. Шныбекова, М.К. Козгамбаева, Г.К. Байдельдинова, К.Б. Бозжанова, Ш.А. Адилханов, Л.В. Руднева, А.А. Бейсенбаева, Б.И. Муканова, Н.Д. Иванова, Н.Н.Тригубова, А.А.Ахметов, Л.К.Керимов, Коянбаев Р.М., Г.Т. Хайрулин, В.В. Трифонов, Ж.А.Абиев, Б.И.Кожабаева, К.К.Жампеисова, А.Н.Ильясова, С.А. Узакбаева, Г.К. Нургалиева, Н.Н.Хан, К.А. Жукенова, С.И. Калиева, М.Б. Тленбаева, Р.А. Джанабаева, А.Д. Кайдарова, Р.К.Толеубекова, Б.Т. Махметова, А.Г.Казмаганбетов, Х.К.Шалгинбаева и многие, многие другие.

Григория Абрамовича всегда отличали высокая внутренняя культура, профессионализм, широта научных интересов, демократизм, гуманное отношение к коллегам, забота о научном, профессионально-педагогическом и личностном росте каждого члена кафедры, аспирантов, докторантов, а также лаборантов. Безупречный стиль руководства коллективом кафедры всегда вызывали глубокое уважение и заслуженный авторитет со стороны, как руководства вуза, так и всего коллектива университета. Работать на кафедре педагогики всегда считалось честью.

Он внес значительный вклад в развитие педагогической мысли и подготовку научно-педагогических кадров для средних и высших учебных заведении Республики. Под его руководством защищены более 90 кандидатских и 22докторские диссертации. Ученики и последователи его научной школы работают сегодня во всех уголках Республики Казахстан и за ее пределами. Сегодня они являются руководителя различных образовательных и других учреждений, подразделений высших учебных заведений, профессорами, доцентами вузов, возглавляют свои научные школы и пр.

Григорий Абрамович Уманов известный ученый не только в Республике, но и в ближнем и дальнем зарубежье. Им опубликовано более 120 научных работ, которые были напечатаны в США, Германии, Франции, России, Израиле, Швейцарии, Японии. Он Почётный профессор Университета и Почётный гражданин Штата Кентукки США. Для чтения публичных лекций неоднократно выезжал в США, Израиль и в другие страны.

Анализ становления отечественной педагогической науки Казахстана после приобретения Независимости свидетельствует, что бурному ее развитию способствовало открытие в 1992 году первого в Республике специализированного совета Д 14.05.01 по присуждению ученой степени доктора педагогических наук по специальности 13.00.01 – Теория и история педагогики, а затем и этнопедагогики при Алматинском государственном университете им. Абая (ныне КазНПУ им. Абая). Инициаторами открытия данного совета были ректор университета академик Т.С. Садыков, а также д.п.н., профессор Г.А. Уманов. С 2000 года в данном совете началось осуществление защит по специальности 13.00.08, а в последствии и по 13.00.04. Деятельность этого совета осуществлялась до декабря (включительно) 2010 года.

В связи с подготовкой первой плеяды отечественных докторов педагогических наук независимого Казахстана при АГУ им. Абая, увеличилось количество лиц, имеющих право на научное руководство кандидатскими диссертациями и научное консультантство по докторским работам. Именно этим и обосновывается дальнейшее развитие и открытие специализированных советов по защите как докторских, так и кандидатских диссертаций в Республике: при Алматинском государственном университете международных языков и международных отношений, ЖенПИ, Академии спорта и туризма, Академии образования им. Ы.Алтынсарина, Южно-казахстанском университете им. М.Ауэзова, Карагандинском университете им. Букетова, Атырауском педагогическом университете, Мезданародном казахско-турецком университете им. Х.Яссави, Гуманитарном университете (г.Астана).

Под руководством Уманова Г.А. было реализовано немало новаторских дел. Ему принадлежит идея создания научно-учебно-методических комплексов (НУМК) на базе средних общеобразовательных школ (1988). В 1995 году он создал и возглавил учебно-образовательный комплекс «Престиж» с обучением на русском, казахском и английском языках.

За заслуги в области развития педагогической науки и практики Республики Казахстан Григорий Абрамович был награжден медалью им. Н.К. Крупской, медалью им. И. Алтынсарина, отмечен знаками «Отличник образования Каз.ССР», «Отличник здравоохранения СССР», «Заслуженный работник высшей школы Казахской ССР», «Заслуженный деятель науки Республики Казахстан».

Ректорат, профессорско-преподавательский коллектив КазНПУ имени Абая, члены общеуниверситетской кафедры педагогики с огромной любовью и признательностью сердечно поздравляют Григория Абрамовича Уманова с прекрасным юбилеем, желают ему здоровья, творческого долголетия, благополучия родным и близким.

Ректорат:
Общеуниверситетская кафедра педагогики.

70 ЖАС
А.Д. КАЙДАРОВА

Аймен Жексембайқызы Кайдарова – п.ғ.д., профессор, ХПБҒА-ның академигі

АЙМЕН ЖЕКСЕМБАЙҚЫЗЫ КАЙДАРОВА – педагогика саласына бар саналы ғұмырын арнаған адам. Оның жүріп өткен жолына ойша көз жіберсек, тұнып тұрған ғибратты шежіре оқығандай боламыз. Иә, дәл солай. 1968 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдаған соң еңбек жолын орта мектептерде, орта оқу орындарында қатардағы физика пәнінің мұғалімі болудан бастаған ол бірнеше жыл Алматы қаласының кәсіптік-техникалық оқу орында-рының білім мен тәрбие беру жұмысының сапасын тексеретін инспектор болып қызмет істей жүріп, осы саладағы білімін жетілдіре түсуді алдына нақты мақсат етіп қойды. Ал мақсатқа жету үшін ең алдымен бойында алға жетелейтін ерік-жігер мен қуат-күш болуы керек. Сосын ұдайы біліміңді жетілдіріп, дамытып отыру қажет. Бұл принципті санасына мықтап құйып алған Аймен Жексембайқызы үнемі ізденумен, үйренумен болды. Сөйтіп білімге құштар арманшыл жас педагогикалық білімнің қара шаңырағы – Алматыдағы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтына келіп, бағын сынамаққа бекінді. Институттың педагогика кафедрасының аспирантурасына оқуға түсті әрі оқытушылық қызметін де қызу бастап кетеді. Жүрегінің қалауымен таңдаған мамандық болған соң оның қиындығы мен қызығы да қатар жүретінін терең сезінген ол ғылымның қия жолында жасампаздықпен еңбектенді.

Осынау аспирантурадан басталған педагогикалық жалғызаяқ жолдың шежірелі ғұмырлық баянға айналарын кім білген. Енді бүгін қарап отырсақ, 1985-1989 жылдары аралығында отбасылық жағдайына байланысты Жезқазған педагогикалық институтында тәрбие жұмысы жөніндегі проректор болып істеген қызметін айтпағанда, Аймен Жексембайқызының бар ғылыми ғұмыры осы – Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетімен біте қайнасып келеді екен. Осы жылдар ішінде білім ордасында болып жатқан өзгерістерге де, оның мәртебесінің биіктегеніне де тікелей өзі куә. Әлемдік білім процестеріне қатысып жүрген оқу ордасының көптеген білім бағдарламаларына да Аймен Жексембайқызының қосқан үлесі аз емес.

2001 жылы «Университеттік білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби қызығушылығын қалыптастыру» (13.00.08. Кәсіптік білім берудің теориясы мен методикасы мамандығы бойынша) тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты, ал 2007 жылы «Қазақстан Республикасындағы жоғары педагогикалық білім беру мазмұнының қалыптасуы және дамуы(1928-2005ж.ж.)» (13.00.01– Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған педагог-ғалым жүзден астам ғылыми жарияланымдардың да авторы. Оқытушы ретінде жыл сайын оқытушылар қызметінің рейтингтік бағасының көрсеткішінде ылғи да ең жоғары бал көрсетіп келеді. Университеттің профессорлық-оқытушы құрамы мен студенттер арасында үлкен құрмет пен беделге ие.

Педагог-ғалымның біліктілік деңгейін көрсететін негізгі ісі оның дәріс оқу әдісі мен ұлттық тәрбиеден мол тәжірибесінің болуы. Сондықтан болар Аймен Жексембайқызы студенттерге ұлттық тәрбие беру ісіне бесенді қатысады. Педагогикадан студенттердің университеттік олимпиадаларын өткізуге әрдайым жауаптыболып, бесенді қатысады. Жеке өзінің де авторлық бірнеше жобалары бар. Олардың ішінен «Жоғары оқу орындарында студенттерді тәрбиелеудің тұжырымдамасы» және «Студенттерге ұлттық тәрбие беру» атты дәрістер курсын дайындауға қатысқаны жеке әңгімеге арқау боларлық.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Аймен Жексембайқызы Қайдарова Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын бірнеше жобаға жетекші ғылыми қызметкер ретінде қатысты. Оның тікелей жетекшілік етуімен кандидаттық, докторлық диссертациялық және магистрлердің, студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстары ылғи да жоғары бағаға ие болады. Бірнеше жылдар бойы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың диссертациялық кеңесінің мүшесі болған Аймен Жексембайқызы кеңес жұмысының сапасын жаңа деңгейге көтеруге өз үлесін қосты.

Қаламгерлік қызмет бойдағы таланттан, сөздің қадір-қасиетін құрметтей білуден басталады десек, Аймен Жексембайқызының қазіргі атқарып жүрген қызметіне ерекше тоқталуымызға тура келеді. Өйткені педагог-ғалымның әрі қаламгердің қоғамдық негізде университеттің ғылыми-методикалық «Хабаршы – Вестник» (Педагогикалық ғылымдар сериясы) журналын оншақты жыл шығарумен айналысып, жауапты редактор қызметін атқарды. 2011-2015 жылдары «Педагогика және психология» журналы Бас редакторының орынбасары қызметін мінсіз атқарды. Басылым Аймен Жексембайқызының табандылығының және жарияланып келе жатқан ғылыми мақалаларының сапалылығының арқасында кең танымал болды. Журнал ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылым қызметінің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған ғылыми басылымдардың тізіміне енгізілгендіктен, оған келіп түсетін мақалалардың да географиясы кеңейіп отыр. Сондықтан, алыс-жақын шетелдерден де көптеген маман-ғалымдар өз мақалаларын тұрақты түрде жариялатып жүр. Бұл өз кезегінде редакцияның бүкіл жауапкершілігін атқаратын Аймен Жексембайқызына қосымша міндет жүктейді деген сөз. Редакцияға келген мақалалардың бәрін оқып, ой елегінен өткізу әрі оларды сұрыптап, салалық тақырыптарға бөлу және бәріне рецензия әзірлеу Бас редактордың орынбасарының тікелей міндеті саналады. Бұл жағына келгенде ол кісі қамшы салдырмайтын нағыз төселген тәжірибелі редактор ретінде де биіктен көрініп жүр. Осы жұмысты ол кісі жалпыуниверситеттік педагогига кафедрасында профессорлық лауазымымен қатар атқарып жүр.Қазіргі уақытта Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы бойынша кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы білім берудің жаңа бағдарламаларымен жұмыс істеуде. Сол үшін арнайы тұжырымдама, типтік бағдарлама және қазақ және орыс тілдерінде «Мәңгілік ел» оқулығы әзірленіп, сабақтар өткізіліп жатыр. Ондағы басты мақсат болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, патриотизмін, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру, студенттерге ұлттық тәрбие беру болып табылады. Алдағы уақытта осы пәнді еліміздің барлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу жөнінде үлкен жұмыстар атқарылуда. Осы жұмыстардың бәріне де профессор Аймен

Қайдарова белсене араласып жүр. Әрине атқарған қызметіңнің, қоғамға сіңірген еңбегіңнің жемісін көрудің өзі бір бақыт екені талас тудырмайтын ақиқат. Педагог-ғалым Аймен Жексембайқызының да еліміздің білім беру жүйесіндегі осынау көпжылдық педагоктық шығармашылық еңбегі елеусіз де емес екен. Бірнеше мәрте университет ректоратының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыстарымен, Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының ғылымы дамуындағы еңбегі үшін» және «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталған.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, МАНПО академигі, 140-қа жуық елімізде және алыс-жақын шетелдерде жарық көрген ғылыми жарияланымдардың, 2 монографияның, 2 оқулықтың (соавторлықпен), 2 оқу және 2 оқу-әдістемелік құралдардың, сондай-ақ 5 электронды оқулықтың авторы Аймен Қайдарова адал жар, ұл мен қыздың анасы және бірнеше немеренің ардақты әжесі де.

Аймен Жексембайқызы отбасында да бақытқа кенеліп отыр. Құдай қосқан өмірлік серігі – Рүстем Қайдаров елімізге белгілі азамат. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының және Ұлттық Қауіпсіздік қызметі саласында ұзақ жылдар басшылық қызметтер атқарған генерал шенінде бүгінде Қазақстанның Републикалық Қоғамдық Генералдар кеңесін басқарады. Ерлі-зайыпты Аймен мен Рүстем Қайдаровтар жуырда өздерінің жарты ғасырлық Алтын тойларын атап өтті. Мұның өз адам үшін үлкен бақыт емес пе! Ендеше профессор Аймен Жексембайқызына бақытыңыз ұзағынын болсын деген тілек айтамыз.

Еңбегіңіз елге деген ерен ғой,
Елдің ісі ер еңбегін елеу ғой.
Бүгін сізді қуанышқа бөлеген
Әймен апай, құтты болсын мерей той!

Құрметпен қарайды жұрт тамсанып,
Қиындыққа мойымастай соншалық.
Қанша шәкірт тәрбиелеп, тәлімдеп,
Жібердіңіз ұлы өмірге жол салып.

Қайсар мінез болды-ау, сірә, жасыңнан,
Сәтіңіз жоқ бұл тірлікте жасыған.
Қызысыз ғой **Найман** деген бұл елдің,
Өжеттік те көрінеді осыдан.

Жары болу **Қайдаровтай** ағайдың,
(Көзі сізде алыс жақын-маңайдың).
Оңай емес келін болу **Арғынға,**
Одан қиын елі болса **Абайдың.**

Соның бәрі сізді шыңдап өсірген,
Озық жүру қашанда өмір көшінен.
Тәрбие мен тәлімділік мектебі,
Жастық шақтан келеді өмір көшімен.

Сіз ұстазсыз елге аты танылған,
Шәкірттерге шамдай жарық жағылған,
Профессор ұлағатты ғалымсыз
Педагогсыз бас әріптен жазылған.

Сіз және де аялаған анасыз,
Жанұяда казір үлкен панасыз.
Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп өсіріп,
Міне, енді немерені бағасыз.

Бұл өмірден тапқан жансыз арнасын,
Жолыңызды ұрпағыңыз жалғасын.
Сізге деген шәкірттедің тілеуі –
Бойыңыздан күшпен қуат талмасын.

Еңбегімен жарық жанған жұлдызы,
Шыңға шыққан сіз қазақтың бір қызы.
Қуанышың мерей тойға ұласқан,
Құтты болсын Әймен Жексенбай қызы!

Ректорат:
Жалпыуниверситеттік педагогика кафедрасы.